ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY

# ҚҰЛБЕК ЕРГӨБЕКТІҢ 70 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН «ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ БИІГІНДЕГІ ТҰЛҒА» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысының ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ

# СБОРНИК НАУЧНЫХ СТАТЕЙ международной научно-практической конференции «ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ БИІГІНДЕГІ ТҰЛҒА» посвященной 70-летию Кулбека Ергобека

# A COLLECTION OF SCIENTIFIC ARTICLES international scientific and practical conference "ÁDEBIETTANÝ ǴYLYMYNYŃ BIIGINDEGI TULǴA" dedicated to the 70th anniversary of Kulbek Ergobek

Шымкент – 2023

**УДК 821.512.122.0**
**ББК 83.3 (5Қаз)**
**Қ74**

*Ұйымдастыру алқасының төрайымы*

**Сугирбаева Гулжан Даулетбековна** - Басқарма басшысы - ОҚМПУ ректоры

*Ұйымдастыру алқасы:*

**Керімбеков Ержан Рахымжанұлы** - Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор

**Исабек Баршагүл Қашқынқызы** - Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор

**Кудышева Айнаш Амангельдыевна** - Басқарма мүшесі - Академиялық мәселелер бойынша проректор

**Тажекова Акмарал Джаксыбековна** - Ғылыми зерттеулер офисінің басшысы

**Куралбаева Жулдызай Шынжигитқызы** - Ғылыми зерттеулер офисінің маманы

**Құлбек Ергөбектің 70 жылдық мерейтойына арналған «Әдебиеттану ғылымының биігіндегі тұлға» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысының ғылыми мақалалар жинағы –** Шымкент, 2023 жыл**.**

Сборник научных статей международной научно-практической конференции **«Современное педагогическое образование: тенденции глобализации и национальный КОД"**, посвященной 85-летию ЮКГПУ **-** Шымкент, - 2023 г.

**A COLLECTION OF SCIENTIFIC** international scientific and practical conference **"MODERN PEDAGOGICAL EDUCATION: GLOBALIZATION AND NATIONAL CODE"** dedicated to the 85th anniversary of SKSPU - Shymkent, - 2023.

**ISBN 978-601-255-340-6**

Жинаққа Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері ендірілді. Барлық жарияланымдар авторлардың редакциясымен берілген.

ISBN 978-601-255-340-6
9 786012 553406

# ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН АНТРОПОӨЗЕКТІК ПАРАДИГМА

**ӘОЖ 811. 512. 122**

## ОРФОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС- ТӘСІЛДЕРІ

**Үкібасова Қ.А. ф.ғ.к.,** аға оқытушы**, Омаралы Ұ.Ж., Мадосманова С.А.** –1701-69 тобының студенттері, **Эшанходжаева М.Г.** – 17011ж тобының студенті
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент қ.

***Резюме***
*Методы обучения орфографии*

***Summary***
*Methods of teaching spelling*

Қазіргі қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың сан-сапасы жөніндегі мәліметте әлі күнге дейін бірізділіктің болмай келе жатқандығы бәрімізге мәлім дүние. Мұның өзі дауыстыларды оқытуда және танып-білуде ала-құлалық пен көп қиындықты келтіретіндігі мәлім. Тіліміздегі әр түрлі орфографиялық заңдылықтарды, мысалы: сингармонизм, буын, екпін т.б. дұрыс игеру алдымен дауысты дыбыстарды нақты білумен байланысты.

Ахмет Байтұрсынов: "Қазақ тілінде 24 дыбыс бар. Дыбыстар дауысты, дауыссыз болады. Соған қарай таңбалары да дауысты, дауыссыз болып бөлінеді" дейді де, олардың бесеуі дауыстылардың таңбасы деп көрсетеді. Мұның өзі сол кездегі араб графикасының мүмкіндігіне негізделген [1, 465].

Қазақ тілінің байырғы төл сөздерінің құрамында 9: а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і дауысты дыбыс барлығы ешқандай дау тудырмайды. Бұл дауыстылар тіліміздің кешегі В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский сипаттайтын тұсына толық сай келеді. Алайда қазіргі қалпын таныта алмайды. Қазіргі қазақ тіліндегі дауыстыларды айтқанда тоғызбен шектелуге болмайды. Бүгінде тіліміздің сөздік құрамы күрт дамыды. 1978 жылғы "Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде" енген сөздердің 20 процентке жуығы орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген халықаралық сөздер. Оларды біз орыс тіліндегідей жазып, айтып жүрміз.

Қазіргі тілімізде он бір, он екі дауысты бар деушілер шындыққа жақын тұр. Бұлардың біріншісіне екіншісінің қосқаны – э дыбысы. Қалған жағдайда іштей жіктеу, сипаттауға келгенде бір-бірімен үндесіп жатады. Екі топқа да тән үлкен жаңсақтық – қазақтың байырғы сөздерінің құрамында и, у, мысалы: бу, су, ки, қи т.б. дауысты дыбыстары кездеседі деп қарауы. Зерттеушілер мен оқулық авторларының көбісі бұл екі әріптің әрқайсысы екі дыбыстың ұу, үу, ыу, іу, ый, ій қосындысы екенін біле отырып, дауыстыға жатқызып жүр. Оларды дифтонг,

дифтонгоид деп дәлелдеуге тырысады. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстарды эксперименттік жолмен зерттеп жүрген ғалым Ә. Жүнісбеков және басқа ғалымдар байырғы сөздеріміздің құрамында кездесетін осы екі әріпті дауысты дыбыстар деп қарамайды. Мұндай дауыстылар бар десек, тіліміздің екі үлкен заңының түп-тамырына балта шапқан болар едік. Біріншіден, сөздердің құрамында екі дауысты қатар тұра беретін болады: суы, буы, миы, тиын, тиін, келуі. Екіншіден, сөз ішінде буын дауыстыдан басталып: бару - ым, келу – ім, оқи – ын, су – ық және дауысты жеке буын құрайтын: су – ы, бару – ы, келу – і, қи – ы болады [3,198].

Қазақ тілінің байырғы сөздерінің құрамында тоғыз дауысты дыбыс бар екені рас. Орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген сөздердің дыбыстық құрамын ескере отырып, олардың табиғатын терең танып, төл дыбыстарымызбен бірдей қарауымыз керек. Қазіргі орыс тілінің дауыссыздары төл дыбыстарымызға айналды. Тіпті байырғы сөздеріміздің өзін в, ф, х дыбыстарымен айтып жүрміз. Ал орыс тілінің дауыстыларын танып игеруде бір ауыздылық жоқ. Дауыстыларымыздың санындағы ала-құлалықтың өзі алдымен осымен байланысты. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған бала: "Дауысты дыбыстар мыналар: а, ә, е, е, и, о, ө, у, ү, ы, я, і, э, ю", - деп үйренеді. "Бұлардың ішінде орыс тілінен енген дауысты дыбыстар мыналар: е, э, ю, я . Орыс тілінің академиялық грамматикасының айтуынша, негізгі дауысты фонемалар: и, у, е, о, а. Рас, біраз оқулық, зерттеулерде бұларға ы дыбысын да қосады. Ал аталған грамматикада мұның өз алдына фонема бола алмайтындығы, тек и фонемасының бір түрі ғана екені айтылған. Орыс тіліндегі дауыстылар сан жағынан аз болғанымен, сапа жағынан аса күрделі. Қазақ тілінің байырғы дауыстыларынан ерекшелігі – олардың дауыссыз дыбыстарға тәуелді болып, солардың жетегінде кететіндігі, бір дауыстының бірнеше сапаға ие болатындығы. Мысалы, а фонемасы екпіннің түсуіне, екпінді буыннан ара қашықтығына, дауыссыздардың жуан және жіңішке түрлерімен қатар тұруына қарай оншақты түрлі сапаға ие болады. Орыс тіліндегі екпін түсіп тұрған а, о, э дыбыстарының қазақ тіліндегі а, о, е дыбыстарына азды-көпті ұқсастығы бар, сондықтан да оларды қосып қарауға болады десек, ал и, у дыбыстарының табиғаты бөлектеу, орыс тіліне ғана тән дауыстылар деп білген жөн.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстарды арнайы зерттеп жүрген ғалым Ә. Жүнісбеков байырғы сөздеріміздің құрамында алты монофтонг: а, ә, ұ, ү, ы, і, үш дифтонг: о, ө, е бар дейді. Сонда о, ө, е дыбыстарымыздың әрқайсысы екі дыбыстың: дауысты және" дауыссыз қосындысы түрінде келеді. Атап айтқанда: о = у + ү, ө = у – ү, е = й – і [2,68].

"Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерінде": ә, о, ө, ұ, ү әріптері жалаң сөздердің бірінші буындарында жазылады делінген. "Ә фонемасының қазақ тілінде сирек кездесуінің басты себебі – оның қазақ тіліне басқа күншығыс тілдерінен келген сөздермен байланысты болуы керек. Профессор Н.В. Юшманов,

профессор Е.Д. Поливанов т.б. мамандардың пікірі бойынша ә фонемасы сол күншығыс тілдерінің әсерінен пайда болса керек. Бұл пікірдің жаны бар. Өйткені һар, һаріф т.б. сөздердегі һ фонемасы біздің тілімізде нөлге айналады. Осының салдарынан һа тізбегі ә фонемасын тудырған болу керек". Осындай көзқарас тіл білімінде әбден қалыптасқан. Алайда түркі тілдерінің дыбыс жүйесін тыңғылықты қарастырғанда осы ә фонемасының көнеден келе жатқаны дәлелденген. Ал "қазақ тілінде сирек кездеседі" деу де жазуға негізделген біржақты пікір. Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде 67 мың сөз бар десек, оның 19 проценті дауыстылардан басталады. Соның ішінде ә әрпінен басталатын сөздердің саны – 870. Орфографияға сәйкес ә әрпі барлығы 2,5 мыңдай сөздің бірінші буынында кездеседі. Осының өзі-ақ оның кірме еместігін байқатады.

Қазіргі қазақ тілінің дыбыс жүйесін, әдеби айту нормаларын дұрыс пайымдау үшін С. Омарбеков пен Н. Жүнісовтің "Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі" деп аталатын еңбектің маңызы зор, аталып отырған оқу құралында: "Әсіресе а мен ә дауыстыларының бірінің орнына бірінің қолданылуы – говорларымызға тамырын кең жайған құбылыс. Мұндай дыбыстық құбылыстың ең жиі байқалатын жері – қазақ топырағының оңтүстік өңірі. Әсіресе оны біз Орта Азия республикаларының ішкі қоныстары мен іргелес жатқан атыраптың қазағының тілінен молынан ұшыратамыз", -дейді де, оның аталған өңірде онымен көрші өзбек, қарақалпақ тілдерінде, қазақтың көпшілік говорында және әдеби тілінде айту нұсқаларымен салыстырады. Мысалы: тәлап – тәләп – талап; кәйер – қаер – кәйер - кайер – қай жер; кәте – хато – қәте – қата – қате т.б. "Бұл жағдайлардың жуан а-ның ә-мен алмасуы байқалған жердің бәрінде оны өзге тіл ықпалы деп қарай беруге болмайтыны оңай ұғынылады. Кей сөздердегі ә-нің төркіні бөгде тілдік ықпалдан бөлегірек сияқты. Мұндайлардың кейбіреуі – тілімізде әріден келе жатқан көне белгі, енді біреулері дыбыстардың позициялық өзгерістерінен тіліміздің өз ішінде бертін келе туған белгілер болуы да мүмкін. Олардың географиясындағы шашырандылық бізді осыған меңзейді. Әрі ә-нің некен-саяқ болса да тіліміздегі байырғы лексиканың құрамында кездесетіні және бар. Мысалы: әке, әлі, жәй, әкіреңдеу, шәш, шәрша, жәйлау, шәйна т.б." [6, 328].

Кітап осы фонеманың түркі тілдерінде қолданылу жай-күйінен хабардар етеді. Қазақ тілінде оның қағажу көріп жүргенін де айтады: "Алфавит құрамында арнаулы ә әрпі бар біздің тіліміздің жазу жүйесінде осы дыбыстың еленбей қалатыны көп. Мысалы: шәй, шәш, жәй, жәйлі дегендерді айтылуы жіңішке бола тұрса да емле тәртібінде шай, шаш, жай, жайлы деп жазатын ретіміз бар. Сол сияқты: Күләндә, Кәмилә, Жәмилә, Сәбирә сынды кісі аттарының соңғы дыбысын оларға жалғанатын септіктердің табиғатына сүйеніп жуан етіп жазамыз. Айтылуына келсек, осы кісі есімдерінің соңғы дыбысының ә екені кәміл. Осы арадағы адам есімдеріне дәл барыстан өзге септіктердің айтылуда жуан жалғануының өзі екіталай. Жәмиләдан ба, Жәмиләдан ба? – бұл арасы соншалық

айқын емес".

Алайда автордың өз тұжырымына аса сенімді еместігін де ескеру керек. Ол барыс септікке байланысты бір белең берсе, көп ұзамай: "ө-нің соншалық айқын айтылмай, құлаққа дүдәмал естілуі – көбіне сөздің соңғы буынына тән құбылыс. Екпінді буын болуына қарамастан, әңгіме етіліп отырған дауыстының осылайша соңғы буында көмескіленуі біздіңше жіңішке ә-нің қазақ тілінде сөздің кейінгі буындарына тән дыбыс еместігінде. Бұдан сөздің алғашқы буынынан өзге буындарындағы а мен ә дауыстыларының біздің тілімізге әлі еркін дифференцияланып үлгермегені аңғарылады. Әдеби тіліміздегі күман – күмән, Күлаш – Күләш деген тәрізді екі ұштылықтың байқалуы да, біздіңше, осындай себепке байланысты. Міне, алдында ғана Жәмиләдан ба, Жәмиладан ба? деп отырған автор Күләштарға ма, Күләштерге ме? – деудің орнына айтылуы да, жазылуы да қалыптасқан күмән сөзінің екінші буынындағы ә-ге көппен бірге күдіктене қарайтын сияқты және соны заңдастырудан да кет әрі емес. Бізге мұның себебі түсінікті де, өйткені ережеміз бұл әріпті бірінші буында ғана жаздыртып әдеттендірген. Солай бола тұрсада, баспасөзде, көркем шығармада әлі күнге дейін бас буындағы а-ның орнына ә жазылып кететіні бар. Бұл халық тілінің жаны, сыры екенін аңғартады. Тіпті халық тілінде ә-нің үшінші буында да айтылатыны құпия емес. Мысалы: мүбәдә – мүбада, мүбәрәк – мүбарак, тәкәппар – такаппар т.б.

Е, ы, і әріптері сөздің барлық буындарында жазылады, бірақ олар ылғи да е, ы, і болып дыбыстала бермейді. Бұлардың еріндіктермен қатар тұрып айтылу мүмкіндіктері жоққа тән. өзен, өлең, өнер, осы, орын, ұлы, ұғым, ұзын, үлкен, түйе, түлкі, әуе, әуен, бауыр, ауыл, дәуір сияқты сөздердің құрамындағы е, ы, і дыбыс емес, тек әріп.  Айтуда олар ө, ұ, ү түрінде болады. Соңы ы, і дыбысына аяқталған етістіктерге – у жұрнағы жалғанады да, ы - ұ-ға, і – ү-ге айналады, жазуда бірақ әріппен у-мен таңбаланады. Мысалы: алжы –алжұу, жазылуы – алжу, жылжы – жылжұу, жазылуы – жылжу, тепші – тепшіүу, жазылуы – тепшу.

Тілде о, ө-нің ү, ұ түрінде кездесуі бұлардың айтылуы жағынан жуықтығын көрсетеді: домала – дұмала, бөгелек – бүгелек. Еріндік о фонемасының өзге фонемалардан өзгешелігі бұл байырғы сөздердің бірінші буынында ғана айтылады және жазылады. ө әрпі де сол сияқты, тек –қор, -қой, -ғой және –көй, -гөй қосымшалары түрінде ғана о, ө әріптері екінші және үшінші буындарда айтыла да, жазыла да береді: даңғой, даңққой, есепқой, есепқор, қаскөй, ақылгөй. ө фонемасы еріндік - ө, ү буындардан кейін айтылады. Жазуда ол е әрпімен таңбаланады: өзен, өрен, үшеу, күрес, үстеу. Жазуда ұ фонемасы ы әрпімен де таңбаланады. Екінші буында ұ әрпі бұлбұл, мазмұн, мақұлық, мағлұмат сияқты сөздерде жазылады. Қалған жағдайда бірінші буындағы о, ұ еріндіктерден кейін ұ дыбысының орнына ы әрпі жазылады: орын, оқы, отын, құрық, бұрым, мұрын, ұсын. ү фонемасы да бірінші буында ү әрпімен таңбаланады: дәстүр, дүлдүл, мәжбүр, қалған бауындарда і түрінде жазылады: өнім, өсім, өтініш, үміт, үлгі,

көрік, күлкі. Сөз басында р дыбысының алдында бірер сөзде түсіріліп жазылады: ру, рух, Рүстем. Дауыстыдан басталатын қосымша қосылғанда кейбір сөздердің екінші буынындағы ұ, ү, жазуда ы, і түсіп қалады: орын – орна – орны, мойын – мойны, бөрік – бөркі.

Қазақ тілінде и, у фонемаларының болмағанын орыс тілінен ертеректе енген сөздерден көруге болады: бөтелке – бутылка, сот – суд, үтік – утюг, жәшік – ящик.

Әріп – дыбыстың шартты таңбасы. Дыбыс пен әріптің арақатынасын дұрыс түсініп, бірінен-бірін ажырата білудің маңызы зор. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер мен оқулықтарда и, у, ю, е әріптерін дыбыстармен шатастыру кездеседі [7,132]. Қазіргі қазақ тексінде бұл әріптердің дыбыстық бейнесі мынадай болады.

И әрпі. 1. Тіліміздегі байырғы сөздердің құрамында кездескенде:

а) ый: ки, ми, жи, қиқым, қират, қисық;

ә) ій: ки, киім, ти, тиін, тершиді;

б) ұй: мұқият, тұңғиық, бұлти, сұрқия;

в) үй: түкси, үси, өсиет, дүние, түрти.

2. Орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген сөздердің құрамында жалаң дауысты и: институт, университет.

Сонымен, жоғарыда көрсетілген тәсілдерді мұғалім іскерлікпен орфографиялық қателердің сипатына, оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай пайдаланып іс жүргізе, сауатты жазуға үйретуді сөсіз қамтамасыз ете алады.

Мұғалімнің бір – ақ тәсілді пайдалануы жеткіліксіз. Ыңғайына қарап, барлық тәсілдерді қолданғаны жөн. Бұнда да жапа- тармағай тәсілдерінің бәрін қатар қолданғаннан да мұғалім ұтпайды. Керісінше, бір тәсілден екінші тәсілге біртебірте көшкен жөн. Осылай еткенде ғана оқушыларды өз ісіне ұқыптылықпен қарауға үйрете алады.

**Әдебиеттер:**


1. Байтұрсынов А. Тіл-құралы. – Қызылорда, 1925. - 465 б.
2. Джунисбеков А. Гласные казахского языка. – Алма-Ата, 2019. -268 с.
3. Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке. – Алма-Ата, 2010. -198 с.
4. Дүйсебаева М.Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының кейбір мәселелері. – А, 2013. -175 б.
5. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі Қазақ тілі. Лексика, фонетика. –Алматы, 1975. -334 б.
6. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы, 2013. -328 б.
7. Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексі. – Алматы: Ғылым. 2010. 218 б.


**ӘОЖ**

# АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ

**Курбанов А.С.** – Шымкент қ., ОҚМПУ, 4 курс студенті
**Ғылыми жетекшісі - Қайырбекова Ү.Ж.,** ОҚМПУ аға оқытушысы

***Резюме***

*Мақалада ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлының қазақ жазуын қалыптастыруға қатысты ойлары мен халықты сауаттандыру жолында атқарған еңбектері, араб және латын жазуының даму, қалыптасуы жайлы мәселелер қарастырылған.*

***Summary***

*The article examines the thoughts of the teacher of the nation A. Baitursynov about the formation of the Kazakh script and his works on educating the population, issues of development, formation of Arabic and Latin writing.*

XX ғасырдың аяғынан бастап, XXI ғасырда Қазақстан Республикасында елеулі өзгерістер болды. Әлем қаншалықты дамыса, Қазақстан Республикасы да соншалықты деңгейде дамып келеді. Даму сатысындағы еліміздің күн тәртібінде қаралатын өзекті мәселелері де жоқ емес. Елдегі проблемалардың бірі – тіл, жазу мәселесі. Осыған байланысты, баршамыз білетіндей, алғашқы мәселенің бірі латын жазуына көшу болып тұр. Ы. Алтынсариннен кейін сөз құдыретін танытқан көрнекті педагог, қазақ баспа тілінің ұлттық үлгісін көрсеткен дарынды публицист, туған халқының рухани әлемін көтеру үшін көп жұмыс атқарған мәдениет қайраткері және қоғамға шынайы қызмет еткен ірі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының жазу сауаттылығын көтеруге қосқан үлесі мол.

Ұлт ұстазы: «Біздің заманымыз - жазу уақыты», - дейді. Білім-ғылымнан кенже қалған, мал бағумен айналысқан қазақ халқын маса секілді ызыңдап оятуды мақсат еткен ұстаздың ұлтты сауаттандыру жолындағы еңбегі ерек. Осы мақсатта А. Байтұрсынұлы 1910 жылдардан бастап қазақ жазуын (графикасын) зерттей бастады [1,15]. 1912 жылдан бастап ол қазақ тілінің дыбыстық жүйесі және оны белгілейтін әріптер туралы «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің беттерінде өз пікірін білдіре бастады. Қазақ жазуына араб әліпбиін қолдану ыңғайлы деп есептеді. А. Байтұрсыновтың қазақ тіліне бейімделген араб жазуының нұсқасын қазақ жұртшылығы, әсіресе мұғалімдер ешқандай дау-дамайсыз қабылдады, өйткені А.Байтұрсыновтың реформасы қазақ тілінің табиғатына сәйкестендіріліп, ғылыми негізде әзірленді. Ол ұсынған әліпби («Жаңа емле» деп аталды) 1912 жылдан бастап іс жүзінде қолданыла бастады. 1915 жылдың өзінде осы әріппен 15 қазақ кітабы жарық көрді және бұл жазуды 1912 жылдан бастап мұсылман медреселері мен қазақ-орыс мектептері қолдана бастады.

А. Байтұрсынұлы үш бөлімнен (үш кітап) тұратын «Тіл құрал» оқулығын жазуды қолға алады. Тіл білімінің фонетика саласына арналған оқулығының бірінші бөлімі 1915 жылы жарық көрді. Содан кейін олар толықтырылып,

түзетілді. 1927 жылы жарық көрген оқулық Қызылордадағы 7-ші басылымы еді. Қазақ тілінің морфологиясына арналған II бөлімінің 1927 жылы 6 басылымы жарық көрді. III бөлімі синтаксиске арналған. Ол 1916 жылдан бері 6 рет жарияланды [1,21].

1924 жылы 15 маусымда Орынборда өткен съезде Ахмет Байтұрсынұлы «Әліпби тақырыпты» атты баяндама жасады. Ғалым түркі халықтарының өзіне ыңғайлы жазуы бар екендігін және олардың басқа жазу жүйесіне ауыспайтынын айтып, оны жазу жүйесіне тән деректермен дәлелдейді. Қазақ халқы пайдаланатын, бейімделген және қайта өңделген (реформаланған) әліпбидің (графиканың) қандай қасиеттері болуы тиіс екендігін айта келе, араб әліпбиінің оң сипаттамасын (ерекшеліктерін) көрсетеді және латын әліпбиінің түркі халықтарына қажеті жоқ екендігін батыл түрде айтып өтеді. ...«Латын әліпбиін тұтынған (еуропалық) жұрттар орыстың орнында болып, аузына қарап... Онда алуға мағына бар дер едік...» деп ойын орнықтыра түседі [1,17].

Съезде латын жазуын қабылдауға қатысты А. Байтұрсынұлы мен Алаш арысы, белгілі мемлекет қайраткері Нәзір Төреқұловтың баяндамасы талқыланды. Екі әліпбидің ерекшеліктерін сарапқа салып, съезд: «Қазақ тұтынып отырған түрік (араб таңбалы) әліпбиінің баспа түрінің дара болмауы баспа ісіне де, үйрету жағына да қолайсыздық қылатын болғандықтан, ол қолайсыздықтан құтылу үшін түрік әліпбиінің өзін түзету өзге әліпби алудан анағұрлым оңай болғандықтан, түрік әліпбиінің жазба түрін осы күйінде қалдырып, баспасын дара түрінде алу керек» деп, А.Байтұрсынов реформалаған және баспа түрінің де вариантын ұсынған араб жазуы негізіндегі қазақ алфавитін қабылдау керек» деген қарар ұсынды.

А. Байтұрсынұлы 1926 жылы Бакуде өткен Бүкілодақтық түркология съезінде қазақтардың латын әліпбиіне көшуіне қарсы шықты. Ол қазақ немесе орыс жазуын жазу жүйесін (мысалы, сол кезде чуваштар қолданып отырған) латын әліпбиіне ауыстырудың ешқандай саяси–идеологиялық, экономикалық жағынан тиімділігі жоқ екендігін, сауат ашып, білім беру үшін реформаланған араб жазуы мен латын жазуының бір-бірінен я артықшылығы немесе кемшілігі жоқ екендігін, керісінше жазуды қайта-қайта өзгерту арқылы ұлт сан ғасырлық жазба мұрасынан, дәстүрінен айырылатындығын айтып, араб жазуын сақтап қалуға тырысады [1,18]. Ғалымы Қ. Жұбанов еңбегінен латын жазуын қолдануға деген оң көзқарасын байқауымызға болады [2].

А. Байтұрсыновты жау деп тануға тырысқандардың айыптаулары «...А.Байтұрсынов терминдердің қалыптасуындағы пуристік тенденцияны ұстанды, яғни орыс сөздері мен халықаралық терминдердің қазақ тіліне енуіне жол бермеуге тырысты...» секілді пікірлер болды. Осыған байланысты ұлт ұстазы, ағартушы педагог 1929 жылы қамауға алынды.

XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында қазақ мәдениеті, қазақ жазуының емлесі мен графика (әліпби) мәселесі туралы әңгімелер баспасөз

беттерінде пікірталас тудырып, әлеуметтік үнге ие болды. Бұл қазақтың рухани және мәдени әлемінің айтарлықтай өскенін, ұлттық проблемаларды шешуге қабілетті зияткерлік топтың, мәдени қуаттың күшейе бастағанын айғақтайды. Көптеген ғасырлар бойы қолданылған, реформаланған және Поливанов, Яковлев секілді ғалымдар «Байтұрсынов жазуы» деп атаған, ал А. Байтұрсынұлының өзі «Қазақ жазуы» деп атаған, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріліп жасалған қазақ жазуы XX ғасырдың басында латын жазуына ауыстырылды. Бұл үдеріс түрік, әзірбайжан халқының арасында басталып, тек қазақ мәдениетінде ғана емес, Ресей билігіндегі барлық түркі халықтарының (татарлар, қазақтар, өзбектер, қырғыздар) саяси және мәдени өмірінде белсенді орын алды. Осы кезеңде (1924 - 1929) латын графикасы мен орфографиясы жайлы мәселе үлкен саяси және әлеуметтік мәнге ие болды. Қоғамда түрлі пікірталастар орын алды, конференциялар мен кеңестер өткізілді. Ғылыми және практикалық конференцияларда осы мәселелерге арналған баяндамалар оқылып, соңы үлкен пікірталастарға ұласты. Ағартушылар мен ғалымдар арабшы-латыншы болып екі топқа жіктелді. А. Байтұрсынұлы, М.Дулатов бастаған «арабистер» (реформаланған араб жазуын ұсынады) саны жағынан аз болды. Осыған байланысты көпшілік тарап латын жазуын жақтап, кеңес Одағына қарасты барлық түркі халықтарын латын жазуына көшіру туралы шешім қабылданды. Емле және пунктуация мәселелері, сондай-ақ оны қолдану заңдылықтары жайлы мәселелер ұйымдастырылған жиналыстар мен конференцияларда талқыланып, баспасөз беттерінде кеңінен жарияланды. Жазбаша мәтіндерде пунктуация ережелерін қалыптастыру (жинақтау) және қолдану мәселесі XIX ғасырдың соңғы онжылдықтарында қазақ мәтіндерінде көтерілді. Ал тыныс белгілері жайлы мәселелер XX ғасырдың басындағы аса маңызды мәселе болып табылды. Араб таңбасының жазуында тыныс белгілерінің, бас әріптердің болмауы туралы мәселе көтеріліп, оның мәтінді дұрыс жазуға, түсінуге және оқуға қиындық келтіретіндігі жайлы пікірлер талқыланды. «Түркістан уалаяты» және «Дала уалаяты» газеттерінде тыныс белгілерін қолдану әрекеті басталды. Осы уақытта «Синтаксистік тұтастық» (нүкте) деп аталатын таңба, мәтін сегменттерін бөлетін абзац, азат жол, жаңа жолдан бастап жазу секілді жаңалықтар көріне бастады. Сауаттылық жайлы мәселе ұлт ұстазы атанған А. Байтұрсынұлының оқулықтары мен шығармаларында, 20 ғасырдың басында жарық көрген «Қазақ», «Айқап» газеттерінде кеңінен орын алды.

Араб таңбасымен ұсынылған мәтінде болмаған (және болуы мүмкін емес) мәселе бас әріпті, сондай-ақ кейбір тыныс белгілерінің, мысалы, сызықшалар мен дефистің қолданылуы болды. Алғашқы кезде сөйлем құрамындағы сөздердің тыныс белгілерімен ажыратылмауы секілді көптеген қателіктерді көруге болатын еді. Тыныс белгілері жайлы заңдылықтар әлі де тұрақталмаған болатын.

1929 жылы нақты ғылыми дәлелдер мен үлкен күрестен кейін қазақ халқы ғасырлар бойы қолданылып келген араб жазуынан жаңа жазба – латын жазуына

көшті. Оны қолдану тәртібі - емле - 1929 жылы (Қызылорда конференциясында) жеке талқыланып, содан бері іс жүзіне асырылды. Осы кезеңнен бастап мектептер, БАҚ латын әліпбиіне көшірілді [1,19].

Тарихқа көз жүгірте отырып, А.Байтұрсынұлының өз әліпбиімен халқын сауатты етуге және қара танытуға қол жеткізу үшін көп жұмыс жасағандығын айту артық болмайды. Ал қазіргі заман – «нағыз» ақпараттық технологиялар дәуірі. Үйренемін, білемін деген барша халыққа жол ашық. Оқушыдан қарияға дейін латын таңбасын таниды. Заман соны талап етіп отыр. Қазіргі заманғы талаптарға сәйкес халық экспорт, импорт, тауар жазбаларын, телефон сөздіктерін, электрондық пошта мекенжайын (агент), интернет-сайттарын осы латын әліпбиі арқылы пайдаланады.

Осы жағынан мемлекетімізге ресми түрде латын әліпбиіне көшу пайдалы болса, екіншіден бүкіл түркі тілдес халықтарды тілдік қарым-қатынаста жақындата түсетін ортақ жазу осы латын әліпбиі деуімізге болады. Жоғарыда айтылғандай, 1926 жылы Бакуде өткен Бүкілодақтық түркология съезінде қазақтар латын әліпбиіне көшуге нақты себептермен қарсылық білдірген болса, бүгінгі күні аталған себептермен байланысты латын жазуына көшу тиімді деп есептеп, барлық түркітілдес елдер секілді латын жазуына көшуіміз керек деген пікірді құптаймыз. Бұл болашақ ұрпақ алдында жасаған ізгі шаралардың бірі болар еді.

**Әдебиеттер:**


1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы / бас ред. Арын Е.М. құраст., жауапты ред. Құдабаев А.Ж.- Павлодар: С.Торайғыров ат. ПМУ, 2008 – 172 б – (Қазақ тіл білімінің антологиясы)
2. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640 бет.


**ӘОЖ 811.512.122´34**

# ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЕКІ НЕГІЗДІ ЖАЙ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

**Үкібасова Қ.А. ф.ғ.к.,** аға оқытушы,
**Есенгелді А.М., Тұрсынбай М.Б., Омарова** –1701-29 тобының студенттері
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент қ.

***Резюме***

*Изучение лингвистического характера двухосновных простых предложений в казахском языке*

***Summary***

*The study of the linguistic nature of two basic simple sentences in the Kazakh language*

Екі негізді сөйлемнің статусын, оның қазақ тілі синтаксистік жүйесінде алатын орнын анықтау үшін зерттеуді, бұл тұлға жөнінде тіл білімінде қандай ғылыми деректерді, қорытындылар бар, соны анықтап алудан бастағанымыз дұрыс болар. Сонымен бірге екі негізді сөйлеммен әрі парадигмалық, әрі синтагматикалық қатынаста тұрған бір негізді жай сөйлемдер жөніндегі деректерді де талдаудан өткізіп алған жөн. Осы деректерді, қажет болса, қосымша мағлұматтар қатыстыра отырып, екі негізді, бір негізді сөйлемдер түрін өзара салыстырып, оларға тән грамматикалық, функционалдық сипаттамаларды белгілі етеміз.

Қазан төңкерісіне дейін қазақ тілі синтаксисін зерттеуге арналған еңбектердің ішінде П.М. Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казак-киргизского языка» деген кітабы ерекше орын алады. Бұл еңбек қазақ тілі жай сөйлемінің жалпы сипатын көрсетеді. П.М. Мелиоранский атаған жай сөйлем сипаттары мыналар:

1. Жай сөйлем бастауыш пен баяндауыш мүшелерден құралады.
2. Бастауыш зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, қимыл атауларынан жасалады.
3. Баяндауыш қызметінде есім сөздер, етістіктер жұмсалады.
4. Бұл екі мүше өзара қиысады.
5. Қазақ тілі жай сөйлем құрылысында орын тәртібінің мәні үлкен. Баяндауыш сөйлемнің соңында тұрады. Бастауыш оның алдында орналасады. Тұрлаусыз мүшелер қатысына сай бастауыш пен баяндауыштың алдында тұрады. Бұл еңбекте термин ретінде орыс тіліндегі сай келетін атаулар жұмсалған [1,109].

А. Байтұрсыновтың жай сөйлемді зерттеуі, олардың грамматикалық сипатын түсінуі «Тіл құралы, сөйлем жүйесі мен түрлері» деп аталып, үшінші тіл танытқыш кітап ретінде 1925 жылы жариаланған [2,95].

Сөйлемді тиянақты ойды хабарлау үшін жұмсалатын тіл тұлғасы ретінде танудың ізі осы еңбекте алғаш көрінеді және сөйлем өзара байланысып құралған сөздерден ұйымдасатыны да аталған.

«Сөйлем дегеніміз – сөздердің басын құрастырып, біреу айтқан ой. Сөйлемде, жазғанда кім де болса да ойын айтады. Ойын айтуға тиісті сөздерді алады да, олардың басын құрап, біріне-бірінің қырын келтіріп, қиындастырады» [3,263].

Бұдан ары А. Байтұрсынов сөйлемді құрылымдық жағынан екі аспектіде қарайтынын айтады: «Сөйлем ішіндегі сөздердің басын түсінікті етіп құрастыру, сөйлемді түсінікті етіп жасау туралы сөз табиғатынан шыққан түрлі заңдар, тәртіптер бар, қысқасын айтқанда өз алдына білерлік толып жатқан білімдер бар... Сөйлем жүйесі екіге бөлінеді: бірі сөйлем ішіндегі сөздер турасындағы білім, сөйлем ішіндегі сөздер сөйлем мүшелері деп аталады» [3,267].

А. Байтұрсынов тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерге былай түсінік берген: «Тұрлаулы мүше болады сөйлем болған жерде қалмай айтылатын сөздер немесе қалса да қалатындығы сезіліп тұратын сөздер... Сөйлем ішінде бірде болып, бірде

болмайтын сөздер немесе керек болған жерде айтылып, керек болмаған жерде айтылмай қалып отырған сөздер, жаңа да қалған жерде қалғандығы ашық сезілмейтін сөздер тұрлаусыз мүше деп аталады» [3,268].

Жазып отырған еңбегі тіл танытқыш құрал болып, көпшілік оқушы жұртқа арналғандықтан, А. Байтұрсынов сөйлем мүшелерінің барлық түріне анықтама берген. Анықтама сөйлем мүшелерінің сөйлемдегі қызметін атайды. Олардың қай сөз таптарынан жасалатынын көрсеткен. Сөз таптарының сөйлем мүшесінің қызметін атқаруда қай формада жұмсалатынына көңіл бөлмеген.

Бастауыш пен баяндауыштың қиысуы (автордың атауы – ымыраласуы), осыған байланысты басым жақ мәселелерінің көтерілуі А. Байтұрсыновтың байқампаздығын, мұқияттылығын дәлелдейді [3,273]. А. Байтұрсынов байқаған бұл синтасистік заңдылық бүгінгі қазақ тіл білімінде бұзылмай орын алып келеді.

Еңбектің екінші тарауы «Сөйлем түрлері» деп аталған. Тарау екі параграфтан тұрады. Бірінші параграф «Жалпы түрлері» деп аталған, екінші параграф «Айтылуынша айырылатын түрлері» деп аталған.

«Жай сөйлем» деген термин бүгінде қолданылып жүрген «хабарлы сөйлем» деген терминнің мағынасында жұмсалған. «Сұраусыз, лепсіз, тілексіз айтылған сөйлемдердің бәрі жай сөйлем деліп аталады» [3,274]. Бұл автордың осы типті сөйлемдердің бір жүйелік қатардағы позициясын түсінуіне байланысты болуы керек.

Соңғы топқа кірген сөйлемдердің түрлері қызметі жағынан сипатталған, формалары аталмаған [3,295].

Қ.Жұбанов жай сөйлем мәселесіне 2 еңбек арнаған: «О формах сочетания речи на казахском языке» деген мақаласы сөйлемнің негізгі қаңқасын кеңейту үшін қатысатын сөздердің синтаксистік байланысқа түсуінде орын тәртібінің атқаратын қызметін көрсетуге арналған, «О построении речи на казахском языке» деген мақалада сөйлемдегі сөздердің байланысуы екі түрге бөлінеді:

1. Тізілген тіркес.
2. Жарыспалы тіркес .

Тізілген тіркестің басы болып баяндауыш аталады. Баяндауышпен тікелей байланысқан сөз бірінші лек болады да, бірінші лек сөзге байланысқан сөз екінші лек болып саналады. Екінші лек сөз өзіне үшінші лек сөзді қатыстырады.

Жарыспалы тіркес ретінде бірнеше сөздің бір басыңқы сөзге біріңғай синтаксистік байланысқа түсуі аталады.

Одан ары мақала сөздердің байланысу тәртібін, олардың сөйлемге қатысу тәртібін атап береді. Ол тәртіп былай қорытылып, жалпы заңдылық ретінде көрсетілген:

1. Сөйлем мүшелері сөйлемге мына басты заңдылыққа бағынып қатысады: бағыныңқы сөз басыңқының алдынан орналасады.

2. Жарыспалы тіркестің ұйымдасуында жалғаулар арқылы байланысатын сөздер қашықта тұрады да, басыңқы сөзге қабысу амалы арқылы байланысатын сөздер тақау ораналасады.

3. Қабыса байланысатын сөздер бірнешеу болса, біріңғай қатысқа түссе, басыңқыға заттың ең басты, мәнді сипатын атайтын сөз жуық орналасады.

«Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекцияларында» да жай сөйлем мәселесін қозғаған.

Қ. Жұбановтың жай сөйлем синтаксисін кешенді түрде қарауға талап еткен жұмысы - «Қазақ тілінің граматикасы» (1936) [4,74].

Қ. Жұбанов «сөйлеу» деген ұғымды атап, сөйлеу сөйлемдер арқылы көрінетінін арнайы тараулар арқылы білдірген. Сөйлем бір сөзден де, бірнеше сөзден де құралады деп, мынандай мысалдарды келтіреді: Қыс. Күн боран. Жердің үстін қар жапқан. Осы мысалдардың келтірілуінен автор жай сөйлемдердің граматикалық сипатының бірдей емес екенін ойда ұстап, соның түр-түрін саралауы жоспарда екенін байқатады.

Жай сөйлемдердің құрылысын танудың бір елеулі кезеңі үйірлі сөйлем мүшелері туралы ұғымның пайда болуына байланысты туды. Бұл ұғым қазақ тіл біліміне С.М.Жиенбаевтың «Сөйлемнің үйірлі мүшелері туралы» деген мақаласы арқылы енді. [5,17].

С.Жиенбаев үйірлі мүшенің құрылуына екі себеп бар дейді:

1.Үйірлі мүшелер идиомдық сөздерден құралады.

2.Жеке сөйлем бастауышын есімше формасына келтіріп, анықтауыш ретінде екінші бір құрамына қатысады: ауыл өзенінің бойында отыр - өзеннің бойында отырған ауыл. Мақалада үйірлі мүшенің екі түрі аталған: үйірлі анықтауыш, үйірлі толықтауыш. Үйірлі мүшелер деп келтірілген топтардың құрамы, құрылымы бірдей емес. Ішінде бір мүше ретінде тануға келмейтіндері де бар.

Үйірлі мүше қатысқан конструкцияларды осы сипатта тану Н.Сауранбаевтың «Қазақ тілдегі құрмалас сөйлемдер жүйесі» деген еңбегіндеде бар [6, 23].

Қазақ тілі синтаксистік жүйесін ауқымды алып зерттеген жұмыс ретінде С.Аманжоловтың «Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсын» атауға болады [7, 96]. Бұл еңбек тұңғыш рет 1940 жылы жарық көрген. Еңбек қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисінің құрмалас сөйлем синтаксисін қамтыған.

1.С.Аманжолов сөйлем мүшелерінің жасалуын көрсеткен. Бұл деректер Қ.Жұбанов, А.Байтұрсынов еңбектерінің мазмұнына үндес.

2.Баяндауыш мүшелердің жасалуына байланысты ғалым етістік пен есім сөздерден болған құрама (аралас) баяндауыштарды бөлек атаған: қырғыи-қабақ болды, тіл қатпады, тіл тигізді т.т. Бұл баяндауыштар екі топқа бөлінген:

а) бернелі идиомдық құрама сөздер

ә) бернесіз құрама сөздер

С.Аманжолов үйірлі мүшені қамтыған құрылымда жай сөйлем деп таныды. Үйірлі мүше сөйлем дәрежесіне жетпейді, бірақ сөйлем дәрежесіне жақын

категория... осы себепті үйірлі мүшені сөйлемше деп атауға болады. Бірақ сөйлемше сөйлемге жатпайды [7,147]. Бұл тұста С.Аманжолов, С.Жиенбаев пен Н.Сауранбаевтан өзге позицияны ұстанған.

Қазақ тілі жай сөйлем синтаксисін тануда М.Б.Балақаев зерттеулерінің орны ерекше. Жай сөйлем құрылысының басты-басты аспектілерін монографиялық зерттеуден өткізіп, ғалым мынадай ірі-ірі еңбектер шығарды: «Основные вопросы синтаксиса простого педложения в современном казахском языке»(1950), «Основные типа словосочетания в казахском языке» (1957),, «Современный казахски язык. Синтаксис словосочетаний и простого предложения» (1959). Осы еңбектерінің қорытындысы ретінде «Қазіргі қазақ тілі. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі» деген жоғары оқу орындарына арналған оқулық жарық көрді [8,217].

М.Б.Балақаев сөз тіркесі синтаксисін синтаксис ғылымының бір саласы ретінде қалыптастырды. М.Б.Балақаев, идеяларының негізінде Т.Сайрамбаев, А.Әблақов қазақ тілі сөз тіркестері жүйесін зерттеді.

Жай сөйлем құрылысы және оның функционалдық аспектілері Р.Әмірдің «Ауыз екі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері» (1977) деген еңбектерінде проблемалық түрде арнайы зерттелген болатын. Бұл еңбектер қазақ тілі синтаксистік жүйесінің ауызекі коммуникация ерекшеліктеріне сай көрінуі, синтаксистік тұлғалардың ұйымдасуына байланысты зерттеулердің нәтижесін баяндаған. [9,39]. Осы зерттеулердің материалдарын пайдалана отырып Р.Әмір, Ж.Әмірова университеттердің филология факультеттеріне арнап «Жай сөйлем синтаксисі» атты оқулық жариялады (1998) [10, 53].

Авторлар сөйлемді құрылымдық көрінісі айқын екі топқа бөлген: екі негізді және бір негізді сөйлемдер. Сөйлемдердің бұл түрлері, бұл бөлінісі де коммуникативтік мақсаты өтеу үшін қалыптасқан. Және бір ерекше ескерілген жай – бұл екі құрылымдық түрлердің синтаксистік жүйедегі орнын атағандары. Екі негізді сөйлем – түпкі, басты құрылым. Оның себептері – ойлау жұмысыныцң, пікірдің құрылысына байланысты [10,53].

Сөйлемдер құрылысына қарай екі топқа бөлінген: 1.Екі негізді сөйлемдер; 2. Бір негізді сөйлемдер.

Айтылу мақсатына сай бөлінуі былай: Хабарлы сөйлемдер, Сұраулы сөйлемдер, Бұйрықты сөйлемдер, Лепті сөйлемдер.

Н.А.Баскаковтың «простое предложения каракалпакском языке» деген еңбегін негізінен екі негізді жай сөйлемнің құрылысын анықтауға арналып, оның құрлысына бастауыш пен баяндауыш құраған ұйытқы схемасына ролін көрсеткен, тұрлаусыз мүшелердің қатысу ережелерін атаған. Жай сөйлемге арналған зерттеулерді шолып, талдаудан мынандай қорытынды жасауға болады.

1. Лингвистикада орныққан теорияларды, жай сөйлем құрылысына қатысты тұжырымдамаларды ескергенде, шолу материалдарын осы отырғанда

талдағанда қазақ тілі синтаксис жүйесінде сөйлемдердің екі негізді құрылымын тануды тереңдететін жайлар көп.

2. Екі негізді сөйлемдер өзара салыстырыла зерттеліп, құрылымдық потенциалы, функциалдық өрісі жағынан анықтауды қажет етеді.
3. Екі негізді сөйлемдердің лексикалық тұлғалардан қатысына сай грамматикалық түрлерін, олардың құрылысын, семантикасын, функциясын тереңдетіп зерттеу қажет.

Екі негізді сөйлемдер - құрылысы дара, дара функционалдық міндеті бар синтаксистік тұлғалар. Қазақ тілінің синтаксистік жүйесі осы фактіні ескеріп танылуға тиіс. Екі негізді сөйлем - синтаксистік жүйедегі түпкі, базистік тұлға. Оның осындай орын алуы тілдің генезисіне, ойлау жұмысының формаларына адекватты келуіне, функционалдық қызметінің ауқымдылығына, жұмсалуының жиілігіне байланысты. Осы аталған керсеткіштер тұрғысынан салыстырғанда екі негізді сөйлемдер бір негізді сөйлемнен көп алда тұрады. Екі негізді сөйлемдердің структурасы олардың жайылымды болуына, жайылдыратын тулғалардың түрлерінің мол болуына мүмкіндік береді. Екі негізді сөйлемдердің түрлі қыстырма тұлғаларды қатыстыру қабілеті де зор. Екі негізді жене бір негізді сөйлемдер өзара структуралық жүйеде байланысты болып орныққан.

**Әдебиеттер:**


1. Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-киргизского языка, т.2, синтаксис: СП 6, 1897.-225 с.
2. Байтұрсынов А. Тіл құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері, үшінші тіл танытқыш кітап, 2 басылымы. Орынбор, 1925.-230 б.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. - Алматы,2012.-447 б.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілінің грамматикасы. Алматы, Қазақ баспасы, 2016. -280 б.
5. Жұбанов Қ. Жаңа грамматиканың жаңалықтары. - Алматы, Қазақ баспасы, 2010.-230 б.
6. Жиенбаев С. Сөйлемнің үйірлі мүшелері туралы// Тіл мәселелері, 2 жинақ. - Алматы, Қазақ баспасы, 1936. -220 б.
7. Сауранбаев Н. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі. - Алматы, Қазақ баспасы, 1948.-230 б.
8. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. - Алматы, санат, 2014.-200 б.
9. Балақаев М.Б. Қазіргі қазақ тілі. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. - Алматы, Ана тілі, 1957.-420 б.
10. Әмір Р, Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. Алматы, Мектеп, 2018.-200 б.

ӘӨЖ

# ТІЛ МЕН МӘДЕНИЕТ БІРЛІГІНДЕГІ КОННОТАЦИЯ

**А.П.Мынбаева** – PhD доктор, ОҚМПУ,
**Ж.К.Балтабаева** – п.ғ.д., профессор Абай атындағы ҚазҰПУ

*Резюме*

*В статье рассматривается понятие коннотации в современной образовательной парадигме. Раскрывается значение термина Коннотация и указывается, что оно имеет место в концептуальном анализе. Мнения ученых о коннотации также систематизируются.*

*Summary*

*The article discusses the concept of connotation in the modern educational paradigm. The meaning of the term Connotation is revealed and it is indicated that it takes place in conceptual analysis. The opinions of scientists about the connotation are also systematized.*

Тіл мен мәдениет байланысын қарастырған зерттеуші Г. Смағұлова айтқандай, мәтінді танымдық және әлемнің тілдік бейнесі негізінде қарастыру қазіргі ғылыми парадигмада алдыңғы орынға шықты [1]. Қазіргі антропологиялық зерттеулерде адам тіл мен мәдениетті жалғастырып тұрғандықтан, осы екі ғылым саласын жақындастыруға мүмкіндік туды. Екі ғылым саласынан лингвомәдени және концепт мәселесін бөліп алып, оны тұлғаның мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру құрауыштары ретінде қарастырамыз.

Осының негізінде тіл мен мәдениет бірлігіндегі дағдылар жүйесі ретінде төмендегі компоненттерін бөліп алдық:

– белгілі бір тілдің бірліктері арасындағы жүйелі қатынастар заңдарын игеру;

– тілдің бейнелі-ассоциативтік қызметін білу (концепт, символ, әлемнің тілдік бейнесі және т.б.);

– тұлғаның эмоциясын тудырып, бағалауға түрткі болатын мәдени маңызды тілдік бірліктердің қажетті жинағын білу (фрейм, ойсурет, сценарий);

– синхронды және диахронды сипаттағы мәдени қондырғылар жүйесін білу (коннотация);

– мәдени және тілдік кодты мәтіннен таба білу және ажырату;

– маңызды мәдени тілдік бірліктерді қолдану.

Бұл аталғандар мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың мәтін құрылымында көрініс табатын маңызды тетіктері болып табылады. Яғни Г. Смағұлованың «тіл мен мәдениеттің байланысы, сондай-ақ мәдениеттің концептілік өрісіне тілдің енуі» [1, б. 40] деген пікірі біздің филолог-

мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілік дағдыларын жүйелеуімізге септігін тигізіп тұр.

Мәдени-тілдік құзыреттілік тілдік және сөйлеу біліктіліктерімен тығыз байланысты: бір жағынан, лингвистикалық семантиканы игеру ойлаудың басқа да түрлерін сәтті дамытуға негізделіп, мәдени кеңістікке өзіндік «ену» болып табылады. Екінші жағынан, мәдени кеңістікке «ену» және қызмет ету тек мәдениеттің белгілі бір мәтіндерімен байланыс үдерісінде ғана мүмкін болмақ. Осы мән-мағыналардың өзара әрекетінің нәтижесі – мәдени мән-мағына, тәсіл және құралдарды тілде сақтау жүйесін қайта өңдеп, қалыптастыратын тілдік ойлау бөлігі; өзін және басқа тұлғаны түсіну және қабылдау қабілеті және мәтіндегі мәдени ақпаратты кодтау мен кодтамау жүйесі.

Мәдени-тілдік қабілеттердің өнімі когнитивті эталондар мен стильдер (А.М.Шахнарович), олардың негізінде тұлға өз санасында аксиологиялық жүйені, шындықтың жекелеген бөліктерінің біліктілігі критерийлерін құрастырады. Когнитивті эталондар коммуникативті стратегиялар мен тілдің таңбалары арқылы бекітіліп, бейнеледі.

Кез келген халық тілі – сол халықтың шынайы этникалық болмысының айнасы. Тілді жаңа ғасыр кезеңінде теориялық-танымдық үрдісте зерттеудің қажеттігі туындайды. Бұл үрдіс тіл мен адам санасын тұтастықта қарастырып, тілдік білімді адам миының жемісі, күрделі ассоциативті-вербалды құрылым, болмысты рух пен ой бірлестігінде танытушы жүйе ретінде кешенді сипаттауға негізделеді. Адамзат өзін қоршаған шындықты, әлемдегі сан алуан құбылыстар мен олардың сапа-қасиетін сезім мүшелері арқылы сіңіріп, санамен түйсініп қана қоймайды, оған жауап қайырады, ақпаратты өзінше жаңғыртып, жаңа сапада қайта жасауға саналы-санасыз күйде талпыныс жасайды, өңдейді, қорытады, елеп-екшейді, баға береді, тәжірибеде қолданады, бұлардың тұтас көрінісі ретінде ғаламның тілдік бейнесі жасалады. Когнитивтік ғылымның басты назар аударатын негізгі ұғымдары – «*ғалам бейнесі*», «*ғаламның тілдік бейнесі*» және «*ғалам моделі*» немесе когнитивтік модель. Соңғы кезеңдерде семантикалық үшбұрыш мәселесіне тоқталудың негізгі тұжырымдары сөз мағынасын *таңба – сөз – ұғым (мағына)* аясында емес, кең ауқымда концептуалды білімді қамтитын құрылымды кескіндеуге ұмтылумен тығыз байланысты екені айтылып жүр. Когнитивтік семантика тілді түсіну және қолдану мәселесін негізгі назарға ала зерттеп, мағына санада кодталатын үдеріс, ғаламның тілдік бейнесін құрушы бірлік екені ескеріледі. Соның нәтижесінде процестің «әрекет етуші, әрекет, мақсат, нәтиже» қатынасы негізінде ғана жүзеге асатыны мойындалады [79].

Когнитивтік тәсілде ***мағына*** лингвистикадағы сөз мазмұны ретінде көрінбейді. Когнитивтік семантикада *мағына* – когнитивтік модельдеудің ерекше көрінісі. Мағына концепт құруға мүмкіндік береді, ол табиғи тілде ақпараттық құрылым арқылы ойда кодталған және санада бекітілген, мағына негізінде прототип, тілдік мазмұн жатады. Мағына екіжақты қасиетке ие: бір жағынан,

жалпы адамзат білімі тіркелген қоғамдық сананы құрушы бірлік ретінде көрініс алады, екінші жағынан – сананың нәтижесі. Адам сөз мағынасын білгенде нені біледі (түсінеді), мағынаның таңбалық, түсініктік жағы неге негізделеді, семантикалық жадтан, естен сөзді іздегенде қандай әрекеттер орындалады, қандай негіз-тіректер пайдаланылады деген мәселелер когнитивтік семантика мәселелері болып табылады. Семантикалық талдау мен когнитивтік семантикадағы концептуалды талдаудың да осымен байланысты ерекшелігі бар. Концептуалды талдауды да концептік талдаумен шатыстыруға болмайды. Концепт құру концептуалды білім құрудың бір ғана тәсілі. Бұдан басқа фрейм, сценарий, гештальт құрылымдары т.б. когнитивтік құрылымдар бар [2, б. 265].

Көркем мәтін – мәдениеттің құбылысы ретінде оның ерекшеліктерін интерпретациялау барысында да қарастырылады. Мұнда мәселе мәтінге түсініктеме беруде шығарманы жазу барысындағы тарихи және саяси жағдайлар, жазушының дүниетанымын айқындайтын оқиғалар мен идеяларға негізделген, жазушының шығармашылығы, әдебиеттегі орны, дәуірдің жазушы тіліне деген ықпалы туралы мәтіннен тыс мәліметтер қолданылады. Авторлық ой, әдетте, жазылған көркем мәтіннің мағынасының көлемі мен тереңдігін ескермеуге болмайтынын дәлелдеп, сол арқылы оны интерпретациялау рөлін айрықша сөз ете отырып, И.В. Арнольд Альфред де Мюссенің мына ой-пікірін келтіреді: «Ақиық ақындардың кез келген тамаша өлеңдері ақынның өзі айтқан ойға қарағанда, екі-үш есе артық ойдан тұрады. Ал оқырманның міндеті – сол жетпеген ойды жеткізу, қажет болса, әрі мүмкіндік болса көркем ойлармен, талғамдармен толықтыру» [3]. Сонымен қатар, мәтін интерпретациясы коннотацияның мәдени компонентімен анықталады. Демек, мәтінді қабылдау, түсіну және интерпретациялау, адресанттың мәтіннің мәдени мән-мағынаны қабылдау қабілеті реципиенттің мәдени білімділігіне, мәдени коннотацияны түсіну қабілетіне тәуелді. Ал мәтіннен коннондық ерекшеліктерін табу да филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың бір компоненті ретінде сипатталады. Мәдени-тілдік құзыреттілікте тілдік бірлікті ассоциативті-бейнелі мотивацияланған мағыналық құрылымын, яғни мәдени коннотацияларды қарастыру жатыр.

Коннотация бұл «connotation» – қосымша мағына деген латын тілінен алынған термин. А. Хабиева көркем мәтін тілінен мәдени коннотацияларды мәдени-тілдік таным тұрғысынан қарастырады. Мысалы, М.Өтемісұлы шығармаларында кездесетін билер мен жер-су аттары коннотаттық бірліктерге жатады. «Кет-Бұғадай билерден, Ақыл сұрар күн қайда?» – деген риторикалық сұрақ түрінде келетін өлеңінде Кет-Бұға биді айтып тұрғаны белгілі. Ал бидің өмір сүрген заманы туралы зерттеушілердің айтуына қарағанда, *Кет-Бұға* – XIII ғасырда ғұмыр кешкен тарихи адам, атақты би. «Көне түркі тілінде «Кед» (кет, келі, кез) – күшті, мықты. «Бұғы» - бұға, бұқа, бүке – батыр, күшті адам, бөгу – дана, данышпан деген ұғым береді» [4]. Академик Р.Сыздықова «Сөздер

сөйлейді» атты еңбегінде зерттеуші А. Сейдімбековтің сөзін келтіре отыра, бұндай сөзқолданыс Доспамбет жырау тілінен сақталып келгенін растайды. Біздің ойымызша, Доспамбет жырау мен Махамбет ақын өлең жолдарындағы бұл образды тіркес тек сыртқы формасы жағынан үндесіп жатыр. Ал осы қолданысқа салынған ой мен мән әр басқа. XV ғасырда жасаған Доспамбет жыраудың: «Кет-Бұғадай билерден, Кеңес сұрар күн қайда?» деп жырлауында өзіндік бір себеп бар шығар. Ал Махамбет ақынның араға үш ғасыр салып Кет-Бұғаны аузына алуына таза тілдік факторлармен қатар, тарихи-әлеуметтік жағдай, объективті шындық итермелеген болу керек. Ақын тілінде Кет-Бұға – бұл нақты адамның есімі емес. Ол типтік бейне. «*Кет-Бұғадай билер*» деп келген атаулы теңеу ол хандар замандарында өмір сүріп, өздерінің елдің әдет-ғұрпын жақсы білуімен, шешендігімен, даналығымен танылған адам. Нақтырақ *«Кет-Бұғадай билерден, Ақыл сұрар күн қайда?»* деген қайталаулардың келуі, біріншіден, мәтін шырайын берсе, екіншіден коннотаттық мағынаны береді. Ал коннотаттық мағынаны ашу мәтіннің лингвомәдени сипатын ашумен қатар жүреді.

Сонымен қатар мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастырудағы құрауыштардың бірі ретінде символды алуымыз, оның кең мағынасында таңбалық бірлікте берілуінде. Себебі, символ әдебиетте де, тілде де бір қиылыста тоғысады. Бұлай дейтініміз, А. Байтұрсынов пен Қ. Жұмалиевтің пікірлерінің сәйкес келуінде. Екі ғалым да символдың өрісі кең (А. Байтұрсынов – ұлғайған, Қ. Жұмалиев – кеңейтілген) екенін айтады. Бұлай дейтініміз, символдың өрістік белдеуінде метафора да, теңеу де, аллегория да, метономия да, бір сөзбен айтқанда, тілдік бейнелеуіштік құралдары сыйып кетеді. Осы ретте символдың өзіне тән ерекшеліктерін санамалап кетсек:

- сөз символ болу үшін көркем мәтінде орын алады;
- символда көркем-образды тұлғаның болуы;
- символ нақты элемент болғанмен, нысаны – абстрактілі;
- уәжділігі.

Жаңа ғылыми парадигманың және оның антропоцентристік бағыттың дамуымен мәтіннің қарым-қатынас қалпы ретінде ғана емес, мәдениет бірлігі ретінде тануға деген қызығушылық арта түсті. Д.С. Лихачев өзінің филология туралы ой-пікірлері мен тұжырымдарында: «Білім мен шығармашылық сөз арқылы көрініс береді және сөз арқылы мәдениет туындайды», – дейді [5]. Мәдениет феномені ретінде мәтін, ең алдымен, әдебиеттануда қарастырылды. В.Е. Хализев мәтінді «уақыттың шеңберінен тыс әрі пайда болған жеріне тәуелсіз «жұмыс істеуге» арналған және қабілетті сәйкес сөйлеу әрекеті. Сондықтан ол – тыңғылықты ойланып, өңделіп жасалған дүние» деп есептейді. Бұл – сөйлеу-ойлау тәжірибесінің өте маңызды түйіскен орны, былайша айтқанда, бір замандары қалыптасқан ойдың көрініс беруі [6]. Ғалым мәтінді анықтау критерийлерін мәдениеттің құбылысы деп таниды: жарыққа шығу, «мәдениеттер құрамында ұлы миссияны атқару қабілеті», «сөйлеуге қатысты», «тұрақтылық,

өзіне тең келу» [6, б. 246]. Мәдениеттің құбылысы ретінде мәтін Ю.М. Лотман ұсынған лингвистика мен әдебиеттану түйсігіндегі семиотика тұрғысынан сараланған. Ғалым мәтінді «жаңа мағыналар генераторы ғана емес, мәдени жадының конденсаторы» деп атайды [7, б. 162].

Қазақ тіл білімінде де бұл мәселеге қатысты қазақ тіл білімінің негізін салушылар А. Байтұрсынов пен Қ. Жұбанов еңбектерінен мәтін туралы алғашқы ойларды кездестіреміз. Бұл жайлы қазірде қазақ тіл білімінде Б. Шалабай өз пікірлерін былайша білдіруде: «Біздің ойымызша, ғалым А. Байтұрсынұлы мәтінді «шығарма сөз» деп атап, сөйлеудің бірлігіне жатқызады. А. Байтұрсынұлы шығарманың тақырыптан, ал мәтін (шығарма) мазмұнының үш мүшеден, яғни аңдату, мазмұндау, қорытындыдан тұратынын көрсетеді. Сондай-ақ мәтіннің қатысымдық қызмет тудыруға негіз болатынын, айтушының ойының өзге үшін бағытталатынын алғашқылардың бірі болып айтты» [90]. Көркем мәтінді мәдениет бірлігі ретінде зерттеу мәселесі туралы ойлана келе, қазіргі заманғы зерттеуші Н.С. Болотнова мәтін мен мәдениетті біріктіріп, мәтінді мәдениеттің бірлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін ерекшеліктерді атайды: «*антропоцентристік* («адам – мәдениеттің жасаушысы және оның басты жасаған дүниесі»)», *диалогтық сипат* (мәдениеттер диалогы туралы қазіргі таңда көп айтып та, жазып та жүр (М.М. Бахтин*), әрекеттік мағына* (мәдениетті әлемге деген әрекеттік реакция ретінде қарастырылады (В.А. Маслова), мұнда мәтін де алғашқы коммуникативті әрекет нәтижесі мен екіншілік коммуникативті әрекеттің объектісі болып табылады (Е.В. Сидоров), *таңбалылық* (мәтін де, мәдениет те әлеуметтік маңызды ақпаратты сақтауға қабілетті семиотикалық жүйелер), *символикалық* (Ю.М.Лотман мәдениетті «символикалық әлем» деп санайды, мәтін, әсіресе көркем мәтіннің символикалық сипаты бар, символика өмір сүру тәртібі мен мәдениеттің жалпылама формасы болып табылады (Л.В. Лебедева), *функционалды жалпылық* (мәдениет функцияларына ғалымдар ақпараттық, бейімді, коммуникативті, регулятивті, нормативті, бағалаушылық, интегративті, әлеуметтендіру т.б. функцияларды атқарады (В.А. Маслова, Е.В. Сидоров), *нормативтілік* (мәдениет – «адамдардың өмірін белгілейтін нормалар мен ережелер жиынтығы, өмір сүру бағдарламасы» (В.Н. Сагатовский), мәтін әртүрлі нормаларды ескере отырып құрылады: тілдік, мәтіндік, коммуникативті-прагматикалық (Е.Е. Анисимова) және т.б.) деп белгілейді. Ал кей ғалымдар мәдени мәтіннің категориалды жалпылық белгілері бірбүтін, оның жеке тұлғалық ерекшелігі, жалпы идеясы мен стилі бар, байланыстылық пен толыққандылықпен, идеялармен (концептуалдылықпен) сипатталады; стилистикалық маркерлігі (функционалды-стилистикалық реңкі мен жеке тұлғалық-стилистикалық ерекшелігі бар [3] дегенді көрсетеді. Біз мәтінді не үшін айттық, себебі көркем мәтіннен алынатын обьектілердің қосымша мағынасын табу басты мәселе болмақ. Ал метатілдегі коннотацияны айқындай ана тіліміздің өркендеуі мен жаңа мағынада тіл бірліктерінің зерттелуіне алып келеді.

**Әдебиеттер**

1 Смағұлова Г. Көркем мәтін лингвистикасы. – Алматы: Триумф «Т», 2007. – 152 б.

2 Қасым Б. Қазіргі қазақ тілінің теориялық және қолданбалы аспектісі. – Алматы: ЖК Волкова А.В., 2010. – 371 б.

3 Болотнова Н.С. Художественный текст как единица культуры и про-блема его изучения // Культурологический подход: его реализация в школьном и вузовском курсах русского языка. Доклады и тезисы докладов участников Всероссийской научно-практической конференции, посвященной 100-летию со дня рождения академика А.В. Текучева. – М.: МПГУ, 2003. – С. 57-64.

4 «Махамбет» энциклопедиясы – Алматы: Өлке, 2004. – 610 б.

5 Лихачев Д.С. О филологии. – М.: Высшая школа, 1989. – 206 с.

6 Хализев В.Е. Теория литературы. – 3-е изд., испр. и доп. – М., 2002. – 437 с.

7 Лотман Ю.М. Семиосфера. – М.: СПб., 2000. – 704 с.

**ӘӨЖ**

# ШЕШЕНДІК ӨНЕР ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

**Тулегенова З – студент**
**Сейт Ж.-студент**
**Төлегенова Н -студент**
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет, Шымкент

*Резюме*

*В статье рассматриваются исследования и концепции ораторского искусства. Ораторское искусство-это не сегодня появивший жанр. Об этой искусстве изучается с 19 века.*

*Summary*

*The article discusses the research and concepts of public speaking. Oratory is not a genre that has manifested itself today. This art has been studied since the 19th century.*

Шешендіктің шығу тегі, қазақ әдебиетінің қазынасы, XIX ғасырдан бері зерттелген, талқыланған және талданған нәрсеге дейін азаяды деп айтуға болмайды. Елдегі ғибадат ету өнерінің іргелі тарихы соншалықты терең, біздің бишілеріміздің сөз тасымалдаушыларына айналған дана ойлары мен әділ шешімдері осы уақытқа дейін өз мағынасын жоғалтты, олардың кейбіреулері оқулықтар мен құнды еңбектерде жарияланды, қазақ антологияларына енгізілді және мыңдаған ғылыми басылымдарда жарияланды. зерттеу жұмыстары. Дегенмен, біздің ұлттық шешендеріміздің сөйлеген сөздерінде шешендік өнері біздің әдебиетімізбен біркелкі араласып, барлық алтынды жинап, жинақтайды деп айтуға болмайды. Ұзақ уақыт бойы қанша сөз пайда болды, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, қағазға басылған, бірақ басылған беттерде ауызша сөйлеуге жетті!

Егер сіз халықтың тарихына көз жүгіртсеңіз, онда адамдар өткір тілді шешендер болса да, көш бастаушының орақ тәрізді және шешен болғанын көресіз. Себебі, жалпы мемлекеттің әдеттегі шешендігі-бұл қасиетті адамға деген құрмет. Қазақ ауызша әдебиетінде шешендік хандар мен би-сұлтандардың, батырлардың, ақын-жазушылардың өткір тілдері мен ауызша шешендігінің арқасында қалыптасты. Қазақ халқы-бұл сөз туралы көп білетін, бірақ ол туралы білмейтін адамдар. Біздің арамызда әлі де шешендер бар, олар халық арасында мұнай сөздерін қолданады және жүйелі өрнектер арқылы әділ шешім қабылдайды.

Қазақ даласында орақ ауызды көптеген бишілер, ақындар мен жазушылар бар. Өйткені біздің еліміз - әлемді құрудан бастап тілге дейін бәрі сөйлейтін ел. Тарихи оқиғаларға дәлел ретінде Жер даулары, құндылықтар туралы даулар, жесірлер туралы даулар, балалар туралы даулар, билік туралы даулар, ажырасқан ер адамдар туралы даулар, батырлар біздің вице-спикер қанға малынған шешендіктің ауыртпалығын өз мойнына алып, елді жергілікті жерлерде, Ұрпақтармен, жесірлермен, жетімдер, қорғандар олар ауылдық жерлерде баспана табады.

"Асыл сөздің асыл қасиеттері туғаннан бастап беріледі. Бұл кішкентай баланың еліктегіш екендігі туралы аян. Оның ақыл-ой қабілеті мен сөйлеу қабілетінің айқын белгілері қоршаған дыбыстардың қайталануына негізделген. Ол бәрін естиді және бәрін қайталайды. Ол естіген дыбысты сол күйінде айтады (әдептілік, айтылу ерекшеліктері). Бұл қазақ халқының адами қасиеттер "ана сүтінен" басқа ештеңе емес деп айтуының құпиясы. Бұл табиғи және рухани тамақтану. Бесік жыры кішкентай балалардың рухани шындығына сәйкес келу үшін туындаған. Келісім мен мағына бір-бірімен байланысты. Сонымен бірге, Ғұмар Қараштың тұжырымдамасы баланың ана тілінің музыкасын құрсағында еститінін және туылғаннан кейін дамитынын білдіреді.

Қазіргі уақытта би-шешендер қоғамы, тіпті егемендік алғаннан кейін де жойылғанына қарамастан, өткеннің патшалық отаршылдық саясатынан зардап шеккендер, ауылдың ауызша ақсақалдарының сөздері, бұл біздің би-спикерлеріміз үшін әлі де рөл бар екенін көрсетуі мүмкін. қазақ тілін тыңдайтын ұрпақ тіл, өсіп келеді. Қазақ әдебиетінің оқулықтарында, әдебиеттануда, әдебиеттанушы С.Негимовтың "Шешендік өнер" атты үлкен еңбегі осы шешендік өнерді, Би-шешендік өнерді зерттеді, терең талдады. Бұл таңқаларлық емес, өйткені ол қазақтың би-шешендерінің тамыры қайдан шыққандығы туралы ауқымды ғылыми зерттеуде байыпты талданған, талқыланған және баяндалған.

Ғалым С.Негимов былай дейді: «Халықтың рухани-мәдени өміріндегі ең бір аяулы, ең бір ардақты өнердің бірі– шешендік өнер. Осынау қасиетті өнердің туын асқақтата желбіреткен көсем ойлы, тапқыр тілді, сұңқар үнді ділмар шешен-билер қазақ сахарасында демократияның жандануына, темірдей берік тәртіптің, имандылықтың ізгіліктің қанат жаюына әсер етті. Толқынды топтың алдында аса

еркін, аса мәнерлі, құйқылжыта (А.Байтұрсыновтың тұжырымдауынша, сөздің ауызша айтылуы) айтылған парасатты, кесімді, шешен сөз халық санасында өшпес өнеге, қасиетті кие ретінде қабылданып, ұлттық сөз өнерінің айдынына құйылған нағыз кәусар бұлақ болды. Ұлтының ұлы мұраттары мен ұлылығы, ірілігі мен бірлігі, саналылығы мен пәктігі, есендігі мен еркіндігі, намысы мен ынтымағы үшін, тәуелсіздігін қорғау, тұтастығын сақтау, қорғаныс қабілетін күшейту жолында күш-қуатын, білім-білігін сарқа пайдаланған, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеген сол бір заманның жарықырап туған жарық жұлдыздары, мемлекет мәмлегерлері Үйсін Төле бидің, Қаздауысты Қазыбек бидің, айыр тілді Алшын Әйтеке бидің таспадай өріліп, кестедей төгілген тұрлаулы тұжырымды билік кесімдері, үлбіреген нәзік сезіммен, жан толқытарлық ғажайып құлшыныспен, терең тебіреніспен айтылған айшықты да асыл ойлары аспандай көнермейді, көктемдей қартаймайды» [1, 39 б.].

Шешендіктің күші-тыңдаушының есту қабілетін толтыратын, оны баурап алатын, ой-өрісін, ойлауын кеңейтетін және тыңдаушының түсінігін тереңдететін қасиетті өнер. Шешендіктің өзі біз білетін әдебиетте ерекше маңызға ие және бірнеше түрлерге бөлінеді. Ол қоғамдық-саяси, академиялық, қоғамдық және күнделікті өмірді қамтиды және ондағы кешенді қызметті жүзеге асырады. Сол кездегі шешендікті насихаттаған шешендерімізді елдің аузынан естуге болады, бір сөзбен айтқанда,  терең ойлау, терең интеллект, көрегендік, көшбасшылық үлгісін көрсетті.  Мәселен: «Үздік туған шешеннің ең негізгі құралы – сөз. Сөзін тыңдаушының жүрегін толқытып, бойын балқытып, көңіліне ұялатудың өзі асқан өнерпаздықты, дарын-қабілетті қалайды. Шешендік туралы Бөлтірік  былай толғапты:

«Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе жоқ. Сөзіңді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылыңды, сөзіңді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт. Не сөйлейтініңді біл. Кімге сөйлейтініңді біл. Қай жерде сөйлейтініңді біл. Қай кезде сөйлейтініңді біл. Қалай сөйлейтініңді біл» деген екен. Тұрлаулы тұжырым.

Сонымен қатар, белгілі ғалым, әдебиеттанушы Қ.Бейсенов «Қазақ билерінің ойханасы» аталатын кең көлемді еңбегінде қазақ тарихынан нәр алған билердің сөз шеберлігі мен сыншылдық өнерлерін байыптап талдап, кітап етіп жарық көргізді. Шешендік өнер туралы еңбек жазып, ой-толғаған ғалымдардың бірі У.Қалижан: «XIX ғасырдың соңғы жартысы мен XX ғасырдың басында Қазақстан дамудың жаңа сатысына ене бастады. Ол капитализм элементтері еді, бұл сонымен бірге елге жаңаша леп әкелді. Ол-оянушылық, ғылым-білімге ұмтылушылық еді. Одан ел ішінде оқыған, азды-көпті қоғам өміріне араласқан қазақтың өз ағартушылары пайда болды. Халықты ағартуды мақсат еткен ақын-жазушылардың қатары көбейді. Сөйтіп, қазақтың жазба әдебиетін одан әрі дамыта түскен ағартушылар қатары өсті. Бұл дәуірде ақын-жазушылардың бірқатары едәуір білім алған, көзқарасы қалыптасқан, ел қамын жейтін қайраткер дәрежесіне дейін көтерілген еді» [2, 248 б.].

Сондай-ақ, шешендіктің дамуы қазақтардың қалыптасуымен және ұлттардың қалыптасуымен қатар жүретіні белгілі. Афористика-болашақ ұрпақ өз құндылығын жоғалтпай қайта туып, мұра ете алатын шешендік өнер. Шығыс зерттеушілері, әсіресе отаршылдық кезеңге дейін қазақ жерін зерттеген саяхатшылар қазақтардың сөйлеу қабілеті, шешендігі және сөздердің күші туралы жазды. Әдетте, г. Потанин, в. Радлов, Қазақ ойшылдары Шоқан мен Абрахам шешендікті аса зерттемеген және талдамаған. Тек жұмыс барысында интеллект олардың байқағанын және таң қалғанын жазды. Алғаш рет ұлттық қайраткер Сәкен Сейфуллин қазақ капелласы туралы өз пікірін білдірді. 1930 жылы шешен би тілінің бірнеше нұсқалары "Қазақ адебиет" кітабында жарық көрді, оның орны әдебиетте, шешімнің ерекшеліктері мен алғышарттарында көрсетілген.

Қазақ халқында ата-бабадан келе жатқан дәстүрді, салт-жоралғыны, қағаз бетіне түспеген дала заңдарын, бітпейтін дауларды шешуде әділ шешімін шығарып, дұрыс жөн сілтеп, бағыт беріп отыратын әрбір рудағы билердің даналығын көріп, соған тәнті болған қазақтың аққан жұлдызы Шоқан Уәлиханов: «Мұсылман, қытай және орыстың ақиқат заңына қарағанда қазақтың әдетті правосының адамгершілік жағы басымдау. Қазақ заңында европалық жаңа кодексте сіресіп тұрған: ескертетін, сескендіретін шаралар жоқ. Қазақта тән жазасы ешқашан болған емес. Ру заңы бойынша, туыстардың бірінің ісіне бірі жауап беретін руластық жағдайы ру қатынасында іс жүзінде көп пайда келтіріп отыр... Өзіне етене таныс, сонымен тәрбиеленіп, өсіп-өнген Заң ғана халық үшін жайлы болмақ...» [3, 156 б.] -деп жазады.

Сәкен Сейфуллиннен кейін көпшілік алдында өнер көрсетуді үйренген Амина Мәметова өзінің докторлық диссертациясында қазақ биін үйренгені сөзсіз. Жалпы, екі зерттеуші де көпшілік алдында сөйлеуді зерттеу кезінде кейбір пікірлер мен сындар айтты. Сәкен Сейфуллин шешендер билеуші таптың өкілдерін ұстанады деп санайды және олардың пікірінше, олар халық үшін әділ шешім қабылдауға тырысады, ал Амина Мәметова шешендерді адамдар деп санайды, екі зерттеуші де біржақты талдаумен келіспейді.

Балтабай Адамбаевтан кейін Серік Негимов өзінің нұсқасында көпшілік алдында сөйлеу бойынша зерттеу жұмыстарын жариялай бастады. Зерттеу барысында шешендік тілдің анықтамасы, шығу тарихы, түрлері, тұқымдары, әдеби және көркемдік талдауы талданды. Сондай-ақ, шешендік сөздердің ерекшеліктері талданып*шешендік атау, шешендік дау, шешендік толғау*деп түр жағынан бөлінсе, *термелі сөз, аталы сөз, пернелі сөз*деп құрылысына қарай қарастырылды.

«Шешендік сөздердің уытты, лепті, әсерлі, қанды қайнатып, жүрек тулатып, естен айырып, ерікті алып кететін күшті, көрнекті, сәнді, мәнді сөздер екендігін айта келіп, А.Байтұрсынұлы шешен сөздің бес түрін атап көрсетеді:

- шешендердің жиынды аузына қаратып, нандырып, сендіріп, мемлекетісіне қарар шығару мақсатымен сөйлегендері *саясат шешен сөзі* деп аталады;

- шешендер сотта айыпкер адамдарды ақтау, иә қаралау мақсатымен сөйлегенде сот билігіне әсер ету үшін айтқан сөздері *билік шешен сөздері* деп аталады;
- біреудің халық алдында еткен еңбегін, өткізген қызметін айтып, қошеметтеп сөйлеген шешеннің сөзі *қошемет шешен сөзі* деп аталады;
- білімділердің, ғалымдардың мазмұнды сөйлеген сөздері *білімдар шешен сөз* деп аталады;
- дін жайынан сөйлеген ғұламалар сөзі, молдалар сөзі *уағыз* деп аталалады

Қазақ халқы шешендік өнерді, оны иеленуші адамды ерекше құрмет тұтқан. Шешендіктің арнайы мектебі дегенді білмеген қазақ даласында «би» мен «шешен» атанудың жазылмаған өзіндік қағидалары мен ережелері болған. Мәселен, «Би-шешен» дегендегі «би» сөзінің өзінің беретін мәні, атқаратын қызметі ерекше болған» [4, 23-24 б.].

Қазақ әдебиетінде шешендік өнер мен мақал-мәтелдермен тығыз байланысты жанрлардың бірі. Танымал шешендер қанатты ойларды, мақал-мәтелдерді, белгілі бір мағынада пайдалы тәжірибені көрсетеді. Сондықтан көптеген жанр зерттеушілері мақал-мәтелдерді параллель қойып талдайды.

Шығыстанушылар мен саяхатшылардың пікірінше, шешендік-қазақтардың қанымен, тілімен және мәдениетімен қаныққан сөйлеуші ретінде бағаланатын қасиет. "Бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ" деген сөздермен біз қазақтардың тіл өнерін бағаладық және Батыр көшбасшылар басқаратын ел басшыларының тілі мен диалектісінде қалай сөйлеу керектігін білдік. Адамдар.

Асан қайғы, Бұқар жырау, Абай, Махамбет сияқты ойшылдардың өлеңдерінде пайдалы ойлар мен шешендікті табу қиын емес. Қазақ елі Бұхар жыраудың дана ойлауымен, Асан қайғының көрегендік туралы ойларымен, Абайдың сөздерімен және ағартушылық тарихымен құрылды. Осы жайында ұлт ойшылдары былай дейді: «Алты алаштың ардақтысы Әлихан Бөкейханов: «20 жасқа жеткенде Абай от тілді шешен, халық өмірі мен әдет-салтын, қазақ даласындағы атақты билердің әр істі шешкендегі төреліктерін жақсы білетін ділмар атанды... Абай өзінің қабілеті мен білімінің арқасында қазақтардың билік тартысында басты тізгін ұстаушы болды» – деп жазады.

Жердің құнын, ердің құнын бір ауыз сөзбен айта білген от ауызды, орақ тілді, күміс көмей шешендердің нақыл сөздері мен шешендік сөздері, ой орамдары, жүйелі ойлары әлі де болса тіл құдіретін, сөз қасиетін түсіне білетін, құрмет тұтатын әрбір пендеге қажет болар бағалы құдіреттің иесі. Шешендік сөздерді оқығанда бұлақ көзіміз ашылғандай, көкірек көзіміз ашылып, «тұщы құдықтан су ішкендей» азық жинайтынымыз жасырын емес.

**Әдебиеттер**

1. Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 208 б.
2. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002.

3. Уәлиханов Ш. Шығармалар. Бес томдық. – Алматы: КСЭ, 1985. 5 том
4. Смағұлова Г.Н., Күркебаев К.Қ., Жұмағұлова Ә.М. Шешендік сөздердің дискурсы. – Алматы, 2012.

**ӘӨЖ**

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЭССЕ, КҮНДЕЛІК, ЕСТЕЛІК ТҮРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАР

**Жуматаева.Г. Нысанбаева.М.** – Шымкент қ., ОҚМПУ, 4 курс студенттері
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., аға оқытушысы **Сапарбаева Қ.Ж.**

***Резюме***

*Статья написана с целью анализа художественных произведений казахской литературы в виде эссе и дневника*

***Summary***

*The article is written for the purpose of analyzing the artistic works of Kazakh literature in the form of an essay and a diary*

Қазақ әдебиетіндегі эссе жанрының табиғаты сыршыл сезімге, интелектуалды байлыққа, тапқыр ойларға толы.Эссе арқылы жазушы өзінің тәжірибесіне сүйене отырып, ұсыныстары мен болжамдарын жасайды.

Қазақ әдебиетіндегі эссе дамыған, кемеліне жеткен жанр.Қазақ жазушыларының көбі эссе жанрында ой қозғап, естелік жазып осы жанрдың өсіп-өнуіне, қарыштап дамуына өз үлестерін қосып келеді.Қазақ әдебиетінде эссе жанры кешеуілдеп дамығаны анық.Дейтұрғанмен эссенің қазіргі таңда басқа жанрлар арасында өзіндік айырықша орны бар.

Эссенің көлемі кішкентай көрінгенімен, ойы терең, оқырманды жалықтырмайтын өміршең бірден-бір жанр.Қазақ әдебиетінде эссе жанрында қалам тартқан жазушылар мен әдебиеттанушы ғалымдарымыз мол.Атап айтар болсақ, М.Әлімбаев, Қ.Ергөбек, Ә.Ысқақ, М.Байғұт сынды т.б қаламгерлер эссе жанрының қарыштап дамуына үлес қосты.М.Әлімбаевтың «Абайды қайталап оқығанда» эссесі, Қ.Ергөбектің «Парасат поэзиясы», Ә.Ысқақтың «Әкеге хаты», Мархабат Байғұттың «Ақтолағай» эсселері осы жанрдың қазақ әдебиетінде белең алғандығын айқындайды.Қазіргі таңда эссе әдеби жанр ретінде қалыптасып өзінің ғұмырлық жанр екендігін байқатып отыр.«Эссенің өміршеңдік танытуы оның көркем әдебиет пен ғылымның жақсы қасиеттерін юойына сіңіріп, оқырман ойын қозғай білуіне байланысты болуы керек»[1, 230б.]

Сыншы Қ.Ергөбек эссені талдап-таразылай отырып, тұжырым жасайды.Сол тұжырымға тоқталсақ, «Эссе-әр әдеббиетте бар қай-қай жанрмен де еншілес, будан жанр.Эссе-тәжірибе жиынтығы мен ой сығындысы.Эссе-көңілдің лирикалық бір сәтін пернелеуден ғаламдық ойлар, толғантқан проблемалар хақында ой маздатуға ерік береді»[2, 70б.]

Қазіргі таңда қазақ әдебиеті әлемінде туындап жатқан эсселер, сан түрлі сипатта көрініс тауып жүр.Көркем әдеби сипатта жазылған эсселерде түрлі көркем суреттеулер, толғаныстар мен талдаулар басым.

Қаламгерлер мен ғалымдардың, қоғам қайраткерлері мен саяхатшылардың күнделік жазу үрдісі әдебиетте бұрыннан бар.Күнделікте өмірлік тәжірибе, сан түрлі ой-сезімдер, қызықты оқиғалар мен алған әсерлер баяндалады.Шынайылықтың, деректіліктің басым болуы күнделікке тән негізгі қасиет.Әдебиеттанушы ғалым Казнова.Н.Н. естелік пен күнделіктің айырмашылығын ашып көрсетті.«Күнделік автодың бүгінгі күнімен байланысты.Ал, естелік өткен күнді еске түсіру арқылы жазылады.Яғни, естелікке қарағанда күнделікте нақтылық, шынайылық басым.Сонымен бірге автордың ішкі көңіл-күйі анық көрінеді.Күнделіктің естелікке қарағанда ерекшелігі де осында»[3, 137-143.б.].Байқап отырғанымыздай, күнделікте қаламгерлердің ішкі сезімдері мен көңіл-күйлері баяндалып, оқырманға сыр шертеді.Осы орайда әдеби үдерісте ақындық талантымен танылған, Мұзбалақ ақиық ақын М.Мақатаевты атап айтсақ болады.Ақын тек өлең поэмаларға ғана қалам тартып қойған жоқ, сондай-ақ прозаға да қалам тербеді.Мәселен, ақынның 1991 жылы шыққан «Күнделік» атты еңбегі оқырман қауымына, ақын шығармашылығын тануда, септескен шоқтығы биік шығарма болып танылды.

Қаламгер күнделік жазуда өзінің ішкі толғаныстарын, ешкімге айтпас көңіл-күй сырын ақ парақ бетіне түсіреді.Бұдан күнделік-жазбаның ішкі монологпен табиғаты жақын екендігін байқаймыз.Қаламгер өзінің эмоциясын, көңіл-күйін байқатып әртүрлі көркемдік құралдарды пайдаланатынын ескерсек, күнделік пен көркемдік құралдың жақындығы айқындала түседі.

Күнделік кез келген ғасыр оқырманы үшін мәңгі жаңа, өзекті, айтары мол ақиқаты анық, аса тартымды сөздер.

**Әдебиеттер:**

1.Ысқақұлы Д. Сын жанрлары (Оқу құралы ).Алматы, «Санат», 1999, 321 б.
2.Ергөбеков Қ. Баянғұмыр.Алматы: Жазушы, 1991, 232 б.
3.Казнова Н.Н. Днивники, письма, мемуары: к вапросу о взаимодействии жанров.Вестник Московского государственного обласного университета.Серия «Русская филология» -М.,2009. -№1, - 5.137-143.

**ӘӨЖ**

## ҮШ ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Кабылбаева Роза Пайзуллаевна**
«Өрлеу» БАҰО» АҚ «Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институты» филиалы
**Жораева Муниса Илясовна**

Шымкент қаласы, «№109 жалпы орта білім беретін мектебінің ағылшын тілі мұғалімі

*Резюме*
*В статье рассматривается ключевые проблемы трёхъязычного образования*
*Summary*
*The article deals with the key problems of trilingual education*

«Мұғалім – мәңгі нұрдың қызметшісі. Ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі. Оларға тамаша қызмет тапсырылған, күн астында одан жоғары ешнәрсе болмақ емес» – деген екен дей келе мен бүгінде үш тілді оқыту жүйесіне қатысты мұғалімдердің ой пікірлерін білу мақсатында «Үш тілді білім үмітімізді ақтай ма?» тақырыбында пікір талас жүргізгім келіп отыр.
Қазіргі таңда қоғамның ойы екіге бөлінгені рас бірақ осы үш тілді білім балаларға не берет және болашақта пайдасы бар ма?.

Біреулер аталған бастама мемлекеттік тілдің қолдану аясын қысқартып, онсыз да ақсап тұрған қазақ тілі мәселесін өршіте түседі деп дабыл қағуда. Үш тілді оқыту жүйесін қолдайтындардың да сөзін жоққа шығара алмаймыз. Себебі ондай жүйе болашақ ұрпақ үшін ғылым-білім саласы былай тұрсын, жалпы өмірде көптеген мүмкіндіктерге жол ашады. Біз біржақты ұстанымға бой алдырмай, осы саладағы әлемдік тәжірибені зерделеп, оның бізге қаншалықты пайдалы екенін білу.

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда білім ордасы – мектеп, ал мектептің жаны – мұғалімдердің басты міндеті - өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу. Осы орайда «Жеті түрлі білім біл, жеті жұрттың тілін біл!» деген аталы сөзді негізге алып, қазіргі таңда басты мәселеге айналған үш тілділікті де өз тәжірибемізде қолдану, бала болашағына жақсы жол салары сөзсіз.

Үштілділікті оқыту барысында мнемотехникалық әдісі балалардың сөз материалын есте сақтауда қалдыру үшін қолайлы. Сонымен қатар дыбыстық және көру қабілеттері де дамиды. Есте сақтаумен жұмыс әдістерін қалыптастырады. Сөйлейтін суреттер, сипаттау сызбалары қызығушылық тудырады және проблеманы шешуге көмектеседі. Мнемотехникалық әдістің міндеті: шет тіліне тән дыбыстардың дұрыс айтылуын жаттықтыруы, сөз қорының байытуы, белсенуі мен бекітуі, сөйлеудің грамматикалық дұрыстығын жүзеге асыруы және тілдің дамуы. Заман талабына сай мнемотехникада ақпараттық технологияны тәжірибеге енгізу негізінде «бейнекөрсетілім» әдісі, интерактивті – мультимедиялық әдістерді қолданудың

пайдасы зор. Интерактивтік жаттығулар-балаларға жаттағуларды дұрыс жасауға және өзін-өзі тексеруге қажетті құрал.

**Халықаралық тәжірибе нені көрсетті?**

Әлем бойынша 1,5 миллиард адам ағылшын тілінде сөйлейді. Еуропалық одаққа кіретін 28 елдің ішінде 17-сі шет тілдерін балабақшадан бастап оқытады. Сол сияқты Экономикалық ынтымақтастық ұйымына кіретін мемлекеттердің (олардың ішінде Еуроодақ елдері де бар – авт.) жартысы ағылшын тілін бастауыш мектептің бағдарламасына енгізген. Басқалары 6-7 сыныптан бастап оқыта бастайды. Соның арқасында еуропалықтардың 54 пайызы кем дегенде бір шет тілін біледі, 25 пайызы екі шет тілін білсе, 10 пайызы үш тілде сайрап жүр.

«Education First» атты ағылшын тілін білу деңгейін анықтайтын халықаралық рейтингте Эстония мен Польша сияқты мемлекеттер оқ бойы озық келеді. Қазақстан болса, 63 елдің ішінде 54-ші орында тұр. Ал «English First» деген рейтингтік агенттіктің хабарлауынша, ағылшын тілін білетін халықтың кіріс көзі өсіп, жұмыссыз жастардың саны аз болады. Адам капиталы жоғары. Сондай-ақ бұл мемлекетте бизнес-климат жақсы, яғни кәсіпкерлік жүргізуге қолайлы болады.

**Бізге ол жүйе не береді?**

Бүгінде отандық мектептерде ағылшын тілін оқыту соңғы сыныптарда басталады. Мамандардың айтуынша, бұл тым кеш. Соның салдарынан өзге пәндерді ағылшын тілінде оқыту мүмкін болмай жатыр. Ал төрт бірдей сабақты ағылшын тілінде беру үшін оны меңгеруді бірінші сыныптардан бастау қажет. Осы мәселе бастауыш мектептің жаңа бағдарламасына енгізілді. Енді, 2-сынып оқушылары ағылшын тілін 102 сағат (бұрын 34-ақ сағат болған) бойы үйренеді. Осыны іске асыру үшін мұғалімдерді ғаламтор арқылы ағылшын тіліне жаппай оқыту қолға алынбақ. Дегенмен, ағылшын тілін білетін педагогтарды даярлау жұмысына негізгі басымдық берілмек.

Бүгінде әлем бойынша ағылшын тілінде таралатын ақпараттың көлемі неміс, испан, қытай, тіпті басқа тілдерді қосып алсақ та, басым болып тұр. Ғылым-білім саласындағы соңғы жаңалықтар осы тілде жазылады. Ағылшын тілін білетін адамдар оны бірден оқып-біліп жатады. Кітаптарды аударып, оған қыруар қаржы жұмсаудың қажеті жоқ.

Қазақстанның білім және ғылым министрлігі оқыту жүйесін жеңілдету үшін терминологиясы латын тілінде келетін пәндерден бастауды ұсынып отыр. Ол жағынан биология мен информатиканы алған жөн.

Мамандар не дейді?

Бүгінде халықаралық қатынас тілі болып саналатын ағылшын тілін білу аса қажет. Қазақстандық оқушылардың ағылшын тілін білмеуі IT-технологиялар, робот жасау, биомедицина, кибернетика және тағы басқа салалардың соңғы жаңалықтарын оқып-білуге қолбайлау болып отыр. Үш тілді оқыту жүйесі мемлекеттік тілді еш шектеп жатқан жоқ. Қайта қазақ тілді оқушылар орыс тілін

оқыса, орыстілділер қазақ тілін меңгере бастайды. Сөйтіп, ақпараттық алмасу, одан кейін әлеуметтік араласу процессі басталады.

Жаңыл Жонтаева, білім және ғылым министрлігі ақпараттық технологиялар, орта және мектепке дейінгі білім беру департаментінің директоры:

– Бүгінде ата-аналардың көбісі өз балаларын қосымша курстарға беріп жатады. Соның ішінде ағылшын тіліне беретіндер баршылық. Дегенмен, қаржы мәселесіне байланысты ондай курстарға бара алмай жүргендер де бар. Ал үштілді оқыту жүйесін енгізу арқылы біз бәріне бірдей жағдай жасаймыз. Балалар ағылшын тілін тегін оқиды. Меніңше, өз балаңның Қазақстанда ғана емес, шет елде де бәсекеге қабілетті бола алатындығын білсең, еш алаңдамайсың. Олардың жұмысы жақсы, табысы мол болатынына сенімді боласың. Жалпы, қазақ халқы тілге бейім келеді ғой. Міне, сол қасиетті тиімді пайдалана білу керек.

**Жаңа жүйе халықты біріктіре ала ма?**

Жақында этносаралық қатынастар және этносаясат саласындағы ғылыми зерттеулерге арналған семинарда Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Ералы Тоғжанов өзге ұлттар тығыз қоныстанған жерлерде қосымша төртінші тіл оқытылады деп мәлімдеген. «Мәселен, ұйғырлар оқитын мектепте төртінші тіл – ұйғыр тілі, өзбек мектептерінде өзбек тілі болады», – деді Е.Тоғжанов. Оның сөзіне қарағанда, саяси тұрғыда бұл мәселе шешілсе де, кәсіби, яғни ондай мектептерді қажетті мамандармен қамтамасыз ету жұмысын жетілдіре түсу керек. «Бұрын бізде өзге ұлттар тұратын жердегі жағдай неге ушығып тұрды? Себебі таза ұйғыр немесе таза өзбек мектептері болды. Ол жерде басқа ұлт өкілдері болған жоқ. Соның нәтижесінде халықтың санасы бір тіл, бір мәдениеттің аясында ғана қалыптасып келді. Қазір біз ол мәселені шештік. Көптеген мектептерде бірнеше тілде оқыту жүйесі енгізілді. Оған кез келген ұлттың өкілі келіп, білім ала алады. Әрине, сол жерлерде, әсіресе, кейбір аймақтарда проблемалар болады. Осыны ескеру керек. Соның шешу жолдарын дер кезінде таба білу қажет», – деп атап көрсетті Ассамблеясы төрағасының орынбасары.

Сонымен, халықаралық тәжірибеге сүйенсек, Еуропа елдерінің жартысынан көбі балаларға ағылшын тілін ерте оқытады екен. Польша мен Эстония ағылшын тілін білу жағынан оқ бойы озық тұр. Соның арқасында ғылым-білім саласындағы соңғы жаңалықтарды бірінші болып біліп жатады. Алайда біз оларды техника мен технологияда озық деп айта алмаймыз. Сонда «Жапония, Оңтүстік Корея, Германия қайда?.. «Олар өздері тапқан ғылыми жаңалықтарды алдымен туған тілінде жазатын шығар. Ал басқалар оны жалпыға ортақ ағылшын тіліне аударғанша, авторлық құқығын алып, өз жерінде іс жүзінде қолға алып үлгереді» деген ой еріксіз санаға оралады. Сондықтан болашақта Қазақстан да өз жетістіктерін алдымен өз тілінде жазады деген үміт бар. Жаңа жүйенің тағы бір жағымды жағы – ұлт біріктіруші фактор дейміз. Шынымен де, еліміздегі ұлттар бір-бірінің тілін жүйелі түрде үйренсе, олардың мәдени-рухани жағынан

жақындай түсетінін жоққа шығара алмаймыз. Бастысы, қазақ халқының мемлекет құраушы ұлт екенін естен шығармасақ болғаны.

**Қорытынды сөз:** Көп тілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірбиесін жинақтап, әлемдік деңгейге көтерілуіміз керек. Бұл оқушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өрісі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірін ұштастырған сапалы білім мен тәрбие беру.

**Әдебиеттер**


1. Халықова К.З. Информатика оқыту әдістемесі. – Алматы.: «Білім», - 2000.
2. Өстемиров К., Исаева Г.Б. «Методика использования технических средств обучения на базе новых информационных технологий» учебно-методическое пособие – Алматы, 2009.
3. Ермеков Н. Ақпараттық технологиялар. Оқулық. 2-басылым. – Астана: Фолиант, 2011. – 208 б.
4. Бочкин А.И. Методика преподавания информатики: Учеб.пособие. - Мн.: Выш. шк.,2001. - 431 с.
5. Михайлов А.И, Черный А.И. Основы информатики. - М.: Наука, 2002.
6. Jonathan Marks Computers and information technology. 2007


**ӘӨЖ**

## БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЕЛ БОЛУДЫҢ БІРІНШІ САТЫСЫ — ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ


**Бектұрғанова Бақтыгүл Шәкірханқызы**

Шымкент қаласы, №2 кешкі мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі



**Резюме**

*Известно, что в эпохе глобализации и кибернетики полиязыковое обучение является одним из актуальных проблем, в данной статье рассматриваются его важность и воздействие на формирование личности*

***Summary***

*It is known that the multilingual education is one of the most urgent problems in the period of globalization and cybernetics. This article considers its importance and impact on the formation of individuals.*


Қазақ тілі — мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толеранттілігін және планетарлық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Маманға шет тілін меңгеру кез келген шетелдік ортада өзін еркін ұстап, жаңа ақпараттық

ғаламшарға бейімделу мүмкіндігіне ие болады. Әр адамның түрлі әлеуметтік қызметтерінде жеткен жетістіктерінің нәтижелері түрлі болады, сол себептен шетел тілін оқытудың мақсаты тек нақты білім іскерліктерін біліп қана қоймай, сондай тілдік тұлғаны қалыптастыру болып табылады, оған шет тілі «өмір заңдылықтарында» және «нақты жағдаяттарда қарым-қатынас жасай алу үшін» қажет болмақ.

Тілді білу оңай шаруа емес. Көптілді білу,үйрену-өмір қажеттілігінен туындап отыр. Кезінде Ұлы Абай да көп тілді білу қажеттілігін уағыздаған болатын. 5ші қара сөзінде «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, ғылым да-бәрі орыста тұр» деген болатын. Сонымен бірнеше тілді меңгеру арқылы жас ұрпақ әлем құпияларына үңіліп өз қабілетін танытуға мүмкіндік алады.

Ендеше үш тілді білу бүгінгі заман талабы. Бір халықтың мәдениетін басқаларымен салыстыру арқылы ғана, әлем суретін әр қилы әрі тұтас көруге мүмкіндік беретін ұлттық мәдениеттің күллі ерекшеліктерін, барша құндылықтарын сезінуге болар еді. Турасын айтсақ, екінші бір тілде сөйлеу өзге тілді пайдалану ғана емес, басқа ұлттық мәдениеттің, психологияның аясына сыналап енуді де аңғартады.

Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар — қазақ тілі — мемлекеттік тіл, орыс тілі — ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі — жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі», — деген салиқалы үндеуінен бастау алған болатын.. Үштілділік — нақты тұлға, ұжым, халықтың белгілі бір қоғамда қарым- қатынас үдерісінде қажет болған жағдайда үш түрлі тілді алма-кезек қолдану құбылысы. Біз үштілділікті тәуелсіз еліміз үшін стратегиялық мәні ерекше құбылыс деп бағалаймыз, сондықтан да бұл құбылысты төрттілділік пен бестілділіктен бөліп қараймыз, үштілділіктің кез келген сыңары ретінде кез келген шет тілін алуға болар еді, бірақ біз бұл жерде де қоғамның нақты сұранысы басым түскен қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне ерекше мән берген жөн деп түсінеміз. Бүгінгі таңда мемлекетімізде үштілділік мәселесін нақты іс түрінде жүзеге асыру керек пе? Әрине, керек. Еліміз бен жерімізге ие болатын жастар үш тілді де қатар меңгеруі тиіс. Бірақ бұл үш тілдің тұғыры бірдей деген сөз емес. Қазақстанда бір ғана тұғырлы тіл бар, ол мемлекеттік тіл — қазақ тілі. «Тұғыр» сөзі діңгек, қазық деген мағынада қолданылады. Бір шаңырақты көтеру үшін үш діңгек керек емес. Бір діңгекпен көтерген шаңырақтың жан-жағынан уықтар қадалып, оның беріктігін қамтамасыз етеді. Біздің алтын діңгегіміз, тұғырымыз — қазақ тілі, ал жан-жағынан өзге тілдер мемлекеттік тілді қолдап, уық секілді қадалады. Бірақ кейбіріміз үштілділік үдерісі жөнінде басқаша көзқарас танытып жатамыз. Халықаралық қатынас тілі болып жүрген ағылшын тілін үйренуге жастарымызды жатпай-тұрмай баулуымыз керек. Оның қажеттілігін уақыт өткен сайын өткір сезініп келеміз. Ағылшын тілін үйренгеннен біз мәңгүрттенбейміз. Ағылшын тілі қазақ тілін үйренуге ешқандай кедергі жасамайды. Тек соны түсіне білуіміз керек. Себебі ағылшын тілі

мемлекеттік тілмен бәсекелес емес. ағылшын тілі қазақ жерінде өз үстемдігін жүргізе алмайды. Қазақстанда тек қазақ тілі ғана билік құра алады. Ағылшын тілі — қазақ жерінің жаңа әлемге ашар есігі. Үштілділікті үрейлі кейіпте елестететін кейбір ағаларымыз «мұны ең соңғы өлу деп те қорқатындығын» жасырмайды. Біз өзге тілдерден қорықпауымыз керек. Керісінше, сол тілдерді пайдалана отырып, өзімізді өзгелерге таныта білуіміз қажет. Мәселен, М.Әуезовтің «Абай жолы» романы ағылшын тіліне аударылмаса, Абайдай ғажап ақынымызбен қалай мақтанар едік? Ағылшын тілі – бүгінгі заманымыздың кілті, ақпараттық технологияның, компьютер технологиясының кілті деуге болады. Бүгінгі әлемде мыңдаған адамдар шетел тілін, соның ішінде ағылшын тілін жұмыста немесе оқуда пайдаланады. Қазіргі заманда ағылшын тілі «21 ғасырдың», халықаралық бизнес, қазіргі ғылым мен технологиялар тілі мәртебесіне ие болды. Ағылшын тілін үйренгеннен біз мәңгүрттенбейміз. Ағылшын тілі — әлемдік бизнес тілі, мемлекеттік тіл — ұлт тілі. Мемлекеттік тілде сөйлеу — әрбір Қазақстан азаматының борышы. Ағылшын тілі қазақ тілін үйренуге ешқандай кедергі жасамайды. Әлемдік ғаламдандырудың өткізгіші, ғаламдандыру тілі болып танылған ағылшын тілін білу — ағылшын тілді елдермен тиімді байланысқа түскен әлемдік деңгейде өз орнын ойып тұрып ала бастаған Қазақстан үшін қажеттілік. Қиындық туғызатыны — аталған үш тілді меңгерген мамандардың кездесе бермейтіні. Ендеше, аталған компоненттерден тұратын, яғни қазақ, ағылшын, орыс тілі қатысқан үштілділік, сөйлермендерін дайындау кезек күттірмейтін мәселе. Мәселені түбегейлі шешу үшін Қазақстанның жоғары оқу орындарында ағылшын, қазақ тілінен маман болып шыққан қазақ тілді қазақ және басқа ұлт өкілдерін үштілділікке ыңғайлап қайта дайындаудан өткізіп, оларға үштілділік маманы деген құжат табыс еткен жөн. Әрине, әр көтерілген мәселенің оң және теріс жағы болады, әр тұлғаның өзіндік жеке пікірі болады, бірақ анау айтты, мынау айтты деген негізсіз, дәлелсіз күдіктен арылып, бой көтеріп отырған мәселенің маңыздылығының қаншалықты қажет дәрежеде екенін айқындап, нақты зерттеп алғанымыз жөн сияқты. Егер біз, Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазақ тілін дұрыс жұмсай білсек, ол қоғамдағы тілге жүктелетін қажеттілігіміз болса, өтеуге жарайтын бай тіл. Мәселе — тілдің міндетін дұрыс түсініп, өз міндетімізді атқаруда болып отыр. Ұлттық өркендеп, тіліміз өз еліміздегі және халықаралық дәрежедегі позициясын нығайтқан кезде біздің сөздеріміз де өзге тілдерге енетіндігіне, тіліміздің әлемдік ақпарат кеңістігінен өз орнын иеленетіндігіне күмән келтірмеуге болады. Дәл бүгін де қазақ тілінің әлем тілдерінің ешқайсысынан да кем түспейтін, бірнеше ғасырлық даму тарихы бар, ұлттық әдеби тіл деңгейіне дейін дамып жетілген ұлы тіл екендігіне еш күмән жоқ.

Жан – жақты дамыған, көп тілді меңгере алатын маманды дайындау – қазіргі заманның өзекті мәселесі. Әрине, ең күрделі және салмақты міндет мектепке түседі. Үш тілде оқыту жүйесін енгізу үшін білім беру жүйесін жетілдіру оқу

процесін басқарудан басталады. Оқыту шығармашылық, жігерлі және коммуникативтік сипатта болуы керек. Оқыту кезіндегі күш әрбір мұғалім жасауға тиісті жүйелі әдіске, пәнаралық тиімді байланыс құруға түсетін болады. Нәтижесінде үш тілді білім ала отырып студент қарқынды оқыту процесіне белсенді қатыса алады, ал әрбір мұғалім өз кезегінде пәнге ғана емес, сонымен қатар тілге де көмектесіп, тәлімгер болуы тиіс. Ынтымақтастықтың бұл түрі оқушының жауапкершілігін және өзін-өзі тану қабілетін арттырады. Мұғалімнен бұл жағдайда жоғары біліктілік пен ағылшын тілін жақсы меңгеру талап етілетіні түсінікті. Мұндай жүйе «жоқ жерден» пайда болған жоқ. Мұны әлемдегі алдыңғы қатарлы мектептер қолданады. Бұған ұқсас үлгі Қазақстанда да бар – соның негізінде «Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі» оқу үдерісі жасалған. Қазіргі таңда жастарға жан – жақты тәрбие беру нарық жағдайында байланысты педагогикалық тәрбиенің бір буыны ретінде білім алушыларды үнемі еңбекке даярлаудың пәрменді құралы болып саналады. Сондықтан жалпы білім беретін және кәсіби арнаулы орта білім беретін және жоғары оқу орындарында тәрбиенің бұл саласын мемлекетіміздің даму стратегиясының талаптарына сай жаңа деңгейде көтеру, одан әрі жетілдіру – аса абыройлы міндет.

Қорыта айтатын болсақ, көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейге көтерілуіміз керек. Студенттердің жыл бойы халықаралық жобаларға қатысуын қадағалау, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарды нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет. Тек өз азаматтарына жоғары сапалы білім алуға қанағаттарлықтай қолайлы жағдай жасай алған мемлекет ғана табысты дамуға қол жеткізеді және әлемдік сахнада үлкен беделге ие болады.

**Әдебиеттер:**

1. ҚР «Қазақстан Республикасының тіл туралы заңы» Заңы: Ресми бас. ҚР Заңы 06.01.2011ж. №378-IV. — [ЭР].Қолжетімділік тәртібі: http://kapshagay.gov.kz.news.
2. Хасанұлы Б.Тілдік қатынас негіздері. — Алматы, 2006. — 73–77-б.

**ӘӨЖ**

## ЖАЙ СӨЙЛЕМ ТИПТЕРІ МЕН ЖАСАЛУ

**Жамалбекова Сандуғаш Зейнуллаевна**
Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы,
Т.Рысқұлов атындағы мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

***Резюме***

*Одним из основных объектов изучения синтаксиса является предложение. Предложение – неотъемлемая часть языкового материала, обеспечивающая общение.*
*В статье рассматриваются виды простых предложений и способы их составления.*

**_Summary_**

*One of the main objects of the study of syntax is the sentence. The sentence is an integral part of the language material that provides communication.The article discusses the types of simple sentences and how to compose them.*

Сөйлем және оның құрамы. Синтаксистегі басты зерттеу обьектісінің бірі – сөйлем. Сөйлем – пікір алысуды, қарым-қатынас жасауды қамтамасыз ететін тілдік материалдың біртұтас бөлшегі.
Сөйлемнің сөзден, сөз тіркесінен бөлек единица екенін айқындайтын басты белгілері мыналар:

- сөйлем біршама ойды, модальділікті білдіреді;
- сөйлем өз ара байланысқа енген сөздерден, сөз тіркестерінен құралады;
- сөйлем бастауыш пен баяндауыштың байланысынан туған предикаттық қатынасты білдіреді; әрбір сөйлемнің айтылу интонациясы болады.
- Осыларды негізіге алып сөйлемге мынадай анықтама беруге болады:

Предикаттық қатынас негізінде біршама аяқталған ойды білдіретін тиянақты сөздер тізбеген сөйлем дейміз. Сөйлемдегі сөздердің әрқайсысы өзінің лексикалық мағынасына лайық сөйлем құруға қатысып, тұтас ойдың мазмұнына ортақтасып тұрады. Олар сонымен қатар, сөйлемде жалаң мүше қызметінде не күрделі мүше құрамында тұрып, өздерінің лексикалық және грамматикалық мағыналарын айқындай, толықтыра түседі [1,1] .
Сөздер сөз тіркестерінің құрамына ену арқылы сөйлем құраудың материалы болады да, бастауыш- баяндауыштық (тұрлаулы), толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш (тұрлаусыз) қатынаста жұмсалады. Тұрлаулы мүшелер сөйлем құрудың бас арқауы, негізі болса, тұрлаусыз мүшелер олардың маңына ұйысып бастауыш, баяндауыш арқылы айтылған ойды толықтырып, айқындай түседі. Сөйлемдер айтылу мақсатына қарай х а б а р л ы, с ұ р а у л ы, б ұ й р ы қ т ы, және л е п т і болып бөлінеді.
**Хабарлы сөйлем.** Бірдеңенің не бір жайын баяндау мақсатымен айтылған сөйлем хабарлы болады.
*Асау Терек долданып, буырқанып, тауды бұзып, жол салған, тасты жарып (Абай). Күн қызыл арай шатырынан жаңа ғана шыққан. Аспан айдай ашық (Ғ. Мұстафин).*
Хабарлы сөйлемдердің мазмұны әртүрлі болады. Олардың мазмұны сөйлемге қатысқан сөздердің, сөйлем мүшелерінің, әсіресе баяндауыштарының мағыналық, тұлғалық ерекшеліктермен байланысты. Баяндауыштарының тұлғалық ерекшеліктеріне қарай хабарлы сөйлемдер, мысалы, **болымды** (Жаңбыр жауды),

**болымсыз** (Жаңбыр жаумайды), **қалаулы** (Енді қырманға барайықшы), **болжалды** (Жездең ертең келетін шығар) болады, ал баяндауыштарының қай сөз табынан жасалуына қарай **етістікті** (Үйдің іші жылынды), **есімді** (Күн жылы. Аспан ашық. Айнала жым-жырт) болып бөлінеді.

Хабарлы сөйлемдер, жалпы алғанда, бірсыдырғы баяу әуенмен айтылады: жалаң сөйлемдер тақ-тұқ қайырылса, жайылма сөйлемдерді айтқанда, дауыс сөйлемнің соңында бәсендей түсіп тынады.

Мысалы: *Түн жым-жырт. Жел де жоқ. Бірақ сәл ғана білінген салқын бар (М.Әуезов).* [1,2]

**Сұраулы сөйлем.**

Сөйлеу – тіл жұмсаудың басты тәсілінің бірі жүздесіп және басқа амалдар арқылы өзара сөйлескен адамдар істің, әр нәрсенің мән-жайын білгісі келгенде, сұраулы сөйлемнің сұраулы түрлерін қолданады. Ауызекі сөйлеу стиліне тән пікір алысудың бұл түрі әдебиетте, әсіресе көркем әдебиет тілінде жиі қолданылады; мысалы:

- Әй, тілің бар ма өзінің? Неге бұғасың?... Неге жөніңді айтпайсың? - деді Қадырбек (С. Сейфуллин).
- Сен мұнда қайдан келдің?
- Сен қайдан келдің? – деп екеуі де сасқалақтап қатар сұрасты.
- Әуелі өзің айтшы (Ж. Аймауытов)

Басқадан (кейде өзінен) жауап күту мақсатымен айтылған сөйлемді сұраулы сөйлем дейміз. Сұраулы сөйлемдер интонация арқылы және сұрау есімдіктері, сұраулық шылаулар, кейбір көмекші етістіктер мен қосымшалардың қатысуы арқылы жасалады. Олардың бастылары мыналар:

Сұраулы сөйлемдер *ма//ме, па//пе, ба//бе* сұраулық шылаулары арқылы жасалады:

- Жиналыс басталды ма? Баяндамашыға сұрақ бар ма? Анау келе жатқан Жақып па, Әсет пе? - Өзі атпен баратын жер ме, машинамен баратын жер ме? (Ғ. Мүсірепов).

Шығар, болар, қайтеді деген көмекші етістіктер күрделі баяндауыштың құрамына еніп, сұраулық интонациямен айтылғанда, сөйлем сұраулы болады: Сен осы ауылдың баласы шығарсың? Оның өзін тыңдап көрсек қайтеді? (Ғ.Мүісрепов).

**Ашық сұрақ.** Біреудің ойын немесе біреудің я бірдеңенің жайын, бар-жоқтығын білу мақсатымен айтылған сұраулы сөйлемдерде сұрау ашық қойылады.:

- Атың кім? – деді ересек бала.
- Қайырғали... Өзіңнің атың кім?
- Шеген ... (Ғ.Мүсірепов).

Ашық мәнді сұраулы сөйлемдердің баяндауыштарына ой екпінін түсіре, сұраққа жауап алу үшін бір сөйлемде сұрақ кейде екі рет айтылады. Осындай екі рет айтылатын сұрақтар көбінесе біріне-бірі қарсы мәнді сөздер болады. Сұраулы сөйлемнің сондай экспрессивті мәнін күшейту үшін бір сұрақ қазбаланып кейде бірнеше рет қойылады: *Ол бүгін келе ме, келмей ме? Әне өрге шыққан немене?*

*Тау ешкісі ме? Сенің ешкің бе? (Ғ.Сланов).* [2,3]

1. **Риторикалық сұрақ.** Кейбір сұраулы сөйлемдер жауап күту мақсатымен

айтылмай, бірдеңенің жайын хабарлау мақсатымен айтылады. Ондай сөйлемдерде риторикалық (риторика гректің rhilos – шешен – деген сөзінен алынған) мән болады. Риторикалық сұраулы сөйлемдер көркем әдебиетте жиі қолданылады. [2,4]

1. Халық ұстазынан айрылса, не таппақ? Ел не ел? Жақсысымен ел. Басшысы

болмаған елде елдік бар ма? (М. Әуезов). Баянауыл сияқты жерді кім сүймейді? Енді жұрт машина мен мотоцикл іздейді, арбаны қайтсін?... (З. Шашкин). Риторикалық сұраулы сөйлемдер күйде салалас құрмалас сөйлемнің құрамына енгенде

**Бұйрықты сөйлем.** Бұйрықты сөйлем біреуді іс істеуге жұмсау мақсатымен айтылады. Ондай мақсатпен айтылатын сөйлемдер жалаң бұйрық ретінде ғана айтылмайды, сонымен қатар кісінің еркін, талабын, кеңесін, тілегін, жалынышын т. б. білдіреді. Бұйрықты сөйлем, негізінде, ауызекі тілге тән. Көркем әдебиетте ондай сөйлем диалогта жиі ұшырайды. Бұйрықты сөйлемдер етістіктің бұйрық және қалау райы арқылы жасалады. Олар

Сөйлемнің баяндауышы болып жұмсалады да, сөйлем түгелімен асқақ әуенмен айтылады. Бұйрықты сөйлемдердің айтылу әуені оларды қандай мазмұнда жұмсалуына қарай түрліше болады. Егег бұйрықты сөйлем бұйыру, қатал талап мағынасында жұмсалса, ол көтеріңкі дауыс екпінімен айтылады; егер кеңес, жалыныш, тілек мағыналарында жұмсалса, олар бәсең дауыспен айтылады. Алдыңғы жағдайда баяндауыш көбінесе сөйлемнің басына қойылады, мысалы:

2.Баяндауыштары етістіктің бұйрық райында айтылып, оған –шы/-ші қосымшасы жалғанып, тілек,

жалыныш не сыпайы түрде бұйыруды білдіретін сөйлемдер жасалады. Ондай сөйлемдер І жақта қалау мағынасында да айтылады: **Келші,** *қалам, менің қасыма* **отыршы!** *Қарағым, мына баланы* **риза қылшы!** *Мына жұмысты тезірек* **бітірші!** *Сабыр ертең біздің үйге* **келсенші!** *Бір ауыз сөз айтайын, қатар тұрып тыңдаңыздаршы!* (Ә. Әбішев).

3.Етістіктің қалау, бұйрық рай тұлғасынан жасалған баяндауыштары бар сөйлемдер ұран, үндеу мағынасында да жұмсалады: *Колхозшылар мен совхоз қызметкерлері, ауыл шаруашылық, мамандары! Егіс көлемін* **үлғайтыңдар,** *егіншіліктің мәдениетін* **арттырыңдар,** *егіннен мол* **өнім алатын болыңдар!** *Тың және тықайған жерлерді онан әрі игеру үшін* **күресіңдер!** (Газеттен).

**Лепті сөйлем.** Лепті сөйлемдердің эмоциялық мағыналары олардың құрамындағы одағай, модаль сөздермен, сөйлемдердің лептілік әуенімен байланысты:

1. Қорқу, сескену, аяу, өкіну, таңырқау сияқты кісінің көңіл күйін

білдірентін сөйлемдердің баяндауыштарының құрамында **ау, ай** демеуліктері айтылады:

-**Құлайды-ау! Құлайды-ау!** *Ол бүгін* **келмеді-ау** (Ғ.Мұстафин). 2.баяндауышы бұйрық рай тұлғадағы етістік баяндауышты сөйлем кейде тілек мағынасында айтылады:

-*Жасаған-ау, бала* **бере көр!** – деді (ол). Бірақ тілек іске аспады (М.Жұмабаев).

2. Баяндауыштары етістіктің шартты рай тұлғасында айтылып, бірдеңені көксеу, арман ету мағынасында лепті сөйлем жасалады: Ондай сөйлем шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас болып айтылмай, жай сөйлем ретінде жұмсалады: *Мына көгалға бауырыңды төсеп жатсаң! Әрбір бригадаға жерді өлшеп, сыбаға* **берсе!** *Сонан соң социалистік жарыс* **ұйымдастырса!** *Колхоз басқармасы көшпелі қызыл ту жасап, оны озық бригаданың қосына* **тігін қойса!** (Ғ.Мұстафин).

Тұлғасы сұраулы сөйлемдер де кейде экспрессивті мағынадағы лепті болып жұмсалады: - *Ол*
***негылған оңбаған адам****! Мұндай сөздің* ***кімге керегі бар.***

**Болымды және болымсыз сөйлемдер.** Адам объективті болмысты, ойлаған ойын хабарлауда сөйлемді болымды не болымсыз етіп құрайды. Мысалы, Бүгін қар жауады деген де, бүгін қар жаумайды деген де өз кезінде шындық хабар болуы мүмкін. Бірақ сол хабардың бірінде ауа райының бізге таныс құбылысы болымды түрде айтылса, екіншісінде ол құбылыстың бүгін болмайтыны болымсыз түрде хабарланады. Болымсыз сөйлем болымды арқылы жасалады және болымдының қарама –қарсы мағынасын білдіреді. Сөйлемнің болымды түрі – ойды айтудың негізгі формасы да, болымсыз түрі одан гөрі сирек қолданылатын қосымша формасы.

1. Болымсыз сөйлемдер *–ма, -ме..* тұлғалы болымсыз етістіктердің баяндауыш қызметінде, не баяндауыш құрамында жұмсалуы арқылы жасалады: *- Жамандатқыр, мынау бір ит екен, тіпті жүрмейді (Б.Майлин.)*
2. Есім және есімшелі баяндауыштардың құрамында *емес* деген көмекші етістік жұмсалады: *- Сен енді жас бала емессің. Поэзия - ажарлап құраған сөз тізбегі емес...(Т.Нұртазин.)*
3. ***Жоқ*** сөзі баяндауыш қызметінде не күрделі баяндауыш құрамында айтылу арқылы да болымсыз сөйлем жасалады: *Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ (Мақал.)*

4 *–сыз, -сіз* тұлғалы сын есімдер баяндауыш қызметінде жұмсалғанда да сөйлемнің мазмұны болымсыз болады, мысалы: *сөзі түсініксіз, баласы ақылсыз, тауы қарсыз.*

Жалпы тіл білімінде ғалымдардың сөйлемді түзетін негізгі белгілердің бірі ретінде және сөйлемдердің құрылымдық-коммуникативтік түрлерін даралауда интонацияның маңызы зор екені туралы пікірлері айқын көрінеді. Шындығында да сөйлеу тілінде ғана емес, жазба тілде де сөйлемдегі сөздерді семантикалық-

құрылымдық топтарға, яғни синтагмаларға бөлуде, оларды бір-бірімен байланыстыруда интонацияның мәні айтарлықтай.

Мәтіннің күрделі түрлеріндегі интонацияның единицаларын, компоненттерін, оның басқа да көріністерін оларға ерекше зер салып, экспериментті түрде зерттеу арқылы ғана анықтап, білуге болады.

Өзге тілдердегідей қазақ тілінің де сан алуан синтаксистік-коммуникативтік құрылымдарында интонация және оның единицалары мен компонеттері орын алып, олардың өзара күрделі де әрқилы қатынастарға түсетіні анық. Қазақ тілінің конструктивті-синтаксистік, яғни статикалық – жазба түрінде де, коммуникативті – синтаксистік, яғни динамикалық – сөйлеу тілінде де интонацияның көріністері мен белгілері және олардың өзіне тән орны бар.

Почему же подобные проблемные задания вызывают интерес у учащихся? Потому что учебно –поисковые задания предпологают, что источник интереса к языку полностью формулируется на лингвистическом уровне: 1. Анализ слов с точки зрения состава. 2. Анализ лексического значения каждого слова. 3. Самостоятельный вывод.

Мне нравится, когда в классе царит эмоциональное оживление, часто оно помогает при объяснении нового материала. Сразу видишь, поняли ли ученики новую тему.

Что бы ученики заинтересовались изучением русского языка, относились с симпатией к этому предмету, стараюсь проводить уроки по – разному. Но при всем разнообразии уроков некоторые моменты остаются неизменными.

Каждый урок начинаю с фронтального опроса ранее изученных правил: ребята отвечают по конспекту. Это фрагмент урока взяла из методики Шаталова. Вообще конспектам и алгоритмам надо отдать должное. Минимум времени и усилий на объяснение нового материала. Но в эти фрагменты можно и нужно вносить элементы детского творчества: ребята оформляют новые правила цветными рисунками.

Систематическим элементом нашей деятельности является словарная работа, но если оно провидится разнообразно, то не дает нужного эффекта. Ребятам больше нравится слушать передачу «Радио няня», записывать под ее музыку новые слова, нравится писать словарные диктанты с самопроверками и взаимопроверками. Часто даю значения слов, а ученики определяют, какое это слово с помощью толковых и орфографических словарей. Во время словарной работы использую изображения предметов, провожу диктант – цепочку (диктую по три слова через определенный промежуток времени), диктанты - молчанки, т.е любому виду учебной деятельности придаю игровую форму.

Существуют определенные приемы, которые помогают активизировать и развивать творческое воображение. В этом помогает ТРИЗ (теория и решение изобретательных задач). ТРИЗ учит школьников не бояться фантазировать, помогает смотреть на обыкновенные вещи по новым непривычным углом зрения вызывает интерес к предмету например: когда изучали в классе правила

правописания -чк-, -чн-, самостоятельно подбирали слова на эти правила зашифровали их.

Все эти игры, нестандартные задания – не просто развлечение, они обучающие, они приковывают внимание ученика к материалу урока, дают новы знание, заставляют напряженно мыслить, что нам, учителям, и надо. Ведь обучая, мы воспитываем школьника как всестороннее развитую личность, активизируем интерес к окружающему миру, к другим предметам.

Так же на своих уроках при первом знакомстве с учащимися я использую элементы игры и коммуникативно – речевой тренинг, который развивает логическое мышление.

Учащийся познает себя как человека, взращивает чувство собственного достоинства, самовыражения, то есть он осознает, что его ценят, замечают, с ним считаются и уважают его жизненные позиции.

Коммуникативно – речевой тренинг «Похвали себя»

1. Радуга интонаций (рассказывает о себе):

а) интонация любимого и любящего человека;

б) интонация человека, уверенного в себе, в своих силах;

в) интонация человека с изюминкой.

2. Мой метафорический образ (сравни себя с кем-либо или с чем-либо и аргументируй свое мнение).

3. Радует и огорчает (в системе образования).

4. Аргументы счастливого человека (в чем заключается ваше счастье).

5. Самый, самый, самый (применить к своим одноклассникам, семье и т.д).

На уроке создается комфортная атмосфера общения, где каждый может проявить себя в ситуации общения с коллективом и преподавателем. На таком уровне предлагаются нестандартные задания творческого характера: решить речевую задачу, представиться группе, похвалить себя и т.д. Такие задания будят мысль, заставляют проявлять собственное творчество, отстаивать свою точку зрения, анализировать чужую речь, умение самовыражаться. Такой тренинг приводит в движение внутренние процессы психических новообразований. Преподаватель должен помнить, что цель обучения – сделать учащегося способным развиваться дальше без помощи преподавателя.

Все эти виды работ могу использоваться на каждом уроке русского языка наряду с обычным тренингом орфографических и пунктуационных навыков и лингвистической работой, однако развитие речи не должно восприниматься учащимися только как довесок к обычной работе и не должно отделяться от других видов учебной работы.

В заключении хочу сказать, что язык любого народа – это его историческая память, воплощенная в слове. Тысячелетняя духовная культура, жизнь народа своеобразна и неповторима отражаются в языке, в его устной и письменной формах, в памятниках различных жанров. Язык – явление социальное, он служит

основным средством передачи культуры и общения. Языком нельзя овладеть вне социального взаимодействия, то есть без общения с другими людьми.

**Литературы:**

1. Политова Н.И. Развитие речи учащихся. –М.: НОРМА, 2005. – 204с.
2. Новоторцева Н.В. Развитие речи детей. – М.: Наука, 1995. – 124с.
3. Евлампиева Е.А. Занимательные задания на уроках русского языка. – Чебоксары, 1997
4. Иванова В.А., Потиха Э.А., Розенталь Д.З. Занимательно о русском языке. – Л.: Просвещение, 1990

ӘӨЖ

# КӨРКЕМ МӘТІННІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Сабденова Зауре Алтынбековна**
**Жанысбекова Салтанат Касымовна**
Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы Тұрар Рысқұлов атындағы
мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

***Резюме***

*Текст – это последовательность содержательных (сущностных) предложений, передающих информацию, характерную для общей (единой) темы, связность и целостность. Текстоведение определяет, к какой эпохе или автору принадлежит рассматриваемый текст. В статье мы рассмотрели виды текста, анализ текста со стороны зарубежных и отечественных ученых*

***Summary***

*A text is a sequence of meaningful (essential) sentences that convey information characteristic of a common (single) topic, coherence and integrity. Textual science determines to which era or author the text in question belongs. In the article, we examined the types of text, text analysis by foreign and domestic scientists*

Көркем мәтін жалпы мәтінге тән құрылым заңдылықтарына ие болумен қатар өзіндік белгілері де болады. Мұндай ерекшеліктер көркем мәтіннің қолданыс аясына, тарихи, саяси, мәдени әлеуметтік ортасы, әдеби бағыты, мәтіннің стилі және жанры, автордың дүниетанымы, көркемдік-тілдік шеберлігі, даралығы, мәтін модальділігі және т.б. факторлардың әсерімен қалыптасады . Мәтіннің құрылымдық бөлшектеріне абзац, күрделі синтаксистік тұтастық жатады. Мәтін лингвистикасындағы өзекті мәселелердің бірі – абзац мәселесі. Бірқатар зерттеушілердің пікірінше абзац – ұғымы өз алдына дербес категория емес, күрделі фразалық тұтастықты көрсетіп тұратын сыртқы белгі, пішін. Ал көп жағдайда абзац композициялық-стилистикалық элемент болып

жұмсалмайды: күрделі фразалық тұтасымдарға сәйкес келгенде, олардың бірін екіншісінен ажыратып тұратын семантикалық белгі ретінде қызмет атқарады. Бұл абзацтың релевантты белгісі. Ал стильдік-композициялық белгі ретінде қызмет атқарады. Яғни бұл абзацтың иррелевантты белгісі [1.55].

Қазақ мәтінінің күрделі фразалық тұтасым/абзац деңгейінде мүшеленуін зерттеген Ж. Қайшығұлова бұл мәселені мәтін және функционалды стиль нормалары мен автор прагматикасын ұстана отырып, көркем, ғылыми, ресми және публицистикалық мәтіндер негізінде қарастырған және мәтін мүшеленуінің осы түрі әр стильде әр түрлі көрініс табатынын анықтаған. Зерттеуші ғылыми және ресми мәтіндерге күрделі фразалық тұтасымның абзацпен сәйкес келуі тән болса, газети-публицистикалық стиьлге жататаны мәтіндерде авторлық прагматиканың басым болып, көркем әдебиет стилінде эстетикалық ақпарат рөлінің күштілігінен күрделі фразалық тұтасым мен абзац аралығында мәтін нормасынан ауытқушылардың жиі кездесетінін айтса, қазақ мәтінінің семантика- интонациялық мүшеленуін зерттеген Ж.Кеншінбаева мәтіннің күрделі фразалық тұтасым деңгейінде мүшеленуін кешенді түрде, яғни функционалды-семантикалық (дискурстық бағыт) және прагматикалық (пресуппозиция тұрғысынан) қырларын қарастырады [1.58].

Бір абзацтан екінші абзацқа өту ойдың ықшамдылығын, жүйелілігін көрсетіп, адресаттың қабылдауына да белгілі дәрежеде жеңілдік әкеледі. Мәтін нормасын негізделген логикалық тұтастықтың бұзылмауы, яғни мәтінді құрайтын күрделі фразалық тұтасымның синтаксистік бірілктерінің өз орнында жұмсалуы тән. Мәтін үшін негізгі норма дегеніміз – мәтіндегі ой желісінің біріне-бірі ұласып, бірінен-бірі өрбуі, яғни ойдың динамикалы түрде берілуі. Мәтіннің ақпараттық тұтастығы мәселесіне келгенде когезия (байланыстылық категориясы) құбылысы айрықша маңызды болып табылады .Мәтіннің мүшелену бірліктері ретінде көптеген ғалымдар күрделі фразалық тұтасымды, абзацты, микромәтінді атайды. Ал мәтіннің ең шағын бірлігі ретнде Н.И.Букетова сөйлемді таниды [1]. Мәтінді құрайтын тағы бір топ хронотоп ұғымымен беріледі. Хронотоп іс жүзінде ақиқат болмыстың қандай да бір үзігін модельдейді. Оның антропоцентристік сипаты басым болады. Зерттеуші Р.А.Омарова хронотоптың үш параметрін бөліп көрсетеді: бастапқы нүкте, ұзақтық, хронологиялық анықтық. Дискурстың уақытқа қатысты құрылымында ақиқат уақыт пен кеңістіктің қасиеттері басым болады [1].

Мәтіннің мағыналық ұйымдастырылуы мәселесіне А.А. Леонтьев ерекше тоқталған болатын. Ол Н.И. Жинкин бастаған ғалымдар дайындаған предикаттар иерархия моделіне оң баға береді. Ол модель бойынша мәтіннің мағыналық компоненттерін орталық (негізгі ой) және перифирициялық (қосалқы ой) деп бөлуге болады. Мәтіннің осылайша мағыналық ұйымдастырылуы оның тұтастығы ұғымымен тығыз байланысты. Мұның өзі сөздің қабылдануы мәселесіне келіп тіреледі. Яғни мәтіндегі ойдың сатылы

түрде өрбуі реципиенттің қабылдауын жеңілдетеді. Әрбір бөлікте айтылған негізгі ой келесі бөлікке жалғасады, ал қосалқы ойлар қалып отырады. Демек бұл жерде ақпарат қабылдаушыға іріктеліп, екшеліп ұсынылады [1.61].

Мәтіннің күрделі фразалық тұтасымға, абзацқа мүшеленуі сыртқы факторлармен де тығыз байланысты. Сыртқы факторларға адресант пен адресат сияқты прагматикалық параметрлер жатады.

Кез келген мәтіннің абзац, күрделі синтаксистік тұтастыққа мүшеленуі аудиторияның шығарманы ешбір қиындықсыз қабылауын көздейді. Мәтіндегі абзац белгілі бір микротақырып құрай отырып, адресатты аталмыш ойдың басталғанынан хабардар етеді. Аудиторияның ақпаратты жеңіл және дұрыс қабылдауына мүмкіндік жасайды. Абзац құрылысы ерекшеліктерне талдау жасау оның құрылымының мәтін шеңберінде орналасуына байланысты алаун түрде болатынын дәлелді түрде көрсетеді. Абзацтың клт фразадан, ойды таратып жеткізуші бөлімнен, бастама және қорытынды бөлімнен тұратын моделі көпшілікке белгілі [2.21].

Мәтіннің тілдік деңгедегі элементтері көркем мәтін ұйымдасуының құрылымдық та семантикалық тәсілдері ретінде қызмет ете алады. Мысалы лексикалық қайталаулар сөйлем ішінде бірінен соң бірі келіп, , сөйлемдер арасында тізбектелген синтаксистік байланыстың құралы болады. «Мәтіннің семантикалық ұйымдасуының денотативті аспектісіндегі бірлігін белгілеу (немесе номинация), ол тілдік элемент тілден тыс объект арасындағы байланыс болып табылады» [2.58]- дейді В.Г. Гак.Олардың ішінен бір нысанды және әр түрлі нысанды тізбектерді көрсетуге болады. Екеуі де мәтіннің семантикалық ұйымдасуына қатысады. Бірінің артынан бірі келген сөйлемдерде бір ғана нысанды немесе әр түрлі нысандар арасындағы қарым- қатынасты білдіретін сөздер мен сөз тіркестері көркем мәтіннің семантикалық ұйымдасуына ықпал етеді. Лексикалық бірліктер немесе сөз тіркестеріні ң арасында семантикалық балама қатынас болады. Оларды бірқатар зерттеушілер «топиктер» деп атаса, енді бірі «номинациялық тізбек» деп атайды. Топиктер мәтінде тізбек құрайды. Олар көркем мәтінді семантикалық жағынан ұйымдастырады. Әр мәтінде түрлі нысанды номинациялар негізінде бірнеше номинациялық тізбектер түзіліп, олардың жиынтығы мәтін изотопиясын құрайды. Номинациялық тізбек элементтері өзара синтагмалық емес, парадигмалық (ассоциациялық) қатынаста байланысады [2. 27].

Кез келген мәтін төменгі деңгейдегі семантикалық және синтаксистік тұйықталған құрылымдардың ең жоғарғы деңгейдегі құрылымға кірігуі нәтижесінде қалыптасады. Мәтіннің құрылымдық бірліктері көп талас тудырғанмен мәтіннің ең кіші дербес бөлігі сөйлем екендігі белгілі. Мәтіннің тұтастық құрылымын былайшы көрсетуге болады: сөйлем – абзац – тарау-бөлім – мәтіндік тұтастық. Абзацтағы сөйлемдер мен абзацтар өзара логикалық және тақырыптық деңгейде ғана емес, сонымен қатар тілдік деңгейде де

байланысты болады. Көркем мәтіндегі сөйлемдер арасында өзіндік байланыс тәсілдері бар [2. 30].

Абзац ішіндегі сөйлемдер мен абзац арасындағы байланыс мына принип бойынша жүзеге асады:

1 Тізбек бойынша байланыс. Мұнда әр сөйлем келесі сөйлеммен сөйлем құрылысының тілді элементтерінің бірі арқылы іліктеседі. Мысалы: Жамал жасы елуге таяп қалса да, киім киісі мен жүріс-тұрысынан ерекше талғам табы сезіліп тұратын, сөйлегені мен күлгеніне, тіпті біреуге көз тастап қарағанына дейін әдемілік пен әдептілік белдеуінен шашау шықпайтын, туа бітті қасиеті бар, тәкаппарлық пен қарапайымдылықты бір бойына білдірмей қатар сіңіре білген әйел еді. Ол өзін ешқашан жұрттан бөлек ұстауға тырыспайтын, әрқашан топ ішінде бола білетін және сол топтан оқшау да көріне алатын-ды, көпшіліктің қатарында келе 11 жатып алда жүре білетін-ді (Д. Исабеков).

2 Жарыспалы байланыс. Сөйлемдер арасындағы байланыстың екінші принципі – жарыспалы байланыс. Бұл байланыста сөйлемдер бір-біріне іліктеспейді. Сөйлемдердің толымдылығына қарай өзара қарсы қойылады.

Мысалы:

Біздің жақта шөп шабатын машинаға төрт ат жегетін. Төрт ат жегетін себебі, жер қия, өрлі-қырлы, екі-үш жұмыс көлігінің шамасы жете бермейді.Төрт ат жеккен соң, оның міндетті түрде ат айдаушы баласы болады. Алтыншы класты тәмамдаған біздер сол, атшы ұлдармыз (О.Бөкей).

Жарыспалы байланыс ең алдымен синтаксистік тәсілдер арқылы іске асады. Сөйлем не абзац басындағы анафора, жартылай немесе тұтастай лексикалық құрам сәйкестігі, жеке сөйлемдер арасындағы жалпы байланыс принципі, бірыңғай уақыттық меже немесе шақтық формалардың орналасуындағы симметрия көркем мәтін құрылымындағы параллелизмді күшейте түседі.

Көркем шығарма тілі – көркем композицияның элементі. Көркем шығарманы лингвостилистикалық тұрғыдан талдауда негізінен екі нәрсе басты нысанға ілінеді: біріншісі – әдеби тілдің дамуы барысындағы көркем туындының орнын; екіншісі – жеке ақын-жазушылардың сөз мәнерін зерттеу. Бұл пәннің негізгі міндеті көркем мәтінді зерттеу арқылы оның идеялық және эстетикалық болмысын ашу болып табылады.

Көркем мәтін тіліндегі бейнелеу құралдары әр алуан көркемдік бояу бере пайдаланылады. Ауызекі сөйлеу тіліндегі мақал-мәтелдер де, эпитет, теңеулер де, қарапайым сөздер де, тілдің басқа да барлық бейнелеу құралдары шығарманың жалпы идеялық, тақырыптық арқауына лайық жаңа бір мағыналық астар алып, стильдік функциясы арта түседі. Ауызекі сөйлеу стилінде, әдеби тілде де әдетте жиі айтылатын тіл құралдарының үйреншікті номинативтік мағынасы ақын-жазушылардың тілінде әр түрлі дамып отырады

**Әдебиеттер**

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966.– 581 б.
2. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат, 1995. – 208 б.

# ТҮРКІТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ДАМУЫ, ЗЕРТТЕУЛІ

**ӘОЖ**

## ТҮРКІТАНУ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ Қ.ЕРГӨБЕК

**Арынбаева Д.Ж. магистр-оқытушы**
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

*Резюме*

*В статье содержатся прошлые и настоящие вехи, будущее направление науки тюркологии; значение и задачи, потенциал науки тюркологии. Кратко описаны ученые, внесшие вклад в тюркологическую науку. Среди них выделена личность К. Ергобека, показаны труды и достижения ученого.*

*Summary*

*The article contains past and present milestones, the future direction of the science of Turkology; meaning and tasks, the potential of the science of Turkology. The scientists who contributed to Turkological science are briefly described. Among them, the personality of K. Ergobek is highlighted, the works and achievements of the scientist are shown.*

Тұтас түркі әлемінің тілдік ерекшеліктерін, тұтастығын, әдеби мұраларын, фольклорын, мәдени байлықтарын, этонграфиялық қазыналарын талдап-саралауға, танып-танытуға бағытталған түркітану ғылымының маңызы мен орны айрықша. Әсіресе еліміз тәуелсіз болып, өз тарихын түгелдеп, тамырын тануға белсене талаптанып жатқан бүгінгі тұста «түгел түркі тұтас болудың» мәдени де, саяса да, экономикалық та, түптеп келгенде туыстық-бауырлық та маңызы салмақты. Шығыстануға бағытталған ғылымның жеке саласы ретінде бастау алған түркітану ғылымы бүгінде өсіп-өркендеп, қанатын кеңге жайып, еңсесін тіктеп, өзіндік мектеп болып қалыптасқаны ақиқат.

Әрине, мұның бәрі өздігінен, бір сәтте бола қалған тылсым-ғажайып құбылыс емес еді. Түркітану ғылымының екшеліп, қалыптасып, тамыр жаюына, қазақ топырағында өніп-өркендеуіне қазақ халқының көптеген дарынды ұлдары мен қыздары жанын салып қызмет еткені сөзсіз. А.Байтұрсынов ақсақалдан басталған ғалым-зерттеушілер көші жөңкіліп жолай жаны жайсаң, танымы терең, ықыласы ерен тұлғалармен толығып, уақыт сынынан өте білді. Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, Ә.Құрышжанов, І.Кеңесбаев, Ш.Сарыбаев, Қ.Жұбанов, Р.Әміров, М.Балақаев, М.Жолдасбеков секілді ғылым айдынында өз кемелерін жүздірген ғалымдар шоғыры түркітану ғылымының іргетасын қалап, кірпішін өріп, еңсесін биіктеткен тұлғалар. Осындай алыптар арасынан Қ.Ергөбек есімі де хақылы түрде өз орнын иемдені даусыз. Қ.Ергөбек шоқтығы биік, беделі басым, тұлғасы танымал ғалымдардың бірі әрі бірегейі екені талас тудырмаса керек.

Түркітанудың ғылыми қолданысқа өзінше бір сала болып енуіне түрткі болған Енисей мен Орхон бойындағы жазбалардың табылуы екені белгілі. Осыдан кейін Азия құрлығының орталық бөлігін мекендеп өткен ежелдегі түркілердің тайпаларынан қалған жәдігерлерге жіті назар аударыла бастады. Олардың тілі, тарихы, әдеби туындылары, мәдеиетінің материалдық және рухани мұралары тереңдей зерттеле бастады. Келесі кезеңде түркілік жәдігерлерге қоса парсының, арабтың орта ғасырлардағы жазбаларында қатталған тарихи-жылнамалық мәліметтер, жағрапиялық шолулар, тіл мен сөз заңдылықтары турасында жазылған туындылар зерделеу нысанына айналып, түркітанудың даму динамикасы артты, арнасы толығып, аясы кеңіді, өресі өсе түсті.

Пәндік тұрғыда саланың қалыптасуына алдыңғы ғасырдың соңы мен өткен ғасырдың басында зерттелуі қызығушылыққа ие болған филология саласындағы туындылар мен әдебиет арнасындағы еңбектердің ролі ықпалды болды. «Түрік тілінің диуаны», «Құтты білік» сөздігі», «Тарих-и-Рашиди», «Жылнамалар жинағы», «Жәмиғи Тауарих» туындылары түркітанудың екпіндей орнынан тұруына себеп болды. Түркі тайпаларының этнографиясы, тарихы, лингвистикасы, фольклористикасы жинақталған бұл туындыларды түркітанушы ғалымдар жан-жақты саралап зерттеді, зерделеді, сөйтіп оқырмандарға, ғылыми ортаға тың да тұщымды дүниелер ұсынды.

Түркітекті халықтар өзіне тән дәстүрлерге, мәдени-тарихи мұраларға, сан қырлы әдеби жәдігерлерге бай қауымдастық екені сөзсіз. Таста өрнектелген руна жазбалары, балбал тас мүсіндері, түрлі тәсілмен жазылған жазба ескерткіштері түркітанулық ғылыми зерттеулердің негізгі нысаны, қайнар көзі болды. Түркітанудың ғылыми бағытын айқындап, бағдарлауда В.В.Радловтың есімі айрықша аталуы заңды. Түркітілдес халықтар құрамындағы қазақ халқының да тілдік мәселелері ғалымдардың назарынан тыс қалмады. В.В.Радлов шәкірттерінің арасынан Мелиоранский П.М. қазақтың тілдік грамматикалық құрылымын алғаш болып зерттеп, жүйелеп жазып, қалыптастырушылардың бірі саналады. Ол еңбегі «Қазақ-қырғыз тілінің қысқаша грамматикасы» (1894) деген

атпен жарық көрген. Сондай-ақ Күлтегін жазбаларын магистрлік зерттеуіне арқау етіп алуы түркітанудың топырағы құнарлана түсуіне атсалысқан еңбегі саналды.

Әлбетте, түркітанудың, соның ішінде қазақ тілінің зерделену барысына айрықша еңбек сіңірген ғалымдардың бірі А.Байтұрсынов болатын. 1912-1925 жылдар арасында бірқанша рет қайта басылған «Оқу құралы» еңбегінің маңызы үлкен. А.Байтұрсыновтың «Тіл құрал» еңбегі 1930 жылға дейінгі кезеңде оқулық есебінде қолданыста болып, қазақ тілі құрылымының өзіне сай табиғилығын, ерекшеліктерін сақтай отырып тіл мәселелерін жүйелеп қарастырып, түсіндіріп беруімен артықшаланды.

Бүгінде түркітану ғылымына деген қызығушылық, сұраныс еселеп артпаса, бір мысқал да кемімегені айқын. Кеңес дәуірі тұсында бұл ғылым негізінен саясиландырылып, жалпы КСРО тарихының құрамдас бір бөлігі ретінде қаралып, сол аяның шегінде құрсалғаны белгілі. Қызыл империя аумағының шығыс тарапын түгелдей дерлік түркітектес халықтар мекен еткен.

Есімі ғылыми ортада орныққан түрколог ғалым С.Е.Малов пікіріне қарағанда, тегі түркі тайпалар дәуіріміздеп алдыңғы V ғасырлардың шамасында заманауи мекендеген аймақтарында тұрып жатқан. Қала берді биліктерінің ауқымы бұдан да алыс аймақтарға таралған. Арғы басы Дунай жағалауынан бастап бергі қиыры Қытайдың аумағына дейінгі ұлан-ғайыр даланы түркі тайпалары қолында ұстаған. Орыс халқының академигі, фольклор жанрының білімпазы В.М.Жирминскийдің айтуынша, гректердің «Одиссеясы» мен түркілік «Алпамыстың» оқиға өрілімі үндестігі осы елдердің өзара байланысы ерте дәуірлерде орныққанын көрсетеді.

Қазақ ғылымындағы түркітану дегенде Б.Кенжебаев есімі ерекше аталуы заңды. Ол 1959 жылы ғылыми ортаға қазақи әдебиеттің тамырын түрік қағанатынан бастап тарату керектігін ұсынып өз тұжырымдарын назарға ұсынған [1]. Содан кейін де көптеген білікті шәкірттер тәрбиелеп өсіріп, түркітанудың өзіндік мектебін қалыптастырған дара тұлға. «Қазақ әдебиеті тарихын зерттеу мектебі – Б.Кенжебайұлы есімімен тығыз байланысты аталады. Б.Кенжебайұлы шәкірт тәрбиелеген ұлы ұстаз. Р.Бердібай, Т.Кәкішев, Х.Сүйіншәлиев, Т.Қожакеев, М.Жолдасбеков, Қ.Сыдықұлы, М.Мағауин, Р.Нұрғалиұлы, А.Қыраубаева, Ш.Ыбыраев – бәрі де Бейсембай Кенжебайұлының «Әдебиет тарихын зерттеу» мектебінің түлектері» [2]. «Түркі халықтарының ежелгі дәуірде жасаған әдеби мұрасына қазақ халқының да мұрагер болуына құқылы деп таныған Бейсенбай Кенжебаев мақсатты жоспарлар құрып, орнықтырды. Бейсекең бойын жасырған тұлпар сияқты сырттай қарасаң момын, ішкі дүниесі астаң-кестең болып тұратын кісі еді. Өте ғұлама ғалым еді, Бейсекең. Сол биязылығына қарамай сұмдық батыл болатын»[3].

Қ.Ергөбек осы Б.Кенжебаев сынды сұңғыла тұлға қалыптастырған мектептің уызына жарыған түлегі, жалғастырушысы, дамытушысы. Ол өзі ұстазы жайында: «Түркі халықтарына ортақ кезеңдерден бастау алатын қазақ әдебиеті тарихының Бейсембай Кенжебайұлы жасаған дәуірлеу жүйесі қазір мейлінше мойындалған,

мектеп оқушыларынан бастап жоғары оқу орындарына дейін оқытылады. Сонымен қатар, бас-басына атап айтар болсақ, профессор Бейсембай Кенжебайұлы әдебиетіміздің түркі халықтарына ортақ ежелгі дәуірі, қазақ хандығы тұсындағы әдебиеті, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті кезеңдерін тың проблема ретінде алғаш көтеріп көпке жеткізген, концепцияға айналдырып әдебиетте орнықтырған табанды, көреген ғалым» [4], - деп атап өткен.

Қазақ тілінің зерттелу аймағы түркітанудың салаларының бірі болып саналады. Түбі түркілік рухани-мәдени, әдеби жәдігерлерді саралау Қашқарлық Махмұт бабамыздан қалған «Диуани Лұғаттан» бастап өрістейді. Түркітілді қауымдардың көп бөлігі мекендеген аймақтар өз кезінде империялық Ресейдің қоластында болғандықтан ғылым ретінде түркітану саласының туындауы Ресеймен байланысты аталады. Түркілерден бізге жеткен ежелгі ескерткіш-жәдігерлерді зерттеу, түркілік тілдер тобының тарих толқынындағы тербелістерін бағамдау, өсу, қалыптасу, даму жолын зерделеу ісінде көптеген ғалымдар еңбек етіп келеді. Солардың арасынан Ә.Керімов, М.Ибатов, Ж.Манкеева, Б.Сағындық, Ә.Қайдар, А.Аманжолов, М.Томанов, Б.Әбілқасымұлы, Ғ.Айдаров есімдерін атауға болады.

Кеңестер одағы ыдырап, оның құрамында болған түркітілдес, түркітектес мемлекеттер өз тәуелсіздігін алуымен түркітанудың жаңа, жарқын кезеңі басталғаны даусыз. Түрколог ғалымдар бұған дейін партиялық саясатқа жалтақтап, зерттеулері мен жарияланымдарында белгілі деңгейде шектелуге мәжбүр болған болса, замана бағытының, саяси ахуалдың оң жамбасқа ойысуына орай мол еркіндікке қол жеткізді. Ендігі жерде түркітілді әр мемлекет өзінің тарихын, мәдениет, тілін зерделеп-зерттеудің бағдарын өздері белгілеп-айқындауға мүмкіндік алды. Қазақстан басқа туыстас түркітілді елдермен байланысын нығайтып, ғылым саласындағы ынтымақтастықты нығайтып, дамытып келеді. Мұның бір мысалы ретінде халықаралық «Түркі академиясы» ғылыми-зерттеу орталығын келтіруге болады. Зерттеу нысаны ретінде түркі дүниесін негізге алған халықаралық ғылым орталығы 2010 жылдан бері жұмыс істеп келеді [5].

Кеңес дәуірінде түркітану ғылымының негізі қаланды дегенмен, сол дәуірдегі саясат салқыны бұл өскелең саланың желкен жаюына еркіндік бере бермегені ақиқат. Қазақтың көптеген эпостық жырлары «буржуазиялық, ұлтшылдық» қамытын кисе, түгел түркі иістінің тұтастығы жайлы ойлар «пантүркілік» айыпты арқалады, «хандық құрылымды көксеген» деген секілді ғылым талабын тежеп, зерттеушілердің ұмтылысын тасқа ұрғандай қиындықтар тудырып отырды. Бұл өз кезегінде түркітану ғылымының ерте көктеуіне кедергі келтіріп, қанатын қайыстырды. Айтылуы тиіс, ойлы ортаға жетуі керек болған қордаланған тұжырымдар мен жинақталған мәліметтер я астарлау арқылы айтылуға көшті, я жасырын әңгіменің кейпіне өтіп білгенін айтуға тілдері қысқа білімдарлар арасында сыбырлап айтылатын күйде болды. Бұл, әрине, өте өкінішті жағдай еді. Бұл тәртіпке көнгісі келмегендер ғылыми ортадан аластатылып, бастары істі

болып жатты. Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов секілді ғалымдар қуғын көріп, тарихты тереңінен зерделеген Е.Бекмаханов сотты болып кеткені бар. Заңғар жазушы М.Әуезовтың өзі қызметтен шеттетіліп, Б.Кенжебаев жұмысынан қуылған, партия қатарынан шығарылған.

Осындай қиындықтарға қарамастан Б.Кенжебаев ғалымдық ұстанымына беріктік танытып, қазақи әдебиет тамыры орта қағанат үстемдік еткен кезеңнен басталатыны, бұл дәуірде түркі тектілердің әдебиеті бір болғаны жөнінде тұжрымынан танбаған. «Қазақ әдебиетінің түркі халықтарына ортақ ежелгі кезеңін қазақ әдебиеттану ғылымында тұңғыш мәселе етіп көтерген, оны айтыс – тартыста негіздеген көрнекті ғалым»[6]. «Әдебиет тарихын дәуірлеудегі Б.Кенжебаев ұстанымы өміршеңдігін дәлелдеді, өз нәтижесін көрсетті. Соңғы елу жылға жуық уақыт бойы ғалым идеясы жүзеге асып, жоғары оқу орындары мен мектептерде қазақ әдебиетінің тарихы ежелгі түркі халықтарына ортақ дәуірге дейінгі кезең қамтыла оқытылып келеді» [7].

Қ.Ергөбек ғалымдық, азаматтық, шәкірттік тұғырының биіктігін көрсетіп, Түркістан қаласында «Бейсембай Кенжебайұлының Түркітану мұражайын» ұйымдастырды. Бұл қадам ұстазын ұлағаттаудың үлгісі болумен қатар алдына маңызды мақсаттар мен міндеттер қойған түркітану секілді текті ғылымның табаны нықталып, талабы өрістеуіне қосылған үлесті амал болатын. Осы бағытта «Түркі тілдес халықтар кітапханасын» ұйымдастыруы да аса салауатты, көргенді шаралардың бірі болды.

Қ. Ергөбек қаламынан көптеген шығармалар туындады. «Сәбит Мұқанов», «Мейірім шуағы», «Баянғұмыр», «Қарасөз», «Жан жылуы», «Өлеңсөз», «Қазақ совет балалар жазушылары», «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», «Сарасөз», «Адасқандар ақиқаты», «Өтебай Тұрманжанов», «Сібір сабақтары», «Арыстар мен ағыстар» секілді еңбектері қаламгердің талантын танытқан дүниелер еді. Бұдан бөлек мерзімді баспасөздерде екі мыңға тарта түрлі тақырыптағы мақалалары жарық көрген. Қ.Ергөбек профессор, «Парасат» ордені иегері, Жазушылар Одағының басқарма мүшесі, «Алаш» халықаралық әдеби сыйлығының лауреаты, Мемлекеттік стипендия иегері. Ғалымдық, қаламгерлік қабілетін іскерлікпен жалғап «Қ.Ергөбек зияткерлік мектебі» мекемесін ашқан.

Кешегі ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы деректер бойынша әлемде түркітектілер саны 130 млн. адамнан асып жығылған екен. Одан бері екі онжылдықтан асқан уақыт өткенін, жер бетінде халық саны артып келе жатқанын ескерсек, бұл көрсеткіш бүгінгі таңда жүз млн.ға артып, жалпы саны 230 млн-ға жуықтап қалғаны ашық дерек көздерінде айтылуда [8].

Тегі бір, түбі туыс, тарихы тамырлас, әдебиеті мен мәдениеті ортақ, материалдық және рухани жәдігер-байлықтары әлемдік мәдени құндылықтардың қатарын толықтырып келе жатқан түркітектес халықтардың ынтымағы бекіп, ықпалдастығы ымыраласып, өзара түсінісулері арта беруі бұл халықтардың әлемдік қауымдастық алдында беделдерін биіктетіп, абыройларын жоғарылатары

сөзсіз. Бұл мақсаттарға жетуде түркітану ғылымының, бұл салада еңбек етіп жүрген ғалым-зерттеушілердің қосар үлесі орасан зор.


**Әдебиеттер:**

1. https://abai.kz/index.php/post/487.
2. Ергөбек Қ. Сарасөз. – Алматы, «Қазақстан» баспасы, 2013.
3. https://egemen.kz/article/179612-turkologiyadaghy-ozekti-maseleler-aytyldy.
4. Ергөбек Қ. Сарасөз. – Алматы, «Қазақстан» баспасы, 2013,117-бет.
5. https://www.inform.kz/kz/turki-kenesi-tarihy-kurylymy-perspektivalary_a3769991.
6. Сартбаева Д. Бейсенбай Кенжебаев – қазақ әдебиеті тарихын зерттеуші. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Түркістан, 2002.
7. Алпысбаев Қ. Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеуде Бейсенбай Кенжебаев ұстанымы // Түркі өркениеті және тәуелсіз Қазақстан, І т. – Астана, 2011.
8. Түркілер — Уикипедия (wikipedia.org)


**ӘӨЖ**

# КӨНЕ ТҮРІК ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫР ӘДЕБИ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРДЕГІ БӨРІ БЕЙНЕСІ


**Әбдіхамидқызы Б.** – М1701-11 тобының магистранты

**Ғылыми жетекшісі: Мыңбаева А.П.**– PhD доктор

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент



*Резюме:*

*В статье говорится об использовании образа волка в древнетюркских и средневековых литературных памятниках.*

*Summary:*

*The article talks about the use of the wolf image in ancient Turkish and medieval literary monuments*


Махмұт Қашқари «Түрік сөздігінде» і: БӨРІ BӨRI بُرِى Мақалда былай деп келген: ماْسِ» **Бөрі:** jemes қошпысып Бөri بُرِى قُوْشنِيِسْن يي қошнысын иемес – **Бөрі** қоңсысын жемес; (**Бөрі** көршісін жемес)». Яғни, бөрі екеш бері де өзінің іргелес көршілерін жемейді. Бұл мақал көршіні сыйластықпен құрметтеу қажеттігіне үндейді. Көне жазба ескерткіштерімізден бастап бөрі атауының, бөрі бейнесінің кездескенін байқаймыз [3].

Түркілер өздерінің ата-тегі қасқыр деп санаған. Осы қайратты да ерікті, айлакер де ақылды түз тағысы жаулардың шабуылынан қырғынға ұшыраған тайпаның ең соңғы ұрпағы, кішкентай сәбиді желеп-жебеуші, асыраушы, құтқарушы болып танылған. Бағзы заманда түркі тайпалары қасқырды «Көк құрт» деп атаған. Мұндағы «көк» сөзі «аспан» және «көк түс» деген мағына береді. Сонымен бірге аспан құдайы Тәңірдің қасиетті символдық түсі көк түс. Ал

«құрт» сөзі «құтқару», «аластау» мағынасындағы қазіргі түрік тіліндегі «куртулуш» сөзінің түбірі. Осы деректерге сүйенсек «Көк құрт» сөзінің толық мағынасы бүкіл бір тайпаны мүлдем құртып кетуден аман сақтап қалу үшін құдай жіберген «аспаннан (көктен) келген құтқарушы». «Көк» сөзінің де мағынасы зор. Негізінен айта кететін жайт, түркілердің өздері көк, қызыл, сарыға бөлінген. Оның ішінде «көк» шығу тегінің асылдығын, қоғамда алатын жоғарғы орнын көрскеткен [1]. Түркілердің шығу тегі көне түркі тілінде айтсақ «Көк құртқа», қазақша айтсақ «Көк бөріге» тығыз байланысты екендігін дәлелдейтін бірнеше аңыздар бар [2]. Көк бөрі тотем түркілер өмірінде үлкен орын алып келеді. Тіпті Қытай ғалымдары «түркі қағаны» мен «бөрі» сөзі синоним, бір ұғымды білдіреді деп таныған.

Ежелгі түркілер туға алтынмен әріптелген бөрінің басын бейнелеген. Ал, түркі қағандары шет елден келген елшілерді бөрінің басы салынған туды көрсеткенде ғана қабылдап отырған. Осындай қасиетті де, қадірлі Көк бөрі бейнесі барлық түркі халықтарының ежелгі дәуір әдебиетінде, фольклорында есте жоқ ескі заманнан келе жатқан образ. Оны көне түркі жазба ескерткіштерінен кездестіре аламыз. Соның бірі – XIII-XV ғасырларда жазылған, түркі халықтарына ортақ көне мұрағат «Оғыз-наме» дастаны Дастандағы «Ұранымыз Көк бөрі болсын» деген тіркестің үлкен мәні бар. Мұндағы ұран дәрежесіне дейін көтерілген Көк бөрі түркі тілді халықтардың аса қадір тұтып, табынатын киелі де, қасиетті аңы.

Көк бөрі бейнесі Әлем әдебиетінің інжу-маржаны «Қорқыт ата кітабында» да ұшырасады. Көк бөрі бейнесі ауыз әдебиетінде хандар мен батырлардың ұлылығын, ерлігін суреттеуде бірде-бір теңестіріле көрсететін образ.

Қазақтың эпостық жырларында бөрі бейнесі ылғи да ұнамды сипатта алынып, жауға жалғыз шапқан батырдың асқан ерлігін суреттеу мақсатында қолданылады. Қазақ эпостарында Көк бөрі ерлік пен батырлықтың баламасы ретінде алынған.

Басқа да түркі халықтарының эпостарында қасқыр бейнесі көп кездеседі. Хақас халқының халық эпосы «Албынжида» Ақпуур яғни, Аққасқыр Албынжи батырдың басты көмекшісі қызметін атқарады Алтайдың батырлық эпосы «Ақ Тойчыда» Ақ қасқыр басты қорғаушы рөлін атқарады. Қиын-қыстау кезде ол адам кейпіне еніп, бас кейіпкердің ағасы болады.

Түркі халықтарының ертегілерінде де Көк бөрінің өзіндік бейнесі сомдалған. Ертегілерде қасқыр мен адам қарым-қатынасын бейнелеу эпостық жырлардан гөрі өзгешелеу құрылған. Қиял-ғажайып ертегілердегі қасқырлар басты кейіпкерлермен адамша сөйлесіп, достасып жүреді. Қиын-қыстау кезеңде адамға жол көрсетіп, түрлі кедергілерді жеңіп, арман-мақсатына жетуіне көмектеседі. Татар халқының ертегілерінде бас кейіпкер қиналған кезде әдемі жас жігітке айналып отыратын қасқыр бейнесі жиі кездеседі. Ал оңтүстік Сібірдің бір ертегісінде мынадай оқиға айтылады: бір балаға биеге мініп аспанға ұшады. Хан

он екі бөріні қуғынға жібереді. Мұндағы 12 бөрі – Күнді, бірінің артынан бірі қуып келе жатқан 12 айды білдіреді. Ал, Бие Шығыста, әсіресе, түркілерде (Сақтар, массагеттер) Күннің символы болып саналады. Яғни, Күн ең жүйрік шырақ, жер бетіндегі ең жүйрік жануарлармен теңестірілген. Сонымен бұл ертегідегі 12 бөрі Әлемді қозғаушы күш ретінде Күнді қуалап қозғалысқа келтіруші қызметін атқарып тұр.

Түркі халықтарының фольклорында Көк бөрі туралы аңыздарды да көптеп кездестіреміз. Қырғыздар мен түркімендердің аңыздарында Көк бөрі ұрпақ таратушы Ана ретінде көрінеді.

Көк бөрі бейнесі түркі халықтарының мақал-мәтелдерінде, қанатты сөздерінде үлкен орын алған. Анатолы түріктерінде батыр адамдарды «бөрі тектес» деп атайды, ал азербайжандарда ер жүрек адамдарды «қасқырдың жүрегін жұтқан» деп немесе «бөрі баласы, бөрі болады» деп дәріптейді. Сонымен қатар «ер азығы мен бөрі азығы жолда», «бөрі арықтығын білдірмес, сыртқы жүнін қампайтар», «қасқыр да қастық қылмас жолдасына», «қасқыр ішігі бар кісі жолдасының тоңғанын білмес», «қасқыр қартайса да бір қойға күші келеді», «өлі бөріні ит аттамас» деген қазақ халқының мақал-мәтелдерінде бөрі бейнесі, мінез-құлқы жан-жақты ашылған.

Бөрінің орнына қасқыр келді, бірақ шын мәнісінде екеуі бір-ақ аң: бөрі деген – қасқыр, қасқыр деген –бөрі.Сырттай қарағанда, атау ғана ауысқан тәрізді болып көрінеді. Ал, шын мәнісінде... бәрі өзгерді. Кейінгі қасқыр – бұрынғы бөрідей бола алмады. Ырыс, ұран, батыр болған Бөрі енді қасқыр болып сорға айналды, ұранға ене алмады, оның ерлігінің өзі қарақшылыққа саналды. Барлық асқақ сыпат, жақсы қасиет – бөрінің бойында қалды. Абыройсыз істің бәрі қасқырға телінді. Баяғы құрт пен шенеден, кешегі бөріден қалған бақ, көшкен рух қасқырға қонбапты.Қасқыр – даланың төрт аяқты жыртқыш, қорқау, жебір, рахымсыз аңы ғана емес, жұттың бір ағайыны – жау екен.Бұрын батырды бөріге теңесе, енді қадыр-қасиеттен ада зұлым адамды қасқырға теңейтін болыпты. Дегенмен, қасқыр мен бөрі – атауы бір, түп негізі ортақ, бір-ақ мақлұқ емес пе? Қасқыр қанша азса да, оның бөрі атауының ескірмеу себебі неде, қасқырға қашан, қалай айналғаны туралы ой толғайды.

Әдебиет:

1.Акишев А. Искусство и мифология саков. –Алма-Ата: Наука, 1984. -176 б.
2.Гумилев Л. Древние трюки. –М.:АН СССР. Институт народов Азии, 1967. – 504 б.
3.Махмұт Қашқари «Түрік сөздігі» 3 том 272-бет

**ӘОЖ 81.512**

# ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ДАУЫССЫЗ ФОНЕМАЛАР ЖАЙЫНДА

**Құрбанов А.Г. ф.ғ.к., доцент, Кеңесбай С.М.**
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті. Шымкент. Қазақстан
**Мусакулова Г. С.**
Ж.Аймауытов атындағы № 64 мектеп гимназиясы. Шымкент. Қазақстан

*Резюме*
*В этой статье рассказывается о согласных фонемах в тюркских языках.*

*Summaru*
*This article talks about consonant phonemes in Turkic languages.*

Түркі тілдерін тілдік (фонетикалық, морфологиялық) тұрғыдан топтастыру-классификациялау, сөйтіп әрбір тілдің түркі тілдері құрамындағы орнын айқындау М.Қашқаридан басталады. Әйтсе де, классикалық тіл білімі түркі тілдерін ғылыми негізге сүйеніп топтастырудың тарихын XIX ғасырдан бастайды. Олардың өзара байланысы мен классификациясын анықтау түрколог-лингвисттер үшін ерекше маңызды мәселелердің бірі болып табылады [1, 221]. Бұл тілдер бір тамырдан өрбігендіктен түркологтарға салыстыра отырып зерттеу арқылы бұлардың генетикалық байланысын анықтау қиынға соқпады.

Көптеген түркологтар, В.В.Радлов, Н.Вамбери, Н.Ф.Катанов, Ф.Е.Корш, А.Н.Самойлович, В.А.Богородицкий, С.Е.Малов, Н.А.Баскаков сияқты көрнекті ғалымдар, түркі тілдерін классификациалауда аса құнды пікірлер айтқаны белгілі.

В.В.Радловтың [2] жасаған классификациясында түркі тілдерінің өзіндік өзгешеліктерін көрсете келе, олардың фонетикалық өзгешелігіне тоқталған да, ал этникалық жағы есепке алынбаған. Г.А.Вамбери барлық түркі тілдерін түрік тілінің диалектісі деп қарайды. Н.Ф.Катанов [3] түркі тілдеріне этнографиялық шолу жасай келіп, төрт топқа бөледі. Бұл классификация әрбір түркі тілінің өзгешелігі жайында айтылмаған. Оның үстіне кейбір түркі тілдері мүлдем аталмай қалған. Ф.Корштың классификациясы түркі тілдерінің фонетикалық және морфологиялық өзгешелігі жайында сөз етіліп, олардың тілдік материалдарын талдау негізінде жасалған. В.А.Богородицкий түркі тілдерін классификациялағанда олардың территориялық орналасуын, әрбір тілдің географиялық орнына байланыстырған [4].

Атақты түрколог С.Е.Малов [5, 10-25] түркі тілдерінде жазылған ескі жазба ескерткіштерді зерттеп, олардың тарихын, бір-бірімен қарым-қатынасы негізінде фонетикалық өзгерістерін салыстыра келіп, шығыс түркі тілдерінің батыс түркі тілдеріне қарағанда ескі элементтерді көп сақталғандығын дәлелдейді. Бұрынғы жасалған классификацияларға қарағанда, көбінесе дыбыстардың өзгешелігін есепке алып, барлық түркі тілдерін ең көне, көне, жаңа, ең жаңа деп 4 топқа бөледі.

Н.А.Баскаковтың классификациясын түркі тілдерінің ең толық жасалған, классификация екенін көптеген ғалымдар мойындайды [1, 10-11]. Ол түркі тілдерінің фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктерін анықтайтын кең көлемді

тіл материалдарын зерттеп, оны түрлі жағдайлармен байланыстырады. Осының нәтижесінде барлық түркі тілдерін батыс ғұн және шығыс ғұн бұтағы деп екіге бөледі [1].

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі жөнінде алғашқы мәліметті Н.И.Ильминскийдің "Материалы к изучению киргизского наречия" атты еңбегінен кездестіре аламыз. Н.И.Ильминский қазақ тіліндегі дыбыстарды екі топқа жіктеп, дауыстылардың 9 түрін *(а, ә, е, ы, і, о, ө, у, ұ)* дауыссыздардың 18 түрін *(п, б, м, ф, д, н, з, ш, с, р, л, у, ж, қ, ғ, к, г, ң )* атап өтеді [6, 5-31].

Түркі тілдерінің фонетикасын зерттеуде В.В.Радловтың сіңірген еңбегі зор. Ол алғаш түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасын жазып, онда қазақ тілінің фонетикасы жайында сөз етті [2, 67-117]. Ғалымның "Фонетика северных тюркских наречии" атты еңбегі күні бүгінге дейін ғылыми мәнін жоғалтқан жоқ, мұнда қазақ тілінің фонетикасының көптеген мәселелерін, атап айтқанда, дыбыс құрамы, дыбыстардың тіркесу заңдылығы, сингорманизм құбылысы, екпін категориясы сияқты өзекті мәселелер түркі тілдерінің материалдарымен салыстырыла сөз болады. Бұл еңбекте қазақ тілінің дыбыстық жүйесі біршама шешімін тапқан. Ол қазақ вокализмі тоғыз дауыстыдан *(а, ә, е, о, ө, ы, і, ұ, ү)*, консонантизм саласы жиырма дауыссыз қатаң (қ, *к, т, п, с, ш)*, ұяң *(ғ, г, д, б, з, ж)*, үнді *(н, ң, м, р, л)* және аралық немесе жарты дауысты *(у, й)* дыбыстар төрт түрлі акустико-артикуляциялық топқа жіктеген [2, 9-11].

Тілдің өзіне лайық ерекшеліктерін тіл дамуының ішкі заңдарын зерттеумен байланысты белгілі бір тілдің немесе тілдер тобының фонетикалық заңдарын білуге болады. Тілдің грамматикалық құрылысы мен сөздік қоры. Бұл екеуі жиналып, тілдің құрылымы болатыны анық. Тілдің грамматикалық құрылысы да, лексикалық құрамы да фонетикалық құбылыстармен тығыз байланысты. Кез келген дыбыстардан немесе дыбыстар тіркесінен қалай болса солай сөз жасауға да, грамматикалық тұлға жасауға да болмайды. Лексикалық элемент те дыбыстардың белгілі жүйелі тіркесі арқылы жасалады. Бұдан дыбыс тіркесі мен сөздің мағынасында өзара табиғи байланыс бар деп түсінбеу керек. Заттың қасиеті тіл дыбыстарымен табиғи байланыста болса, адамзат бір-ақ тілде сөйлер еді де, сөзде бір мағынадан артық мағынада болмас еді. Жер шарындағы екі мыңға жуық тілдерде ұғымы ортақ, қасиеті ортақ арнаулы бір зат әр түрлі дыбыстар тіркесі арқылы айтылуы дыбыс пен сөз мағынасының өзара табиғи байланысы жоқ екендігін көрсетеді. Бірақ арнаулы бір тілде немесе өзара туыстас тілдер тобында белгілі дыбыстар тіркесі белгілі мағынаны білдіруі тілдік дәстүрге айналған. Олай болуы нақтылы бір тілдің бірнеше ұрпаққа ортақ екеніне байланысты. Тек, осы мағынада ғана тілдің фонетикалық жүйесі, лексикалық, грамматикалық қағидалары ішінара бір-біріне әсер етеді. Демек, фонетикалық өзгерістер сол грамматикалық лексикалық өзгерістерді түсінуге қандай қажет болса, керісінше, бұл соңғы өзгерістер фонетикалық өзгерістерді түсінуге сондай қажет.

Фонетиканың зерттейтін объектілерінің бірі - фонема.
Фонетикалық заңдарды білуде фонема туралы мәселенің де ролі бар.

Фонема жөнімен бірқатар дұрысырақ пікір айтқан кісі - Л.В.Щерба. Бұл ғалымның ойынша «сөз бен оның формаларын дифференциялайтын, яғни адамның қатынас жасау мақсатына қызмет ететін», дыбыстардың типтері фонема болып есептелінеді. «Тілде нақты кездесетін дыбыстар - бүтіннің (яғни фонеманың) бөлшегі арқылы көрінісі жалпының (яғни фонеманың) тілде нақты айтылатын осындай түрлері - фонеманың варианттары деп аталады.», -дейді Л.В.Щерба [7, 9-11]. Л.В.Щербаның айтуынша «сөздің және сөздің тұлғасын ажырататын дыбыс типі, дыбыстың айтылу түрі көп, шегі жоқ, бірақ олар орайласып бір дыбыс типін құрайды, оны фонема деп ұғамыз [8,19-21]. Л.В.Щерба фонема жөніндегі теорияны жасады. Л.В.Щерба тілдің дыбыс кезеңдерін үш аспекті бойынша қарайды, оның бірі - социалдық немесе лингвистикалық аспекті, екіншісі -- биологиялық аспекті, үшіншісі - физикалық аспекті. Бұл үш аспекті бойынша қазақ тіліндегі «жаз, жез, жөн, жон» сөздеріндегі дыбыстарды талдап қарайтын акустика-физиологиялық жағынан қарағанда, жоғары төрт сөздегі дыбыстардың тең еместігін байқаймыз. Мысалы, төрт сөздің басындағы «ж» дыбыстары өзара салыстырғанда төрт түрлі айтылу ерекшелігі бар: бірінші сөздегі «ж» - дан гөрі екінші «ж» жіңішке - тілдің алдыңғы базасымен жасалып түр. Екінші сөздегі «ж» - дан гөрі үшінші сөздегі «ж» жуан- тілдің артқы базасынан жасалып, ерін аттеногімен айтылып тұр. Ал, төртінші сөздегі «ж» дыбысына қарағанда, бірінші сөздегі «ж» дыбысы жуан айтылады да, бірақ айтылуында акусика - артикуляция жағынан тең деуге болмайды.

Осы сөздердің ашық дифтонг түрінде айтылғанындай етіп жазатын болсақ, «й» деп жазар едік. Ал, екінші буындағы «е» дыбыстары ондай ашық дифтонг түрде айтылып тұр. Осыған қарай екеуін екі түрлі фонема деп атауға болмайды. «Е» дыбысы фонетикалық жағынан екі түрлі көріністе айтылғанымен, екеуінің арасында мағына айқындау кезеңі жоқ. Олай болса, «е» - нің екі түрдегі көрінісі бір фонемаға орайласады. Сөздің аплаутпозициясындағы ашық дифтонг «йэ» қазақ тіліндегі «е» фонемасының ашық конкреттік көрінісі. Екіншіден, дауыссыз дыбыстар акустико - физиологиялық жағынан алғанда қазақ тілінде де, орыс тілінде де жуан және жіңішке түрінде айтылады. Мысалы, орыс тіліндегі «мель, мел, пыл, пыль, мол, моль» сияқты сөздерде «л» дыбыстары жуан да, жіңішке де бола береді. Осы сықылды қазақ тіліндегі «қол, көл, пал, піл, бал, бөл» сөздеріндегі «л» дыбыстары жуан да, жіңішке де айтылады. Демек, «л» дыбысының екі тілде де жуан, жіңішке көрінісі бар. Ал, осы екі тілдегі «л» дыбысының жуан -- жіңішкелік көрінісі лингвистикалық жағынан бірдей емес. Орыс тіліндегі «л» дыбысының жуан-жіңішкелік көрінісі сөз мағынасын айқындауға қатысады да, қазақ тіліндегі «л» дыбысының жуан-жіңішкелік көрінісі сөздің мағынасын айқындауға қатыспайды. Олай болса, орыс тіліндегі «л» дыбысының жуан түрі бір фонемада, жіңішке түрі екінші бір фонемада, ал

қазақ тілінде ондай емес, екеуі бір фонеманың көрінісі. Екеуінің арасында фонетикалық ерекшелік жоқ. Демек, тілдердің дыбыстары акустикалық-артикуляциялық жағынан жалпы үйлес келгенімен лингвистикалық жағынан үйлеспейтінін байқаймыз. Бұл жағдай әр тілдің фонема жүйесінің қасиеті.

«Фонология» фоно - «ұғым, ілім» фонетиканың тіл дыбыстарын, оның құрылыстарын фонетикалық тұрғыдан тексеретін саласы. Бұл термин фонетиканьщ синонимі ретінде де қолданылады [9].

Фонетика көбіне тіл дыбыстарының артикуляторлы-акустикалық кезеңіне, фонология болса, тіл дыбыстарының атқаратын қызметіне аса назар аударады. Фонетиканың теориялық мәні ерекше. Тіл тарихы, этимология, тіл туыстылығының, тілдердің қарым-қатынасының толып жатқан шым-шытырман мәселесі фонетикасыз шешілмейді. Тіл- тілдегі дыбыстық ұқсастықтарды, ортақ жайларды және жеке нақты заңдылықтарды ғылыми тұрғыдан білмейінше жеке бір сөздің шығу даму өзгеріс жолдарын білу, ол сөздің басқа сөздермен байланысын ашып айқындау мүмкін емес.

Фонетиканың практикалық мәні де айрықша. Фонетикасыз ана тілі дыбыстарын дұрыс айта білу, шет тілін үйреніп, ол тілде сөйлей білу, алфавит жасау, орфография, орфоэпия заңғдары мен қағидаларын қалыптастыру мүмкін емес. Әдетте бір тілдің дыбысы екінші тілде сөйлейтін адамға жат болып көрінеді. Әр халыққа өз тілінен басқа тіл - «тіл емес, бірдеңе» сияқты көрінеді. Ал, екінші тілде білген адамға олай емес. Соған көз жеткізетін нәрсе - сол тілдің фонетикасын меңгеру.

Қазіргі түркі тілдері өздерінің лексикалық құрамында, грамматмкалық құрылысында жалпы түрімен тектестігін сақтай отырса да, фонетикалық өзгерістерге ұшырағандығы анық сезіледі. Сол фонетикалық құбылыстар арқылы түркі тілдерінің бірі екіншісінен ажыратылады. Түркі тілдерін топтастырғанда, олардың жақындық немесе қашықтық дәрежесін анықтауға, тілдегі фонетикалық құбылыстар есепке алынады. Өйткені, фонетикалық құбылыстар дай тілдің болса да, лексикалық грамматикалық салаларымен тығыз байланысты, сөздік пен грамматикалық құрылыс тілдің мазмұнын құрайды да, дыбыстық жағы оның материалдық жамылғышын, оның физикалық формасын құрайды деп белгілі дәрежеде айтуға болады  [9, 21-38].

Әрбір тілдің лексикалык және грамматикалық салалары сол тлдің фонетикасымен тығыз байланысы. Дыбыстар сөз жасауға негізгі элемент болып қоймай, сол тілдегі бір сөзді екінші сөзден генетикалық байланысты бір тілді екінші тілден ажырату үшін де қызмет атқарады. Мысалы, үшін қала, дала, бала, жала, шала сөздерін салыстырсақ әр сөз өз алдына дербес мағынаға ие. Бұл сөздерді бір-бірінен ажыратуға себепші болып тұрған тек қана бастапқы қ, д, б, ж, ш дыбыстарының бөлек болуы, әйтпесе қалған ала деген бес сөзді бір сөз деп түсінуге болады. Кейде мұндай сөздерді осы мағынасында ажырату үшін контекст, ситуация керек болған болар еді.

Қазіргі түркі тілдерінің фонетикалық системасын бір-бірімен салыстырып зерттегенде ғана олардың жалпы ұқсастығы мен өзгешелігі байқалады. Ал, жеке тілдің өз құбылыстары сол тілге тән, өзіндік болып есептеледі, өйткені әрбір ұлт тілі даму мен қалыптасу жолында ұзақ дәуірлерді басынан кешірген. Сондықтан қазіргі түркі тілдерінің фонетикалық системасындағы ұқсастық пен өзгешелік дәрежесі де біркелкі емес бірқатар көне түркілік қасиетін көбірек өзгеріске түскен. Дегенмен, әрбір фонетикалық құбылыс белгілі бір заңдылықпен дамып отырады.

**ӘДЕБИЕТТЕР**


1. Баскаков Н.А. Введение в изучении тюркских языков.- М., 1969. – С. 221.
2. Хусаинов К.Ш. В.В.Радлов и казахский язык. Изд-во,Наука,- А., 1981.- С. 67-117
3. Катанов Н.Ф. Этнографический обзор турецко-татарских племен.- Казань, 1894.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.- А., Ғылым, 1966.- 360 б.
5. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности,- М-Л., 1951. Тексты и исследования. М-Л.: АН СССР. Институт языкознания, 1951. – 451 с.
6. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. - Казань, 1861.- С. 5-31.
7. Л.В. Шерба. Фонетика французкого языка. Издание третье М. 1948 г.
8. Севортян Э.В Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке: Опыт сравнит.исследования.- М.,1962.- С. 338-396.
9. Трубецкой Н.С. Основы фонологии. Пер. с немецкого. М., Изд-во иностр.лит., 1960.- 342 с.



**ӘОЖ 372.8:811.512.122**


# ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ТІЛДЕРІНДЕГІ ЗАТ ЕСІМ ТҮБІРЛЕРДІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ


**Құрбанов А.Г. ф.ғ.к., доцент. Эргешова С.Р.**
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті. Шымкент. Қазақстан
**Мусакулова Г. С.**
Ж.Аймауытов атындағы № 64 мектеп гимназиясы. Шымкент. Қазақстан



*Резюме*

*В данной статье говорится о морфологическом характере корней существительных в казахском и узбекском языках.*

*Summaru*

*This article talks about the morphological nature of the roots of nouns in the Kazakh and Uzbek languages.*


Түркі тілдеріңдегі морфологиялық өзгерістер фонетикалық өзгерістермен қатар жүріп отырады. Мұның өзі тілдің жалғамалық қасиетінен келіп шығатыны белгілі. Сондықтан да біз мақаламызда қазақ және өзбек тілдерінің даму

жолдарын салыстырмалы-тарихи әдіс негізінде барлағанда олардың фонетикалық және морфологиялық жүйесін қатар алып талдаймыз.

Зат есім түбірлердің морфологиялық дамуы көбінесе олардың фонетикалық өзгерістерден шығып отырады. Бұл туралы кезінде Н.К.Дмитриев былай деп жазған еді: «морфологический процесс оформления слова идет паралелльно с фонетическим процессом ассимиляции звуков аффикса звукам корня» [1, 16]. Ал Э.В.Севортян "Морфологическое строение слова в связи с другими его характеристиками" [2,113] атты мақаласында сөздің морфологиялық құрылымы оның фонетикалық құрылымымен байланысты" деген ой қорытады. Автор былай деп жазады. В фонетическом отношении грамматическая часть слова всегда или почти всегда зависит от лексической, так как за немногими исключениями, в подавляющем большинстве тюркских языков она подчиняется действию небното или небно-губного сингармонизма [2, 134]. Сөйтіп, біз қазақ және өзбек тілінің даму жолдарын салыстыруда осындай іргелі пайымдауларға арқа сүйейтін боламыз. Сөздердің даму жолдарын анықтауда олардың фонетика-морфологиялық жүйесін тығыз байланыста қарастыру өте қажет.

Сондықтан, қазақ және өзбек тіліндегі зат есім түбірлердің морфологиялық жүйесіндегі өзіне тән ерекшеліктер мен өзара өзгешеліктерді біз осы бағытта зерделеуге талаптанамыз.

В.Г.Кондратьев Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі сөздерді таптастыра келе, оларды семантикалық, морфологиялық, синтаксистік белгілеріне қарай былайша жіктейді:

| | |
|---|---|
| Зат есім | Етістік |
| Сын есім | Үстеу |
| Сан есім | Жалғаулық шылау |
| Есімдік | Демеулік шылау |
| Септеулік шылау | |

"Одно и то же слово может входить в разные части речи. Слово входит одновременно в разные части речи в том случае, если оно сохраняя целостность с лексико-семантической точки зрения входит в разные функциональные ряды, характеризующие разные части речи" [3,4]. Мұндай көзқарас түркітануда кезінде біраз сыналған да еді.

Ф.Ганиев тіл білімінде сөз табына жіктелу мен сөйлем мүшелеріне бөлінудің негізгі принциптеріне тоқтала келіп, сөз таптарына бөлгенде, олардың сөйлемдегі қызметіне назар аударудың қажетсіздігін ескерткен еді. Бұндай пікірлер қазақ тіл білімінде де болғаны белгілі. Осы тұрғыдан алып қарағанда қазақ тіл біліміндегі сөз таптарының бөлінісі түркітанудағы және жалпы тіл біліміндегі қабылданған ғылыми теорияларға жауап бере алады деп айтуға толық негіз бар. Сонымен, түбірлерді таптастыру жүйесін анықтап алған соң, олардың негізгі грамматикалық категорияларының ерекшеліктерін анықтауға болады.

Бұрыннан белгілі морфологиялық құрылыстың негізгі ұғымдарының бірі - аффиксация. Түркі тілдері типологиялық жүйеленуі бойынша жалғамалы сипатқа ие. Кей ғалымдар тілдерді типологиялық жағынан агглютинативті, флективті, аморфты, полисинтетикалық тілдер жүйесі деп бөлуге қарсы шығады. Кез келген тілдің тарихи дамуы барысында осы сипаттардың барлығы болады деген пікірді Б.Сағындықұлы да айтады. Дегенмен, қалай болғанда да, түркі тілдерінің жалғамалы қасиетке ие екенін мойындау қажет. Өзге тілдердің түрленуімен немесе сөзжасамдық сипатымен салыстырғанда, түркі тілдерінің өзгеруіндегі аффикстердің рөлі мен маңызы ерекше. Түркі тілдеріндегі аффикстердің қызметі сан түрлі және көп мағыналы болып келеді. Олардың әрқайсысының ішкі семантикалық зандылығы, қалыптасу жолы мен өзіндік мағынасы, тұлғасы, орны, тіпті жалғану реті бар.

Түркі тілдерінің морфологиялық құрылымының басқа да бірнеше өзгешеліктері бар. Айталық, үндіеуропа тілдерінде зат есімдер жанды (одушевленный) және жансыз (неодушевленный) құбылыстарды білдіруіне қарай әр түрлі грамматикалық категорияларға жіктелсе, түркі тілдерінде мұндай грамматикалық топтар жоқ. Ал түркі халықтарының дүниетанымына орай адам баласының орны ерекше сипатта жоғары деңгейге қойылады. Сондықтан, зат есімдер тобына жататын сөздер адамзаттық және ғаламзаттық деп екіге бөлінеді. Бұлай бөлу бір қарағанда қарапайым болып көрінгенімен, біздіңше, оның маңызы зор. Бұл мәселеге тек грамматикалық аспектіден ғана қарамаған абзал. Мұның онтологиялық, когнитивтік мәні бар. Түптеп келгенде, адамзат пен ғаламзат деп екіге бөліп жіктеу түркі халықтарының адам баласына деген көзқарасын да танытса керек. Көрсетілген мәселе өте терең, әрі ғылыми жағынан әлі де кеңінен зерттеуді қажет етеді.

Түркі тілдерінде тектік (род) категориясы жоқ. Ал герман, роман, славян тілдерінде мужской род және женский род, средний род деп бөлінетін категория бар. Түркі тілдерінде род категориясының болмауы әйел мен еркекке бөлмейді деген сөз емес, олар негізінен, белгілі ұғымдар арқылы анықталып отырады. Бірақ категория ретінде қалыптаспаған. Түркі тілдерінің өзге тілдерден тағы бір ерекшелігі — тәуелдік жалғаулары мен тәуелдіктің өзіндік ерекше конструкциясының болуы; септеу түрінің ішінде тәуелді септеудің болуы. Мұндай ерекшеліктердің қай-қайсысы болса да халық ұғымымен байланыстыра зерттелуі тиіс.

Үндіеуропа тілдерінде атау тұлғасы тек "именительный" падеж ұғымын берсе, көне түркі тілдерінде де, қазіргі түркі тілдерінде де атау септігінің беретін мағынасы мол. Ол көне тілде өзге септіктердің бәрінің де орнына жұмсала алған. Барлық септіктердің қалыптасуының негізі болған. Бұл туралы біз кейінірек толығырақ тоқталамыз.

Түркі тілдеріндегі көптік жалғауы және жекелік тұлғадағы сөздерге жалғаулар өзгеріссіз, бірыңғай жалғанады.

Осы айтылғандарды жүйелей келіп, түркі тілдерінің морфологиялық құрылымының басты ерекшеліктерін проф. М.Томановтың мына топшылауымен қорытамыз:

1. Морфемалардың бір-бірінен жігі айқын ашылып тұрады;

2. Түбір морфема семантикалық және грамматикалық жағынан біршама дербес қолданылады;

3. Сөз құамындағы әрбір морфема уәжді болады және белгілі бір семантиканың формасы болып отырады [4, 80].

Сөз тіл білімінің әр саласында түрлі аспектіде зерттеу нысанына айналып отырады. Өйткені сөзде фонетикалық қасиет те (дыбыстық кешен), лексика-семантикалық қасиет те (ішкі мағына), грамматикалық қасиет те (морфологиялық құрамы мен құрылысы, сөздердің түрленуі, сол арқылы бір-бірімен байланысқа түсіп, алуан түрлі функционалдық мағынада жұмсалып, сөйлем құрауы) бір-бірімен қабысып, қабаттасып келіп отырады [5].

Сөз — ең негізгі, мағыналы тілдік бірлік. Сөздің бір-бірімен жалғаулар арқылы байланысып, белгілі бір ойды білдіруі арқылы сөйлем жасалады. Сөз болмаса, сөйлем құралмайды. Сөз болмаса, жалғаулар мен жұрнақтар да қалыптаса алмайды. Тарихи тұрғыда қосымшалардың қалыптасу, даму жүйесі лексикалық бірліктердің негізіне барып тірелетіні белгілі жайт.

Қазіргі танда түркітануда сөзді семантикалық және функционалдық аспектіде зерттеуге басты көңіл бөлінуде. Лексикалық мағынаның құрылымдық сипатын тану оны құрайтын компоненттердің ерекшелігін айқындауға, компоненттік талдау арқылы сипаттауға жол ашты. Сөз мағынасының макрокомпоненттері мен микрокомпоненттерін бөліп қарастыруға болады. Лексикалық мағынаның негізі — денотаттық мағына екені белгілі. Шындық болмыстағы құбылыстар, заттардың адам санасындағы идеалды құбылыстардың әр тілге әр түрлі өз атауы болады, бір дыбыстық жамылғышқа ие болады. Семасиологияда шындық өмірден реалий денотат заттар мен құбылыстардың деп аталатыны белгілі. Осы тұрғыдан зерттеуіміздің негізгі нысаны — есім сөздердің де негізін белгілі денотаттық мағына құрайды. Денотаттық компонент әр халықтың өмірлік тәжірибесіне, интеллектуалдық дәрежесі мен әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне байланысты қалыптасады. Өзбек және қазақ тілдеріндегі есім сөздердің кейінгі дамуындағы ерекшеліктерді де біз осы бағыттан іздейміз.

Лексика-грамматикалық белгілері жағынан өзбек тілінде 8 сөз табы [6, 115], қазақ тілінде 10 сөз табы [7, 293] бар:

| Қазақ тілінде: | Өзбек тілінде: |
|---|---|
| Зат есім | От (зат есім) |
| Сын есім | Сифат (сын есім) |
| Сан есім | Сон |
| Етістік | Феъл (етістік) |

| | |
|---|---|
| Есімдік | Олмош(есімдік) |
| Үстеу | Ундов сўзлар |
| Еліктеуіш сөз | |
| Одағай | Тақлид сўзлар(одағай) |
| Шылау | Боғловчи (демеулік шылау) |
| Модаль сөз | Модаль сўзлар |

Байқап отырғанымыздай, өзбек тілі мен қазақ тілінің сөз таптастыруы бірдей болғанымен, олардың бөліну сипатында ерекшелік бар. Берілетін деректердің ұқсас болғанына қарамастан, олардың әр түрлі ғылыми негізде берілуінің өзіндік ішкі теориялық сипаты бар деуге болар еді. Негізгі айырмашылық өзбек тілінің сөз табында модаль сөз және еліктеуіш сөз бар. Әрине, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасында сөз таптастыруға байланысты өзгешеліктердің бар екені белгілі. Біздің ойымызша, қазақ тіліндегі сөз таптастыру принциптерінің теориялық тұғыры мықты. Ол парадигмалық және синтагмалық бағыттағы грамматикалық формалар мен мағыналардың бір категорияға топтаса алуымен ерекшеленеді. Сондықган грамматикалық категориялар бірін-бірі қайталамайды. Айталық, септеулік, демеулік, жалғаулық шылау сөздердің түп төркіні көмекші сөздерге барып тіреледі. Ал бейнелеуіш сөздер мен еліктеуіш сөздер арасында категориялды айырмашылық жоқ болады.

Түркі тілдеріндегі зат есім сөздердің де, етістік сөздердің де құрылымдық жүйесі өзге тілдермен салыстырғанда айқын. Негізгі сөз бен туынды сөздің ататегін, егер этимологиялық жағынан жымдасып, бір бүтінге айналып кетпесе синхронды түрде тауып алу қиынға соқпайды. өзбек тілі мен қазақ тіліне ортақ түбірлер негізінен алғанда есім түбірлер болып табылады. Жалпы алғанда олардың тұлғасы мен семантикасынан сондай бір айырмашылық байқала бермейді. Біз мұны зерттеу барысында да көз жеткіземіз.

Академик Ә.Т.Қайдаров көне түркі тілдеріндегі негізгі түбірлердің құрылымын анықтай келе, олардың қалыптасу және даму бағыты туралы былай деп ой түйеді: "Консервация некогда самостоятельных односложных корней-основ в структуре производных образований - результат весьма длительного исторического процесса развития морфологической структуры тюркских языков. Причины превращения этих элементов в неразложимое целое с точки зрения сегодняшнего нашего представления при желании могут быть найдены и объяснены различными методами структурного анализа" [8, 106].

Ғалымның пікірінше, сөздің құрылымына талдау жасау үшін алдымен негізгі әдіс-тәсілдерді меңгеріп, оған жоғары мән берілуі қажет. Сондай-ақ, негізгі түбірлер тұлғалық және мағыналық жағынан қандай болып дамыса да, оның әуелгі мағыналық сипаты сақталатыны айтады. Соңында: "Таким образом, корневая морфема, будь она самостоятельной или мертвой, никогда не порывает

семантическую связь с производными от нее основами, а последние в свою очередь сохраняют идущие от нее семантику. Именно поэтому при помощи самостоятельных корневых морфем мы можем при необходимости уточнять значения производных слов, и наоборот, с помощью последних — определять и реконструировать семантику мертвых корней", — дейді зерттеуші [8, 116].

Түркі тілдерінің морфологиялық құрылымын зерттеген ғалымдардың бірі А.М.Щербак болды. Түркі тілдеріндегі зат есімдердің, етістік, үстеу мен бейнелеуіш сөздердің салыстырмалы жүйесін берген ғалым былай деп жазады: "В любом тюркском слове наблюдается строгое бинарное распределение входящих в него структурных элементов: слева — корневая морфема, справа — аффиксальные морфемы" [9, 21]. Сөйтіп, автор түркі тілдеріндегі әуелгі түбір сөздің келетінін, одан кейін зат есім мен етістік формаларының жалғануының өзіндік ішкі зандылығы мен реті болатындығын көрсетеді. Шынында да, түбір зат есімнен кейін алдымен көптік жалғау, содан кейін тәуелдік пен септік жалғау келетіні белгілі. Бұл заңдылық қазақ тіліне де, өзбек тіліне де, жалпы жалғамалы тілге тән құбылыс. Біз де өзбек және қазақ тілдеріндегі жалғаулардың салыстырмалы сипатын осы ретпен анықтауға талпыныс жасаймыз.

**ӘДЕБИЕТТЕР**


1. Дмитриев Н.К. Строй тюркских языков. -М.: Изд-во -вост.лит-ры, 1962. -606 с. /38.
2. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. I-II. -М.:Наука, 1978.-766 с
3. Кондратьев В.Г. Грамматический строй памятников древнетюркской письменности УIII-XI вв. -Л., 1981. С.17.
4. Томанов М.Т. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. —Алматы: Кдзақ университеті, 1992. —190 б.
5. Баскаков Н.А. Введение в изучении тюркских языков.- М., 1969. – С. 221.
6. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалык сипаты. -Алматы: Рауан, 1992. -304 б.
7. Асқарова М., Қасимов Қ. Узбек тили.Тошкент. 1966.
8. Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата: Наука, 1986, - 228 с.
9. Щербак А.М. Грамматический очерк языка тюркских текстов


**ӘОЖ 372.8:811.512.122**

# ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ТІЛДЕРІНДЕГІ КӨПТІК ЖАЛҒАУЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ

**Құрбанов А.Г. ф.ғ.к., доцент., Анарханова Д.М., Жорашева Т.**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті. Шымкент. Қазақстан

*Резюме*

*В данной статье рассматривается сравнительная характеристика окончаний множественного числа в казахском и узбекском языках.*

*Summaru*

*This article discusses the comparative characteristics of plural endings in the Kazakh and Uzbek languages.*

Түркі тіл білімінде қосымшалардың құрылымы туралы әр түрлі ғылыми пікір бар. Солардың ішіндегі ең басты әрі уәжді пікір - профессор Э.В.Севортянның пікірі. Ғалымның пайымынша, қосымшалар негізінен үш түрге жіктеледі: сөз тудырушы, сөз түрлендіруші және функционалды жұрнақтар.

Қазақ тіліндегі қосымшалар, А.Ысқақовтың таптастыруынша, мынадай болған: "мағыналары мен қызметтеріне қарай, сөзден сөз тудыратын қосымшалар (морфемалар) жұрнақтар деп, ал жалғау сөз бен сөзді байланыстыратын категориялар болғандықтан, грамматикалық категорияға жатқызылады" [1,30]. Бұдан әрі ғалым жұрнақтарды мағынасы мен қызметіне қарай сөз тудыратын және форма тудыратын жұрнақтар деп екі салаға бөледі де, жалғауларды сөз бен сөзді байланыстырып, түрлендіру арқылы оларға белгілі грамматикалық мағына үстейтін морфологиялық формалар ретінде танып, оларды дәстүрлі грамматикадағыдай төрт түрге бөледі:

1. Септік жалғау; 3. Көптік жалғау;
2. Тәуелдік жалғау; 4. Жіктік жалғау.

Өзбек тілінде жалғаудың 3 түрі бар:

1.Сўз ясовчи
2.Сўз ўзгартирувчи
3.Шакл хосил қилувчи

Сөздің морфологиялық құрылымына басты назар аударған ғалымның бірі Ә.Ибатов түркологиядағы әр түрлі ғылыми ойларды талдай келе, мынадай ой қорытады: "Біздің ойымызша, сөздің морфологиялық структурасы (құрылымы) дегенді негізгі екі жікке бөліп, оның алғашқысын сөздің негізгі, яғни сөздің лексика-семантикалық бөлігі, екіншісін сөздің түрлендіруші (безендіруші), яғни грамматикалық бөлігі деп қараған жөн" [2,51]. Ғалым қосымша морфемаға жұрнақтар мен жалғауларды жатқызып, жұрнақтарды сөз тудырушы және функционалды жұрнақтар деп бөліп көрсетеді. Сөйтіп, XIV ғасыр жазба ескерткіштері тіліндегі сөздердің құрамын мағыналық және мағынасыздығына қарай бөлшектеп жіктейді де, оларды сөздің лексика-грамматикалық бөлігі және грамматикалық бөлігі деп күрделі екі топқа айырады.

Біз автордың, қосымшаларды жалпы бөлуінің негізгі екенін қуаттай отырып, кейбір қосымшалардың тарихына қатысты пікірлерімен қосыла алмаймыз. Автордың пікірінше, жалғаулар мағынасыз бөлшек болып табылады. Тарихи аспектіден алғанда да, қазіргі тіл тұрғысынан алғанда да, біздің

ойымызша, бір де бір тілдік бірліктің мағынасы жоқ деп айтуға болмайды. Қандай да бір тілдік бірліктің ішкі семантикалық мәні болады да, сөзде соның бір сипатын ол тұлға нақтылап тұрады.

Түркі тілдерінің қай-қайсысында да көптік ұғымды білдіретін тұлғалардың сипаты ортақ. Қазіргі түркі тілдерінде де, көне жазба ескерткіштерінде де жекелікті, бірлікті білдіретін тұлғалар жоқ, тек көптік мағыша беретін *-лар, -лер, -лəр* тұлғалары бар. Көне түркі жазбаларында көптік мəн тек осы тұлғалар арқылы ғана емес, лексикалық тəсіл арқылы жəне синтаксистік тəсіл арқылы да беріліп, əр түрлі семантикалық сипатта жұмсала алған. Ғалымдардың көрсетуінше, көптік жалғаудың контекстік мағынасы əр түрлі болған. Бұл жөнінде В.Г.Кондратьев: "Форма с аффиксом -лар обозначает: множественность противостоящую обозначению единичного предмета формой единственного числа, раздельность, расчлененность единиц, образующих множества", - дейді [3].

Түркі тілдеріндегі көптік жалғаулардың сипаты мен даму жолдары туралы А.М.Щербак былай деп жазады: "Размеры употребления аффикса — *лар,* особенности его дистрибуции и характер выражаемых значении таковы, что можно с уверенностью говорить о нем как о морфологическом элементе, прошедшем длительный путь развития и бесспорно присутствовавшем в тюркском праязыке" [4].

Ескерткіштерде көптік мағынаны білдіретін өзге де тұлғалар бар. Олар мыналар: *-т, -ан.* Мысалы: *таркан- таркат, оғлан- огулан т.б.*

Зерттеушілердің пікірінше, көне түркі жазбаларындағы көптік жалғауының нөлдік тұлғамен немесе -лар тұлғасымен келуінің өзіндік ерекшелігі мен бір-біріне қарама-қарсы қойылатын жағдайлары болған. - *Лар* тұлғасы, негізінен, бөлшектік көптік мағынаны беруде жəне жақты білдіретін сөздермен бірге қолданған. Көбінесе *-лар* тұлғалы көптік мағына белгілі бір сөздермен бірге жұмсалып қана берілген. —*Лар* тұлғасының қосылып жұмсалатын сөздердің өзіңдік ерекше семантикасы болған. —*Лар* тұлғасының белсеңді қолданысы, əрі оның мағыналық жағынан дамуы кейінгі кезеңнің жемісі болуы ықтимал /.

Ал көптік мағынаның жалғаулықсыз түрі жинақтық мағынаны берген. Əрі бұл өте жиі қолданылған. Көптік жалғауының жасырын келген жолы түркітануда əлі де зерттей түсуді қажет етеді.

Бiз, əрине, сан-мөлшер категориясы бар ма, жоқ па деген ракурста сұрақ қоюдан аулақпыз. Көптік пен жекелікті жоққа шығару — түркілер көне заманнан бері дара мен көптіктің арасалмағын ажырата алмаған деген ойға итермелеуі ықтимал. Дегенмен автордың көтеріп отырған мəселесінің екінші жағы бар. Ол — көптік жалғауының жалғаулы жəне жалғаусыз түрінің сипаты мен ерекшелігі. Біз А.Айғабылұлының "Қазақ тіліңде грамматикалық сан-мөлшер категориясы жоқ" деген пікірімен келісе алмаймыз. Алдымен, көптік жалғауының тарихи даму сипаты мен жалғаулы-жалғаусыз келу сипатын, олардың мағыналық даму

желісін, семантикалық дамуын терең зерделеу керек деп есептейміз.

Түркітанушылардың пікірінше, көптік категориясының жалғаусыз түрінің мағыналық сипаты бұрын терең болған да, *-лар* тұлғасының мағынасы кейін дамыған.

Түркітанушы ғалымдардың көптік жалғау тарихы туралы біраз лікірлері бар. Поляк ғалымы Т.Ковальский *-лар* формасының тарихи қалыптасу жолдары туралы айтылған ғылыми жорамалдарға талдау жасай келе, *-лар* аффиксінің арғы төркіні "бірнеше", "көп" деген сияқты лексикалық бірлік болуы мүмкін деген ой айтады.

В.А.Богородицкий көптік тұлғасының қалыптасуын Ш-жақ жіктеу есімдігі мен *-ар* жұрнағының арасындағы ығысу процесіне апарып тірейді [5,16].

Н.А.Баскаков *-лар* аффиксін құранды тұлға ретінде қарастырады. *-Лар* тұлғасы *-ла, -ле* дүркіндік, қайталаулық мағына беретін тұлға мен келер шақ есімшенің *-р* тұлғасының бірігуі арқылы жасалған деп қорытынды жасайды. Яғни бұл тұлғалардың бірігуі арқылы форманың ішкі семантикасы дами келе, көптік мағына қалыптасқан деп шамалайды.

А.М.Щербак X-XII ғасыр жазбаларын талдай келе, *-лар* жалғаулы сөз көбінесе изафеттік сыңарда келіп, кейін даму барысында ғана жекелей сөзге жалғанып келгенін жазады. Осыған ұқсас пікірді В.Г.Кондратьев те айтқан. Автордың айтуынша, көптік жалғаулы сөздер көбінесе қос сөз жасаған. "Употребление аффикса *-лар* лишь с существительными, имевшими определенную семантику, и объясняет очень широкое употребление парных сочетаний в языке памятников древнетюркской письменности. В дальнейшем в связи с универсализацией использования *-лар* необходимость в парных сочетаниях отпала" [6,39].

Сонымен, көне түркі тілінде көптік мағына жалғаусыз берілген де, жалғаулы түрі қос сөз және изафеттік ыңғайда қолданыс тапқан. Көбінесе көптік мағына лексикалық тәсіл арқылы беріледі. Ал аталған мағынаның *-лар* түріндегі формаға алмасуы кейінгі дәуірдің жемісі де, оның мағыналық жағынан жан-жақты дамуы қазіргі тіліміздің дамуы деп түсінеміз. А.Ысқақов анықтаған көптік жалғаудың грамматикалық қызметіне қарай он екі түрлі мағына мен стилистикалық реңкте жұмсалуын тек осылай түсіндірген орынды болар еді .

Көне түркі тіліндегі көптік жалғауының тарихи сипаты түрік тілі мен казақ тілінде де сақталған деуге толық негіз бар. Айталық, түрік тілінде де, қазақ тілінде де көптік мағына берудің үш түрлі жолы мен тәсілі көрсетіледі:

1. Морфологиялық тәсіл;
2. Лексикалық тәсіл;
3. Синтаксистік тәсіл.

Өзбек тіліндегі көптік жалғау тек *- лар* тұлғасында ғана көрініс тапқан. Ал қазақ тілінде оның мынадай сингармониялық варианттары бар: *-лар, -лер, -дар, -*

*дер, -тар, -тер.* Және ауызша тіл нормасына тән мынадай лабиалдық қатары бар: *-лөр, -төр, -дәр.* Мысалы: *көлдөр, үйлөр, шөптөр т.б.* Бұлардың графикада таңбаланбауы—қазақ тілі сингармонизмінің бір ерекшелігі болып отыр.

Өзбек тіліндегі аталған жалғаудың мынадай мағыналары бар:

1.Көп нәрсені не затты ерекше түрге бөліп, бөлшектеп көрсету мағынасы: *қушлар, уйлар, тошлар т.б.* Бөлшектеу мағынасы әсіресе жұп заттар мен құбылыстарды одан әрі анықтау мақсатында жиі қолданады. Мысалы: *кўзлар, т.б.* Өзбек тіліндегі: *сизлар (сіздер)* сөзіндегі *-лар* — бөлшектік мағынаны танытса, *бизлар (біздер)* сөзінде керісінше жинақтық мағынаны береді. Сондай-ақ, *кимлар (кімдер)* —дегенде бөлшектік мағына береді де, *нималар (нелер)* деген есімдікке жалғанғанда жинақтық мағынаға ұласады.

2. Жинақтық мағына береді. Мысалы: *тош,, ўқитувчи, профессорлар* т.б. Мұндай жинақтық мағына көбінесе белгілі ұйым мен әр түрлі мекемелердің атауларында жиі кездеседі.

Қарастырылып отырған екі тілдегі көптік жалғауының қолданысын салыстырар болсақ, онда қазақ тіліндегі *-лар* формасының мағынасы кең, жұмсалымы әр сипатты екеніне көз жеткіземіз.

Қазақ және өзбек тіліндегі көптік жалғау тек зат есімге ғана емес, басқа сөз таптарына да жалғана береді: *мыналар, келгендер, бұлар, сондайлар, қарағандар, жазғандар, сақтанғандар, сүйенгендер, сүйінгендер, осылар;* Өзбек тілінде; *ўтирганлар, булар, келганлар, улар т.б.* Ойымды таратып айту үшін былай деп санамалауға болады.

1. Өзбек тіліндегі көптік жалғауы *(-лар),* алдымен зат есіммен, есімдіктерге жалғанады. Мысалы *одам+лар (адамдар), биз+лар(біздер), ўзлари (өздері).*

*2.* Сан есім мен үстеуге көптік форма жалғанады. Қазақ тілінде сан есім мен үстеуге қосылатын *-лар* формасы алғашқысында болжалды сан есімді *(қырықтарда, отыздар шамасында),* соңғысында белгісіз мезгіл үстеу мәнін береді *(ертеңдері, кейін).*

3. Өзбек тілінде көптік жалғау сан есімдерден кейін жазылатын есімдерге жалғанбайды: *Бирнеча бола (бірнеше бала), ўн китоб (он кітап).* Қазақ тілінде саны көрсетілген атау сөздерге көптік формасының қосылуы стильдік ауытқушылық қателік болып саналады. Мысалы: *40 кітаптар, 60 машиналар* деп жазу түсінікке ауыр.

4. Көптік жалғау тәуелдік жалғауының алдынан келеді: *Қўл-лар-и (қол+дар+ы).*

*5.* Септік жалғауы көптік жалғауыннан соң келеді: Мысалы: *гул-лар-ни босманг (гүлдерді баспаңыз), болалар синфдан чиқмоқдалар (балалар сыныптардан шығып-жатыр).*

*6.* Предикаттық қатынастағы көптік ұғым есім тұлғасында ғана көрінеді. Есім сөзге қосылған аффикс етістік мағынасына да беріледі. Мысалы: *болалар ёш (балалар жас), инсонлар ўтирибди (адамдар отыр).* Сондай-ақ бұл сипат қазақ

тіліне де тән. Мысалы: *оқушылар жазып отыр, ўқувчилар ўтирибди* т.б.

Сөйтіп, салыстырылып отырған екі тілдегі көптік жалғауының жалпы семантикалық сипаты мен олардың мағыналық даму жүйесі ортақ екенін пайымдаймыз.

Көптік жалғауының бұл тұлғалардан өзге де тарихи ескерткіштерде кездесетін бірнеше түрлері бар. Олар: з, қ, л, м, н, р, с, ч. Аталған формалар тек көне жазба мұрағаттарда ұшырасқанымен, қазіргі түркі тілдерінде жеке грамматикалық тұлға ретінде жолықпайды. Тек кей сөздердің құрамында жымдасып кетіп, бір бүтін ретінде кездеседі. Қазіргі өзбек тілінің деректерін барлағанда көптік мағына беретін мұндай тұлғалардың ұшыраспағанын айтқымыз келеді. Сақталса кейбір лексикалық бірліктердің құрамында жымдасып, оның өзі көптік мағынасынан ажырап қалғанын көреміз. Мысалы: *кўз, (көз), биз (біз), сиз(сіз), қўл (қол), оёқ (аяқ), бордик (бардық)* т. б..


**ӘДЕБИЕТТЕР**:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1991.
2. Ибатов Ә. Сөздің морфологиялық құрылымы. -Алматы: Ғылым, 1983. -147 б.
3. Кондратьев В.Г. Грамматический строй памятников древнетюркской письменности УIII-XI вв. -Л., 1981. С.17.
4. Торсуева И.Г. Принципы описания строя языка // Фонетика языков Сибири и сопредельных регионов. Отв. ред. В.М.Наделяев. - Новосибирск, Наука, 1986.- С. 8-10.
5. Юнусалиев Б.М. Киргизская лексикология. 4.1. . (Развитие корневых слов) — Фрунзе: КирГУ пед.изд. 1959. -245 с.
6. Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка.-М.-Л., 1960. -446 с. 4.



**ӘӨЖ**


## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНДАҒЫ ДРАМА ЖАНРЫ


**Ерубай С. Е. –** Шымкент қ., ОҚМПУ, 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., аға оқытушы **Сапарбаева Қ. Ж.**



***Резюме***

*В статье рассказывается об одном из уникальных жанров литературы – драме и о рождении, развитии драматических произведений в истории казахской литературы. Также будет рассказано о писателях, ставших великими мастерами драматического произведения. Освещается изучение произведений, их место в современной литературоведческой науке.*

***Summary***

*The article tells about one of the unique genres of literature – drama and about the birth, development of dramatic works in the history of Kazakh literature. It will also tell about the writers*

*who have become great masters of the dramatic work. The study of works, their place in modern literary science is highlighted.*

Қазақ ұлттық драматургиясының негізі өте күрделі. Ол XX ғасырдың басында жанр ретінде пайда болды, егер басқа елдердің тарихымен салыстырсақ, онда мерзімі әлемдік деңгейге жеткен қазақ ұлттық драматургиясы болып саналады. Бүгінгі таңда драматургия барлық бағытта дамып келе жатқан жанр түрі. Әдебиеттің ерекше әрі қиын жанрларының бірі де бірегейі – драма екені белгілі. Драма мен театр өзара байланысты.

Драма – шындықты әр түрлі тәсілдермен белгілі бір желіге жинақтап, оны кейіпкерлер іс-әрекеті арқылы көрсете білетін сөз өнері түрі. Драмалық шығармалардың өзіне тән ерекшеліктері бар. Атап айтар болсақ:

1) онда баяндау болмайды, оқиға желісі кейіпкер сөзі арқылы дамып отырады;

2) кейіпкер іс - әрекеттерін білдіретін түсініктемелер жақша ішінде беріледі;

3) шарттылық басымырақ, көлемі жағынан шек қойылады, өзге жанрлар секілді драмада да оқиғаның басталуы, шиеленісуі мен шарықтау шегі, шешімі болады. Оның комедия, трагедия, драма деген секілді жанрлық түрлері бар.

Трагедияға тоқталар болсақ, онда қайсарлылық, батыр тұлғалардың жаратылысы, жан дүниесіндегі тебіреністері бейнеленетін сахналық шығарма. Келесі бір жанрлық түрі – комедия. Ол өмірде орын алатын келеңсіз оқиғаларды, озбырлықтарды, адам бойындағы жаман қасиеттерді күлкіге айналдыра көрсете білетін шығарма. Драма – сахнаға лайықталып жазылатын, өмірде кездесетін ауыр жайттар тұрмыспен ұштастырыла берілетін драмалық жанр түрі.

Қазақ әдебиетінің алғашқы жазушылары М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Б.Майлин, С.Мұқанов, Ғ.Мүсіреповтер болды, олардың прозалық шығармалары алғаш рет театр сахналарында драматургия түрінде лайықты орын алғаны белгілі. А.Нұрпейісов, Т.Ахтанов, С.Жүнісов және тағы басқа ізбасарлары осы дәстүрді лайықты жалғастырып, дамыта білді. Прозалық шығарманы қатаң драмалық композицияға айналдыру процесі оңай емес. Эпостың драмаға көшу процесінде, дәлірек айтсақ, драмалық оқиға, драмалық қақтығыс, драмалық сипат және драмалық тіл бірінші кезекте тұруы керек. Бұл жанрдың басты талабы. Драматургия туралы әртүрлі пікірлер бар, мысалы, ғалым Р.Нұрғали былай дейді: «Прозадағы драматургия мәселесін зерттеу бір - бірімен әр түрлі жанрда кездесуге, бір - бірін байытатын құбылыстардың күшін және өнердің қазіргі тенденциясын ашуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта әдебиетке және оның кез – келген жанрына қойылатын талаптардың бірі – драма» [1].

Көркем шығарманың қуаты, мазмұнның ерекшеліктері мен тереңдігі тілдің шеберлігімен бағаланады. Драмалық шығармаларда әр кейіпкердің тілі тек өзіне ғана тән. Және бұл тіл – мінез тілі деп аталады. Көрнекті ғалым М. Әуезов мынадай ойды білдіреді: «Егер пьеса шешендіктің үлгісі болмаса және көркем тілдің шеберлігін білдірмесе, онда бұл композиция көркем шығарма бола

алмайды, тек пьеса үшін материал болады. Және бұл жұмыс тек қаңқа және драма схемасы болады» [2], З.Қабдолов тіл туралы: «...Драмадағы ең маңызды тақырып – тіл. Пьесаның күші де, әлсіздігі де оның тілінде. Пьесадағы әрбір сөз жебе тәрізді өткір болуы керек, әр сөздің мақсатына жетуі үшін әр сөйлем тек шындықты білдіруі керек. Драманың тілі мағыналы болуы керек, сонымен бірге кейіпкердің және оның мінезін толық анықтауы керек» [3].

Драмалық шығармалардағы кейіпкерлер арасындағы қарым - қатынастың негізгі анықтаушы элементі – кейіпкердің сөзі. Батырдың сөздері – драмалық шығармаларда образ жасау тәсілі, композицияның салмағы мен табиғаты. Қазақ филология ғылымында әдебиет пен тіл тұрғысынан прозалық шығармалардағы кейіпкерлердің сөйлеген сөзіне қатысты жазылған зерттеу еңбектері бар. Кейіпкердің сөзі арнайы зерттелгенімен, ол драматургия жанрын зерттеген әдебиет ғалымдарының еңбектерінде көрініс тапты. Олардың есімдері бізге жақсы таныс, олар: М.Әуезов, С.Ордалиев, А.Тәжібаев, Н.Ғабдуллин, Р.Нұрғалиев және театр, драматургия сыншылары Қ.Қуандықов, Қ.Уәлиев, С.Сығаев. Драматургия шеберлері әр сөзге ойдың күшін салып, мазмұнға және оның өткірлігіне үлкен көңіл бөлді. Бұған М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов және олардың ізбасарлары Т.Ахтанов, С.Жүнісов, О.Бөкеевтің пьесалары дәлел бола алады. Зерттеуші Х.Каримов бұл туралы: «Драмалық шығарманың негізгі бөлігі-кейіпкердің сөзі, кейде автордың сөзі. Кез - келген шығарманың кез-келген кейіпкерінің басты талабы - оның сөздерінің мазмұнын оның мінезі мен психологиясымен үйлестіру, сонымен қатар оның сөздері оның білім деңгейіне, өмірлік тәжірибесіне, қоршаған ортаға сәйкес келуі керек және мұның бәрі бір-бірімен байланысты болуы керек. Драмалық шығармаларда қолданылатын негізгі тақырып – диалог. Драмалық шығармалардағы диалогтың негізгі міндет-терінің бірі-адам бейнесін жасау» [4].

Қорыта келе айтарым, драма жанры әдебиет саласының ойып тұрып орын алар бөлшегі. Драмалық шығармалар басқа шығармалардан өзінің қоғамда алатын орны мен ерекшеліктері арқылы дараланады. Мысалы, драмалық шығармаларды оқып танысу бір бөлек, оны театрда тамашалап танысу бір бөлек. Осыған байланысты біз драманың әрі әдебиеттің бір саласы екендігін, әрі театр өнерінің бөлшегі екенін аңғара аламыз.

**Әдебиеттер**


1. Нұрғалиев Р. Арқау. Екі томдық Зерттеулер. Алматы – 1991
2. Әуезов М. Уақыт жане әдебиет. Алматы: Жазушылар – 1962
3. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Мектеп – 1976
4. Шапауов Ә. Қазақ драматургиясындағы дәстүр. Монография. Қазақстан-Павлодар. 2004


**ӘӨЖ**

# ҚАЗАҚ ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

**Ерубай С. Е. –** Шымкент қ., ОҚМПУ, 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., аға оқытушы **Сапарбаева Қ. Ж.**

***Резюме***

*В статье рассказывается о зарождении и процветании индустрии драматургии. Кроме того, излагается основное содержание произведений, созданных за годы независимости, влияние, которое они оказали на общество.*

***Summary***

*The article tells about the origin and prosperity of the drama industry. In addition, the main content of the works created during the years of independence, the impact they had on society is presented.*

Қазақ ұлттық драматургиясының негізі өте күрделі. Ол XX ғасырдың басында жанр ретінде пайда болды, егер басқа елдердің тарихымен салыстырсақ, онда мерзімі әлемдік деңгейге жеткен қазақ ұлттық драматургиясы болып саналады. Бүгінгі таңда драматургия барлық бағытта дамып келе жатқан жанр түрі. Салыстырмалы түрде лирика және прозаға қарағанда драма жанрында шындық өмір ешқандай тосқауылсыз анық, әрі таза көрінеді. Себебі, драматургияның негізгі міндеті заман шындықтарын кейіпкердің іс-әрекеті арқылы көрсету болып табылады.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі түрлі өмірімізге енген жағдайлар, шындық оқиғалар мен жағымды ұғымдар біздің тарихи өткеніміз бен қазіргі шындықты қайта қарастыруымызға мүмкіндік берді. Осыдан кейін, қазақ халқы тарихына, өткен мен қазіргі шындық толық бейнеленген шығармалар ұлттық драматургия қорын кеңейте түсті [1].

Қазақ драматургиясының қарқынды дамып, қоғамда ерекше орын алған уақыты тарихи жанрда көрінеді. Атап айтар болсақ, 1990 жылдар мен 2000 жылдар аралығында тарихи тақырыптарға көбірек көңіл бөлгені белгілі. Оған тарихта орын алған шындық оқиғаларға негіз бола отырып жазылған драмаларды дәлел ретінде ала аламыз. Мысалы, Абылай хан тұлғасын суреттеу арқылы ынтымақ-бірлікті насихаттайтын драмаларды айта кетуге болады. Бұл шығармалар қатарына Ә. Кекілбаевтың «Абылай хан» драмалық дастанын, М. Байсеркеновтің «Абылай ханның соңғы күндері» спектаклін жатқызамыз.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары қазақ әдебиеті қоры ұлы тұлғалардың біршама шығарамаларымен, қоғамға сіңірген еңбектерімен толықтырылып отырды. Бұл дарамалар тақырыбы, мақсат-міндеті жағынан жоғары бағаланды. Олардың зерттеу жұмыстары көптеген шығармаларға арқау болып қана қоймай, замана шындығын көрсетуге өз көмегін тигізді.

Тәуелсіздік жылдарындағы драматургияда көркемдік ерекшелік тереңінен танылады. Сол себепті де, жазушылар кеңес кезеңі жайлы оқиғаларды түрліше

көрсетуге тырысады. Кеңес өкіметі шағында қазақтардың басынан неше түрлі оқиғаның өткені бізге белгілі. Осы жетпіс жыл ішінде халық көптеген қиыншылықтарға тап болды. Осыған байналысты, Қ. Ысқақтың «Жан қимақ» және «Кебенек киген арулар», Б. Мұқайдың «Өмірзая» драмалары туған болатын. Олардың кейбіреулері бүгінгі күнге дейін елдің ұлттық театрларында сахналанып келеді.

Тарихи тақырып аясында Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» және Б. Мұқайдың «Өмірзая» трагедияларына назар аудару керек, онда қазақ халқының ядролық полигоннан болған азаптары бейнеленген. Біртұтас тақырып пен идеялық мазмұнның ұқсастығымен тығыз байланысты шығармаларда XX ғасырдың екінші жартысындағы нақты тарихи оқиғалар бейнеленген. Егер «Өмірзая» сюжеті 1953-1983 жылдардағы оқиғаларды қамтыса, онда «Мәңгілік бала бейне» ядролық полигонның салдары халық үшін ғасыр трагедиясына айналғаны туралы ащы шындықты ашады. Тәуелсіздік кезеңінде жазылған тарихи драмалар ұлттық драматургияны идеялық-тақырыптық әртүрлілікпен байытып қана қоймай, ұлттың тарихи дамуындағы ақ дақтарды толтырды [2].

Қазақ мәдениетінің атақты өкілдерінің шығармашылық тұлғасын бейнелеу қазіргі заманғы драматургияның негізгі тақырыптарының бірі болып табылады. Лирикалық драмалар Абай Құнанбайұлы, Жамбыл Жабаев, Мұқағали Мақатаев, Шәмші Қалдаяқовтардың өмірі мен шығармашылығына арналған. Соңғы жылдары республиканың барлық аймақ сахналарында ұлы ақын Абайдың шығармашылық өмірбаянына арналған драмалар қойылды. Ақынның шығармашылығына деген осындай қызығушылық оның мұрасының өскелең ұрпақтың адамгершілік тәрбиесіндегі терең мағынасына негізделген [3]. А. Құнанбаевтың мұрасына негізделген «Абай», «Абай десем...» және Н. Жақыпбаевтың "Желсіз түнде жарық ай" сахналық қойылымдары, сондай-ақ М. Әуезов пен Л. Соболевтің пьесасы негізінде жазылған А. Мамбетовтың "Абай" трагедиясы ақынның қазақ халқының мәдени мұрасындағы рөлінен біршама хабар береді. Қазіргі кезең жайындағы драмалық шығармалар көбінесе Тәуелсіздік жылдарындағы пьесалардан байқалады.

Тәуелсіздік кезеңіндегі драматургияда қазіргі заман жайындағы пьесалар ерекше орын алады. Бұл кезеңдегі шығармалардың тууына сол уақыттағы түрлі саяси оқиғалар, әлеуметтік жағдайлар түрткі болды. Соның нәтижесінде түрлі тұрмыс-тіршілікті сөз ететін драмалар туды.

Қорытындылай келе, соңғы жиырма жыл ішінде тәуелсіз қазақ әдебиетінің жемісті дамуының нәтижелері әдебиеттің барлық жанрларында көрініс тапты деп айтуға болады. Осы кезеңде жазылған әдеби-көркем шығармаларда қазақ халқының тарихи өткені мен оның бүгінгі шындығы жан-жақты бейнеленіп, терең қайта түсіндірілді. Біздің заманымыздың жазушылары мен ақындары осы дәуірге тән заманауи әдет-ғұрыптар мен ұлтшыл рухты нәзік байқады. Прозада жазушылардың тарихи тақырыпты игеруге бейімділігі байқалады. Тәуелсіздік

дәуірінде драматургия қарқынды дамып келеді және бірқатар керемет сахналық шығармалармен толықтырылып жатыр.

**Әдебиеттер**


5. https://www.kazportal.kz/kazahstanskaya-dramaturgiya/
6. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Мектеп – 1976
7. Шапауов Ә. Қазақ драматургиясындағы дәстүр. Монография. Қазақстан-Павлодар. 2004


**ӘӨЖ**

# І.ЕСЕНБЕРЛИННІҢ «КӨШПЕНДІЛЕР» ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ ШЕНДЕСТІРУ ТӘСІЛІ НЕГІЗДЕ БЕРІЛГЕН ЭТНОНИМДІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ


**Теңізбай Сафура Базарбайқызы**
Шымкент қаласы, №23 Зоя Космодемьянская атындағы мектеп-лицейі
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі



***Резюме***

*В данной статье рассматривается применение языковых единиц в виде антитеза из трилогии И.Есенберлина «Кочевники»*

***Summary***

*This paper considers the application of language units in the form of antithesis from the trilogy of I.Yessenberlin “The Nomads”*


Е.Жанпейісов осы зерттеу нысаны болып отырған тұрмыстық лексика туралы «Этностың өткені оның этномәдени лексикасынан айқын көрінеді. Этномәдени лексикаға ол этнос мекен еткен аймаққа тән табиғат құбылыстары, заттық мәдениет лексикасы, рухани мәдениет лексикасы жатады» – дейді. Ғалым пікірінен тұрмыстық лексиканың халық өмірімен тікелей етене байланысты екеніне көз жеткізуге болады[1, 7 б].

Ж.А.Манкеева өз еңбектерінде тұрмыстық лексика жайында құнды деректерді қамтығанына толық көз жеткіземіз. Ғалым тұрмыстық лексикаға өзіндік бағасын былайша береді: «Сонымен, көне тамырлы этнолексика халықтың этномәдени тарихы және тілдік шығармашылығы туралы баға жетпес «ақпарат» көзі болып табылады.Оның негізін құрайтын тұрмыстық лексиканың дені – ұлттық материалдық мәдениеттің деликті, әрі рухани байлығымыздың түбірі.

Себебі, бұл жүйедегі сөздер тек атауыштық қана қызмет атқармайды. Қазақ тіліндегі заттық мәдениетке қатысты атаулар немесе тұрмыстық лексика қазақ халқының матариалдық өндірісінің деңгейін, сипатын, түрлерін және шаруашылық пен тұрғын үй мүліктері, киім мен тұрмыс бұйымдарын әшекейлеуге қажет мұқтаждықты қамтамасыз етуге бағытталған қазақтың халықтық қолөнер бұйымдарын бейнелейді. Ал олар – қазақ халқының материалдық қана емес, рухани да байлығының көрсеткіші» [2, 5-13 бб].

І.Есенберлиннің «Көшпенділер»трилогиясында шендестіру немесе контрастық жағдайдағы антонимдер қатарының түрлі комбинациясын молынан кездестіреміз. Олар көркемдегіш тәсіл ретінде мәтінге ерекше экспессивтік-эмоциялық бояу, ырғақтылық, интонациялық тұтастық беруге, сөйлемдердің көркем бейнелі табиғатын ашуға жұмсалып тұрғанын байқаймыз. Жазушы сол кезеңдегі өмірдегі сан алуан кереғарлықтарды жіті көзімен байқап көре білген және астарлы суретке айналдырады, аз сөзбен көпті ұғындырады, т.б.

Сондықтан Әбілхайыр Орда маңына қазақтың Қаптағай, Бөрібай, Қарақожа секілді ерлігі үшін әр ру аттарын *ұран ғып көтерген аңғал батырлардан* гөрі, *өзі тәрізді,* дәулеті шалқыған сұлтан, әмір хакімдердіжинайтын[3,14б].

«Тағдырдың жазғанын көріп алармын, – деді ол, – егер ажалың келсе, алтын сандық ішінде тығылып жатсаң да, табады. Ал ажалың жоқ болса, жаңбырдай жауған оқтан да адам тірі қалады» [3,18б].Кешегі ақ майды аяғымен тепкен ел енді құлазыған қу даладан, жаужұмыр, алғыр, қозықұйрық секілді нәрі бар шөптермен коректенді [3,325б].

Жоғарыдағы сөйлемдерде контраст жасалған. Осындағы «*Кешегі ақ майды аяғымен тепкен ел енді құлазыған қу даладан, жаужұмыр, алғыр, қозықұйрық секілді нәрі бар шөптермен қоректенді.*» сөйлеміндегі «*құлазу*» сөзіне үңіліп көрейік. Қазақ тілінде «құлазу», қаңырау. Иесі болмай, пайдаға аспай бос қалу. Кешегі бар нәрсе бүгін жоқ...[3,365б].Сөйлемдегі қолданылымындағы мағынасына келер болсақ, осы көрсетілгендей өзінің тура мағынасында қолданылған. Ал тіліміздегі екінші бір мағынасы адам баласының көңілі құлазиды, жаны жабығады, торығады мағынасында кездестіреміз.

Ал, осы сөйлемдегі «*жаужұмыр*» –ұлттық тағам. Сойылған малдың өз қарнына түгелдей салып, су құймастан, қоламтаға пісірілген қой еті. Кейде оны «*жаубүйрек*» деп те атайды. Сөйлемде ол шөптесін өсімдіктер қатарында тұр.

Күшің жетпей жаудан жеңілсең– бұл өлім. *Күшің жете тұрып жауыңды босатып жіберсең – бұл жомарттық. Ал артынан сол жауыңнан қастық көрсең – бұл өкініш*[3,319б].Тағдыр деген қызық, біреудің жолына өзінің жасыл жібек кілемін төсейді, ал енді басқа біреудің барар жері, басар тауынқалақай мен тікенек етеді.(антитезалық параллелизм) [16,333б].Бұрынғы *тақыр дала* енді *аттың шашасына дейін* көмілген құмға айналып, жайылысқа үйренген жүйріктер жүдеп-жадап, сегізінші күн дегенде сырдың теріскей тұсына, Ақмешіттен *бір күндік жергекеп* тоқтады[3,353б].

Алысып-жұлысып жатқан қос арланның қайсысын қалайды?40-бет.«Қуаныштың теңізі, адамгершіліктің күні» [3,44б].Егер Қыпшақ – қыран болса, арғын – аққу көл көркі.Алыс-жұлысқа жаратылған қанды балақ қыран құс ұясын күзетіп отыра алмайды[3,57б]. *Қорқыту, қорғансыз елді тек найзаның ұшымен, айбалтаның күшімен бағындыру – бұлардың негізгі саясаты еді.*Қандай мықты хан болса да, өздері жоқта Орданы шабатын *жаужүрек*қастары табылатын шақ [3, 78б].

Антонимдік қатарларға құрылған сөйлемдерді де молынан кездестіреміз. Бірі теңеулер арқылы жасалса, енді бірқатары – тұрақты сөз тіркестерінен жасалған... Бұл қатарлардағы сөйлемдерде де этнолексемалар қатарын молынан кездестіуге болады. Осындай мағынадағы сөйлемдерді де түрлендіріп қолданғанына төмендегі мысалдар арқылы көз жеткіземіз.

...Ақсақ темір ұрпақтарына қыз беріп, қыз алып, әбденқандасып кетті[16,42 б]. Әбілқайырға *қыз алып, қыз беріп* хан жағына ауып кеткен [3,75 б].

Осы сөйлемдердегі «қыз беріп, қыз алып», яғни құдандасу, яғни құда болу ұғымын білдіреді. Тіліміздегіқұда// қоза//құдағи//қозағи сөздері қазақ, қарақалпақ, өзбек, ұйғыр, бащқұрт, азербайжан, тува, алтай тілдерінде үйленген жігіт пен күйеуге шыққан қыздың туыстарының бір-біріне туыстық қатынасын білдіретін атау. Түркі тілдерінде де бұл сөздің басқа түсінігі жоқ. Тек осы мағынада қолданылатын құдаша, құдағи, (құдағай) құдандалы, құда түсу, құда болу сияқты туыстыққа қатысты сөздер бар[3, 131 б].

Хан саясаты тынып жатқан көл секілді, қай жері тұңғиық, қай жері тайыз, білмейсің[16,45б]. Мұндағы «*хан саясаты тынып жатқан көл секілді*» тіркесі теңеу. Көл үстінде күндіз-түні тынбаған құс қиқуы... [3,46 б].

Сондықтан да Арғынаты төңірегінде *қырғауыл, дала қазы секілді* суы аз жерде үйреншікті құстар мен арқар, бөкен, киік көп кездесетін[3,21 б].

Көк шалғынның арасындағы бармақтай-бармақтай боп өскен бүлдірген мен жидектен *көз тұнады*. Осынау қызылды-жасылды өрнекпен *безелген* жасыл кілем ұшы-қиыры жоқ кең даланың ортасында төңкерілген күміс кеседей жарқырап, ақ айдын Аққөл жатыр[3,46 б].

Бұлардың араларындағы маңғыт, бүркіт, барлас руларының көп елі *Қанды көрген қасқырдай*, қазақты қыруға әбден *құнығып* алған жоңғар қонтайшысының бұл бұйрығын орындар ма еді қайтер еді, кенет солтүстік жақтан «*Әруақ*!», «Әруақ!», «Ақжол!» «Ақжолдаған!» *айбарлы ұран* шықты.

Осындағы ««*әруақ*!» –қазақтың жалпы, Алаштың ұғымы бойынша, жер көкті байланыстырып тұрған ұғым. Ата- бабаларымыз солай деп ұққан. Ел басына күн туған сұрапыл жылдарда жауға шапқан батырларымыз өз бабаларының әруағына сыйынып, солардың аттарын ұранға айналдырған.

Мұндағы *«ақжол»*– ақ тілек, ақ жол, ақ сапар тілеу, жақсылық, амандық тілеу. Қыста қой қыстап шыққан қораның қиы ойылмай қора астында қалса, қи жаз бойы шіріп, өңі қап-қара, қара қоңыр болып өзгереді. Күзде осы қара қиды

аударғанда оның арасында түсі ақ, тұз тәрізді ақ жолақтар болады. Сол ақ түсті жолақты қазақ ақжол дейді. Сол ақжолы шығып тұрған қиды және ақжолдың өзің өте ептілік пен жинап алады.  Жиналған қи мен ақжолды суға салады да, бір қайнатып қойып тұңдырады. Сол кезде қи құрамындағы ақжол еріп су бетіне шығады. Содан соң өте ұқыпты тұнган суды бөліп алып сол суды қайнатады. Су бір сағат қайнағанда судың бетіне әдеттегі ши өсімдігінің бөлшектерін тастайды,қайнап жатқан су бетіне тасталған шиге тұз тәрізді зат байланады, сол зат ақжол деп аталады. Ал су буланып болған кезде ыдыс түбінде тұз тәрізді талқан қалады, Сол талқан *ақжол* деп аталады. Міне, осы әдістермен ақжол – жарылғыш зат болып шығады. Қазақ халқы осы ақжолды мол дайындап, оған тоқсан пайыз арша көмірінің талқанын қосып, араластырып, әдеттегі мылтық оғының дәрісін жасайды. Қазақта қорғазын оқты мылтық пен бытыралы құс мылтығы оғының дәрісі осылай жасалды[3, 268 б].

Осының арқасында Әбілқайырдың өзінде де қазақ руларына деген қырғи *қабақтық* пайда болған[3,75 б].

Осы тұстағы сөйлемдегі  «*қырги қабақтық*»тіркесі ұнатпау, жақтырмау, жек көре бастау  ұғымын білдіреді.

Жұмақ күнді дозаққа айналдырған, о сөлекет дүние! [3, 83б]. Хан ауылының жайлауға шығуы тек жазың жақсы-жамандығынан, шөптің шығым-шығымсыздығымен ғана байланысты емес-ті[3,80 б].Жақсы көрер адамның сілтеген таяғы жау таяғынан анағұрлым ауыр тиеді[16,88б]. Тәуке хан екі елдің *қыз-бозбаласын*, батыр-балуанын, игі жақсыларын шақырып, тағы ұлан-асыр той жасаған [3, 306 б].Бірақ арлан біреу...- қасқыр көп[16,323б].Жаңа ғана Ақторғынды көргенде  лаулап тұтана қалған жалыны да лып етіп қайта сөнгендей[3,326 б.].Жасы сексеннен асып кетсе де, әлі ат жалын өзі тартып мінетін қуатты қарт. Бірақ, *қыс бойы* аңға салған бүркіттерін ол *жаз шығат*үлетуге кіріскен... [3,19 б.].

Қорыта айтқанда, ұлттық  дүниетанымы мол,  өз ұлтының жанашыры, ұлттық лексемаларды көзінің қарашығындай көріп, қолымен қойғандай  құрмалас құрылымда (көбінесе аралас құрмалас) эпитет, метафора, теңеу болмасын күрделі сөз оралымында түрлендіру ерекшелігі, яғни сөз тіркестерінің  түрлі» комбинациясын  құру шеберлігі байқалады.

**Әдебиеттер**

1.Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка (на материале произведений М. Ауэзова). – Алма-Ата, 1989. – 206 с.

2.Манкеева Ж.М. Этнос тілі  табиғатының ерекшеліктері\\ Тіл тарихы  және сөз табиғаты. Ғылыми мақалалар жинағы-Алматы, 1977 -235б.

3.. Есенберлин І. «Көшпенділер» «Көшпенділер»баспасы, А -2005,-908б.

**ӘӨЖ**

# І.ЕСЕНБЕРЛИННІҢ «КӨШПЕНДІЛЕР» ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ КӨМЕГІМЕН ЖАСАЛҒАН ЭТНОЛЕКСЕМАЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ

**Жанысбек Ләззат Қасымқызы**
«Өрлеу» БАҰО АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша Кәсіби даму институты филиалының аға оқытушысы
**Садыкова Аиткул Сарымсаковна**
Шымкент қаласы, №23 Зоя Космодемьянская атындағы мектеп-лицейі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье рассматривается применение языковых единиц в виде эпитета из трилогии И.Есенберлина «Кочевники»*

***Summary***

*This paper considers the application of language units in the form of epithet from the trilogy of I.Yessenberlin "The Nomads"*

Лексема тіл білімінің семасиология, этимология және стилистика, лексикография сияқты салаларымен байланысты. Ол сөздерді стилистикалық тұрғыдан топтастырады, әдеби тілде сөз қолдану нормаларын, кәсіби сөз, диалектілер, көнерген сөздер мен жаңа атаулар, сөз тіркестері, терминдер мәселелерін қарастырады.

Қазіргі филологиялық зерттеулерде көркем мәтіндердегі жекелеген лексикалық бірліктердің немесе лексикалық қабаттардың (соның ішінде көнерген сөздер немесе т.б.) ерекшеліктеріне, әдістеріне және статистикалық мінездемелеріне зор мән берілуде. Қазіргі этномәдени жағдайда ғылымда қазақ халқының өткен өмірімен таныстыру қажеттілігі туындап отыр. Бұл мәселені шешуде тарихи романдарды зерттеу қажет. Осы ретте«Көшпенділер» трилогиясында қазақ тілінің бай мүмкіндіктері көрініс тапқан: мұнда мағынасы кең мақал-мәтелдер, ғажайып салыстырулар, аллегориялар, метафоралар және кейіптеулер суреттеліп отырған кезеңнің,кейіпкерлер образының көркем суретін, олардың психологиялық ерекшеліктерін, рухани және адамгершілік құндылықтарын, сонымен берге материалдық, тарихи-көркемдік құндылығын ашып көрсетудің маңызды құралдары болып табылады. Осылардың ішінде біздің қарастыратынымыз – теңеу.

Теңеу қазақ филолог ғалымдары Қ.Жұмалиев, З.Ахметовтың, З.Қабдоловтың, М.Базарбаевтың, т.б. еңбектерінде қарастырылған. Бұл авторлар теңеуде белгісіз нәрсенің белгілі нәрсеге теңелетіндігі, соның нәтижесінде бейнелі образ жасалатындығы туралы айтады [1].

Ал ғалым Т. Қоңыров теңеуге былайша:«Теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, керкемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын

күшейтетін, сол нәрсені  жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы»[2, 387б.] деп анықтама берген.

Ғалым Т.Қоңыровтың «Қазақ теңеулері» еңбегінде қазақ теңеулерінің 10 түрлі тәсілмен жасалғанын атап көрсеткен. Оның метафорадан айырмашылығын айқындайды.

І.Есенберлин шығармаларынан бірнеше сөздің лексемасы тілдік сананың образдық ассоциатвтік байланысына негізделген метонимиялық, метафоралық, полисемиялық, фразеологиялық, этнографизмдік сипатта қалыптасқан тұрақты тіркестер мен паремеологиялық қорға бай екені аңғарылады.Осы негізге сүйене отырып,І.Есерберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында кездесетін тұрақты теңеулердің көмегімен жасалған  бірқатар этнолексемаларды   қарастыруды жөн санадық.

1) тай /тей, дай /дей, -дайын/дейін, -тайын/тейін жұрнақтарының көмегімен жасалатын теңеулі тіркестер :*Сегіз таспалы қамшының осуындай* батып тұрған Тәуекел, «Шағай сұлтанның асыранды ұлы» деген сөзді естігенде, жүрегі тағы қабыныпкетті. »[3, 371б]

«*Сегіз таспалы қамшының осуындай*»тіркесін алсақ, мұндағы бір ғана «*қамшы*»лексемасын алайық. Қамшы әбден иленген сиыр терісінен жасалған. Өріміне тоқталсақ, әр  қазақ аулында өрімшілер болған. Олар теріден қамшы, божы, ноқта, шідер, тұсамыс, шыбыртқы (бишік) өрген. Жай өріп қана қоймай, оны өнер көзімен, шебер қолымен, өте жоғары талғам-талапппен қырлап, жұмырлап, бұрап, бедерлеп, үзбелеп, термелеп, еспелеп, бір сөзбен айтқанда, көркемдеп, таңдай қақтырарлық ұқыптылықпен өнерлеп өрген.  Соның ішінде қамшы әртүрлі, яғни 3 таспадан, 40 таспаға дейін өріледі. Таспа неғұрлым көбейген сайын жіңішкере береді. Әрі ажарлана, күрделене түседі.   Осы өрілу тәсілі мен сапасына қарай қамшы атаулары да өзгере береді. Әйгілі өрімші Ж.Бабақов пен А.Сейдімбек   былайша түрлейді: ат қамшы, дырау қамшы, сары ала қамшы, білеу қамшы, мүйіз сапты қамшы, т.б. [4, 37б.].

Қазтуған тапал, тоқты жілігінің қорғасын құйған асығындай, шымыр адам. 12-бет.

Осындағы «тоқты жілігінің қорғасын құйған асығындай» теңеуін қарастыралық. Осындағы «*асық*» лексемасын алайық. Асық  малдың немесе басқа да жан-жануарлардың сирағы мен  сан жіліктерін  жалғастыратын, бір жағы қуыс, бір жағы дөңес төрткіл топса сүйек. Қазақ тіліндегі «Асығы алшысынан түсті» тұрақты тіркесі ойдағысы орындалды, дегені болды, сәті түсті ұғымын білдіреді.

Асық жамбы –  асықтың үлкендігіндей етіп құйған таза күміс.

Асық жілік – сирақпен жалғасатын сан жілік.

Қызыл асық – адамның тобығы.

Асық сөзінің екінші мағынасы – ғашық, құштар, ынтық. [5, 396б].

Егер де Жошының үлкен баласы Орда *Батудай азулы*жаратылғанда, көкек әні басқа түрде айтылар еді.12-бет. Осындағы «*Батудай*» теңеуіне тіркесіп келген «*азулы*» сөзі күшті сөзімен, тіліміздегі «азуы алты қарыс» тұрақты тіркесімен синоним бола алады.

Бұған Жошының өзге ұрпақтарының арасындағы көкіректерін ежелден **жегідей** жеп келе жатқан бақ күндестік, ел билеуліктен туған талас кеселдерінен басқа бөтен де себептер қосылған. 12-бет.

«...Ақыры *қайыңды құртқан түнгі ағаш жегі көбелектей*, Батудың бар ұрпағын жойып тынды»*...10-бет.* Бірақ бірінен соң бірі тізбектелген ауыр ойлар, соңынан ерген *жетім күшіктей*, қалмай қойды.11-бет. Әбілқайырдың Маңғыт руынан алған бәйбішесінен туған он жеті жасар, *аппақ жұмыртқадай*, жастық желікті ерте бастаған, жеңіл мінезді, ерке қызы Ғайып-Жамал-Сұлтан-Бегімнің сұлу жүзді арыс тұлғалы Жәнібекке көңілі кеткен.15-бет**.**Бірақ Жәнібек*барыстай* атылып, Сарыбайды ат үстінен жұлып алған. 22-бет. Монғол нояндары да, *бір шелек суға салынған бір уыс тұздай*, қалың қазақтың арасына кіріп, біржолата оның тілін, дінін алып өздері де қазақ болып кетеді.27-бет.«Қазір Әбілқайыр қиын халде, – деп болжайды ол, –Ордасының да айбары бұрынғыдай емес, жан-жағы түгел *аш қасқырдай* талауға әзір жаулары.» *28-бет.* Бұның бәрі құр *дөңайбат* емес, бір хандықты жүн етер қаһар. Шаңырағы күйрей жерге түскен үйлер... ұлдары сойылға жығылып, *ботасы өлген інгендей*, боздаған аналар... ханның аш бөрілері аулымызды шауып кетті. 29-бет. Бұл екі батыр алыса кететін *қанды ауыз арлан төбеттердей*, алая қарады.34-бет. Азғантай мүлт кетсең оқыралаған *өгіздеймөңки тулап*, жұртты бөліп әкеткелі тұр.*37-бет.*Шүңет көздері шоқтай қадалып тұр.37-бет. Әбілқайыр екі көзі қанталап *сүзетінбұқадай*,түйілген қабағының астынан қарады**.** 44-бет. Көздеріңнің қарашығындай күзетіңдер. 45-бет.

Осы тұстағы «*көздеріңнің қарашығындай*» тіркесі тілімізде ең ардақтысы, әлпештеп өсірген таңдаулысындай, жақсы көрген сүйіктісіндей ұғымын білдіреді[6, 71б.**].**

Тіпті таяп қалса, *найзағайдай жарқылдаған наркескенінен* қаза табады. 53-бет. Алыстан-ақ бұл әйел қалың көкпек арасындағы сарғалдақтай, көзді тартады. 20бет. Хан саясаты кейде *жазғытұрымғы желдей.*40-бет. Нардай *ақ боз текежаумыт* мінген Шүно-Дабо ноян да атының басын бұрып үлгерген екен.381-бет.Ал орыс князьдарының бастары қосыла бастаған күндерден кейін кешегі *қабыландай қайратты***,** жансебіл жандар кенет құдайдың қарғысы ұрғандай бастарына сор нөсердей жауып, сан мәртебе мерт болды.54-бет.

Мұндағы «*қабыландай қайратты*» теңеуіне тоқталайық. Қабылан жүйріктігімен ерекшеленітін мықты жыртқыш аң. Осыған орай тілімізде «*Қабыландай қайраңға соғу», «қабыландай батыр», «қабыландай сұсты», «қабыландай айбатты»*, т.б. тікелей қабыланға қатысты теңеулер мен сөз тіркестері жыр, дастандарда көптеп кездеседі.

Қазтуған « Айт шу!» деген бәйгі ұранын естіген *қылаң құйрықтай* бірден аға жөнелді.57-бет.

Ал осы сөйлемдегі «*қылаң құйрықтай*» теңеуін қарастырсақ, жүйрік ат мағынасында, жылқы ұғымына қатысты *метонимиялық теңеу*. Қарт жыраудың өзінің даусы да *дәл бір өксігін баса алмай отырған қаралы адамның үніндей*.58-бет.*Бауыры қызған бәйге атындай* серпіліп сала берді. 64-бет. Жошының басқа ұрпақтарының басын қостырмай, тізе көрсетіп, *құмдай* бытыратып, әрқайсысын әр жаққа қуды73-бет. Ханның дәл өткір қанжардай алып түсетін кезінде де, алып түсе алмауының да үлкен астарлары бар.74-бет. Түксиген қабағынан қыраулы қыстай кәрін төгіп, көптен бері айтайын деп жүрген өкпе-ашуын толғай кетті. 77-бет. Ұшы-қиыры жоқ *кең далада тағы құландай* кезген қалың қазақты билей алмай қаламын ба, деп қауіптенген. 80-бет.

Осы сөйлемдегі «*тағы құландай кезген*» теңеуін қарастырсақ, құлаң аң. Тағы, басына жүген құрық тимеген, асау, бұла өскен кең дала төсінде еркін кезген, жортқан ауыздықтауға келмейтін, бостан өмірдің қалаушылары мағынасында тиімді жұмсалған. Қазақ тілінде құлан сөзіне қатысты «*құландай шұбыру», «үйірлі құландардай», «сезік алған құландай*», т.б. тұрақта теңеулерді көптеп кездестіреміз. Адамға тесіле қарайтын үлкен сұрғылт көзді, ат жақты, ақсұр жігіттің топ жылқының ішіндегі ақалтеке, арғымағындай, бойшаң келген дене бітіміне қарағанда, оны он төрт-он бес жастарда деу қиын еді.317-бет.эпитетті теңеу. Қыз-бозбала *жаңбыр жуған қызғалдақтай* құлпыра қалған. 325-бет.

Ақторғын десе, *ақ торғындай*-ақ екен. Бағадан бері *тасмүсіндей* мызғымай тұрған Хақназар сәл алға қарай ұмтыла түсті. 336-бет. *Мүйізі шаңырақтай* Хақназардың да, қолынан келмеді бар қазақтың басын қосу. 339-бет.*Құз басына біткен шынардай,* мызғымас берік Бөгенбай атының басын кейін бұрып алды.381-бет.

Осы тұстағы «*мүйізі шаңырақтай*» тіркесі синонимдік қолданыстағы теңеу. Себебі тіліміздегі «мүйіз» сөзіне қатысты «мүйізі қарағайдай» теңеуіне синоним бола алады. Тілімізде «*мүйізі қарағайдай*» тіркесімен мағыналас. Яғни, жарамды, мықты, зор, нағыздың өзі, қасиеті мол, дәрежесі жоғары ұғымын білдіреді.

2) **«тең»** сөзінің көмегімен жасалған теңеулі тіркестер: Армансыз адам *ескексіз қайықпен тең,* тағдыр – толқын, қалай қарай ұрса, солай қарай ағады. 12-бет. Бұлар бір-бірін жан алқымнан ала түсер *көкжал қасқыр мен арлан тазы теңдес. 15-бет.*

***3) ша /ше жұрнағының көмегімен жасалған теңеулі тіркестер;***Бірін-бірі *қасқырша талаған,* тек жеңгендері ғана өмір сүретін, қатал заман.*39-бет.*

***4) секілді, сияқты, тәрізді, іспетті сөздерінің көмегімен;***Өзі де мейтінше сұлу, *жаңа туған ай секілді* жіңішке қасын сүрмелеп тастаған20бет.

Ашу, ыза, кек *қуысқа ұйлыққан қар секілді* оңай жібімеді.40-бет.

Арғын мен Қыпшақтың қазіргі таласы, ұйқы-тұйқы жұлысып жатқанарлан төбеттердің айқасына *ұқсайды.* 40-бет.

Жоқ, жоқ, ашу*тасыған дария тәрізді,*алғашқы екпінмен жар бұзады, ал уақыт өткен сайын қарқыны бәсеңдей түседі.44-бет.

Қияқ *секілдіөжет жігітті* Хақназар *үзеңгілес* етіп көтерсе, *кімнің шаңырағы* құлап, жерге түседі. 334-бет.

Шабытына мінген жырау, *ат сабылтып шауып келе жатқан аңшы тәрізді,* бекер тоқтаттың, хан ием. 77-бет.

Қанды шелек адам *қорқау қасқыр тәрізді* өз басына шындап қауіп төнсе, су жүрек келеді. 307-бет.

Бұның бәрі көшпелі Дешті Қыпшақтың *асау жылқы тәрізді, арда*руларын ханнан шошытуға айналған. 13-бетте.

Осы ретте, «*арда*» этнолексемасына тоқталайық. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде «*арда*» сөзі үйретілмеген, асау деп көрсетілген[7, 40б].

*–Арда ему–* екі жасқа дейін енесінен айыратын мерзімі әлдеқашан өтіп кетсе де, енесін еміп жүрген төл.

*–Арда өсті* – емін-еркін, бұла болып ер жетті.

Сөйлемдегі мағынасын қарастыратын болсақ, еркін өскен, басына басына жүген-құрық тимей бұла өскен арда руларды меңзеп тұр.

Қорыта айтқанда, І.Есенберлин өзінің «Көшпенділер» трилогиясында теңеудің сан алуан түрлерін қарапайым (жалаң) түрлерінен бастап, күрделі теңеулердің молынан пайдаланғанына әрі қарастырылған теңеулердің орынды жұмсағалғанына көз жеткіземіз. Шығармада теңеулер – ойды бейнелі де көркем де оқырманға әсерлі де тартымды жеткізуге қызмет етіп тұр.

**Әдебиеттер**


1.З.Ахметов Өлең сөздің теориясы «Мектеп» баспасы Алматы- 1973, -211б.
2.Т.Қоңыров «Тұрақты теңеулер сөздігі» Алматы Арыс баспасы-2007, -477б
3.І.Есенберлин «Көшпенділер» Алматы «Көшпенділер» баспасы.,2017-908б
4..С.Кенжахметов Жеті қазына (үшінші кітап) -.Алматы-2007, -136б.
5.Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы .А-1974, 695б.
6. І.КеңесбаевФразеологиялық сөздік, Алматы: «Арыс» баспасы ,2007-797б
7.Н. Ақбай «Қазақтың дәстүрлі атаулары» Алматы: «Арда»баспасы -213,-496б.


**ӘӨЖ**

## ТЫНЫМБАЙ НҰРМАҒАНБЕТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМ


**Медеева Гульзат Рахметовна**
Шымкент қаласы, №23 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі


***Резюме***

*В данной статье расматриваются психологизм в творчестве Тынымбая Нурмаганбетова*

***Summary***

*This article examines psychologism in the work of Tynymbai Nurmaganbetov*

Т.Нұрмағанбетовтің шығармаларындағы ««иіс» аса маңызды, «туған үйдің түтінінің иісі», «Ата қоныстың, кіндік қаны тамған жердің» атрибуты ретінде алынады.Баланың иісі, әке иісі, әке үйінің иісі, (нан, ананың киімі, оның қабірінің бір уыс топырағы) – бұлардың барлығы кейіпкер жан дүниесінің тереңіне бойлап, көмескіленген анаға деген махаббатты қайта жаңғыртады. Иіс мотиві өзіндік авторлық ремаркамен беріліп «туған үйдің иісі» бүгінгі замандастарға адамның қасиеті туралы ой түсіріп, жан әлеміндегі тылсым, тұнық сезімдердің оянуына түрткі болады» [1,83].

«Шағын жанр шебері», «Ауыл өмірінің шынайы суреткері» деп бағаланып жүрген Т ы н ы м б а й Н ұ р м а ғ а н б е т о в т ы ң шығармаларының дені ауыл өміріне арналған. «Балалық шақтың әндері» повесі» өз бағасын өз кезінде алған және бүгінгі таңда да өзіндік талдауды қажет ететін туынды екенін көрсетеді. Бұл шығарма оқушы, ата-ана, мұғалім арасындағы нәзік қарым-қатынастың қымбат екенін көрсете білген шығарма болғандықтан психологизм басым түсіп отыр. Басты кейіпкер 4-сыныптың оқушысы Томпақ өз қасындағы оқиғаны қалтарыссыз бірінші жақта баяндандап отырады. Қулық-сұмдықты әлі үйренбеген, өмірден тауы шағылмаған, адал да таза бала. Ол жан досы, сыныптасы, өзінен небәрі екі жас үлкен немере ағасы, Бураның бастан кешкендерін боямасыз жеткізеді. Пәк көңілмен, мейлінше әділ бағалай отырып баяндайды. Оқиға желісінде Ұлы Отан соғысы жылдарының зардаптары көрініс берген. Бура – мықты, батыр жігіт Шойынның ұлы. «Артық әжесінен кейінгі жақыны – біз. Мен оған шөбере туыспын. «Екеуің де Жұрқабайға шөбере боласыңдар», – деп отырады әкем. Сол «Жұқабайға шөбере боласыңдар» деген сөз бізді, расында да, жақындатып жіберген [3,5]. Бураның шешесі Мәзігүл күйеуі қаза болған соң, Найзабек ағайдың Күйіктегі жиеніне тұрмысқа шығыпты. Осы бір жайға орай Бураның әжесі: «Келінімді азғырды... Қолымнан алып кеткен осы... Бұл ісін мен ақиретте де кешпеймін», - деп, Найзабек ағайды сыртынан сыбап отыратын кездері бар. Сол әдетін кемпір-шалдардың бас қосқан жерінде өкпесін талай айтқан. Тіпті мұғалімнің көзінше де айтқан. Әжесінің арасындағы салқын қатынастан Найзабек ағай да Бураны жаратпайтын. Әсіресе оның қайсарлығын, алған бетінен қайтпайтын өжеттігін-ақ ұнатпай, қит етсе Бураға ұрсуға, оны кеміте сөйлеуге әзір тұрады. Тақтаға шығарып, сілейтіп қоятын кездері де бар... Бұл Найзабектің өзгелерден гөрі Бураға көбірек қолданатын әдістері. Бураның пеш түбіндегі ескі партада, әрі жұрт соңында жалғыздан жалғыз отыруының өзі де мұғаліміміздің әлгіндей көзқарастарынан туғандығын қасында жүрген Томпақ та аңдап жүреді. Әлдеқашан далаға шығарып тастайтын партада Бура жалғыз отыруы да қиындықтарға бетпе-бет тұруы. Оның мінезі бірге оқып жүрген б а с қ а б а л а л а рд ан б ө л е кше. Са б а қ ты білетіндігін

жауап берген кезде ғана көрсетіп, пеш жанындағы ескі партада үн-түнсіз терезеден сыртқа қарап, болмаса мұғалім берген тапсырманы жазып, оқып, өзімен-өзі болып отырады. Оның өзгелердей елпілдеп тұрмайтын осы мінезін Найзабек ағайжақтырмайды. Ол ойлы, қайтпас күрескер. «Елуінші жылдардың ортасында Бура екеуміз Бөрлідегі бастауыш мектептің төртінші сыныбында бірге оқыдық. «Бастауыш мектеп» деп ауыз толтырып айтып отырған мектебімізде сол жылы жиырма алты бала оқитын да, төртінші сыныпта төрт бала едік... Көзіне қалың көзәйнек киетін Найзабек деген жас шамасы елудің шамасындағы мұғаліміміз бар еді. Сол кездегі көзәйнек киетіндердің сиректігінен болар, оның жөні түзу өз атын өзіне қимағандай жұрт «Көзәйнек» дейтін. Сыныпта отырғанда «ағай-ағайлағаны» болмаса, оқушылардың өздері де мектептен ұзап шыға бере «Көзәйнек» дейді. Тіпті, осы момақан- ау де ген мен сияқтылардың ауыздарынан шығатын сөз де ала-құла... Кейде «Көзәйнек» ағай, кейде «Найзабек ағай»[3,4]. Бөрлінің бастауыш мектебінде бір мұғалім. Әрқайсысы 7-8 үйлі ауылдар шоғыршоғыр, әр жерде. Мектеп басқа бір жерде. Бала саны аз. Төрт сынып мұғалім қаласа – екі бөлек, қаламаса – бірге оқиды. Найзабек ағай өзі би, өзі қожа. Осы бір мұғалімге жат қылықтан шыңдалған Бураның бейне сін т амаша көркемдік құрал әдебиеттегі психологизмді Тынымбайдың осы «Балалық шақтың әндері» хикаятынан табамыз. Жұмбақ әлемі сөз өнерімен бірге өріліп, өмір сүруі заңды емес пе деген сауалдың туы тағы да табиғи. Олай болса, біздің ұғымымызда кез келген сөз өнерінің шебері «адам жанының инженері», яғни психолог жазушы. [3,7]. Ұлы суреткер М.Әуезов айтқандай нағыз көркем прозаға психология араласпаса өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақ-тақ жолы» екендігі күмәнсіз. Шынында да көркем шығармада кейіпкердің әр түрлі қалыптағы ішкі ой-толғаныстары әрдайым өзгеріп, іс-әрекет, сезім қайшылықтарын тудыратын психологиялық құбылыстарды тереңдетіп, күрделендіре бейнелеу психологизмнің табиғатын айқындап берері хақ. Бе л г і л і ә д е бие т т анушы ф. ғ . д . , Б.Майтанов: « ..психологизм сөз өнерінің тектік белгісі ... каһарманның рухани әлемін, жан сырын же т к ізуд і ң ама л - т ә с і л д е р і н і ң жиынтығы...» - дейді. Жалпы көркем әдебиеттегі кейіпкердің ішкі жан дүниесін бейнелеу барлық жанрдағы шығармаға тән құбылыс [3,8]. Психологизм екі түрге бөлінеді, Бірінші, кең мағынадағы психологизм (универсальное). бұл барлық әдеби шығармаға т ән. Екінші, т ар ма ғынада ғы (узко е ) психологизм, жеке адам тағдырына тереңірек үңіліп, рухани әлемді егжей-тегжейлі бейнелеуге ерекше көңіл бөледі. Олай болса психологизм дегеніміз – кейіпкердің, ойы мен іс-әрекеттерінің кереғарлығы, сана қақтығысынан тұратын ерекше көркемдік жүйе. Алайда осы жерде ескерер бір жәйт – әдеби психологизмде автор мен кейіпкердің ой-толғанысы мен ой ағымдары, сана қақтығыстары қайшылыққа толы болса да жүйелілік сақталады [3,9]. «Қоқымет Найзабектің жақын ағалары еді... Бура өзіне е себін тауып тиісіп, мұғалімдігін, сол жылдардағы қазақтың балаларының үлкенді тыңдағыштығын пайдаланып, кемсітіп, ар-намысын аяққа

басуға тырысатын Найзабектің де сыбағасын беріп отыруы осы себептен. Айталық, «қойдың кезегіне неге барасың, кемпір шешең бақпай ма», «Аяғы сырқыраса, қара есектің беліне неге таңып жібермейсің? Қара есекте де ақыл бар, кешкісін қайтып алып келеді ғой», - деп тиіскенде. Бура да бір қызарып, бір бозарып отырып, мұғалімге тіктеле қарап: «Сіздің үйде де бір есек бар ғой. Қойдың кезегі келгенде өз шешеңізді солай таңып жіберерсіз» деуі осы себептен. Найзабек шыдай алмай, иығынан жұлқып, оң аяғынан тепкенде де Бура ықпады. Кім жеңді? Әрине. Бура. «Дәл сол сәтте бүкіл сынып ішін мұғалімнің емес, Бураның мысы басып тұрғандай еді...». Бураның күпәйкесін әжесі түсін таңдамай жамай беретін. Найзабек ағай жазалаудың жөні сол екен деп аяғын көтерту үшін оң аяғынан тепкен сәттегі Бураның кескінінен күдік алғанымен әуелгі райынан біржола қайтқысы келмей, күпәйкесінің жамауын көрс ету үшін теріс қаратып тұрғызады. Бірақ бұған балалардың ешқайсысы батылы жетіп күле алмаған соң, Қыздаркүл де әкесінің бұл әрекетіне ұзақ күле алмайды. Дәл сол сәтте бүкіл сынып ішін мұғалімнің емес, Бураның мысы басып тұрды. Мұнда да мұғалім оқушыны жазалауын жалғастыру үшін пешке от жақтырмақ болады. Бура мұғалімнің әйелінің жұмысын орындаудан бұрын осы іс әрекетімен мұғалімді жазалауға кірісіп кетеді. Сыныпты көк түтін етіп, көзәйнегін жоғалтады... Тағдыр тағы да Бураның басына ауыр салмағын тастап жіберді. Артық әжесі ауырып қайтыс болып, мүлдем жалғыз қалды. Осы повестің жазылуына себеп болып, бәрін баяндап отырған Томпақ пен аз болса да саз көрінген Сияш қыз болмысы да жақсы ашылған, жан нұры айналасына шашылған кейіпкерлер. Бұған қоса кемелдікке өтіп, сызғаны – сурет, жазғаны –жанды өмір, түрткені – тірі түр-тұрпат болып, қағаз бетіне түсе қалатын шеберлікке жеткен суреткер Тынымбай Нұрмағамбетовтің қайсыбір эпизоды, әңгімесі де, хикаят, романы да дарқан дүниелер, классикалық үлгілер бола қалатынын бұрын да айтылып жүр. Соның дәлел-белгісіндей осы повесте сирек көрінген, екінші-үшінші дәрежедегі Бадырақ, Батық, Шашбике Белбармақов, Мәзгүлдер де жақсы дараланған характерлер. Өзгеге ұқсамас кісілер, пенделер, адамдар екенін айтуға болады.

Бура өзгелердің сөздеріне тосылмай өз сөзін айтады. – Әжеммен бірге мен үшін қызық атаулы бірге кетті. ... – Мен ауылды да, мектепті де жек көріп, ел-жұрт білмейтін бір жерлерге қаңғырып кеткім келетін. Сондықтан өткен жылы жиһангез боламын деп... Өздеріңіз білесіздер. Осы тұста оның жылап жіберердей даусы дірілдеп кетті. – Демалысқа барған сайын қаңыраған бос үйіме кіргенде көңілім құлазиды. Біреудің үйінде жүру, тамақ ішу, мұнда интернат, асхана... Осының бәрі маған жетімдігімді есіме сала берді. Мен өмірде өз үйімнің болғанын армандадым. Күттім... – Әй, айналайын... Осылай сөйлемесең, Шойынның баласы болармысың... Қой енді, айта берме... жетімдігіңді... – деп, Ақыптың қорқ-қорқ еткен даусы естілді. Ақыптың жылауы менің де көңілімді босатты. – Өстіп жүргенде менің әкемнің суреті табылды... Маған бұл өмірде одан өткен қуаныш болған жоқ. Бура енді шын жылады. Бетін айғыздап

омырауына тамған көз жасын ол сүрткен де жоқ. – С о с ы н С и я ш . . . С і з д е р кешіріңіздер... Менің оған бірден үйленгім келген емес-ті. Әкемнің соғыста жүріп құда түсуі. Мен әкемнің ұйғарып кеткен ісін орындағым ғана келді. Солай ету парызым деп... тіпті қасиетті арман-борышым деп ойладым. Жо-жоқ, одан да емес... Сияш менің жанымда жүргенде, мен өзімнің жетімдігімді ұмытатын болдым. Сияш жанымда жүрсе... бәрі де көңілді секілді... Маған одан өзге жанның керегі жоқтай. Сіздер-р... білмейсіздер... Мен Сияшты жанымдай жақсы көремін. С і з д е р б і з д і б ұ з ы л ғ а н д е п ойладыңыздар. Ал біз түк те бұзылған жоқпыз. Бар болғаны бір-бірімізді жақсы көрдік... Сөйлестік... Жүрдік... Бура әлі көз жасын тыйған жоқ. Тіпті оны өзінің осылай жылауынан ләззат алып тұр дерсің. – Сосын менің үйленгім келді. Сияш екеуміз біздін ескі үйдің ішi-сыртын сылап, ақтап, жан-жағын сыпырып, мұнтаздай етер едік. Мейлі... Сіздер ұрса беріңіздер... Біз бәрібір үйленеміз. Солай келістік. Ол бір сәт үнсіз тұрып қалды. Бура осыншалық ебіл-дебіл жылағаннан кейін, мұғалімдер жағы да аңтарылысып қалғандай. – Маған оқудың да керегі жоқ. Мені бүгіннен бастап шығара беріңіздер мектептен. Мен колхоздан жұмыс істеймін. Өткен жылы да істегенмін. Мен Бөрліге бүгін-ақ кетемін. Біржола. Кесектеріңізді өздеріңіз құйып алыңыздар. – Шырағым-ау, біз сені әлі мектептен шығарған жоқпыз ғой, – деп директор орнынан тұрып кетті. – Бәрібір шығарасыздар. – Жоқ, шығармаймыз. – Сенбеймін. – Жетінші класты бітірген соң, н е і с т е с е ң д е е р к і ң , а й н а л а й ы н [3,185]. Томпақ бураның мінезін ішкі ой толғанысы арқылы тамаша жеткізе білген. Бура енді үнсіз қалды. Көз жасы да тыйылған. Осы тұрысында ерегіскенде сазара қалатын өзінің кәдуілгі мінезін қайта тапқандай. Директор оған жалынғандай болып әлі сөйлеп жатыр. Әлгінде ғана ебіл-дебіл жылап, өзін-өзі төмендеткен Бура қайта жоғарылап шыға келді. Қуанышт ан е сім шығып, іштей мақтанып енді Сияшқа бұрылсам, қыз жүзін төмен с алып жылап отыр екен. Ұзын кірпіктерінің бойымен домалаған көз жастары партаның қақпағына тырс-тырс тамып жатыр. Бірінші жақта баяндаушы Томпақ қасында жүрген Бура мен Сияштың бейнесін оқырманға тамаша ішкі монолог арқылы жеткізгенін байқаймын. Жан тебіренткен сөздер қасарысып тұратын Бураның жасына ерік берді. Өзінің сөздерін айтып болысымен бұрынғы сазара қалатын өзінің кәдуілгі мінезі әжесінің қасында жүрсе де шешесіне деген сағыныш араласқан қызғанышы шығар «Тынымбай Нұ рма ғ амбе то вт і ң қайсыбір әңгімесінің де заты игі, қандай бір повестері де талғамға татиды. Солардың ішінде жазушының жеке әдеби әлемінде ғана емес, қазақ әдебиеті, керек десеңіз, әлем әдебиетінде де сыңары жоқ, ақиқаты дөп, айтары көп тамаша туындысының бірі – «Балалық шақтың әндері» повесі» –деп көрсетеді. Бұл шығ арма біріншіден, 1950 жылдардың ортасындағы қазақ ауылы тыныс-тіршілігін қаз-қалпында қарапайым, бірақ қарабайыр емес, карымды жеткізуімен құнды. Шынайы да әдемі бейнелеуімен танымдық тұрғыдан өте қызықты. Көркем дүниемен емес, сол уақыттағы өмірдің нақты көріністерімен кездескендей, тіпті оқырман да

соларды бастан кешкендей, куә болғандай болатының бар. Бұған бақсақ, аталмыш шығарманың тәлімдіктәрбиелік сипаты да күшті

**Әдебиеттер**

1. Балтабаева Г.Тәуелсіздік кезеңдегі қазақ прозасының көркемдік әлемі. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016 -288 бет
2.Нұмағанбетов Т. Балалық шақтың әндері. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Балауса, 1994 - 352 бет

**ӘӨЖ**

# З.СӘНІК ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КЕЙБІР ҚҰБЫЛТУ МЕН АЙШЫҚТАУ ТҮРЛЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

**Мухамбетова Алмагүл Өмірзаққызы**
Түркістан облысы, Кентау қаласы, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев атындағы жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье расматриваются использование некоторых видов преобразования и обсуждения в художественных произведениях З.Саник*

***Summary***

*This article discusses the use of some types of transformation and discussion in the works of art by Z.Sanik*

З.Сәнік шығармаларында әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың түрлері молынан кездеседі. Олар шығармаларының құрылысында суреттеліп отырған жайға өзгеше өң, соны сипат береді. Олардың бірқатарын қарастырып көрелік. Алдымен, қарастыратынымыз – эпитет. Эпитеттерінің дені күрделі. Мәселен,табиғатты суреттеуде көбіне эпитетті тиімді қолданады. Онда, әрине, кейіптеу тәсіліне жиі жүгінеді.Табиғат құбылыстарына жан, тіл бітіреді. Бұл, шын мәнісіндегі жазушы шеберлігінің бір көрінісі.

З.Сәніктің «Басбай» романында жаз мезгіліндегі Тасты өзені былайша суреттеледі:

«*Барлық тауының теріскейі жағын ортадан тік жарып ағып жататын асау өзенді жұрт Тасты деп атайды. Тасты десе тасты дегендей биік-биік жалама жартастарға соғылып шығыстан батысқа қарай көсіліп жататын тентек өзен көктем мезгілінде буырқанып, арнасынан асып аспанға шапшыған асау толқын тудырса, жайшылықта да ақ көбік шашып арыстан жалданып жатады.* [1, 62 б.].

Мұндағы «*асау өзенді*», «*биік-биік жалама жартастарға*», «*тентек өзен*», «*асау толқын*» эпитеттер. Осындағы «*асау*» эпитеті жалпыхалықтық қолданыста кездеседі. Өзеннің тентек, асау немесе толқынның асау болуы да өзіне тән тұрақты белгі емес. Яғни тұрақсыз эпитеттер. Сондай-ақ, екінші құрмалас құрылымды сөйлемнің үшінші компонентіндегі « *ақ көбік шашып арыстан жалданып жатуы*» метофоралық (эпитет метафора) қолданысқа ие. Автор біртіндеп эпитеттерді үстемелей отырып, образдың экспрессиясын мейлінше арттырған. Кейіптеу тәсіліне жүгінеді. Онысы аса нанымды шыққан. Өзенге жан бітіреді. Ол көктемде «тентек» мінез танытып адам кейпінде ашуға мініп буырқанса, жайшылықта арыстан кейпіне енеді.

Екінші бір тұста:

«*Құтидың кең жазығының Барлық жағы әжімді алқап, бұжыр-бұжыр қырқаларға ұласып жатады да, Тарбағатай жағы созылып барып Қожағұл байдың жеріне – Беделдің жазығына ұласады.* [1, 16 б.].

Құрмаластың бірінші компонентіндегі «*әжімді алқап*» эпитеті табиғат құбылысының бір мәні іспетті. Әжім кәріліктің ұлттық ұғымымызда қалыптасқан аяныш сезімге бастайтын бұл бір күйі тұтастай бір өңірді алып жатыр. Құрмалас сөйлемнің екінші компонентіндегі «*бұжыр-бұжыр қырқаларға*» тіркесі де эпитет. Образға жұмсалған.

«Құлыстай мен Қоңыраба аңғарының арасын шығыстан батысқа созылған *заңғар биік алып тау* ортадан бөліп жатады... Ал, теріскей жағындағы *кең етекті бұжыр-бұжыр адырлар*, осы елдің көктеу-күзеулігі. *Нар қамысты, атан шилі*, жалпақ Құлыстай бойы да қыстаулыққа келіскен жер, табиғаттың дайын пішендігін қалың мал қыс бойы шетінен кертіп жеп, ырғынға батып жататын. Барлықтың басына *тоқымдай бұлт ілінгенде* Сауырдың жотасынан *ақшиған ақша бұлттар* көше бастайды.[1, 23 б.].

Бірінші сөйлемдегі «*заңғар биік алып тау*», «*кең етекті бұжыр-бұжыр адырлар*» күрделі эпитеттер сөздің экспрессиясын күшейтуге жұмсаған. Екінші сөйлемдегі «*нар қамысты, атан шилі*» эпитеттері гиперболалы эпитеттер. Өйткені шидің қанша үлкен болса да, атандай болуы мүмкін емес, т.б. Соңғы сөйлемдегі -дай жұрнағының көмегімен жасалған «*тоқымдай*» теңеуі ұлттық ұғымға етене жақын болғандықтан, «*ақшиған ақша бұлттар*» эпитеті де өте сәтті қолданыс тапқан. Көз алдыңызға тіршілік заңына амалсыздан көндігіп, бақшиып көшіп бара жатқан ақша бұлттардың жанды кейпі елестейді. Бұл тұста эпитеттер сөздің әсерлігін арттыруға жұмсалған.

Екіншіден, осы тұста автордың сөз тіркестерінің түрлі комбинациясын құру шеберлігі де көз тоқтатады. Мұны жазушының бір өзіндік ерекшелігі деп қарастырғанымыз абзал. Оған төмендегі үзінділердің қайсысы болмасын де дәлел бола алады.

«*...Күзде салынған жал-жал маялардың етегі жиылып, құмырсқа белденіп едәуір еңсеріліп қалса да, бірақ жаз шыққанша моитын емес. Шақылдаған сары*

*аяз айналаны қаншалық бүрістіргенімен, мына пішен жағалаған малдың оны мизімейтін түрі бар, жүндері жылтырап, жұтынып тұр*. **[1, 55 б.].**

Алғашқы құрмаластың бірінші компонентіндегі «*жал-жал маялардың*», тіркестері – эпитет, екінші компонентіндегі «*құмырсқа белденіп*» тіркесі тұрақты литота. Екінші құрмалас сөйлемнің бірінші компонентіндегі «*шақылдаған сары аяз*» тұрақты эпитет. Күнделікті ауызекі сөйлеу тілімізде кездеседі. Ал екінші компонентіндегі «*жұтынып тұр*» тұрақты сөз тіркесі.

Ендігі бір тұста:

«*...Мал да адам да азып, күннен күнге құлдырай берді. Тарпаң табиғат кәрін төгіп Құлыстайдың әумесір желі күндіз-түні азынап тұрып алды. Күйегі ерте алынған кораның төлі шегінен қырылып, қыстан қымтырылып әрең шыққан мал әр жерде құлап, қарға-құзғынның жеміне айналды. Жер бетінің күзден қалған азынаулақ шөп-шалаңын ескеуілдеген аңызақ жел үптеп кетті. Аласұрған мынау жел жаңа тебіндеп келе жатқан көкті де маңдытпады. Тек күнгей-күнгейдің ықтасын жерлерінен ғана бастарын қылтитып, сүрепеті қашып өбек қаққан, селдіреген әредік көктер сүркейлі далаға сығалай қарап, мұнан артық өссем әлде қандай пәлеге ұшырап қалам ба деп қорғалап қалғандай еді. Әр жерде селтиген қурай, селдіреген ши өбек кағады. Жылда жапырағы мен бүрі болса малға аздап талшық болатын сол бір дала көркі биыл жүдеп-жадап ызғарлы желдің аяусыз соққысына шыдамай ызыңдаған мұң шығарып, әлсіз үн қатады*. [1, 99 б.].

Мұндағы «*тарпаң табиғат*» метафорасымен тіркесіп келген «*кәрін төгіп*» тұрақты сөз тіркесі. Одан әрі «ескеуілдеген аңызақ жел», «аласұрған мынау жел», «*сүрепеті қашып өбек қаққан*», «*селдіреген әредік* көктер» , «сүркейлі далаға», «*селтиген қурай*», «*селдіреген ши*» «*ызыңдаған мұң*», тіркестері түгелімен эпитеттер қатарын құрайды, *т.б.*

Мұнда қатал табиғат құбылысының әрекеттік сұлбасы бой көтереді. Мәтіннің өн бойында эпитеттің қимыл-сындық болмысы эмоционалды суреттермен ұштастырылады. Мұның ішінде «*сүрепеті қашып өбек қаққан», «селдіреген әредік көктер*» үйірлі анықтауыш түріндегі эпитеттердің қуаты да мол.

Табиғатқа жан бітіріп, оған адамның қимыл әрекетін тели суреттейді.

«*Сондағы оның аналық мейірі, ыстық құшағы,* ***көл етіп ағызған көз жасы*** *бұлардың есінен мәңгі шығатын емес. Сонау Барлықтың ұшар басынан ойдағы ауылға, будақтаған түтіндерге, жыпырлаған малға көз тастап, ананың алып тұлғасын елестетіп, аяқ жақтан, анау кезеңнен ақ шылауышын бұлғап шыға келер ме екен деп үміттеніп, әлсін-әлі жалтақтай береді*. [3, 83 б.]

Алғашқы сөйлемдегі «*көл етіп ағызған көз жасы*» *әсірелеу. Себебі, адам қанша жыласа да көз жасы көл бола алмайды*. Екінші сөйлемдегі «*будақтаған түтіндерге*», «*жыпырлаған малға*» тіркестері эпитеттер. Мұндағы көріктеу тәсілдері түгелдей образдауға жұмсалып тұр.

Табиғатты суреттеген тұстарда ғана емес, шығармаларының өн бойында жиі ұшырасады. Мысалы портрет тәсілін алайық.

*«Мынау бір қараторы көрікті сымбат оған жарасқан үкілі құндыз бөрік, оқалы қызыл ламбық шапан, төгілген жібек белбеу, қисық жағалы, кестелі ақ торғын көйлек бір-біріне құп жарасқандай олардың көзін сүріндіріп, көңілдерін ұйытып барады.* [1, -41 б.].

Мұндағы «*үкілі құндыз бөрік*», «*оқалы қызыл ламбық шапан*», «*төгілген жібек белбеу*», «*кестелі ақ торғын көйлек*» күрделі эпитеттер. Ал «*көзін сүріндіріп*» тұрақты тіркесі жағымды эмоцияны білдіруге тиімді жұмсалған.

Енді бірде:

*«Мынау Шәуешектің сірне мойын дін иелері мен қалталы байларының түселдің билігін айтып отырған Әсеттің алдына топ ете түскеніне Бөкенші Омар да, Қанағат та қатты қуанып кетті* [1, 48 б.].

Бұл сөйлемдегі «*сірне мойын*» эпитеті жағымсыз эмоцияға жұмсалып тұр.

3. Сәнік шығармалары тілінің поэтикасын танытатын тұстарының бірі – теңеулердің көрінісі. Теңеулердің қай түрін (күрделі, қарапайым) кездестіруге болады. Мысалы:

*«Шүкеннің төбе басыға арнап тігілген он екі қанат ақ ордада жалғыз отыр. Ой дүниесі арпалысып, қазандай қайнап жатыр.* [1, 20 б.].

Мұндағы «*он екі қанат ақ ордада*» күрделі эпитет. Ал «*қазандай*» теңеуі адамның ішкі дүниесіндегі психологиялық құбылысын сипаттауға жұмсалған.

*«Түйенің шудасындай желкілдеген қамыстар, үйдей-үйдей қопалы шилер, табақтай дөңгеленген ойдым-ойдым күреңселер көздің жауын алып, адамды ат үстінен қызықтырып, өзіне баурап алады.* [1, 24 б.].

Бұл қатардағы «түйенің шудасындай», «*үйдей-үйдей*», «*табақтай*» теңеулері *-дай, -дей, -тай* жұрнақтарының көмегімен жасалған қарапайым теңеулер. Алайда, ши қанша үлкен болса да үйдей немесе күреңсе өсімдігі табақтай үлкен болмайды. Сондықтан *гиперболалы теңеулер* қатарын құрайды. Ал «*көздің жауын алып*» тұрақты тіркесін де орынды қолданған.

*«Қыранды шырғаға тартқан қызылдай* көрінген бұл саудаға бүкіл қазақ сахарасы құмығып қана қоймай, дақпырты сонау Ресей жеріне, онан Қазанға дейін жетіп сонан бергі *байтақ өңірдің көзін тұнытып*, көңілін аударып алды.[1, 31 б.]

Құрмалас сөйлемнің бірінші компонентіндегі «*Қыранды шырғаға тартқан қызылдай*» эпитетті теңеуі ұлттық танымға негізделген. Мұндағы шырға қазақтың дәстүрлі құсбегілік өнерінде бүркітті аң аулауға баулудағы негізгі жабдық. Ал қызыл оның ең құнарлы жемі. Сонымен қатар, төртінші компонентіндегі «*байтақ өңірдің көзін тұнытып*» тіркестеріндегі байтақ өңірдің көзі тұнбайды, сол өңірде, елдерде тұратын адамдардың көзін тұндырады. Яғни, жалпыланған метонимия. Соңғы бөлігіндегі «*көзін тұнытып*» тұрақты сөз тіркесі. Тілімізде «сұқтанды», «дүниеге қызықты» ұғымын білдіреді[2, -339 б.].

Автордың метафоралары да айтар ойын бейнелі жеткізуде айрықша маңызға ие. Мысалы:

«Әсет әнін әуелі өз жастық шағының *шамшырағы* есептелетін, өзі ерекше сүйіп, толқып отырып айтатын әні. Мақпалдан бастады. [1, -339 б.]. Осы үзіндідегі «*шамшырағы*» сөзі метафора.

«Үлкен әйелі: мен Басбайдың отының басы, суының тұнығымын, сондықтан Басбай отбасының бар билігі менің қолымда болуы керек, деп өзі бір тауды жеке иемденгісі келсе; [1, 83 б.]

Мұндағы «*отының басы*», «*суының тұнығымын*» тіркестері метафора.

Ендігі кезекте қарастыратын автордың метонимиялары сөзді үнемдеумен қатар, ойды әрі айқын, әрі дәл жеткізу тәсілі ретінде қызмет атқарады. Мысалы:

*«Екі баран аттының бірі – ашаң жүзді, селдір сақалды, ұзын бойлы, қаңсарлы адам Бәйтіш зәңгі еді, енді бірі – қою қара мұртты, дөңгелек жүзді, орта бойлы, көзі ойнақы Кәдірихан ақын болатын. Екеуінің мінген аты да тайпалып, жұтынып тұр. Бәйтіштің кигені түлкі тымақ, қасқыр ішік. Сиырдың бүйрегіндей бұлтиып-бұлтиып келіп бірімен бірі тұтасып кететін мынау ұшы-қиыры жоқ кең быдырқай Барлық елінің қыстаулығы.* [1, 78 б.].

Сөйлемнің бірінші компонентіндегі «*түлкі тымақ», «қасқыр ішік*» затты оның жасалған материалдарымен алмастырып тұрған метонимиялар. Тымақ түлкінің, ішік қасқырдың өзінен емес, терісінен жасалады. Осы сөйлемдегі «*екі баран*» есім сөздерімен тіркескен « *аттының*» сөзі «*ат мінген екі адам*» ұғымын, екінші сөйлемдегі «*екеуінің*» сөзі де сан есімдерден жасалған кісі есімдерін алмастырып тұрған метонимиялар. Алғашқысы күрделі. Осы тұста, «*сиырдың бүйрегіндей*» теңеуімен тіркесіп бірге келетін *«ұшы-қиыры жоқ кең быдырқай»* күрделі эпитеті бірін-бір толықтырып, сөздің әсерлігін арттыруға ықпал етеді. Сондай-ақ, «*селдір сақалды», «көзі ойнақы*» эпитеттері де тиімді қолданылған, т.б.

«*Тарыққан жанның талайын ажалдан арашалап, сол бір қиын-қыстау күндерде өзегі талып жығылғанды қолтығынан демеген, жоқ-жітікке жомарт шараның шетін тістетіп барып өлімнен құтқарған Қарақазан кейінгі күнде ауыздан-ауызға, ұрпақтан-ұрпаққа аңыз боп таралған.* [1, 61 б.].

Осы сөйлемдегі «*жомарт*» метафорасымен тіркесіп келетін тұрмыстық зат шара. Адам шараның шетін тістемейді, шараның ішіндегі асты меңзеу орын алған. Одан кейінгі «*Қарақазан*» Басбай есімін, яғни қазанды емес, оның иесін, иесінің жомарттығын, мырзалығын алмастырып тұрған метонимия.

«*Әдетте байлардың көбіне мал мол біткенімен басқа тапшы болады ғой. Ол бәйбішесі Жамбыдан шыр еткен көрмеді*. [1, 83 б.].

Алғашқы сөйлемдегі «*басқа*», екіншісіндегі «*шыр еткен*» перзент, нәресте сөзін алмастырып тұрған синекдоха.

Ендігі кезекте шығармаларында кезігетін айшықтау тәсілдерінің бір-екеуіне тоқталып кетейік. Кей тұста сом, кесек күйде кезіктіреміз. Мысалы:

«Жақсы атаның аруағы жаман ұлды қырық жыл сүйрейді екен.

– Жаман ұлды қырық жыл сүйрегенде, сіз сияқты жақсы ұлды сексен жыл сүйрер.

– Еріншек, ездердің де маңдайына қаншалық мол дәулет жазылса да құмға құйған судай зым-зия болар![1, 13б.].

Бұлар антитеза.

« ...азаматтың маңдайына сор жазса сорлы, бақ жазса бақытты болады.

Аттың да аты бар, қазанаты бір бөлек, жігіттің де жігіті бар азаматы бір бөлек емес пе! [1, 13б.].

Бұл қатардағылар – параллелизмдер...

Қорыта айтқанда, ұлттық дүниетанымы мол, өз ұлтының рухани құндылықтарының нәрін бойына жинаған З. Сәнік шығармаларында эпитет болсын, теңеу метафора, метонимия, синоним, шендестіруге негізделген антонимдік қатарларды, күрделі сөз оралымында түрлендіріп қолдану ерекшелігі байқалады. Яғни сөз тіркестерінің сан түрлі комбинацияларын құруда шеберлік танытады. Бұл оның басты ерекшелігінің бірі. Олар қандай да бір белгілі стильдік мақсатта қолданылады. Шығармаларында мәдени лексикамыздың ұлттық сипатын айқындайтын сөз тіркестеріне басымдық береді.

**Әдебиеттер**

1. З. Сәнік.Басбай – Алматы: «Санат» баспасы – 2007. – 224 б
2. І. Кеңесбаев. Фразеологиялық сөздік. Алматы: «Арыс» баспасы, –2007. –800 б.
3.Сәнік.Т.І:Сергелдең. *– Алматы «Ан-Арыс» баспасы2017. – 328 б.*

**ӘӨЖ**

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

**Кенесбаева Жанат Онгарбаевна**
Шымкент қаласы, №23 Зоя Космодемьянская атындағы
мектеп-лицейі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
**Бекмурзаева Батпа Дуненбаевна**
Түркістан облысы Қазығұрт ауданы
Тұрар Рысқұлов атындағы мектеп-лицейі
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

***Резюме***

*У казахской терминологии есть прошлое и будущее, отрасль языкознания. Казахская терминология – это живой процесс, который развивается вместе с языко знанием.*

***Summary***

*Kazakh terminology has a past and a future, a branch of linguistics. Kazakh terminology is a living process that develops along with linguistic knowledge.*

Қазақ тіл білімінің, оның ішінде ғылыми терминологияның қалыптасуы мен дамуы туралы сөз қозғағанда, ұлағат алар ғұламаларымыздың қатарына кіретін

ұлтымыздың ең ардақты ұлдарының бірі - Ахмет Байтұрсынұлының есімін айрықша атауға тиіспіз. Ол қазақ филологиясының, тіл-әдебиет ғылымын, ұлттық ғылыми терминологияны қалыптастырудың қайнар бастауында тұрған аса көрнекті ғалым. [1,3]

Халқымыз «ұлт ұстазы» деп атаған аса көрнекті тұлғаны тереңірек таныған сайын ұлтымыздың рухы биіктеп, тарихи, ғылыми санамыз да өсе түспек.

Ең алдымен, А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы.Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым ретінде А.Байтұрсынұлы осы ғылым саласындағы негізгі ұғымдарды және олардың өзара байланысын анықтап, яғни қазақ тілінің табиғатын көрсететін ұғымдар жүйесін түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдардың атауларын да тұңғыш рет жасады. Ғылыми ұғымдарға ат қою оп-оңай жұмыс емес. Онымен қоса, арнаулы ұғымдарға ат қою кезінде ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін ескеру қажет. Атаудың ықшам болуы, бірмағыналылығы және ұғым мазмұнын қамтуы тағы бар. Осындай талаптарды мүлтіксіз орындаудың қиындығы - терминдерді ана тілінде жасаудан гөрі көп жағдайда оны ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып жасалған өзге тілдерден дайын  қалпында ала салуға (яғни, жасауға емес қабылдауға) мәжбүр ететін себептердің бірі. Бұл тұрғыдан келгенде, ғалым қазақ тілін термин шығармашылығында пайдаланудың жарқын үлгісін көрсетті. А.Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралының» (қазақша әліппе) өзінен буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп) сияқты терминдерді ұшыратуға болады. Ал 1914-1915-жылдары және одан кейінгі жылдары 1928 жылға дейін бірнеше дүркін басылып тұрған «Тіл-құрал» оқулықтарында (қазақ тілінің сарфы) әбден қалыптасып, бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген және қолданыла беруге тиіс зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ сияқты терминдер жүздеп кездеседі.

А.Байтұрсынұлының қазақ тілі білімінің ғана емес әдебиеттану ғылымының да негізін қалаушы екендігі мойындалған шындық. 1923 жылы ғалымның мерейтойына арналған мақаласында М.Әуезов «Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Аханды өзінің басшысы деп санайды» [2,4] – деген болса, әдебиетші ғалым Р.Нұрғалиев оның «Әдебиет танытқышы» туралы айта келіп, «...қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған» - деп әділ көрсетеді

Сонымен, екіншіден, қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым осы ғылым саласының ғылыми терминологиясын да жасаған.

Терминделуші ұғымдарды дәл білдіретін жүздеген әдебиеттану терминдерін жасай отырып, ғалым олардың ғылыми терминге тән дефинициясын да (ғылыми анықтамасын) берген. Ол дегеніміз – ғылыми ұғымның өзіне ғана тән белгілерін

айқын көрсетумен қатар, олардың ұғымдар жүйесіндегі алатын орнын да көрсету деген сөз. Мысалы, «Айшықтың әрбір тақтасы шумақ деп аталады. Жұрттың бір ауыз өлең дейтіні шумақ болады, әр шумақта бірнеше тармақ болады. Тармақ дегеніміз - өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз - өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде буын болады»

Бұл мысалдан байқайтынымыз, ғалым біріншіден, өлеңнің құрылым-құрылысын (түр-тұрпатын - А.Б.) анықтаған; екіншіден, әрбір ұғымның өзіндік ерекшелігін, басты белгісін, іргелес өзге ұғымдардан айырмасын көрсететін анықтама берген. Яғни, әрбір ұғымның мазмұны мен көлемін анықтаған; үшіншіден, әр ұғымның ғылыми атауын (айшық, шумақ, тармақ, бунақ, буын) жасаған; төртіншіден, терминдердің жүйелілік ерекшелігін ескере отырып, жалпы қолданыстағы бір үлгімен жасалған (модель) сөздерді термин ретінде пайдаланған; бесіншіден, ғылыми ұғымдардың арасындағы жүйелілік-құрылымдық байланысты көрсеткен. Дәлірек айтқанда, айшықтың – шумақтан, шумақтың – тармақтан, тармақтың – бунақтан, ал бунақтың – буыннан құралатындығын сатылай отырып көрсету арқылы ұғымдық микрожүйенің өзіндік табиғатын танытқан.

Бұдан ғалымның өзі зерттеп отырған ғылым саласындағы ұғымдар жүйесінің ішкі байланысы мен ерекшелігігі терең білумен бірге, оларды таңбалауда тілді өте шебер пайдалана алғандығы анық көрініп тұр. «Әдебиет танытқыштан» мұндай мысалдарды әлі де көптеп келтіре беруге болады. Жеке ұғымдардың өзара байланысынан барып ұғымдар жүйесі құралатыны сияқты соларға сәйкес келетін жекелеген термин сөздердің жиынтығы - терминдер жүйесін, яғни салалық терминологияны құрайды. «Әдебиет танытқыштағы» ғалым қаламынан туындаған біртұтас жүйе құрайтын терминдер оның әдебиеттану ғылымының ғылыми терминологиясын қалыптастырғанын көрсетеді. Сондай-ақ, А.Байтұрсынұлы тіл білімі, әдебиеттану ғылымдарының ғылыми терминологиясын жасаумен бірге, қазақ тілін оқыту әдістемесінің де негізін қалаушы ретінде бұл салаға қатысты көптеген терминдерді жасаған. Олардың қатарына әдіс, әдісқой, сауаттау әдісі, жалқылау әдісі, жалпылау әдіс, жалқылау-жалпылау әдіс сияқты терминдерді жатқызуға болады [3,5]

Сонымен, үшіншіден, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, А. Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі,
әдебиеттану сияқты жеке ғылым салаларының ғылыми терминологиясының негізін қалаумен бірге, көптеген әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты терминдер жасаған ғалым.

Ғалымның термин шығармашылығындағы қызметінің бір ғана ғылым саласымен шектелмейтіндігі оның жалпы қазақ терминологиясын қалыптастырудағы орнының айрықша екендігін көрсетеді.Оның Қазақстан ғылымын ұйымдастырушылардың бірі ғана емес, солардың ішіндегі ең ірісі,

бірегейі екендігін дәлелдейтін деректер ғалым мұрасына тереңірек үңілген сайын табыла береді.

Ендігі бір айрықша атап айтуды қажет ететін мәселе - ғалымның терминжасамның тәсілдері мен жолдарын анықтап бергендігі. Яғни төртіншіден, А. Байтұрсынұлы терминжасам тәсілдерін анықтап, оларды өз тәжірибесінде тұңғыш рет кеңінен пайдаланған ғалым.

А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтаумен қатар, ол тәсілдерді термин жасауда пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткендігін оның қаламынан туындаған жүздеген терминдері дәлелдейді. Мәселен, ғалымның жұрнақ, жалғау, буын, шумақ, тармақ, рай, мүше, әдіс т.б. осылар сияқты терминдері семантикалық тәсілмен, жақша, сызықша, көсемше, есімше, дәйекші, буыншы, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш, әуреленіс, күліс, әлектеніс, әліптеме, зауықтама, мазмұндама, ермектеме, қорытпа ұсынба, сұқтаныс, азаптаныс, жалғаулық, есімдік тәрізді көптеген терминдері морфологиялық тәсілмен, ал дауыссыз дыбыс, дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын пысықтауыш, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем сынды терминдер тобы синтаксистік тәсілмен жасалған.

Бұл аталған терминдердің кейбіреулері орыс тіліндегі терминдердің негізінде калькалану арқылы (дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, қос сөз т.б.) жасалғандығы аңғарылып тұр. Бұдан ғалымның калька тәсілін де ұтымды пайдаланғанын көруге болады.

Г.Ц.Пюрбеев «Калькалау арқылы термин жасау өте күрделі мәселе. Аударманың сәтті шығуы үшін өзге тілден сөздің (сөз тіркесінің) семантикасын, морфологиялық құрылысы мен қолданылатын саласын жақсы білу керек» – деген болатын [3,6]

Ғалым еңбектерінен қимыл атау формасымен келетін аңдау, ауыстыру, әсірелеу, әсерлеу, байымдау, бернелеу, бүкпелеу, дамыту, кейіптеу, көріктеу, мезгеу, меңзеу, теңеу, түйдектеу, үдету, шендестіру сияқты әдебиет тану терминдері мен демеу, жалғау, үстеу, шылау тәрізді тіл білімі терминдерін көптеп кездестіруге болады.

Заттық ұғым мен процестік ұғымды ұштастырып тұратын мұндай терминдерді жасау Ахаңнан бастау алып, бүгінгі қазақ терминологиясындағы термин жасаудың өнімді бір үлгісіне айналғанын аңғарамыз. Бұл терминдердің қайсыбірі (мысалы, ауыстыру, теңеу т.б.) тілде бұрыннан бар сөздердің терминденуі арқылы жасалған болса, кейбіреулері (мысалы, лептеу, ойламалдау т.б.) сол үлгімен, яғни етістік түбіріне – у жұрнағын жалғау жолымен жасалынған. Кезінде А.Байтұрсынұлы пуристік бағыт ұстады деп, ол жасаған терминдердің біразы қолданыстан шеттетілгені белгілі. Әдебиетші ғалым Р.Нұрғалиев Ахаңның

еңбегіне жазған алғысөзінде «сан алуан фольклорлық шығармаларды топтап саралауға мүмкіндік беретін суықтама, зауықтама, сарындама, салттама, ғұрыптама, қалыптама деген терминдер қазіргі ұғымымызға өзі сұранып тұр» - дейді.

Бесіншіден, А. Байтұрсынұлы жекелеген ғылым салаларының ғана емес, бүкіл қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей әсер еткен айрықша тұлға. Ғалымның терминжасам тәсілдерін көрсетіп, оларды пайдалана отырып, тіл білімі, әдебиет ғылымдарының терминологиясын, өзге арнаулы салаларға қатысты терминдер жасауы - ғасыр басындағы өзге ғылым салалары бойынша оқулықтар мен түрлі ғылыми еңбектер жазған авторларға таптырмайтын үлгі болды.

А.Байтұрсынұлының кейбір термин жасау үлгілерін (модельдерін) қалай пайдаланғанын немесе олардың арасындағы сабақтастықты көрсетуге тырыстық.Мұндай мысалдарды әлі де келтіруге болады. Мысалы, А.Байтұрсынұлының қаламынан туындаған тұрлаусыз мүше, тұрлаулы мүше, одағай сөз, сабақтас сөйлем терминдері Е.Омарұлының көрсетілген оқулығындағы тұрлаусыз шама, тұрлаулы шама, одағай сан, сабақтас пішін терминдерінің жасалуына себеп болғандығына да дау айту қиын ғой деп ойлаймыз. Алтыншыдан, А.Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың басындағы қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаушы, яғни қазақ терминологиясының тұңғыш ғылыми принциптерін жасаушы.

1924 жылдың маусым айында Орынборда «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің I съезі» болып, онда терминологияны қалыптастырудың принциптері бекітілгені мәлім. Араға екі жылдай уақыт салып, 1926 жылы Бакуде өткен «Түрікшілердің I-ші құрылтайында» жасаған баяндамасында А.Байтұрсынұлы қатынасушыларға осы принциптерді таныстыра отырып және өзге түркілердің де ғылыми терминологияны қалыптастыруда оларды басшылыққа алса дұрыс болатындығын айта келіп, өз ойын былай түйіндейді: «Этим путем каждый из нас, разгрузив свой язык от балласта чужих слов и отчистив его от засоренности влиянием чужого языка, сделали бы доступными произведения своей печати и своей народной массе и другим тюркским народностям» [3,7]

Бұдан ғұлама ғалымның қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаумен қатар, бүкіл түркі халықтары терминологиясының дамуына көңіл аударып, термин жасауда ортақ принциптер ұстану арқылы туыстас халықтардың өзара ғылыми және рухани-мәдени байланыстарының тереңдей түсуін көздеген түркітанушы екендігін көруге болады.

Бұл өзекті мәселемен сонау ХХ ғасырдан бері Ахаң бастаған Алаш зиялыларынан бастап бүгінгі таңдағы А.Қайдар, Ә.Айтбаев, Ш.Құрманбайұлы, тағы басқа қазақ тілі мамандары қажырлы еңбек жасап, терең зерттеу жұмыстарының нәтижесінде талай ұсыныстар жасап, сөзжасамның негізін

қалыптастырды. Біз тіл маманы болмағандықтан, ол атқарылған тамаша зерттеулерді ғылыми терең талдауға өреміз жетпегендіктен, тіл жанашыры ретінде, жоғарыда келтірген авторлардың жұмыстары негізінде өз ойымызды ортаға салуды жөн көрдік. «Жалпы терминологияны қалыптастыруға байланысты Алаш оқығандарының өз арасында кейбір мәселелерге қатысты өзіндік пікірлері, жеке көзқарастары болғанымен, дәл терминқорды ұлт тілінде қалыптастыруға келгенде олар ортақ ұстаным төңірегіне топтасты. Яғни, қазақ тілінің терминологиялық лексикасының негізгі басым бөлігін ұлт тілінде жасап қалыптастыру – олардың ортақ мақсаты болды» – дейді Ш.Құрманбайұлы [3,16].

**Әдебиеттер**

1. Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек (А.Байтұрсынұлының әдеби, ғылыми мұрасы туралы) // Ахмет Байтұрсынов. Алматы: Рауан, 2000. - 32 б.
2. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. – Алматы: Қазақ ССР «Білім» қоғамы», 2000. - 52 б.
3. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Екі томдық. Т.1. Алматы: ҚазАқпарат, 2018.- 646 б.

**ӘӨЖ**

# О.БӨКЕЙДІҢ «АТАУ КЕРЕ» РОМАНЫНДАҒЫ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАР МЕН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

**Каракозова Жанар Шаяхметовна**
Шымкент қаласы, Халел Досмұхамедов атындағы N4 жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
**Каналиева Перизат Есиркеповна**
№23 Зоя Космодемьянская атындағы мектеп-лицейі
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

***Резюме***

В данной статье расматривается невербальные манеры и фразеологизмы в романе О. Бокея "Атау Кере"

***Summary***

*This article examines non-verbal manners and phraseological units in the novel O. Bokey "Atau Kere"*

Жазушы О.Бөкей шығармашылығы қазақ тілінің сөздік қорына өте бай. Қай шығармасын алсақ та, онда кездесетін түрлі тілдік құбылыстарды зерттеу нысаны етіп алуға болар еді. Дегенмен мектеп оқушылары қызығып оқитын «Атау кере» романындағы тұрақты сөз тіркестерін алып қарағанды жөн санадық. Фразелогизмнің романдағы грамматикалық ерекшеліктері қазақ тілінің жалғамалы (агглютинатив) сипатымен де астасып жатыр. Яғни, грамматикалық өзгерістер

фразеологизмдердің синтетикалық тәсілмен де, аналитикалық (синтаксистік) тәсілімен де жасалуынан келіп шығады. Мұның өзі есім мен есім, есім мен етістік тізбектерінің қайсысы болмасын ортақ норма. Фразеологизмдер мәнмәтіннің әуеніне қарай өзгеру немесе өзгермеуі жағынан екі топқа бөлінеді: бір алуан фразеологизмдер мәнмәтіннің аясында ешқандай өзгеріске ұшырамай, өзінің дербес формасын сақтап отырса, біршама фразеологизмдер форма жағынан өзгеріп, қосымша, сүйемел сөз тіркестіру арқылы пайдаланылады.

Фразеологиялық бірліктерді сырт-сиқына қарай қарай, яғни белгілі бір қосымшаларды бойына дарыту қалпына қарап, синтаксистік қызметімен фразеологизмнің мағынасынан бойды аулақ сала талдасақ, формальды тұрғыдан еркін тіркесте болатын барлық бегілерді табуға болады. Олай болған күнде форма мен мазмұнды қарауға терең мән бермеген болып шығар едік, ішінара оларды біріктірмей жасанды тәсілге сүйенген болар едік. Бастапқыда атрибутив немесе адъектив, адвербиал, т.б. түрде келген фразеологиялық бірліктер қысқаша сөз етілген. Бұл сипатты тіркестердің басым көпшілігі лексикалық мағынасы жағынан еркін тіркес табиғатына жуық келеді: екі-үш компонентті тіркестің бірі қалайда негізгі мағынасын сақтап отырады. Осы айтылғандарды арқа сүйер өлшем етіп, фразеологизмдерді синтаксистік қатынасына қарай мына топтарға бөлуге болар еді:

а) бастауыш пен баяндауышқа бөлінетін «сипатты» фразеологизмдер: үрейі ұшты, жаны ашыды, күні туды, тауы шағылды, т.б. Мұндай фразеологизмдердің бірінші сыңары үнемі тәуелдіктің үшінші жағында тұрады да, етістік сыңары ашық райда кездеседі. Ал морфологиялық жағынан бұлар зат есім мен етістік тіркес;

ә) анықтауыш пен анықталғыш мүшеге бөлінетін «сипатты» фразеологизмдер: еңкейген шал, еңбектеген бала, сұқ көз, ақ жүрек, т.б.

б) пысықтауыш пен пысықталғыш мүшеге бөлінетін «сипатты» фразеологизмдер: күле қарады, күле кіріп, күңірене шықты, т.б.

в) тура және жанама толықтауыш пен толықталатын «сипатты» фразеологизмдер: сазайын тартты, намысқа шапты, сабасына түсті, т.б.

Фразеологизмдерді сөз таптарына қарай классификациялау да ең негізгі мәселелердің бірі. Бір ескертетін жәйт: бұл

тізбектердің ішінді мызғымастай болып қалыптасқан сөз таптары бар деп нақты тұжырым жасауға болмайды. Сөз таптары туралы мектеп грамматикаларында айтылған қағидаларды фразеологизмдерге қалай болса солай қолдана берудің қажет жоқ. Олар зат есім, етістік, үтеу, т.б. сөз таптарымен тең мағыналы емес. Себебі фразеологизмдердің тұлғасы мен семантикасы жеке сөз табына тең келмейді. Белгілі бір сөз табының қызметіне жуықтайтын фразеологизмдер бар, ал фразеологиялық түйдек (идиом) болса, ол белгілі бір сөз табының қызметінен алыс жатады. Бұған мынадай мысал келтіруге болады. Зат есімге жуықтайтындары: көк өрім, бау кеспе, без бүйрек; етістікке жуықтайтыны: аузымен орақ орды, бармағын тістеді, ала көз болды; үстеуге жуықтайтындары: көзге шыққан сүйелдей, қас пен көздің арасында; сын есімге жуықтайтындары: бармағынан бал тамады, ит жанды, т.б.

Жазушы О.Бөкейдің шығармаларындағы бейвербалды амалдарға тоқталайық. Яғни, біз зерттеу нысаны етіп алып отырған шығармасы «Атау кереде» олар өте көп кездеседі. Оны қарастырмас бұрын бейвербалды амалдар туралы тіл біліміндегі тұжырымдарға тоқталып өтейік.

Бейвербалды амалдар туралы тіл білімінің Женева мектебінің өкілі Ш.Балли өзінің: «Общая лингвистика и вопросы французского языкознания» деген еңбегінде: «Ишара, дене қозғалысы, әсіресе, мимика басқа да тілдік белгілер сияқты белгілі бір мағынаға ие» [1, 46-б.] дейді.

В.М.Верещагин, В.Г.Костомаров бейвербалды амалдарды екіге бөліп қарастыруды ұсынады:

*Соматизм тілі*. Бұл топқа ишара, дене қалыбы, мимика, бет әлпет кескіні және әр түрлі адам жүзінде байқалатын психосоматикалық симптомдарды енгізеді.

*Ғұрыптық тіл*. Бұл топқа белгілі бір ұлттың әдет ғұрпы, этикетімен, салт дәстүрімен байланысты дене қимылдарын жатқызады.

«Атау кереде» бейвербалды амалдар мынадай негізде қызмет атқарады:

Айқай шу, дабыр кезінде:

Қатынның құлаққашты шуы қанша айқайласаң да анық естіртпей, тек шың шыңдаған үзік үзік үні ғана жетер еді. Бірақ, Ерік «атың кім?» деп және озаңдады. Қыз басын шайқады. Ести алмадым деген сыңай танытты.

Бейвербалды амалдар бір сөзбен беріледі. Мысалы, ыржию, тыржию, ажыраю, қыржию.

Бұл тауып айтқаның емес, деді орнынан көтерем сиырдай созалаңдап тұрған Таған кіржиіп.

Есікте жүрген құлдың да бір аяқ астық құны бар емес пе? Деп шаптыға ежірейді [2].

Оралхан Бөкей шығармаларындағы кейіпкерлердің дене қимылдарына, ишараларына байланысты тіркестер де көптеп кездеседі. Бұл ерекшеліктің Оралхан Бөкей қаламына тән екендігін де айта кеткеніміз жөн. Өйткені, күрделі қимылдық амалдарды білдіру, кейіпкерлердің қимыл-қозғалыстарын шығармада дәлме-дәл бере білу шын шеберлікті, қисындылықты талап етеді. Автордың анатомиялық түсінігінің кең екендігін де байқатар тұс - оның «Атау кереде» ишараларды, жалпы кинетикалық амалдарды үйлесімділікпен көрсетуі. Адамның мінез ерекшелігін ашу, психологиялық жан сезімін сыртқа шығару әр қаламгердің тәжірибесінде әр түрлі болатындығын ескерейік. О.Бөкей шығармаларында кездесетін ишараларды дара түркілік авторлық және жалпықолданыстағы деп ажыратуға болады. Жалпықолданыстағы ишаралар адамдардың бәріне түсінікті, тілде белгілі бір мағыналары қалыптасқан кинетикалық амалдар болса. Даратүркілік, авторлық ишаралар жазушы шығармашылығындағы белгілі бір кейіпкердің өзіне ғана тән және сол кинемалар арқылы кейіпкерлердің мінез құлқын, көңіл күйін аңғартатын авторлық қолданыстағы ишаралар. Даратүркілік авторлық ишаралардың кейіпкер мінез құлқын ашудағы қызметі зор. О.Бөкей бір кineманы қайталап беру арқылы жеке кейіпкердің өзіне тән әрекетін, әдетін көрсетеді. Мысалы, сұқ саусағын шошайту, сол арқылы жанын мазалаған сұраққа жауап іздеу Тағанға ғана тән қимыл. Жазушы Тағанның іс әрекеті арқылы оның интеллегенет, шешен адам екендігін көрсетеді. Төмендегі мысалдардағы Тағанның кинемалары бұл пікірімізді дәлелдей түседі:

Жатқан қалпында сұқ саусағын шошайтып: Неге біз осы... жанымызда жанып тұрған отты не су құйып өшіреміз, не болмаса май құйып лаулатып өртеп жібереміз. Неге біз осы ... деп, ежелгі әдетінше сұқ саусағын шошайтты. Мен осы бір нәрсеге таң қаламын, деді сұқ саусағын шошайтып.

Жазушы тағдыры ауыр, өмірде жолы болмаған адамның бір қырын «сұқ саусағын шошайту» арқылы жүзеге асырса, енді

бірде «жеңін иіскеу» кинемасы арқылы маскүнем, араққа салынған адамның бейнесін дәл береді:

Сыраны сіміріп алған соң, жеңін әдетінше иіскеп жіберіп, аузын сол жеңімен сүртіп өткен Таған:

Ал, апа, енді мен қаракетке кірісейін, деді есікке қарай жылыстап.

Ақ баласын көруге жүрегі айнып тұрар Таған пісуі жеткен салқын қымыздың бір тостағанын сіміріп жіберіп, жеңін иіскеді [2].

Оралхан Бөкей жеке адам психологиясын беруде ишараларды шебер қолдана білсе, тұтас бір халықтық менталитетті көркем тілмен жеткізуде де қазақ ұлтына тән салт-дәстүр көріністерін алға тартады. Өйткені, «қазақ халқының бірнеше ғасырлық өмір тәжірибесінде әр істің, салт-сананың реті мен жөн-жобасы болады және барлық жұмыс соған сәйкес атқарылады. Ол қалыптасқан ұлттық және исламдық салт-дәстүрлер негізінде жасалған. Ұлттық ырым-тыйымның, әдеп-үлгісінің топтасқан немесе жұптасқан құрамы – халықтың әдет-ғұрпын, жөн-жоралғысын құрайды. Осыдан барып, ел ішінде әдетке сай жөн-жосығы мен жолы шығады. Міне, осы жол арқылы халықтық қағида, мәдени-тұрмыстық, рухани-тәрбиелік үлгі-өнеге жиынтығы қалыптасқан. Мұның танымдық, тағылымдық, әдептілік қызметтері де өте зор екендігін тарих талай рет дәлелдеп берген. Олай болса дана халықтың өзі жасап қалдырған осы әдет-ғұрып пен жөн-жосықты біліп, үйрену және өмірде қолдану ағайынды адастырмас сара жол болып табылары анық» [2, 14 б.]. Жазушының осында айтылған қағидаларды терең меңгергендігі «Атау кередегі» салт-дәстүрге, адамгершілік ұстанымдарына байланысты тұстарда барынша аңғарылады. Мәселен, Нүрке кемпірдің ұлты орыс болғандығына қарамастан, келініне жөн-жобаны көрсетіп, үйретіп отыруы осындағы біртұтас фондық лексиканың шығарма тілінде қолданылуына келіп ұласады. Ислам дінін ұстанатын қазақ халқының бай тілдік қоры араб тіліндегі сөздердің көптеп енуімен тікелей байланысты. Бірақ, бұлардың жай ғана ене салған кірме сөздер емес, исламдық түсінікке тікелей қатысты лексика екендігін ескруіміз қажет.

Қорыта айтқанда, О.Бекейдей тау тұлғалы жазушымыздың «Атау кере» туындысында фразеологизмдер мен бейвербалды амалдардың көптеп қолданумен де шоқтығы әрдайым биік тұрғандығымен ерекшеленеді.

**Әдебиеттер**

1. Балли Ш. Общая лингвистика и вопросы французского языкознания. –Москва, 1956. -142 бет.
2. Бөкей О. Екі томдық таңдамалы шығармалар. 2-том. -Алматы, Жазушы, 1996. -380 бет.
2. Кенжеахмет С. Жеті қазына, 3 кітап. -Алматы, Ана тілі, 2003. -104 бет.

# ТҰЛҒАТАНУ: ЗЕРТТЕУДІҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ

***(әр түрлі бағыттар бойынша)***

**ӘӨЖ**

## ТАЛАСБЕК ӘСЕМҚҰЛОВ ЖӘНЕ КҮЙШІЛІК ӨНЕР

**Курбанов А.С.** – Шымкент қ., ОҚМПУ, 4 курс студенті
**Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., аға оқытушы Сапарбаева Қ.Ж.**

***Резюме***

*В статье рассказывается о казахской музыке, развитии кюйного искусства и вкладе кюйши, писателя, литературного критика Т. Асемкулова.*

***Summary***

*The article tells about kazakh music, the development of kuishi art and the contribution of kuishi, writer, literary critic T. Asemkulova.*

Қазақ халқының рухани өмірінде күй өнерінің алатын орны ерекше. Күй- қазақ халқының өзіндік дүниетанымын, рухани-мәдени өмірін, болмысын әуенмен жеткізіп беретін өнер. Күй өнері сонау көне заманнан келе жатқан, ата-баба аманат еткен мұра. Күй өнері сақ, ғұн, қаңылардың өмірінен сыр шертеді,яғни ежелгі тайпаларды мекендеуші халықтардан бастау алған түркі халықтарына ортақ мұра. Күй өнерінің ең дамыған, биікке шыққан шыңы деп хандық дәуір әдебиетінен, жыраулар әдебиетінен бастау алған. Бұл жердегі күйлер халықтың басынан кешкен қиын-қыстау күндері, арман-мақсаттары, толғау жырларына арқау болып тартылған күйлерді көп кездестіреміз.

Күй негізінде белгілі бір аспаптар арқылы ойналады; қобыз,сыбызғы, домбыра. Қазақ күйшілік өнерінде ең көп дамыған түрі домбырамен тартылатын қоңыр күйлер. Домбырамен тартылатын күйлер заман талабына сай жылда өсіп-өркендеп отырады. Қазақтағы күйшілік өнердің даму жолындағы мектептер де біршама баршылық. Дәстүрлі күй өнері әр өңірде дамып отырған. Солардың қатарында Батыс, Шығыс, Жетісу өңірі, Сыр бойы, Алтай күйшілік өнері, Арқа күйшілік мектебі. Ақселеу Сейдімбектің «Күй шежіресі» атты еңбегінен де күй өнерінің осындай аймақтарға бөлініп жіктелгенін байқауға болады.

Халық арасында күй өнерін айырып тану үшін «төкпе күй» және «шертпе күй» деген атаулар қолданып жүр. Ақселеу Сейдімбектің айтуынша, «төкпе», «шертпе» сөздері жеке күйлердің табиғатына қатысты анықтауыш бола алады. Ал, тұтас бір

күйшілік мектептің қасиет – болмысына анықтауыш бола алмайды. Себебі, тұтас бір өңір – аймақта қалыптасқан күйшілік мектептер былай тұрсын, бір ғана күйші-композитор туындыларында шертіп тартылатын күй де, дауылдата төгіп тартылатын күй де кездеседі. Мәселен, бір ғана Тәттімбеттің «Саржайлау», «Былқылдақ», «Сылқылдақ» шертіп тартылса, «Бес төре» күйі жігерлі серпінмен тартылады. Оны былай қойғанда, жалқы тұрған бір ған күйдің өн бойынында бірте шертіп қағуды, бірте серпе төгіп қағуды, енді бірде іліп қағуды қажет ететін сәттер бар. Мәселен, Әшімтайдың «Қоңыр қаз», Дайрабайдың «Дайрабай» сияқты күйлері сол бір ғана күйдің өн бойында бірісе шертіліп, біресе дауылдата төгіліп тартылады [1].

Күйлер мазмұны мен тақырыбына қарай тартыс күйлер, аңыз күйлер, лирикалық күйлер, арнау,толғау күйлері болып жіктеледі. Шығыс Қазақстан дәстүрлі күйшілік өнердің ең биігінде тұрған аймақтар қатарында. Шығыстағы күйшілік дәстүріндегі ірі тұлғасы, қазақ күйшілік өнерінің дамуына өзіндік үлес қосқан кемеңгер тұлға-Байжігіт. Оның «Көкбалақ», «Шаңды жорық» күйлерінен жаугершілік заманның көрінісін береді.

Шығыс Қазақстан жеріндегі күйшілік өнердің әрі қарай нығаюына себепші болған, Байжігіттің күйлерін жаңғыртушы, күйші, жазушы Әсемқұлов Таласбектің қазақтың күй өнеріне алып келген жаңалығын айтпау кету мүмкін емес. Таласбек 1955 жылы 1-тамыз күні Шығыс Қазақстан облысы, Аякөз ауданына қарасты Таңсық автобекетінде дүние есігін ашады. Таласбек дүниеге келген жер нағыз домбырашылар мекен еткен, біраз күйшілер шыққан жер. Таласбек дүние есігін ашып бір апта өтер-өтпестен нағашы атасы «жиенің домбыра ұстайды» деген тәңірдің аяны бойынша өзімен алып кетеді. Балалық шағы Жүнісбай Стамбаевтың қолында өседі. Жүнісбай өз жеріндегі халыққа белгілі қоры мол күйші, дауласкер домбырашы болған. Атасының қолында өскен Таласбек жастайынан күй өнеріне жақын болған. Нағашы атасы түрлі күй-тартыстарға алып барып, жас жазушыдағы қызығушылықтарды арттырады. Сонымен қатар сол өңірдегі Атығай, Ғазиз, Мырзахан сияқты күйшілерден Байжігіттің, Тәттімбеттің күйлерің меңгеріп, күй қорын кеңейтіп, шыңдайды. Бір күнде атасымен бәстесіп 230-ға жуық күй тартады. Ел арасында нағыз күйші өзінің жан сарайына лайық келетін домбыраны өзі жасайды деген сөз бар. Таласбек Әсемқұлов даланың бұл заңын бойына сіңірген. Дала Таласбекті күйші етті, Таласбек даласын өзі қашаған домбырамен күйге бөледі.1976-1980 жылдары Абай атындағы педагогикалық институтының филология факультетінде білім алады.1980-1983 жылдары Ықылас Дүкенұлы атындағы Ұлт аспаптар музейінің ғылыми қызметкері. 1987-1998 жылдары Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік консерваториясы, фольклор кабинетінің меңгерушісі қызметін атқарады.

Таласбек Әсемқұлов қазақ күй өнерінің алтын қорына көптеген белгісіз күйлерді зерттейді. Байжігіттің күй мұрасын толығымен жаңғыртып үнтаспаға жаздыртып, қалың көпшілікке ұсынады. Таласбек «Күйлер мен аңыздар» атты сұхбатында

«Көкбалақ» күйінің шығу тарихын, Абылайдың бейнесі, ерлігі туралы сыр шертіп, Байжігітке өз бағасын береді. Таласбектің 1973 жылы «Байжігіт күйлері» атты жеке гранд-диск бүкілодақтық «Мелодия» фирмасынан басылып шығады. 2005 жылы «Мәңгілік сарын» антологиясына 20-дан астам, «Қазақтың мың күйі» антологиясында 40-тан астам күйі енген.

«Байжігіттің күйлері» Таласбектің болмысы мен бітіміне сіңіп кеткен тылсым дүние еді. Олай дейтініміз, әр күйдің аңызына мән беріп, шерлі тағдырына терең бойлағандығында. Кенжехан Мамытжанов өзінің берген сұхбаттарында Таласбек туралы құнды пікір қалдырады, жазу шеберлегіне, күйшілігіне тәнті болады. «Талас, артына үлкен мұра қалдырған азамат, оны әдеби салада да, күй өнері саласындағы қалдырған дүниесі ұшан-теңіз. Әсіресе шертпе күйдің атақты шеберлерінің тұлғаларын әкелуі, Абылайдан бастап сол кездегі тарихи тұлғаларға байланысты шыққан күйлерді әкелуі, оның тарихын жазып кету деген біздің қазақ өнеріндегі, қазақ мәдниетіндегі үлкен із қалдырған тұлға деп айтуға тұрарлық мұра»,- деп өзінің бағасын береді.

Таласбек Әсемқұлов қазақтың домбырасындағы ескі сарынды қайта жаңғыртады. Домбыра пернесінде жасырынып жатқан ұлы құпияны анық ашып айтқан. «Домбыраға тіл бітсе» атты зерттеуінде домбырада 9 перне бар деген жалпы ұғымды бұзып, 23 пернені атап көрсетеді [2]:



*1-сурет. Таласбек Әсемқұловтың жеткізген терминологиясы.*

«Қандай болса да, хас өнердің қайсысы болса да бостандықтан, еркіндіктен жаратылады», «Күйден басқаның бәрі бекер, бәрі пәс.Күй ғана алдамайды. Күй ғана ішіндегі сырын күлбілтелемей, риясыз ашық ақтарады» [2].

Таласбек Әсемқұловтың «Тәттімбет сері» романында да қазақтың күйшілік өнері баяндалады. Бала Әжігерейдің күйшілік өнеріне келуі де осы романда айтылады. Романдағы Әжігерей шын өмірдегі-Таласбек. Өзінің туып өскені, балалық шағы, күйшілік һәм жазушылық өнерге келуі туралы да сюжеттер кездеседі. Таласбек күй өнеріне көптеген жаңалық енгізді, байырғы ескіріп кеткен күйлерді қайтадан жаңғыртты. Ол өнердің ішіндегі ең қастерлісі, ең мейірімдісі-күй екен дейді. Күйдің тілін ұғынудың қажеті жоқтығын,себебі күй адамның тілін өзі табатынын айтады. Шын жүрекпен шертілген күй, бұрыннан бері өз танысындай болып кеткен, адам жүрегінен орын алатын құбылыс деп жазады.

Қорыта айтқанда, қазақтың күйшілік өнері ғасырлар бойы қалыптасқан асыл мұрасы. Күй өнері- ұрпақ арасындағы сабақтастықтың алтын көпірі. Талас ағам айтқандай «Отшашулар сөнген кезде, аспан төрінде нағыз жұлдыздар қалады». Бейне осы сөз Таласбек Әсемқұловтың өзіне айтылғандай көрінеді. Әсемқұлов әлемі – әдебиеттің, әдеби сынның, музыка мен мифология танудың болашағы.

**Әдебиеттер:**


1. **http://collegy.ucoz.ru/publ/67-1-0-10476**
2. **http://otuken.kz/dombyraға-til-bitse-қazaқtyң-bajyrғy/**


**ӘӨЖ**

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МЕМУАРЛЫҚ РОМАНДАР


**Абдіқара Б.Қ.** – Шымкент қ., ОҚМПУ, 4 курс студенті

**Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., аға оқытушы Сапарбаева Қ.Ж.**



***Резюме***

*Статья написана с целью анализа мемуарных романов с высоким содержанием казахской литературы, а также обобщения и изложения жизнеописательных произведений*

***Summary***

*The article is written in order to analyze memoir novels with a high content of Kazakh literature, as well as generalization and presentation of biographical works*


Қазақ әдебиетінде проза жанры жиырмасыншы ғасырдың бірінші жартысында, «Оян, қазақ!» - деп ұрандатқан, Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романынан бастау алады. Мемуарлық шығармалар қарқынды түрде дамып, қыран

құстай қанатын кеңге жайып келеді. Әсіресе, қаламгерге жазуға қолайы әрі оқырманға қызықты, сұранысқа ие  мемуарлық роман күннен күнге өркендеуде. Жазушы мен оқушының арасына сөзден көпір орнатып, екі жақты сырласуға шақыратын, аға буынның өскелең ұрпаққа өз жолын үлгі ретінде көрсететін, заман шындығын ашатын роман түрі.

Мемуарлық роман - ғұмырбаяндық шығарма, жазушының өмір жолымен қатар кейде тарихты айтатын, ара-тұра автордың  қаламынан туған туындының туылу себептері мен түрткі болған жәйттерді ашық жеткізетін, жазудағы мақсаттың да айқындап беретін әмбебап жанр. Мәселен, Сәкен Сейфуллин өзінің «Тар жол, тайғақ кешу»  романның да  «Мақсұт: 1916 -17-18-19 жылдардағы тарихи қозғалыстың, ұлы өзгерістің Қазақстандағы өзім көрген, өзім білген оқиғаларынан баспа жүзінде қалдыру» [1].

Төл әдебиетімізге бір емес, екі бірдей жаңашылдық алып келген біріншісі тұңғыш ғұмырбаяндық шығарма болса, екіншіден революция тақырыбын жазған алғашқы романы  «Тар жол, тайғақ кешу».

Романда жиырмасыншы ғасырдың алғашқы ширегінде орын алған тарихи оқиғаларды суреттейді. «Алашорда» , «Үш жүз» сынды  саяси партиялардың осал тұстарын бүкпесіз көрсетіп, өзі құрамында  болған «Жас Қазақ» ұйымы жайлы баяндалады. «Үш жүз» партиясының құрамына кірген тұлғаларды автор шала сауаттыға балап, бізге бесенеден белгілі «Алашорда» партиясын құр сөзбен қуырдақ қуыратын, билік құмар деп ашық айыптайды. Кітапты мұқабасын қарап, адамды түріне қарап бағалай алмаймыз. Адамзат баласының қандай екені келбетінен емес , іс-әрекеттінен байқалады демекші Әлихан, Міржақып, Ахметтердің берген мұрасы мол екенін зерттеушілер дәлелдеп келе жатыр. Сәкен ұнатпаған, сынап жазған «Қазақ» газеті де қазақ даласының айнасы, қазіргі тілмен айтсақ телефоны болғаны сізбен бізге мәлім. Десекте, жазушы Сәкенді бұған айыптай алмаймыз, әдебиетте бұл үрдіс жиі байқалатыны жасырын емес, өйткені қаламгер Мұхтар Әуезов руханиятқа өзіндік үлес қосқан, қазақтың Иван Грозныйы Құнанбайға обал жасадым деп мойындаған. Сұм саясаттың жетегінде кеткен қазақ қаламгерлері жетерлік сонымен қоса, жазғыратын біз емес. Әр оқырман өз  жүрек сүзгісімен ажыратып алып,  шындықты санасымен түсінуге міндетті.

Сәкен әрбір тарихи оқиғаны баяндай отыра, дәлел ретінде «Қазақ»  газетіндегі мақалаларды шебер қолданған.  Алдыңғы партиялар көңіл  яки ақыл сүзгісінен өтпегеннен кейін, Сәдуақас өзі  «Жас қазақ» ұйымына мүше болып,  «Тіршілік» газетінде жұмыс жасағаны жайлы суреттейді.

Өз өмір жолымен тарихи шындықты, заман шындығын көрсететін көркем туындының сюжеті әрмен қарай  «Әупілдек»  әнінің шығуына түрткі болған жағдайды баяндайды. Осы бір ән арқылы, әйел тағдырын, әйел арқылы қоғам тағдырын байланыстырады.

Бұл «Тар жол, тайғақ кешу» әңгімесінің бас жағы бұрын «Қызыл Қазақстан» журналына бөлшектеніп басылған еді. Сол басылғандарды жиып жөндеп, тағы қосып кітап қылдым» [2]. Ал жеке кітап болып 1927 жылы жарыққа шығып, 1936 жылы екінші рет басылған осын-ау кітапты жиырмасыншы ғасырдың энциклопедиясы десек артық айтпаған болар едік.

Келесі асыл туынды Сәбиттің «Өмір мектебі» трилогиясы болмақ. 1936 жылы өмірге келіп, 1941 жылы жеке кітап болып баспадан шығып, қалың оқырманға жол тартады.

Балалық шағында көрген қиындығы, тартқан азабы аз болмағаның , жетімдіктің ащы дәмін суреттейтін әуелгі кітабы «Азапты жолда» деп аталады. Өзі және өзі тәрізді құрдастарының һәм қоғамның ауыр-тұрмысын көрсететін алғашқы кітапты жыламай оқу әсте мүмкін емес .

Адам болып қалу үшін әдепкі де білім алу керек екенін түсініп , жазушы білім жолына яки ізденіс жолына түсіп, қоғамдық істерге бел шешіп араласып, кіндік қаны тамған туған жеріне, ұлттына қызмет еткенін екінші кітабында көркемдік әдіс тұрғысынан суреттеген. Әрбір өскелең ұрпаққа үлгі боларлық кітабы «Азаттық жолында» деген атау алды.

Болашақ шағының балдәурен мамыражай күні емес, ауыр азабын жазып тұлға болып қалыптастыруда өз жолын өнеге ете білген Сәбит Мұқанов үшінші томды «Есею жылдары» деп атайды. Ақыл тоқтатқан, ақын -жазушы ретінде өз орнын тапқан кемеңгер тұсы осы кітабына арқау болады.

Жалпы мазмұны қоғамдық тап өкілдерінің бөліністері, еркіндікті аңсаған қазақ сахарасы, сол сахарадағы бірегей тұлғалардың Сәкен Сейфуллин, Жанайдар Сәдуақас, Әбілқайыр Досовтардың еңбектеріне аз кем тоқталған. Қарсақбай деп аталатын бөлімінде Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың Жезқазғанға сапарын боямасыз, бүкпесіз оқырманға ұсынады.

Тәуелсіздік жылдары жазылған қоғамда резонанс тудырған 1998 жылы жазылған, Мағауиннің «Мен» шығармасы қазақ әдебиетінде ойып тұрып орын алып үлгерді. Ұлы жазушы Мұхтар осы күнге дейін қаламынан туылған туындысының туылу барысын, жеке өмірін тайға таңба басқандай анық көрсетеді. «Мен жазбасам, қазақ әдебиеті тұралап қалады, мен күреспесем, ежелгі мұра біржола ұмытылады, атаның аруағын арқалап жүрген — жалғыз өзім, алаштың мұратын келер ұрпаққа жеткізетін — Мен, Мен ғана, Мен болмасам, ұлысымның ырысы ортаяды, ұрпағымның көкірек-көзі ашылмайды, Мен, Мен… деп ойладың. Аз ба, көп пе, бар жасаған еңбегің — осы. Сенімнің көрінісі» [3]. Осы жолдардан ұққанымыз , тарихқа бет бұрып, тарихи шығарма жазуды өзіңе міндет санағаның байқауға болады. Ғұмырбаянды оқи отырып, Мағауиннің қаталдығы мен тәртіпке бағынған құл болмас деген ұстанымда екенін түсінесіз.

Бұл туралы сыншы М. Кәкенова былай дейді: «Қазақ сөз өнерінде айрықша өнер туындату өрнегімен ерекшеленген, озық туындылары қазақы рух пен тарихи

таным тынысын ала келген қаламгердің бұл шығармасын жазудағы басты мақсаты – өткен өміріне көз жібере отырып, бүгінгі барымен бөлісу болатын» [4].

Қазақ әдебиетті жоғарыда тоқталған үш мемуарлық романмен шектелмейді. Егер жаза берсек, бір немесе бірнеше еңбекке негіз болары сөзсіз.

Қорыта айтқанда, мемуарлық романды Ыбырайша айтсам Іздегеннің алдынан іздемей-ақ табылар дегендей, тарих, қоғам шындығы, әдебиет пен өнер, жазушының дара жолы мен жеке көзқарасы бәрін осыдан таба аласыз. Өмір мектебінде тар жол тайғақ кешу болған сәтте өз меніңізді жоғалтып алмау үшін, кейінгі ұрпаққа баға жетпес құнды мұра ретінде қалуы үшін мемуарлық романдар барша адамзатқа керек жанр.

«Адалдық пен әділдік, әсіресе, мемуар жазушылар үшін қажет. Өткенді басынан кешіргендей айтып отырып, өтірікті судай ағызсаң кімге керексің? Өзіңді мақтап, өзіңнен артық, бірақ көзі жоқ азаматтарды өтірік кірлесең одан асқан сұмдық бар ма ?» [5]. Үзінді Әбілда Тәжібаевтың «Есімдегілер» шығармасынан алынды. Расымен де, бұл жанр күрделі болғанымен қоса, шынайлықты көздейтін, мақсаты оқырман қауымды заман шындығын айқын көрсетіп, көзің ашып, қаламгердің дара жолы жас жазушыларға үлгі болуы.

**Әдебиеттер:**


1. Сәкен Сейфуллин, көп томдық шығармалар жинағы 1 томы,
 - «Қазығұрт» баспасы, Алматы-2003 жыл
2. Мұхтар Мағауин , «Мен» ,-«Гаухар» баспасы ,Алматы-1998 жыл
3. https://massaget.kz/layfstayl/debiet/proza/41537/
4. Әбділда Тәжібаев, бес томдық шығармалар жинағы 5 томы,
 - «Жазушы» баспасы , Алматы -1981жыл


**ӘӨЖ**

# КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ИШАН-МОЛДАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОО-ДА ОҚЫТУДЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫ

**Бесбаев М.А. – ОҚМПУ докторанты**

*Резюме*

*В статье рассматривается религиозная ситуация советского периода, политика в отношении религии, виктимизация ишан-мулл. Также были определены методика и принципы обучения обучающихся образовательной программы» История " правлению ишан-мулл советского периода.*

*Summary*

*The article examines the religious situation of the Soviet period, the policy towards religion, victimization of Ishan mullahs. The methodology and principles of teaching the students of the*

*educational program "History" to the board of the Ishan mullahs of the Soviet period were also determined.*

Қазіргі білім беру парадигмасында әр сала бойынша оқыту мәселесі әлі де қарастырылып келеді. Болашақ педагогтарды даярлауда арнайы бағдарламалар құрастырылып, сол сала бойынша әдістемелік және теориялық проблемаларды қарастыру, тарихи деректерді жинақтау жоспарланады.

Бүгінгі жаһандану уақытында жастардың ұлттық санасы өсіп, халықтың ұлт тағдырына қатысты, дін мен қоғамға қатысты тарихты білуге талпынысы да артып келеді. Билік тарапынан да тарихты дамытуға бағдарланған бағдарламалар қабылдануда. Тарих пен қоғам қай уақытта болмасын тығыз байланысты болғандықтан, мемлекеттің тарихқа араласуы заңды құбылыс.

Тәуелсіздікке дейінгі кезеңде айтылмайтын, қарастыруға тиым салынған оқиғалар да жетерлік. Тәуелсіздіктен кейін ұлттық сананың дамып, өткен тарихты оқыту мәселесі де қолға алына бастады. Өткенге көз жүгіртумен қатар тарихты тануға деген қызығушылық артты. Жоғары оқу орындарында оқу процесі кезінде тарихыт оқытумен қатар тәрбие мәселесі қатар жүргізіледі. Бұл мәселе тарих мамандығына ғана емес, барлық білім беру бағдарламаларына қатысты өзекті мәселе. Білім алушы өзін тарихи-мәдени бірлікте ажырамас бөлшегі ретінде қарап, адамзат тарихындағы бағытын анықтайды. Сонымен қатар тарихи ой-тұжырымдауы қалыптасып, кеңістік пен уақытқа қарай сол дәуірдің идеологиясы тұрғысынан түсініп, бағалауды үйренеді.

Біздің қарастырмақ зерттеуіміз «Тарих» білім беру бағдарламасының білім алушыларына кеңінен тоқтала өтетін бағдарламалары болмақ. Әр кезеңнің тарихи оқиғаларын жеке дара қамтып, кеңестік кезеңдегі дін мен тарихты бірлікте қарап, сол кезеңдегі ишан-молдаларды оқытуға байланысты теориялық және әдістемелік негізде қарастырылады.

Ислам конфессиясы тарихындағы кеңестік кезең діннің өмір сүру уақыты, сенушілердің өз сенімдерін ұстану құқығы үшін күресі болды. Осы уақытта Кеңес үкіметі дінді, оның институттарын, мінез-құлқын, санасын жаңғыртудың барлық негіздерін мәдениетті түрде жойды. Большевиктер мұсылмандардың діни білім беру жүйесін толығымен жойып, оларды сыртқы ислам әлемінен оқшаулап, мәдени дәстүрдің сабақтастығын бұзып, татар тілін араб грамматикасынан алдымен латын әліпбиіне, содан кейін кириллицаға аударды. Мұсылман татарларының діни мінез-құлқы мен санасын жаңғыртудың жалғыз институттары заңды негізде жұмыс істейтін шағын приходтар және отбасы болды. Кеңес қоғамының белсенді атеистік жағдайында егде жастағы мұсылмандардың үлгісі, олардың діни рәсімдерді орындауы мен сақтауы орта және жас татарлар арасында діни білімді таратудың негізгі арнасына айналды.

Мұсылмандар арасында қажылық сенім тіректерінің бірі екені белгілі. Діни түсініктерге сәйкес, әрбір мұсылман өмірінде кем дегенде бір рет Меккеге қажылық жасауы керек. Мұсылман конфессиясының тарихи қалыптасуымен,

оның Исламды қабылдаған халықтардың этникалық дәстүрлерімен өзара әрекеттесуімен оның арнасында жаңа діни культтер, атап айтқанда, ғибадат ету объектісі және қажылық орнына айналған әулиелер культтары пайда болды. Мұндай орындар барлық облыстар мен Ресейдің аудандарында да болды. Ишан-молдадардың қабіріне басқа аймақтың ислам дінін ұстанған адамдар да келді.

Біз 20-шы ғасырдың 20-шы және 50-ші жылдар аралығындағы кезеңді қамтығанымызға қарамастан, біз жақын шетелдерде қазақтардың пайда болу тарихын ескеруіміз керек. Абдусаттор Нұралиев тарихи оқғаларға қатысты былай деп келтіреді: «бірінші кезең Манғыстау өңіріндегі қазақтардың көшуі болды. Алғашқы қазақтар 16 ғасырдың басында Мавераннахр мен Ауғанстанға шабуыл жасаған Шайбани бастаған көшпелі өзбек-қазақ тайпаларының құрамымен қоныс аударды. Екінші кезең-1723 жылдан кейінгі кезеңжунгар шапқыншылығы, оны "Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама" ("ұлы апат жылдары") деп те атайды» [1, 122 б.] . Онда қазақтардың тағы бір тобы қоныстанды. Тіпті асыл тұқымын білетін бірнеше ақсақалдар да бұл ақпаратты растай алмайды, бірақ оны жоққа шығармайды. Үшінші кезең-бұл қашқан қазақтар қоныс аударған Кеңес өкіметінің орнау кезеңі. Яғни Кеңес өкіметі орнағаннан кейін қазақтардың Ресей құрамына енетін елдерде қалай пайда болғандығы туралы деректерді келтірдік. Енді сол 20-50 жылдардағы ишан-молдаларды кеңістігі мен уақытына қарай хронологиялық тәртіппен жүйелеуге тура келеді. Бұл ретте де оқыту мәселесіне қайта айналып баратынымзды көресетеді. Сонда бұл жерде оқытудың жүйелілік принципін ұстана отырып, кластер әдісін ұсынуға болады.

«Қазақстан тарихының жетпіс жылдық кезеңі кеңес дәуірі ретінде тарихқа енді. Тарихи кезеңдеу бойынша қысқа уақыт аралығы болса да, түбегейлі өзгерістер әкелген кезең ретінде тарихта қалды. Бүл кезең отандық тарихта атеизмді күштеп енгізілуімен ерекшеленді. Кеңес өкіметі түсындағы өлкедегі діни ахуалды шетелдік зерттеуші Д. Мантгомери: «Кеңестік кезеңде дін жаппай аяқасты етілді. Бүл саясат, өз кезегінде, өлкеде діннің нашар дамуына әкелді. Соған қарамастан, Орталық Азиялық әрбір адам өзінің мәдени бірегейлігін мүсылман дінімен байланыстырады» [2], — деп көрсетеді.

Кеңес үкіметінің ислам мен мұсылман біліміне қарсы үгіт-насихат жұмыстары бастапқыда коммунистік күштердің толық құрылуымен жүрді, бірақ ол қатаң және ашық түрде жүзеге асырыла бастады. Осыған байланысты оларды жүзеге асыруда "асыра сілтеуге" мүмкіндік беретін әртүрлі Жарлықтар, заңдар, ережелер мен тәртіптік ережелер шығарылды. Дінге қарсы идеологияның қысымы да күрт өсті. Яғни, дінді "апиынға" теңестіретін білім беру және тәрбие жұмысында атеистік кітаптарды насихаттау ешқандай нәтиже бермейді, ал "атеистік комитеттің" белсенді қызметі жас ұрпақты тәрбиелеуге ықпал етпейді. Осы бағытта тарихқа көз жүгірте отырып, белсенділік принципін ұастанамыз. Бұл принципті ұстана отырып оқыту кезінде пікір сайыс, аквариум әдістерін қолдануымызға болады. Сонда «атеистік бағытты ұстанушылар» және «ислам

дінін ұстанушылар» деп екі топтың пікірін білуге болады. Бұл кезде білім алушылар өздерінің пікірлерін дәлелді түрде жеткізе отырып, тұжырым жасай алу көзделеді.

«Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларға мамандандыру пәнін оқыту барысында көрнекілік принципін де ұстанамыз. Бұл кезеңде білім алушыларға «көрнекті ойын» әдісін қолдануға болады. Өйткені сабақ бұл түрлері аялық білімдерін дамытуға негізделеді. Мұндай сабақ түрлері кең ауқымды тақырыпты меңгеруде де өз септігін тигізеді.

Тарих сабақтарында фактология әдісін де жиі қолдануға болады. Дәріс тақырыбына сай кейбір тарихи оқиғаларды әңгімелесе, жеке тұлғаның оның ішінде ишан-молдалардың тағдырына байланысты деректерді персонификацияласа білім алушының есінде жақсы сақталады. Есте сақтау қабілетінің дамуына да әсер етеді.

Қазіргі технологияның дамуына орай цифрлық құрылғыларды пайдалана отырып кинометография әдісін пайдалануға болады. Интернет желісінен Кеңестік кезеңдегі құрбандыққа ұшараған ишан-молдалардың тағдыры туралы болмаса деректі фильмдерді көру арқылы өз пікірлерін білдіруге болады. Бұл да белсенділік принципіне жатады. Әрине 1 семестрге созылған 5 кредиттік пәнге сәйкес әдістерді дәріс тақырыбына сай жүйелеп алу керек.  ЖОО-да тарих пәндерін оқытуда негізгі принциптердің бірі – ғылымилық ұстаным. Бұл ұстанымда жоба әдісін қолдану тиімді болады. Яғни архив материалдарынан тақырыпқа сай ғылыми жоба тақырыьын ұсынып, сол бойынша білім алушы өзінің зерттеушілік дағдысын қалыптастырады. Бұл ретте «Кеңес үкіметінің дінге қарсы саясаты», «Діни тұлғалардың репрессияға ұшырауы», «Қазақстандағы діни ахуал», «Кеңестік кезеңдегі Түркістан облысындағы дін саясаты» және т.б. тақырыптарда жоба ұсынуға болады.

«Ал 1925 жылдың 15 қазанында Орталық Комитеттің арнайы ережесі қабылданып, соның аясында  Казкрайком «дінсіздікті» өміршең етуге жан сала кірісті. Дінге қарсы күрес те жаңа сипатқа ие болып, діни бірлестіктердің бас қосуына үзілді-кесілді  тыйым салынды, діни идеологияның таптық мәні халық арасында түсіндіріліп, оған қарсы шыққандар қатаң жазалана бастады. Ел ішінде діннің ғылымға қарсы сипатын материалистік дүниетаныммен байланыстырып түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, мешіт пен түрлі діни идеологтардың насихаттық жұмыстардың алдын алу басты назарға алынды» [3]. Осыған орай кеңестік кезеңдегі дінге қарсы саясат туралы жасырын болса да ғылыммен шатастыра жүргізгендігі байқалады. Бірнеше саяси жағдайлардың арқасында XX ғасырдың 30 жылдары Қазақстандағы мұсылмандық қозғалыс аяқталды. Діни тұлғалар, оның ішінде ишандар, хазіреттер, молдалар, сопылар қудалауға ұшырап, іске араласу құқығынан айрылды, саяси көзқарас білдіргендерге «халық жауы» деген ат беріліпі, қара тізімге ілініп, ату жазасына кесілді, кейбіреулері ұзақ мерзімді абақтыға жабылды, айдауға ұшырады. Жазықсыз жапа шеккен жалпы діни

қызметкерлер кеңестік биліктің қылмыстық баптарымен айыпталды. Бұл мәселені ашық айту Тәуелсіздік алғаннан кейін қол жеткізгендіміз айқын. Жоғарыда атап өткендей қазіргі жастардың ұлттық санасы оянып, кейінгі тарихты білуге құштарлығы артқаны ақиқат. Ал педагогикалық мамандықтарда оқыту мен тәрбие мәселесі қатар жүретіндіктен педагогикалық ұстанымдардың ұстана отырып әдістерді тиімді қолданамыз.

«Көненің көзін көрген ақсақалдарының айтуынша Қазан төңкерісіне дейін өлкеде шамамен 240 мешіттің болғаны айтылады. Анықталған мұрағат деректерінде XX ғ. 20 жылдарында тіркеуге алынған 204-ке жуық мешіт, 88 православиелік шіркеу, 109 әртүрлі мінәжат үйлері болғандығын айғақтайды» [3].

Архивтік мәтіндерді келтіре отырып білім алушының пікірін де білуге болады. Сонда білім алушының сол кездегі діни ахуалды түсінумен қатар бағалай алатындығына көз жеткізе аламыз.

Сонымен ЖОО-да «тарих» білім беру бағдарламасы бойынша оқыту кезінде төмендегі принциптерді ұстануға болатынын көз жеткіздік:

- Жүйелілік принцип;
- Белсенділік принцип;
- Көрнекілік принцип;
- Ғылымилық принцип.

Бұл принциптер білім алушының өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда да жүзеге асырылады.

**Әдебиеттер**

1. «XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы Орта Азия республикалары аумағындағыҚазақтар арасындағы саяси қуғын-сүргін (жаңа мұрағат деректері негізінде)» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының жинағы – Алматы: Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, «Литера-М» ЖШС, 2021. – 246 б. https://www.academia.edu/
2. Montgomery D.W. Namaz, Wishing Trees and Vodka: The Diversity of Everyday Religious Life in Central Asia / D.W. Montgomery / Everyday Life in Central Asia: Past and Present, Indiana University Press, 2007. — P. 355–370.
https://articlekz.com/kk/article/29578
3. РФ ММ, 17 қор, 3 тізбе, 523 іс, 7 парақ. https://igz.kz/post/1017/

UDC.94 (574)

# THE HUMANITY OF A MAN IS FROM THE MIND

**Nurmanova Zh. K. - Ph.D., Senior Lecturer**
Shymkent University, Shymkent ,
Kazakhstan

*Summary*

*In this article discusses the method of positive examples to raise student's educations.*

*Резюме*

*В данной статье рассматривается метод положительного примера на воспитание студентов.*

*“The humanity of a man is the mind, science, a good father,*
*good mother, good friend, good teacher"*
*(Abai)*

If we look at the lecture given by the head of state in praise of the youth under the heading of sound policy, "In our society, only those who combine honest work with deep knowledge can succeed, perfect knowledge leads to success." a citizen to deep thinking, a horse excels in its deafness, and a man in knowledge. In the invisible world, whose fate does not change every day, there is an iron stake that has never changed for humanity. This is knowledge! It works! The success of the country's future depends on knowledge and diligence. So, let your knowledge be complete! Let your work live"! - gives great confidence to young people with slogans.

However, the bitter truth is that today in the upbringing of young people every day there are actions that undermine the Constitution of the Republic of Kazakhstan, shake our society, violate the law. At this point, we should all recognize that the main reason teenagers don't get an education is the neglect and gross failings of adults.

Paragraph 2 of Article 27 of the Constitution of the Republic of Kazakhstan states that “the right and duty of parents is to take care of their children and educate them”, and paragraph 3 states that “children capable of working upon reaching the age of majority are obliged to take care of their incapacitated parents”. At the same time, if we respect grandfather's law and pay more attention to the rules, it is quite possible that there will be no gaps in the education system.

Bauyrzhan Momyshuly, born as a garden on the face of the Kazakh people, said during his lifetime: “I was a Kazakh who was not afraid of either the enemy or the conflict, and now my fear is growing. First of all, I am afraid of a country without cribs, where children are not put in cribs. Secondly, I am afraid that the number of grandmothers telling fairy tales to their grandchildren will decrease. Thirdly, children grow up who do not respect taste and traditions, and I am afraid of this. For example, the addiction of teenagers to alcohol, the immorality of young girls, rampant

prostitution, the appearance of abandoned children after rain, the violent death of babies born out of wedlock, the elderly who do not find shelter with their sons and daughters in their homes, and hiding in nursing homes, the worst of all are legal oppression of grandfathers. After all, it is a tragedy that people deprived of their mother, who gave them white milk, fed them 62 roots, slept four times a night, and mutilated by their father, who, like a mountain, with their own hands are given to a nursing home. It is a pity that when the people speak, they do not say – “if you want to be a country, fix your cradle” - some of us know how much educational meaning lies behind the holy words, while others do not.

As today, we will become an independent country, take the reins of government into our own hands, create a democratic, secular, legal and social state, enter the number of 30 countries, renewing and developing our traditions, customs, morals, noble qualities, be able to instill a national value in everyone to the younger generation - the main requirement of our time and the Mangilik idea our duty to society, as well as our duty to the Motherland - to focus on the beginning.

The words of Ghulam Abai Kunanbaev have great meaning: “Humanity of a person is the mind, science, a good father, a good mother, a good friend, a good teacher”.

In this regard, the heroic labors of our brother Yergobek Sarsenuly Kulbek, a literary critic, doctor of philological sciences, who managed to set an example for the younger generation on the basis of the above-mentioned advanced spiritual principles of Ula Abai, are great. One day he asked his student Lukpan Hakim, “What is happiness?” - to the question: he is happy only if he spends his efforts on his people, his country, on educating the younger generation, is smart, rational and has good health. Therefore, it will not be a mistake to say that Kulbek Sarsenuly is a happy person who has the qualities mentioned by Lukpan Hakim.

There is a saying of a wise man, three conditions are necessary for the spiritual development of a person: a great goal, a great obstacle and a great morality. The need for good morals in shaping the personality of a child ... Here ... The ancient Roman philosopher Seneca states: "It is difficult to lead to goodness with the mind, it is easy with morals"

In fact, we believe that the emergence of Kulbek Sarsenula as a great person was the result of his own hard work and sleepless days. Ahmet Baytursynuly – “We must be alive, in order to be alive we must be great!” - the words “finish the wings” - seemed to be intended for Kulbek Sarsenuly.

Of course, Kulbek Sarsenula's childhood was not as sweet as honey. His father died when he was almost 5 years old. He lost the taste of childhood early and matured early.

From the 7th grade, in parallel with education, he focused on creativity and got involved in work. All this strengthened the boy Kulbek, gave him an impetus to vital enthusiasm. In the words of Lao Tzu, “Both the garden and rudeness are written on the forehead beforehand." A person will face one of the two at will,” he says. Therefore, the pure spirit of Kulbek Sarsenuly led him to goodness, height, the pinnacle of knowledge

and science. In addition to respect for his mother and brothers and sisters, Kulbek Sarsenuly did not give himself to anyone, the most noble quality is his special respect for his teachers, who filled him with knowledge - he is an example for all of us. For example, Professor Kenzhebaev Beisenbay, a Turkologist, lived with his teacher as a child, 7 years old, took care of him even when he was seriously ill, and was endowed with wisdom. Even if he writes several articles and books for his teacher, will my duty to the teacher be fulfilled? - is not absent from the question he asks himself.

Kulbek Sarsenuly is the initiator of several good deeds. In one of the interviews, he said: “My position is that the creative life is reduced to the five noble deeds of Ula Abay”. I think that if every Kazakhstani does five basic things, then we will be able to achieve world civilization.

“I think that the creation of the S. Mukhanov Museum was the first good deed that was given to me,” he thought. One of the five noble deeds is the people's kindergarten, he did a good deed and turned his house into a kindergarten. Now the children are brought up in kindergarten.

According to Kulbek Sarsenuly: “Be it a writer or an activist, we must say that the good that he instilled in the Kazakh people is good, and the bad is bad!” If we don't do this, we won't be able to reach the truth. My criticism is not slander, but analysis. Because I can't change my worldview. I am a person who must tell the truth, only the truth! During this period of globalization , he did not refuse to tell the truth about things that did not suit him, and did not refuse to be “pointed and winked at him”. In another interview, he said: “If we continue to forget about spirituality, we will become a forgetful country and our traditions and beautiful traditions will be lost. Globalization consumes and sends the nation. It is the national identity that preserves and individualizes each nation in the world community. When will today's library be broken, the system of bookworms and nets destroyed? The market age has destroyed the value spirit of our “old men”, who held back the sly mischief, bent the rumor in the country and called for solidarity. After that, the “institution of elders” will fall apart, we say no! The national spirit arises from the national spirit. And I'm afraid that this national spirit is not fully developed among young people" - his sharp and complex thoughts make us all think.

Of course, there are enough words and awards about Kulbek Sarsenuly. In general, ninety words have a knot like ankles in order to prevent negative aspects in the upbringing of the younger generation, as stated in the report, if you always analyze the virtuous individual paths of citizens such as Kulbek Sarsenuly, who deserve the title of children of the country, hold meetings, monitor so that young people choose the right path, We believe that this is one of our goals.

Summing up, according to the words of Doctor of Historical Sciences, Professor Sabit Zholdasov: “Looking at today, every person who comes to this topic has his own way. The 1st person builds a ready-made life path, and the 2nd person builds a “lonely foot” himself and turns it into an “open” path. What I am not saying is that Kulbek

Sarsenuly was able to build a “one-legged” path and turn it into a “highway” “Humanity of man is above reason” - that is, “a lonely person on a high road!”

**List using of bibliography:**

1. Self-knowledge (theory, practice, search for new paradigms) materials of republican scientific and practical seminars on moral and spiritual education - Almaty, 2013
2. Independence of the Republic of Kazakhstan - The Great History of the Eternal Country - Astana, 2014
3. Strategy “Kazakhstan-2050” - Astana, 2014
4. Scientific journal of the Ministry of Education and Science "Search" - Almaty, 2020
5. “Development of innovative and information technologies in the education system - the main areas of advanced training” - Ph.D. materials - Shymkent, 2021.
6. “Institute for Advanced Training of Pedagogical Workers” solutions for the modernization of the education system of the South Kazakhstan region”, materials of the regional scientific and practical conference - Shymkent, 2022.

**UDC. 37**

# SOCIO-HUMANITARIAN EDUCATION HER PLACE IN THE FORMATION OF 1st YEAR STUDENTS

**senior teacher Nurmanova Zh.K.**
Shymkent University, Shymkent ,
Kazakhstan

***Summary***

*This article analyzes the nature and activity of the shepherd, distinguished by a certain activity for the Kazakh society*

***Резюме***

*В данной статье анализируется характер, деятельность пастуха, отличающегося определенной для казахского общества деятельностью.*

***“I talk to everyone the same”***
***Albert Einstein***

The article on this topic is dedicated to Kerimbay Diana, a student of the 1st year of training teachers of foreign languages of the South Kazakhstan State Pedagogical University. Of course, the phrase "I" should not be in science. However, there is a reason for this. There is every reason to say that the difference between the article and other articles lies in the consistency between the student and the teacher and the achievement of the goal.

Since every published scientific article is a story, it is natural law that important reasons for creating an article are known. However, it is also true that if an article is published for a specific purpose, not repeating each other, not biased, then the article will have value and appeal to young people.

To sum up the article, when describing first-year students, if they are very satisfied with the status of "Student" and "Student", then the next aspect is that they enter into a new life in a new environment. , trying to go through the adaptation period without stumbling, and there are difficulties along the way. Not a secret, that after periods clearly visible dots where they are unable to hold the banner of responsibility. That is, from this fact it is known that a teacher who enters student life with great confidence will meet with many paths, and the way out of the impasse will not be easy. All of us have gone through the student period. It would not be an exaggeration to say that this period, interesting and boring, is one of the most "golden" days in life.

Although education is the task of forming a person, not all of us take into account the special place of teachers on the threshold of the school and subject teachers of universities in the lives of students. This is our main weakness, and also the result of negligence. At the same time, it is worth noting that the unchanging principle is unique: if the upbringing given by the parents, the stake they place, is firmly embedded in the younger generation, then no one can change it ...! This is where the concept of consciousness comes from.

However, education is not a frozen process, sometimes there are periods when a person changes his mind, in addition to family education, the environment also influences him. However, there are as many symbols in the world as there are colors. The takeaway from this is that it's a bitter truth that some of us appreciate a variety of personality traits and others don't.

*On this occasion, Shakarim Kudaiberdiuly said:*

*Own your thoughts - thoughts become your words!*

*Own your word - your word becomes your deed!*

*Get your job - work becomes a habit!*

*Have a habit - habit becomes character!*

*Have character - character decides your fate!* - according to the winged commandment, which left the black pen intact, it is the main pillar of the formation of great philosophical thought, social and moral education.

The main reason for creating the article: it is worth noting that the basis of the social and moral education of students depends on such behavior.

Now, if we focus on the situation that prompted the writing of the article, then this article is related to the answer given by students in their own opinion in the subject lecture "Pedagogy and the theory of educational work" in the subject lecture "Pedagogy and educational work" under the heading "Modern new technologies" .

I noticed that the student's answers to leading questions in the field of critical thinking were dominated by the idea that “people should be respected according to their position, i.e. rank." There were 96 (ninety-six) students in the lecture hall of the educational institution, and among them student Kerimbai Diana openly expressed her opinion . According to him, there is an opinion that the place of an educated and well-mannered person should be in fourth place. Having fully listened to Diana’s thoughts,

my action was to quickly make a decision “Put your finger, don’t blink”, and at the same time, in the process of a cardinal change in the student’s consciousness, from today I have deeply looked into the life of a shepherd, that is, a shepherd, “You will write an article” , I strictly gave the task. The goal was to change the student's attitude in the right direction. The student immediately accepted this assignment, wrote an article, stood in front of the entire student body and felt that his thoughts were wrong. In the next lecture, the student is more depressed than usual, less active, or worried about something... the teacher's heart feels everything, doesn't it? . In addition, it is known that it is not easy to find a shepherd in our time. For his part, as a leader, he observed and gave advice on the prompt implementation of this task.

The student researched, thought a lot and came to a conclusion, and as a result, an article was born that will become an example for all young people. A fruitful, high-quality, well-researched article was published at the 11th traditional Republican scientific and practical conference “Baytanaev readings of students held on the occasion of April 12 - Science Day” of the South Kazakhstan State Pedagogical University. It would not be an exaggeration to say that we were able to achieve our goals as teachers and students.

In this regard, I would like to say one thing: if the teacher corrects the attitude of the younger generation to the social environment in a timely manner, no one can doubt that, in a word, it will have a great influence on the formation of the social and moral education of young people. From this we can conclude: if we, university teachers, carefully consider each answer of future specialists and focus on the correct amendment, “Competitive, in demand, with strong positions, social and moral education” - specialists will definitely take place.

*Now, based on the above questions, we present to your attention the text of the article below, starting from the next line, without changing the article by Diana Kerimbay , a student .*

Kazakhs have been engaged in animal husbandry since ancient times. Animal husbandry will continue to be a very important economy for our country. Therefore, our future youth should not forget the ideas and rich experience of our people about the four sacred qualities. Upbringing, education, language, morality, examples - this is a slide in itself. After all, Kazakhstan's land, which is very suitable for cattle breeding, cannot be imagined without cattle.

In this regard, within the framework of the assignment given by my teacher Zheniskul Kulbaevna, our article will be about a shepherd - a Shepherd who knows the secrets of sheep and takes care of cattle. Therefore, in our article we will talk about the most difficult aspects of the sheepfold, which are mastered and obeyed, teach patience and are more interesting than all other professions. The humanity of a person is the ability to show respect regardless of the profession, regardless of the position held. We all know that our grandfather especially emphasized in the Kazakh period that such quality can be obtained with mother's milk. However, unfortunately, it is a bitter truth

that in our time people are not only greedy for fame, but also respect people based on their position and merits. It would not be an exaggeration to say that this is a disease of a society devoid of human qualities.

At the same time, taking into account the most difficult aspects of the shepherd's profession, we want to say to increase the admiration of the owner of this profession, and the main purpose of the article is to show that the shepherd has a very valuable status in society.

Each nation is distinguished by its specific profession and service. And if we say that our special profession is a shepherd, it sounds pleasant and respectful. Imagining a professional who makes a living from pastures and grazes the same cattle from dawn to dusk, he sees the hardships and joys of the endless Kazakh steppe and endures them, holds his honor high and strictly observes his duties - he is a shepherd. Regardless of the period, the Kazakhs lived by cattle. Eat - food, drink - drink, dress - clothes. But in order to avoid these worlds, an important role is played by the shepherd, who has the ability to endure on his way and is the only person who created the norms of the people's behavior and preserved them for centuries.

The shepherd is a warrior, because he protects pastures from raids and robbers. He is a traveler and geographer who explores the world face to face. Healer and veterinarian . Hunter , because the blue wolf is always with the pack . He is a philosopher and a poet. Here all these qualities are the noble and sharp-sighted qualities of a shepherd, strengthened in the Kazakh in the course of doing this work for centuries.

Nature itself is the teacher. Kazakh society has respected animal husbandry since ancient times. There are various stories about the hard life and work of shepherds among the people. In this direction, when creating the article, a certain research work was also carried out.

For example, in the context of an interview with an old, veteran shepherd, Kydyraly Satybaldyuly, a resident of the village of Koksayek, Tolebi district, Turkestan region, about the difficulties that the shepherd endured, about the good deeds that he did ... feeds several herds of sheep in the morning, and at the height of the day leads them to pasture along one street, grazes under him, saves warmth in the barn on cold winter days, cleans it in time and shows patience against frost, the old shepherd sheds tears, as well as his great vigilance in preserving goats that calved in time from frost, and, if necessary, in treating sick animals. He said that writing is an art.

During the interview, the shepherd Kydyrali Satybalduly said that he cherishes the trust of the people, like the apple of his eye, and watches him at four parts of the night so that it does not easily fall into the hands of thieves. Grandfather Shepherd sighed and said, “These days, thieves who want to find easy food can easily climb mountains, drive a few sheep into their car, and disappear without a trace”. Even the shepherd who sweats with his labor and works with great patience and attention is not absent from the people who do not pay for his labor. Labor, work! “Hard work makes a man,” says folk wisdom. That's right... But as they say, “Find the essence, and the stone

will burn”, you need to find the essence of the work. Otherwise, becoming a man is just a fantasy. Labor! Work! Resignation! For example, I would not say “The end of work is retirement”, but “The bottom of the image is pension” - only those who really care about the image of work will see their pension” - the grandfather mentioned the story that his father always told and asked us to end the interview with tears in his eyes, in a trembling voice, he said how much this incident had affected his life and that he would not forget him throughout his life. grandfather told me that from two sheep left by his father he raised a flock of sheep, and that his children now take care of these animals as carefully as they can.And if you want to be the father of their sons, I will now drive your cattle, if you want so that they stay, they will continue to grow. But this only animal that you gave me was the upbringing that I gave my sons and daughters throughout my life. “ the old grandfather-shepherd finished his speech, blessed and hung up .

In conclusion, "the spirit of a generation that grew up in a free country must always be high," if we have a passionate heart, ambitious pride and a high spirit, the spirit of the country will also be high. Morality is understood as the manifestation of the best moral qualities of a person: justice, respect for people, decency, honesty, responsibility, love and care. Moral virtue is not complete without respect and compassion for people, kindness and tolerance. The result of moral education is the education of a person. The theme of morality is eternity. It will never get old.

At the end of the article, if I express my thoughts openly, I would like to thank my teacher Zheniskul Kulbaevna for giving me the task to write this article and motivating me. In the process of writing the article, I searched a lot, found rational thoughts, and most importantly, my respect for the grandfather shepherd increased. From the younger generation to the older, we should not spare respect for the profession of a shepherd who knew how to communicate in the language of four food animals. You cannot see the spiritual beauty of a person without morality, and I quickly realized that social and moral education is of great value to us, - the student broke out of his head and concluded his article.

*Finally, at this time, A. Ya. It is clear that Leontiev's catchphrase "The actions of a person that he has not tried with his own hands do not leave a trace in his mind." Before writing the article, the student deeply delved into the life of the shepherd grandfather, got acquainted with the difficult and wintering conditions of animal husbandry, conducted a direct interview with the shepherd grandfather, created a scientific article that impressed him, and did a great job.*

*The essence of ninety words is that we, as a pedagogical community, should pay special attention to the importance of the "Place of social and moral education in the formation of students" in the educational process.*

***List of using literarure:***

1. *“Seven Treasures” Seyit Kenzheakhmetovs Almaty-2022.*

2. *“Kazakh ancient history”*
*Almaty-1993*

**УДК:666.65:536.2**

# О НЕКОТОРЫХ ПОЛОЖЕНИЯХ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ ФАЗОВЫХ ПЕРЕХОДОВ ПЕРВОГО И ВТОРОГО РОДА

**Құлбек М. Қ., д.т.н., професссор, Хамраев Ш.И., к.т.н., доцент**
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

*Түйін*

*Мақалада бірінші және екінші текті фазалық түрленулер теориясы мен практикасының кейбір мәселелері талқыланған. Монотермитті керамикалық үлгілерді күйдіру барысында орын алатын бірінші текті фазалық түрленулердің ерекшеліктері қарастырылған. Мысал ретінде осындай үлгілерді сызықтық заңдылықпен қыздыру барысында тәжірибелік жолмен алынған дифференциалды қисықтар (температуралық өрістер) келтірілген. Бұл келтірілген диффереціалдық қисықтардың бойында сәйкес температура аралықтарында екі эндотермиялық және бір экзотермиялық эффектілер анық байқалады: 100-300; 550-850 және 900-С. Мұндағы 550-С температура аралығында бірінші текті фазалық түрленуге байланысты жүретін дегидратация үдерісі кезінде үлгінің температура өткізгіштік коэффиценті мен меншікті жылу сыйымдылығының эффективті мәндерінің үлкен аралықтарда өзгеретіндігі анықталды. Бұл олардың мәндеріне үлгіде осы температура аралығында орын алып отырған эндотермиялық эффектінің термодинамикасының әсерімен түсіндіріледі. Осы алынған нәтижелерді екінші текті фазалық түрленулердің жүру ерекшеліктерімен салыстыра отырып, мынадай маңызды тұжырым жасалды. Үлгілерді қыздыру немесе суыту барысындағы екінші текті фазалық, түрлендірулер кезінде де жанама жылу эффектілері орын алады екен. Бұл материалдың физикалық, жеке жағдайда жылуфизикалық қасиеттерінің айтарлықтай аралықта өзгеруімен, осыған сәйкес үлгідегі қыздыру немесе суыту барысындағы температуралық өрістерінің ауытқуымен түсіндіріледі.*

*Summary*

*He article discusses some provisions of phase transitions of the first and second order. The features of the course of phase transformations of the first kind during firing of monothermitic ceramic samples are shown. As an example, experimentally obtained differential curves (temperature fields) are given during linear heating of these samples. On the differential curves, which clearly show two endothermic and one exothermic effects in the respective temperature ranges: 100-300; 550-900 and 900-1000 °C. It has been established that in the temperature range 550-850 °C, where the dehydration process occurs, which is accompanied by phase transformations of the first kind, the effective value of the thermal diffusivity and specific heat of the sample varies over a wide range. This is explained by the influence of the thermodynamics of the endothermic effect occurring in the sample. Comparing these results with the features of the course of phase transformations of the second kind, the following important conclusion was made. During phase transformations of the second kind, indirect thermal effects take place, associated with a change in the physical, in particular, thermophysical properties of*

*materials and, accordingly, the deviation of the temperature fields of the sample when it is heated or cooled.*

В технике и технологии в различных отраслях промышленности имеют широкое место процессы, связанные с фазовыми и химическими превращениями различного характера. Известно, что фазовые переходы (превращения) по своему характеру протекания подразделяются на два вида. Фазовые превращения первого и второго рода. Сначала рассмотрим фазовые превращения первого рода. Основным отличием фазовых превращений первого рода от второго связано с выделением или поглощением тепла при их протекании, т. е. эти процессы сопровождаются тепловыми эффектами экзо- или эндотермического характера. С точки зрения термодинамической теории, фазовые превращения, при которых первые производные удельного термодинамического потенциала, т. е. функции (Т,Р) меняются скачкообразно, называются фазовыми превращениями первого рода. При этом, так как

, (1)

то такие превращения характеризуются скачкообразными изменениями либо удельной энтропии S, либо удельного обьема V, либо обеих этих величин вместе [1]. При этом, как известно скачкообразное изменение удельной энтропии означает, что фазовое превращение сопровождается выделением или поглощением тепла.

Ярким примером фазовых превращений первого рода является процессы, связанные с изменениями агрегатного состояния вещества (например, испарение, конденсация, сублимация или возгонка). Нами накоплен значительный опыт по исследованию фазовых, химических превращений и процесов тепломассообмена при обжиге различных керамических материалов (глиняных, зологлиняных и др.). При этом, экспериментальные работы проводились на специальной установке в лабораторных условиях, которая включает: электрическую муфельную печь (типа СНОЛ), снабженная электронным программным устройством, позволяющим регулировать температурный режим; дифференциальные платино-платинородиевые термопары; потенциометр типа ПП и электронные весы ВЛЭ-136.

Объектами исследования служили глиняные и зологлиняные образцы – цилиндры (d=50мм, h=105мм), изготовленные методом пластического формования на специальной металлической пресс-форме с помощью механического пресса.

Свежосформованные образцы сначала сущились в комнатных условиях, а затем в электрическом сущильном шкафе при температуре 100- до остаточной влажности 4-6%.

В центре и на поверхность средней части высущенных цилиндрических образцов вмонтировались спаи дифференциальных термопар. Свободные спаи дифференциальных термопар находились в среде печи.

Техника эксперимента заключалась в следующем. Исследуемые образцы с вмонтированными термопарами размещались в среду печи экспериментальной установки. Нагрев образцов проводились с постоянной скоростью, т.е. по линейному закону с целью четкого выявления тепловых эффектов, имеющих место в обжигаемом материале при соответствующих температурах. Для проведения сравнительного анализа опыт при таких же условиях повторялся на обожженных образцах. Термогравиометрические исследования проводились путем подвещивания образцов к электронным весам с помощью термостойкой проволоки. Подвещанные таким образом, образцы в среде печи экспериментальной установки обжигались точно по такому линейному режиму, как в первичных опытах. На основе полученных экспериментальных данных строились графики дифференциальных температурных полей и термогравиометрической кривой образцов. На основе таких экспериментальных результатов изучались тепловые эффекты в образцах, связанных с фазовами превращениями и массообменом, протекающими в соответствующих интервалах температур.

Важность полученных экспериментальных результатов заключалась еще в том, что на их основе могут быть определены теплофизические (термодинамические) коэффициенты переноса изучаемых образцов. Для этого используются следующие формулы, полученные на основе аналитических решений дифференциального уравнения теплопроводности при фазовых превращениях первого рода:

; (2)

где – эффективный коэфициент температуропроводности, учитывающий термодинамическую сторону фазовых превращений в образце, b – постоянная скорость нагрева, R-определяющий размер образца, Г – постоянное число, для неограниченной пластины Г=0, для неограниченного цилиндра Г=1, для шара Г=2, , - температура поверхности и центра образца.

, *(3)*

где – эффективная удельная теплоемкость образца, – коэффициент теплопроводности, – плотность образца.

В качестве примера из множественных экспериментальных результатов [2-5] приведем данные, полученные на образцах из монотермитовой глины полиминерального состава.

Химический состав исследуемой глины (%) : ; – 21,82; – 4,03; *FeO* – 0,05; – 0,80; *CaO* – 1,67; *MgO* – 0,85; – 0,41; П. п. п. – 9,23

Минералогический состав глины (%): глинистые минералы – 45; кварц - 25; полевой шпат – 15; оксиды (*Fe*) – 8; органика – 4; примеси – 3.

На рисунке 1 приведены дифференциальные температурные поля цилиндрического монотермитового образца. Анализ приведенных дифференциальных кривых нагрева показывает, что исследуемый образец имеет два эндотермические и один экзотермический эффект в соответствующих интервалах температур: 100-300 ˚С; 550-850˚С и 900-1000˚С.

Рисунок 1

а) *Дифффеpенциальные кривые нагрева(температурные поля) монотермитового образца. 1, 2 – образец-сырец, 1/ , 2/ - обожженный образец, б)Температура среды печи.*

При этом глубокий эндотермический эффект в интервале температур 550-850˚С связан с дегидратацией монотермита. Таким образом, отщепление и удаление кристаллической (химической) воды из образца в окружающую среду путем диффузии происходит с поглощением значительного количества тепла. Данный процесс по характеру можно отнести к фазовому превращению первого рода.

Определение эффективных теплофизических (термодинамических) коэффициентов монотермитового образца по формулам (2) и (3) для данного интервала температур (550-850˚С) показывает, что их значения колеблется в больших интервалах:

.

Такое колебание значений этих коэффициентов можно объяснить значительным отклонением температурных полей образца от линейного, из-за протекания фазовых превращений первого рода, связанного с дегидратацией.

На основе вышеприведенных результатов можно сделать следующее заключение. Тепловые эффекты при фазовых превращениях первого рода, связанные с дегидратацией монотермита приводит к значительному отклонению температурных полей образца, а термодинамика процесса существенно влияет на его теплофизические свойства.

Теперь перейдем к рассмотрению фазовых превращений второго рода. Основным их отличием от фазовых переходов первого рода заключается, в том, что они протекают без тепловых эффектов, т.е. без поглощения или выделения тепла. Из формулы (1) следует, что при таких превращениях величины удельной энтропии (S) и удельного объема (V) остаются непрерывными. Это означает, что они, как было отмечено выше не сопровождаются выделением или поглощением теплоты, а также изменением удельного объема вещества. При фазовых превращениях второго рода претерпевают разрыв все или некоторые вторые производные удельного термодинамического потенциала. Для каждой фазы эти производные непрерывны и могут быть представлены в виде [1]

,

. (4)

Они претерпевают разрыв лишь при фазовых превращениях. Из приведенных формул, видно, что фазовые превращения второго рода сопровождаются скачкообразными изменениями одной или нескольких из следующих величин: 1) удельной теплоемкости , 2) температурного коэфициента обьемного расширения , 3) изотермического коэффициента сжатия вещества .

К фазовым превращениям второго рода относится, например, превращение железа, никеля, кобальта или какого-либо магнитного сплава из ферромагнитного состояния на парамагнитное. Оно происходит при нагревании материала при определенной температуре, называемой точкой Кюри. Аналогичные фазовые превращения приводящие к изменению свойств происходят при нагревании и охлаждении сегнетоэлектриков, многих металлов, сплавов и др.

Уравнение Клапейрона-Клаузиуса, которое успешно применяется для фазовых превращенийй первого рода для второго рода теряет смысл. Для описания фазовых преврашений второго рода существуют соотношения Эренфеста. Известно четыре вида соотношений Эренфеста [1].

Таким образом, на основе вышеприведенных положений можно заключить следующее. При протекании фазовых превращений второго рода, хотя отсутствуют прямые тепловые эффекты, но из-за резкого изменения теплофизических свойств материала и отклонении температурных полей может иметь место косвенные тепловые эффекты в образце (теле).

Как было отмечено выше, тепловые эффекты при фазовых превращениях первого рода приводит к заметному, можно сказать большому отклонению температурных полей в образце, следовательно соответствующему изменению

теплофизических свойств(коэффициентов) материала в больших пределах. А при фазовых превращениях второго рода происходит обратная картина, т.е. скачкообразное изменение этих коэффициентов приводит существенному отклонению (изменению) температурных полей, где будут отмечены соответствующие тепловые эффекты.

Это подтверждается основными положениями термодинамики необратимых процессов, в частности, принципами Онзагера. На основе принципов Онзагера можно заключить, что любое накладывающее явление на процессы переноса оказывает определенное влияние на их протекание т.е. на кинетику, динамику и т.д.

Таким образом, можно сделать обоснованное заключение, что и при фазовых превращениях второго рода имеют место косвенные тепловые эффекты, связанные с изменением физических, в частности, теплофизических свойств материала при нагревании или охлаждении. Следует отметить, что сделанное заключение требует дальнейшого исследования и экспериментального подтверждения при изучении фазовых превращений второго рода.

**Литература**


1. Сивухин Д. В. Термодинамика и молекулярная физика. – М.: Наука. Гл. ред. физ.-мат. лит., 1990. - 592 с., ил.
2. Сайбулатов С. Ж. Сулейменов С. Т. Кулбеков М. К. Золы ТЭС в производстве строительной керамики. – Алма-Ата. Казахстан. – 1986. – 144 с., ил.
3. Сайбулатов С.Ж. Кулбеков М. К. Исследование тепло и массобмена в процессе обжига керамических материалов на основе зол ТЭС. – Строительные материалы, 1980, №2, с. 26-27.
4. Ралко А. В. Сайбулатов С. Ж. Кулбеков М. К. Исследование некоторых процессов тепло- и массообмена при термической обработке зол, глин и их смесей. – В кн.:Теплопроводность и конвективный теплообмен. - Киев, 1980, - с. 46-48.
5. Құлбек М. Қ. Екінші текті фазалық түрленулер теориясының өзекті мәселелері. – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы «Физика – математика ғылымдары» сериясы, №4(56), 2016, 160-164 бб.


**ӘӨЖ**

# Т.ӘСЕМҚҰЛОВТЫҢ «ШЫМДАН» ПОВЕСІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР

**Курбанов А.С. 1701-59, Қазыбек Б.Е. 1701-22** оқу тобының студенті
Шымкент қ., ОҚМПУ
**Ғылыми жетекшісі –** ф.ғ.к., аға оқытушы Сапарбаева Қ.Ж.

***Резюме***

*В статье рассказывается повесть писателя Таласбека "Шымдан", а также о социальных событиях XX века, о женском неравенстве*

***Summary***

*The article tells the story of the writer Talasbek "Shimdan", as well as about the social events of the twentieth century, about women's inequality*

XX ғасырда қазақ әдебиеті ұлы Абайдың ағартушы-демократтық дәстүрін жалғастыра отырып, отаршылдыққа қарсы күрес пен тәуелсіздікті аңсау идеясын ашық және батыл көтерді. Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов қазақ халқының тарихи-мәдени дамудан кенже қалып, қараңғылықта отырған күйін суреттеп, елді өнер-білімге үгіттеді. Жаңалыққа енжар, ұйқыда жатқан қазақты бірі «Маса» боп құлағына ызыңдап, бірі «Оян, қазақ» деп, бар дауыспен жар салды. Ғасыр басында әдебиетке келген ақын-жазушылардың барлығы да осы дүбірмен оянғандар еді[1]. Міржақыптың қазақ прозасына алғашқы алып кірген прозасы «Бақытсыз Жамал» осы дәуірдің әлеуметтік оқиғаларын суреттейтін, қыздардың тағдыры, бай-бағландардың билігі жүретін заманасы бейнеленген шығарма болды. Сонымен қатар Міржақыптың жолын жалғаған, қазақ әдебиетінді «әйел теңсіздігі» тақырыбын көтерген бірнеше жазушыларымыз болды. Мысалыға, Жүсіпбектің Ақбілегі, Майлиннің Шұғасы, Сұлтанмахмұттың Қамар сұлуы осы қазақ қызының тағдыры, өзгеден көрген қиянаты туралы жазылған. Осы шығарманы оқи отырып XX ғасырдағы қазақ даласындағы орыс революциясына қарсы күресін, азаттықты аңсаған, тәуелсіздікті көксеген батырларды көре аламыз.

Қазақ әдебиетіндегі «әйел теңсіздігі» тақырыбы тек қана XX ғасырдағы жазушылардың шығармасынан ғана көреміз деген қате тұжырым. Қашанда әдебиетте «әйел», «ана» тақырыптары өз жалғасын тауып отырады. XXI ғасыр орнығып, Қазақстан өз елінің тәуелсіздігін жариялағаннан кейін осы кездегі ақын-жазушыларға жаңадан леп берді. Бұл дәуірдің жазушылары Батыстық үлгіде жаңаша шығармалар жаза бастады. Постмодернисттік әдебиеттің кең өріс алған кезеңі болды.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетіндегі «әйел теңсіздігі» тақырыптарына байланысты бірнеше шығармалар жазылды. Солардың ішінде Шығыс Қазақстаннан шыққан қазақ жазушысы, күйші, әдебиет сыншысы Таласбек Әсемқұлов. Ол өзінің өмір жолын шығармашылыққа арнады, қазақтың күй өнерін жаңғыртты, әдебиетке

ерекше прозасымен кіріп келді. Таласбектің қаламынан шыққан «Кәрі ат», «Талтүс», «Шымдан» атты роман-повестері тәуелсіз елдің жерінде басылып шыға бастады. Жазушының «Талтүс» романы өзінің ғұмырбаяндық шығармасы, ал «Шымдан» повесі қазақтың кең даласының әсем табиғаты мен бойжеткен Шымдан атты қыз туралы шығармасы. «Шымдан» Жесір дауы... Ең нәзік, шетін және ескі дау. Тәртіпсіздіктің, күнәнің, құштарлықтың «гүлденуіне» жол бермеу үшін кемеңгер билер үкім айтады, тәртіп бұзғандар дала заңымен жазаланады. Мың жыл бойы солай болған шығар. Ел ішінен қашып шығып, алыстағы, айдаладағы бір туысының ауылына барып жан сақтаған жағдайлар да кездескені мәлім. Көркем әдебиетте бұл тақырып көп шиырланған. Проза тілінде де, поэзия тілінде де. Енді бұған жаңаша қырынан келмесең, алдыңғылардың салған соқпағын таптап, өз ізіңді таппай қалатының анық. Шымдан – бейсаналы сезім-күйге ерік берген кейіпкер. Сондықтан басынан өтіп жатқан оқиғаларды да түс сияқты қабылдайды. Атастырған жерінің әңгүдік жігіттері мен зорлықшыл күйеу тапа-тал түсте қыз ауылының топалаңын шығарып, атқа өңгеріп алып кеткен[2].

Ас үстінде көңілі орта жасты алқымдаған болысқа түскен Шымданның зорлықшыл күйеуге сезімі тіптен оянбаған. Ескілікті салт-дәстүрдің құрбаны атастырылған күйеуінен еш мейірім көрмей,кісендеулі күйде күң есебінде күн кешеді. Күндер өте уәделескен болысының мына тұтқын өмірдің шырмауынан шығаратынына сенімін жолғалтпаған-ды. Сол сенімі шындыққа ұласып,нағашы ағасы,шал мен өзі күткен сүйіктісі Серікбол болыс ауыл ақсақалдарымен мәміле жасасып, Шымданды бұл өмірден құтқарып алды. Қорлықтан жаны әбден күйзеліске түскен Шымданның беті біраз уақыттан кейін ғана бері қарап,көзінен нұр ойнап,өңі қалыпқа түсе бастайды. Қатал өмірдің қақпанынан босап,өз сүйгенінің жанында бақытты күндердің таңын бірге атырады. Осы сәтте күнделікті ойын-күлкі,думан-тойдың қуанышын қатар келген ажал бұзды. Бұл ажал Шымданның әкесі мен інісінің өлімі болатын. Қапыда ұрылардың үстінен түсіп,өлімнің өрмегіне орала кеткен бұл суық хабар Шымданға өте ауыр тиді. Қос қайғының зардабы аз болғандай Шымданның жайы орыстың ұлығына жетіп,іс насырға шапты.Ұлыс келе кесімді үкім шығармай баяғы дала заңына салып, екі жастың арасына кесімді сөз айтты. Шымданның сол баяғы атасқан үйінде қалып,Серікбайды шенінен ысырып,қалың қаралы құн төлейтінін кесіп айтып,тұрып кетті. Қайтадан Қонақай ауылына,қайтадан сол баяғы ит қорлық көретін өміріне қайта оралғысы келмеген Шымдан «қылқынға»ұшырап көз жұмды. Дала заңының,ата-дәстүрдің,ескілікті әдет-ғұрып пен наным-сенімнің кезекті құрбанына айнала жан тәсілім етті. Жүрек ұшындағы бар іңкәрлік пен нәзік сезімді,алып-ұшып мейірлене сүйген ыстық махаббатты,күнәдан таза аппақ аяулы кіршіксіз от көңілді ол өзімен бірге мәңгі ала кетті. Күндер-күндерге жалғасып өтіп жатты. Кенет Шымданның әкесі мен інісінің өліміне қатысты адамның айғағы қолына түскен Серікбай ашуға міне,бойын кернеген кек пен намыстың буымен сол адаммен айқаса күреске түсті. Ішін кернеген

ызаға,қолынан ұшқан аяусыз махаббатына кектене,жазықсыз жанның жанын қиғанына налып,оны да өзін де өлімге құштырған.

Ескіліктің әдеп, әдетімен, сол заманның «атастыру», «бесік құда» сынды бұрыңғы дәстүрінен тағы бір жапырақ жаны қиылып,сүйген ғашығына қосыла алмай жарық дүниеден аққан жұлдыздай жас ғұмырдың өте барғанын көреді екенбіз. Әйелдің теңдігі жоқ заманда дала заңы қашанда басты роль алғандығын көреміз. Ата сөзін аттамау,ел дәстүрін жер қылмау үшін өз бақтарына өздері балта шапқан бұл ғасырдың қанша ғашықтары бақытсыздықпен ғұмырын өткізген. Бай-бағландардың үстемдік орнатқан заманында қаршадай қыз ғұмыры бір үйір ірі қарамен өлшенетіндігі адам ішін ашытады-ақ. Күнін әзер көретін кедейлердің осындай дәрменсіздігінен байлардың қолына үрімдей,жас буыны қатпаған талай бойжеткен еріксіз ғана кете барған. Бақытсыздықпен таңдарын атырып,шарасыздан шаңырақ шамын жағып, келте ғұмырын құрбан еткен қанша қыз тағдыры десеңші. Мұндай қорлық тағдырдың талқысына көнгісі келмей,өз сүйгенімен қол ұстасып қашып күн кешкенде де бұл дала заңы өз дегенін қылған. Екі жастың бұзған дәстүрін жөн көрмей,қос ғашықты өлімге де қия барған. Әйел жанының өз ойы мен өз көзқарасы еленбеген бұл заманға қазіргі ғасырдың қыз-келіншектері мен әйел затының өзіндік сыни көзқарастары да жетерлік.

Ал,ендеше қазіргі теңдік орнаған, зайырлы мемлекет атанған еліміздегі әйелдің орнын атап өтейік. Қазіргі таңда біздің елімізде «ана», «әйел» деген ұғым өте жоғары дәрежеде өз орны мен статусы бар термин. Бұл ұғымды қорғаушы түрлі тарап пен заң да жетерлік. Қазір әр адам өзінің жеке ойы мен көзқарасын ашық,еркін түрде қорықпай сыртқа айта алады. Және өз өмірінің шешімдерін тек жеке өздері ғана шеше алады. Ешкім ешкімге тәуелсіз және зорлық-зомбылықсыз заман. Кешегі Бейімбет, Жүсіпбек, Сұлтанмахмұттар көтерген әйел теңсіздігі мәселелерінің де басты арман-мақсаты қазіргі зайырлы мемлекеттегі «әйел» мен «ананың» ролы болатын. Міне ол арман-мақсатта бүгінгі күнде орындалмай қалған жоқ. Әйел теңсіздігі жойылып,сол заманның ескішіл салты да құрдымға кеткен.

**Әдебиеттер**


1. https://www.referat911.ru/Literatura/hh-asyr-basynday-aza-debiet/387954-2879568-place1.html
2. https://egemen.kz/article/255938-shymdan

ӘӨЖ

# ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ИКЕМДІЛІК ПЕН ДАҒДЫСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН МАҚСАТЫ

**Айдарова А. А.-** магистр оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

*Резюме*

*В статье рассматривается создание системы обучения для формирования у учащихся знаний и умений по орфографии, а также создание методики обучения развитию письменной грамотности.*

*Summary*

*The article discusses the creation of a training system for the formation of students' knowledge and skills in spelling, as well as the creation of a methodology for teaching the development of written literacy.*

«Тіл адамның барлық белгісінің зоры, жұмсайтын каруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айырылып, сөйлеуден қалса қандай қиындық күйге түсер еді. Осы күнгі адамдар жазудан айырылып жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күй де тілінен айырылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз - жазу заманы, жазу мен сөйлесу ауамен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды, жазумен дүниенің бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сейлеседі. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге қай сөз қандай орында қалай өзгеріп, қалайша біріне-бірі қиындасып, жалғасын тауып дағдысын білу керек.Әр халықтың дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады», дейді А.Байтұрсынов, сонымен бірге ол: «Тілдің ілгері басып өсуі үшін оның емлесі мен термин мәселесі дұрыс шешілмей болмайды. Болмайтын себебі: өркендеп алға барған тілдің түрлі тарауының бірі де сол емле, терминологиямен сабақтасады да отырады сол арқылы ойды дұрыс жеткізуге болады [1,335].

Жазу белгілі бір орфографиялық қағидаларға негізделеді. Орфография (грек orthos-дұрыс, gropho-жазамын) сөзді бірізді жазудың тәсілдерін белгілейтін ереже. Орфография - әдеби тілдің «киімі» ғана емес, ол алдымен, сауатты жазудың, ана тілдің мәдени меңгерудің маңызды құралы екендігі айқындалды. Ендігі мәселе нормаларын белгілеу қарастырыла бастады [2].

Б. Калиұлы: «жазуымыздағы ала-құлалықтың 3 түрлі себебі бар: оның біріншісі - тілімізге араб-парсы және орыс тілі сөздерінің көптеп енуі. Екіншісі - орыс тілінен жане орыс тілі арқылы басқа да еуропа тілдерінен келген сездерді өзгертпей жазғызу үшін, 12 орыс әрпінің (дыбысының) қазақ тіліне зорлап ендірілуі. Үшіншісі - кірме сөздерде үндестік заңының сақталынбауы. Яғни жазудағы ала-құлалықтың басты себебі-тіліміздегі үндестік заңының бұзылуы.

Үндестік заңы – ұлы заң. Өзін қазақпын деп есептейтін әрбір адамның бұл заңды бұзуына құқылары жоқ. Өйткені қазақ тілін тіл етіп отырған - осы заң » - дей келе, морфологиялық ұстанымды да қазақ тілі орфографиясының негізгі ұстанымдары деп есептейді. «Біріккен сөздерді біріктіріп жазайық, ондағы дыбыстық өзгерістерді ескерейік, елейік дегенді айтқанда, біз тіл деп аталатын құдіретті күштің сол ерекшелігімен санассақ дейміз. Оның өзіндік даму заңын тізгіндемесек, тежемесек дейміз», - деп ой тұжырымдайды [3,11 ]. Ал тарихи-дәстүрлік ұстаным тілдің ерте кездегі жазу дағдысына негізделеді де, сөздің ертеректегі айтылуы мен жазылуын өзгертпей сақтауды көздейді. Бұған көбіне орыс тілінен енген сөздердің орысша тұлғасын сақтап жазылуын бірқатар араб, парсы сөздерінің х, һ әріптерімен жазылуын (халық, хат, хабар, Хамит, жиһаз) жатқызып жүрміз дей келіп, Р.Сыздықова: бұл ұстанымды «тарихи» деп атау шартты. Қазіргі емлеміздің тарихы жарты ғасырдан асар-аспас болған соң, жазуда сіңірленген тарихы бар сәттер жоқ деуге болады,-дейді [2,90].

Қазақ тілінің қалпын сақтап, үндестік заңы бойынша жазуды ғалым профессор Ә.Жүнісбеков [4] пен С.Мырзабеков те қоштайды [5]. Бұл пікірлердің тіл дамуы барысында тұрақталып, фонетикалык ұстаным да басшылыққа алынды.

Ал күрделі сөздерді бірге жазуда белгілі ғалым К.М.Мусаев мынадай ұстанымдарды атап керсетеді [6, 36-38].

1.Фонетикалық ұстаным. Бұл ұстаным бойынша күрделі сөздің бір компоненті фонетикалык өзгеріске түссе, онда сөз бірге жазылады. Мысалы, бүгін – бұл+ күн, белбеу – белдің бауы, т.т.

2. Мағыналык ұстаным. Бұл ұстаным бойынша сөздер бірігіп жазылады:

1) Бір компоненті дербес мағынасынан айрылған күрделі сөздер. Мысалы: ақсақал – үлкен адам, қария.

2) Антропонимдердің компоненттері бірігіп жазылады. Мысалы, Аллаберген.

3) Аң, жәндік атаулары бірігіп жазылады. Мысалы, тасбақа.

4) Топонимдер бірігіп жазылады. Мысалы, Ақтөбе,Талдықорған.

5) Күрделі қысқарған сөздер біріктіріліп жазылалы. Мысалы: techинститут, т.б.

3.Ұғымдық мағыналық ұстаным. Бұл ұстаным бойынша бір ұғымды білдіретін күрделі сөздер бірге жазылады. Мысалы, баспасөз, шикізат т.б.

Алфавит пен орфография ережелерінің бірізге түсуіне А.Ысқақов, М.Балақаев, Ә.Ермеков, С.Қирабаев, Т.Жанұзақов т.б. ғалымдар ат салысып, газет беттеріне мақалалар жариялады. Мәселен, орфография дегеніміз - әдеби тілдегі сөздерді оның грамматикалық формаларын бірыңғай жазу жөніндегі ережелердің жинағы - дей келіп, А.Ысқақов негізінен жобадағы күрделі сөздердің жазылу ережесін қостады (7,3].

«Қазақстан мұғалімі» газетінде «Орфографияның бірер ережелері туралы» деген мақаласында профессор М.Балақаев: «Орфография жалпыға ортақ, оның

ережелері бірізге түсіп, әбден қалыптаспайынша, жалпыхалықтық тіл нормасын жасау, әдебиет тілінің еркін дамып, қалыптаса беру процесін тездету, жалпыға ортақ орфографиялық норма жасау, мектептерде тіл сабағын оқытуды дұрыс жолға қою мүмкін емес», - деп тұжырымдады [8].

Ә.Ермеков «Екі мәселе» деген мақаласында тұтас бірігіп бір мағына берсе, біріктіріп жазуды қолдайтын мынадай мысалдар келтіреді: ой өріс, дүниетану, арасалмак, ауылшаруашылық, теміржолшы т.б. [9,3]. Осы пікірді жалғастыра отырып Қ.Шәукенов: күрделі есім сөздер анықтауыштық қызмет атқармай, нәрсенің не адамның орнына жүріп тұрса, оларды біріктіріп (сарымай, теміржолшы) жазуды құптайды [10].

1962 жылы бастауыш, жеті жылдық және орта мектептерге арналып орфографиялық сөздік шықты. (F.Мұсабаев, А.Харцова, Р.Сыздықова, Х.Арғынов). Онда Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі 1957 жылы маусымның 5-інде бекітілген «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері» басшылыққа алынды. Ережеде бөлек жазылатын сөздер (күрделі атаулардың әрбір сөзі, анықтауыш және анықталушы сөздердің әрбір сөзі, күрделі сан есімдер, сын есімдер, есім, еліктеуіш сөздер мен етістіктен құралған күрделі сөздердің әрбір сөзі идиома.

Фразалық тіркестердің әрбір сөзімен бірге жазылатын (тұлғасы өзгеріп барып біріккен сөздер, ғылымның әр алуан саласындағы терминдік мәнге ие болып қалыптасқан атаулар т.б.) сөздердің сипаты ашылған [11].

«Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі » алғаш рет 1963 жылы жарық көрді. Сөздік 1978 жылы толықтырылып, түзетіліп, 2-ші рет жарық көрді. Мұнда бірге не бөлек жазылатын сөздер ажыратыла түсті, көптеген терминдердің және аралык, құмар, тану тәрізді сыңарлармен келґен сөздердің біріктіріліп жазылуы тұрақтандырылды. Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты жазу мәдениетін көтеру, емле ережелерін жетілдіре түсу мақсатымен 1983 жылы «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелеріне» өзгертулер мен толықтырулар енгізді. Атап айтқанда: бірге және бөлек жазылатын сөздер іріктелді. Екі түбірден жасалып, терминдік мәнге ие болған атаулар дербес лексикалық мағыналарын жоғалтқан түбірлерден жасалған аң-құс, жануарлар мен жәндіктер, сондай-ақ өсімдік атаулары, екінші сыңары ағаш, бақа, жидек,бүлдірген, гүл, жапырақ, жеміс, жидек, көк, қат, құрай, құрт, құс, тамыртомар, шешек деген сөздер болып келген өсімдік, аң-құс аттары нақты болғандықтан бірге жазылады. Ал ағаш, гүл сияқты сөздермен келген күрделі атаулардың бірінші сыңары сол өсімдіктің, ағаштың атауын жеке тұрып та білдіретін болса, бөлек жазылады деп ескертіледі.

Емле ережелерінің бірізге түсіп қалыптасуында «Анықтағыштардың» да маңызы зор. Бұл ретте де біраз еңбектер жарық көрді.

Р.Сыздықова «Емле және тыныс белгілері » атты анықтағышында (3-басылымы) 1983 жылғы 25 тамызда бекітілген «Қазақ орфографиясының негізгі ережелері» негізге алынған болатын [12].

Р.Сыздықованың 2000 жылы шыққан «Қазақ тілінің анықтағышында» 3-басылымындағы емле ережелері көп өзгеріссіз берілген. Сөздердің бірге және бөлек жазылу ережелері жайында да бірсыпыра түсініктер беруге тура келеді дей келіп ғалым: ғылым мен техника салаларында терминге арналған күрделі атаулар; екі түбірден құралған аң-құс, жан-жануар, құрт-құмырсқа, өсімдік атаулары; шаруашылық, тұрмыс, мәдениет, өнер, спорт сияқты салаларға қатысты зат, құрал-жабдық, әр алуан атаулары мен мамандық, кәсіп, қызмет иелерінің аттары; екінші сыңары аралық, тану сияқты сөздер және алғашқы сыңары авия, авто, изо, ультра тәрізді сөздер болып келген күрделі тұлғалар біріктіріліп жазылады» - деп нақтылай түседі [13,53].

Сауаттылықтың негізі мектептен қалыптасатындықтан емлені оқытуға ғалымдар ертеден-ақ көніл бөліп келеді. Оған Ш.Сарыбаевтың, Ж.Шакеновтың енбектерінің кейбір әдістемелік нұсқаулары мен ғылыми мақалаларын атауға болады. Морфологиялық ұстаным біріккен сөздердің, қос сөздердің, қысқартылған сөздердің және күрделі емлесін белгілейді,-дей келіп, орфографияны үйрету әдісін меңгеру үшін, алдымен, оны әдістемелік жақтан топтастырып алуды ұсынады. Атап айтқанда:

1.Түсіндіру емлесі. Мұғалім жазылуы қиын сөздерді жазып көрсете отырып түсіндіреді. Түсіндіру емлесінде окушылар көру сезімін де, есту қабілетін де қарастырады.

2.Көздік емле. Мұғалім жазылуы қиын сөздерді күн ілгері жазып кояды, окушылар оқып көзі қанған соң мәтін тасаланады оқушылар оған қарамай жазады.

3.Жат жазу. Орфографиялық жағынан талқыланған сөзді оқушылар өз беттерімен жазады.

4. Аралас жазу. Онда әрі емлелік, әрі шығармашылық қасиеті бар. Сондықтан оны аралас жазу дейді. Яғни орфографияға қатысы бар әңгіме жатқа жазылады.

5.Әдейі қате жазылған сөзді мұғалім оқушыға беріп оны түзеттіреді.

6.Орфографиялық сөздікті пайдалану.Мұғалім жазылуы қиын-сөзді тақтаға жазып,оқушыларға сөздіктен іздетеді [14,5].

К.Аханов, Б.Кәтенбаева ,Т.Әбдіғалиевалардың әдістемелік нұсқауында да: “Күрделі сөздердің бір түрі- біріккен сөздер.Мұғалім біріккен сөздердің әрі мағыналық, әрі тұлғалық жақтарынан тереңірек үңіле қарап , оқушыларға ешбір дауы жоқ екі ұғым тудырмайтын нақты мысалдар ұсынып, оларды оқулыққа берілген теориялық түсінік төңірегінде түсіндіру керек дей келіп, біріккен сөздер мен тіркес сөздердің құрамын ажыратудың тиімді жолы ретінде салыстыру әдісін ұсынады.Мысалы, ақсақал, итмұрын т.б деген сөздерді бірге жазып, әрқайсысының мағыналарын ажыратуға олардың синонимдерін жарыстыра айтып түсіндіру керек”-дейді [15,19]. Әрине, пікір негізінен дұрыс болғанымен,үнемі дау тудырмайтын мысалдарды табиғаты ашылуы, оқушы кез келген сөзді бірге не бөлек жаза алуы тиіс. Ол үшін сөздердің бірге не бөлек жазылуының ережесін

білуі керек екені даусыз.Сонымен қатар қос сөздердің емлесі арнайы тақырып ретінде беріледі. Алайда жаттығулардың мақсаты - қос сөздер емлесін емес, жалпы қос сөз туралы білімді бекіту. Қысқарған сөздердің бас әріптерден қысқарған түрлерінің араларына ешқандай тыныс белгілерінің қойылмайтыны,оларға қосымшалардың дефис арқылы жалғанатыны айтылады. Бас буындардан түбір сөздердің қатысы арқылы қысқарған сөздер бірге жазылып,оларға қосымшалардың қосылып жалғанатыны ескертіледі. Ал әріп, цифр арқылы қысқарған сөздер өздерінің қысқару қалпында жазылып олардың құрамындағы әріптер мен цифрлардың өзара бөлінбейтіні және тасымалданбайтыны ескерілуі керектігі айтылады.

Ал И.Ұйықбаев мақаласында бірге және бөлек жазылатын сөздерді салыстырып көрсету (қосаяқ-қос аяқ), біріккен сөзді мәтіннен теріп жаздырту әдісін, біріккен сөздерге сөйлемдер ойлап тапқызып, біріккен сөздің сыңары болатын сөзді іріктеп алып олардан біріккен сөздер жасату,т.т әдістер оқушылардың ой-өрісін дамытуға жәрдемдеседі, емлесін біледі, біріккен сөздерді басқа сөздерден ажырата білуге қалыптасады, деп түйіндейді [16].

Ғ.Мұсабаев «Біріктіріп жазылатын сөздер»деген мақаласында: сөздің біріктіріп жазылатынын анықтау үшін 5 түрлі ғылыми критерий қояды :

1) Екі түбірден құралған сөздер алғашқы мағыналарын қашықтап, жаңа бір мағына берсе;

2) Екі сөз үнемі қатар айтылу салдарынан бір ұғымның атауына айналғанда , екі компоненттердің бірі я екеуі жекелеп алғанда ешбір мәнге ие бола алмаса, мұндай сөздер бірігіп жазылады: алаңғасар т.б.

3) Сөздің дыбыстық деформацияға ұшырауы: белбау-бел буар «б» түсіп қалған ,тыржалаңаш-тырдай жалаңаш.

4) Екі сөзден бірігіп,белгілі бір аңның, жәндіктің, өсімдіктің аты болып, халық тәжірибесінде қалыптасып қалған сөздер (қарағаш, қарақұйрық).

5) Бірге жазылып қалыптасып кеткен сөздер дәстүрлі принцип бойынша бірге жазылады: денсаулық, өзара т.б. [17,50].

Жаңа «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде» (2005) бұрынғы емлеге мынадай өзгешеліктерді ұсынады:

Лексика саласындағы бірқатар өзгерістер ескерілген. Емле ережелеріміз бен 1988 жылғы орфографиялық сөздікке байланысты айтылған сын ескертпелерге назар аударылып, сөздіктің неғұрлым ыңғайлы, сындарлы құрал болуы үшін, оны әрбір басылым сайын толықтыру, ықшамдау сияқты жұмыстардың жүргізілуі заңды іс -әрекет екендігі басшылыққа алынған. Сөйтіп, «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінің 4-басылымындағы өзгерістер 5-басылымда да сақталған.

Емле сөздігіміздің алдыңғы басылымдарында орыс тілі арқылы енген сөздер, әсіресе интернационалдық деп танылатын терминдер мейлінше көп берілген болатын, мұндағы мақсат қазақ тілінде жазылған әр алуан әдебиетте жиі не сирек

болса да, әйтеуір кездеседі деген сөздердің дұрыс жазылуын білу үшін орыс тілінің орфографиялық сөздігіне қоса үңіліп отыру әрекетінен құтқару еді. Дегенмен бұлардың едәуір тобы, мысалы, аберрация, адуляр, аншпуг, индиго, ирит, билабиал, изоглосса, скрепер сияқты сөздер ғылымның арнаулы салаларындағы мамандар арасында ғана қолданылатын, қалың жұртшылыққа бейтаныс тұлғалар. Олар орыс тіліндегіден еш өзгеріссіз жазылатындықтан, көпшілік қолды бұл сөздіктен шығарылып тасталды. Орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілдерден алынып қолданып келген біралуан сөздердің бұл күнде әдеби норма ретінде қазақша баламасы пайдаланылатындықтан олар да емле сөздігінен алынып тасталды (мысалы архив, аптека, вклад, вкладшы, семья, система, программа, «көше» мағынасындағы проспект, протокол, самолет, документ т.б. сияқты). Авто авиа, агро, интер сиякты сөздермен келген тұлғалардан қазақ сөздерімен келетіндері сөздікте қалдырылды және авиаспорт, авиаконструктор, автопортрет, автореферат, интернационалдық сияқты бөгде тілдік сөздермен келгендері де берілді.

Сөйтіп, «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінің» ұсынылып отырған 5-басылымы соңғы он-он бес жылдың ішіндегі тілімізде болып жатқан өзгеріс-жаңалықтармен толықтырылған; сөздіктің көмегін тигізетін анықтама материалдар молырақ берілген; қазіргі қолданыстан шығып бара жатқан кірме сөздер мен орыс тіліндегі түрімен бірдей түсетін, күнделікті тіл тәжірибесінде жиі қолданылмайтын, көбінесе интернационалдық терминдер болып келетін сөздер сөздіктен шығарылған; бірге не бөлек жазуда қиындық келтіріп жүрген сөздер біршама реттеліп, екі сөзбен білдіретін аң-құс, құрт-құмырска, бақа-шаян, өсімдік атаулары біріккен сөз ретінде сөзтізбеге шығарылғандығы байқалады.

Тұжырымдағанда, орфография мәселісі күрделі мәселе. Өйткені жазу пайда болғаннан кейін-ақ емле, тыныс белгілері туралы мәселе туындаған болатын. Ол заман талаптарына орай үнемі жетілуімен келеді. Әсіресе, оқыту, білім беру саласында орфографияның маңызы арта түсті. Әсіресе, ол оқушылардың сауаты мен тіл мәдениетін дамыту мақсатында оқулықтар жасауда айырықша көріне бастады. Оқушылардың білім, білік, дағдысын қалыптастырудағы оқулықтар мен оқу құралдарының рөлі жоғарылаумен оның сауатты жазылу талабы қойылуда. Сондықтан қазіргі кезде оқушылардың орфографиялық дағдысын қалыптастыру үшін оны оқыту әдістемесінің мәні артып келеді.

Бұл айтылған пікірлерге сүйене отырып, біз зерттеуімізде орфография туралы оқушылардың білім, білік дағдысын қалыптастыра оқытудың жүйесін белгілеп, оқушылардың жазбаша сауатын дамыта оқыту әдістемесін жасауға мүмкіндік жасалды.

**Әдебиеттер**

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. –Алматы: Ана тілі, 1992.

2. Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы. – Астана: Елорда. 2001-230 б.
3. Қалиұлы Б. Қазақ орфографиясындағы қайшылықтар. – Алматы: Орталық білім жетілдіру институты, 1994, 18 б.
4. Джунусбеков А.Е. Сингормонизм в казахском языке. – Алматы, Ғылым, 1980,77 б.
5. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы: Қазақ ұлттық университеті. 1991.41 б.
6. Мусаев К.М. Вопросы разработки и дальнейшего совершенства орфографии тюркских литературных языков Советского Союза// В.кн. Орфографии тюркских литературных языков СССР. – Москва: Наука. 1973. 4-48 с.
7. Ысқақов А. Алфавит пен орфография ережелерінің жобасы туралы // Қазақстан мұғалімі. 1953. 28-ақпан.
8. Балақаев М. Орфографияның бірер ережелері. 7// Қазақстан мұғалімі. 1953. 6-наурыз.
9. Ермеков Ә. Екі мәселе. // Қазақстан мұғалімі. 1953. 28-наурыз.
10. Шәукенов Қ. Морфологиялық принцип толық сақталсын. // Қазақстан мұғалімі. 1953. 28- наурыз.
11. Орфографиялық сөздік. – Алматы: Қаз.мем.бас. 1962. 219 б.
12. Сыздықова Р. Емле мен тыныс белгілері. – Алматы, Рауан, 1996, 296 б.
13. Сыздықова Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000,332 б.
14. Сарыбаев Ш.Қ. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. – Алматы, 1959, 98 б.
15. Аханов К.,әтембаева Б., Әбдіғалиева Т. 6- сыныпқа арналған «Қазақ тілі оқулығына методикалық нұсқау» - Алматы: Рауан, 1990. 90 б.
16. Үйықбаев И. Бірге жазылатын сөздер. // Қазақстан мұғалімі. 1958. 23-қаңтар.
17. Мұсабаев Ғ. Біріктіріліп жазылатын сөздер. // Қазақ тілі мен әдебиеті. 1998, №6, 50-56 б.

**ӘӨЖ**

# БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН БЕЛСЕНДІ ЖӘНЕ ТИІМДІ ӘДІСТЕР

**Тугелбаева Эльмира Базарбаевна**
«Өрлеу» БАҰО АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша Кәсіби даму институты филиалының аға оқытушысы
**Нысанбекова Маржан Торғайқызы**
Түркістан облысы Ордабасы ауданы
«Ұлағат» жалпы орта мектебінің биология пәні мұғалімі

Қазіргі өмір белсенді шығармашылық тұлғаны қажет етеді. Оны сыни ойлауды дамыту стратегиясының негізінде педагогикалық практикада ғана тәрбиелеуге болады. Бұл стратегияның міндеттері – айналасындағы шындықты біліп, мәселені шешу жолдарын іздеген жастардың санасын ояту. Бұл тәсіл тұлғаға бағытталған оқыту тұжырымдамасымен үйлесімді және белсенді және интерактивті технологияларды қолданумен тығыз байланысты.

Білім беру жүйесі түлектің бастамашылдығы, ұтқырлығы, икемділігі, серпінділігі және конструктивтілігі сияқты жаңа қасиеттерін қалыптастыруы тиіс.

Интерактивті оқыту – танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың ерекше түрі. Ол нақты мақсаттарды болжайды. Олардың бірі – процестің әр қатысушысы өзінің зияткерлік қабілетін сезінуі үшін ыңғайлы оқу жағдайларын жасау, бұл оқытудың өнімділігіне ықпал етеді.

Интерактивті оқытудың мәні – барлық оқушылар таным процесіне қатысады, қорытынды жасайды, белгілі бір нәтиже жасайды, онда әркім өз үлесін қосады, онда білім, идеялар, іс-шаралармен алмасады. Мұның ерекшелігі – бұл процесс ізгілік, өзара қолдау атмосферасында жүреді, бұл жаңа білім алуға ғана емес, сонымен бірге танымдық іс-әрекетті дамытуға, оны ынтымақтастық жұмысының жоғары формаларына аударуға мүмкіндік береді.

Интерактивті – өзара әрекеттесуді білдіреді, әңгімелесу, біреумен диалог құру. Интерактивті және белсенді әдістердің ортақ жақтары көп. Белсенді әдістерге қарағанда, интерактивті әдістер білім алушылардың оқытушымен ғана емес, сонымен бірге бір-бірімен кеңінен өзара әрекеттесуіне және оқу процесінде білім алушылардың белсенділігінің үстемдігіне бағытталған. Мұғалімнің ұстанымы да өзгеруде, ол жаңа біліммен бірге қатысушыларды өз бетінше іздеуге жетелейді. Оқыту белсенділігі оқушылардың белсенділігіне жол ашады, оның міндеті олардың бастамасы үшін жағдай жасау болып табылады. Мұғалім оқу ақпаратын өзі арқылы өткізетін сүзгінің рөлінен бас тартады және жұмыста көмекші, ақпарат көздерінің бірі ретінде қызмет етеді.

Мұғалімнің интерактивті сабақтардағы орны оқушылардың сабақ мақсаттарына жету жолындағы қызметіне байланысты. Интерактивті оқыту бірнеше міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Ең бастысы – қарым-қатынас дағдыларын дамытады, қатысушылар арасындағы эмоционалды байланыстарды

қалпына келтіруге ықпал етеді, оқыту, тәрбиелік міндеттерді қамтамасыз етеді, командада жұмыс істеуге, әркімнің ойларын тыңдауға үйретеді. Сондай-ақ, interactive қолдану жүйкеге күш түсірмей жұмысты жеңілдетеді, қызмет түрін өзгертуге, негізгі сұрақтарға назар аударуға мүмкіндік береді.

Интерактивті әдістердің ерекшеліктері. Интерактивті әдістер келесі белгілермен сипатталады:

- Оқу процесінде қатысушылардың бір-бірімен, мұғаліммен белсенді қатысуы мен тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;
- мұғалімнің үстемдігі емес, оқытушы мен оқушының ынтымақтастығы;
- Оқушы үшін өмірлік маңызы бар мазмұнды пайдаланады;
- Оқушыны алған тәжірибесін нақты өмірлік жағдайларда пайдалануға ынталандырады.

Тәжірибеде биологияны оқытудың әртүрлі әдістері қалыптасты, оларды ең маңызды жалпы белгілер бойынша былай:

- білім алу көзі бойынша,
- мұғалімнің іс-әрекетінің сипаты бойынша,
- оқу процесінде оқушылардың іс-әрекетінің сипаты бойынша деп топтастыруға болады.

Оқушылардың танымдық іс-әрекетінің сипаты бойынша олардың оқудағы өзбеттілік деңгейіне байланысты әр әдісті түсіндірме-иллюстрациялық немесе іздену, зерттеу мақсатында қолдануға болады. Негізгі мектеп сыныптарында биологияны оқытуда түсіндірме, иллюстрациялық және іздену тәсілдері жиі қолданылады, өйткені оқушылардың жас ерекшеліктері, олардың дайындық деңгейі оқу уақытының көп жұмсалуы мен мұғалімнің қатысуын талап етеді. Зерттеу тәжірибелері мен бақылаулары сыныптан тыс жұмыстарда жиі қолданылады. Әдістердің тиімділігі мұғалімнің оларды әдістемелік тәсілдермен байытуына байланысты. Диалог, әңгіме барысында табиғи нысандарды, иллюстрацияларды, сызбаларды, жүйелеу және жалпылау кестелерін шебер пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, негізгі материалды игеруге ықпал етеді. Әдістемелік тәсілдердің көмегімен әдістер байытылады, олардың тиімділігі артады. Әдістемелік тәсілдер әдістердің сипаттамасымен органикалық байланыста қарастырылады.

Биологиялық эксперимент оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың, пәнге деген тұрақты қызығушылықты арттырудың, биологиялық білімді практикалық қолдану туралы идеяларды қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады. Эксперимент – бұл құбылыстың мәнін анықтауға, себеп-салдар байланысын орнатуға мүмкіндік беретін күрделі және көп уақытты қажет ететін оқыту әдістерінің бірі.

Тәжірибе жүргізу арқылы оқушылар табиғат заңдарының зерттеуші, "жаңалық ашушылар" болады. Биологиялық тәжірибелерге келесі талаптар қойылады: олар қол жетімді, көрнекі, танымдық тұрғыдан құнды болуы керек. Оқушыларға

тәжірибе мақсатын таныстыру, оны жүргізу техникасын білу, объектіні немесе процесті бақылау, нәтижелерді жазу, қорытынды жасау қабілеті қажет. Сондай-ақ, көптеген тәжірибелер ұзақ, бір сабақта аяқталмайтын, оларды орындау, нәтижелерді түсіну, тұжырым жасау кезінде мұғалімнің көмегін қажет ететінін есте ұстаған жөн.

Биологияны оқып үйренудің алғашқы кезеңдерінде, оқушыларда тәжірибе қою үшін қажетті білім мен дағды қоры болмаған кезде мұғалім тәжірибенің дайындығын алдын-ала жасайды. Оқушылардың танымдық іс-әрекеті репродуктивті-ізденушілік сипатқа ие және тәжірибенің мәнін анықтауға, сұрақтарға жауап беру арқылы тұжырым жасауға бағытталған. Оқушылар тәжірибені белгілеу техникасын игерген сайын олардың іздену үлесі артады, тәуелсіздік деңгейі артады. Оқушылардың тәжірибені түсінуі үшін алдын-ала дайындық жұмыстары - тәжірибе құрудың мақсаты мен техникасын анықтау, тәжірибенің мәнін анықтауға және тұжырымды қалыптастыруға ықпал ететін мәселелерді тұжырымдау үлкен маңызға ие. Оқушылардың бастапқы деректерді және тәжірибенің соңғы нәтижелерін көруі маңызды. Биологияны оқытуда өсімдік ағзасының өмірлік процестерін зерттейтін демонстрациялық тәжірибелер үлкен рөл атқарады. Бұл мақсаттар өсімдіктерде минералды және органикалық заттардың болуын анықтауға, өркеннің, тамырдың ұзарып өсуін, тамыр бойымен судың, органикалық заттардың қозғалысын, тұқымдардың тыныс алуын, жапырақтардың судың булануын және т. б. анықтауға мүмкіндік беретін эксперименттерді көрсету болып табылады.

Оқушылар белсенді қатысатын тәжірибелердің әсіресе танымдық және тәрбиелік маңызы зор. Осы немесе басқа да сұрақты зерттеу барысында тәжірибе арқылы мәселеге жауап алу қажеттілігі туындайды, ал студенттер осы негізде оның мақсатын тұжырымдайды, тәжірибе қою техникасын анықтайды және нәтиже қандай болатындығы туралы гипотеза жасайды. Эксперимент әдісін жетілдіру танымдық іс-әрекетті студенттердің алдыңғы білімдерден қисынды түрде туындайтын белгілі бір мәселені нақтылау үшін тәжірибе қою қажеттілігі туындайтындай етіп ұйымдастырудан тұрады.

**Зертханалық жұмыстар.**

Биологиядағы зертханалық экспериментті орындау кезінде осы жұмыстың әртүрлі кезеңдерінде ақпараттық технологияларды қолдану үлкен мүмкіндіктер береді. Жаңа технологиялық құрылғылардың маңыздылығы биология бойынша зертханалық жұмыстарды жүргізу үшін жаңа технологиялар саласындағы көптеген өзекті ақпаратты ұсынумен анықталады. (Choppin, 2004).

Заманауи компьютерлік бағдарламалар зертханалық жұмысты модельдеуге мүмкіндік береді. Олар оқушылар үшін көп нәрсені түсінікті ету үшін үлкен практикалық маңыздылықты білдіреді, өйткені бағдарламалардың көмегімен оқушылар биологияны көру және есту арқылы меңгереді. Бұл жаңа технологиялық ресурстарды пайдалану биология бойынша мектеп

зертханаларындағы жағдайды өзгертуге ғана көмектеспейді, сонымен қатар оқушыларда тапсырманы шешу қабілеті мен сын тұрғысынан ойлауды дамытуды; қызметтің білімдік маңызын арттыру үшін мүмкіндікті; оқуға тілегін ынталандыруды; бүкіл өмір бойы жаңа ақпаратты алу және пайдалану үшін қажетті пайымдау дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді.

Ақпараттық технологиялардың ерекшеліктерінің бірі оқушыларды зерттеу баяндамаларын жазуға, топтарда жұмыс істеуге және ғылыми этиканы игеруге үйретудің жаңа тәсілдерін ұсыну болып табылады.

Электронды ресурстарды қолдана отырып, биологияны зерттейтін оөушылар мұғалімдерден бірдей нұсқаулар алғанға қарағанда эксперименттерді аяқтауға аз уақыт жұмсайды (Ulerich және басқалар, 1998). Жалпы алғанда, CD-ROM, видео дискілер/ кассеталар, компьютерлер, интерактивті бейнелер, интернет және т. б. сияқты жаңа технологиялық құрылғылар биология бойынша зертханалық жұмыстарды жүргізу кезінде проблемаларды шешудің үлкен мүмкіндіктері, зертханалық жұмыстарды оқушылар үшін қызықты етеді. **Модельдеу** экспериментті ауыстыра алатындықтан биология саласында кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, оның бірқатар өзіндік артықшылықтары да бар:

- модельдеу әдісінің көмегімен бір деректер топтамасынан әртүрлі үлгілерді жасауға болады, сондай-ақ зерттелетін құбылысты әртүрлі түсіндіруге және теориялық түсініктеме беру үшін олардың ішінен анағұрлым өнімдісін таңдауға болады;
- модельді құру барысында зерттелетін болжамды түрлі деректермен толықтырып, оны жеңілдетуге болады;
- күрделі математикалық модельдермен жұмыс істегенде компьютерді қолдануға болады;
- модельдік эксперимент жүргізуге мүмкіндік туады.

**Қорытынды**.

Білім беру саласындағы зерттеушілердің басым бөлігі бірінші кезекте мұғалімдерді оқыту сапасына назар аудару қажеттігін тілге тиек етеді (Shulman, 1986). Себебі қанша жерден тамаша әзірленген оқу жоспары немесе үздік оқыту әдістемесі болса да, мұғалімнің дайындығы нашар болса, бұның бәрі тиімсіз болуы мүмкін. Сондықтан мұғалімдерді оқыту саласындағы қазіргі теориялар мұғалімдердің белгілі бір білім қорын дамытудың маңызын атап көрсетеді. Бұл білім қоры пән мазмұнын білу және пәнді оқыту жолдарын білу ретінде сипатталады (Shulman, 1986) (Van Driel *etal.*, 1998).

**Әдебиеттер**

1. Білім мазмұнын жаңарту аясында (5-9-сыныптарда) «Биология және Жаратылыстану» пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018 . – 89 с.

2. Әлімов А. Оқытудағы интербелсенді әдіс –тәсілдер. Астана, 2014. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2009.

**ӘӨЖ**

# ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ

**Орынбекова Акмарал Калмахановна**
Түркістан облысы, Отырар ауданы, Мыңшұңқыр жалпы орта мектебінің
мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются развитие познавательной деятельности учащихся начальных классов через игры*

***Summary***

*In this article is given information the development of cognitive activity of primary school students through games.*

Рухани жаңғыру адама баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі жаңа өзгерістерді қабылдай білуі. Рухани жаңғыруды өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек өскен ұлттың өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру» дәлел. Көне замандағы көрікті қалаларымыз, сән салтанатты таласқан озық ескерткіштеріміз, мәдени мұраларымыз бұртартпас айғақ болып табылады.

Мектепалды даярлық топтарында оқытуды жетілдірудің жаңа технологиясын іздестіру жолында ғалымдар, жаңашыл педагогтар, мұғалімдер еңбек етуде. Олардың ғылыми еңбектерін зерттеу жұмыстарын саралағанда берік білім берудің, оқу белсенділігін арттырудың маңызды жолдарының бірі ойын элементтерін тиімді пайдалану екендігін байқатады. «Баланың ынтасын тарту үшін оқылатын нәрседе бір жаңалық болуы керек», - деп жазады Ж.Аймауытов.

Ойын түрлерін сабақта тиімді пайдалану қазақ тілінен беріліп отырған білімді аса зор ықыласпен тыңдап, білімді берік меңгеруіне көмектесті. Өйткені бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты олар ойынға өте ынталы келеді. Ойын барысында балалар тез сергіп, тапсырманы жылдам, дәл орындауға тырысты. Ойынның негізгі мақсаты – баланы қызықтыра отырып білімді берік меңгерту болса, мұғалімнің міндеті – сол ойын түрлерін пайдалана отырып, оқушыларды өздігінен жұмыс істей білуге, ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге түрлі дағды мен шеберлікті меңгертуге қол жеткізу. Оқу үрдісінде ойын түрлерін пайдалануым – бағдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды қалыптастыру, тиянақтау, бекіту немесе тексеру болып табылды. Сондай-ақ ойын түрлерін балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес түрлендіре отырып, жаңа тақырыпты

өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау және тексеру кезінде, яғни сабақтың кез келген сәтінде оқыту әдісінің құралы ретінде пайдаланып отырдым.
*Дидактикалық ойындар* арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Мұндай ойындарды ұйымдастыру төмендегідей екі мақсатты көздейді:
-*танымдық,* яғни балада тану, іздену әрекетін дамыту;
-*тәрбиелік*, яғни үлкендермен немесе өз тұрғыластарымен қарым-қатынас жасағанда қажетті негізгі дағдыларды, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру.
Дидактикалық ойындарды құруда мына негіздерге сүйендім:
1. Балалардың іс-әрекетінде ойын түрлерімен оқуды байланыстыру және біртіндеп қызықты, жеңіл ойындардан ойын тапсырмалар арқылы оқу-тәрбие мәселесіне көшу.
2. Ойынның шарты мен оқу міндеттерінің біртіндеп күрделенуі.
3. Берілген тапсырмаларды шешуде баланың ақыл-ой белсенділігінің күшеюі.
4. Оқу мен тәрбие мақсаттарының бірлігі.
Я.А.Каменский «Ұлы дидактика» деген еңбегінде 6 жастан 12 жасқа дейінгі жас кезеңін өнерлі және қамқорлық тәрбие мектебі деп атайды. Бұл кезеңдерде балаларды нақты, түсінікті ана тілінде білім беру керек. Сонымен қатар білім балалардың есінде қалатындай болуы тиіс. Бұл кезеңде балалар қиындықты сезінбейді, сол себептен оларға оқу әрекеті жеңіл болып көрінеді. Осыған орай бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекетін жеңілдетудің бірден-бір құралы ретінде ойынды айтуға болады. Өзім сабақта жиі қолданатын ойындары назарларыңызға ұсынып отырмын.

*Ойын – саяхат.* Бұл әртүрлі танымдық материалды қарастырады. Әртүрлі іс-әрекетімен ашық бейнелермен қызықтырады. Ойындар арнайы дайындықты қажет етпейді. Ойын-саяхат табиғат мезгілдері, табиғат құбылыстары «ауыл», «қала», «көлік» сияқты ұғымдар туралы белгілерін бекітіп, ертегілер мен мультфильмдерге қызығушылықтарын дамытады. Бұл этюдтерде балалар тәтті жемісті, нанды, ғажайып ағашты кезіктіреді. Педагог балалардың қабылдауын қалыптастырып сөздерін іс-қимылмен байланыстыра білуге үйретеді. Балалар шыршаны әшекейлеп, торт пісіреді. Бұл тұрмыстағы этюдтерді әртүрлі сабақтарда пайдаланамыз.

*Ойын - әңгіме.* Бұнда бала жанды немесе жансыз затқа айналады. Осы образда әртүрлі мәселе жағдайларды шешіп, кеңес беріп, айналадағы орта туралы сұрайды. Ойын арқылы еске сақтау қабілеттері диалогтік сөйлеу және ойлау қабілеттері дамып, мұқият болуға үйретеді. Дидактикалық ойындардың оқыту мазмұнына, танымдық іс-әрекет сипатына, ойын құрылымына сәйкес жіктемелері бар.

*Халық ойындарының* педагогикалық мүмкіндіктеріне сәйкес мынадай жіктемесі бар:

1. Білім беретін ойындар.
2. Тәрбиелейтін ойындар.
3. Дамытатын ойындар.
4. Жеке тұлғаны әлеуметтендіретін ойындар.
5. Диагностикалық ойындар.

Жоғарыда көрсетілген жіктемелердің барлығының мазмұны өте қызық және өзіндік ерекшеліктерге толы. Олар дидактикалық ойындардың жалпы мақсаты мен мазмұнына сәйкестендірілген. Бұл ойынның түрлерін бастауыш сыныптың оқыту үрдісінде кеңінен пайдалануға болады.

**Әдебиеттер:**

1.Мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие және оқыту негізгі ережелері. Астана, 2008 ж.
2. «Отбасында баланы тәрбиелеу бағдарламасы».
3. Мектепалды дайындық бағдарламасы. Астана 2009жыл.
4. Тәжімұратова Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы Қазақстан 2010ж

**ӘӨЖ**

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

**Турсынбаева Зульфия Патаевна**
«Өрлеу» БАҰО АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша Кәсіби даму институты филиалы
**Батырбек Динара Жарқынбекқызы**
Түркістан облысы Отырар ауданы Темір ауылы Алпамыс бөбекжай балабақшасы тәрбиешісі

***Резюме***

*В данной статье рассматривается о привитии эстетических качеств у детей в дошкольных организациях*

***Summary***

*In this article is considered the instilling aesthetic qualities in children in preschool organizations.*

Қазіргі кезде білім беру ісінде, жеке тұлғаны жан – жақты жетілдіріп, танымдық іс-әрекеті мен ой - санасын дамытып, қалыптастыру барысында білім берудің ұлттық, педагогикалық, психологиялық негізін айқындау керек. Елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени өзгерістерге байланысты оқу – тәрбие процесін ұлттық сипатта ұйымдастыру – өмір талабы.

Кейбір зерттеушілер этикалық тәрбиені ұрпақтан – ұрпаққа берілген өзгеріссіз, ал өзгерген жағдайда ұзақ уақыт қызмет ететін мораль элементтерінің тұрғысынан қарастырылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды этикалық тәрбиелеу – белгілі бір категориялар мен нормаларды, моральдық құндылықтарды, мәдениетті, әдеп пен дағдыларды, адамгершілік құндылықтар мен заңдылықтарды балаларға меңгерту арқылы балалардың эткалық тәрбиесін қалыптастыру процесі болып табылады.

Этикалық тәрбие – тәрбиеленушілерде әдептілікті, мінез-құлық және қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруды көздейтін тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің мақсатты ықпалдасуы.

Этикалық тәрбие – бұл тәрбиеленушілердің қоғамдық мораль тарапына сай санасына, сезіміне, әдет-қылығына, мақсат-бағытына жүйелі түрде ықпал ету.

Этикалық тәрбиеінің негізгі міндеттері:

- ✓ ізгілік сана қалыптастыру;
- ✓ инабаттылық сезімдерге тәрбиелеу;
- ✓ этикалық әдет-қылықтың ептіліктері мен дағдыларын қалыптастыру.

Этикалық тәрбиенің жалпы міндеті мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлқы мен тәртібін, адамгершілік сезімі мен сана нышандарын, адамгершілік түсініктері мен мінез-құлқын қалыптастыру болып табылады. Этикалық сезім адамгершілік түсініктерді меңгерудің негізінде туып, балалардың іс-әрекеті мен мінез-құлқынан, тәртібінен көрініс табады. Эткалық тәрбиеінің міндетін жүзеге асыру барысында баланың бойында енді дами бастаған сезімдерін пайдалана отырып, үлкенді сыйлауға, мәдени мінез-құлықтың қарапайым ережелерін, әдеті мен дағдыларын моральдық сапаларын, мінез-құлықтарын, өзін және өзгелерді әділ бағалай білу қабілетін дамытып, қарапайым да күрделі сезімдер мен қарым-қатынастар қалыптастыруға ықпал ете білуге үйрету көзделеді.

Балабақшадағы этикалық тәрбие тым сан алуан және оның нәтижелері қилы-қилы әрекет барысында көрініс табады. Бұл жұмыстардың көздейтін мақсаттары – тұрмыста, еңбек, ойын барысында қоғамдық және табиғи құбылыстармен таныстыру арқылы айналадағы ортаға әдептілік қасиеттерге тәрбиелеу.

Мектепке дейінгі жаста балаларда бастапқы әдептілілік сезімдер мен ұғымдар, адамшылық мінез-құлықтың ең қарапайым дағдылары қалыптасады. Баланың мектеп жасына дейінгі кезде қалыптасқан мінез-құлықтарының және ересек адамдармен, құрбы-құрдастарымен қатынастарының формалары, адамгершілік білімдері мен сезімдері негізінде адамгершілік көзқарастардың, мінез-құлықтың, сезім мен сананың жаңа формалары одан әрі дамытылады.

Этикалық тәрбие ісінің ең басты мақсаты - адамгершілік мінез-құлықтарды қалыптастыру, тәрбие ісінің күнделікті өмір жағдайындағы адамгершілік іс-әрекет бірлігінен құралады. Өз қылықтарымен адам айналамен байланысып, ондағы жағдайлармен қарым-қатынас бейнелейді.

Балалардың этикалық тәрбиесін, әсіресе адамгершілік сезімін оятатындай, белгілі бір жүйеде, әр топтағы баланың жасына, түйсігіне лайықты етіп, барлық тәлім-тәрбие жұмыстарымен ұштастыра жүргізгенде ғана нәтижеге жетуге болады. «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын», - деп ұлы атамыз Абай айтқандай: халқымыз бәрінен жоғары қойған адам бойындағы ең асыл қасиет – ар, ұят-имандылықтан бастау алып, мейірімділікке, адалдыққа, қайырымдылыққа, жомарттыққа, ынтымаққа, бір сөзбен айтқанда адамгершілікке апарар тура жол болып табылады.

Халық педагогикасының тәрбиесі арқылы балалардың этикалық тәрбиесін қалыптастыру үшін жүйелі де кешенді жұмыстар жүргізу керек, педагогикалық мүмкіндіктерін қажет.

Балалар бойында өнегелік тәрбие арқылы этикалық қасиеттер қалыптастыру үшін, ең алдымен балабақша өмірін педагогикалық жүйе, яғни тұтас педагогикалық үрдіс ретінде қарастыруға қол жеткізу керек.

**Сөйлеу тілі мәдениеті**

Сөйлеушінің ұлтына қарай, әр түрлі қаратпа сөзді қолдана білу, қазақ тілінде: ағай, апай, ата, әже; қазақ тілінде амандасып, қоштасады.

Адамдарды бір-біріне таныстыра білуге үйрету: Апа, танысып қойыңыз..., Балалар танысыңдар!; жасы кішілерді үлкендерге, ұл балаларды қыз балаларға таныстырады.

**Сөйлесе білу мәдениеті**

Сыпайы қарым-қатынас сөздерін («Сәлеметсіз бе», «Сау болыңыз», «Рақмет», «Мархабат») пайдалана білуге үйрету.

Балаларды «Кешіріңіз», «Кіруге рұқсат етіңіз», «Шығуға бола ма» деген сыпайыгершілік сөздерді қолдануға үйрету.

Тәрбиешіні мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап беруге үйрету.

Сыпайыгершілік сөздерді: «Қайырлы таң», «Қайырлы күн», «Қайырлы кеш», «Қайырлы түн» қолдануға үйрету.

Сөйлесіп тұрған адамның көзіне тура қарап, сыпайы сөйлесу.

**Қалай дұрыс тұру керек**

Бүкіреймен, денені тік тұру керек.Қолды кресло мен орындықтық арқасында қойып тұруға болады. Сөйлеп тұрғанда, иықты көтеру ылайықсыз қылық.

Сөйлесіп тұрған адамдардың арасы жарты метрден кем болмауы керек.

**Қалай дұрыс отыру керек**

Басыңды жан-жаққа шайқамай, түзу ұста. Дененді дұрыс ұста. Кресло, орындық шетіне отырма, шайқалма, аяғынды аяғыңа қойма. Қолынды кеудеңде айқастырма, деңене жабыстырма, шынтағыңды алысқа қойма, бармақтарыңмен ойнама, үздіксіз шашыңды немесе көйлегіңді жөндеме.

Аяғынды қатар немесе айқастыра ұста. Үлкен кресло немесе диванда аяғын сәл алға қарай созып отыруға болады.

**Қоғамдық орындардағы тәртіп мәдениеті**

Қоғамдық орындарда, көшеде ластамау (шемішке қабығын, қағаз, кәмпит қағаздарын және т.б. лақтырмау) дағдысын қалыптастыру. Үй қабырғалары мен дуалдарға сурет салмау, жазбау керек.

Балаларды көшеде жүруге үйрету. Көшеде қатты айғайлап, күлуге болмайтынын түсіндіреді. Аяқ жолдың оң жағымен жүреді. Егер балалар тобы келе жатса, аяқ жолдың бәрін алмау керек. Егер таныс адам кездессе, сөйлесу үшін шеткерек шығып тұрады.

**Сыртқы түр мәдениеті**

Балабақшадан келген соң ескертусіз-ақ киімін ауыстыруға, киімі мен аяқ киімін таза, ұқыпты ұстауға үйрету.

Үйден ұқыпты, таза аяқ киіммен шығұға үйрету.

Әдеміленіп киінуге үйрету.

Өз қол орамалын жууға үйрету.

Баланың алғашқы этикалық түсініктерді аңғарып, мінез-құлқы мен тәртібін қалыптастыруда мектепке дейінгі шақ – ең жауапты кезең. Балалар үй ішіндегі жақындарымен қарым қатынасында, оқу-тәрбие ісінде, тікелей өмір тәжірибесінде ненің жақсы, ненің жаман екенін байқайды, жақсы мен жаманға үлкендер тарапынан берілген бағаны меңгереді.

**Әдебиеттер**

1. А.А.Айдарбекова Тәртіп мәдениеті сабақтарын ұйымдастыру және өткізу (көмекші мектептерге арналған байқау бағдарламасы) Алматы 2005 ж.
2. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика – Астана, 2000.
3. В.И.Ядышко, Ф.А.Сохина Мектепке дейінгі педагогика – Алматы,1999.

**ӘӨЖ**

# БЕЙНЕЛЕУ САБАҒЫН ОҚЫТУДАҒЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАР

**Тастанова Лаззат Амзеевна**
«Өрлеу» БАҰО АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша
Кәсіби даму институты филиалы
**Токебаева Айгуль Бейсенбаевна**
Түркістан облысы Отырар ауданы
Алпамыс бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются дидактические принципы обучения предмета изобразительного искусства в дошкольных организациях*

***Summary***

*This article discusses the didactic principles of art teaching in preschool organizations*

Мектеп жасына дейінгі балалар 2 жастан бастап бейнелеу іс-әрекетіне үйретіледі.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамыту міндеттері мынадай жағдайда ойдағыдай жүзеге асырылады:

- балалардың түсінуіне сәйкес жеңіл бейнелеу іскерліктері мен дағдыларын үйрету;
- бағдарламада берілген материалды меңгерту;
- өздері бейнелейтін заттар мен оқиғалар жайлы түсінік қалыпастыру.

Мектеп жасына дейінгі ұйымдағы бейнелеу іс-әрекеті мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

- көркемдік іс-әрекетке қызығұшылықы тәрбиелеу;
- қабылдауды дамыту;
- бейнені түсінікті қалыптастыру;
- қиялды дамыту;
- шығармашылық қабілетті дамыту;
- бейнені жасау әдістерімен қаруландыру.

Балалар бақшасында бейнелеу әрекетін үйрету дидактикалық ұстанымдарға сүйенеді.

«Дидактикалық» деген термин гректің «дидактикос» - «үйрететін» деген сөзінен шыққан.

Чех педагогы Ян Амос Коменскийдің XVII ғасырда «Ұлы дидактика» деген кітабында алғашқы дидактикалық ұстанымдар туралы айтқан, оқытудың ұғынымдылық, жүйелілік және бірізділік, шоғырландыру, көрнекілік, белсенділік және тағы басқа ұстанымдарды ғылыми негіздеп берді.

Мектепке дейінгі балаларды оқытудың дидактикалық ұстанымдары:

- *дамыта отырып оқыту;*
- *тәрбилей отырып оқыту;*
- *оқытудың ұғынымдылық ұстанымы;*
- *жүйелілік және бірізділік ұстанымы;*
- *білімді игерудегі және қолданудағы балалардың саналылық және белсенділік ұстанымы;*
- *көрнекілік ұстанымы;*
- *балаларға жеке-дара қарау ұстанымы.*

***Дамыта отырып оқыту ұстанымын*** психолог Л.С. Выготский ұсынған. Оның мәні жаңа материалды игеруге күш салу, бұрынғы қол жеткен деңгейден асып, алда болу. Осыған байланысты Л.С.Выготский ақыл-ой дамуының екі түрлі деңгейін анықтап берді:

- баланың тапсырмаларды өзбетінше орындай алатын әзірлік деңгейі;
- «дамудың таяу аймағы» - бұл үлкендердің көмегімен баланың ары қарай өзі алып кете алуы.

Осы ұстанымды басшылыққа ала отырып, педагог балаларға күш жұмсайтын, ақыл-ой белсенділігін талап ететін, қиын тапсырмалар береді.

***Тәрбиелей отырып оқыту ұстанымының*** міндетті білім берумен қатар өмірге, қоршаған болмысқа, еңбекке, адамдарға қарым-қатынасты тәрбиелеуді талап етеді.

***Оқытудың ұғынымдылық ұстанымы*** – білім берудің балалардың шамасына сай, ұғынымды болуын талап етеді. Білімнің мазмұны да, әдістері де түсінуге жеңіл болуы керек. Алғаш рет бұл ұстанымды Ян Амос Коменский:

«Жақыннан жыраққа, қарапайымнан күрделіге, таныс нәрседен бейтанысқа бет алу» - дептұжырымдаған.

***Жүйелік және біріздiлiк ұстанымы*** жаңа білім бұрын алынған білімге сүйенетіндей логикалық тәртіпті қажет етеді. Бейнелеу әрекеті бойынша бағдарламада материал осылай орналасуы керек. Сабақ материалының біртіндеп күрделенуін, жаңа материалдың өткен материалдармен байланысын тәрбиеші қадағалап отырады.

***Білімді меңгерудегі және қолданудағы балалардың саналылық және белсенділік ұстанымы*** – санаға сіңген, нық білімді талап етеді.

Саналылық ұстанымы балалрдың білім мен іскелікті саналы түрде, қызығұшылықпен меңгеруін көздейді. Зерттеу және тәрбиешілердің тәжірибесі бойынша, мектеп жасына дейінгі сәбилердің өзі өздерінің ұғынуына жеңіл іс—қимыл әдістерін саналы түрде үйренуге қабілетті екенінидәлелденді.

Саналы түрде белсенді қызығушылықпен меңгерілген білім, іскерліктер мен дағдылар берік орнығады, сөйтіп балалар болашақта оларды емін-еркін пайдалана алады.

***Көрнекілік ұстанымы*** баланың ойлауы көрнекі-бейнелі сипатта болғандықтан ерекше маңызды. Көрнекілік ұстанымы бейнелеу әрекетін үйретуде кең қолданылады. Сурет салуда, мүсіндеуде, жапсыруда және құрастыруда айналадағы өмірмен алынған әсерлердің бейнеленуімен көрнекілік ұстанымы маңызды.Балалар заттармен немесе олардың бейнелерімен тікелей танысады, қажет болған жағдайда мүсіндеу, жапсыру, сурет салу кезіндегі қимыл-қозғалыс көрнекі түрде көрсетіледі. Көрнекілік балаларға анық, ұғынымды түсінік берумен ұштастырылады.

***Балаларға жеке-дара қарау ұстанымы*** балаларда:

а) ақыл-ой деңгейі әр түрлі: біреулер тез жауап береді, екіншілері дұрыс қорытындыға келу үшін асықпай ойлануды қажет етеді

б) білімді меңгеру қарқыны әр түрлі: тез қабылдап, есте сақтайды, екіншісі материалды меңгеру ұзақ уақытты және қайталауды қажет етеді;

в) дағдылар әр түрлі қарқында қалыптасады: бір бала әрекеттерді бірнеше рет қайталаған соң тез орындайды, екіншілерінде мұндай қайталанудың саны екі-үш есе артық, содан кейін ғана әрекетті тез атқаратын болады.

Мектепке дейінгі ұйымда бейнелеу әрекетін үйрету ұжымдық сабақтарда өткізіледі: топтағы барлық балалар бір бағдарламамен оқытылады. Сабақтар өткізу барысында балаларға жеке-дара қарау, түсіну тездігін және терңдігін, орындау жылдамдығының ерекшелігін, белсенділігін, қиялын және т.б. есепке алу жүзеге асырылады.

**Әдебиеттер:**

1. Андабекова С. «Мектепке дейінгі педагогика». Алматы. «Адам және қоғам».2012ж.
2. Андабекова С. «Бейнелеу іс-әрекеті және құрастыру» Оқу құралы. Алматы 2015
3. Раупова Н.А., Төлебиев Ә.Т. «Бейнелеу өнері» Алматы. «Атамұра» 2013ж.

**ӘӨЖ**

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА СЕНСОРЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МӘНІ

**Токеев Бертай Есмаханович**
«Өрлеу» БАҰО АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша
Кәсіби даму институты филиалы
**Сихымбаева Жайна Жақсылыққызы**
Түркістан облысы, Отырар ауданы Темір ауылы
Алпамыс бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются основы сенсорного воспитания детей дошкольного возраста.*

***Summary***

*The article is given information the basics of sensory education for children of preschool organization*

*«Сенсорлық» -«Sensus» - «сезім», «түйсік», «қабылдау», «түйсіну қабілеті»* деген латын сөздерінен шыққан. Қоршаған ортаны тану түсінуден, қабылдаудан басталады.

*Сенсорлық тәрбиенің мазмұнына:*

- түсті ажырату: түсті ажырату, атау, екі түстің қосындысынан шығатын түс немесе реңк;
- кеңістікті бағдарлау: алға-артқа, жоғары-төмен, оңнан-солдан, ұзын-қысқа, үлен-кіші, кең-тар, биік-аласа;
- уақытты бағдарлау: кеше, бүгін, ертең ұғымдары, минут, сағат, т.б.;
- есту арқылы ажырату;
- заттың сапасын сезу арқылы ажырату: тегіс, мамық, кедір-бұдыр, жұмсақ, қатты, ауыр, жеңіл, суық, жылы, т.б.;
- иіс пен дәмді ажырату кіреді.

Бала заттың сапасын, қасиетін тәжиребе барысында танып біледі: көру арқылы оның пішінін, мөлшерін, байқайды; қолмен ұстап көреді, қандай материалдардан жасалғанын тексереді.

Заттарды тексеру арқылы оқып үйрену – перцептикалық әрекеттер деп аталады. Олар балалардың ойын, еңбек, оқу сияқты тәжирибелік әрекеттерімен тығыз байланыста болады.

Тексеру – сенсорлық тәрбиенің негізгі әдісі. Тексеру – бұл нәтижесін кейін қандай да бір мазмұнды қызметке пайдалану үшін арнайы ұйымдастырылған қабылдау. Балалар көлем, пішін кеңістік қатынастарын, түсті, адам сөзіндегі дыбыстардан музыкалық дыбыстардың ерекшеліктерін бөліп қарауды, оларды бір-бірінен ажырата білуді тексеру арқылы үйренеді.

Кеңістікке қатысты ұғымдарды меңгергеннен кейін балаға шкаф сенің артыңда тұр десе, бала арт жақ қайда, арқа қайда – деп анықтап алып, нақты

сезіну үшін, артында тұрған заттың кеңістіктегі орналасуын танып білу үшін арқасын шкафка тақап тұра қалады.

Балалар геометриялық фигуралармен таныстырылады:

- олардың бұрыштары бар екендігін, неге үшбұрыш немесе төртбұрыш деп аталатындығына көз жеткізеді;
- пішінін анықтайды;
- саусақтармен жүргізе отырып, пішініне көз жеткізеді;

Балалардың материалды қаншалықты меңгергендігін білу үшін балаға тапсырма беріледі – ойыншықтардың ішінен мына үшбұрышқа ұқсайтынын тап. Бала үшбұрышты үшбұрышты саусағымен айналдыра отырып, оның пішінін тексереді, сонан кейін көздің және қолдың қозғалысымен зерттей отырып, сол пішінге ұқсаса затты іздейді.

Бала күнделікті оқыту мен өмірлік тәжірибеде  әр түрлі шамаларды, шамалардың әр түрлі элементтерін салыстыру арқылы олардың тең немесе тең емес екендігін танып біледі: бірнеше қызыл таяқшалар мен бірнеше көк таяқшаларды салыстыра отырып, бала қызыл таяқшалар көп, ал көк таяшалар аз деген қортындыға келеді.

Бала беттестіру арқылы екі кесіндінің біреуі ұзын, екінші қысқа екендігін, ұзындықтарын шартты түрде өлшей отырып, олардың тең немесе тең емес екендігін анықтайды. Сондай-ақ кескінділер бөліктерге бөлінген болса, салыстырып, бірінші кесінді екінші кесіндіден қанша бөлік артық екенін біледі.

Мектепке дейінгі мекемеде оқыту көбінесе индукциялық жолмен жүргізіледі, себебі, мектеп жасына дейінгі балалардың тәжірибесі  мен білімі әлі жеткіліксіз: әуелі үлкендердің басшылығымен нақты білімдер жинақталады, содан кейін ережелер мен заңдылықтар жүзеге асырылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда индукциялық әдіспен қатар дедукциялық әдісті да пайдалану қажет.

Индукциялық әдіс пайдалануда балалардың ақыл-ойының өсуі жүзеге асады, бірақ, мұнда балалардың өз беттерінше ойлауы мен ізденушілігінің дамуы шектеледі.

Дедукциялық әдісті пайдалануда баладағы ойдың дамуы мен білімді меңгеруі жалпыдан жекеге қарай жүреді. Дедукция әдісі математикаға тән болғандықтан математиканы оқып үйренуге жағдай туғызады. Балалар жаңа меңгерген ережелерді өздерінің бұрын алған білімдері мен тәжірибелеріне талдау жасай отырып, нақтылауға үйренеді.

Балалардағы ақыл-ой дамуына индукциялық және дедукциялық әдістердің өзара байланысы үлкен мүмкіндік береді. Баланы оқыту кезінде жекелеген нақты білімдерді жинақтаудан қорытынды жасатуға болмайды. Дайын білімді меңгеруді, оларды құрметтеуді, өз тәжірибелеріне, қоршаған ортада болып жатқан өзгерістер мен құбылыстарға талдау жасауды, оларды пайдалана білуді үйрету керек. Балалар белгілі бір уақыт ішінде тік төртбұрышпен және оның

негізгі белгілермент наысады. Бірақ балалар шаршы, тік төртбұрыш туралы бұрыннан біледі. Дегенмен баланың тік төртбұрышты неғұрлым жалпы, кең ұғым ретінде қабылдауы маңызды.

Өмірлік тәжірибеде меңгергеніне сүйене отырып:

- белгілері ұқсас таныс фигураларды балалардың өздеру табу;
- оларды атап шығу;
- пішіні тік төртбұрыш болып келетін заттарды табу;
- олардың бөліктерін табу ұсынылады.

Мұндай нақты іс-әрекет балаларда тік төртбұрыш туралы білімді кеңейтеді.

Көпбұрышпен, оның жалпы белгілерімен таныстыру да солай жзеге асырылады. Балалар түрлі көлемдегі көпбұрыш ұғымына енетін үшбұрышты, шаршы, тік төртбұрышты, трапеция пішінділерді көрсетіп, ажыратып бере алады. Көпбұрыш түрлі фигурада шектелген сынық сызықтармен жасалады.

Балалардың индукция және дедукция әдісін қолдануға үйретіп, жалпы мен жекенің, болжам пен нақтының бірлігін түсіндіру керек.

**Әдебиеттер**:


1. Андабекова С. Қарапайым математикалық ұғымдар қалыптастыру. Оқу құралы. Алматы 2004ж.
2. Подьякова Н.Н. «Сенсорные воспитаниие в детском саду» Москва. Просвещение. 1981г.
3. Метлина Л.С. «Математика в детском саду» Москва. Просвещение 1984г.


**ӘӨЖ**

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ҚИМЫЛДЫ ОЙЫН ЖАТТЫҒУЛАРЫН ҚОЛДАНУ


**Кудайбергенова Лаура Базарбековна**

Түркістан облысы,  Отырар ауданы

Алпамыс бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі



***Резюме***

*В данной статье рассматриваются виды игровых упражнений для детей дошкольного возраста.*

***Summary***

*In this article is shown the types of gaming exercises for preschool children.*


Ойын – мектепке дейінгі балалар үшін айналаны танып білу және білім мен тәрбие берудің тарихи қалыптасқан құралы.

Арнайы топтастырылған түрлі ойындар мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке баулуға жәрдемдеседі, оларда жылдамдық пен күш, төзімділік пен икемділік дайындықтарын жетілдіру. Оқыту мен тәрбиелеудің дене тәрбиесі саласындағы міндеттерін ойдағыдай шешуге көмектеседі.

***«Паравоз»***

Мақсаты: Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету.

Мазмұны: Қатар - қатар тұрайық,
Кәне, кәне, сұрайық.
Кімнің болса бойы ұзын
Паравозы пойыздың
Кімнің, апай, бойы ұзын
Паравозы ол пойыздың?!

Тәрбиеші бойы ұзын баланы көрсетеді. Сол бала
паравоз болып алда тұрады. Ал қалғандары соның
артынан ұстап тұра бастайды.

Ал, паравоз баста алға,
Бәрімізді басқар да!
Пш - пш, пш - пш!- біз кеттік
Жүрісті біз гулетіп
Жүрісті біз гулетіп
Гу - гу, гу - гу, гуілдеп
Қалып қойма біріңде
Пш - пш, пш - пш!- біз кеттік жүрісті біз үдеттік.

***«Ұшты - ұшты»***

Мақсаты: Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.

Ойынның мазмұны: Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы

Ойынды былай жүргізеді.

Ұшты - ұшты сұңқар ұшты
(қол көтереді)
Ұшты - ұшты қарға ұшты
(қол көтереді)
Ұшты - ұшты арба ұшты
(қол көтермейді)
Ұшты - ұшты дауыл ұшты
(қол көтермейді)
Ұшты - ұшты ұшақ ұшты
(қол көтереді)
Ұшты - ұшты торғай ұшты
(қол көтереді)

Ұшты - ұшты жылан ұшты
(қол көтермейді)
Осылайша жүргізілген ойында жаңылмаған ойыншы жеңеді.

***«Ақ қоян»***

Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.

Ойын мазмұны: Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады.

Ақ қоян - ау, ақ
Орныңнан тұрсаңшы
Шашыңды тарасаңшы
Бетіңді жусаңшы
Әй - әй көйлек кисеңші.
Біреудің қолын үзсеңші -

Дегенде қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп өлең, бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады да үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады.

***«Күн мен түн»***

Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.

Ойын мазмұны: Балалар бірі «Күн», екіншісі «Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір - бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші «Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма - кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.

***«Қармақ»***

Ойынның шарты: Ойынға он шақты бала қатыса алады. Ортаға "балықшы" шығады. Қолында бір ұшында доп байлаған ұзын жіп болады. Балалар жіп жететін қашықтықта "балықшыны" айнала тұрады. "Балықшы" допты төбесінен айналдыра үйіріп бір баланың басына тигізуі тиіс. Балалар "балықшының" қармағына ілікпес үшін суға сүңгіп, немесе тез жүзіп кетуі тиіс (шартты түрде). Бірақ жіптің қашықтығынан алыстауға болмайды. "Қармақ" ба¬сына тиген бала "балықшы" болып ортаға шығады. Ойын осылайша жалғаса береді.

***«Бұрыш»***

Ойынның шарты: Ойынды бес не тоғыз бала ойнайды.

Ойын жүргізушінің бұйрығымен белгілі бір арақашықтықты сақтап (3-5 метр) 4 ойыншы төрт бұрышқа тұрып, олар екі-екіден орындарын ауыстырады. Ойын жүргізушінің мақсаты төртеуінің ортасында тұрып, осы кезде босаған орынға тұра қалу. Ойынның шарты түсінікті болу үшін әрбір ойыншының тұрған жерін бормен белгілеп қойса да болады. Сөйтіп, орнынан айрылған ойыншы ойын

жүргізуші болады да, ол да бос орын іздейді. Ал тоғыз ойыншы ойнағанда әрбір қабырғаға екі адамнан тұрып, өзара екі-екіден орын ауыстырады.

***«Қаздар»***

Мақсаты: Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту және қаздардың тіршілігімен таныстыру.

Керекті құралдар: (сырнай немесе сылдырмақ).

Ойын мазмұны: Қысқаша әңгіме, қаз өте сақ құс, ол балапан шығарған кезде, ата қаз балапандардың соңында жүреді. Егер қауіп төнсе, ана қаз екеуі екеулеп балапандарын қорғайды. Қаздар көк шалғында шөп жейді. Барлық балаларға сырнай үлестіріліп, ішінен ата қаз белгіленеді. Балалар шалғында жайылып жүрген қаздарды бейнелеп, баяу сырнай тартады. Тәрбиеші белгісімен қауіп төнгенде, ата қаз сырнайды қатты 2 - 3 рет тартып белгі береді. Осы кезде балалар қанат қағып жүгіріп барып, ана қаздың жанына жиналады. Ойын қайталанып, ата қаз сайланады.

**Әдебиеттер:**

1. Мектептегі дене шынықтыру әдістемелік журнал 2007ж.
2. Тотенаев Б.О. Алты жасар окушылардың дене тәрбиесі әдістемесі нұсқауы. Алматы 1989.
3. Әйтпаев А. К Казак халык ойындары кіші мектеп жасындагы окушыларды тәрбиелеу. Алматы 1999.
4. Е.Уақбаев Дене тәрбиесінің негіздері, Шымкент-2003ж

**ӘӨЖ**

## ТОПЫРАҚТЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

**Шубаева Гульзада Мейрбековна**
Шымкент қаласы, Intellect физика математика мектеп лицейі
география және тарих пәндерінің мұғалімі

*Резюме*
*В статье рассматривается экологическое состояние почвенного покрова*
*Summary*
*The article deals with the ecological state of the soil cover*

Жер беті толық дерлік жұқа қабат топырақпен жабылған. Топырақ дегеніміз жердің аналық жынысы, өсімдіктер және жануарлар дүниелері қатысуымен, климаттың әсерінен мыңдаған-миллиондаған жылдар бойы қалыптасқан табиғи күрделі зат.

Мәңгілік мұздар, қарлар басқан, жанартаулар атқылаған жерде, жартастарда, құмда, қиыршық тастарда топырақ болмайды.

Жердің аналық жынысы мен топырақ қабаттары адамдардың, жәндіктердің, өсімдіктердің, жануарлардың тұратын, өсетін, өмір сүретін орны.

Топырақтың ерекше қасиеті - оның құнарлылығы. Осы қасиетімен ол жердің аналық және тау жыныстарынан айрықша тұрады. Құнарлық деп топырақта өсімдіктерге қажетті қоректік заттардың болуын айтады. Құнарлы топырақ сумен, ауамен және күн сәулесімен қосылып өсімдіктер өсуіне қажетті жағдай жасайды.

Топырақ адамдар үшін негізгі ауылшаруашылық өнімдерін беретін, оларды азық - түлікпен қамтамасыз ететін орын.

Қаншама техника алға басқанымен адамдар өздеріне керектің бәрін дерлік топырақтан алады. Теңізден, өзеннен, су қоймаларынан алатын қоректік заттар мөлшері онша көп емес.

Халықтың әл-ауқаты мен ауылшаруашылық өркендеуі топырақтың құнарлылығына байланысты.

Қазір адамдар өздеріне керек қоректік заттардың 88% егістік жерлерден, 10% ормандар мен жайылымдардан, 2% теңіз бен мұхит суларынан алады.

Топырақтың экологиялық жағдайын анықтайтын жалпы қасиетттерге:

1) топырақтың  механикалық құрамы;

2) құрылысы;

3) ылғалдылығы;

4) қышқылдылығы жатады.

Топырақтың механикалық құрамы онда балшықтың, ұсақ тастардың, құмдардың, гендік және антропоидтық қосылыстардың болуымен сипатталады. Оның құрылысы өмір сүру процестеріне қажетті (тыны салу) тығыздылық пен ауаны анықтайды. Топырақтың ылғалдылығы өсімдіктің минералдық қоректенуіне себепші болады және барлық топырақ организмдері үшін қажетті қоршаған орта факторы болып табылады. Топырақтағы ылғалдылық ауаның антогонисті болып табылады, сондықтан ылғалдылықтың шектен тыс мөлшері, сондай-ақ оның аздығы зиянды болып келеді.

Топырақтың қышқылдылығы - ең негізгі экологиялық фактор. Ол жоғарғы сатыдағы өсімдіктердің және топырақ организмдерінің өмір сүру шартын, сондай-ақ топырақтағы ластаушылардың қозғалысын (бірінші орында металдар) анықтайды. Жоғарғы қышқылдылық кезінде ауыл шаруашылық өсімдіктерінің көп түрлерінің өсуі және  дамуы баяулайды, микроорганизмдерінің өмір сүруі бұзылады. Жоғарғы қышқылдылық кезінде  әк жұмыстарын жүргізу керек. Тұз ерітіндісінің pH көрсеткішін өлшеген кезде,  топырақтың қышқылдығын анықтайды.

Топырақта тұздардың көп мөлшерде болуы, тез еритін минералдық тұздардың құрамының жоғарылауымен сипатталады. Бұл процесс топырақтың физикалық және химиялық  қасиеттеріне кері әсерін тигізеді және өсімдіктің өсіп даму жағдайына қолайсыз жағдай туғызады.

Негізінде ащы (қатты тұзды) топырақ ауыл шаруашылық дақылдарын өсіруге жарамсыз болып табылады. Ащы топырақтарда өсірілген өсімдіктерде тұқымның бұғуы, гүлдеу, өсу, өнім төмендейді. Тұздың жоғарғы концентрациясы кезінде өсімдіктің өлуі мүмкін.  Аса үлкен қауіп төндіретіндер: карбонаттар, хлоридтер, сульфаттар.

Тез еритін тұздар концентрациясын химиялық анализ жүргізу арқылы (карбонаттар, хлоридтер, сульфаттар) тұзды ерітіндіде анықтайды. Ауыл шаруашылық жерлерінің топырағы көп мөлшерде тұзды болса, арнайы гидромелиораторлық шараларды (жерді суландыру, дренаж, жуып тазарту) өткізу қажет. Антропогендік ықпал көбінесе топырақтың құрамының және құрылысының, сондай-ақ  агроэкожүйе функциясының бұзылуына әкеледі. Бұл олардың табиғи жағдайынан мүлдем басқа жағдайға әкеледі.

Топырақ құнарлылығын төмендететін, жер ресурстарын бұзатын және ауылшаруашылық жер көлемін төмендететін процестер мен құбылыстарды төрт топқа бөліп қарастыруға болады:

1) топырақ жамылғысына қолайсыз әсерін жоюға болмайтын табиғи процестер. Олар: жер сілкінісі, жанартаулардың атқылауы, топырақ құламасы және т.б.;

2) топыраққа жағымсыз әсерін бірқатар жағдайда адам көмегімен тоқтатып немесе азайтуға болатын табиғи процестер. Кейбір жағдайларда адамдардың шаруашылық іс-әрекеттері бұл процестердің пайда болуын тежейді. Мысалы, су эрозиясы, теңіз, көл және су қоймаларының жағасын судың шайып кетуі, тау жыныстарының шөгінділері, су көшкіндері, сонымен қатар, топырақ құнарлылығын және шалғынды жерлердің беткі қабатын шайып кетіп, топырақты жарамсыз жағдайға әкелетін су тасқындарын тоқтату;

3) көп жағдайда адамдардың ретсіз шаруашылық іс-әрекеттерінің нәтижесінде туындайтын табиғи процестер. Яғни, бірінші кезекте су тасқындарының топырақтың беткі жер үсті қабаттарын қарқынды шайып кетуі, эрозия өнімдерімен құнарлы топырақты көму. Қозғалмалы құмның топырақты басып қалуы. Грунтты сулардың жоғары минерализациясында қуаңшылық жерлерде, дренажсыз артық суғаруға байланысты топырақтың екінші қайтара тұздануы. Су қоймаларының толуымен, жер асты суларының көтерілуі және тағыда басқа себептерге байланысты топырақтың балшықтануы;

4) антропогендік фактордың нәтижесінен,  яғни толығымен адамдардың іс-әрекеттерінің нәтижесінен  туындайтын құбылыстар. Бұл бірінші кезекте, көлік және ірі өндірістік кәсіпорындар жұмыстарының нәтижесінде атмосфераға түсетін уытты заттармен  топырақтың ластануы.

Топырақты шамадан тыс, әсіресе қуатты, күшті техниканың көмегімен өңдеудің нәтижесінде топырақ қабаттарының өте қатты тығыздалуы және топырақ құрылымының бұзылуы.  Пестицидтермен тыңайтқыштарды дұрыс қолданбаудан топырақ құнарлығының төмендеп, құрамының бұзылуы. Ірі қара-

малды қарқынды ретсіз жаюдың нәтижесінде жайылымдық жерлердің бұзылуы. Қазба байлық кен орындарын өндіруден топырақ жамылғысының бұзылуы. Құрғату мелиорациясын бұрыс жүргізу нәтижесінен топырақтың шамадан тыс кебуі. Өндіріс қажеттігі үшін, кәсіпоры жұмысының мақсатына бағалы сапалы жерлерді жұмсау. Адамдардың антропогендік іс-әрекеттерінің нәтижесінен топырақ жамылғысының бұзылуы бірнеше зардаптарға әкеледі, олар:

1) жер және топырақ деградациясы;

2) жердің химиялық заттармен ластануы;

3) қоқыс және зиянды қалдықтармен топырақтың ластануы;

4) қалдық қоқыстарды төгуге рұхсат етілген жерлер көлемінің артуы.

Жер және топырақ деградациясы төмендегі әрекеттердің нәтижесінде пайда болады:

1) ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы;

2) құрылыс және тау-кен өндіру;

3) рекреациялық жерлер және т.с.

Топырақтың химиялық заттармен ластануының негізгі себептері:

1) әртүрлі қауіптілік кластарына жататын қалдықтарды ретсіз төгу;

2) ағызынды суларды және және әртүрлі химиялық заттарды топыраққа төгу;

3) ластанған су көздерінен ауыл шаруашылық жерлерін суғару;

4) топыраққа, құрамында зиянды химиялық заттармен ластанған жауын-шашынның түсуі.

**Әдебиеттер:**

1. Ю.С. Юсфин, Л.И. Леонтьев Промышленность и окружающая среда, М. 2002 год
2. Асқарова У. Б. Экология және қоршаған ортаны қорғау А. 2004
3. Молдахметов З.М., Газалиев А.М., Фазылов С.Д. «Экология негіздері». Қарағанды, 2002
4. Дарибаева А.О., Оразбаева Р.С. «Экология негіздері». Астана, 2001
5. Ә.Бейсенова, А. Самақова «Экология және табиғатты тиімді пайдалану» Алматы, 2004
6. Оспанова Г.С. Экология А. 2002ж.

**ӘӨЖ**

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА АТА-АНАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТЫҢ ФОРМАСЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

**Ескараева Нурсулу Бархыбаевна**
Төлеби ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі "Болашақ" балабақшасы МКҚК тәрбиешісі

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются методы и формы взаимодействия педагогов дошкольных организаций с родителями воспитанников*

***Summary***

*The article is given information the methods and forms of interaction between teachers of preschool organizations and parents of children.*

Мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңарту, ондағы гуманизациялау және демократияландыру үрдістері мектепке дейінгі ұйымның отбасымен қарым-қатынасын белсендіру қажеттілігіне әкелді.

Отбасы – балаға «эмоционалдық тылда» психологиялық қорғау беретін бірден-бір алғашқы социум. Отбасының маңызы мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ерекше. Әрбір бала өз ата-анасынан, әжесі мен атасынан, бауырларынан ерекше сүйіспеншілік күтеді: яғни оны үлгілі тәртібі мен қылығы үшін емес, қандай болса солай сүйгенін қалайды.

Бала үшін отбасы – бұл қоғамдық тәжірибенің көзі. Отбасында ол өзі еліктейтін үлгілер табады, мұнда ол әлеуметтік туылады. Егер біз адамгершілігі зор, дені сау ұрпақ тәрбиелегіміз келсе, онда бұл мәселені «бүкіл әлеммен»: балабақша, отбасы, қоғам болып шешуіміз қажет.

Мектепке дейінгі ұйымдардың басты мақсаты – отбасында баланы тәрбиелеуге кәсіптік көмек беру, оны ауыстырмай, тәрбиелік функцияларын жүзеге асыруды толықтыру және қамтамасыз ету арқылы жүргізу. Бұл:

- баланың қызығушылығы мен қажеттілігін дамыту;
- бала тәрбиесіндегі тұрақты өзгеретін жағдайларда ата-аналар арасындағы міндеттер мен жауапкершіліктерді бөлу;
- отбасындағы әртүрлі ұрпақ арасындағы қарым-қатынастың ашықтығына қолдау көрсету;
- отбасы өмірінің бейнесін жасау, отбасылық дәстүрлерді формалау;
- баланың жекелігін қабылдау және түсіну, балаға бірден-бір жеке тұлға ретінде сену және сыйлау.

Жоғарыда айтылған отбасылық қатынастарды жүзеге асыру үшін келесі тәрбиелік міндеттерді орындау бойынша жұмыстар жүргізілу қажет:

- біріншіден, баланы және ата-ананы сыйлауға тәрбиелеу;
- екіншіден, ата-аналармен олардың отбасылық шағын ортасын зерттеу үшін бірігe әрекет жасау.

Мектепке дейінгі ұйым мен отбасы арасында сенімді қарым-қатынас құру үшін педагогтың бала отбасына үнемі зерттеу жүргізгені жөн. Бұл үшін ата-аналар жасындағы айырмашылықты, олардың білімін, ортақ мәдени деңгейлерін, сондай-

ақ, ата-аналардың жеке ерекшеліктерін, олардың тәрбиеге көзқарастарын, отбасылық қатынастардың мінездемесін, т.б. білу қажет.

Сонымен бірге, балабақшаның отбасына үнемі ашық, яғни олар қалаған кезінде өздерінің мәселелерін талқылауға, консультация мен көмек алатындай болғаны жөн.

Педагогтың жұмысы ата-анамен және балалармен жұмысқа үйлестірілген болуы міндетті.

Тәрбиешілер мен ата-аналар арасында іскер әріптестік үшін жағымды қарым-қатынас орнағаны жөн. Педагог ата-аналармен жұмыста олар қызыға қатыса алатын, бала бейнесінің жағымдылығын қалыптастыратын жұмыстар өткізуі қажет.

Ата-аналарда баланың жағымды бейнесін формалау үшін отбасында айтылмайтын, ата-анасы күтпеген, олар үшін қызықты ақпаратты хабарлайды. Бұл баланың құрбыларымен тіл табысудағы ерекшелігі, оның еңбекке деген қатынасы, іс-әрекеттерінің жетістіктері болуы мүмкін.

Педагогты бала тәрбиесіндегі отбасы мәселелерімен таныстыру өте маңызды. Бұл кезеңде тәрбиешілер ата-аналармен диалог жүргізеді, отбасымен сөйлескенде тек жағымды жақтарын емес, бала қылығындағы қиыншылықтар, кедергілер туралы да айтады.

Ата-аналармен жұмыс формалары:

Бүгінгі күні ата-аналар педагогикалық білімін ағартудың дәстүрлі емес, жаңашыл деп саналатын әртүрлі әдістері мен формалары қолданылып келеді: көрнекі насихаттау; on-line бақылау; отбасына қатынау; консультациялық пункттер; ата-аналар жиналысы; әңгімелесу мен консультациялар; ата-аналар конференциялары; ауызша журналдар; сауалнама жүргізу; ашық есіктер күні; дөңгелек үстелдер; клубтар ұйымдастыру; біріккен бос уақыттар; іскер ойындар ұйымдастыру және т.б.

Мектепке дейінгі ұйымның ата-аналармен жұмыс қабылдауы әртүрлі: жанды сөз, тәрбие жұмыстарын көрсету, ата-аналар үлгісі және т.б. Ата-аналармен жұмыстың барлық түрлері ұжымдық, жекелік және көрнекі-ақпараттық болып бөлінеді.

Ата-аналармен ұжымдық жұмыс түріне өздеріңізге таныс белгілі іс-шаралар жатады.

Біріншіден, бұл - ата-аналармен жұмыстың тиімді формасы болып табылатын ата-аналар жиналысы. Ата-аналар жиналысында топтың тіршілік әрекетінің мәселелері талқыланады. Ата-аналар жиналысына дайындық кезінде келесі ережелерді ұстану қажет:

- жиналыс мақсатқа бағытталған болуы;
- ата-аналардың өтініші мен қызығушылығына жауап беру;
- нақты белгіленген тәжірибелік мінездеменің болуы;
- диалог түрінде өткізілуі;

-жиналыста бала кемшілігін және бала тәрбиесіндегі ата-аналардың қателіктерін жарияламау керек.

Ата-аналармен жұмыста педагогикалық консилиумдарды қолдану керек. Консилиум құрамына меңгеруші, негізгі қызмет бойынша меңгерішінің орынбасары, тәрбиеші, педагог-психолог, мұғалім-логопед, бас медбике, ата-аналар комитетінің мүшелері. Консилиумда отбасының тәрбиелік потенциалы, оның материалдық жағдайы және отбасындағы бала статусы талқыланады. Консилиум жұмысының қорытындысы бала тәрбиесінде ата-аналарға көмек мөлшерін анықтау, ата-аналар әрекетінің жеке коррекциясына қарай бағдарламалар әзірлеу болуы мүмкін.

Бүгінгі күні зерттеу – жобалық, рөлдік, имитациялық және іскер ойындар сияқты ата-аналармен жұмыс формаларына көп мән берілуде. Бұл ойындар үрдісінде белгілі бір білімді меңгеріп қана қоймайды, әрекеттің, қатынастың жаңа моделдерін құрастырады. Талқылау үрдісінде ойынға қатысушылар мамандардың көмегімен жағдайларды бар жағынан сараптауға және тиімді шешім қабылдауға тырысады.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыратын формалардың бірі – ата-аналар конференциясы. Бұл форманың бағалылығы, мұнда ата-аналармен бірге қоғамдастық та қатысады. Конференцияға педагогтар, аудандық білім бөлімінің қызметкерлері, медициналық қызмет өкілдері, бастауыш сынып мұғалімдері, педагог-психолог және т.б. қатыса алады.

Ата-аналармен жұмыстың бір формасы - тренингтер. Тренингтік ойын жаттығулары мен тапсырмалары баламен іс-әрекеттің әртүрлі тәсілдеріне баға беруге, жағымсыз формаларды конструкциялыққа ауыстыруға көмектеседі. Ойын тренингіне тартылған ата-ана баламен сөйлесуді бастайды, жаңа шындыққа жетеді.

Заманауи кезеңдегі тағы бір қызықты формалардың бірі – әртүрлі конкурстарды – сұрақтар мен жауаптар кештерін өткізу болып табылады. Бұл форма өзінің педагогикалық білімін нақтылауға, оларды практикада қолдануға, жаңалықты білуге, бір-бірімен білімін толықтыруға, бала дамуындағы кейбір мәселелерді талқылауға мүмкіндік береді.

Ата-аналармен жұмыстың маңызды сәті – үй педкеңестері, лекциялар, ауызша журналдар, ашық есік күндері, әкелер, әжелер, аталар клубы, практикумдар және т.б. болуы қажет.

Отбасы мен балабақша өзара іс-әрекетінің басты формаларының бірі әрбір ата-анамен жеке жұмыс болып табылады. Бұл форманың артықшылығы, отбасын зерттеу, ата-аналармен сұхбат (әрқайсысымен жеке-жеке), ата-аналардың балалармен топта, үйдегі әңгімелесуін бақылау арқылы педагогтардың баламен біріккен іс-әрекеттің нақты жолдарын белгілеуінде.

Тәрбиешінің ата-аналармен сұхбаты – педагогтың отбасымен байланысының қолжетімді формасы. Сұхбат келесі талаптарды қамтуы қажет: нақты және

мазмұнды болуы; баланы тәрбиелеу мен оқыту сұрақтары бойынша ата-аналарға жаңа білім беру; педагогикалық мәселелерге қызығушылығын ояту; бала тәрбиесіне жауапкершілік сезімін арттыру.

Ата-аналармен дифференциалдық жұмыстың бір формасы консультациялар болып табылады. Консультациялар сұхбатқа ұқсайды. Айырмашылығы, әңгімелесу – бұл тәрбиеші мен ата-ана диалогы, ал консультация жүргізе және ата-ана сұрағына жауап бере отырып, педагог кәсіптік көмек беруге тырысады.

Педагогтың ата-анамен жұмыста көрнекілік насихаты да маңызды рөл атқарады. Мақсатқа бағытталған және жүйелі қолданылған көрнекі құралдар балабақшадағы тәрбиелеу әдістерімен, мазмұнымен, міндеттерімен ата-аналарды таныстыруға және отбасына практикалық көмек беруге ықпал етеді. Педагогикалық практикада көрнекіліктің әртүрлі түрлері қолданылады: натуралық, бейнелеушілік, сөздік-бейнелік, ақпараттық.

Ақпараттық насихаттаудың мысалы - ата-аналар бұрышы. Ата-аналар бұрышының материалдарын мазмұны бойынша екі бөлімге бөледі:

- ақпараттық сипаттағы материалдар (ата-аналарға арналған ереже, күн тәртібі, әртүрлі сипаттағы хабарландырулар)
- балабақша мен отбасында бала тәрбиесі сұрақтарын жариялайтын материалдар.

Онда баланы дамыту мен тәрбиелеу бойынша ағымдағы жұмыс көрінеді. Ата-аналар балаларының бөлмесін немесе бұрышын қалай жабдықтауды көрнекі түрде көре алады, сұрақтарына жауап алып, жақын арада қандай консультациялар болатындығы туралы біле алады.

Ата-аналармен жұмыстың тиімді формасы әртүрлі көрмелер болып табылады. Мысалы, балалар жұмыстарының формасы: бала суреттері, қолдан жасалған ойыншықтар, балалар кітаптары, альбомдары және т.б. Көрмелер сонымен бірге ата-аналарға бағдарламаның маңызды тарауын жариялау үшін мысалы: «Отбасы мен балабақшада балалардың бейнелеу іс-әрекеті», «Ойыншықтар және оның тәрбиелік рөлі» тақырыбында өткізілуі мүмкін

Балабақшада бейне бақылаулар жүйесін орнату ақпараттық технологиялардың жаңа формасы. Балабақшада On-line бақылаудың қажеттілігі – қазіргі уақыттың шындығы. Баспа жолдарында балалармен өрескел қарым-қатынастар, қызметкерлердің жағымсыз қылықтары жиі жарық көреді және олардың қылмыс әрекеттері сот залына дейін жетіп жүргені шындық...

Мұндай жағдайда ата-аналар балаларын толық күнге педагогтарға қалдыруға сенімсіздік танытады. Қазақстанда балабақшаларға бейне бақылау камераларын орнатудың инициаторлары білім беру басқармалары болып табылады. Балабақшада бейне бақылау камераларын орнатудың көмегімен үш негізгі мәселе шешіледі:

- бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету – балабақшаның ішкі және сыртқы территорияларын бақылауға болады;

- педагогтармен даулы жағдайларды шешу. Камерада сақталған жазбалар даулы сәттерде ата-анаға бала немесе педагог жағына шығуға мүмкіндік береді;
- білім беру шарттарын ұсынудың сапасын бақылау. Бұл балабақшалардың көпшілігі ақылы негізде болғандықтан бүгінгі күні өзекті. Ата-аналар не үшін ақы төлейтіндігін білуге тиіс!

Ақпараттық параққа ата-аналарға арналған жаднамалар, ата-аналардың өздері көрнекілейтін қабырға газеті де жатады. Газетте ата-аналар отбасы, бала өмірінен қызықты оқиғаларды белгілейді, бала тәрбиесі туралы тәжірибелерімен бөліседі. Мысалы, «Отбасының демалыс күні», «Менің анам», «Менің әкем», «Мен үйдемін» және т.б.

**Әдебиеттер**:


1. Ата-аналарға арналған консультациялық пункттің қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптар: әдістемелік нұсқаулық, – Астана, 2013. – 20 б.
2. Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналармен жұмыс формалары мен заманауи модельдері: әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2013. –26 б.


**ӘӨЖ**

# МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ


**Изенова Ақбота Бекболатқызы**

Шымкент қаласы, "N2 Психологиялық педагогикалық түзету кабинеті" педагог-дефектологі



***Резюме***

*В данной статье рассматривается пути организации учебного процесса детей с ограниченными возможностями*

***Summary***

*The article is considered about ways of organizing the educational process of children with disabilities*


Психикалық дамудың кешеуілдеуінің негізгі клиникасы, психикалық және физикалық дамудың кешеуілдеуіндегі инфантилизм ретінде белгілі. Психикалық дамудың кешеуілдеуін кешенді зерттеумен оқыту дефектология ғылымына 60 – жылдардың ХХ ғасырдан бастап өз бастауын алды. Осыдан бері өз қызметін атқарып келеді.

Балалардың ақыл – ой дамуындағы жеңіл ауытқулары «Психикалық дамудың кешеуілдеуі» деп аталатын терминмен сипатталады. Бұл кемшіліктің негізгі себебі: бала миының әлсіз түрдегі яғни органикалық зақымдауымен, сондай – ақ іштен туа пайда болған, туылу кезіндегі зақымданулар жатады.

Сонымен бірге дамудың кешеуілдеуі жоғарғы жүйке жүйесінің ауруларымен, созылмалы және соматикалық жағдайлармен, бас миының жарақаттануымен, эндрокриндік жүйенің бұзылуымен байланысады.

Психикалық дамудың кешеуілдеуінің негізгі ерекшелігі – баланың психикалық әрекетінің қалыптасуының бірқалыпты болмауы. Инфантильді балалар өзінің құрдастарынан жас, олардың ойлары да тұрақсыз болады. Оларды ми қабілеті де тәулік бойына өзгереді. Кейде сабақтың аяғына таман немесе шаршаған уақыттарда болады. Бұл балаларға тән ерекшелік зейіні мен жұмыс қабілетінің ең төменгі деңгейде болуға тиіс. Кейбір балаларда іс — әрекеттің басында зейіндері жоғары болады да, ал кейін төмендей бастайды. Ұзақ мерзімді есте сақтауы мен қысқа мерзімді еске сақтауының төмендеуі, есте сақтауының беріктілігінің жетіспеуі, сондай – ақ интеллектуальдық белсенділігінің төмендеуі – осы категориялардағы балаларға тән ерекшеліктер.

Ойлау әрекетіне келсек, көрнекі амалды ойлаудың кемістігі аз мөлшерде көрініс береді. Көбінесе нақтылы – бейнелі ойлауы бұзылады, яғни бейнелі образдық ойлауы жеткіліксіз болады. Қарапайым есептер көрнекі материалдарға бағытталса, бірақ баланың өмірлік тәжірибесіне қатыссыз болса, оларға қиындық туғызады.

Балалардың танымдық белсенділіктері жеткіліксіз. Ол баланың тез шаршауымен, тежелуімен сипатталады. Психикалық дамуы кешеуілдеген балалар есептің шартын, диктантқа арналған сөздерді және сөйлемдерді есінде сақтамайды. Олар зейіндерін тапсырмаға шоғырландыра алмайды, кей кездері мектептің тәртібіне бағынбайды. Мұндай балалар көңіл бөлгенді қажет етеді. Түзету жұмыстарын, арнайы оқыту процестерін емдеу мекемелерін талап етеді.

Психикалық дамудың кешеуілдеуіндегі әртүрлі дәрежеде сипатталады. Жеңіл түрде көрініс берген жағдайда бұл балалар көмекті жалпы білім беретін мекемелерде ұйымдастыруға болады. Ауыр жағдайларда балаларда арнайы білім беретін мектептерге немесе мекемелерге оқытады.

Психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың белсенді жағдайдан баяулыққа, жұмыскерлік көңіл – күйден, жұмыссыздыққа жиі өту процестері жүйкелік – психикалық жағдайлармен байланысты. Балалар қандай да бір тапсырманы орындауда үлкендердің көмегін қажет етеді. Ересектердің көмегін қажетсіну, іс — әрекеттің нәтижесін меңгеру, оны ұқсас әрекеттерге тасымалдау және психикалық дамуы кешеуілдеуі бар балаларды ақыл – есі кем балалардан ажыратуға болады.

Балаларда іс — әрекеттің тұрақсыздығы қимыл – координациясының жеткіліксіздігі мен режимге бағына алмаушылығы болса да, мұндай балалардың басым көпшілігі дене шынықтыру пәні мен спорт ойындарын жақсы көреді. Олардың психикалық дамуындағы жоғарғы мүмкіншіліктердің бар екендігін түзету жұмыстарын ұйымдастыру барысында ескерген жөн.

Психикалық дамуыдың кешеуілдеуіне байланысты өз пікірлерін ұсынушы М.С.Певзнер, Т.А.Власова баланың эмоционалдық ерік сфераларының қалыптасуына көп көңіл берумен бірге, нейродинамикалық бұзылулардың жеке сипаттамасына да ерекше назар аударды. Соған сәйкес психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың сипаттамаларының негізін анықтап, яғни ол психикалық және психофизикалық инфантилизм түріндегі анықталатын және ерте балалық шақтағы орталық нерв жүйесінің зақымдануынан, оның организмінің астениялық, церебрастениялық жағдайларға ұшырайтынын анықтаған.

Қазіргі таңда ең өзекті мәселелердің бірі – ол оқу процесіндегі балалардың дамуындағы ауытқушылықтарды дефференциалды зерттеудің маңызы болып отыр. Дамуында ауытқушылықтары бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде, олардың потенциалдық мүмкіндіктерін тиімді ескере отырып, бала бойындағы кемшіліктерді толықтай компенсациялауға және түзетуге болады.

Жалпы тексерудің барысында алынған мәліметтерге сүйенсек, жалпы мектептің өзінде де жартысынан жуығын «психикалық дамуы кешеуілдеген балалар» тобы құрайтынын көреміз. Психикалық дамудың кешеуілдеуі – бұл анамалияның дамуы, яғни көбінесе ол оқу жылының алғашқы айларында байқалуы мүмкін. Ол негізінен балалардың оқу процесінің қажеттіліктеріне адаптацияланбауынан байқалады.

Психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың негізгі айырмашылығы мынада: бұл балалардың сабаққа деген үлгермеушілігі, сондай – ақ дағдылары мен танымдық процестеріндегі өзара ауытқушылықтарымен сипатталады. Арнайы педагогикада, сондай – ақ дефектология ғылымында психикалық дамуы кешеуілдеген балалар тобын зерттеу негізінен ХХ ғасырдың ортасынан бастап бастау алды. Психикалық дамуында ауытқушылығы бар балалардың танымдық қабілеттерін тексеруге, ең алдымен олардың эмоциясына назар аударған жөн. Бұл балалардың эмоциясы көбінесе өзгеріске ұшырап отырады. Бұл балалардың қалыпты балалардан ерекшелігін айтар болсақ, яғни олардың әлеуметтік ортаға бейімделуімен, мінез – құлықтарымен және іс — әрекеттерімен ерекшеленеді.

Педагогтар мен дефектологтардың пікірінше, біздің елімізде мұндай балалармен жұмыс жүргізетін жаңа, нәтижелі бағдарламалар мен әдістемелер жоқтың қасы. Демек, мүмкіндігі шектеулі балалар отбасының әлеуметтік – педагогикалық проблемаларын зерттеп білу және оларды шешуге әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, отандық төл мамандарды тарту – бүгінгі күн тәртібіндегі ең өзекті мәселе.

Мүмкіншіліктері шектеулі адамдардың әлеуметтік байланыс, қарым – қатынас құқықтары халықаралық заңдылықтармен бекітілген. Балалар бірінші кезекте қамқорлық пен көмекке ие болуы тиіс. Балалар құқығы (1959 ж). Декларациясында былай дейді: «Барлық балалар нәсіліне, ақ – қаралығына,

жынысына, тіліне, дініне, саяси және басқа да түсінігіне, туған жері мен жағдайына қарамастан, төмендегі аты аталған мүмкіншіліктердің бәріне құқылы.

Ерекше қамқорлықпен қорғалуға, сондай – ақ жақсы тамақ ішуге, баспана және медициналық қызметпен қамтамасыз етілуге, тәрбиелеуге, рухани және физикалық жағынан дамуға, денсаулығы әлсіз болса, емделуге, сырттан шектеу болса ерекше қамқорлыққа, ата-анасының және да басқа адамдардың сүйіспеншілігі мен түсінігіне, егер ағайын – туыстары жәрдемдесе алмаса, онда үкіметтің қарамағында қамқорлықта болуға құқылы…»

Жыл санап мүмкіншілігі шектеулі балаларға деген қоғамның көзқарасы өзгеріп келеді. Бұрынғыдай оларды бақытсыз адам ретінде қарамай, қоғамының белсенді мүшесі және өз тағдырына батыл сеніммен қарайтын адам ретінде қабылдауда. Осы орайда әлеуметтік қызметкерлердің міндеті – қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі балалардың жанайқайын, яғни ауруының себеп – салдарын анықтап, оның бала ағзасының дамуы қандай бөгеттер жасап отырғандығын анықтау, мүмкіндігі шектеулі балалармен олардың отбасындағы қарым – қатынасын дамытып, дені сау балалармен аралас – құралас өсуіне жағдай туғызу, қоғам мен жеке адамдардың түсінігіне жарымжан балаларға әркез жәрдем беруге әзірлігін қамтамасыз етуге үйрету. Есту қабілеті бұзылған баланың өмірге келуі шын мәнінде отбасында психологиялық өзгерістерге алып келеді. Мүмкіндігі шектеулі баланың тәрбиесі – дефектологиялық негізгі ұғымдарының бірі. Бұл процестің мақсаты мен міндеті – жалпы педагогикалық принциптерімен анықталған, яғни оларды қоғамдық пайдалы өмірге бейімдеу, азаматтық қасиеттерін қалыптастыру, бұлардың бәрі дефектіге сәйкес деңгейде, соған тән әдістемелермен жеткізілуі тиіс. Тәрбиенің бұл түрі тек қана педагогтармен ғана емес, арнайы мамандардың көмегімен жүзеге асқаны орынды. Және бұл қарым – қатынас  қалыпты жағдайда өзара түсіністік, бір – біріне көмек беру жағдайында өткені дұрыс. Жас  ерекшеліктерін ескере отырып, шешім қабылдай алуға, өзін — өзі қамтамасыз етуге, еңбекке, тәртіп мәдениетіне, ұжымда еңбек ете алатындай деңгейге бейімдеу қажет. Бұндай балалардың тәрбиесі өзара жақсы, түсіністікті қажет етеді және оларды оптимистік рухта, өз — өзіне сенімді тәрбиелеудің мәні зор.

**Әдебиеттер:**

1. Возрастная и педагогическая психология // Под. ред. А.В. Петровского. - М., 1986.
2. Грэйс Крайг. Психология развития. - СПб., 2000
3. Нұрмұхамбетова  Т.Р. «Тәжірибелік психология» I,II бөлім Шымкент 2006
4. Обухова Л.Ф Возрастная психология. - М., 1999.
5. «Бастауыш мектеп» – №2, 2006ж. Баланы тәрбиелеудің басты қағидалары 30-31 беттер
6. Возрастная и педагогическая психология //Под. ред. А.В. Петровского. – М., 1986.

**ӘӨЖ**

# ЖАЛПЫ ТІЛ КЕМІСТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

**Камалова Ақмарал Ерболқызы**
Шымкент қаласы, "N2 Психологиялық педагогикалық түзету кабинеті" педагог-дефектологі

***Резюме***

*Бұл мақалада ,жалпы тіл кемістігі бар балалардың сөйлеу тілін дидактикалық ойындар арқылы дамытудың психологиялық - педагогикалық негіздерін қарастыру, сөйлеу тілінің деңгейлерін анықтау.*

Қазіргі кезде түрлі дәрежедегі тіл кемістіктерінің көбеюі – шешімі табылмай келе жатқан өзекті мәселеге айналып отыр. Тіл – қарым-қатынас құралы болғандықтан, бұл жағдайда тіл кемістіктері бар балаларда көптеген қиындықтар туындайды. Әр жастағы балаларда сөйлеу тілінің әр түрлі бұзылыстары кездеседі. Олардың ішінде ең көп таралған түрі – дыбыс айту кемшіліктері. Мұндай кемшіліктер өз бетінше кемістік ретінде де, сөйлеу тілінің басқа, күрделі бұзылыстарының құрамында болуы да мүмкін. Бірақ дыбыс айту кемшілігінің ең қарапайым түрін де «кемістік емес, кейін түзеліп кетеді» – деп жайбарақаттықпен қарауға болмайды. Олар балалардың өсуіне кері әсерін тигізіп, өз тілін меңгерудегі қиындықтарға әкелуі мүмкін.Жалпы тіл кемістігі бар балалардың өз ойын, пікірін еркін, дұрыс, жатық әрі түсінікті етіп жеткізі алуы керек. Бұл үшін бала бойында біріншіден, айтар ойын жасқанбай жеткізе білуі, екіншіден артикуляциялық жаттығуларды қолдана алу дағдылары мен білім біліктілігі болуы керек. Демек, мұның барлығы логопедия сабағын сапалы, тиімді әдіс-тәсілдермен оқытқанда ғана жүзеге асады. Мұнда ескеретін жайт: біріншіден, қандай педагогикалық құралдар мен оқу технологиялары қолданылса, ол бала санасына, оқушының ойлауына сәйкес келуі басты шарт. Екіншіден, іріктеп алынған оқыту технологиялары мен әдістәсілдері оқушылардың білім-деңгейін, біліктілік сапасын көтеретіндей, бала санасына, отбасында тәрбиеге сай болуы тиіс Жалпы тіл кемістгігі бар балалардың сөйлеу тілін дидактикалық ойындарды қолдану әдістерінің негіздерін психологиялық, педагогикалық, философиялық ғылымдар құрайтындықтан, ойынның әлеуметтік жағына көңіл аударған жөн. Бұл сабақ үрдісінде балалардың әлеуметендіруге, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау түрлері мен заңдылықтарын түсінуге жәрдемдеседі. Ы.Алтынсарин еңбегінде дидактикалық ойындар туралы ғылыми -әдістемелік мағлұматтар берілгенімен, оның оқуға оқушыларды қызықтыруда түрлі жаңылтпаштар, жұмбақтарды кеңінен қолданатыны байқалды [1]. А.Байтұрсынованың еңбектерінде жаңа материалдарды тек теориялық тұрғыдан ғана үйретіп қоймай, балалар практикалық өмірде білімін кеңінен қолдана алатын дағдыларды қалыптастырудың негізі қаланған. Ғалымның оқулықтарында, материалдарды оқушыларға меңгертуде дидактикалық ойындарды кеңінен қолданғаны байқалды.

Ғалым оқулықтарын құрастырған кезде де теорияның практикамын байланысын ұстанғанын басшылыққа алған. А.Байтұрсынова балалардың меңгерген білімін тәжірибелерде орынды қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін материалдарды үш кезеңде ұғындыру жұмыстарын жүргізу керектігіне назар аударған: Бірінші кезеңде тіл білімінің сыртқы болмысын таныту жұмыстары жүргізіледі - мұғалім түрлі әдіс-тәсілдерді орынды пайдалана отырып, тіл заңдылықтары мен ережелерінің болмысын меңгертеді. Екінші кезеңде оқушылардың тәжірибеде өз білімін қолдана алу дағдылары мен біліктерін, білімдерін бекіту үшін «Сынау» және «Дағдыландыру» жұмыстары жүргізіледі. Сөздердің мағыналары қандай, олар сөйлемде қалай орналасады, бір-бірімен қалай тіркеседі, сөйтіп тіл білімінің заңдылықтары тәжірибе жүзінде танытылады. Үшінші кезеңде оқушыларды шығармашылық ойлауға дағдыландыру үшін дидактикалық ойындар қолданылады. Бұл ойындарды қолданудағы басты мақсаты баланың жаңа білім жөнінде түсінігін қалыптастыруға, білімін жетілдіруге, баланың тіл ережелерін өздігінен ізденіп қолдануға үйрету болады. Дидактикалық ойындарда оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай шығармашылық қабілетін дамытатын тапсырмалар беріледі. А. Байтұрсыновтың жаңа материалды меңгеру кезеңіндегі балалардың ойлау қабілеттерін эмпирикалық ойлау (I кезең), теориялық ойлау (II кезең), шығармашылық ойлау (III кезең) деп қарастыруы - балаларға білімді игертудің ұтымды жолы. Ғалымның әдістемелік жаңалығы бүгінгі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ [2]. Әртүрлі зерттеулерге жалпы тіл кемістігі бар балаларға мынандай психологиялық – педагогикалық сипаттамалар берген. Жалпы тіл кемістігі -есту қабілеті мен ой-өрісі әдеттегідей дамыған балалардың дыбыстық,мағыналық жағына қатысты сөйлеу тілі құрамының компоненттерінің бұзылуынан болатын әртүрлі күрделі тіл кемістіктері. Дыбыстарды бұзып айтуын, фонематикалық-есту қабілетінің дамымауы, сөздік қоры мен грамматикалық сөйлем құрылысының артта қалуын жалпы сқйлеу тілі дамымаған балалардың барлығына тән кемшілік. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы алалия,афазия, ринолалия, дизартрия сияқты күрделі сөйлеу патологияларының түрлерінде байқалуы мүмкін. Сөйлеу тілі дамуының бірінші деңгейінде тілдің мүлде қалыптаспауы жатады. Ондайларды мақау балалар дейді. Бұл деңгейдегі балалардың кісімен тілдескенде анық байқалатын тіл кемістіктері мынандай болып келеді: былдырлап сөйлеседі, жеке дыбыстарға еліктейді, жекелеген зат есімдік сөздермен күнделіті тұрмыста айтылып жүрген етістік сөздерді пайдаланады, сөйлемді былдырлап мүлде түсініксіз етіп үзіпүзіп айтады, сөйлемде дыбыстар анықтылмайды, әрі тұрақсыз, құбылмалы келеді. Олар айтайын деген ойын қолдарын ербендету арқылы бет-аузын қисаңдатып, ымдап түсіндіруге тырысады. Сөйлеу тілінің бұндай кемістіктері ақыл-ойы кем балаларда да болуы мүмкін. Бірақ та сөйлеу тілі дамымаған есі дұрыс балаларды ақылына қарапақ сөйлеу тілі дамыған /олигофрен/ ақыл-ойы кем балалардан оңай ажыратуға болады. Бұл біріншіден, сөйлегенде пайдаланатын сөздік қорына

қарағанда енжар сөздік қорының артықшылығы. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған есі дұрыс балалардың олигофрен балалардан өзгешелігі, ойларын тыңдаушысына жеткізу үшін дене мүшелерінің қимылын және мәнерлі ымды пайдаланады. Оларға өзінің сөйлеу тілінің кемшілігіне сын көзімен қарап, оны қалайда түзетуге бар ықыласымен жолын ақылдың дұрыстығына тән қасиет бар. [3]. Сонымен сөйлеу тілінің ұқсастық жақтарына қарамастан ой-өрісі сөйлеу тілінің дамуы жағынан бір-біріне ұқасамайды. Сөздік қоры шамадан тыс шектелген бұндай балалар заттардың және қимыл-іс әрекеттерінің сыртқы түрлеріне немесе олардан шығатын дыбыстардың ұқсастығына қарап өздерінің былдырлаған тілімен барлығына бір сөзбен ат қойып алып түсіндіреді. Мысалы: « деде»- машина, солай кетіпті және т.б. Сонымен бірге қимыл- іс әрекеттерді біліретін сөздерді заттың атымен орын алмастыра беретін жағдайларда байқалады. Мысалы: «адас» -қарындаш, жазу, сурет салу; «тәй» -шай,ішу,тамақ ішу. Сөйлеу тілі дамымаған баланың кейде бір сөзді сөйлемде де пайдаланатын ерекшелігі болады. Н.С. Жукованың ескерткенідей, бір сөзді сөйлемдегі сөздің түбірі бұзылып тұлғасыз айтылатын жағдай, сөйлеу тілі дұрыс дамымаған балада да байқалуы мүмкін [4]. Бірақ ол тек 5-6 ай ғана созылады, оның үстіне ондай сөздер онша көпте болмайды. Сөйлеу тілі дұрыс дамыған бал сөздерді байланыстырып сөйлем құрап айтуды ерте пайдалана бастайды. Сөздердің ішінде тұлғасыз сөздер де араласып айтылып кетуі мүмкін, бірақ оларды біртіндеп түзетіп дұрыс айтуға дағдыланып кетеді. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған баланың да сөйлемінің көлемі 2-4 сөзге дейін кеңейетіндігі байқалады, бірақ бұнда құрылысы бұзылған сөз тіркестері бұрынғы қалпында өзгеріссіз сақталып қалады. Тап осы жағдай сөйлеу тілі дұрыс дамыған балада еш уақытта байқалмайды. Сөйлеу мүмкіндігі төмен баланың өмірден алған тәжірбиесі аз және айналасындағы өмір тіршілігі туралы мағұлматы жеткіліксіз болып келеді/ әсіресе табиғатқа байланысты құбылыс/. Дыбыстардың қолдануы тұрақсыз, құбылмалы келеді. Сөйлегенде көбінесе 1-2 буыннан тұратын сөздерді ғана қолданады. Буындары көбірек қиын сөздерді айтқан кезде оның 2-3 буынына дейін қысқартылып, түсіп қалады. Мысалы: жұмыртқа-ұтқа, домбыра-домба. Фонематикалық түйсігі бұзылғандықтан аттары бір-біріне ұқсас,мағынасы әр түрлі сөздерді сұрыптай алмай қиналады. Мысалы: бала-балға, жаға-жаңа. Бұл деңгейдегі балалар дыбыстың талдау жолын түсінбейді. Сөйтіп жалпы тіл кемістігінің бірінші деңгейін былай сипаттауға болады: 1.Сөздік қоры жоқтың қасы. Ол былдырлап түсініксіз айтылған сөздерден , басқа дауысқа еліктеген дыбыстардан /р-р-р,ш-ш-ш,-з/ күнделікті қолданылатын кейбір оңай сөздерден тұрады. /ту-су/. 2. Баланың енжар сөз қоры пайдаланатын сөз қорынан едәуір молырақ болады, бірақ та, сөз түсінігі тым таяз. Сөздерді бірнеше рет қаталанған таныс ситуацияда түсінеді. Мысалы: «Қолыңды қалтаңнан ал»деген бұйрықты бала дұрыс орындауы мүмкін, «қалтаңды көрсет»дегенде ол көрсете алмайды. Өйткені ол қалта деген сөздің мағынасын түсінбейді. Байланыстырып сөйлеу қабілеті мүлдем дамымаған. 3.Сөздің , дыбыстың, буынның құрамын сақтап

қайталау қабілеті дамымаған.[5]. Сөйлеу тілі дамуының екінші деңгейіне ауысудың белгісі сол, онда ымдау мен былдыр сөздерден басқа бұрмаланған болса да айтарлықтай тиянақты жалпы қолданылатын сөздер пайда болады. Мысалы: қыт.бадя тан тет туй. Балалар шана теуіп жүр. Кейбір грамматикалық тұлғаларды ажыратылуы бір мезгілде байқалады. Бірақ бұл тек екпінді жалғауына түскен сөздерге және тек кейбір грамматикалық категрияларға қатысты болады. Бұл процесс әлі де болса едәуір тұрақсыз екендігі сипаттайды және бұндай баланың сөйлеу тілінің дамуы қатты тежелгендігі анық байқалады. Сөзді көп білдейтіндіктен баланың тілі кедей ,ол өзі білетін заттардың аттарын атаумен және қимыл-іс әрекеттерін айтып берумен ғана шектеледі. Бірінші деңгейдегі балаларға қарағанда суретке қарап және сұрақ бойынша әңгімелеуі қарапайым, әрі қысқа болғанмен грамматикалық құрылысы мен сөз тізбегі біршама дұрыс. Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылысының жетілуі қанағаттанарлық емес екендігі сөйлеу материалы күрделенген кезде немесе баланың өзі бұрын сирек естіп, аз қолданған сөздер мен сөз тіркестерін айту қажет болып қалған жағдайда оңай білінеді. Мұндай балалар септік жалғаулар мен көпшіл түрін білдіретін жалғаулардың мағынасын жете түсінбейді. Жұрнақ, жалғауларды пайдаланып сөз өзгерту кездейсоқ жағдай, сондықтан да оны пайдаланғанда әртүрлі қателерді көп жібереді. Сөзді тар мағынада жиі қолданады, ауызша талдап қорыту дәрежесі өте қиын. Тұлғалары, қолдануын немесе тағы басқа белгілері ұқсас бірнеше заттарды бір сөзбен атауы мүмкін. Мысалы: шыбынды, қоңызды, масаны,сонаны, араны, көбелекті -бір жағдайда осылардың барлығын тек біреуінің ғана атымен атайды, ал екінші бір жағдайда тағы басқа біреуінің ғана атымен атайды. Балалар заттың атын білгенмен, оны құрайтын бөлшектерін атауға келгенде қиналады/ ағаштың бұтағы, жапырағы, түбірі, тамыры/, ыдыс-аяқтардың, жануарлардың төлдерінің аттарын білмейді. Міне осының бәрі бұндай балалардың сөздік қорының тым кедей екендігін көрсетеді.[6]. Заттың атын, түсін, тұлғасын , белгісін білдіретін сөзді орнымен дұрыс қолдануды әруақытта толық біле бермейтіндігі байқалады. Қолданудағы қимыл-іс әрекеті әртүрлі, тұлға ұқсастығы жақын атау сөздерді шатастырып орын ауыстыруы жиі көрініп қалады. /кесу-көрту, қашау-қажау/, грамматикалық тұлғаларды қолдануда ерескел қателер жіберетіндігі арнайы тексеру кезінде белгілі болды. 1. Септік жалғауларды алмастыру /дүкеннен бардым-дүкенге бардым/. 2. Сөздің жекеше, көпше тұлғаларын және етістіктің түрлерін қолданудағы қателер. 3. Зат есімнің жекеше, көпше түрлерінің өзгеруі кезіндегі /сиырдан/сиырлар/. Баланың тіліндегі жуан және жіңішке , ысқырып және ызыңдап шығатын, қатаң және ұяң, мұрын дыбыстарының сонымен бірге құрамы әртүрлі буынды сөздердің айтылуы мен үндестігі өрескел бұзылғандықтан салдарынан сөйлегенде сөзінің сапасы жағынан да, саны жағынан да жасына қарағанда едәуір артта қалған. Буындар мен дыбыстардың орын ауыстыруы, ұқсас буындардың алмастырлуын, қатарласып келген дауыссыз дыбыстардың қысқартылуы салдарынан сөздің құрамындағы дыбыстардың

орналасу заңдылықтары өрескел бұзылады. Баланы жан-жақты тиянақты тексерудің нәтижесі оның фонематикалық есту қабілетінің нашарлығын, дыбыстарды талдау мен жинақтауға балаға тапсырма бойынша берілген дыбыстардан суретті іріктеп алу және дыбыстарды орнына қойып сөз құрау қиындық туғызады. Дағдылануды игеруге дайын емес екенін оңай анықтауға мүмкіндік береді. Арнайы коррекциялық оқытудың ықпалымен сөйлеу тілі дамуының ш-деңгейіне өтуі баланың айналасындағыларымен қарым-қатынасының кеңеюіне мүмкіндік туғызады. Жалпы тіл кемістігінің екінші деңгейіндегі балалар төмендегідей сипатталады: 1. Балалардың белсенді /активный/ сөздігі зат есім, етістік , сын есім, үстеу сөздерімен толықтырылады. 2. Сәтсіз болса да бұл деңгейдегі балалар септік жалғаулар мен жұрнақтарды пайдалана бастағаны байқалады. 3. Бұл деңгейде балалар сөзді байланыстырып сөйлей бастайды. 4. Сөзді түсінуі жетіледі, белсенді және енжар сөздіктері толығады. 5.Әлі де көп дыбыстарды және кейбір сөздерді дұрыс айта алмайды. Дыбыстық талдау, жинақтау әдістерін игеруге дайын еместігі байқалады. Сөйлеу тілі дамуының III деңгейінде сөйлем құрылысында лексико – грамматикалық және фонетико-фонематикалық элементтердің жетілмейтіндігін сипаттайды. Осындай дәрежедегі, әсіресе мектеп жасына дейінгі балалар айналасындағылармен тілдесіп, сөйлесе алады, бірақ қанша дегенмен де өзінің айтайын деген ойын анықтап түсіндіре алмайды. Тіпті, бала дұрыс айта алады-ау деген кейбір дыбыстардың өзі де өз бетімен сөйлегенде жеткілікті түрде айқын шықпайды. Тап осы фонематикалық топтағы екі немесе бірнеше дыбыстарды бір дыбыс немесе бірнеше дыбыстарды бір дыбыс бір мезгілде алмастырған кезде дифференцияланбаған дыбыстардың айтылуы өзгеше болады / негізінде ысқырып және ызыңдап шығатын, эффрикат. Мұрын дыбыстары /. Мысалы: сәй-шай, сәнә-шана, қал-қар. Сонымен бірге балалар барлық сөз таптарын пайдалануды, грамматикалық құрылымның қарапайым түрлерін қолдануды үйренеді. Салалас құрмалас пен бағыныңқы құрмалас сөйлемдерді құрастыруға тырысады. Мысалы: Айдош мектептен келді де шабағын оқуға отырды. Баланың тілі жетіліп жаңа дыбыстармен толықтырылған әртүрлі буындары бар сөздердің айтылғанда сөздегі дыбыстардың дұрыс, дұрыс емесін және олардың бұзылу ерекшелігін айқындауға болады, сөз тіркесін байланыстырып сөйлеу мүмкіншілігі артады. Бала өмірден алған тәжірибесінің нәтижесінде күнделікті тұрмыстағы өзіне жақсы таныс болып қалған заттың атын, түсін, тұлғасын, сапасын, белгісін және халжайын сөйлеп беруге енді бұрынғыдай қиналмайды. Олар өздерінің үй-іші туралы , өзі және достары туралы , айналасында болып жатқан тіршілік туралы емін-еркін әңгімелеп бере алады, қысқа әңгіме де құрастырады. Алайда сөйлеу тілінің хал-жайын жан-жақты мұқият тексерген кезде тілге қатысты жүйенің / лексиканың, грамматиканың, фонетиканың/ бір бөлігінің толық дамымауы айқындайтын көрінісі көруге мүмкіндік туады. Бала ауызекі сөйлескенде өзінің тілі келмейтін қиын сөзді, нақышты сөз тіркесін айтпауға тырысады. Егер сондай балалардың

алдарына шарт қойса,онда сөздің және грамматикалық категориялардың қандайын болса да міндетті түрде пайдаланады да, сөйлеу тілінің дамуындағы кемшіліктер айтарлықтай анық көрінеді. Бала сөзді емін-еркін қолданып сөйлегенімен , сөйлеу тілі дұрыс дамымаған қатарластарына қарағанда, өздігінше сөйлем құрастыру кезінде үлкен қиындық береді. Әдеттегідей қиыстыру мен меңгеру қателерінен шығатын аграмматизмдерді дұрыс құрастырылған сөйлемнен де кездестіруге болады. Бұл қателер тұрақты сипат бермейді: грамматикалық тұлғалардың немесе категориялардың әртүрлі жағдайлары дұрыс та, бұрыс та қолданылуы мүмкін. Құрмалас сөйлемді жалғаулығымен және жалғаулықты сөзімен құрастырған кезде қателер жіберілетіні байқалады. Бала сурет бойынша сөйлем құрастыру кезінде қатынасушы кісіні және қимыл іс-әрекеттінің өзін жиң көрсетіп дұрыс атап отырса да, сөйлем құрамына қатынасушы кісінің пайдаланған затының атын кіргізбейді. Сөздік қорының едәуір өскеніне қарамастан ,лексикалық мағынасын толық білмейді /шынтақ, білек, өзен, көл, бұлақ/, бірсыпыра сөздерді дәл түсінбейді және дәл қолданбайды /кесу, кию, пішу/. Лексикалық қателердің ішіндегі көзге түсетіндері төмендегідей: а) заттың атын сол заттың бөлшегінің атымен алмастыруды /ққұла-бас, дөңгелекмашина/. б) мамандықтың атын сол маманның істейтін кәсібімен ауыстырады /әнші-тәте өлң айтады/; в) тектес заттардың меншікті аттарын атамай олардың сыртқы түрлерінің ұқсастығына және тұрмыстағы қолдануларына қарап жалпы атауларымен атайды /қарға- «құс», «қарағай-ағаш»/; г) көлемін білдіретін белгілерінің орын алмастыруы /биік, кең, ұзын,- «үлкен», «қысқа», «кішкентай»/. Бала өз бетінше еркін сөйлесіп отырған кезде заттың белгілерін, күйін қимыл-іс әрекетін білдіретін сын есім мен үстеу сөз таптарын аз қолданады. Бала жеңіл сөздерді сөйлеп дағдыланбағандықтан іс жүзінде көп қолданбай сөздік қоры тоқырап, кедейленіп қалуын әсерінен оған сөздің морфологиялық элементтерін айыруға мүмкіншілік бермейді. Көп балалар жаңа сөздерді қолданған кезде қателерді жиі-жиі жібереді. Шынында да, дұрыс сөздердің жасалуымен қатар кемшіліктері де болады. Мысалы: көрпе-көрпшелік. Осыған ұқсас қателер бірлі-жарымдап тілдері жаңа шығып келе жатқан дендері сау балаларда кездесуі мүмкін, бірақ олар тез арада жоғалып кетеді. Орыс тілінде қателердің көпшілігі тамақтардың, заттардың өсімдіктердің мағыналарын білдіріп, ара қатынасын белгілейтін атынастық сын есімнің жасалуы кезінде болады. Мысалы: стекловый стакан Орыс тіліндегі зерттеулердің нәтижесіне қарағанда сөйлеу тіліндегі зерттеулердің нәтижесіне қарағанда сөйлеу тіліндегі грамматикалық қателердің ішіндегі ең ерекшеліктері төмендегідей:

а) сын есімнен зат есім сөздердің жекеше, көпше түрлерінде және септіктерде дұрыс қилыспады. Мысалы/ книги лежат на большими отолах/; б) сан есім зат есімнен дұрыс қиылыспайды, Мысалы, пять пальцем-пять пальцев; в) жалғаулықтарды қолданғанда кететін қателер: түсіріп қалдырады,алмастырады, толық айтпайды,мысалы: мяч упал из полки-мяч упал с полки; г) сөздің көпше

түріне септік тұлғаларды қолданғанда кететін қателер Мысалы: много дерево-деревьев. III деңгейде сөйлеу тілі дамуы бойынша баланың фонематикалық тілінің жасалуы жасының мөлшерімен салыстырғанда артта қалуы айтарлықтай шамада: олардың сөйлеу тіліндегі дыбыстардың барлық түрлерінің дұрыс айтылмауы әлі де байқалады /сигматизм ,ротацизм, ломбдацизм, үндестік ақаулығы , уяңдануы/. Сөздегі дыбыстардың түсіп қалатын тұрақты қателері, ең қиын сөздердегі буындардың бұзылуы байқалады. Мысалы: велосипед-сипед, милиционер-мисонел. Фонематикалық естуі және түсінуі қабілетінің нашар дамуының салдарынан баланың сөзді дыбыстарға талдау және топтау дайындығы өз бетінше қалыптастыруының нәтижесінде оларға логопедтің жәрдемінсіз мектепте сауатын ойдағыдай меңгеруге мүмкіндік бермейді.[11]. Сонымен, сөйлеу тілі дамуының үшінш деңгейі мынандай кемшілітермен сипатталады: 1. Бала ауызекі байланыстырып сөйлегенде кейбір сөздерді білмейтіндігі және дұрыс қолдана алмайтындығы байқалады. Сөздік қорында көбінесе зат есім, етістік көп кездеседі де сын есім, үстеу таптары аз кездеседі. 2. Тілдің грамматикалық жағының дамымағаны байқалады. Балалар септік жалғауларды ,жұрнақтарды қолдануда қате жібереді. Сөз қзгерту қабілеті мүлдем дамымаған. 3. Сөйлегенде көбінесе тек жәй сөйлемдерді қолданады, құрмалас сөйлемдер сирек кездеседі. 4. Бұл деңгейіндегі көптеген балаларда сөздің буындарын дұрыс айтпау кемшіліктері сақталады да дыбыстың талдау ,жинақтау әдісін меңгеруде қиындық туғызады


**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары / Ы Алтынсарин.- Алматы: ғылым, 1994.- 288 б.
2. Байтурсынов А.Бес томдық шығармалар жинағы.Т.1\.- Алматы: Жібек жолы, 2002.- 208 б
3. Қ.Өмірбекова, Қ.Серкебаев. Логопедия \оқу құралы\ Алматы – 1996.
4. Жукова Н.С., Мастюкова Е.М., Филичева Т.Б. Преодоление ОНР у дошкольников, - М -1989.
5. Байтұрсынова А.А. Арнайы педагогика: проблемалармен даму болашағы. Алматы., 2008. – 228 б.Сулейменова Р. А. «Система ранней коррекционной помощи детям с ограниченными возможностямив Казахстане: проблемы создания и развития», Алматы., 2001. – С. 45.


**ӘӨЖ**

## ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ДІНИ ҚҰРАМЫ


**Абашева Перизат Алпысбаевна**

«Өрлеу» БАҰО» АҚ «Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институты» филиалының кафедра меңгерушісі

**Маханбетова Раушан Жусипбековна**

Қазығұрт ауданы, Б.Момышұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің география пәні мұғалімі

***Резюме***
*В статье рассматривается этническийи численный состав населения Казахстана*
***Summary***
*The article discusses the number and ethnic composition of the population of Kazakhstan*

Қазақстанның халқы — көптеген ұлттардың бірлестігі. Халық сөзі көп мағынаны білдіреді (көп халық келді, халық айтады, қазақ халқы, біз Қазақстан халкымыз...).

Сондықтан, ғалымдар *этнос*, жеке халық (ұлт) түсінігін қолданады. Ал онымен байланыстының бәрін этникалық (ұлттық) деген терминмен атайды (мысалы, этникалық (ұлттық) аумақ). Әрбір ұлттың өз тарихы, тілі, мәдениеті, тарихи отаны болады. Ұлттың бір бөлігі өз елінен басқа жерде тұруы да мүмкін. Оны - *диаспора* (гр. - «шашылған») деп атайды.

Халықтардың шығу тегін, әркелкі орналасуын, мөдениеті мен тұрмыс жағдайын жеке ғылым - *этнография* немесе этнология зерттейді.

*Халықтың ұлттық (этникалық) құрамы.* Қазақстан әлемдегі көп ұлтты мемлекеттердің бірі. Онда тегі, тілі, мәдениеті әр түрлі, бірак тарихи тағдыры ортақ 130 ұлт пен ұлыстың өкілі (этностар) тұрады. Олар:

1) еліміздің негізгі халқы қазақтар;

2) бұрынғы КСРО республикаларында тұратын адамдар тобы (орыстар, украиндар, белорустар мен молдавандар);

3) алыс шет елдерде тұратын адамдар тобы (немістер, поляктар, еврейлер, корейлер, гректер).

*Қазақтар* - елдің байырғы тұрғындары және мемлекетті қалыптастырушы этнос, ал қалған халықтардың өкілдері Қазақстанға әр түрлі себептермен және белгілі бір тарихи кезеңдерде көшіп келгендер. Осыған байланысты, республика халқының көп ұлтты (полиэтностық) құрамы - жаппай көші-қонның нәтижесі.

Мемлекетіміздің негізін қалаушы этнос - қазақтар. Екінші орында орыстар. Халқы 100 мыңнан асатын 6 этнос бар. Осы 8 ұлт бірігіп Қазақстан халқының 96%-ын құрайды.

Халықтардың арғы тегін анықтау үшін ғалымдар әр түрлі классификациялар жасайды. Қазақстанда халықтарды тілдік ұқсастықтарына байланысты классификациялау қабылданған. Этнологтар ондай ұқсастықтың олардың шығу тегінің ортақтығын көрсететінін айтады. Сондықтан тілдік классификация (лингвистикалық) этникалық топ болып табылады.

Бұл классификация 3 сатыдан тұрады. Алғашқы (теменгі) сатысы - жеке халықтар. Екінші (орташа) сатыны тіл бойынша жақын туыстас халықтар тобы құрайды. Үшінші (жоғарғы) саты - әулет — тілдері бойынша туыстас халықтар тобын біріктіреді.

Қазақстан халқының негізгі бөлігі бес тілдік әулеттің - алтай (халықтың 69%), үндіеуропа (30%), Солтүстік Кавказ (0,4%), синотибет (0,3%) және орал-юкагир (0,2%) әулеттер құрамына кіреді. Алтай тіл әулетіндегі ең ірісі - түркі тобы, ал қазақтар - елдегі түркі халықтарының ішіндегі ең саны көбі болып есептеледі. Үндіеуропа әулетіндегі саны бойынша біріншісі - славян тобы, ал ең ірі славян халқы — орыстар.

Дүние жүзіндегі қазақ этносының саны 13,5 млн адам , оның 9,2 млн-нан астам адамы Қазақстанда тұрады. Тағы да 4,3 млн адам қазақ этносы (диаспора), шет елдерде 44 мемлекетте тұрады.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдан бастап шетелдегі қандастарды тарихи отанына қайтару туралы бағдарлама жүргізілуде. Соңғы 20 жылда дәл осындай кең көлемді репатрияцияны 3 мемлекет жүргізеді. Репатрияция Қазақстаннан көшіп кеткен халықтардың орнын толтыруға және қазақтардың үлес салмағын кебейту үшін өте қажет үрдіс. Соңғы сайлау бойынша мемлекетіміздің 2/3 бөлігін солар құрайды. Еліміздегі қазақтардың 1/2 бөлігіне жуығы Түркістан, Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстарында тұрады.

Қазақстанда барлық халықтардың мәдениетін, әдет-ғұрпын, тілін, ұлттық құндылығын қалпына келтіруге және дамытуға жағдай жасалған. Елдің конституциясы оларды тең құқыққа үндеп, ешқандай қысымшылық түрін жасауға тыйым салады. Әр түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы достық қарым-қатынастың дамуы - мемлекет саясатының құрамдас бөлігі болып табылады.

Біздің еліміздегі барлық халықтар өздерінің ұлттық тұрмыс ерекшеліктерін сақтайды. Бірақ оларды мәдени-саяси және әлеуметтік-экономикалық біртұтастық байланыстырады.

Қазіргі кезде Қазақстан халқында өзіндік қазақстандық рух, қазақстандық мінез, жалпы қазақстандық мәдениет қалыптасуда. Оның негізгі сипаттары - ұлттар арасындағы достық пен діндер арасындағы келісім болып табылады.

*Халықтың діни құрамы.* Халықтың ұлттық құрамы мен діни сенімі тығыз байланысты. Олар саяси және әлеуметтік өмірге, тұрмысқа, адамдардың мәдениеті мен әдет-ғұрпына, демографиялық және этнографиялық процестерге әсерін тигізеді.

Әлемдік, яғни Жер бетінде таралған үш дін бар, олар - ислам, христиан және будда діндері.

*Көшпенді* халықты ислам дініне енгізуде Қожа Ахмет Яссаидің рөлі аса зор. Түрік халықтары оны Мұхаммед пайғамбардан кейінгі қасиетті адам ретінде санайды. XIV ғасыр Өмір Темірдің бұйрығымен Яссаидің кабіріне сәулетті кесене тұрғызылған. Ол Қазақстанда бірінші болып Дүниежүзілік *«ЮНЕСКО»* мәдени мұралар тізіміне алынды.

Ресейге қосылғаннан кейін православиялық христиан діні пайда болды. Кеңес өкіметі жылдарында Қазақстанға ондаған басқа халық өкілдері келіп коныстанды. Дәстүрлі түрде олар әр түрлі діндерді ұстанды.

Қазақстан Республикасы - *зайырлы мемлекет*. Конституция ар-ұждан еркіндігін дәріптейді: азаматтардың кез келген дінді ұстануға немесе мүлдем ұстанбауға құқы бар.

*Қазақстан халқы мен өсімі.* Ұлттық статистика бюросы 2021 жылдың қаңтар-тамызындағы Қазақстандағы демографиялық ахуал туралы жаңа деректерді жариялады, деп хабарлайды Egemen.kz.

«2021 жылы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Қазақстан халқының саны 19 миллион 42,1 мың адам, оның ішінде қала халқы - 11 миллион 287,4 мың (59,3 пайыз), ауыл халқы - 7 миллион 754,7 мың адам (40,7 пайыз). 2020 жылдың 1 қыркүйегімен салыстырғанда халық саны 257,1 мың адамға немесе 1,4 пайызға өсті», деп хабарлады.

2021 жылғы қаңтар-тамызда халықтың табиғи өсімі 2020 жылғы қаңтар-тамызбен (162,5 мың адам) салыстырғанда 10,1 пайызға өсті және 178,9 мың адам болды. Табиғи өсімнің жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға шаққанда 14,14 пайыз болады.

Туғандар мен қайтыс болғандар саны

2021 жылғы қаңтар-тамызда дүниеге келгендер саны 296,5 мың адам болса, бұл 2020 жылға қарағанда 8,4 пайызға артық (273,4 мың адам). Туудың жалпы коэффициенті 1000 адамға 23,44-ке сай келеді.

Осы кезеңде қайтыс болғандардың саны 117,6 мың адам, бұл 2020 жылғы қаңтар-тамызға қарағанда 6 пайызға артық (111 мың адам). Өлімнің жалпы коэффициенті 1000 адамға шаққанда 9,3-ке сай келеді.

2021 жылдың қаңтар-тамыз айларында бір жасқа дейінгі 2345 нәресте қайтыс болды. 2020 жылдың осы кезеңінде 2129 нәресте қайтыс болды. Өлім-жітім 10,1 пайызға артты. Нәрестелер өлімінің коэффициенті 1000 дүниеге келген адамға 7,91 болады.

*Көшіп келгендердің саны*

Көші-қон қызметі органдарының деректері бойынша, 2021 жылғы қаңтар-тамызда елге келгендер саны - 6339 адам, елден кеткендер саны - 22685 адам, көші-қон тепе-теңдігі 16346 адам болады.

ТМД елдерінен келгендердің үлесі 84,1 пайызды, көшіп кеткендердің үлесі мигранттардың жалпы санының 86,1 пайызын құрады.

Республика шегінде көшіп келгендер саны 7,3 пайызға ұлғайды.

Қазақстан ішінде азаматтар Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент және Маңғыстау облыстары арасында ауысады.

**Әдебиеттер**


1. Ахмедов К. Экономическая и социальная география Казахстана. А. 1996
2. Сиротенко Н.Г. Менделеев В.А. , Малая энциклопедия стран, М. 2002
3. Холина В.Н. География человеческой деятельности. М. Просвещение 2000
4. Семивенний В.Н. Введение в экономическую географию. Ленинград 1986
5. Интернет мәліметтері

ӘӨЖ

# ОҚУШЫЛАРҒА ТАНЫМДЫҚ ОЙЫНДАР ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА АРҚЫЛЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

**Дуйсебаева Галия Сламхановна**
Шымкент қаласы, №4 Х.Досмұхамедов атындағы жоббм кмм
география пәні мұғалімі

***Резюме***
*В данной статье рассматриваются использование познавательных игр и пути развития экологического образования и воспитания учащихся через народную педагогику*

***Summary***
*In this article is given information to use of cognitive games and the ways of development of environmental education and training of students through folk pedagogy.*

Қоршаған ортаны және табиғатты білікті түрде пайдалана білу біздің дәуіріміздің ең басты мәселелерінің бірі болып отыр. Табиғатсыз адамның күні қараң. Адамзаттың тарихы, дамуы техникалық прогрестің жеделдеуі қоғам мен табиғат арасындағы өзара қатынасты барынша шиеленістіре түсетінін ескерте отырып К. Маркс «Мәдениет егер ол стихиялы дамыса, саналы бағытталмаса өзінен кейін шөл даланы ғана қалддырады» дейді. Бұл пікірдің айтылғанана сан жылдар өтсе де, ол сөз өз мәнін жойған жоқ. Керісінше, қазіргі кезде адамзаттың өмір сүруі үшін аса маңызды мәнге ие болып отыр. Бүгінгі жер тағдыры – ел тағдыры болып отырған табиғатта болып жатқан дағдарыстан туған зардаптар әбден асқынған уақытта біз өзіміз қаласақ та, қаламасақта ата – бабаларымыздың атамекен, туған жер топырағы туралы түсініктеріне таным – талғамдарына ой жүгіртетініміз сөзсіз. Ендеше ата – бабаларымыздың табиғатты қорғау туралы айтып кеткендерін еске түсіріп, терең ойлап, өз өмірімізде бұлжытпай орындап, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде пәрменді құралдардың бірі өсиеттерді білгеніміз жөн. Халқымыздың табиғатқа деген сүйіспеншілігі және оны көзінің қарашығындай сақтап келуі жайында қазіргі ұрпаққа үлгі - өнеге боларлық дана ұғымдар, мақал –мәтелдер, нақыл сөз, аңыз-әңгімелер арқылы жетіп отырған. Сондықтан әрбір ұстаз, әрбір тәрбиеші өзінің күнделікті жұмысында халықтық педагогиканың асыл маржанына үнемі көңіл бөліп, оны тиімді пайдалана білуі тиіс. «Көзіңді қалдыр – бұлақ көзін ашып жүр,
өзіңді қалдыр – бақша өсіріп жаса нұр» деген ата –баба өсиетінде не деген көрегенділік, ақылдылық бар десеңші. Атамыз қазақ жол жүріп келе жатып, аға алмай жатқан бұлақ көрсе, атынан түсіп, көзін ашқан, сонда талайдан бұлқынып жер тепкілеп жатқан бұлақ көзі кеңіп, арна алып, қуана жар салып аға жөнелген. Қазіргі уақытта жас жеткіншектерге осындай ата – баба өсиеттерін жеткізіп, оларды ұғындыру бүгінгі мұғалімдердің басты мақсаты болу керек. Қай заман,

қай ғасырда болсын қазақ халқы дәстүрінде табиғатқа тағылылықпен қарау деген болған емес. Қайта аң, құстардан бастап өсімдіктерге дейін жанашырлықпен қарап, табиғат тұнығын шайқауды обал, өсіп -өнуіне әсер етуді сауап санады. Мысалы ұлы ақын атамыз Абай 18 - қара сөзіндегі табиғат туралы философиялық ой – пікірлері, табиғат заңдылығын пайымдау алумен бірге оған байланысты ғылыми көзқарастарын да танытады. Ол табиғаттың бар байлығы адам баласына азық болып отырғандығын көрсете келіп, өскелең ұрпақты табиғат – ананы аялап, сүйе білуге шақырады. Халықтық педагогикада тәрбие құралдары болып табылатын мақал – мәтелдер, өсиет, нақыл сөздер, ырымдар мен тыйымдарды жүйелі түрде пайдалану баланы ағаттық жасаудан сақтандырып, адамгершілік қасиетке тәрбиелейді. Табиғатты қорғауға байланысты мәнді мақал – мәтелдерді орынды пайдаланған ұстаз – баланы табиғатты сүюге тәрбиелейді.

Мысалы өсімдіктер туралы: *«Қыз елдің көркі, орман-тоғай жердің көркі», «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын», «Бір тал кессең, он тал ек», «Дана көптен шығады, дәрі шөптен шығады», «Көкті себепсіз жұлма, көктей соларсың», «Кыз елдің көркі, гүл жердің көркі», «Тау бұлағымен көрікті, бұлақ құрағымен көрікті»,* ал су қадірі туралы: *«Судың да сұрауы бар», «Су- тіршілік тірегі», «Сулы жер, нулы жер», «Су бар жерде өмір бар», «Су бергеннің сауабы бар, су төккенің жауабы бар», «Су анасы – бұлақ», ал жер қадірі туралы: «Жері байдың елі бай», «Туған жердің топырағы да ыстық», «Ер жігіт туған жеріне, ит тойған жеріне»,* табиғат туралы: *«Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, мұны айтуға табиғаттың тілі жоқ», «Қара жерге не ексең соны орасың, табиғаттан алсаң- қарыз боласың»* деген өсиет сөздерді сабақта кеңінен қолдану керек. Табиғатты қорғау, күту туралы: *«Бұлақ көрсең көзін аш», «Жылап тұрып арық қазсаң, күліп жүріп су ішерсің», «Күте білсең – жер жомарт», «Қара жер қарыз арқаламайды», «Бір тал ағаш өсірсең,еңбегіңнің жанғаны, абзал перзент өсірсең басыңа бақ қонғаны», «Сауаптың ең үлкені- шөлге құдық қазған, өзенге көпір салған және жолға ағаш еккен»* деген сияқты мақал- мәтелдерді жаттату, ел жинау, оларды түрлі сынып сағаттары мен кештерде, түрлі жарыстарда қолдана білуге үйрету, мұғалімдердің міндеті. Бұл міндетті шешу табиғатты қорғау ісіне өз көмегін тигізеді. Сонымен қатар экологиялық тәрбие беруде ойын элементтерін де қолдану керек. Ойын баланың ой-өрісін дамытады. Көптеген ойын түрлері баланы шынықтырып, жылдамдығын арттыруға, табиғатпен сырласуға шақырады. Табиғат аясына шыққан кезде мынадай ойынды ойнатуға болады: 1.әріптерді таратып береміз де сол әріптен басталатын табиғи заттарды тез тауып келіңдер деген тапсырма беру керек. Мысалы: а-ағаш, алма, б-бұтақ, ж-жапырақ, жусан, жалбыз, г-гүл, т-тас, топырақ т.б. Енді тапқан затыңа сипаттама бер, оның адамзатқа тигізер пайдасы мен оны қорғау шаралары туралы айтып бер немесе жазып кел деп үйге тапсырма беруге болады. 2. Мақал- мәтел жарысы: оқушыларды топқа бөліп, табиғатқа оны қорғауға байланысты мақал- мәтел айтудан жарыстырамыз бірінші топ бір шумағын, ал келесі топ екінші шумағын

айтуы керек. 3. Бұл ойынды қыз қуу ойыны ретінде бір ұл мен бір қызды ортаға шығарып жарыстырып ойнатуға да болады. 4. Жұмбақ жарысы: оқушыларды топқа бөліп, бір-біріне жұмбақ жасырып ойнатамыз. Жоғарғы сынып оқушыларына адамзаттың ғаламдық проблемаларының негізгісі экологиялық проблемаларға байланысты рефераттар дайындап келуге тапсырма беру керек. Рефераттың тақырыбын оқушы өзі таңдауына да, мұғалім беруіне де болады. Экологиялық ойлай білу жүйесін оқушыларда қалыптастыру мұғалімнің міндеті болып табылады. Осы міндетті орындау үшін мұғалім жыл бойы жоспарлы түрде экологиялық танымдық ойын сабақтарын, экологиялық тақырыптарға арналған конференция, семинар сабақтарын, эколог мамандарды шақырып кездесу өткізіп, өндіріс орындарына экскурция ұйымдастырып, оны қорытындылап тұру керек. Міне, осындай жұмыстар жас ұрпақтың бойында экологиялық білім жүйесі мен мәдениетінің қалыптасуына әсер етеді. Өзімен бірге жүз мыңдаған құрбандық әкеткен алапат жер сілкіністері мен су тасқындары орта ғасырлар мен салыстырған кезде, соңғы уақытта 5-7 есе жиілепті. Табиғаттың мұндай тосын мінезі адамдардың аяусыз қатігездігі мен тойымсыз ашқарақтығына қарсылығы секілді. Сондықтан, өзімізді қоршаған табиғат байлығын қалыпты жағдайда ұстау - әрқайсысымыздың азаматтық борышымыз. Біз бұл міндетті жас ұрпаққа жеткізе білуіміз керек.

**Әдебиеттер:**


1. К.Ж.Бұзаубақова.Мектептік экология негіздері. Тараз 2000. М.Х. Дулати атындағы Тар МУ баспаханасы
2. География және табиғат журналы 2008 №3
3. География және табиғат журналы 2007 №1
4. М. Шаханов. Ш Айтматов. Құз басындағы аңшының зары.1999. Алматы.


**ӘӨЖ**

## ОҚУШЫЛАРҒА ТАНЫМДЫҚ ОЙЫНДАР ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА АРҚЫЛЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ


**Дуйсебаева Галия Сламхановна**

Шымкент қаласы, №4 Х.Досмұхамедов атындағы жоббм кмм

география пәні мұғалімі



***Резюме***

*В данной статье рассматриваются использование познавательных игр и пути развития экологического образования и воспитания учащихся через народную педагогику*

***Summary***

*In this article is given information to use of cognitive games and the ways of development of environmental education and training of students through folk pedagogy.*

Қоршаған ортаны және табиғатты білікті түрде пайдалана білу біздің дәуіріміздің ең басты мәселелерінің бірі болып отыр. Табиғатсыз адамның күні қараң. Адамзаттың тарихы, дамуы техникалық прогрестің жеделдеуі қоғам мен табиғат арасындағы өзара қатынасты барынша шиеленістіре түсетінін ескерте отырып К. Маркс «Мәдениет егер ол стихиялы дамыса, саналы бағытталмаса өзінен кейін шөл даланы ғана қалддырады» дейді. Бұл пікірдің айтылғанана сан жылдар өтсе де, ол сөз өз мәнін жойған жоқ. Керісінше, қазіргі кезде адамзаттың өмір сүруі үшін аса маңызды мәнге ие болып отыр. Бүгінгі жер тағдыры – ел тағдыры болып отырған табиғатта болып жатқан дағдарыстан туған зардаптар әбден асқынған уақытта біз өзіміз қаласақ та, қаламасақта ата – бабаларымыздың атамекен, туған жер топырағы туралы түсініктеріне таным – талғамдарына ой жүгіртетініміз сөзсіз. Ендеше ата – бабаларымыздың табиғатты қорғау туралы айтып кеткендерін еске түсіріп, терең ойлап, өз өмірімізде бұлжытпай орындап, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде пәрменді құралдардың бірі өсиеттерді білгеніміз жөн. Халқымыздың табиғатқа деген сүйіспеншілігі және оны көзінің қарашығындай сақтап келуі жайында қазіргі ұрпаққа үлгі - өнеге боларлық дана ұғымдар, мақал –мәтелдер, нақыл сөз, аңыз-әңгімелер арқылы жетіп отырған. Сондықтан әрбір ұстаз, әрбір тәрбиеші өзінің күнделікті жұмысында халықтық педагогиканың асыл маржанына үнемі көңіл бөліп, оны тиімді пайдалана білуі тиіс. «Көзіңді қалдыр – бұлақ көзін ашып жүр,
өзіңді қалдыр – бақша өсіріп жаса нұр» деген ата –баба өсиетінде не деген көрегенділік, ақылдылық бар десеңші. Атамыз қазақ жол жүріп келе жатып, аға алмай жатқан бұлақ көрсе, атынан түсіп, көзін ашқан, сонда талайдан бұлқынып жер тепкілеп жатқан бұлақ көзі кеңіп, арна алып, қуана жар салып аға жөнелген. Қазіргі уақытта жас жеткіншектерге осындай ата – баба өсиеттерін жеткізіп, оларды ұғындыру бүгінгі мұғалімдердің басты мақсаты болу керек. Қай заман, қай ғасырда болсын қазақ халқы дәстүрінде табиғатқа тағылылықпен қарау деген болған емес. Қайта аң, құстардан бастап өсімдіктерге дейін жанашырлықпен қарап, табиғат тұнығын шайқауды обал, өсіп -өнуіне әсер етуді сауап санады. Мысалы ұлы ақын атамыз Абай 18 - қара сөзіндегі табиғат туралы философиялық ой – пікірлері, табиғат заңдылығын пайымдау алумен бірге оған байланысты ғылыми көзқарастарын да танытады. Ол табиғаттың бар байлығы адам баласына азық болып отырғандығын көрсете келіп, өскелең ұрпақты табиғат – ананы аялап, сүйе білуге шақырады. Халықтық педагогикада тәрбие құралдары болып табылатын мақал – мәтелдер, өсиет, нақыл сөздер, ырымдар мен тыйымдарды жүйелі түрде пайдалану баланы ағаттық жасаудан сақтандырып, адамгершілік қасиетке тәрбиелейді. Табиғатты қорғауға байланысты мәнді мақал – мәтелдерді орынды пайдаланған ұстаз – баланы табиғатты сүюге тәрбиелейді.

Мысалы өсімдіктер туралы: *«Қыз елдің көркі, орман-тоғай жердің көркі», «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын», «Бір тал кессең, он тал ек», «Дана көптен шығады, дәрі шөптен шығады», «Көкті себепсіз жұлма, көктей соларсың», «Кыз елдің көркі, гүл жердің көркі», «Тау бұлағымен көрікті, бұлақ құрағымен көрікті»,* ал су қадірі туралы: *«Судың да сұрауы бар», «Су- тіршілік тірегі», «Сулы жер, нулы жер», «Су бар жерде өмір бар», «Су бергеннің сауабы бар, су төккенің жауабы бар», «Су анасы – бұлақ», ал жер қадірі туралы: «Жері байдың елі бай», «Туған жердің топырағы да ыстық», «Ер жігіт туған жеріне, ит тойған жеріне»,* табиғат туралы: *«Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, мұны айтуға табиғаттың тілі жоқ», «Қара жерге не ексең соны орасың, табиғаттан алсаң- қарыз боласың»* деген өсиет сөздерді сабақта кеңінен қолдану керек. Табиғатты қорғау, күту туралы: *«Бұлақ көрсең көзін аш», «Жылап тұрып арық қазсаң, күліп жүріп су ішерсің», «Күте білсең – жер жомарт», «Қара жер қарыз арқаламайды», «Бір тал ағаш өсірсең,еңбегіңнің жанғаны, абзал перзент өсірсең басыңа бақ қонғаны», «Сауаптың ең үлкені- шөлге құдық қазған, өзенге көпір салған және жолға ағаш еккен»* деген сияқты мақал- мәтелдерді жаттату, ел жинау, оларды түрлі сынып сағаттары мен кештерде, түрлі жарыстарда қолдана білуге үйрету, мұғалімдердің міндеті. Бұл міндетті шешу табиғатты қорғау ісіне өз көмегін тигізеді. Сонымен қатар экологиялық тәрбие беруде ойын элементтерін де қолдану керек. Ойын баланың ой-өрісін дамытады. Көптеген ойын түрлері баланы шыныықтырып, жылдамдығын арттыруға, табиғатпен сырласуға шақырады. Табиғат аясына шыққан кезде мынадай ойынды ойнатуға болады: 1.әріптерді таратып береміз де сол әріптен басталатын табиғи заттарды тез тауып келіңдер деген тапсырма беру керек. Мысалы: а-ағаш, алма, б-бұтақ, ж-жапырақ, жусан, жалбыз, г-гүл, т-тас, топырақ т.б. Енді тапқан затыңа сипаттама бер, оның адамзатқа тигізер пайдасы мен оны қорғау шаралары туралы айтып бер немесе жазып кел деп үйге тапсырма беруге болады. 2. Мақал- мәтел жарысы: оқушыларды топқа бөліп, табиғатқа оны қорғауға байланысты мақал- мәтел айтудан жарыстырамыз бірінші топ бір шумағын, ал келесі топ екінші шумағын айтуы керек. 3. Бұл ойынды қыз қуу ойыны ретінде бір ұл мен бір қызды ортаға шығарып жарыстырып ойнатуға да болады. 4. Жұмбақ жарысы: оқушыларды топқа бөліп, бір-біріне жұмбақ жасырып ойнатамыз. Жоғарғы сынып оқушыларына адамзаттың ғаламдық проблемаларының негізгісі экологиялық проблемаларға байланысты рефераттар дайындап келуге тапсырма беру керек. Рефераттың тақырыбын оқушы өзі таңдауына да, мұғалім беруіне де болады. Экологиялық ойлай білу жүйесін оқушыларда қалыптастыру мұғалімнің міндеті болып табылады. Осы міндетті орындау үшін мұғалім жыл бойы жоспарлы түрде экологиялық танымдық ойын сабақтарын, экологиялық тақырыптарға арналған конференция, семинар сабақтарын, эколог мамандарды шақырып кездесу өткізіп, өндіріс орындарына экскурция ұйымдастырып, оны қорытындылап тұру керек. Міне, осындай жұмыстар жас ұрпақтың бойында экологиялық білім жүйесі мен

мәдениетінің қалыптасуына әсер етеді. Өзімен бірге жүз мыңдаған құрбандық әкеткен алапат жер сілкіністері мен су тасқындары орта ғасырлар мен салыстырған кезде, соңғы уақытта 5-7 есе жиілепті. Табиғаттың мұндай тосын мінезі адамдардың аяусыз қатігездігі мен тойымсыз ашқарақтығына қарсылығы секілді. Сондықтан, өзімізді қоршаған табиғат байлығын қалыпты жағдайда ұстау - әрқайсысымыздың азаматтық борышымыз. Біз бұл міндетті жас ұрпаққа жеткізе білуіміз керек.

**Әдебиеттер:**

1. К.Ж.Бұзаубақова.Мектептік экология негіздері. Тараз 2000. М.Х. Дулати атындағы Тар МУ баспаханасы
2. География және табиғат журналы 2008 №3
3. География және табиғат журналы 2007 №1
4. М. Шаханов. Ш Айтматов. Құз басындағы аңшының зары.1999. Алматы.

**ӘӨЖ**

# ИСЛАМНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫНЫҢ ТАРИХИ ЖАҒДАЙЛАРЫ

**Сартаева Роза Талгатовна**
*Алматы қаласы, Алатау ауданы*
*№149 ЖББ мектебінің тарих пәні мұғалімі*

***Резюме***
*В данной статье отражены существующие концепции о зарождении ислама*
***Summary***
*This article reflects the existing concept of the birth of Islam*

Әлемде үш дін адамзаттың мәдени қазынасы деп танылады. Олар: будда діні, христиандық және ислам діні.

Ислам бұлардың қатарындағы жаңа әрі жас дін. Бүгінде жер жүзінде шамамен бір миллиард жүз жетпіс мыңдай адам осы дінді ұстанады. ХХ ғасырда ислам дінін тұтушылар саны екі есеге жуық өсті. Бұл біріншіден, ислам діні тараған регионлардағы демографиялық жағдайларға байланысты болса, екіншіден басқа діндер тараған дәстүрлі аймақтарда адамдардың ислам жолына бет бұруынан болып отыр.

Ислам араб тілінен аударғанда *"бой ұсыну"* деген мағынаны береді. Ислам және мұсылман (муслимун - бой ұсынушы ерлер, муслиматун - бой ұсынушы әйелдер) сөздерінің түбірі бір.

*Ислам - монотеистік дін.* Ол мейірімді және қайырымды Аллаға ғана сенуді уағыздайды. Бүкіл әлемді - көк пен жерді жаратушы - Алла. Барша әлем тек соның хұзырында. Алла болмаса әлем сол сәтінде жоқ етілер еді. Адам баласының фани (жалған) дүниеде жасаған жақсылық-жамандығын таразылаушы, заманның ақырында оларға осы қылықтарына қарай рахым жасаушы немесе

жазалаушы бір Алла. Барлық өлгендер заманақырда қайта тіріліп, соның алдына жауапқа келеді.

Ислам - адам баласына аян жолымен келген дін. Қасиетті Құран аяттары жиырма үш жыл бойында Жебірейіл періште арқылы Мұхаммед пайғамбарға жеткізіліп тұрған.

Ислам діни ғұрыптарды және дүниелік мәселелерді шариғат жолымен реттеп отырады. Ол сөзсіз орындалуы тиіс мұсылмандық парыздарды және орындағаны қосымша сауап болатын *сунна* жолдарын айқындайды, жоғары адамшылыққа, еңбекке әрі білімге уағыздайды және *Құран-Каримдегі (Қасиетті Құран) аяттар мен пайғамбардың хадистері* арқылы соның ережелерін белгілейді.

Исламның өзге әлемдік діндерден айырмасы - оның айқын рәміздерінің болуы. Мұсылманшылық екі сенім негізі бойынша құрылған: біріншісі - *Алладан басқа құлшылық етілетін тәңірдің жоқтығына;* екінші -*Мұхаммедтің (ғалайһиссаламның) Алла тарапынан бүкіл адам баласына жіберілген пайғамбар екендігіне сену*. Сондықтан "Алладан басқа (тәңір) жоқ, Мұхаммед оның елшісі, араб тілінде "Ла илаһа иллаллаһ Мұхаммадүр-Расулүллаһ," - деген мүбарак қағиданы тілімен айтып, көңілімен бекіткен адам ислам дінінде болып саналады. Бұл сенімді (символды) *Иман*, сенушіні *Мүһмин* деп атайды.

Нағыз ислам жоғары мәдениетті және гуманистік идеяларды насихаттайды. Мұхаммед пайғамбар өзінің хадисінде: "Дінде зорлық жоқ" - деген. Яғни, ислам дініне біреуді мұқтаж ету немесе пайдасын беріп, енгізуге жол жоқ. Әр пенде исламды өз еркімен, өзінің қалыбымен (жүрегімен) қабылдауы тиіс.

Біздің дәуіріміздің VII ғасырында Таяу Шығыстың жүрегі аталатын Араб шығанағында саяси және діни тұрақсыздық орын алды. Көшпелі және отырықшы араб тайпаларының бас араздығы салдарынан бір кездегі қуатты мемлекеттер ыдырап, аймақтағы ықпалынан айрылып қалды. Оның халқы теріскейінде негізінен христиандықты, оңтүстігінде иудаизм мен көпқұдайлықты уағыздады. Бұл жиі әскери қақтығыстарға соқтырып отырды.

Ол кездері Африка мен Йеменнен Палестинаға және Месопотамияға өтетін сауда жолы қуатты Византия империясы мен Сасанидтер Иранын, Химьярит және Аксум патшалықтарын байланыстырып тұратын. Осы сауда жолы бойында орналасқан Мекке қаласы араб жұртында біртіндеп алға оза бастады. Оның маңында жыл сайын өтетін сауда жәрмеңкесіне барлық араб тайпалары жиналып, бас қосатын болды.

Жәрмеңкеге жиналатын айда соғыс қимылдарына тыйым салынды. Бұл ай араб жұртының басты діни орталығы -Меккедегі Қағбаға құлшылық жасау мерзімімен орайластырылды. Бұл ай зуль-Хиджа, яғни *хажылық айы* деп аталды. Демек, оның әуел бастан дүниелік маңызынан діни маңызы айқынырақ болды. Араб тайпалары қай дін жолында болмасын осы айда Меккеге сапар шегуді

өздеріне міндет санады. Ислам діні кейбір ғылыми орталарда "Ибраһим діні" деп те аталады.

Меккедегі қасиетті Қағба, Зәмзам құдығы, Сафа және Маруа таулары - бәрі осы Ибраһим есімімен байланысты. Осыдан хажылық сапарында Қағбаны жеті айналып шығады. Олар осымен қатар өзге де толып жатқан құдайларға тағзым етті. Мәселен біздерге Манат, Лат, Узза деген әйел құдайларының есімдері белгілі. Қағбада осылардың және басқа да құдайлардың мүсіндері қойылды. Сонымен қатар VI-VII ғасырда ханиф ілімі (жалғыз құдайға илану) кең тарай бастады. Мұны түптеп келгенде саралы діни ілім деуге де болмайтын еді. Одан араб тайпаларының монотеистік дінді орнықтыруға деген ұмтылысы басымырақ көрінді.

Ханифшілер иудейлік және христиандық үлгілерімен бір құдайға табынуды жақтады. Бірақ олар күмәнді болды. Әдетте басымдыққа ие болған тайпа көсемі немесе мемлекет басшысы бір дінді қалап, соны уағыздайтын. Яғни дін күшпен орнап, сол күштің, саясаттың қызметшісі болатын. Ал VII ғасырдағы Араб елінде оқиға мүлдем басқа жолға түсті: жаңа, хақ дінді саясатшы көсем емес, дін уағызшысы, Алланың елшісі насихаттап, Атлантикадан Үнді мұхитына дейін созылып жатқан аса қуатты мемлекет-Араб халифатын орнықтырды.

Адамзат тарихында осындай ересен бетбұрыс жасаған Меккедегі аса беделді құрайыш тайпасының Әшім әулетінен шыққан Мұхаммед пайғамбар еді.

Ислам "Мұхаммед пайғамбарлардың мөрі"- деп атайды. Өйткені ислам діні адамзат баласына келген және келетін ең соңғы хақ дін, Мұхаммед Алланың соңғы елшісі саналады. Осыдан соң пайғамбарлық тынады, халифтер (ізбасарлар) келеді.

Мұхаммедтің өмірі: ақиқат пен аңыз. Әшім, одан соң, оның баласы Әбд-әл-Мүталлиб Қағбаның шырақшылары, аса беделді, саликалы адамдар болды. Әбд-әл-Мүталлибтен Әбу-Тәліп, Әбу-Лахаб, Ғаббас, Хамзажәне Әбдаллаһ деген ұрпақтар өнді. Әбдаллаһ өте көркем еді, ол құрайыш тайпасынан Әмина атты қызбен некелескен, осы некеден Алланың рахымымен рабиғүл-әууәл айының он екінші кешінде, бейсенбі күні, (23 маусым) 571 миллард жылында Мұхаммед ғ.с. пайғамбар дүниеге келді. – Мұхаммед ғалайһисаламның дүниеге келуі туралы ақиқат пен аңыздың арасы пышақ жүзіндей, ажырату өте қиын. Тіптен оның туған айы-күнінде шүбә болмаса, жылы кейбір деректерде 570 деп көрсетіледі. Бұл мынадай оқиғаға байланысты: 570 жылы (миллард немесе жаңа жыл санау бойынша) заратуштралық Иранмен соғыстағы христиандық Византияға Аксум патшалығы  жәрдемге келді. Ол Хиджаз жазығы арқылы өтіп, жолында Мекке қаласын қоршауға алды. Меккеліктер Аксум әскерінің жауынгер пілдерінен түршікті. Бұл олардың бұрын көрмеген хайуаны еді. Осыдан Меккенің қоршалған жылын арабтар "піл жылы" деп атап кетті.

Меккені қамауға алған бірінші түнде-ақ аксумдықтар арасында апат ауру тарап, әскері қырыла бастады, қорыққан дұшпан Меккені тастап қашты. Иран

шахы шаттануы тиіс еді. Бірақ осы түні оның сарайында кереметтер болды: Заратуштра құрметіне жағылған мәңгілік шырақ кенет өшіп қалды, ал парсының бас қазысының түсіне ноқта көрмеген атанды бір арабтың мұрындықтағаны кірді. Түн күндей жарық болды. Осы түнде дүниеге Мұхаммед келді. Осы аңызды негізге алсак, Мұхаммед 571 жылы дүниеге келген болады. Мұхаммедтің бірінші әйелі - Хадишаның жасы туралы да дерек екі түрлі.

Ислам кітаптарында Мұхаммед жиырма бес жасында үйленді, әйелі он бес жас үлкен, бай саудагердің жесірі еді десе, европалық дінтанушылар Хадишаның осы некеден бес бала көтергенін алға тартып, оның жасын жиырма сегізде еді деп көрсетеді. Шындық сол - Хадиша төрт қыз және Қасым атты бір ұл бала көтерді. Осыған қарап кейде Мұхамедті Әбу-Қасым - Қасымның әкесі деп те атайтын. Бірак, пайғамбардың көзі тірісінде Фатимадан өзге балалары тегіс дүние салды. Қалай болғанда да ақиқаты -пайғамбарымыз бен Хадишаның некесі үйлесімді, абыройлы болды, араб дәстүрі рұқсат етуіне қарамастан Мұхаммед Хадишаның көзі тірісінде оның үстінен әйел алған жоқ.

Пайғамбардың туылуынан екі ай бұрын әкесі, туғаннан кейін алты жасында шешесі дүниеден қайтты. Сегіз жасына дейін атасы Ғабүл-Мүтәліптің, одан соң немере ағасы, төрт шын абзал халифтің бірі - хазірет Әлінің әкесі Әбу-Тәліптің қолында тәрбиеленді. Ол балалық шағынан адал, шыншыл еді. Осыдан оны көбіне "Мұхаммадүл-Әмин", "Сенімді Мұхаммед" деп атайтын.

Мұхаммедтің балалық шағы туралы діни аңыздар былай дейді: ол замандарда қала тұрғындарының жас нәрестенің таза ауамен тыныстанып, табиғат ортасында еркін өсуі үшін қала сыртын мекендейтін тайпалардың әйелдерінен сүт-ана тауып, кесімді мерзімге соған табыстау салты болатын. Мұндай әйелдер Меккеге келіп, емшек сүтімен асырайтын нәрестені өздері таңдап алар еді.

Келушілердің көбінің назары Әминәнің перзентіне тоқтамады. Солардың ішінен Халима есімді әйел ғана кеңілін Мұхаммедке бөлді. Оның тұрмысы төмен еді. Бірақ, Мұхаммедті бауырына алғаннан ризығы артты, құдығы суалмады, жері көктеп тұрды, ақ мол болды. Бала үш айында аяғын басатын болды, жеті айлығында жүгіріп кетті, тоғыз айында адам таң-тамаша боларлықтай есті сөздер айтар еді. Үш жасына келгенде далада ойнап жүрген жерінен екі періште адам кейпінде келіп оның кеудесін ашып, жүрегін ұйыған қаннан, Адам-Атадан бермен келе жаткан бастапқы күнәдан тазартты, оған иман нұрын салды.

Діни кітаптарда Мұхаммедке пайғамбарлық қырық жасында келді, деп жазылады. Оған дейін ол Дамшаққа дейін керуен тартып, көп жерлерді көрді, көп адамдармен дидарласты.

Ол Хира тауына оңашаланып, терең ойларға берілді. Осындай оңаша сәттерінің бірінде оған үн келді. Ол "оқы" деп әмір етті. "Мен нені оқимын?" деді. Сонда құлағына Құранның беташар аяты келді. Мұхаммед ғажаптанып жан-жағына қарады. Қайда мойын бұрса да, алдында адам бейнесіндегі Жебірейіл періште тұрды. "Мұхаммед! Сен Алланың елшісісің? - деді ол. Осыдан кейін де,

ол бірталай уақыт күмәнді болды. Бірақ, Жебірейіл арқылы Алладан тағы аяттар аян болды. Хадиша оны мұның бәрі жаратушы хақ тағаланың әмірінен екендігіне сендірді. Өзі мұсылман болды. Мұхаммедтің пайғамбарлығы осылай басталып, адам баласын адамшылық нәрімен сусындатты, қияметке дейін сөнбейтін ғылым, білім, мәдениет күнінің шырағы бүкіл дүниені нұрландырды.

Ол ислам дінін үш жыл құпия таратты. Кейін Алланың әмірімен халықты тура жолға ашық шақыра бастады. Бірақ, рухтары дүниялық пиғылдармен қарайып қалған дін дұшпандары пайғамбарға қиянат жасап, қастандық ойлады. Бұл кезде оның сүйікті зайыбы - Хадиша мен қамқор ағасы Әбутәліп дүниеден озған еді. Осы уақытында ол Йасрибтің (Медина) хазрадж тайпасынан өзіне жақтастар тапты. Олар Мұхаммедті жаңа дінді таратып, қауымға басшы болуға шақырды. Бұл қауым кейінде ансарилер (көмекшілер) деп аталып, дін жолында қарымды істер жасады. Осылайша Мұхаммед Алланың әмірімен он үш жылдан соң ол ізгі жолға түсушілерді бастап, Медина қаласына көшті. Бірақ, көш алдында "Исраһа-л-миғраж" аталатын ерекше оқиғаны бастан өткерді. Қағбаның маңында тыныстап жатқан Мұхаммедке Жебірейіл періште келді. Ол әл-Барак атаған бір жануарды келтіріп, соған отыруға бұйырды. Көзді ашып-жұмғанша Хебронда, Вифлеем мен Иерусалимде болды. Осында Ибраһим, Мұса, Ғайса пайғамбарлармен мінажат етті. Содан соң көкке ұшып, Алланың дәргейінде болды. Оқиғаның жылдам болғаны соншалық еді - ол қайтып оралғанда, төсегі де суымаған, қисайып құлаған құмырадан сүт тамшылап үлгермеген...

622-жылы жиырмасыншы қыркүйекте (бір деректерде он алтыншы шілдеде) Мұхаммед пайғамбар Йасриб қаласына көшті. Осымен ислам тарихының жаңа беті ашылды. Мұсылмандық жыл санау — *хиджра* басталды. Йасриб қаласы Мадинат ан-наби - Пайғамбар қаласы деген ат алды.

Бертін келе, ол жай Медина, яғни "қала" аталып кетті. Хиджраның екінші жылында тұңғыш мешіт (масджид) -Пайғамбар мешіті тұрғызылды. Мұхаммед пайғамбарға Меккеден көшкенде жүз жиырма адам ере келген еді. Бас-аяғы сегіз жылдан соң, ол Меккеге он мың қол бастап аттанды.

**Әдебиеттер:**


1. Мехмет Соймен. Ислам дінінің негіздері. - Анкара, 1999 ж. - 144 бет.
2. Мұхаммед пайғамбарымыздың хадистері. - Алматы "Жазушы" - 1993.- 64 бет.
3. Ислам. Энциклопедия. /Бас редактор Р. Нұрғалиев. -Алматы "Қазақ энциклопедиясы" Бас редакциясы, 285 бет.
4. Әбсаттар Дербісалиев. Қазақ даласының жұлдыздары (тарихи-филологиялық зерттеу). - Алматы "Рауан" - 1995-238 бет.
5. Тәуелсіздік және мұсылмандық.// Ғ. Есім. Сана болмысы. - Алматы: Ғылым, 1996-1998


**ӘӨЖ**

## З.СӘНІК ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮР ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

**Карибаева Нуржамал Шалдаровна**
Түркістан облысы, Отырар ауданы
"Шеңгелді шағын жинақты жалпы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мектеп директоры, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

***Резюме***
*В данной статье рассматриваются разнообразия жанра поэзии в казахской литературе*
***Summary***
*This article discusses the diversity of the genre of poetry in Kazakh literature*

Қазақ әдебиетіндегі проза саласындағы көркемдік ізденістер ағымдар мен бағыттарды зерделеуде, көбінесе алдымен ғалым М.Базарбаевтың: «Әдебиет пен көркемөнердегі жаңалықтар бейнелеудің жаңа амал, әдістері арқылы көрінуі заңды. Прозаның поэтикасын терең зерттеп қарастырғанда бейнелеу амал, тәсіліне ең алдымен көңіл бөлінеді. Мұның бәрі образдылықтың жолдарын, сан қырлы әдістерін аңғартпақ» [1, 32 б.]. деген тұжырымына сүйенеді.

Уақыт керуені алға жылжыған сайын әр дәуірдің әдебиеті де өзгеріске ұшырап, ілгері дамып отыратыны даусыз. Әр заман әдебиетінің өзіне лайық үні бар. Адам баласының көркем бейне жүйесінде ойлауы, дүниені образбен танып баяндау, суреттеу өнері де тоқтаусыз дамып, жаңаланып отыратыны баршаға аян.

Біз қарастырғалы отырған З.Сәнік шығармаларында тілдік материалдарын (қытай қазақтарының) белгілі бір әлеуметтік ортаға, тарихи бір кезеңге, өзі таңдаған әдебиеттің, оның ішінде прозаның белгілі бір жанрларына қарай үйлестіреді. Ашып айтар болсақ, тарихи стиль тезіне салып, автор өзі суреттеп отырған кезеңге тән зат, бұйым, құбылыс, әрекет атауларын келтіру, кейіпкерлерін мүмкіндігінше сол кезеңдегі тілдесім үрдісімен сөйлету, тарихи оқиға, тарихи тұрғалар, т.б. үдесінен шыққан. Сонымен бірге, Б. Майтанов атап көрсеткендей шығарманың «...жазылу процесі мен талғампаз қауымның талап үдесінен шығу кезеңдері, жаңа замандар талабымен тайталасу шақтары сияқты толып жатқан мәнді де, тағлымдық сырлары» [2, 132 б.]. да маңызға ие.

Әдебиеттегі ұлттық дәстүр мен жаңашылдық мәселесі қашанда суреткер алдында маңызы үлкен шығармашылық ұстанымы ретінде өмір талабынан туындайды. Жаңа әлеуметтік санадағы өзгерістерді суреттеп көрсетуде жаңа ізденістерді қажет етеді.

Осы ретте, ұлттық көркем шығармада дәстүріміздің тұрақты түрлері де, ұлттық психикаға, мінез-ғұрыпқа байланысты алуан көріністерінің жиынтығы да маңызды қызмет атқарады. Өйткені дәстүр, әдет-ғұрып, үрдіс, дағды кең мағынасында адам мінезі мен тіршілігіне байланысты қанға сіңісті қылықтары. Соған сәйкес ол әсте жоғалып кете қоймайды.

Дәстүр мен жаңашылдық мәселелерін бүгінгі әдебиетте кеңірек ауқымды қарастыру ұтымды жақтары мол. Себебі қай заманда да қай халықтың болса да әдебиеті жаңа арнада даму үстінде. Оның ішінде табиғатынан төлтумалық

әлеуетімен ерекшеленетімізді ешкім жоққа шығара алмайды. Сонымен қатар ескі, көне дәуірден бері сақталып келе жатқан құнын жоймайтын калорит түзуші лексикалық қоры да мол. Осы ретте, М.Базарбаев өзінің еңбегінде Белинскийдің мына тұжырымын келтіреді: «Барлық қауымға бірдей түсінікті тілі жоқ халық болады деу қиын; сондай-ақ, өзіне ғана тән айрықша дәстүрлері жоқ халық болады деу онан да қиын. Бұл салт, дәстүрлерді елдің табиғатына қарай тігілген киім-кешектерден көруге болады, түбірлі халықтың нанымында сенімінде және жалпы ұғымында жататын от басындағы от басындағы көне қоғамдағы өмірінің түрлі формаларынан көруге болады... Салт, дәстүрлер көнелігімен берік; уақыт елегінен өткен сайын нығая бермек, әрі рудан руға, буыннан буынға, атадан балаға мұра ретінде жалғаса өтіп отырады. Олар халықтың сыр сипатын байқатады...» [1, 43 б.]. Мұндағы айтпағымыз, халқымыздың өмір тануы, оны қабылдауы өзі тұратын ортаға, қоғамдық ортасына, географиялық ерекшелігіне, табиғатына байланысты оның образды ойы да, көркемдік түсініктері де жоғарыда айтылған оймен тығыз сабақтасады. Соған сәйкесінше, халықтың күнделікті тыныс-тіршілігіндегі ғасырлар бойы танымал болған дағдыға айналған әдіс-айласы іспетті әдебиеттегі көріктеу құралдары да сондай етене жақын болып кеткен образ бейнелерді молынан кездеседі.

Дәстүр деген сөздің көптеген қоғамдық, тұрмыстық қатынастағы іс, қылықтарды білдіретін мағына екенін, бұл ретте, оның философиялық, этнографиялық бағытта қаралуы тиіс екенін байқау, екіншіден, ұлттық дәстүрлер ұзақ ғасырлар бойы түзіліп, орныққан нәрсесі болғандықтан халықтың көркем творчествосында оның айқын ізі, әсері болатындығы. Яғни, жазушы З.Сәнік ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрге қатысты сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс танып, қолдануында, оған қоса, ежелден қазақ ұғымының маңызды факторлары болған табиғат пен қауымдағы типтік көріністерін суреттеуде асқан шеберлік танытқаны байқалады.

Әдебиетіміздегі дәстүр де, жаңашылдық та бейнелі ой мен көркемдік қиял өмірдің құбылыстарын дұрыс танып, көңіл көрігінен өткізіп, дұрыс екшей алғанда ғана халық мәдениетінің тегі мен әсер өрісін дұрыс аңғратпақ.

Түпкі тамыры осылайша әріде жатқан әдебиеттегі дәстүрдің әрбір ұлттық мінез-құлқымен психикасына сәйкес түзілген ұлттық белгі, ерекшелік ретінде ұзақ өмір жасауы заңды. Уақыт өткен сайын халықтың рухани жағынан өсуіне, мәдениеттің түрлі салада дамуына сай дәстүрлік белгілер, бірліктер де ұшталып, тарамдалып, алмастың алпыс алты қырындай әр қырынан байқала бермек. Халықтың әлеуметтік тіршілігіне қарай ескі дәстүрлер кейбіреуі жаңарып, мән-мағынасы бұрынғыға қарағанда кеңейеді. Бейнелеу құралы ретінде атқаратын қызметі де өзгереді, немесе күрделене түседі. Дәстүр деп түйген дүниеміздің өзі бейнелеу құралы ретінде формалық, түрлі қызмет атқарады. Бірі көнелене түссе, енді бірі жаңа сипат алады. Дәстүр осы тұста белгілі ұлттық әдебиетіміздің ішкі сырын, сапалық қасиетін аңғартуы себепті мазмұндық рөльде танылса, бейнелеу,

образ жасау амалы жағынан белгілі шығарманың, туындының формасы, түрі секілді қасиеті ретінде де байқалмақ.

Дәстүр мен жаңашылдық, әсіресе, шеберлікке, көркемдікке байланысты көптеген мәселелерді сабақтас қарап, жоғарыда олардың тығыз байланыстылығында. Дәстүр мен жаңашылдық, мәселен, творчестволық шеберлік жайттармен қатар, замандас бейнесін жасау дегенді де қатар қояды.

Жаңашыл әдебиеттің бұрынғы дәстүрге қосып, мықтап ілгері, дамытқан саласы осы заман адамының, замандас бейнесін жасау. Уақыт талабына сәйкес замандас бейнесі өзгеріп отырады. Бұл ұғымның атқаратын қызметі де өзгерді. Оның қоғамдық, саяси мемлекеттік сипаты да орасан зор маңызға ие.

Осы тұста, автобиографиялық туындылар проза жанрында көп емес. С.Мұқановтың «Өмір мектебі», Ғ.Мұстафиннің «Көз көрген» романдары, Б.Момышұлыны «Ұшқан ұя» повесі, т.б. З. Сәніктің «Басбай» романы осы қатарды толықтырады. Сонымен бірге, Ы.Алтынсариннің «Атымтай Жомарт» әңгімесіндегі дәстүрдің жалғастырады...

Қытай қазақтарының ғасырлық өмірінен дерек беретін З.Сәніктің «Басбай» романының басты кейіпкері, осы заманның Атымтай жомарты Басбай Шолақұлы өмірде болған адам. Ол 1950 жылы Кореяға бір аэропалан көмекке беріп, қыруар жоқ-жітікке ұлты мен ұлысына қарамай құшағын жайып, қайырымдылық жасаған.

Ал шығарманың басты кейіпкері Басбайдың айтқаны мен істеген ісі сәйкес келіп, нағыз адам бейнесінде болып күрделі кезеңде өмір сүргені, барша адамзат баласын кеш құшағын жая, бауырына басып, жомарттық танытқаны тарихи шындық. Жазушы осы тұста, өзі өмір сүрген кезеңдегі қоғам өміріндегі шындықты бүкпесіз, сезім толғаныстары, сипаттаулары, ойталқылары арқылы танытады. ..Автордың таңдап алған тақырыбы, өз ортасындағы замандас келбеті, адамгершілік мәселесі қазіргі таңда да сынға түсіп тұрған шақ. Бұл проблема қай дәуірде де өз құндылығын жоймақ емес. Ал Басбай сынды алдыңғы қатарлы ел ырысына, қолына ұстар туына айналып отырған жомарт жандардың ізін жалғастырушылар қазақ сахарасында қазір де баршылық. Кейінгі буын өкілдері де осындай кейіпкерлермен жолығары ақиқат.

Сол қытайдағы қазақтардың жиырмасыншы ғасырдың бірінші жартысындағы коммунистік жүйе тұсындағы тұрмыс-тіршілігі жан-жақты суреттеледі.

Ғұмырнамалық шығарма болғандықтан деректілікке негізделген. Яғни шығарма өмірлік деректерге, орын алған нақты фактілерге құрылған.

Ал, «Сергелдең» тарихи романы өзіне дейінгі дәстүрлі әдебиетімізге тән классикалық үлгіге құрылған. Сол дәстүрлі әдебиетіміздегі қордың мол қазынасын пайдаланып қана қойған жоқ, жосығы бөлек жаңа леп, соны ой әкеліп қосып отырғаны байқалады. Жаңашылдығы неде? Әдебиетімізге нендей жаңалық әкелді? Осы ретте, З.Сәнік біздің жыл санауымызға дейінгі кезеңдегі оныншы ғасырдағы бабалар тарихы туралы сөз ететін қызықты деректер

галереясын алдыңызға жайып салады. Сол ұлт тарихында маңызды есептелетін тарихи құнды деректермен таныстырып қана қоймайды, әдебиетіміздің алтын қорына мазмұны жаңа әпсанасын әкеліп әдебиетіміздің дамуына өз үлесін қосып отыр. Оны біз Б.Сәнік шығармашылық мұрасын зерттеуші Ж.Мәмбетовтің «З.Сәніктің шығармашылық мұрасы» атты зерттеу еңбегінен ұшыратамыз. Әдебиетімізге қосқан бірден-бір зор үлесі осы тұсында. Сонымен қатар, тілдік қолданыстарында да соны тіркестерімен ұшырасамыз. Сонымен бірге С.Сәнік «Сергелдең» романын мифтік аңыздармен көркемдеп отыруды да ұмыт қалдырмаған. Бұл дәстүр де қазақ жазушыларының ішінде Ә.Кекілбаев, О.Бөкей, С.Жүнісов, т.б.орын алған.

З.Сәнік басты ерекшелігінің бірі өз халқының тарихын тамыршыдай тап басып, дөп тауып, сонау есте жоқ ескі заманнан, яғни, орта ғасырдан бергі қарайғы дүбірлі оқиғаларға толы кезеңді қамтитын, ел есінде қалған тарихи тұлғаларға үн қосып, олардың көркем бейнесін халық жадында мәңгіге қайта жаңғыртып, ұлттық нақыштағы сөзбен сомдағанына шүбә келтіре алмасың анық...

З.Сәнік қазақстан тарихымен бірге әдебиетіміздің қоржынын да құнды деректер қосып отыруымен ерекшеленеді. Сөзіміз дәйекті болуы үшін, З.Сәніктің зерттеулеріндегі мынадай қызықты деректерін беруді жөн санадық: «Біз Аманжол Жақыпұлының «Құлагер» поэмасындағы Сағынайдың асы – Сүлейменнің асы, Ақан – Әсет, Құлагердің үстіндегі бала – Илиястың өзі. Жықан палуаны – Әбділдабек, Құсақ көлі – Алакөл, бұлар символ»деген тұжырымына қосылатынын көрсетеді. Сондай-ақ, Арқа жеріне Құлагерге арнап сәулетті мүсін тұрғызған белгілі қаламгер Сәдібек Түгелұлы Арқа жеріндегі Сағынайдың асы 1843-1913 жылдар аралығында жасаған адам. Сол кезде Ақан сері 33 жаста, астың жуан ортасында Ақан серінің болуы шындыққа жанасады. Ал осы уақиғаны жырлаған ақын Илияс 1894-1938 жылдар аралығында жасаған. Яғни Сағынайдың асы кезінде Илияс ақын әлі өмірге келмеген, өзі өмірге келуден жиырма жыл бұрын өткен асты оның оншалық терең әрі жеріне жете біліп, нақышына келтіре жырлауы мүмкін емес. Ал Сүлеймен бидің асы 1908 жылы өткізілген, оған Арқа мен Жетісу өңірі түгел қатынасуымен бірге, сонау ұлы жүз, кіші жүз елінде көңіл жетер ағайын-туыс, жұрат-жекжат түгел шақырылған. Әсіресе, сол кезде Қаракерей-Байжігіт елімен қарым-қатынасы түзу әрі туыстық жағынан да жақындау болып келетін Матай елінің Маманның Тұрысбегі бастаған игі жақсылары сол кезде бүкіл орта жүзге төбебасы болып,, дәурендеп тұрған Сүлейменнің асына салтанатпен – балуанын шынжырлап, бәйгелерін үкілеп, асқа арнаған жылқыларын үйірімен айдап барғандығы жөніндегі хикаяларын біз көп естідік. Бұл елдің Арқа жеріндегі әлдекімнің асына соншалықты салтанатпен барғандығы туралы ешбір дерек жоқ. Құрбанғали Халидидың жазуына қарағанда, 1780 жылдардағы Абылай асынан кейін екі нәрсеге тыйым салынған... Сол тыйым салынған нәрсенің екінші бірі – салтанатты ас беру салты. Сол себепті ол:

«Сүлеймен бидің асы Абылай асынан кейін қайтадан қалпына келтірілген ұлы ас болды» [3, 140 б.], – деп көрсетеді.

Одан әрі «Біз Арқа жеріндегі Күрсары керей Сағынайдың асы туралы да зерттеу жүргізіп көрдік. Мәшһүр Жүсіп шығармаларының 13-томының 196-197 беттерінде «Толыбай» ұранды керей Сағынай асына сауын айтып, Арқаның елін шақырған соң, арғынның Саққұлақ шешен бастаған үлкен бір тобы асқа 100 үй тігу туралы талап қойып, жақындап барып, ауылға түспей, қыр көрсетеді. Сол қатарда Әлімбек, Серкебай дегендер төбелес шығарды.Ас бүлінетін болған соң керейдің Жөкен Айдарке деген болысы үйді молайтып тіктіріп, атақты Мұса Шорманға Сағынайдың сар жорғасын тұлдап апарған соң барып, Мұса Шорман бұлардың басын қосып, асты Мұса Шорман басқарған... Бұл Сағынайдың асы, қазақта, орта жүзде бұдан үлкен ас болмаған». Жазба деректердің бар-жоғы осы. Асқа шақырылған елдің көлемі, астың салтанаты, ондағы өнер жарыстары, ағалаған балуандары мен бәйгелері, ондағы ақын жырлары мен аңыз-хикаялары туралы ешнәрсе айтылмайды. Бұл асқа әрең 100 үй тігілген, ал Сүлеймен бидің асына 300-дей үй тігілген...» [3,141-143 бб.].

Түйіндеп айтқанда, З.Сәнік тілімен айтқанда, Құлагерде сөз болатын ас – Сүлейменнің асы, ондағы сөз болатын қазақы салт-дәстүр, өнер жарыстары, палуан, бәйге де Сүлеймен бидің асында болған оқиғалар, Құлагердің үстіндегі бала – 12-13 жасар Илиястың өзі, Құлагер образын жасау үшін, өзі көрген астағы ғажайып оқиғалармен ұштастырған деген тың ой, идеялары, деректерді салыстыра зерттеулері біз үшін тың әрі құнды дерек, осы негіздегі тарихи-деректі әңгімелеріне зерттеу жүргізу де алдағы уақыттың еншісінде.

**Әдебиеттер**

1.Базарбаев.М. Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы. «Жазушы», Алматы –1973. – 256 б.
2. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. –Алматы: Жазушы, 1987.–232 б.
3. Зейнолла С. Көптомдық шығармалар жинағы,Т.5: Сүлеймен би.Тарихи эсселер. –Алматы: «Анарыс» баспасы, 2017.-256 б.
4. Зейнолла Сәнік.Т.1. Сергелдең. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2017. –328 б.
5. Зейнолла Сәнік. Басбай. –Алматы: «Санат», 2017. –224 б.

**ӘӨЖ**

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ФИЗИКА САБАҚТАРЫНДА ЖОБАЛАУ ӘДІСІН ҚОЛДАНЫП ЖЕТІЛДІРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

**Өкшебай Гүлмира Сатыбалдықызы**

Түркістан облысы Отырар ауданы "Шеңгелді шағын жинақты жалпы орта мектеп" КММ
физика пәні мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье рассматривается возможности совершенствования функциональной грамотности учащихся с применением методов проектирования на уроках физики*

***Summary***

*The article is considered the possibilities for improving the functional literacy of learners using design methods in physics lessons*

«Сауаттылық» термині қолданысқа ЮНЕСКО құжаттарында 1957 жылы енгізілді. Сонымен бірге «сауаттылық», «минималды сауаттылық» және «функционалдық сауаттылық» ұғымдары да айтылып, оларға алғашқы анықтамалар да берілді.

***Сауаттылық*** – оқудың, жазудың, есептеудің және құжаттармен жұмыс істеудің дағдылары болып табылады. Ал, ***функционалдық сауаттылық*** – жеке тұлғаның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуында ықпал ететін базалық факторы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына қарамастан үнемі білімін жетілдіріп отыруы болып табылады. [1]

А.А.Леонтьевтің анықтамасы бойынша «Функционалды сауатты адам – ол өзінің бүкіл өмірі бойы алған білімдерін, білігі мен дағдылары өзінің өмірлік іс-әрекетінде, әлеуметтік қарым-қатынастарында кездесетін түрлі ауқымды мәселелерді шешуде пайдалануға қабілеті бар адам». [2]

Функционалдық сауаттылық кең мағынада- ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол - ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі.

Ұлттық жоспарда қазақстандық мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытудың мақсаты мен міндеттері анықталып, оны дамытудың тетіктері айқындалды. Негізгі ***дамыту тетіктері*** болып мыналар аталып өтілді: оқыту әдіснамасы мен мазмұнын жаңарту, оқыту нәтижелерінің бағалау жүйесін өзгерту, ата-аналардың окыту мен тәрбиелеуге белсенді қатысуын қамтамасыз ету, қосымша білім және мектептен тыс сабақтармен оқушыларды қамту. Демек,осы аталған тетіктерді пайдалана отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әр бір пән мұғалімінің басты мақсаттарының бірі болуы тиіс.

Ғылыми әдебиеттерде функционалдық сауаттылықтың мынадай түрлері туралы жиі айтылады: *жалпы сауаттылық, компьютерлік сауаттылық, шетел тілдерін меңгерудегі сауаттылық, тұрмыстық сауаттылық, төтенше жағдайлардағы әрекет ету сауаттылығы, қоғамдық-саяси сауаттылық.*

PISA зерттеулерінде сауаттылықтың үш типі: оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылық тексеріліп, салыстырылады. [5]

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық деп, оқушының нақты өмірлік жағдайлардағы проблемаларды үйреніп және ғылыми әдістермен шешу үшін жаратылыстану-ғылыми білімдерді таңдап қолдана білудің жоғары қабілеттілігін түсінеміз.

Ал енді жаратылыстану-ғылымының бір түрі болып табылатын физика сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалай жүзеге асыруға болады? Әрине мұның сан қили түрлері мен тәсілдері бар. Солардың бірі физиканы оқыту үдерісінде ***жобалау әдісін*** жүзеге асыру.

Жобалау әдісінің негізін қалаған Дж. Дьюн және В.Х.Килпатрик. Олардың ойынша оқытуды оқушының білімге деген құмарлығына сүйеніп, белсенділік негізінде құру керек. [6]

***Жобалау әдісінің басты тезисі*** – «өзімнің барлық танитыным, барлық білгенім маған не үшін керек, бұл білімдерді қандай орында, қалай пайдалана аламын» - болып табылады.

Физика сабағында жобалау әдісін жүйелі қолданудың мынадай ***маңыздылығы*** бар:

- оқушыларға білімдер жинағы беріліп қана қоймайды, сонымен бірге осы білімдерді өзбетінше іздеп табуға, алған білімдерін практикалық және танымдық мәселелерді шешуге пайдалануға үйретеді;
- коммуникативтік білік пен дағдыларын қалыптастырады;
- бір ғана проблеманы шешуге түрлі көзқарастарды қолданып, кең көлемдегі адами байланыстарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді;
- тұлғаның дамуына қажетті сан алуан зерттеушілік тәсілдерді пайдаланып, оларды түрлі көзқарастар тұрғысынан талдап болжам ұсынуға, қорытынды жасауға үйретеді;
- алған білімдерін жаңаша құрастыру дағдыларын өзбетінше жетілдіруге, ақпараттық кеңістікте өз қажетінше бағдарлай білуіне – нәтижеде сындарлы ойлауының дамуына мүмкіндік жасайды;
- түрлі приборлар,құрал жабдықтар мен жұмыс істеу біліктілігі ұшталып, политехникалық дағдылары қалыптасады;
- жоба жұмысын орындау барысында оқушыларда мынадай: коммуникативтік, әлеуметтік, пәндік құзыреттіліктер қалыптасады;
- жобалау әдісімен жұмыс істегенде оқушының рөлі белсенділікке көшеді. Нәтижеде оқушы таным іс-әрекетінің субъектіне айналады.

Жобалау әдісінде басты мәселе проблемалық тақырыптар таба білу. Проблемалық тақырыптардағы жобаны оқушыларға ұсыну үшін, мұғалім алдын-ала көптеген ізденістер жүргізу керек. Таңдалған жоба тақырыбы қазіргі заманның өзекті мәселелеріне арналып, ол оқушылар үшін қызықты, білімнің

деңгейіне сәйкестенген болып, түрлі физикалық құбылыстар мен құрылғыларды қарастыруға, жетілдіруге немесе қайта моделдеуге бағытталған болуы тиіс. Сонда ғана жобалау әдісі кезінде физикалық құбылыстардың теориялық негіздерін терең ұғынып, оның практикада қолдану тәсілдерін жете түсінетін болады, осыдан кейін ғана жаңа ой қорытындылары туындайды.

Мысалы, физика сабақтарында оқушыларға мына төмендегідей ***тақырыптарды*** ұсынып, оның шешім жобаларын табуды мақсаттауға болады:

1. Кәдімгі электр шамының қалыпты жұмысы кезіндегі қызуының ең жоғарғы температурасын анықтаңдар.
2. Жылыжайдағы ауа температурасын қалыпты ұстап тұруға мүмкіндік беретін құрылғының жобасын ұсыныңдар.
3. Адам ағзасындағы физикалық заңдылықтар мен құбылыстарды зерттеңдер. Оларды тұрмыстық жағдайға бейімдеу жолдарын іздестіріңдер.
4. Автокөліктерден шығатын зиянды қалдықтарды залалсыздандыру жолдарын зерттеңдер, осындай тетіктердің қарапайым үлгісін жасаңдар.
5. Электромагниттік өрістің өсімдіктер дүниесіне әсері қандай? Пайдалы ма, әлде зиянды ма? Зерттеу жүргізіңдер, қорытынды жасыңдар.
6. Қалта телефонының тірі ағзаға әсерін анықтаңдар,ұсыныстар енгізіңдер.
7. Ішінде қайнаған суы бар шәйнектің өз жылуын сыртқы ортаға беру жылдамдығының қандай факторларға тәуелділігін анықтаңдар.
8. Қыс мезгілінде есіктің ашылу және жабылу жиілігінің үй температурасына әсерін зерттеңдер, ұсыныстар енгізіңдер т.с.с.

Жобалау жұмыстарын бағалаудың да өзіндік ерекшіліктері бар, оқыту үдерісінде мүны да міндетті түрде ескеру керек. [7]

Жобалау әдісін оқыту үдерісінде пайдалану жолдары мен тәсілдері туралы әдістемелік құралдарда кеңінен жазылған,сондықтан біз оларға тоқталып отырмаймыз. Мысалы: [8], [9].

Қорыта айтқанда, физика сабақтарында жобалау әдісін жүйелі қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын жетілдірудің зор мүмкіндіктері бар екен.

**Әдебиеттер**


1. Веряев А.А., и др. Функциональная грамотность учащихся.
2. Образовательная система «Школа 2100». Педагогика здравого смысла /Под ред. А.А.Леонтева. М.: Баласс, 2003.
3. Назарбаев Н. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты. Қазақстан халқына Жолдауы. // «Егемен Қазақстан» газеті. 27 қаңтар, 2012.
4. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. // «Егемен Қазақстан» газеті. http//www.
5. Ковалева Е.С. и.другие. Результаты международного сравнительного исследования PISA в России. // Вопросы образования. -2004, №1.
6. Дьюи Дж. Школа и общество. Вып. 4. ,2003.

7. Федорова Н.Б. Особенности организации и оценивания проектной деятельности школьников. // Физика в школе. -2014, №1.
8. Полат Е.С. Современные педогогические и информационные технологии в системе образования. – М.: «Академия», 1999-2005.
9. Пахомова Н.Ю. Проектный метод в арсенале массового учителя. Статья на сайте МИОО.

**ӘӨЖ**

# ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ИНТЕГРАЦИЯЛАУ АРҚЫЛЫ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

**Ташполатова Махбуза Рахманходжаевна**
Шымкент қаласы, «№109 жалпы орта білім беретін мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі

***Резюме***
*В данной статье рассматриваются особенности проявления агрессивности детей в дошкольном возрасте и их коррекция*
***Summary***
*In this article is given information the features of the aggressiveness of children in preschool age and their correction.*

Мұғалімнің шығармашылық шеберліктерін шыңдауда педагогикалық оқулардың, семинарлар мен түрлі байқаулардың, шығармашылық есептің, іскерлік пен ізденімпаздықтың берері мол. Шығармашылыққа байланысты танымдық істерді нақты іс - әрекетке ұластыру, озат тәжірибені тиімді пайдалану - әрбір мұғалімнің басты міндеті. Осыған орай кез келген мұғалім өзінің бағыты мен алға қойған мақсатына жету үшін оқытудың жаңа технологияларын дұрыс таңдай білуі қажет. Оқу технологиясын тиімді пайдалану да мұғалімнің құзыреттілігін көрсетеді. Жаңа педагогикалық технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін, әр мұғалім алдында отырған оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіби мақсаты мен шеберлігіне орай таңдап алады. Білім кеңістігіндегі барлық жаңа технологиялар - оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен танымдық белсенділігін дамытуға, эстетикалық көзқарастарын пайымдауларына, өзін-өзі бағалауына бағытталған. Педагогикалық технология – тәжірибеде іске асырылып, соңында нәтижеге жеткізетін педагогикалық жүйенің жобасы. Яғни, әрбір мұғалім кез келген жаңа технологияны тәжірибеде жүзеге асырып, оның тиімділігіне көз жеткізе отырып жұмыс жасаса, ақырында сапалы білімге қол жеткізеді.

*Интеграция дегеніміз* - пәндердің өзара байланысын жоғары деңгейде нақтылы түрде іске асыру. Сондықтан да интеграция мен пәндердің өзара байланысы ұғымдарын мәндес ұғым ретінде түсінуге болмайды. Интеграция тұтастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу мен жинақтауда әр түрлі

ғылымдарды біріктіреді. Интеграциялық оқытуды жүзеге асыру әр пәндік мазмұнды қосып біріктіріп жіберу немесе бірнеше пәнді бір пәнмен алмастыру емес, әрі пәндік құрылымды жоққа шығармайды, керісінше, оған қондырғы ретінде қызмет етеді. Соның бірі оқу үдерісінде бастауыш сыныпта пәндерді интеграциялау негізінде оқушылардың білім сапасын арттырудың әдістемесі интеграциялық оқытуды жүзеге асыру балалардың танымдық қызығуы мен білім сапасын арттырумен қатар, бір сабаққа бірнеше оқу пәндері мақсатының бірігуіне мүмкіндік береді. Бұл әр пәндік мазмұнды қосып біріктіріп жіберу немесе бірнеше пәнді бір пәнмен алмастыру емес, әрі пәндік құрылымды жоққа шығармайды, керісінше, оған қондырғы ретінде қызмет етеді. Қазіргі еліміздегі білім беруді жетілдіру кезеңінде педагогика ғылымындағы интеграциялық байланыстарды одан әрі жақсарту - ғылымдардың интеграциялану тенденциясы жағдайында мектептер жүйесінің білім мазмұнын айқындаудың басты шарты болып саналады.

Бастауыш мектептегі оқу пәндерінің мазмұнын талдай келе оқу пәндердің бір-бірімен байланысын, интеграциялап оқыту мүмкіндіктерін, осының негізінде оқушылар білімінің сапасын арттыруға болатындығын байқадық. Әр пәннің бағдарламасы сол пәннің мазмұны мен мақсатына қарай білім, білік, дағды, шеберлік қалыптастыра отырып, оқушылардың логикалық ойлауына, білім сапасын арттыруға әсер етуді қарастыратыны белгілі. Оқу пәндері мазмұн жағынан, іс-әрекет жағынан да бір - бірімен байланысып, интеграцияланады. Қазіргі таңда егеменді еліміздің саяси-идеологиялық, мәдени тұрғыдан жаңаруына сай жас ұрпақтың жан-жақты дамуы, оның дүниетанымын қалыптастыру жаңа стратегиялық бағдарламасының күрделі бағыттарының бірі болып саналады.

Осы тұрғыдан алсақ, интеграциялық оқыту мәселесінің педагогикалық рөлі, мәні мен мазмұны, әсіресе бастауыш сыныптағы білім жүйесіндегі педагог жұмысыда арта түседі. Осы айтылғандарды өзімнің педагогикалық тәжірибеммен сабақтай отырып, ұстаздарға «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын сабақта пайдалану өте тиімді екенін айтқым келеді. Қалыптасқан дәстүрлі сабақ бойынша оқушы тек қана мұғалім мен оқулыққа ғана тәуелді тыңдаушы ғана еді, енді осы технологияны пайдалану нәтижесінде өз ойын еркін білдіріп, нақты дәлелдей алатын тұлғаға айналғандығын жүргізілген тәжірибеден байқадым. Әсіресе, білімнің негізі бастауыш сыныпта қаланады дегенді ескерсек, бұл бағдарламаның ұстаздарға берері мол екенін көреміз. Осылай бастауыш сыныпта оқушылардың білімге деген қызығушылықтарын оятып, саналы ойлай білуін қалыптастыруға болады.

Сондықтан, СТО технологиясының элементтерін сабақта пайдалану - оқушының өз бетінше білімді игеруіне, өз ойын еркін жеткізуіне, дүниетанымын

кеңейтуге мол мүмкіндік беріп, нәтижесінде оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруға жол ашады.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту жобасының мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген құбылыс пен заттарға, әрекет пен мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, көптеген пікірдің ішінен біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының элементтерін қолдану арқылы балада: «Тыңдасам, есімде қалмайды, өзім жасасам, ұмытпаймын, өзім оқысам түсінемін» деген пікір қалыптасады.

СТО технологиясы үш кезеңнен тұрады:

- қызығушылықты ояту
- мағынаны ашу
- ой толғаныс

Кезеңдерге қысқаша тоқтала кетсек.

*Қызығушылықты ояту* – үйрену процесі бұрынғы білетінімен жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан сабақта қарастырғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ой қозғау мен миға шабуыл арқылы жүзеге асады. Бұл кезеңнің *«Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау»* т.б. сол сияқты стратегиялары бар. Бұл кезеңнің тағы бір мақсаты – оқушының белсенділігін арттыру. Жаңа материалдарды оқып-үйрену үшін оқушы белсенділік таныту қажет, сонда ғана мұғалім нәтижеге жетеді. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шыңдалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны өзінде бұрыннан қалыптасқан білімімен ұштастырады.

*Мағынаны тану кезеңі* – оқушының ойлануы мен жаңа материалды үйренуіне бағытталады. Тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Бұл кезеңде оқушының өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушының оқығанын терең түсінуде, ойына басшылық етуде, өз ойын еркін білдіруде тиімді үйретуші құрал болып табылады.

Үшінші кезең *ой толғаныс кезеңі деп аталады.* Бұл кезеңнің мақсаты күнделікті оқыту процесінде оқушылардың толғанысын ұйымдастырып, оқушыны өзіне және өзгеге сын көзбен қарап, баға беруге үйрету. Оқушылар не үйренгендерін саралап, салмақтап оны қандай жағдайда, қалай қолдану керектігін, ой елегінен өткізеді. Бұл кезеңде оқушылар өз ойларын қайта түйіп, саналары жаңа өзгерістермен толығып, білім арқылы өзінің өзгергенін сезінеді, өзіне өзгеше сенім, тәрбиелік, даналыққа бастау алады. Кезеңде *«Бес жолды*

*өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі»* т.б. стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының негізгі қағидалары:

- ойлауға уақыт беру және дәлелді талап ету;
- ойын ашып айтуға рұқсат беру;
- әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау;
- белсенді іс - әрекетін қолдау;
- жауабының дәлелді, дәйекті болуын талап ету.

*Сын тұрғысынан ойлаудың іс - әрекетінің нәтижелері:*

- оқушы белсенділігінің артуы, дұрыс шешім қабылдауы;
- көзқарасымен бөлісуге үйренеді;
- басқалар алдында өз ойын ашып айтуға;
- білім, іскерлік, дағдысы қалыптасады;
- дарынды оқушыны дамытады;
- өзін және басқаларды сыйлауды үйренеді,
- бірлесе оқи отырып жеке ерекшеліктерді мойындауды үйренеді.

Бастауыш сынып мұғалімдері оқушыларды ұлы адамдардың шығармаларымен таныстырмас бұрын, әрбір ұстаздың ой-өрісі кең, парасатты, білім деңгейі жетік болуы қажет, бір сөзбен айтқанда сол тақырып бойынша құзыретті болу. Сонда ғана ойлаған мақсатқа даңғыл жол ашылады.

Біз педагогикалық-психологиялық, әдістемелік әдебиеттерге талдау жасау негізінде және мектептегі іс-тәжірибелерді бақылау нәтижесінде қазіргі таңда интеграциялық оқытудың төмендегідей жолдары бар екендігін айқындадық: біріншіден, толық интеграцияны жасаудың жолы. Ол – пәндердің бір курсқа толық бірігуі, синтезделген курстарды оқыту; екіншіден, жеке интеграция – өзектік бағдарламалары бойынша жеке пәндердің бірігуі (дүниетану – тіл дамыту, тіл дамыту –еңбек, тіл дамыту –бейнелеу өнері және т.б); үшіншіден, блок арқылы жасалған интеграция. Ол – әр пәннен бағдарламалар бойынша блок құру, мысалы, табиғат негізіндегі синхронды сабақтар, сабақ күндерін өткізу.

Мұғалімдердің тәжірибесінде жиі кездесетін интеграцияны жүзеге асырудың бір жолы – сабақтарды бір мұғалім арқылы жүргізіп, бірнеше пәндер бойынша біріккен сабақтар білімнің жинақталуы, яғни, әр түрлі пәндерден алған білімдерін синтездеу. Бірақ, жоғарыда көрсетілген интеграциялық оқытудың жолдары, біздің ойымызша, ең біріншіден, жас мамандарды даярлау жүйесімен байланысты болатындығын көрсетеді. Алайда, осы айтылған интеграциялық оқытудың жолдары тәжірибеде болғанымен, эмпирикалық түрде қолданылуда. Интеграциялық оқыту болашақ педагогтың арнайы кәсіби Біз педагогикалық-психологиялық, әдістемелік әдебиеттерге талдау жасау негізінде және мектептегі іс-тәжірибелерді бақылау нәтижесінде қазіргі таңда интеграциялық оқытудың төмендегідей жолдары бар екендігін айқындадық: біріншіден, толық

интеграцияны жасаудың жолы. Ол – пәндердің бір курсқа толық бірігуі, синтезделген курстарды оқыту; екіншіден, жеке интеграция – өзектік бағдарламалары бойынша жеке пәндердің бірігуі (дүниетану – тіл дамыту, тіл дамыту – еңбек, тіл дамыту –бейнелеу өнері және т.б); үшіншіден, блок арқылы жасалған интеграция. Ол – әр пәннен бағдарламалар бойынша блок құру, мысалы, табиғат негізіндегі синхронды сабақтар, сабақ күндерін өткізу.

Мұғалімдердің тәжірибесінде жиі кездесетін интеграцияны жүзеге асырудың бір жолы – сабақтарды бір мұғалім арқылы жүргізіп, бірнеше пәндер бойынша біріккен сабақтар білімнің жинақталуы, яғни, әр түрлі пәндерден алған білімдерін синтездеу. Бірақ, жоғарыда көрсетілген интеграциялық оқытудың жолдары, біздің ойымызша, ең біріншіден, жас мамандарды даярлау жүйесімен байланысты болатындығын көрсетеді. Алайда, осы айтылған интеграциялық оқытудың жолдары тәжірибеде болғанымен, эмпирикалық түрде қолданылуда. Интеграциялық оқыту болашақ педагогтың арнайы кәсіби даярлығын қажет етеді.

Қорыта айтқанда, сын тұрғысынан ойлау технологиясы оқушылардың қызығушылығы мен білім сапасының көтерілуінде, шығармашылықпен жұмыс жасауында, ойлауы мен талдау жасауында, өз көзқарастарын қалыптастыруда мүмкіндігі мол педагогикалық технология. Осы технологияны сабақта қолдану арқылы мұғалімнің де, оқушының да рөлдері өзгереді. Технология бойынша балаға білім дайын күйінде берілмей, білімді өзі игеріп, талпыныс жасайтыны. Сабақ барысында тек жұмыс жасап қана қоймай, өздігінен ізденуге, шығармашылықпен жұмыс жасауға жол ашады.

**Әдебиеттер:**

1. Т. Бегалиев Педагогика. – Тараз: ТарМУ, 1999 ж.
2. К.Ж. Бұзаубақова Жаңа педагогикалық технологиялар. – Тараз: ТарМУ, 2003 ж.
3. Б.А.Тұрғынбаева «Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе». – Алматы, 2005ж.

**ӘӨЖ**

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ

**Ураимова Гулназ Эргашвайевна**
Шымкент қаласы, «№109 жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье рассматривается о развитии духовно-нравственных человеческих качеств*

***Summary***

*In this article given information about the development of moral human qualities in primary classroom children*

Адамгершілік адам бойындағы ең асыл қасиеттің бірі. Ол қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүюге үйретеді. Егер адамда адамгершілік қасиет болмаса, ол адам өз-өзін сыйламайды. Қазақта мақал бар:«Әдепті бала ата-анасын мақтатар,әдепсіз бала ата-анасын қақсатар» бұл мақалдың мән мағанасы үлкенді құрметтеуге, сыйлауға әдепті болуға үйретеді.

Өзіңді және өзгені сыйлау білу адамгершілікке жатады. Әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді сақтай отырып, Отанын, жерін сүйетін, бауырмал, жолдастыққа адал, ата-анасын құрметтейтін жеке тұлғаға адамгершілік тәрбие беру өзектілігі туып отыр.Адамгершілік тәрбиесі –екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің,ата-аналардың,педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан-тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан,сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде,үлкендердің қолдан келетін ұйымдастыру процесіне, ойын және оқу ісінде жоспарды түрде іске асады.Қарапайым әдеттерді тәрбиелей отырып педагог балдырғанның бар істі шын пейілмен әлі саналы атқаруына қол жеткізеді. [1]

Адамгершілік тәрбие-бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары,ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс- әрекетін анықтайды.Жас өспірім тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, тәрбиешілерден насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. [2] Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы бағытта жүзеге асады, сөйтіп оның өзі-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек. Жақсы адамгершілік қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырады.

«Жаста білген, басқа сіңген тәлімің, өзің өлмей сүйегінен қала алмас», деп классик жазушы І. Жансүгіров айқандай балалық шақтан бойына орныққан, ана сүтімен даритын ұлттық сезім нышандары, сөз өнері оның болашақ шамшырағына айналып, рухани байлығын кеңейтеді. Оны туған елге, жерге, халқына сүйіспеншілікке, патриоттық сезімге баулап, жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеп өсіру – бүгінгі таңдағы аса жауапты міндеттердің бірі. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші бала тәрбиелеудегі осындай міндеттерді іске асырушылар – мектептер мен отбасы. Осы екі арнада жүргізілетін тәлім-тәрбие сабақтаса, ұштаса өткізілгенде ғана көздеген мақсат нәтижелі болары өзсіз. Бүгінгі жаңа қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық

сана, ұлттық психология қалыптасқан ертеңгі қоғам иегері боларлық парасатты азамат тәрбиелеп өсіру – отбасының мектептің, барша халықтың міндеті. [2]

Педагогтардың міндеті – оқытудағы жаңа көзқарасқа басты назар аудару: бала тұлғасының даралығын мойындау. Тағы бір міндеттерінің бірі – адамды үйлесімді дамыту. Білім беруге жаңа ықпал – адамгершілік – рухани білім беру. Баланың қабілетін ашу қажет, себебі ол өзіне жол таба білетін, өз күшіне өз тағдырына сенетін болу қажет!

Тәрбие әдістері –бұл тәрбие көздеген мақсатқа жетудің жолдары, тәсілдері. Мектеп тәжірибесіне орай әдістердің және бір анықтамасы – қажетті сапаларды қалыптастыру мақсатымен тәрбиеленушілердің санасына, еркіне, сезіміне және қылық-әрекетіне ықпал жасау тәсілдері.

Әдістер түрі сан-алуан да шексіз көп. Ал оның нақты көрінуі өз шәкірттерінің білімдік күш-қуаты мен жалпы мүмкіндіктерін жете танып, оларды өтілетін материал сипатына байланыстырып және басқа да көп оқу жағдаяттарын зерделі саралай білген педагог әрекетіне тәуелді. Қай тұлға, қанша тұлға араласса, әдіс формасы да сондай әрі сонша – бұл заңдылық.

Тәрбие әдісі- көп өлшемді құбылыс, оның жүйелесуіне негіз болар белгілер сан-алуан. Солар арасында аса танымал болғандарын атап өтейік. Сипаты бойынша әдістер – сендіру, жаттықтыру, мадақтау және жазалау.

Тәрбие процесінің жалпы құрылымынан байқағанымыздай, дұрыс ұйымдастырылған тәрбиенің бірінші сатысы - оқушылардың өздерінде қалыптасуы қажет әрекет-қылық нормалары мен ережелерін білу (түсіну).

Әдептілік әңгіме тиімділігі келесі шарттарға байланысты:

- әңгіме оқушылардың әлеуметтік тәжірибесіне сәйкес болу қажет. Ол – қысқа, түсінікті, балалар толғаныстарына орай;
- әңгіме көрнекілік әдісін бірге қолдану арқылы жүргізіледі (көркемөнер туындылары, көркем фотосуреттер, халық қолөнер бұйымдары), әңгіме мазмұнын қабылдауға ән-күй үлкен жәрдем береді.

Үгіттеу арқылы кейде оқушыны өз қылығынан ұялу, өкіну сезіміне келтіруге болады. Педагог баланың мұндай сезімдерін оятып қана қоймастан, келеңсіз әрекеттерін түзетудің жолдарын да көрсетеді. [1] Үлгі-өнеге - өте әсерлі тәрбие әдісі. Бұл әдіс негізінде жатқан заңдылық: көрумен қабылданған санада тез әрі жеңіл бекиді, себебі оны ойланып сөзбен таңбалап не таңбасын ауыстырып жатудың қажеті жоқ. Үлгі- бірінші, ал сөз – екінші сигналдық жүйе деңгейінде әсер етеді. Үлгі еліктеу үшін нақты өрнек беріп, сана, сезім, сенімді белсенді қалыптастырып, іс-әрекетке қозғау салады. «Уағыз жолы ұзақ, үлгі жолы қысқа» - деген байырғы Рим ғұламасы Сенека.

Тәрбие тәрбиешінің жеке басы үлгі-өнегесіне, оның қылық-әрекетіне, қамқорлығындағы балаларға қатынасына, дүниетанымына, іскерлігі мен абыройына тәуелді. Ұстаз үлгісінің оңды ықпалы оның сөзі мен ісінің жарасымдылығына, балалардың бәріне бірдей ақ пейілді қатынасына орай арта

түседі. Бұл тәрбиешінің беделіне, ол бастаған істің жүйелілігі мен бірізділігіне де байланысты.

Үйретіп көндіру – көзделген сапаны жылдам әрі жоғары деңгейде қалыптастыру үшін қолданылады. Үйретіп көндіру тәрбие процесінің барша кезеңдерінде де тиімді, бірақ бала дамуының алғашқы сатысында әбден қажет. Тәрбиеленушіні белгілі іс-әрекетті орындатуға талаптандыру ниетімен қолданылатын әдістер тобында ынталандырудың орны өз алдына. Бұл әдістің ежелден-ақ мадақтау мен жазалау түрі белгілі. ХХ ғасыр педагогикасы және бір өте әсерлі ынталандыру әдісі – жарыстыру әдісін алға тартып отыр.

Қарапайымды бола тұра, мадақтау өте жауапкерлі де іс. Мадақ шектен тыс әсіреге айналып кетпей, орынсыз кем де болмауы керек. Санамен сарапталмаған әсіре мадақ баланы бұзады. Осыдан мадақтаудың психологиялық қырлары мен оның салдарын ескерген жөн:

1. Мадақ-марапат сырттай көзге түсіп, әйгілену ниетімен емес, мақтаушы мұғалім мен марапатталушы оқушының, яғни екі тараптың бірдей жан дүниелік қалауы мен қабылдауынан болуы шарт.

2. Мадақтау арқылы тәрбиеленушіні басқа балаларға қарсы қойып алмауды да ойластырған жөн. Сондықтан тек табысқа жеткен оқушыны ғана мақтап шектелместен, шын ықыласымен еңбектенген, өз ісіне адалдық танытатындардың бәріне де жылы лебіз, мадақ сөзді аянбаған жөн.

Жарыс, бәсеке. Көп бала топтала қалса, сол бойда өзара бедел таластыра бастайды. Балалар табиғатына аса тән құбылыс – бәсекелестік. Төңірегіндегілер арасында өз беделін танытып, оны бекіту – әр адамның тума қажеті.

Жазалау –келеңсіз қылықтарды шектеп, тежеу үшін, басқалар алдында, өз тұрғысынан айыбын мойындау сезімін ояту мақсатында қолданылатын педагогикалық ықпал әдісі. Мектеп тәжірибесінде жазалаудың келесідей түрлері қолданылуда; 1) қосымша міндеттер таңу; 2) кей құқықтардан айыру не шектеу; 3) моральдық сөгіс, не айып тағу. Тәрбие барысында жазалаудың келесі формалары қабылданған: жақтырмау, ескерту, сөгіс жариялау, алдын ала сақтандыру, айыпқа сай талап қою. [1]

Жазалау әдісінің тиімділігін анықтаушы шарттар төмендегідей:

1. Оқушы «пір» тұтқан абыройлы адам тарапынан болған жаза әсерлі келеді. Келеңсіз қылығы тек тәрбиеші емес, дос, жолдастарының да жақтырмауына, ескертуіне ұшыраса, айып сезімі күштілеу болады. Сондықтан тәрбиеші ұжымдық пікірге көбірек жүгінгені жөн.

2. Бүкіл сыныпқа жаза қолдануға болмайды.

3. Жаза шешімі қабылданса, ол орындалуы шарт.

4. Жаза тиімділігі оның оқушыға түсінімді болып, оны әділ деп қабылдауынан. Өтелген жаза қайтып еске алынбайды, оқушымен қалыпты қатынас жалғасын табады.

5. Жазала, бірақ оқушының намысына тиюші болма. Тәрбиеші жазаны өз жек көргендігінен емес, педагогикалық қажеттіктен қолданады. «Келеңсіз қылық - жаза» формуласы мүлтіксіз орындалуы шарт.

Қорыта келгенде уақыт талабынан туындап, білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер үзіліссіз тәрбие негізі саналатын мектепке және отбасы тәрбиесіне де қозғау салып, баланы тәрбиелеуді осы заман талабына сай үйлесімді деңгейді қайта құруды міндеттейді. Тәрбие мен оқу егіз деген сөз бар. «Тәрбие бар жерде ғана сапалы білім саналы ұрпақ болады» деген дана халқымыздың мақал сөзіне сүйенеміз.

**Әдебиеттер**


1. Төлеубекова Р.К. «Адамгершілік тәрбиесінің негіздері» - Алматы 1998.
2. Бастауыш мектепте оқыту №4,2006 жыл
3. Тәрбие жетекшісі Орынбор


**ӘӨЖ**

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН РЕЛАКСАЦИЯЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР


**Отенбаева Лаура Ибадуллаевна**

Шымкент қаласы, "Шағала" бөбекжай балабақшасы тәрбиешісі



***Резюме***

*Данная работа всесторонно рассматривает снятие эмоционального и мышечного напряжение у детей. Обучает навыками релаксации путем внушения.*

***Summary***

*The given work observes ways to remove the emotional and muscular tension at children. It trains skills of a relaxation through suggestion.*


Релаксация дағдыларына үйрету әліппесі баланың бойында күшену мен босаңсу айырмашылығын сезіну жаттығуларынан басталады. Денедегі бұлшық ет күшенуін қол мен аяқ бұлшық етінен сезіну оңай, сол себепті балаларға бір мезеттік алақанды ашып-жұму, аяқ бұлшық етін жиыру т.с.с. жаттығуларды тапсырылады. Мұндай жаттығулар төмендегі рет бойынша: қол, аяқ, бүкіл дене, сосын иық-мойын бұлшық еттері беріледі.

*Жұдырықша*

Отырған қалыпты сақтаймыз. Қолды тізеге қойып, жұдырықты түйеміз. Сосын сәл босаңсытып, қайта ашамыз.

Жұдырықты түйеміз,
Жұдырықты соғамыз.
Қыздар менен балалар,
Демалар біздің саусақтар.

*Құлып*

Тіке тұрамыз. Аяқ тізе деңгейінде, қолды бос ұстаймыз, саусақтар құлып сияқты айқасқан. Айқасқан қолды басымыздың артына апарамыз. Жүргізушімен бірлесе өлең шумақтарын қайталаймыз.

Қолымызды біріктіріп,
Көтерейік жоғары.
Міне, қаандай керемет
Болып шықты дөңгелек.
Жәй емес, қане, қараса,
Алтын қақпа тамаша.

*Мұздықтар*

Тіке тұрамыз. Көз алдымызға шатырдағы мұздықтарды елестетеміз, қолымызды барынша көтереміз, аяқтың ұшымен барынша көтерілеміз, «күш шығады, шеге құлайды» деген жүргізушінің сөзінен соң қолымызды түсіріп, денемізді босаңсытамыз.

Біздің шатырдың астында,
Ілулі тұр ақ шеге.
Күн шуағын шашқанда,
Ғайып болар сол шеге.

*Жапырақтар*

Тіке тұрамыз. Аяғымызды сәл ғана алшақ ұстаймыз, көз алдымызға «өсіп тұрған жапырақты елестетеміз», қолымызды барынша жоғары созамыз, «күз келді» деген жүргізушінің сөзінен соң қолымызды түсіріп, денемізді босаңсытамыз.

Жазда өседі,
Күзде түседі.

*Гүлдер*

«Гүлдердің күнге созылып, өскені сияқты» қолдың, аяқтың бұлшық еттерін барынша созып, аяқ-қолымызбен созыламыз.

Сосын қолымызды төмен түсіріп, саусақтарымызды төменге сілкілеп, «күн жасырынды, ал біздің гүлдің басы салбырады» деген кейіпті жасаймыз.

*Штанга*

Ауыр штанганы көтергендей, алдымен кеуде тұсқа дейін, сосын жоғары көтеру керек.

Жаттығуды 10-15 секунд жасаймыз. Қол, аяқ, кеуде бұлшық еттерінің жиырылуына ерекше назар аудару керек. Алға қарай еңкейе отырып, «штанганы жерге тастау керек», бұл кезде қолды барынша еркін қалыпта, ауада бос ұстау керек. Дене босаңсуының соншалықты жағымды екеніне наазар аудару керек.

*Бөренелер-арқандар*

Сәл алға еңкейе отырып, қолды жанымызға жайып көтереміз. Қол бұлшық етін жиыра отырып, қолды жұдырыққа «бөренеге» ұқсап түйеміз. Босаңсыған

қолды қайта түсіреміз. Олардың емін-еркін «арқанға» ұқсап салбырағанына назар аударамыз.

*Сағаттар*

Тіке тұрамыз. Аяғымыз тізе деңгейінде, денемізді кезегімен екі аяққа салмақ түсіре теңселеміз.

Так-тұқ, так-тұқ,
Так-тұқ, так-тұқ.
Сағат соғады тақылдап
Оңға бір, солға бір
Міне, осылай тықылдап.

*Мимикалық гимнастика*

Мимикалық бұлшық еттерді және эмоционалдық қалыпты түзету.

*Біз әжемізге ауылға барамыз – қуаныш.*
*Оның ауласында қанша жануар бар – таңғалу.*
*Мұнда ашулы бұқа бар – қорқыныш.*
*Мейірімді сиыр шөп жеп жүр – мейірім.*
*Аулада кішкентай күшіктер мен мысықайлар ойнап жүр – күлу.*
*Қой мен ешкі жем жеп жатыр – тыныштық.*
*Ауылда өте керемет – күлу.*

Релаксациялық жаттығұлар:

1. Басты сәл ғана артқа қарай шалқайтып, 5-10 секундқа мойынның бұлшық еттеріне күш түсіре отырып, зейінді осыған аударамыз. Басты еркін ұстап төмен түсіреміз.
2. 5-10 секундқа қабақты жұмып, зейінді осы қалыпқа аударамыз.

Бұл жаттығулардан соң балалар етпетінен жерге, кілемге жатады. Оларға көздерін жұма отырып, демалу ұсынылады. Осыдан кейін тәрбиеші релаксация сеанстарын өткізеді.

*Релаксация формулалары мынандай болуы мүмкін:*

- «Біз тынышталамыз. Біз демаламыз. Көзіміз жұмулы. Қолдарымыз шаршады, ауыр, демалуда. Аяқтарымыз шаршады, ауыр, демалуда. Демалған қандай тамаша, керемет»;
- «Біз көгалға келдік. Көгал жап-жасыл, жұмсақ. Күннің жылы шуағы денемізге жылу сыйлады. Жылы, жұмсақ жасыл шөпте жатқың келеді. Ағаш жапырақтарының сыбдыры естіледі. Құстар сайрайды. Демалыс қандай жақсы! Дене босаңсиды. Көзіміз жұмулы. Күннің жылы шуағы денемізге жылу сыйлайды. Сен тынышталасың».

**Әдебиеттер:**

1. Тұрсынбаева З.П., Бейсенова Р.Т. Ларионова Л.К. Тұтықпа балалармен коррекциялық жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі (әдістемелік құрал). Шымкент 2012 ж.

2. Муминова Л.Р., Кабулова Р.В. Развитие речи детей средствами малого фольклора. Ташкент 2013 ж.

**ӘӨЖ**

## ТЕХНОЛОГИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ И РОЛЬ ВОПРОСОВ В КРИТИЧЕСКОМ МЫШЛЕНИИ

**Мирасланова Дилфуза Махмуджановна**
Орта Азиялық медициналық колледжінің орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі

***Түйін***

*Мақала сұрақ қою арқылы сын тұрғысынан ойлау жолдарын сабақ барысында меңгерту жолдарына назар аударған.*

***Summary***

*The article is given information the techniques of critical thinking by asking questions in the education of children.*

Цели технологии РКМЧП формирование у школьников аналитического мышления. Возможность научить учеников такому чтению, в процессе которого информация, имеющаяся в тексте, понималась, осмыслялась, сопрягалась с собственным опытом и, в конце концов, на ее основе формировалось бы собственное аналитическое суждение.

Эта технология решает задачи образовательной мотивации: повышения интереса к процессу обучения и активного восприятия учебного материала; повышения культуры письма: формирования навыков написания текстов различных жанров; повышения информационной грамотности: развитие способности самостоятельной аналитической и оценочной работы с информацией любой сложности; повышения социальных компетентностей: формирование коммуникативных навыков и ответственности за знания.

**Критическое мышление** – это:

- способность ставить новые, полные смысла вопросы;
- вырабатывать разнообразные, подкрепляющие аргументы;
- принимать независимые продуманные решения.

**Образовательные результаты РКМЧП:**

- умение работать с увеличивающимся и постоянно обновляющимся информационным потоком в разных областях знаний;
- умение пользоваться различными способами интегрирования информации;
- умение задавать вопросы, самостоятельно формулировать гипотезу;
- умение решать проблемы;
- умение вырабатывать собственное мнение на основе осмысления различного опыта, идей и представлений;

- умение выражать свои мысли (устно и письменно) ясно, уверенно и корректно по отношению к окружающим;
- умение аргументировать свою точку зрения и учитывать точки зрения других;
- способность самостоятельно заниматься своим обучением ;
- способность брать на себя ответственность;
- способность участвовать в совместном принятии решения;
- способность выстраивать конструктивные взаимоотношения с другими людьми;
- умение сотрудничать и работать в группе и др.

**Технологические этапы**

| **1-я стадия**<br>**ВЫЗОВ** | **2-я стадия**<br>**ОСМЫСЛЕНИЕ** | **3-я стадия**<br>**РЕФЛЕКСИЯ** |
|---|---|---|
| Актуализация знаний.<br>Побуждение интереса к получению новой информации.<br>Постановка учеником собственных целей обучения. | Получение новой информации.<br>Корректировка поставленных учеником целей обучения. | Рождение нового знания.<br>Постановка учеником новых целей обучения. |

**Фаза вызова предусматривает:**

| | |
|---|---|
| Актуализацию и обобщение знаний | Первая фаза ориентирована на актуализацию имеющихся знаний, формирование личностного интереса к получению новой информации и ценностного отношения к предмету |
| Пробуждение интереса к изучаемой проблеме | |
| Побуждение учеников к активной деятельности | |

**Фаза осмысления предусматривает:**

| | |
|---|---|
| Получение новой информации | Главная задача второй фазы – активное получение информации, соотнесение нового материала с уже известным, систематизация, отслеживание собственного понимания |
| Осмысление новой информации | |
| Соотнесение новой информации с собственными знаниями | |

**Фаза рефлексии предусматривает:**

| | |
|---|---|
| Целостное осмысление, присвоение и обобщение полученной информации | Третья фаза направлена на суммирование и систематизацию новой информации, выработку собственного отношения к изучаемому материалу и формулирование вопросов для дальнейшего продвижения |
| Выработку собственного отношения к изучаемому материалу | |
| Анализ всего процесса изучения материала | |

**Приемы фазы вызова:**

- Прием модерации

- “Мозговой штурм”
- “Корзина идей”
- “Древо предсказаний”
- Проблемный вопрос
- Подбор определений

Прием **«Знаю – хочу узнать - узнал»** (осмысление)

| **Знаю (вызов)** | **Хочу узнать (вызов)** | **Узнал (реализация смысла или рефлексия)** |
|---|---|---|
| Работаю в паре: что я знаю о теме урока? | Ставлю цели | Что я знал, а что узнал? |

Как организовать осмысленное чтение

Правило «3-х П»

*Т К М* — *Познакомиться*, *Понять*, *Применять*

Прогнозируем.

Приемы:

1. Верные – неверные утверждения.
2. Прогнозирование

**Дискуссионная карта**

| **Да** | **Вопрос** | **Нет** |
|---|---|---|
| | Виновен ли главный герой в смерти девушки? | |

**Работаем с текстом**

**Приемы:**

1. Чтение с остановками.
2. Чтение с пометками INSERT.
3. Двойной дневник.
4. Кластер.

**Прием «Чтение с остановками» (примерные вопросы).**

По названию предположите, о чем будет рассказ?

▪ Какие события могут произойти в описанной обстановке?

▪ Какие ассоциации вызывают у вас имена, фамилии героев?

▪ Что вы почувствовали, прочитав эту часть, какие ощущения у вас возникли?

▪ Какие ваши ожидания подтвердились? Что было неожиданным?

▪ Как вы думаете, чем закончится рассказ? Как вы бы закончили его?

▪ Что будет с героем после событий рассказа?

**Прием «Чтение с пометками INSERT» (Фаза осмысления).**

| V | + | - | ? |
|---|---|---|---|
| Я это знал | Новое для меня | Я думал иначе | Интересно<br>Непонятно<br>Нужно разобраться |

**Прием «Двойной дневник».**

| | |
|---|---|
| <u>Фразы из текста</u>, которые произвели наибольшее впечатление (согласие, протест или непонимание) | <u>Комментарий</u>: что заставило записать именно эту фразу? Какие мысли, вопросы, ассоциации и воспоминания она вызвала? |

**Таблицы вопросов**

| **«Тонкие» вопросы** | **«Толстые» вопросы** |
|---|---|
| Кто…?<br>Что…?<br>Когда…?<br>Может…?<br>Будет…?<br>Как звали…?<br>Было ли…?<br>Согласны ли вы…?<br>Верно ли…? | Дайте три объяснения, почему…<br>Объясните, почему…<br>Почему вы думаете…?<br>Почему вы считаете…?<br>В чем различие…?<br>Что, если…? |

**Красивое многоточие… (5 мин.)**

**Пишем синквейн**

**Правила написания синквейна:**

Одно слово. Существительное или местоимение, обозначающее предмет, о котором идет речь.

Два слова. Прилагательные или причастия, описывающие признаки и свойства выбранного предмета.

Три слова. Глаголы, описывающие совершаемые предметом или объектом действия.

Фраза из четырех слов. Выражает личное отношение автора к предмету или объекту.

Одно слово. Характеризует суть предмета или объекта.

**Синквейн по пьесе А. Островского «Гроза»**

1. Катерина
2. Вольнолюбивая, протестующая
3. Любит, страдает, верует;

4. Страшный вызов самодурной власти
5. Луч света в темном царстве


**Литература:**

1. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. – Алматы, 2009ж
2. Ниязбекова К.С. Жоғары оқу орындарының орыс бөлімінде кәсіби қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2010ж
3. Стратегии для использования в любых предметных областях. Институт «Открытое общество» - Нью-Йорк. 2001.
4. Журнал. Некоторые вопросы образования. Алматы, 2003.
5. К.Ж. Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология. Алматы, 2004.


**ӘӨЖ**

# ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ДАМУЫНА ЫҚПАЛЫ


**Айходжаева Шахноза Бердалиевна**

Орта Азиялық медициналық колледжінің тарих пәні мұғалімі



***Резюме***

*В данной статье рассматривается влияние великого шелкового пути в развитии городской культуры Казахстана*

***Summary***

*In this article is given information the influence of the Great Silk Road to development the urban culture of Kazakhstan*


Азия мен Еуропа арасын жалғаған көпір тәрізді болған Ұлы Жібек жолының тарихи рөлі тек басты сауда жолы болуымен ғана шектелмейді. Көне керуен жолдары арқылы бейбіт сауда керуендерімен қатар саяхатшылар да, айналасына ажал уытын сеуіп, гүлденген қалаларды тып-типыл еткен шапқыншылар да өткен, әлемдік діндердің қатарына енетін ислам мен христиан, буддизм таралған. Сондай-ақ қазіргі кездегі ғылыми зерттеулер бұл күретамыр жолдың мәдени, ғылыми ақпараттарды алмасу құралы ретінде Еуразия халықтарының рухани мәдениетін дамытуда аса маңызды қызмет атқарғанын дәлелдейді.

Тарихи деректер бойынша, Ұлы Жібек жолы арқылы алғаш рет император

У-Дидің тапсыруымен Батыстың белгісіз елдеріне аттанған қытайлық дипломат Чжан Цянь (б.з.д. 103 жыл) жүріп өткен. Ол қытайдың ішкі аудандарынан Орталық Азияға қарай өтіп, одан қазіргі Ауғаныстан жеріне дейін жеткен. Қытай елшісінің соңынан іле-шала жібек артқан керуендер Батысқа қарай бет алған. Қайтар жолында Жерорта теңізі жағалауындағы елдерден, Таяу Шығыс пен Орта Азия жерінен өздеріне таңсық тауарларды тиеп қайтқан.

Осы жолмен жүріп өткен саяхатшылардың тағы бірі — қытайлық тақуа Сюань Цзянь (б.з. ІІІ ғасыр). Ол буддизмді тарату мақсатымен Орта Азияны басып, Үндістанға дейін барған. Кейін сол жолмен қайтып оралған. Оның жолжазбасына сүйене отырып талдау жасаған көптеген зерттеушілер саяхатшының қазіргі Ыстыққол, Тоқмақ, Мерке, Тараз аркылы Ташкентке бет алғанын жазады.

569 жылы жібек жолының Оңтүстік Қазақстан жеріндегі тармағымен Византия императоры ІІ Юстианның түрік қағаны Дизавулге жіберген елшілігі жүріп өткен, оны Земарх басқарған. Земархтың бағыты Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауымен Орта Азияға өткен. Елшілердің Тараз қаласына тоқтағаны жөнінде жазбалар бар.

Орта ғасырда алғашқылардың бірі болып, саяхатшылар легін бастаған қытайлық діндар Чань-Чунь (1220-1224 жж.) оз жазбаларында географиялық деректер келтірген. Ол Шу мен Талас өзендерінің аралығын мекендеушілер егіншілікпен қоса жібек құртын өсірумен, шарап жасаумен айналысатынын айтады.

XIII ғасырдан бастап монғолдар жаулап алған мемлекеттерде экономикалық және саяси-әкімшілік ахуалдың жақсара бастауы Қытай мен Еуропа арасындағы қатынастардың қайта жандануында себепші болған. Ендігі жерде Еуропа елдерінен "Ұлы ханға" елшілер легі ағыла бастайды. Олардың маршруттары талай сынды көрген байырғы Жібек жолы арқылы өткен.

Көне тарихтың куәгері тәрізді бағалауға болатын заттық мәдениет үлгілерінің де ғылыми-танымдық маңызы зор. Ұлы Жібек жолының бойындағы ежелгі қалалардың орнынан халықтардың тұрмыс-тіршілігінен, сол кездегі қоғамдық-экономикалық жағдайынан сыр шертетін бағалы бұйымдар табылуда. Мысалы, Қазақстан жерінен табылған мұралардың арасында Қытайда жасалған тиын ақшалар, жібек маталардың қалдықтары, фарфор ыдыстар кездеседі. Бұл Жібек жолы бойындағы халықтар арасында мәдени ақпарат алмасу болғанын дәлелдейді.

Сан ғасырлық керуен қатынасы жол бойында сауда мен қолөнердің, суармалы егіншіліктің күшті дамуына себепші болды. Егіншілікті шұраттар жергілікті халықты ғана емес, сауда керуендерін де азық-түлік түрлерімен қамтамасыз еткен. Сол кездегі ауыл шаруашылығы географиясын талдасақ, көптеген тарихи деректер оның маманданған тауарлы сипаты болғанын дәлелдейді. Мұның өзі — Жібек жолы бойындағы елді мекендерде нарықтық

шаруашылық-сауда қатынастары керуен жолдары бойындағы қалалардың мамандану сипатын анықтап берді. Сонымен, Ұлы Жібек жолы Қазақстанның Оңтүстік өңірінде феодаддық-қалалық мәдениеттің дамуына шешуші ықпал етті деуге болады.

Ұлы Жібек жолы бізге белгісіздеу болып келген еліміздің тарихи шежіресімен қатар көне тарихының беттерін қайта ашуға және ұмыт бола бастаған геофафиялық атаулар арқылы байырғы табиғаттың өзгеру тарихын қазіргі экологиялық аймақтармен салыстырып, олардың заңдылығын білу де маңызы зор. Жібек жолы жер тарихы мен ел тарихының сабақтастығын ашады.

Сонымен, қорыта келгенде, б.з.д. І мыңжылдықтың орта кезеңінен "Дала жолы" деген жол болғаны әлемге белгілі. Тарих атасы Геродоттың жазбаларына қарағанда бұл жолдың торабы Қара теңіз жағалауынан Дон жағасына дейін, одан әрі савроматтар мекендеген Орал тауы етегінен Ертіске, Алтайға, содан Жоғарғы Ертіс пен Зайсан көлін мекендеген афиппийлер еліне қарай созылады. Бұл жолмен былғарылар мен терілер, иран кілемдері, құнды металдардан жасалған бұйымдар ерсілі-қарсылы тасылған.

Ол кезең жібек жасап шығару және онымен сауда жасау кезеңі еді. Әсіресе біздің дәуірімізге дейінгі VI—V ғасырларда қытай жібегі басқа елдерге, оның ішінде Батысқа да шығарылған. Бағалы жібектерді тарату ісіне сақтар мен скифтердің көшпелі әулеттері де атсалысады. Қымбат тауар Орталық Азия мен Жерорта теңізіне дейін тарайды.

Керуендер Жібек жолымен Испиджабтан Таразға, Шараб, Будухет, Керуен-Сарай, Тамга (Тамтадж), Абартат (Абардадж) қалалары арқылы жүрген. Тараз қаласына сол арқылы керуендер жететін. Тарихи деректерде Тараз "көпестер қаласы" деп те аталады. Сонымен бірге Тараз кейін қарлұқтар мен қарахандардың да сауда-саттық орталығы болған .

Ұлы Жібек жолы - Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуроазияны көктей өтіп жатқан керуен жолдарының тоғысқан тоқсан торабы. Орта ғасырдағы осы аймаққа орналасқан елдердің сауда және мәдени байланыстарының аса маңызды қарым-қатынас жолы.

**Әдебиеттер**


1. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. Алматы. "Білім". 1994.
2. Дәулетханов Әбілғазы. Түркеш қағанаты. Авторефераты. Алматы. 2002.
3. Комеков Б.Е. Қыпшақ қағандығы. "Қазақ тарихы". 1993. N1.
4. Қоңыратбаев Ә. Қазақ халқының этногенезі. Ақиқат. 1992-МІ.
5. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы. "Атамүра". 1999.
6. Аманжолов К. Р. Түркі халықтарының тарихы. 1-том. Алматы. "Білім". 2002.


**ӘӨЖ**

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК РУХАНИ ТӘРБИЕСІ

**Ундирбекова Багила Аманалиевна**
Шымкент қаласы, №55 Самал бөбекжай бақшасы тәрбиешісі

***Резюме***
*В данной статье рассматриваются основные цели и направления нравственного и духовного богатства в сфере образования и дошкольного образования.*
***Summary***
This article discusses the main goals and directions of moral and spiritual wealth in the field of education and preschool education.

***«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе дүниедегі жақсы-жаманды танидыдағы сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады»***
***Абай Құнанбаев***

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру жүйесін жетілдіру стратегиясы мектеп жасына дейінгі балаларды жеке тұлға ретінде жан-жақты қалыптастыру мәселелерінің ұлттық даму стратегиясымен үздіксіз байланысты екендігін және мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере отырып, басты қажеттілік ретінде қабылданған.

Қазақстан мемлекетінің ертеңгі болашағы бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты. Сондықтан да, қазіргі кезде болып жатқан тарихи-әлеуметтік өзгерістер жас ұрпақтың жан-жақты дамуына, тәрбиеленуіне жаңаша көзқараспен қарауды қажет етеді. Тәуелсіз еліміздің келешек ұрпақты тәрбиелеу мәселесі бүгінгі күннің өзекті тақырыбы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім беру саласының басым бағыттарының бірі мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу туралы «...Әзірге халықты мектепке дейінгі балалар мекемелерімен қамтамасыз етуде "бетбұрыс” жасала қойған жоқ. Үкімет пен әкімдер барлық жерде бұл проблеманы терең зерделеп, осы негізде бұл мәселенің шешімін әзірлеуі тиіс. Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретіндегі мектепке дейінгі білім беруге баса назар аударған жөн. Әрі балалардың білім алуға, еңбекке және қоршаған ортаға бейімі, қарым-қатынасы нақ осы кезеңде қаланатынын естен шығармауымыз керек.» деген болатын. Қазіргі таңда ауыл балабақшалары жаңа заман талабына сай жабдықталған, балабақшаның әр тобында балалардың жатын, ойын, киім шешетін, жуынатын, әжетхана, спорттық зал, үйірме бөлмелері қамтылған. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын басшылыққа алған балабақша ұжымдары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» жүйесін жүзеге асыруда. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп тұрған әлемде табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы

үшін жағдай жасайды. Олай болса, бүгінгі таңда ерекше көңіл қояр дүние баланың жан дүниесін байыту, рухни тәрбие беру.

Осы үдерісті толықтыру өткен жылғы «Мемлекет басшысының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы» -да дәлелдей түскендей; Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады. Бұл – жай ғана әдемі афоризм емес.

Ұлттың бүгіні де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Баланың шын мәнісіндегі адам болып қалыптасуы қыруар уақыт пен тер төгетін, зор еңбекті қажет ететін, ауқымы кең, жауапкершілігі мол жұмыс. Адамның дамуы дегеніміз – оның тегінде бар және туа біткен белгілердің жайғана сандық көрінісі емес. Даму – бұл ең алдымен айналадағы болмыстың ықпал жасауымен ағза мен психикада болып жатқан сапалық өзгерістер. Адамның дамуы мен оның жеке басының қалыптасуы біртұтас процесс. Осыны негізге ала отырып, француз педагогы Жан - Жак Руссоның «Бала туғанда ақ қағаздай болып туады, оның үстінде шимайды қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді» деген сөзі, жас ұрпақ тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы екеніне дәлел болғандай. Ұлттың бүгіні де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Баланың шын мәнісіндегі адам болып қалыптасуы қыруар уақыт пен тер төгетін, зор еңбекті қажет ететін, ауқымы кең, жауапкершілігі мол жұмыс.

Психикалық даму барысында танымдық, еріктік, эмоциялық үдерістерде, жеке адамның психикалық сипаттары мен белгілерінің қалыптасуында елеулі өзгерістер болады. Даму барысында баланың биологиялық индивид ретінде адамға, жеке адам ретінде адамзат қоғамының мүшесіне айналуы жүзеге асады. Адамның дамуы дегеніміз – оның тегінде бар және туа біткен белгілердің жай ғана сандық көрінісі емес. Даму – бұл ең алдымен айналадағы болмыстың ықпал жасауымен ағза мен психикада болып жатқан сапалық өзгерістер.

Ұлттық тіл, діл мәңгілік тілге айналуы үшін айнала қоршаған өмір мен таныстыру мәселелерін түйіндеу, оның тәсілдері мен қасиетін сезіну, бірқатар маңызды іс-шараларды жүзеге асырып, соның нақты нәтижесінен қорытынды шығаруға алып келеді. Әсіресе балабақшадағы өткізілетін танымдық, тәрбиелік шаралар тек ана тілінде өткізіліп, ана тілінде жүзеге асуы үшін айқын басымдықты мемлекеттік тілге беруіміз керек. Мектеп жасына дейінгі балаларды ана тілінде еркін сөйлетуге, ата- баба дәстүрін дәріптеп, рухани азық беру бағытталған танымдық шаралар мен, көру көрнекілігін жиі қолданған дұрыс. Әсіресе қазақ тіліндегі басты қасиеттер мен құндылықтарды сәбилердің өздеріне айтқызып, олардың сәби жүрегінен шыққан пікірімен де санасып отыру қажет. Бала тілі бал, түрлі пікірлер айтады, қиялын жеткізеді. Қазақ тілінің ерекшелігіне өздерінше пікірін білдіреді. Ал тәрбиеші оны дамытып баланы жігерлендіріп, алға жетелеу арқылы талпындыру қажет. Ана тіліміз баршамыздың рухани тірегіміз екенін сәби көңілдеріне сіңіріп отыру, олардың тіл байлығын дамыту

бағытындағы шараларда қателікке бой алдырмау қажет. Барынша ана тіліміздің тазалығын сақтаудың жолын бойларына сіңіре беру қажет. Мақал-мәтел, өлеңдер, жаңылтпаштар, нақыл сөздерді жаттатып қана қоймай мағынасына терең бойлауға баулу басты міндетіміз. Күнделікті балалармен нақыл сөздерді жаттату міндетті ісіміз болуы қажет. Ойын бөлмесі мен жатар орындарында мағыналы сөздер, ғұламалардың айтқан сөздерін көрнекілік ретінде іліп қою, ұлттық құндылықтарға байланыс суреттер салғызу, оқиғаның мағынасын ашқызу барлығы бала бойындағы ұлттық тәрбиені дамытудың құралы болады.

Қазақстан Республикасының болашақ азаматы ретінде тәрбиеленіп өсуі үшін күні бүгіннен бастап негізінің берік қалануына бас назар аудару. Әрбір ісімізді балалардың болашағы үшін арнап отыруды өзімізге басты міндет санаймыз.

Тәрбие мен баланың алғашқы дені- мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Бала бойындағы жаңа қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі болып тәрбиеленуіне балабақша ошағының маңызы зор екені белгілі. Мектепке дейінгі білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойған басты мақсат- баланың жас ерекшелігіне қарай балалар тарихы негізге ала отырып, ұлттық тәрбиені салт –дәстүрді бойына сіңіріп жеке тұлға ретінде жан-жақты қалыптасуына ықпал ету. Халқымыздың әдептілік, инабаттылық, мейірімділік, қарапайымдылық, ізеттілік, қонақжайлық қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру үшін әрбір тәрбиеші, ұстаз халық педагогикасын, салт дәстүрін , әдеп - ғұрыптарды жақсы меңгерген рухани дүниесі бай, жаны таза адал жан болуы керек.

Балабақшадағы әрбір тәрбиеші –педагог оқу-тәрбие жоспарын тиімді әрі нәтижелі етіп ұйымдастыру үшін өздерінің бағдарлық біліктіліктерімен, қабілеттіліктерімен қатар, педагогикалық жаңа технологиялар негіздерін жетік меңгеруі тиіс. Яғни бүгінгі тәрбиешінің басты міндеті әлемдік өркениеттілікке ұмтылып, әлемге танылып отырған Тәуелсіз Қазақстанның болашағын құрайтын жас бүлдіршіндерді саналы азамат етіп тәрбиелеу. Тәрбиенің негізі бірінші кезекте әрбір отбасында қаланатынын ескере отырып, «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген қазақ халқының даналық қағидасын ұстанып, көптеген ұйымдастырылған іс- шаралар ата-аналардың қатысуымен өткізіледі. Өйткені, жеке тұлғаның қалыптасуы ең алдымен отбасындағы үлгі-өнеге мен тәлім-тәрбиеге байланысты екенінде дау жоқ. Сондықтан да балабақша ұжымы ата-аналардың балабақшада өткізілетін түрлі іс- шаралар мен тәрбие ісіне қатысты тренингтер мен ертеңгіліктер, сондай-ақ пікірталас сағаттарына қатысуларын қамтамасыз етіп отырады. Бұл бала тәрбиесіне байланысты ортақ мәселелерді бірлесе отырып шешуге айтарлықтай мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандартын басшылыққа ала отырып, «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» атты білім беру салаларына байланысты

мектепке дейінгі баланың жас ерекшелігіне сай оқу іс-әрекетін шығармашылық, ізденіс негізінде жүзеге асыруда.
Балабақша балаларының тәрбиесімен білімділігімен қатар денсаулықтарын нығайту мақсатында барлық тиісті шараларды жүргізу медбикенің бақылауы аясында өткізіледі. Осы білім саласы бойынша дене тәрбиесінен ұйымдастырылған оқу іс- әрекеттері де жаңа технологиямен түрлендіріліп, балалардың денсаулығын нығайтып, дене бұлшық еттерін шынықтырып жетілдіруге, сондай ақ жылдамдыққа, ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеуге ықпалын тигізіп келеді.

Қорыта айтқанда; тәрбиешінің басты міндеті- бойында ұлттық санасы қалыптасқан, дені сау, жан дүниесі бай жан- жақты азамат тәрбиелеп өсіру. «Ел боламын десен, бесігінді түзе» деп дана халқымыз айтқандай тәрбиелі, білімді ұрпақ әрқашан ұлт мақтанышы, беделі болатыны анық.

**Әдебиеттер:**


1. Жұмабекова Ф. «Мектепке дейінгі педагогика» 2012ж
2. Иманбекова Б.И. «Тәрбиеге жетекші», 2004ж.
3. Мухина В.С. «Мектепке дейінгі балалардың психологиясы» 1975ж
4. Нечаева В.Г. «Балабақшада рухани мәдениетке тәрбиелеу», 1981ж



**ӘӨЖ**


# ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МҰҒАЛІМНІҢ ШЕБЕРЛІГІ


**Айдарбек Бәкіржан**
«Өрлеу» БАҰО АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша Кәсіби даму институты филиалы
**Жанысова Бакытгуль Ермаханбетовна**
Созақ ауданы, І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі



***Резюме***

*В данной статье рассматриваются профессиональное мастерство учителя и его роль в формировании конкурентоспособной личности*

***Summary***

*In this article is given information the professional skill of the teacher and his role in the formation of a competitive personality.*


Қоғамдағы болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер жоғары мектеп жағдайында білім берудің қызметіне жаңаша карауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен саралай отырып, бағалауды, жастарды шығармашылық әлеуметтік дамытуды талап етеді.

ҚР-ның «Білім беру туралы» Заңында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім беру және жеке адамның шығармашылық рухани, біліктілік күш қуатын жетілдіру, жеке тұлғаның жан-жақты толысуына жағдай жасай отырып, зерделі азамат даярлау міндеті көзделген.

Демек, жастарды қоғам өмірінің барлық саласында да, соның ішінде білім алуда да тек деректер жинап, жалпы хабардар болуымен шектелмей, терең білімді, ізденімпаз, барлық әрекетінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлғаны тәрбиелеу уақыт талабынан туындап отыр.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай-ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты қоғам шығармашылық әрекет пен шығармашыл тұлғаға мұқтаж екенін күнделікті өмірдің өзі дәлелдеуде. Осыған орай бүгінгі күні орта білім беретін мектептерге үлкен талап қойылуда.

Бұрын орта білім беретін мектептің негізгі міндеті білім беру мен дағды біліктіліктерін қалыптастыру болып келсе, қазіргі міндеті: ойы ұшқыр, шығармашылық қабілеті жоғары, өмірге икемді, жан – жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу. Адамның болашағы оның қазіргі алған білімінің сапасына, көлеміне, ойлау деңгейіне байланысты.

Жеке тұлғаны қалыптастыру тек қана әлеуметтік жағдайда ғана жүзеге асады, яғни адамның табиғи қабілеттеріне қоршаған орта әсер еткенде ғана толық ашылады.

Ал, балаға бірден – бір әсер ететін орта – мектеп. Сондықтан да жеке тұлғаны қалыптастыру міндеті мектепке жүктеліп, оқушының жеке қабілетін дамытуда, дарынын ашуды және қоғамдық белсенді әрекетін жүзеге асыруда мұғалімдердің іс - әрекеті мен озық тәжірибесі, қабілеті мен шеберлігі шешуші рөл атқарады. Оқыту ісіне жаңа тәсілдер дайындау, өзара нұсқаулық-ақпараттық қатынастан білім алуға деген сұраныстарды қанағаттандыруға, жеке тұлғаға бағытталған өзара әрекетке көшу-педагогикалық ғылым мен тәжірибенің алдына қойылып отырған үлкен міндет. Мұғалім дамымай оқушы дамымайды.

Қазіргі заманғы ақпараттық және білім беру технологияларын пайдаланбай, оқушы мен мұғалімнің сапасын арттырамын деуге болмайды. Ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов «Білім біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы» деп білім мен біліктілік жайлы үлкен ой айтқан. Дәрігер өзінің білместігімен бір ғана адамға зардап әкелуі мүмкін, ал педагог бір ұрпақты құртуы мүмкін. Сондықтанда білім берудің нәтижелілігі мұғалімнің шеберлігі, шығармашылығы мен оның кәсіби құзыреттілігіне тікелей байланысты.

Мұғалім шығармашылығы төмендегі іс-әрекеттен көрінеді:

1. Мақсаткерлік
2. Мақсатқа жету жолындағы міндеттерді белгілеу және оны жүзеге асыру.
3. Мақсатқа сай белгілі бір тақырыппен айналысу.
4. Озық үлгідегі педагогикалық тәжірибені өз тәжірибесімен шебер ұштастыра білу.
5. Атқарылған жұмыстардың нәтижесін бағалау, қорытындысын шығару.
6. Алынған қорытындыны баспада жариялау, өзгенің назарына ұсыну (іс-тәжірибені жинақтап, тарату)

Шығармашыл мұғалімнің білім берудегі мақсаты-әр түрлі деңгейдегі білім беру әрекеттерінің жоспарланған нәтижесіне жету. Алайда, оны тәжірибеге енгізу үшін әр педагогтың іс-әрекетіне әдіскерлер тарапынан тұрақты әдістемелік көмек жасауды қамтамасыз ету қажет. Мұғалім өз жұмысында оқушылардың қабілеттерін анықтап, оларды оқыту, жетілдіру, ғылымға бейімдеу, бала дарындығын ашу, оны дамыту, бойындағы қабілеттілік белгілерін көре алуы мұғалімнің шеберлігін қажет етеді.

Жас ұрпақты жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейін жоғары етіп қалыптастырудың бірден бір жолы-оқушыға білімді терең игерудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру, шығармашылыққа жетелеу. Жаңа кезеңдегі мұғалімнің шығармашылық іс-әрекетінің мазмұны зерттеушілік қызметтен, жеке ізденістерден, оқушымен, ата-анамен тығыз ынтымақтастықтан көрінеді.

Жеке тұлға қабілеттерін дамытуға бағытталған оқыту процесі әр педагогтың өзіне, өз ісіне және өзге деген жауапкершілікті артырып, оқушымен қарым-қатынасын берік сенімге негізделгенде ғана игі нәтижесін байқатуы мүмкін. Олай болса, қазіргі заманның оқыту сатысының мұғалімі қандай болу керек?

Оқыту мен тәрбиелеу процесін жаңаша ұйымдастыра алатын, педагогикалық технологияның, оқытудың интенсивті және интерактивті әдіс-тәсілдерін, барлық деңгейлік тәсілдерін меңгере алатын;

- оқушылардың өмірлік дағдаларын қалыптастыратын;
- білім сапасы бағалаудың жаңа формаларын мониторинг, арқылы бағалау тестерін, ақпараттық коммуникаттық технологияны игере алатын;
- білім мен тәрбиені үндестіре, тәрбие мазмұнында әлемдік және ұлттық құндылықтарды бере алатын болу керек.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін мыналар қажет:

Жеке тұлғаның сұраныстары мен мүмкіндіктеріне және нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін қалыптастыру. Білім мен тәрбие беру стандарттарының, бағдарламаларының, оқулықтары мен оқу - әдістемелік кешендерінің көп нұсқалы, жаңа сапалы мазмұнын жасау және қолданысқа енгізу;

Оқу - әдістемелік кешендер, оқушы ізденісіне қажетті хрестоматиялар, сөздіктер, зертханалар, интернет т.б. оқушының өзіндік жұмысы мен ізденістерінің жетекші құралына айналуына жағдай жасау.

Жеке тұлғаны қалыптастыруда мына ұстанымда басшылыққа алынады.

- ұстаз, оқушы ( өзара түсінік)
- оқушыға сенім көрсету;
- іс-әрекетіне ерік беру, көтермелеу;
- адамгершілік қасиетін дамыту;
- өзін-өзі тәрбиелеуге жағдай жасау

Оқыту үрдісін жобалағанда шәкірттің мүмкіндіктері мен мүдделерін бірлікте қарастыру шарт. Өйткені әрбір тұлғаға өзінше ойлағысы келетінін ізденіске бейім болатындығын педагогтар мен психологтар ежелден бері – ақ дәлелдеген. Олай болса, әрбір тұлғаның бойында бар шығармашылық қабілетін оятып, оларды өзіндік тұрғыда ойланып, әрекеттене білуге баулу оқудағы белсенділікті көтеруге игі ықпал етеді.

Ал оқушының ізденіс барысындағы табысы оларды қуанышқа бөлеп, ілгері ұмтыла түсуіне, кездескен кедергілерді жеңіп күрделі қиындықтардан құтылудың тиімді жолын табуға үйретеді. Ой еңбегі саласындағы белсенділік табысқа жетудің кілті екендігін мойындап, уақыт талабы тұрғысынан әрекеттену және оған машықтану дағдысы қалыптасады. Баланың жеке тұлға ретінде дамуы, өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой - өрісінің кеңейту үшін арнайы сабақтар, тәрбие жұмыстары жүргізілуі қажет.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық педагогикалық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру мұғалімдердің интелектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Қазіргі білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар бар. Жас ұрпаққа білім беру мен тәлім берудің сан жолы, көп қыры бар. Мына ғаламдық ғарышты даму дәуірінде, шәкірттерге ұстаздық пен берілер білім мен білік күн өткен сайын күрделене, жаңара түсуде. Қоғам дамуына қарай ғылым салаларының жаңа түрлері пайда болатындығы тарихтан белгілі.

Қазіргі жасалған ғылыми тұжырымдама бойынша, мұғалімнің бұл бағыттағы жұмыстарға дайындау оның шеберлігін шыңдау әрбір ұстаздың қолында.

Ол үшін мынадай нұсқаулықтарды басшылыққа алуымыз тиіс:

1. Мұғалімдерде: ғылыми-практикалық әдістермен және осы әдістердің негізіндегі өзіндік іс-әрекетінің нәтижелерін диагностикалайтын құралдармен қамтамасыз ету. Сонымен бірге осыларды өзінің практикалық іс-әрекетінде пайдалана білулеріне қол жеткізу;

2. Мұғалімде, мектеп пен білім беру саласының алдында тұрған басты мақсаттарды ой елегінен өткізіп отыруға үнемі соған бағыттап жұмыстарын ұйымдастырып отыруы керек;

3. Мұғалімнің өзіндік озық іс-тәжірибесін үнемі жүйелеп және қорытындылап отыруды, сондай-ақ іс-тәжірибені қажет ететіндерге түсінікті түрде жеткізе білу технологиясын үйрету.

4. Мұғалімнің әрбір оқушының психологиясын терең білуіне және соған қарай әрекет жасауына қол жеткізу.

Бастауыш білім - үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы. Осыған орай оқушыға белгілі бір көлемдегі білім дағдыларды меңгертумен бірге, табиғат, қоршаған дүние туралы түсініктерін кеңейте отырып, оларды шығармашылық бағытта, жан-жақты дамыту бүгінгі күннің талабы. Мұғалімдердің негізгі мақсаты: оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, шығармашылық ізденіске баулу. Бүгінгі таңда жаңа технологияны оқып-үйрену, болашақ ұстаздың шығармашылық ойлауын, инновациялық кәсіби білімі мен шеберлігін жетілдіре түседі. Білім туралы заңға сәйкес мұғалім оқушының мемлекеттік өлшем деңгейінен төмен түсірмей білім беруі тиіс. Ол үшін оқытудың белгілі технологиясын игеріп, оны жүзеге асыра білуі керек.

«Білім мен тәрбие-егіз» - дейміз. Олай болса, сауатты білім алу үшін бірінші бала тәрбиесін қалыптастыру керек. Ол үшін не істеу керек? Мектеп табалдырығын аттаған күннен мұғалім, оқушы және ата-ана арасындағы тәртіпті қалыптастыру керек. Тәртіп болған жерде ғана оқушының алған білімі, тәрбиесі көрінеді. Оқушыларды еркін ұстап, өз ойын ашық айтқызып, ұялшақ болмай, ширақ болуға үйрете отырып, тәртіпті қалыптастыруға болады. Сабаққа дайын болмаған оқуға қатты зекіп, сөгіс жариялап, ата-анасына жамандап, баланың беделін түсіріп алу деген өз жұмысыңды артқа тартуға әкеп соғады.

Ұлы педагогтардың тәрбие туралы әдісінде балаға сенімді көзбен қарап, оның бойындағы жақсы қасиеттерді көріп, соны үнемі арқау етіп, сенен жақсы оқушы шығады, сен оны түсіндің, ертең жаттап келіп, жақсы баға аласың деген жылы сөздерді пайдаланып отырсақ, оқушы бойында жауапкершілік қасиет қалыптасып, өзінің оқығанына мұғалім, жан-жағындағы достарының қуанатынына оқушының көзі жетіп, өмірге деген қызығушылығы арта түседі. Ал, көрнекілік жайында «Егер сіз бір сөз айтудың өзін қиын санайтын сыныпқа кірсеңіз, жұмысыңызды сурет көрсетуден бастаңыз, сонда сынып сөйлей жөнеледі!» - деген екен. Көрнекілікті пайдалануда тірек схемасы көп көмегін тигізеді. Схема оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға, ойын жинақтауға, еркін өздігінен сөйлеуге үйретеді. Мектеп табалдырығын енді аттаған жас ұрпақты өзінің ана тілінде еркін, мүдірмей сөйлетіп, үйрету үшін оқыту әдістемесін жетілдіріп отыру - бүгінгі күннің мәселесі. Ол үшін ғалымдардың еңбектеріне сүйеніп отырса адаспаймыз.

Қорыта айтқанда, «Мектептің жаны мұғалім». Мұғалім қандай болса, мектебі де сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, сол мектептен балалар көбірек білім алып шығады. Ең әуелі мектепке керегі-білікті маман, жаңашыл мұғалім. Әрбір ұстаз алдын-ала өзін-өзі педагогикалық жұмысқа іштей бейімдеуі

керек,инновациялық ынталық пен табандылыққа үйренуі қажет және өз сенімін оқушыға жеткізе білуі керек.

Ұлы неміс педагогы А.Дистервергтің әйгілі «Неміс мұғалімдерінің білім беру ісіне басшылық» атты еңбегінде: «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлауға үйретеді», - деген.

Мұғалім қазіргі заманға лайық өзінің білім беру ісін рухани, дамыта отырып, инновациялық ізденіспен жұмыс істеп, білігі мен білімі жоғары ұлағатты болуы керек.

Ал, ойлауға үйрететін сабақты дамыта оқыту сабақтары деп білеміз. Бұл сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Мұғалім бұл жағдайда танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы болғандықтан, оқушының шығармашылығын арттырады.

**Әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы» 27 шілде 2007 жыл
2. Жұмабаева Ә.Е. «Шешуші құзыреттіліктер – бастауыш білім беру сатысындағы қазақ тілінен күтілетін жаңа нәтиже Бастауыш мектеп, 2008, №1.
3. Жұмабаева. Ә.Е Негізгі құзіреттер білім берудің жеке бағытта парадигмасының құрамдас бөлігі. «Халыққа білім беру» №2, 2003
4. Исқақова А. «Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мүмкіндіктері.//Қазақстан мектебі,
5. Сәдуақасқызы К. «Педагогтың тұлғалық сапаларының мәдени көрсеткіштері» //
6. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі. Білім әлемі. Алматы., 2004 ж.

**ӘӨЖ**

## БАЛАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҒЫН АНЫҚТАУ НЕГІЗДЕРІ

**Алимжанова Назира Бериковна**
Созақ ауданы, І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебінің мектепалды сынып мұғалімі

***Резюме***

*В статье рассматриваются основные методы исследования готовности детей к школьному обучению*

***Summary***

*The article discusses the basic methods of studying the readiness of children for schooling*

Баланың мектепке дайындығы туралы сұрақ қазіргі таңда психологиялық, педогогикалық, медициналық және ата-аналар арасында да талқыға түсіп жүрген өзекті мәселе екенін айтсақ артық емес. «Балаңыз мектепке баруға дайын ба?», «Баланы мектепке қабылдауға арналған тест тапсырмалары», «Баланы мектепке дайындау үшін кеңестер»т.б сияқты әдебиеттер баршылық. Бұл әрине түсінікті, қалыпты жайт, себебі әр баланың алғашқы оқу кезеңі, білім деңгейі оның даму баспалдағындағы негізгі бастапқы сатысы болмақ.

Баланың мектепке дайындығының көрсеткіштерін өзара байланысты 3 бөлікке бөлуге болады: физиологиялық, интелектуалды және өзіндік дайындығы. Физиологиялық дайындығын дәрігер, интелектуалдық және өзіндік дайындығын психолог бағалайды. Баланың белсенділігі, өздігімен жұмыс жасай білуі, өз қатарластарымен және ересектермен ойлау деңгейі жағынан тіл табыса білу.Оқушылық бағытының қалыптасқандығы туралы мәліметтерді мұғалімге психолог береді.

Психологиялық дайындықтың құрылымы мынадай бөліктерге бөлінеді:

**1) Жеке дайындық -** баланың жаңа қоғамдық ортаға дайындығының қалыптасуы бірнеше құқықтар мен міндеттерді қамтитын мектеп ережелерінен тұрады. Мектепке оқуға дайын бала- мектепке қажетті құралдардын ( портфель, оқулық, дәптер, т.б.) түгелдеп ғана қоймай, сондай ақ жаңа білім алу мүмкіндігі мен таным қабілетіжеткілікті дәрежедедамыған бала болып табылады. Сондай ақ жеке дайындық баланың эмоциялық жай күйінің даму деңгейін де көрсетеді. Мектепке барар алдында баланың көңіл күйінің көтеріңкі болғаны жөн.

**2) Зияткерлік дайындық** - дайындықтың бұл түрі баланың нақты білімі мен ой-өрісінің ауқымын көрсетеді. Баланың танысып отырған материалына деген көзқарасы мен материалды жекелей әрі жоспарлы түрде қабылдау жүйесінң қалыптасуы маңызды. Сондай-ақ жалпылай ойлау формасы мен негізгі логикалық операциялары атқарып , есте сақтай алуы да міндетті .

- саралап қабылдау.
- аналитикалық ойлау.
- нақтылықты қыталпыныс.
- логикалық есте сақтау.
- білуге құштарлық.
- сөйлеу тілін игеру.
- қолдың қозғалысы мен көру-қозғалыс үйлесімділігі.

**3) Әлеуметтік- психологиялық дайындық-** дайындықтың бұл компоненті балада басқа балалармен, мұғалімдермен қарым- қатынасы жасай алатын сапаларды қалыптастыруды көздейді. Бала топ болып бірге жасап жатқан жұмыс үстінен түседі. Осы кезде балада өзін ортаға бейімдеу қабілеті өте қажет болады. Ол үшін балалармен араласып кетуге олармен бірге әрекет етуге , олардың қызығушылығына ортақтасуға түрлі жағдайларға икемделуіне ықпал ету керек.

Мектепке келу кезеңі:

- мінез-құлықтың жаңа сапалық деңгейге көтерілуі
- әрекетке іштей талдау
- нақтылыққа жаңатанымдық қатынасының даму.
- қарым- қатынастың жаңа сапалық кезеңіне өту болып табылады.

**4) Физиологиялық дайындық-**

Бала ағзасының қызметі мен денсаулығық жағдайының даму деңгейімен анықталады. Баланың мектепке дайындығын дәрігерлер арнайы өлшемдермен белгілейді. Баланың мектепке оқуға психологиялық және физиологиялық дайындығын анықтаукезінде денсаулық жағдайы юасты назарда болуы шарт. Өйткені білімді игеруге, оқуға деген қызығушылығы басым болғаны мен денсаулығы сәйкес келмеуі мүмкін.

Әр баланың дамуы түрліше болатынын естен шығармау керек. Олардың жасы биологиялық дамуымен сәйкес келе бермейді. Бір бала 6жаста өзінің дене дамуы жағынан жүйелі оқуға дайын екіншібалаға 7 жас болса да, оған мектеп бағдарламасы ауыр тиеді

Біз бірінші сыныпқа бала қабылдағанда оның мектепке даярлығын анықтаймыз.

**Оның мақсаты** - білім беру кезінде бала дамуына қолайлы жағдай жасау. Анықталған кемшіліктерді түзету жолдарын табу, дарынды балаларды анықтау. ***Баланың мектепке жетілуінің деңгейін анықтаудың нақты бағасын былай беруге болады:***

a. мектепке физиологиялық дайындығы - баланың дене шынықтыру дайындығының дамуының деңгейі, оның жас ерекшелік мөлшеріне лайықты болуы, денсаулық тобы, оқыту жүйесі жағдайындағы оқушының еңбекке икемділігіне байланысты;

b. мектепке психологиялық дайындығы - жас ерекшелік мөлшеріне лайықты болуы, ақыл-ойының даму деңгейі, сезімі, тұрақтылығы, шыдамдылығы, табандылығы;

c. мектепке әлеуметтік дайындығы - баланың жеке тұлға ретінде дамуы, оның өмірге деген қарым-қатынасы (өз заттарына, ойыншықтарына, ата-анасына, құдастарына т.б. деген қарым-қатынасы, жүріс-тұрыс ережелерді білуі, коммуникативтік дағдылары)

d. мектепке дидактикалық дайындығы - баланың оқу іс-әрекетінің субъектісі ретінде дамуы, осы кездегі оқу, жазу, санау дағдысы (тілінің дамуы, саусақ икемділігі, сан, мөлшер туралы елестетуі және т.б.).

Ең бастысы - ата-аналар бұл алынған қорытындыға тәуелді емес, оған жайбарақат қарайды. Ешқандай психологиялық тестер және ғылыми тапсырмалар біржақты баға бермейді, әсіресе ақыл-ойының дамуы жағдайында. Ал егер қандай да бір сұрақтар мен күмәнді жағдайлар болса, ең жақсысы маманға керінуі керек. Әсіресе, диагностиканың ең төменгі және ең жоғарғы көрсеткішіне назар аударыңыз. Егер баланың керсеткіші төмен болса, қам жемеңіз, дамытушылығын арттыратын ойындармен, жаттығулармен айналысыңыз. Мерзімді уақыттан кейін, мысалы, бір-екі айдан соң диагностиканы жүргізіңіз. Егер баланың дамуы жақсармаса, онда психолог маманына көрсеткен жөн. Егер бала жоғарғы көрсеткіш көрсетсе, онда көңіліңіз жайбарақат бола берсін. Бала акыл-ойының дарындылығымен көзге түсетін болса, онда сол дарындылыкты жоғалтып алмау үшін күресу керек. Ол үшін арнайы оқыту және дамыту бағдарламасы керек. Бұл кезде психолог пен педагогтың кеңесі көмектесуі мумкін. Әсіресе, баланың дамуының орташа көрсеткіші аландатпайды. Бірақ, өзіңіз балаңыздың ақыл-ойының дамуын одан әрі жақсарту үшін талаптануыңызға болады.

**Әдебиеттер:**

1. Кравцова Е.Е. Психологические проблемы готовности детей к обучению в школе. - М., 1991.

**ӘӨЖ**

# БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОТБАСЫ МЕН БАЛАБАҚША

**Туранова Гулжанш Курманалиевна**

Шымкент қаласы, АУДҰИ аға оқытушысы

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются роль семьи и детского сада в воспитании дошкольников*

***Summary***

*In this article is considered the role of the family and kindergarten in the education of preschoolers.*

Бала үшін дүниеде ең жетілген, білімді де, мәртебелі адам – оның ата – анасы. Ал, ең әдемі де жарық үй – оның туылған үйі. Жас баланың дамуында ата-ананың орыны ерекше, сондықтан ата-ана өз отбасында қолайсыз жағдайларды баланың көзінше тудырмауға тырысуы қажет. Отбасындағы ұрыс-керіс баланың жүйкесін тоздырады. Кейбір ата-аналар өз перзентін шектен тыс еркелетіп, баланың бетінен қақпай, көңіліне қарап тәрбиелейді. Ал мұндай көріністер баланың бойына кері қасиет пайда болуына тікелей жағдай тууына себеп болады. Ата-аналар балаға отбасылық өмірдің алуан түрлі, қыры мен сырын дүние жұмбақтарын танытып, тағылым талғамға, әдептілікке баулуға тиіс. Себебі, ата-ананың күнделікті өмір тіршілігіндегі еңбегі, адамның бейнелері, жақсы мінез-құлқы, дұрыс қарым-қатынасы – балаға үлгі. Баланың алдында барынша сабырлы әрі ұстамды болуға тырысу керек, ата-ана өзі үлгі бола отырып, баласын сабырлылыққа тәрбиелейді. Әрбір ата-ана өз баласы үшін-басты тұлға. Сондықтанда да кез-келген бала алдымен үлгіні ата-анасынан алады. Бала әкеден ақыл, анадан мейір алады. Ата-ана баласымен пікірлесуде бейауыз сөздерді қолданбай, дөрекілікпен жеке басын қорламай, мейірімді, табиғи, жылы ақылды сөздер айтып өнеге бола білсе, тәрбие де табысқа жетеді, өйткені, жақсы сөз жан семіртеді.Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық ұжымы ата-аналармен бірлесіп, баланы өсіріп тәрбиелеудегі басты мақсат қоғамдық өмірге «түзу кірпіш қалау» екенін ескере отырып, ал осы мақсатты жүзеге асыру үшін, алдындағы қандай болмасын қиындықтарын жеңу, соған сәби кезінен төмендегі мынадай көзқарастарды негізгі ұстаныным ретінде қабылдау. Көзқарастар мыналар: баланы сәби ол әлі ештеңе білмейді, ұқпайды деп жай көзбен қарамау керек, өйткені ол да өсіп келе жатқан тұлға. Баланы әр уақытта шындыққа үйрету. Еш уақытта алдамай, шындықты ашып айтып сол жағдайға дұрыс көзқараспен қарауға жағдай туғызу. Баланың өз ісін уақытымен күнде қадағалау, бақылау. Баланың әр бір ісін қадағалап, оған деген көзқарастан нәтиже шығаруға көмектесу. Қандай жағдай болса да, ұрпағын жауын мен жел өтінен, жаман әдеттен қорғап, өз бойындағы ең жақсы қасиеттерін сіңіру, ана уызбен бірге ұлттық дәстүр қайнарына қондырып өсіру әке мен ананың ұлы борышы. Дені сау, рухы таза, ана тілін толық меңгерген ұрпақ өсіру қазіргі кездегі ең негізгі мәселе. Бала тәрбиесінде отбасы басты орын алады. Баланың ана тілін толық меңгеруі, ұлттық-сана сезімін тәрбиелеу, денсаулығын түзету, бала тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін білу жөніндегі дағдыларын қалыптастыру мектепке дейінгі мекемелерге берілген. Тәрбиенің сан алуан келелі мәселесін шешетін, қарапайым

дағдыларды бала санасына орнықтыратын алғашқы білім баспалдағы – балабақша. Балабақшада халық педагогикасын бала бойына сіңіре отырып имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелейміз. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартының бес саласының әр бөлімдеріндерінің ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде салт-дәстүрдің барлық түрлерін баланың бойына сіңірудеміз. Мысалы: тұсау кесу, бесікке салу, тілашар т.б. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілер өз тәжірибелерінде халық ауыз әдебиетінінің ішінен жиі мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, санамақтар, ертегілерді оқу іс-әрекеттерінде пайдаланады. Бүгінгі күнде жас ұрпақтың сана сезіміне өз елінің, жерінің тарихы мен мәдениеті туралы алғашқы ұғымдарды кішкентай кезінен қалыптастырамыз.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа-адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани - адамгершілік тәрбие - екі жақты процесс.

Еліміздің болашағы - жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік-отбасы, ата-ана тәрбиесі болса, екінші бесік – білім беру мекемесі. Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие- адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Заман талабына лайық тәрбие мен білім беру жұмысын кешенді ұйымдастыру жаңа технологияларды, идеялар мен шығармашылық, инновациялық жаңашылдықты қажет етеді. Жас ұрпаққа білім беруді жетілдіру мәселесі толассыз күн сайын өзгеріп тұрған әлеммен бірге жүрері анық. Балабақшада берілетін тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан – жақты тәрбие мен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне балабақша ошағының тигізер әсерінің маңызы зор.

Қоғам үшін әр кезенде әр отбасында өсіп келе жатқан өрімдей ұл-қыздарын дені сау, рухани бай, еңбекке, білімге құштар болып өсуі ең жоғарғы тілек, ең биік мақсат. Оның қуат алатын қайнар бастауы отбасы. Отбасының асақұнды ықпалы мен әсерін өмірдегі ешнәрсенің күшімен салыстыруға болмайды.

Балаға отбасы тәрбиесінің орнын ешнәрсе алмастыра алмайды. Отбасы өмірге сәби әкеліп, оны тәрбиелеп, қалыптастыруда және ұрпақ жалғастыруда теңдесі жоқ орын. Отбасының балаға тәрбие берушілік қызметінің мақсаты баланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты

тәрбиелеу. Көздеген мақсатқа жету үшін отбасындағы тәрбие төмендегі міндеттерді шешеді.

Отбасында баланың өсуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, тазалықты қалыптастыру. Еңбек сүйгіштікке баулу, тұрмыстағы, үй шаруасындағы еңбекке құлшынысын арттыр, өзіне - өзі қызмет етуге үйрету.

Отбасы мүшелерімен тіл табысып, дұрыс қарым қатынас жасауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет, көрсетуге үйрету.

Әдебиетке, мәдениетке, өнерге тәрбиелеу. Бұл міндеттер жүзеге асу үшін бала дүниеге келген күннен бастап отбасында, қоғамдық орындарда, мектепте тәлім - тәрбие беріледі.

Балабақша — бүлдіршіндерді болашақта ата дәстүрін сақтайтын инабатты да, ибалы үлкен-кішіні сыйлай білуге үйрететін тәрбие орталығы. Өмірге келген жас ұрпақты тәрбиелеу ата-аналар мен балабақша тәрбиешілерінің қасиетті борышы.

Әке мен шеше өзін тәрбиешімін дей отырып, өздері де тәрбиеге енуі қажет. Бүлдіршіндер өнерімен қорытындыланады. Қазіргі таңда баланы тәрбиелеуде ата-ананыңда, тәрбиеші ұстазында атқаратын ролі зор. Жас күніде бала қандай тәрбие алса ізбен алға қарай өседі. тәрбие алса ізбен алға қарай өседі. Тәрбие кезінде отбасының, балабақшаның да алатын орны бар. Ата-ана баласына өз отбасын қадір тұтудан бастап, туған-туыс, Отан, Қазақстан деген ұғымдарды терең түсінгені, құрметтеп қарауға тәрбиелеу керек екенін ұғындыру. Отбасы жауапкершілігі бәрінен биік болмақ. Сондықтан ата-ана басты талапты өздеріне қойғандары жөн. Баланың тәрбие алуына қоғамнан өз орнын табуына жағдай жасауына әрбір отбасы педагогикалық әдіс - тәсілдерге сүйенгені дұрыс.

**Әдебиеттер:**


1. ҚР «Неке және отбасы» заңнамасы.- Астана: Елорда, 2011
2. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика. Оқу құралы. Алматы 1989ж.
3. Н.К. Крупская, Мектепке дейінгі тәрбие туралы.-Алматы: «Мектеп», 1988


**ӘӨЖ**

# БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОТБАСЫ МЕН БАЛАБАҚШАНЫҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ


**Егенова Назгул Атаевна**
«Өрлеу» БАҰО АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша Кәсіби даму институты филиалының аға оқытушысы
**Қозыбақ Сымбат Бахытқанқызы**
Шымкент қаласы, "Шағала" бөбекжай балабақшасы тәрбиешісі


***Резюме***

*В данной статье рассматриваются особенности проявления агрессивности детей в дошкольном возрасте и их коррекция.*

***Summary***

*The article is given information about the characteristics of the aggressiveness of children in pre-school and their correction.*

Бүгінгі таңда ата-ана мен тәрбиеші арасындағы ортақ мәселе-бала тәрбиесі екені баршамызға мәлім. Ата-ана үшін бала өмір жалғасы, көздің нұры, үміт күткен шырағы, келешек қызық көрсетер болашағы десек, тәрбиеші үшін еңбегінің нәрлі жемісі болып табылады.

Қай халық болмасын үмітін ең алдымен ұрпағымен байланыстырады. Міне, сондықтанда: «Ана үйдің берекесі, бала үйдің мерекесі», «Бала болсаң болғандай бол, айналаңа қорғандай бол» деген қағиданы берік ұстанған ата-бабаларымыз өз ұрпағын «Адам, азамат» деген атқа лайық етіп өсіруді мақсат еткен. Бала тәрбиесінің қай саласында болсын, ата-ананың өнегесі үлкен рөл атқарады. Егер баланың ата-анасы үйді таза ұстап, өздерін күте білсе, жақындармен сыпайы қарым-қатынаста болса, жақсы кітап, кино шығармалар жайлы әңгімелеп отырса баланың эстетикалық танымын күшейте түсері хақ. Отбасы-бұл баланың өмір сүру ортасы қамқорлықтың тұрақты көзі, тәрбиелеу мен қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезінетін орын.

Отбасында тұрақты, жылы жағдай қалыптасқан болса, ондай ортада тәрбие алып өскен бала да жақсы жетістіктерге жетіп, өзінің даму әлеуетіне көтеріле алады. Алайда, заманауи отбасылары қоғамдық дамудың сапалы және қарама-қайшы жағдайында қалыптасады.

1. Қоғамның қарқынды жіктелуі (материалдық байлығының деңгейі және әлеуметтік мәртебесі бойынша)
2. Балалардың психикасына кері әсер тигізетін ажырасулар санының артуы.
3. Бір ата –анаға тәрбие беретін отбасылар санының өсуі.
4. Бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет жаһандық желісінің қуатты озбырлық ықпалы.

Сапалық тұрғыдан алғанда отбасын нығайту жөнінде кешенді бағдарламалар әзірленіп жүзеге асырылуда. Ал отбасындағы қарама қайшылық мәселелерді шиеленістіруге әкеліп соқтыратын жағдайлар.

Отбасымен педагогикалық ынтымақтастық баланың қанағаттану деңгейімен тәрбиеші жұмысының сапасын арттырады. Осының барлығы отбасымен қоғамдық мекемелердің бірігіп жұмыс жасауының нәтижелі болатындығына көз жеткізеді. Ол үшін алдымен баланың отбасылық ортасы зерттелуі керек.

Зерттеу әдістері: бақылау, әңгімелесу жеке және топтық, сауалнама іскерлік ойын арқылы балалардың отбасылық ортасына зерттеу жүргізіледі.

Отбасылық орта мынадай параметрмен анықталады:

1. Әлеуметтік мәдени орта, ата-аналардың және отбасының басқа мүшелері, ата-аналардың білімділік деңгейі, қоғам өміріне, балабақша істеріне қызығушылығы.
2. Техникалық-гигиеналық орта: тұрмыс тіршілік жағдайлары, үй жайдың жабдықталуы, тұрмыс салтының ерекшеліктері.
3. Демографиялық орта: Отбасы құрылымы, оның жасқа байланысты құрамы.
Отбасы тәрбиесін ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар
1. Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуының физикалық, психикалық, адамгершілік саулығының негіздері.
2. Отбасы баланы әлеуметтендірудің қалыптасуының алғашқы институты.
3. Баланың қоғамда өмір сүру даярлығын реттеу және бақылау.
4. Ата-аналардың баланың денсаулық жағдайларына дене бітімінің даму деңгейіне отбасы мүмкіндігіне сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарды таңдауға құқы бар.

Отбасы тіршілігін, дәстүрі мен рухани бағдарын зерттеу арқылы баланың мінез-құлық жағдайларын анықтауға болады. Отбасындағы тәрбиелеу жұмыстарымен танысқаннан кейін алынған ақпарат ата-аналарды балабақша жұмысына қызықтыратын оңтайлы жағдайда құрылу керек. Яғни, ата-ана балабақшада өздерінің балаларына деген құрмет пен махабатты сезінуі керек.

*Ата-аналармен жұмыстың түрлері:*

| *Дәстүрлі* | *Дәстүрден тыс* |
|---|---|
| 1. Ата-аналар жиналыстары.<br>-Жеке топтық және балабақшаның жалпы конференцияларын ұйымдастыру.<br>- Тәрбиеші-педагогтың жеке кеңесі;<br>- Балалардың үйінде болуы;<br>- Ашық есік күндері;<br>- Отбасы жөнінде мәліметтер дәптерін толтыру;<br>- Ата-аналарға арналған ақпараттар бұрышы;<br>- Әр түрлі тәрбиелік шараларға, мерекелік ойын-сауық ертеңгіліктерге қатысу;<br>- Оқу-тәрбие үрдісін жоспарлауға қатыстыру;<br>- Сауалнама жүргізу,әңгімелесу. | *2.* Ата-аналармен тренингтер өткізу.<br>- Пікір сайыстар жүргізу;<br>- Психологиялық демалыс сәттері (разминка);<br>- Ауызша журнал;<br>- Ата-аналар кештер;.<br>- Ата-аналар оқулары;<br>- Ата-аналар рингі;<br>- Ашық сабақтар.<br>«Менің жанұям газетін»шығару. |

*Отбасы тәрбиесін ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар:*

Отбасы баланы әлеуметтендірудің алғашқы институты ретінде қалыптасуының физикалық, психикалық адамгершілік саулығының негіздерін қалайды. Баланың жетістіктерін қажеттілігін қалыптастырады. Ресми және бейресми ереже, ұстанымдар нормалар мен белгілер кешенін анықтайды. Баланың қоғамда өмір сүруге даярлығын реттейді және бақылайды. Баланың әлеуметтік байланыстар туралы ұғымын қалыптастырады. Баланың мінез құлқының жалпы адамзаттың моральдық және мәдени стандарттарына үйретеді. Ата-аналардың немесе заңды

өкілдердің баланың жеке қабілеттеріне, денсаулық жағдайларына дене бітімінің даму деңгейіне отбасы мүмкіндіктеріне сәйкес мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын таңдауға құқығы бар.

*Отбасы тәрбиесінің міндеттері:*

Баланың дене және танымдық дамуы үшін максималды қауіпсіз жағдайлармен түрлі мүмкіндіктер жасау. Баланы эмоционалдық қолдауды қамтамассыз ету. Баланың жақын және басқа адамдармен қарым-қатынас жасауы, олармен берік қарым-қатынас орнатудағы жеке талаптарын қанағаттандыру, тіршілік іс әрекеттерінде қауіпсіздік туралы алғашқы білімін қалыптастыру, өзіне-өзі қызмет етуге және жақындарына көмектесуге бағытталған қолданбалы дағдылар мен іскерлікке үйрету, тілдік қатынастық дамуын қамтамассыз ету, отбасы мен қоғамның дәстүрлерімен құндылықтарына тәрбиелеу, бейімімен қызығушылығын дамыту. Отбасы тәрбиесін ұйымдастыру шарттары; отбасы бала тұлғасын дамытуда оның алғашқы қоршаған ортасын құрады.

*Ата-Ана топтары:* Балалары үлгілі отбасылар тобы. Барлық мүмкіндігі бар тек бала тәрбиесіне кері (әртүрлі себептерге сай) әсер ететін отбасылар.

Отбасындағы қарым-қатынастар: Түрлі себептерден туындаған отбасындағы қайшылықты қарым-қатынас. Ортақ мүддеге негізделген бірыңғай қарым-қатынас. Ынтымақтастық қарым-қатынас (отбасы мүшелерінің өзара түсіністікпен көмекке бағытталған қарым- қатынасы).

*Отбасы мен балабақшаның өзара әрекетінің басты қызметтері:*

- ақпараттық;
- тәрбиелік-дамытушылық;
- қалыптастырушылық;
- қорғау-сауықтырушылық;
- бақылаушылық;
- тұрмыстық

Отбасы мен балабақша ынтымақтастығын өзара ұйымдастыру жолдары;

Отбасының тәрбиелік мүмкіндігі мен балабақша ынтымақтастығын өзара ұйымдастыру жолдары: отбасының тәрбиелік мүмкіндігі мен күш қуатын айқындау мақсатындағы зерттеу, адамгершілік бағыттылығына қарай топтастыру, бірлескен әрекеттерінің ағымдық және соңғы нәтижелерін талдау.

Тәрбиешінің жүргізген жұмысынан хабарлы болу үшін ата – аналарға топта «Сіздер үшін ата - ана» бұрышын жасау. Онда ата – аналар «Бізбен бірге оқыңыз» айдарынан күнделікті жүргізілген тәрбие жұмыстары бойынша толық мағлұматтар алады. Сонымен қатар балабақша күн тәртібімен танысады. Мұнда ата – ана баласының жетістіктерін немесе қиындықтарын көреді, жәнеде балада қиындық тудыратын мәселелерді, үйде ұйымдастыру бойынша тәрбиешіден әдістемелік нұсқаулар, дидактикалық ойындар пайдаланатын әдебиеттер секілді кепілдемелер алады.

Ата-анамен балабақша арасындағы тығыз қарым-қатынас, бірлік, ынтымақ жарасым тапқан жағдайда оның бала тәрбиесіне тигізетін ықпалы да нәтижелі болмақ.Біздің мақсатымыз XXI ғасыр талабына сай жаңашыл, шығармашыл, мәдениетті, жан-жақты сауатты жеке тұлға тәрбиелеу.

**Әдебиеттер:**


1. Н.К. Крупская, Мектепке дейінгі тәрбие туралы.-Алматы: «Мектеп», 1988
2. ҚР «Неке және отбасы» заңнамасы.- Астана: Елорда, 2011
3. Ф. Жұмабекова. Мектепке дейінгі педагогика.-Астана, 2008.- Б.149, Б. 151
4. Детский сад и семья //Т.А. Маркованың редакциясымен.- Москва: Просвещение», 1986.-Б 19
5. Бала тәрбиесі// №12, 2009.- Б. 17


**ӘӨЖ**

# БАЛАБАҚША ТӘРБИЕШІСІНІҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ РӨЛІ. АТА-АНАЛАРМЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАТЫН ЖҰМЫСТАР


**Сейтенова Перизат Сейткамаловна**
Шымкент қ., №55 Самал бөбекжай бақшасы тәрбиешісі
**Абдіхан Данагүл Әділханқызы**
"Хансултан и К" " Балауса"бөбекжай-балабақшасының тәрбиеші



***Резюме***

*В данной статье рассматриваются роль воспитателя в жизни детей. Работа с родителями*

***Summary***

This article discusses the role of the educator in the lives of children. Working with parents


Тәрбиеші тәрбиеленушілердің күнделікті оқу-тәрбие жұмысын, демалыс уақытын ұйымдастырады. Ал бөбекжай мен балабақша тәрбиешісі мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелейді, мектепке даярлайды, отбасына көмектеседі. Тәрбиеші балалардың жақын досы болуы керек, ал еркелетуге сақтықпен қараған жөн. Бір баланы еркелету басқа балалардың қызғанышын тудырады. Дегенмен, балаларды еркелету де қажет. Тәрбиеші өз талабына ұқыпты болуы қажет. Бала тек адамның жеке басының тікелей тигізетін әсері арқылы ғана тәрбиеленеді. Балабақша тәрбиешісі жас ұрпақты жан-жақты дамытып тәрбие беру, оны өмірге еңбекке даярлауда педогогикалық білімді көпшілік арасына насихаттау сияқты әрі жауапты , әрі қадірлі қоғамдық міндеттер атқарады.

*Балабақша тәрбиешіснің міндеттері:*

а) Балаларды дұрыс тәрбиелеуді қамтамасыз етеді;

б) Өз тобындағы әрбір баланың қызығуы мен қажетіне ұқыптылықпен, қамқорлықпен қарайды;
в) Балалардың денсаулығын сақтауға , қорғауға байланысты дәрігер талабын орындайды;
г) Балаларды отбасында, балалабақшада тәрбиелеу мәселелері туралы ата-аналармен жұмыс жүргізеді;
д) Аудандық, қалалалық әдістемелік бірлестіктерде, балабақшада педогоикалық кеңестің жұмысына қатысады;
е) Балалармен жүргізілетін өз жұмыстары туралы жоспар құрады, есеп береді, әрбір сабаққа ұқыпты дайындалады.
Балалар тобын тәрбиеші мектепке шығарып салғанға дейін жетелейді.

Тәрбиеші жас ұрпақтың бойына тәрбиенің алғашқы негіздерін қалыптасытра алатын, адамгершілік жоғары, мәдениетті, ғылым жетістіктерін дұрыс бағалай алатын, әдебиет пен өнердің, техниканың даму жайын жақсы білетін, оның түсіндіре алатын адам болуы керек. Тәрбиешінің мәдениеттілігінің көрсеткіші- әдептілі, қоғамдық орындарда өзін сыпайы, еркін ортаға лайықты ұстай білуі, өнегелі тәртіпті, сүйкімділігі, адамдармен өзара сыйластыққа, адалдыққа негізделген қарым-қатынасы. Ондай тәрбиешіні балалар жақсы көреді, сыйлайды, құрметтейді, оған жақын жүргісі келеді, оның балалар арасында беделі зор болады. Тәрбиешінің жеке басының үлгісі- жас ұрпақ тәрбиесінде ең әсерлі әдістердің бірі, өйткені балалар тәрбиешіге барлық жағынан еліктейді. Сол себеппен де ол үнемі жинақты, таза, ұқыпты жүріп, сөйлеген сөзі мәнді, ойлы әдемі, салмақты келіп, асықпай, байыппен сөйлеуі керек. Бала еліктегіш болғандықтан, жақсыны да, жамандыда тез қабылдайды.

*Тәрбиешіге қойылатын талаптар:*

1. Тәрбиеші болатын адам өзінің мінезін, жүріс-тұрысын жөнге салып, балалар іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыра білуі керек;
2. Арнаулы білім, білік пен іскерлік- дағдыны менгеруі керек;
3. Баламен еркін, жақын тарта сөйлесе білуі керек;
4. Ол өзінің көзқарасымен, ым-ишарасымен де өз ойын балаға жеткізіп, түсіндіре алуы керек;
5. Жұмысты ұйымдастыра білет, тиісті жерінде қатал талап қоя алатын болуы, кейде әзілдесіп, тиісті жерде көңіл аудара алатын болуы шарт;
6. Тәрбиешінің әрбір қимылы, жүріс-тұрысының өзі балаларға өнеге, тәлім – тәрбие берерліктей болуы тиіс.

Жаңашыл педогог Ш.А.Амонашвили тәрбиешіге төмендегідей талап қояды: педогог- тәрбиеші әріптестеріне мейрімді, жылы шырайлы, ықыласты болуы керек, әріптестерімен қарым қатынас жасаудың әдебін, дауыс сарынын, жылы үнін игеру керек, әріптестерінін табысына қызғанышпен, күншілдікпен қарауға құқы жоқ, әріптестерімен өз тәжірибесін бөлісуге міндетті, әріптестерінен үйренуге ұялмауы керек, әріптестерінежоғарыдан менсінбей қарауға құқы жоқ,

әріптестерінің ар-намысын, атақ-даңқын сақтауы керек, балаға байланысты отбасы құпиясының бәрін білу керек, бірақ оны ешкімге шашпауы тиіс.

*Тәрбиеші –педогогтың бейнесі:*

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беру мазмұны, әдіс-тәсілдерін жетік білуі. Материалды түсінікті жеткізе білу. Сабақты өткізу әдістемесі. Балалардың оқу тәрбие жұмыстарын дұрыс ұйымдастыра білуі және баланың іс-әрекетін дұрыс бағалай білуі; Тәжірибелік білім-білік дағдыларды қалыптастыра білуі.

*Өзінің іс-әрекетін сыни тұрғыдан бағалай білу қабілеті:*

Кәсіби біліктілікті жетілдіре білу қабілеттілігі;

Балалармен дұрыс қарым-қатынас орнықтыра білу;

Ата-аналармен тіл табыса білу; Сөйлеу мәдениеттілігі.

*Балаларды арнайы қарапайым білім негіздерімен қаруландыру және дұрыс сөйлей білуге үйрету:*

Өзінің эмоциялық көңіл күйін басқара алуы;

Байланыстырып сөйлеуге үйрете алу;

Балалардың сөздік қорын молайтуға көмек көрсете алуы;

Педогоикалық терминдерді дұрыс, тиімді пайдалана білу дағдысы.

*Жас ерекшелігі психологиясы туралы білімі:*

Балалардың басым көпшілігінің қызығушылығын туғыза білу ;

Балалардың өздігінен дербес әрекет ету дағдыларын қалыптастыру;

Жеке-дара оқытудың әдіс-тәсілдерін пайдалана алуы.

*Жаңа технологиялады пайдалана білу:*

Қазіргі іс-тәжірибелерді пайдалана білуі;

Білім беруді дамыту бағыттарын айқындау білуі.

*Тәрбиешінің өз қызметінде жетістікке жетуінің шарттары:*

1.Сабақтан тыс пәндер туралы ақпараттармен қамтамасыз етуі
2. Сыртқы кескін-келбеті.
3. Мінез-құлық және пайымдау мүмкіндіктері.
4. Оқу тәрбие процесіндегі қарым-қатынас мәдениетін сақтай білу.
5. Педогоикалық талаптарды орындай білу.
6. Әзіл-қалжыңға мән бере білу.
7. Балалардың жеткен жетістігін мақұлдай, қолдай білуі.
8. Балалармен қарым-қатынас мәдениетінің болуы.
9. Шыдамдылық және төзімділік.
10.Басқалардың пікірін сыйлай білу.
11.Балалардың құпия сырын сақтай білу.
12. Басқа адамдарды түсіну және сөзіне білу қабілеттілігі.
13.Еркіндік, икемділік.
14.Табан астындағы тосын іс-әрекетке әдіс-тәсіл қолдана білуі.
15.Байқампаздығы, бақылампаздығы.
16.Кез келген жағдайда қарым-қатынас жасай алуы.

17.Балалардың қызығушылығына қарай әрекет ете білу дағдысы.

Тәрбиешінің бойында болатын маңызды сапалары: ақылдылығы, қайрымдылығы, мәдениеттілігі, білімділігі, кәсіби шеберлігі, балаларға деген сүйіспеншілігі,тәртіптілігі,шығармашылық қабілеттілігі, белсенділігі, жан жақты қызығушылығы, ұйымдастырушылық қабілеті, бір нәрсемен шұғылдану, зиялылығы, әзіл-қалжынға бейімділігі, басқаны тыңдай білуі, талдау жасай білу қабілеті, еңбексүйгіштігі, мейрімділігі, әділдігі, ашықтығы, шыншылдығы, әділеттілігі, әдептілігі, жақсылық жасай білуі.

Тәрбиешінің педогоикалық шеберлігі тәрбие жұмысының әрбір кезеңінде не істейтінін, не үшін істейтінін, қандай нәтижеге жеткісі келетін саналы, анық және дәл білуіне байланысты болмақ. Шебер тәрбиешінің бөлмелерді педагогикалық және эстетикалық талаптарға сай жабдықталуы, тәрбие жұмысына қажетті көрнекі құрадарының түгел болуы, педогоикалық мақсатқа сәйкестелінген болуы шарт. Олардың өз орнында тұруы жемісті еңбек етуге жағдай жасайды. Шебер тәрбиешінің негізгі қасеттерінің бірі- педогоикалық әдептілік. Педагогикалық әдептілік бала психологиясын және оның жас ерекшеліктерін жете білуді талап етеді. Әдептіліктің қайнар көзі- балаларды сүю және қадірлей білу. Педагогикалық әдептіліктің бір көрінісі – шамамен сезу қасиеті. Сонда тәрбие әдістерінің көпшілігі нәтижелі болады. Қолайлы әдісті таба білу шеберлік пен әдептіліктің көрінісі. Шеберлік үйретумен, үйренумен, өз ісіне деген сүйіспеншілікпен, тәжірибемен, жұмысқа ұқыпты қараумен саналы, ойлы еңбекпен қалыптасады.Тәрбиеші қызметінің ерекшелігі: педагогтік әдепті игеру, ел үшін ерлікпен еңбек ету, педогогтік бедел, педагогтің артистігі, педагогтік оптимизм, кәсіби шеберлікті үнемі шыңдап отыру, т.б.

Тәрбиешінің ата-аналармен жүргізетін жұмыстарының мазмұны. Ата аналармен жүргізілетін жұмыстардың мазмұны, формасы. Әдістеріне тоқталамыз. Отбасы –бұл баланың өмір сүру ортасы: қамқорлықтың тұрақты көзі, тәрбиелеумен, қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезінетін орыны. Отбасына барлығы жақсы болған жағдайда-балалар жақсы жетістіктерге жетіп, өзінің даму әлеуметіне көтеріле алады. Отбасымен педагогикалық ынтымақтастық- баланың қанағаттану деңгейі мен тәрбиешінің жұмысының сапасын арттырады, ол төмендегі жағдайларға негізделеді: өзара сапалы қарым-қатынас, өзара сыйластық,әлемге деген түсіністік көзқарас және оның тиімділігі ықпалын ұзақ уақыт бойы сезіну, бір-біріне серіктестік барлық қатысушыларға жағымды әсер ететіндей болуы тиіс, сонда ғана тәрбие мен білім беру өз нәтижесіне жетеді. Осы орайда, балабақшаның ата-аналармен жұмысының мазмұны төмендегідей:

а) Ата-аналармен педагогикалық, психолоиялық біллімдерін көтеру; (дәрістер оқу, семинарлар ұйымдастрыу, жеке және топтық кеңестер, тәжірибелік жұмыстар, т.б.);

б)Ата-аналарды оқу-тәрбие жұмыстарына қатыстыру; (ата-аналар жиналысы, бірлескен шығармашылық жұмыстар, материалдық-техникалық база жасауға көмектесу);

в) Балабақшаның әкімшілігімен бірлескен жұмыстар (ата-аналар комитеті , ата-аналар кеңесі, аталар алқасы, әжелер клубы).

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың формасы мен әдістері олардың пеагогикалық мәдениетін көтеруге балабақша мен отбасының өзара ынтымақтастығына және тәрбие жұмысының әлеуметін арттыруға бағытталған болуы керек.

Ата-аналармен жұмыстың әдістері: бақылау, әңгіме, пікірлесу, тест жүргізу, сауалнама жүргізу. Психологиялық-педагогикалық білім беру формалары

Педагогикалық білім беру - бұл бала тәрбиесінің көкейкесті мәселелерімен ата-аналарды таныстырады және оларды негізгі педагогикалық мәдениетін қалыптастыруға көмектеседі. Дәрістер-бұл бала тәрбиесінің мәні мен маңызына жан жақты терең талдау жасау. Дәрістегі ең басты көңіл бөлетін мәселе-ол белгіленген жағдайға немесе құбылысқа талдау жасау болып табылады.Коференция-бұл бала тәрбиесі туралы терең жан-жақты қарастыру және оны бекіту. Ата-аналарға арналған конференциялар - балабақшаның тәрбиелеу мен білім беру жүйесніде ерекше маңызды орын алады. Ата-аналарға арналған конференцияларда орын алады. Ата-аналарға арналған конференцияларда болашақ қоғамның азаматтарын тәрбиелеуді өзекті мәселелері қозғалып, оны тәжірибеде жүзеге асырудың жолдары нақты қарастырылады. Ата-ананың рөлі, бала тәрбиесіндегі қиындықтар, отбасы тәрбиесінің маңызы, т.б. тақырыптар болуы мүмкін.

Ата-аналар конференцияларына өте мұқият дайындық қажет. Мұнда белгілі ғалымдар, психологтар мен педагогтар, әлеуметтік педагог, дәрігер, т.б. міндетті түрде қатысалы. Мұндай конференцияларға ата-аналар белсенді түрде қатысулар қажет. Олар өз іс-тәжірибелері тұрғысынан мәселеге талдау жасайды. Конференцияның ерешелігі –белгілі бір мәселенің жай-жапсарын шешудің нақты жолдары қарастырылуда. Практикумдар –ата-аналардың бала тәрбиесі жайында, педагогикалық жағдаяттардан шығуда олрды педагогикалық ойлауларын жаттықтыру.

Ашық сабақтар- ата-аналарды бағдарлама бойынша қол жеткен жетістіктермен таныстыру, тәрбиешінің талаптарына ден қоюға бағыт беру. Мұндай сабақтарға ата-аналардың қатысуға балабақшадағы оқу-тәрбие жұмыстары жайында ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттырады, баламен қарым-қатынас жасадың жолдарын үйренеді. Жеке тақырыптық кеңестер-бұл ата-аналарменөзінің баласы жайында, балабақша тыныс-тіршілігі туралы ақпараттармен қамтамасыз етуде, пікір алысуда маңызды. Жеке кеңестердің тәрбиешінің отбасымен тығыз байланыс орнықтыруында маңызы зор. Әсіресе, топты жаңадан жинақтағанда, мерекелік іс-шаралар қарсаңында жиі

өткізіледі. Оған тәрбиеші алдын ала дайындалғаны абзал, ол үшін ата-анаға алдымен қандай сұрақтар қою керектігін ойланып, жоспарлап алғаны дұрыс. Жеке кеңестер таныстыру сипатында және ата-ана мен тәрбиешінің арасында тығыз байланыс орнықтыратындай бағытта болуы шарт. Тәрбиеші ата-аналарды өзінің кәсіби жұмысындағы төмендегідей маңызыды мәліметтермен таныстыру мүмкін:

Баланың денсаулығының ерекшеліктері;
Оның қызығушылығы мен іс-әрекетіндегі жетістіктері;
Отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті;
Мінез-құлқындағы эмоционалдық әсерленуі;
Мінез сипатынын ерекшелігі;
Ойын іс-әрекетіндегі белсенділігі;
Құбылыстармен қарым-қатынас ерешеліктері, т.б.

Үйге бару – мұнда тәрбиешінің ата-аналармен жеке жұмысы және баланың отбасындағы жағдаймен танысу. Ата –аналар жиналысы- тәрбиелеу мен білім беру жұмыстарына талдау жасау және тәжірибені педагогика ғылыми негізінде ой елегінен өткізу. Жалпы ата-аналар жиналыс-жылына екі рет өткізіледі.

**Әдебиеттер**

1. Ата-аналарға арналған консультациялық пункттің қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптар: әдістемелік нұсқаулық, – Астана, 2013. – 20 б.
2. Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналармен жұмыс формалары мен заманауи модельдері: әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2013. –26 б.

**ӘӨЖ**

# ОЙЫН ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ОЙЛАУ ПРОЦЕСІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

**Адилаева Алма**
«Өрлеу» БАҰО АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша Кәсіби даму институты филиалының аға оқытушысы
**Казиева Кулпаш Борсыкбаевна**
Шымкент қаласы, Адиш бөбекжай балабақшасы тәрбиешісі

***Резюме***

*В данной статье рассматривается развитие умственных способностей детей через развивающие игры.*

***Summary***

*In this article is given information the development of children's mental abilities through educational games.*

Ойлаудың негізгі принциптері мен амалдарын пайымдай білу тек логикалық ойлауды ғана емес, сондай-ақ басқа да ойлау дағдыларын дамытып, жетілдіруге көмектеседі. Логика ғылымның өз заңдары, дәстүрлері мен дау-дамайлары, бар өзіндік бір ерекше дүние деуге болады. Логика – дұрыс ойлаудың заңдары туралы, жүйелі де дәлелді түрде пайымдауға қойылатын талаптар туралы ғылым. Анықтама, жіктеп-саралау, дәлелдеме, бекерлеу, жалпылау, сияқты логикалық амалдарды әрбір адам өзінің ойлау қызметінде ұдайы қолданып отыр.

Ойлау – құпиясы мол дүниені әр қырынан тануға, мәселені тереңнен түсінуге мүмкіндік беретін аса күрделі жан қуаты. Сөйлеумен тығыз байланысқан ойлау ми қызметінің нәтижесі.

Ойлау – сұраққа жауап қайтарудан, мәселені шешуден, оның мәнісіне түсіне білуден жақсы байқалады.

Ойлану – түрлі тәсіл, амал-операциялардан тұрады. Олар: анализ (талдау), синтез (жинақтау), жалпылау, нақтылау, абстракциялау, жүйелеу т.б.

«Ойлау», «ой», «ойлану» ұғымдары - әрқайсымыз күнде айтатын «ақыл» деген сөздің синонимі. Ақыл – ойлау процесіндегі ұғымдылық пен тапқырлыққа байланысты қасиет. Ойлану үшін білім керек. Бірақ білім бардың бәрі бірдей ақылды боп келе бермейді. Ақылдылық білімді тәжірибе жүзінде дұрыс пайдалана, қорыта білумен байланысты. [1]

Халық ұғымында ақылдылық – ерен еңбектің жемісі. Ақылды болу үшін көп үйреніп, көп оқып, оны миға тоқып, көп білу қажет. Білім мен ақыл – егіз, ақылдылық қымбат қасиет, оны ерекше қадір тұтқан абзал.

Ақылдың жақсы қасиетінің бірі – оның ұшқырлығы. Бұл мәселені тез шеше алу, ойға сергектік, белсенділік. Мұндайлар орынсыз асып-саспайды, ылғи да жағдаймен санасады, үнемі жаңаны аңғаруға, заттың әр қырынан көруге дайын тұрады. Дамытатын танымдық ойындарға психологиялық талдау көрсеткіші арқылы ішкі теориялық іс-әрекет қатарының жалпы күші мен сыртқы практикалық іс-әрекеттің жеке құрылымдық элементтер арқылы бір-біріне әсер етіп отыратындығы дәлелденеді. Мұнда, А.Н.Леонтьевтің сөзімен айтқанда, “Сыртқы практикалық іс-әрекет пен ішкі іс-әрекеттің арасындағы бірлік құрылымына ешқандай шек қойылмайды. Психологиялық мәнділігі жағынан олар бір-бірімен тең болады, бірақ әрбір жеке адам оларды қоршаған ортамен әр түрлі байланыстырады, ол байланыстыру сол адамның зат пен құбылыстың мәнділігін түсіну процесіне негізделіп қабылданды”. [2]

Адамдар өз ұрпағын бесікке салғаннан бастап, оның ақыл-ойын ойдағыдай қалыптастырып, ойлау-сөйлеу жүйесін дамыту жолында өзіндік әдіс-тәсілдерді (ертегі, аңыз, жұмбақ, айтыс, терме т.б.) шебер пайдаланып отырған. Халық осы мақсатқа орай мақал-мәтелдерді де, кісіні ойлантып, толғантатын даналық сөздермен уағыздарды, жаңылтпаш, санамақтарды, шешендік толғаныстарды ұтымды пайдаланған.

Бұл түзету-дамыту бөлімнің мазмұнын меңгертуде мектепке дейінгі балалардың ойлау процесін ойындардың психологиялық ықпалы арқылы төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру көзделеді:

- мен және менің сезімдерім, жауапкершілік, әдептілік, сүйіспеншілік, адамгершілік нормалары туралы түсінік беру;
- «Ойлану, ой салу» деген алғашқы түсінігін қалыптастыру;
- адамның эмоциялық сезімдері (қорқу, қуану, тыныштық) туралы түсінік беру, көңіл-күйді бет-әлпепт, ым-ишара арқылы жеткізе білуге үйрету;
- баланың өзі туралы, күнделікті өмірде кездесетін кейбір жағдайлар жайында айтып, әңгімелей білуін, бейімділік дағдыларын дамыту;
- баланың тілдік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, ойлау ұшқырлығын, логикалық ойлауын, еске сақтау, көз алдына елестете алуын, ой-қиялын дамыту;
- өзара сыйластық және сенімді қарым-қатынас, әдептілік әліппесінің қарапайым негіздерін қалыптастыру.

Осы жоғарыдағы міндеттерді шешу мақсатында біз тәжірибе тобына ойындарды ерекше қолдану арқылы түзету-дамыту жұмыстарын жүргіздік. Ол күнделік сабақпен байланыстыра және сергіту сәттерінде жүзеге асырып отырды. Жүргізілген ойындардың да тақырыптары әр түрлі.

***«Көп және біреу» ойыны.***

Мақсаты: Ойлаудың жылдамдығы мен зейінді дамыту.

Нұсқау: Балалар шеңбер бойына отырады. Жүргізуші, допты лақтырар алдында, көпше түрдегі бір сөзді айтады, ал балалар оны жекеше түрге ауыстырулары қажет.

Нұсқаудағы сөздер:

Мысықтар, тырналар, ормандар;

Қатарлар, көпірлер, ағаштар;

Ыдыстар, үйлер, құстар;

Пілдер, кеселер, тауықтар;

Ауыздар, сағаттар, болттар;

Шкафтар, шарфтар;

Мұрындар, столдар, көздер.

***«Поъезд» ойыны***

Мақсаты: Баланың танымдық белсенділігін ояту, логикалық ойлауын, қабілетін дамыту.

Ойынның шарттары:Бұл ойын үшін көлемі бірдей 10 суретті картиналар қажет. Әрбір сурет поъезд вагоны. Суреттерді бес-бестен екіге бөліп береді де алма кезек поъезд құрастырады. Поъездың вагондары жүріп бара жатқанда ажырамас үшін бір-біріне бекітілетінін біз білеміз. Суретті вагондар да қандай бір логикалық байланыспен бекітілуі қажет.

Мысалы: Қасықты тарелкамен байланыстыруға болады, өйткені, қасықта, тарелкада ыдыс болып табылады. Тарелкадан кейін вазаны қоюға болады, өйткені

вазаға да машинаға да су құяды т.б. ең бастысы ол баланың өз «байланыстыруын» түсіндіре алғанда. Поъезд дайын болғанда вагондардың қалай байланыстырғанын ескертіңіз. Ойынды бірнеше рет қайталауға болады. Суреттер мен олардың орналасуын ауыстыруға болады. Керекті құралдар: 10-12 сурет /10х10/

Мысалы: 1) көбелек, гүл, ваза, піл, балық, өзен.

2) қар, шана, бала, баскиім, мысық, сүт

***«Төртіншісі артық» ойыны.***

Мақсаты: Логикалық ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту.

Балалар шеңбер бойына отырады. Жүргізуші балаға доп лақтырып төрт заттың атын айтады, бірақ оның біреуі артық болады. Соның артығын бала анықтауы қажет.

Сөздердің нұсқасы:

1. Үстел, орындық, төсек, шәйнек;
2. Шырша, аққайың, емен, бүлдірген;
3. Қияр, сәбіз, қоян, шалқан;
4. Қоян кітапшасы, газет, дәптер, сөмке;
5. Ат, мысық, шортан, ит;
6. Қияр, қарбыз, алма, доп;
7. Қасқыр, түлкі, аю, мысық;
8. Қуыршақ, машина, доп, кітап;
9. Поъезд, ұшақ, сырғанақ, кеме;
10. Шаңғы, коньки, кеме, шана;
11. Қарға, бүркіт, ара, балға;
12. Орындық, балта, ара, қарлығаш;
13. Қар, аяз, мұз, қапырық;
14. Шие, жүзім, картоп, троллейбус;
15. Автобус, трамвай, ұшақ, троллейбус:
16. Көл, орман, асфальт, жазықтық;
17. Карта, тақта, оқушы, кірпі;

***«Талдап қорыту» ойыны.***

Мақсаты: Балада логикалық ойлауды дамыту.

Нұсқау: Балаларға жолақ таратылады және талданатын түсініктерді нақтылауда мысалдар жазу ұсынылады:

Жеміс-бұл....

Жидек-бұл....

Гүлдер-бұл...

Көлік-бұл....

Өсімдік-бұл...

жабайы жануар-бұл.

Ойын әрекеті - оқытуда заттар мен құбылыстардың өзіне тән жаратылыс бітімін, сыр-сипаттарын сезім мүшелері арқылы көзбен көріп, қолмен ұстап,

құлақпен естіп қабылдауға баулыйтын дидактикалық үрдіс. Ойын тәрбиешінің шығармашылық ізденісі мен әдістеме жаңалықтарына сергек қарап, сабақ барысында шебер пайдалана білуді талап етеді.

Оқыту процесінде сөз бен іс, теория мен практика өзара байланысты болады. Әртүрлі ойында көрнекілікті қолданудың нәтижесінде сабақ әрі түсінікті, әрі қызықты болып өтеді. Сонымен, ойынның оқыту материалдарын, әсіресе, теориялық және практикалық тұрғыда тиімді қолданудың алатын орыны ерекше.

Бала мектепке барғанша тек ойынмен айналысып жүреді. Енді оқу оның күнделікті қызметіне айналса да, бала ойнауын бірден тоқтатпайды. Бала әлі де бұрынғысындай ойнағысы келеді. Бірақ жағдай өзгерілгендіктен оның осыған бұрынғысындай көңіл бөлуге мұршасы жоқ. Осының нәтижесінде ойын оның өмірінде бірінші орыннан екінші дәрежедегі әрекетке ысырылады. Осыған қарай мектепке дейінгі бала оқушысының ойыны бұрынғысынан өзгертіліп, көбінесе басқа мазмұнда кездеседі. Әрине, осы жастағының ойыны бұрынғыдай пәлендей маманның (малшының, машинистің, дәрігердің) ролін ойнайды. Бірақ осы ойынның бұрынғысынан өзгешелігі мынадай, сол рольдердің азаматтық қасиетінің сапасына, қайраткерлігіне, ептілігіне, батырлығына т.б. мән береді. [3]

Балалардың ойлауын дамытуға байланысты тәрбиешілерге әдістемелік ұсыныстар:

- тәрбиешілер балалардың зейінін ұйымдастыра отырып, ең алдымен, қазір олардың не нәрсеге назар аударулары қажет екенін айтып олардың зейінін бір нәрседен екінші нәрсеге аудара білуі арқылы ойлау процесін дамытуға ықпал ету керек.
- тәжірибелі тәрбиеші ойынды сабақта бірін-бірі ауыстырып отыратын және балаларды шаршатпайтын әдістердің әр алуан түрлерін қолдануы керек.

Тәрбиеше балалармен жұмыс істеу тәжірибесін байыта отырып, олардың бет әлпетіне, дене қалпына қарап зейіннің басқа жаққа ауа бастағанын дер кезінде байқауға дағдылануы және олардың сабақ барысынан тыс қалуына жол бермей бағыт сілтеп отыруы қажет.

**Әдебиеттер:**


1. Әбішева А. Ойын элементтерін пайдаланудың педагогикалық ерекшеліктері. //Бастауыш мектеп. №3, 2003.-8б.
2. Бүркітбаев Ә. Спорттың ұлттық түрлері мен оның тәрбиелік мәні. А., 1985.54б.
3. Джакупов С.М. Психология познавательной деятельности.- А.: КазГУ, 1992.95б.


**ӘӨЖ**

## АДАМГЕРШІЛІК РУХАНИ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ


**Раймкулова Жанат Абдикалыковна**

«Өрлеу» БАҰО АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша Кәсіби даму институты филиалының аға оқытушысы
**Иманбердиева Гулаим Султанбаевна**
Шымкент қ., №55 Самал бөбекжай бақшасы тәрбиешісі

***Резюме***
*В данной статье рассматривается значимость духовно- нравственного воспитания детей дошкольного возроста.*
***Summary***
*The article is considered the importance of the spiritual and moral education of children of preschool age*

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа-адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани -адамгершілік тәрбие- екі жақты процесс.

Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан- тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым- қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетіктістерін зер салып талдау керек.

Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қылықтарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады.

Мектепке дейінгі адамгершілік тәрбие — балалардың адамгершілік сана-сезімін, мінез- құлқын қалыптастыруды қамтиды. Дәлірек айтқанда, адалдық пен шыншылдық, адамгершілік, кішіпейілдік, қоғамдағы және өмірдегі қарапайымдылық пен сыпайылық, үлкенді сыйлау мен ибалық адамгершілік тәрбиесінің жүйелі сатылап қамтитын мәселелері.

Адамгершілік тәрбиесінің әрқайсысының ерекшеліктерін жетік білетін ұстаз халық педагогикасын ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыпты жан-жақты терең білумен қатар, өркениетті өмірмен байланыстыра

отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде пайдаланғаны дұрыс. Ата-ананың болашақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан ұрпаққа жалғасуда.

«Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» - дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы- балаға үлкен сабақ. Жас балалардың үлкендер айтса, соны айтатынын, не істесе соны істегісі келетінін бәріміз де білеміз. Баланың үйден көргені, етене жақындарынан естігені-ол үшін адамгершілік тәрбиесінің ең үлкені, демек жақсылыққа ұмтылып, жағымды істермен айналысатын адамның айналасындағыларға көрсетер мен берер тәлімі мол болмақ. Жасөспірім тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, тәрбиешілерден насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы бағытта жүзеге асады, сөйтіп оның өзі-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек. Жақсы адамгершілік қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектене білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады.

Өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті азамат қалыптасады. Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Отбасында, балабақшада, қоғамдық орындарда үлкенді сыйлау дәстүрін бұзбау және оны қастерлеу әрбір адамнан талап етіледі. Халқымыздың тәлім- тәрбиелік мұрасына үңілсек, ол адамгершілікті, қайрымдылықты, мейірбандықты дәріптейді. Ата-бабаларымыздың баланы бесігінен жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла», «Сәлем бер, жолын кесіп өтпе» деген секілді ұлағатты сөздердің мәні өте зор. Адамгершілікті, ар-ұяты бар адамның бет-бейнесі иманжүзді, жарқын, биязы, өзі парасатты болады. Ондай адамды халық «Иман жүзді кісі» деп құрметтеп сыйлаған.

Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Рухани-адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа-қайырымдылық, мейірімділік, ізгілікке тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ұстаздың, ата-ананың да болашағы зор болмақ. «Мен үш қасиеттімді мақтан тұтам», — депті Ақан сері. Олар: жалған айтпадым, жақсылықты сатпадым һәм ешкімнен ештеңені қызғанбадым. Бұл үш қасиет әркімнің өз Құдайы. «Өз Құдайынан айырылған адам бос кеуде, өлгенмен тең» деген екен. Шындығында бұл ақиқат. Олай болса, жеке тұлғаны қалыптастыруда, олардың жан дүниесіне сезіммен қарап, әрбір іс-әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оны орындауға, өзіне-өзі талап қоя білуге тәрбиелеу — адамгершілік тәрбиенің басты мақсаты. Мақсатқа жету үшін сан алуан кедергілер болуы мүмкін. Ондай қасиеттерді бала бойына жас кезінен бастап

қалыптастыру жеке тұлғаны қалыптастырудың негізін қалайды. «Еліміздің күші- патшада, сәбидің күші- жылауында» демекші, біздің күшіміз, қорғанышымыз, сеніміміз- адамгершілігімізде болуы керек. Ол үшін Ақанның осы үш қасиетін бала бойына дарыта білсек-ұлы жеңіс болары анық.

**Әдебиеттер**


1. Бала тәбиесі №2 2006 ж., №4 2008 ж.
2. «Өзіндіктаным» №2 2007 ж., №5-6 2006ж.
3. Мухина В.С. «Мектепке дейінгі балалардың психологиясы» 1975ж
4. Нечаева В.Г. «Балабақшада рухани мәдениетке тәрбиелеу», 1981ж


**ӘӨЖ**

# БАЛАҒА ЖАС КЕЗІНДЕ БЕРІЛГЕН ТӘРБИЕ ОНЫҢ ӨМІРІНІҢ МӘНІ


**Тогушакова Эльмира Шулгаубаевна**

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, Луговой ауылы. "Алтын сақа" бөбекжай-бақшасы тәрбиешісі



***Резюме***

*В данной статье рассматривается воспитание учащихся с применением новых технологий на уроках физической культуры*

***Summary***

*In this article is considered the education of students with to use the new technologies in physical education classes*


Тіл халқымыздың басты байлығы болғандықтан, оны ұлтымыздың болашағы балабақша бүлдіршіндерінен бастаған абзал. Бала жас кезінде берілген тәрбие оның бүкіл өмірінің мәні. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде үштілді білім беруді дамыту қазіргі тадағы басты мәселе болып отыр. Алдыңғы қатарлы мемлекеттермен тереземіз тең дәрежеде болу – ұрпағымыздың нағыз сауатты болуында. Қандай да бір халық болсын оның жан – жақты жетіліп, мәдениетінің гүлденуі үшін еңалдымен тілінің дамуы керек екені белгілі.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауында «Тілдердің ұшқырлығы» бағдарламасын ұсынды. Ондағы мақсат – мемлекеттік тіл қазақ тілін, ресми тілі – орыс тілін және халық аралық тіл ағылшын тілін халықтың неғұрлым көп бөлігінің меңгерілуіне бағытталғанын атап көрсетті. Көп тілді

балаларға тереңдетіп меңгертуге отбасымен тәрбиешілердің тығыз байланыста болуы да маңызды.

«Бала естігенін айтады, көргенін істейді» - деп қазақ халқы бекер айтпаған. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке, мейрімділіке тәрбиелеудің маңызы зор. Кішкентай сәбилеріміз ата-анасына, тәрбиешісінен, достарының мінезінен, жүріс – тұрысынан, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен үлгі алуға тырысады. Бала бойына – адамгершілік, жаңашырлық, мейірімділік қасиеттерді ойын, салт-дәстүр, мақал-мәтелдер, ертегілер, өлеңдер арқылы сіңіру ата-ана мен тәрбиешілердің басты міндеті. Ертегінің тәрбиелік мәні зор. «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» деген мақал арқылы бала бойына үлкенді құрметтеу, қамқорлық сезімдерін туғызамыз. Балаларды еңбексүйгіштікке баулу арқылы, адамгершілік, эстетикалық қасиеттерін дамытуға болады. Тәрбиешінің тәртібі, іс-қимылы, балалармен, үлкендермен қарым-қатынасы кішкентай бүлдіршіндеріміз үшін үлгі болып, олардың жеке басының қалыптасуына ықпал етеді. Балабақша мен отбасы арасында тығыздық артқан сайын бүлдіршіндеріміздің адамгершілік құнды қасиеттері арта түседі.

Адамгершіліктің құнды қасиеттерінің негізі отбасында қалыптасады, адамгершілік отбасынан бастау алатын болғандықтан инабаттылық, мейрімділік, ана сүтімен, ана тілімен келетіні анық. Сондықтан да ата-бабаларымыз келешек ұрпағының болашағын ойлаған халде «Көше көргенді емес, бесік көргенді ал» деген. Дана, ойшыл Абай атамыз бұл туралы былай деген: «Балаға мінез үш адамнан жұғады: бірінші – ата-анасынан, екінші ұстазынан, үшінші –құрбысынан.

Бала тәрбиесін ешқашан екінші орынға қоюға болмайды. Өйткені «Баланы жастан» деген. Бала біздің болашағымыз дейтін болсақ, баланың тәрбиесін кешіктіріп алмайық дер едім. Бізде мынадай жаңсақ түсінік қалыптасқан, бала менікі қалай тәрбиелесемде де өзім білемін. Бірақ бала алланың берген аманаты, екенін түсіне бермейді. Балабақша мен отбасы тығыз байланыста болса нұр үстіне нұр болар еді. Осыдан келіп мынадай сұрақ туады; біздің әжелеріміз етегі айтады ма?. Келешек ұрпағына өз үлесін қоса алды ма?. Абай атамыз әжесі Зеренің ертегісінен тыңдап өскен жоқ па№ Демек ертегі арқылы бала жан-жақты дамиды.

Адамгершілік әр адамға тән қасиеттер.

Адамгершіліктің қайнар көзі – халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Қазақ халқы баланы жастайынан жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла, жолын кеспе» деген ұлағатты, тыйым сөздердің мәні зор. Бала бойына кішіпейілділік, сыпайылық, сыйластық сияқты қасиеттерді сіңіре білсек, адамгершілік тәрбиесінің жемісіне бөленетіміз анық!

Тәрбиенің алтын бесігі – балабақшамыздағы сәбилерімізді адам баласына тән асыл қасиеттерге, адамгершілікке тәрбиелеуден жалықпайық!

**Әдебиеттер**

1. Балабақша меңгерушісі мен әдіскері. №5/6. 2014ж.

2. Өз ойынан.

**ӘӨЖ**

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІН ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІГІ

**Жуманов Ержан Калдарбекович**
«Өрлеу» БАҰО АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша Кәсіби даму институты филиалының аға оқытушысы
**Артелева Эсмира Ерғалиқызы**
Шымкент қ., №55 Самал
бөбекжай балабақшасының дене тәрбиесі нұсқаушысы

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются особенности физического воспитания детей дошкольного возраста.*

***Summary***

In this article is given information the features of physical education of preschool children.

Денсаулық - бұл баланың физикалық және психикалық мүмкіндігін толықтай анықтайтын негізгі жағдайлардың бірі. Балалар денсаулығы келесі факторларға тікелей байланысты болады:

- физикалық дайындық;
- гигиеналық мәдениет;
- тамақтануды ұйымдастыру;
- күн тәртібін сақтау;
- сыртқы орта: әлеуметтік, экономикалық, экологиялық әсерлер;
- әлеуметтік-психологиялық жағдайлар;
- сауықтыру шаралары.

*Бала дамуындағы аспектілер:*

*Денелік* – ағзаның дұрыс жұмыс істеуі, ағза жүйелерінің саулығы.

*Зияткерлік* – ақпаратпен жұмыс істеу білу.

*Эмоционалдық* – сезім саулығы, өзін ұстай білуге.

*Тұлғалық* – өзіндік «Менің» дамыту.

*Рухани*- жан дүние саулығы.

*Әлеуметтік* – мәдени, табиғи орта саулығы, қарым қатынас орната білу.

*Балабақшада балалардың денсаулығын қалыптастыру бойынша жүргізілетін негізгі жұмыс бағыттары:*

- дене шынықтыру мен сауықтыру, шынықтыру шараларының комплексті жүйесін дайындау;
- дене мүшесінің бұзылуы мен май табанның алдын алу және түзету;
- үйлесімді қимылдық тәртіп туғызу;

- жие ауыратын балалармен сауықтыру шараларын ұйымдастыру;
- психологиялық қолайлы орта ұйымдастыру;
- сауықтырудың әдеттен тыс әдістерін қолдану.

*Дене шынықтыру:* ертеңгілік жаттығу, қимылды ойында, спорттық жаттығулар, қарапайым туризм.

*Ертеңгілік жаттығу:* негізгі қимылдар, жалпы дамыту жаттығулары,сапқа тұру және қайта сапқа тұру, ба жаттығұлары.

*Қимылды ойындар:* спорттық ойындар, ұлттық ойындар, қозғалысты: сюжетті, сюжетсіз.

*Спорттық жаттығұлар:* конькимен, шанамен сырғанау; жазғы: суға жүзу, велосипед тебу.

*Қарапайым туризм:* шаңғылы туризм, жаяу туризм.

Бала бақшада дене тәрбиесін ұйымдастырудың түрлері:

- “Денсаулық” білім беру саласын жүзеге асыру;
- күн тәртібі бойынша сауықтыру шарасы;
- өз бетінше қозғалу қызметі.

Оқу іс-әрекетінде әдістемелік жағынан дұрыс ұйымдастырылған ең қолайлы тәсілдер:

- жаппай ( негізгі әрекеттері біркелкі орындалады);
- топтық (балалар екі-үш топқа бөлінеді);
- ауыспалы (бірнеше бала бір уақытта кезекпен орындайды).

Қимылға үйретудің негізгі әдісі: көрсету, түсіндіру, жаттығуды баламен бірге орындау.

*Таңертеңгілік гимнастика*

Үшінші жылға қарай таңертеңгі тамақтың алдында күн сайын таңертеңгілік гимнастиканы өткізу үшін жағымды алғышарттар жасалады.
Осы бір маңызды гигиеналық шараны жүйелі және білікті түрде өткізу мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі жүйесінде елеулі орын алады:

- баланың қозғалыс тәртібін кеңейтеді;
- оларға сауықтыру әсерін ғана тигізіп қоймайды, сондай-ақ жарым – жартылай болса да тәрбиелік және білім беру әсерін тигізеді;
- ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерде үйретілген , кейбір жаттығуларға жағдай жасалады, сондай - ақ оларды сауықтыруы мақсаттарына жүйелі пайдаланудың әдеті қалыптасады.

*Серуендеу* мектепке дейінгі балалардың күн тәртібінде өте үлкен маңызға ие. Оларға күннің бірінші және екінші жартысында 30 минуттен 2 сағатқа дейін уақыт бөлінеді. Серуендеудің негізгі мақсаты – дене жаттығуларымен және қозғалыс ойындарын өткізумен таза ауада ұзақ уақыт болу. Олардың бастысы – оқу уақытынан ерекшеленетін, табиғи жағдайлардағы қозғалыс біліктіліктерін қолдануға балаларды үйрету. Серуендеуде балалар үнемі қозғалыста болатындай, бірақ артық қызып кетпейтіндей етіп ұйымдастырады.

*Дене шынықтыру минуті* жаттығудың түрі есебінде мектепке дейінгі үлкен жастан бастап қолданылады . Оның мақсаты – сөйлеуді дамыту, санау сабақтарыда және т.б. ақыл –ой жұмыс қабілеттілігін сақтау немесе көтеру, дененің қалпы бірыңғай тұрақты (статикалық) жағдайда болатындығына байланысты ағзаның жұмыс істейтін мүшелерін белсендірек ету. Іс жүзінде, дене шынықтыру минуті тез белсенді демалуды қамтамасыз етуге бағытталған, оған жүйке жүйесіндегі процестердің қалыпқа келуі тәуелді.

*Спорттық көңіл көтерулер*

Балалардың дене тәрбиесін бағытты - мақсатты пайдалану тәжірбиесінде, 4 жастан бастап, шанамен, конькимен сырғанау, велосипед тебу, шаңғымен қозғалу, шомылу, бадминтонның, стол теннисінің элементтері және т.б. секілді түрлер кең тараған. Спорттың әр түріндегі осы жаттығуларға спорттық нәтижелер көрсетуге талап қойылмай – ақ, оларды өзіне тән жағдайда қолдануға байланысты шартты түрде спорттық көңіл – көтерулер деп аталған.

*Максатты қозғалыстар:*

- таңертеңгі қабылдауы;
- ертеңгілік қимыл жаттығулары;
- ұйымдастырылған іс-әрекеттер арасындағы ойындар;
- сергіту сәттері;
- серуен;
- түскі ұйқы;
- түстен кейінгі өткізілетін түрлі іс-шаралар;
- кешкі серуен;
- қимылды ойындар.

*Шынықтырудың дәстүрлі формалары:*

- ауаны тазарту;
- су құю;
- даладағы кабылдау;
- күн сәулесімен шынықтыру;
- жалпы және жартылай су процедураларын жүргізу - ылғалды сүртіну, аяққа, денеге су құйыну, тұзды алаша, жаланаяқ жүру;

*Ұтымды қимылды күн тәртібін ұйымдастыру:*

- жаттығулар;
- жүгіру;
- сазды-би қимылдары;
- гимнастика;
- сауықтыру және алдын алу жаттығулары.

*Әдеттен тыс сауықтыру шаралары:*

- ауамен шынықтыру;
- нүктелі сылау(массаж);
- психогимнастика;

- өзін-өзі сылау;
- денені босаңсыту жаттығулары.

*Жетістіктерге жету:* балалық кезінде денсаулықты жоғалтпау, денсаулықтың соматикалық көрсеткіштерін жақсарту.

*Салауатты өмір сүру салтын ұстану қажеттілігін және оған мүмкіндік туғызуы:* гигиеналық мәдениет қалыптастыру, дене тәрбиесінің үздіксіз жүйесін құру, дене тәрбиесінің үздіксіз жүйесін құру.

**Әдебиеттер:**

1. Әйтпаев А. К Казак халык ойындары кіші мектеп жасындагы окушыларды тәрбиелеу. Алматы 1999.
2. Ә.К.Әбділдаев, Ж.К.Оңалбек Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі.Түркістан –2004ж
3. Бастауыш мектеп дене тәрбиесі салауатты өмір кепілі. №9 2001ж
4. Е.Уақбаев Дене тәрбиесінің негіздері, Шымкент-2003ж

**ӘӨЖ**

# ҰЛЫ ОЙШЫЛДАРДЫҢ ӨНЕГЕЛІ ӨСИЕТТЕРІ

**Нурходжаева Лазат Калыбековна**
Шымкент қаласы, №23 Зоя Космодемьянская атындағы мектеп-лицейі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

***Резюме***
*В данной статье рассматриваются нравственные заповеди великих мыслителей*
***Summary***
*The article is considered the moral precepts of great thinkers.*

Қазақ халқының тарихи тұлғалары мен ойшылдарының мұраларындағы "тәлім-тәрбие, әдептілік, имандылық" туралы ойларын зерттеу мәселелері ғасырдан ғасырға ұласып келе жатқан ұлы мақсат- мұраттардың ішіндегі ең негізгілерінің бірі болып саналады. Ал қазіргі таңда сол ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан халықтық тәрбиенің мақсаты-түркілік рух, азаматтық парыз, Отан алдындағы борыш, елдікпен бірлік ұстанымдары болып табылады. Демек, мұндай тағлымдық өнегелердің дені қазақ ойшылдары мен қоғам қайраткерлерінің мұраларындағы жастарды адамгершілікке, ізгілікке, әдептілікке, Отансүйгіштікке тәрбиелеудегі ұлттық идеялармен байланысты. Мұндай өнегелік идеяларды біз - "Ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы зерделеу - қазақтың таным-түсінігінде ертеден қалыптасқан үрдіс. Қазақтың қария сөздерінде, яғни шежірелік зердесінде тарих ұдайы жеке тұлғалардың өмір дерегі арқылы танылып отырады. Қоғамның саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани ахуалы ұдайы жеке тұлғалар болмысы арқылы көрініс табады. Содан болуы керек,

қазақтың дәстүрлі философиялық пайымдауында өмірді өзгертуден бұрын, алдымен адам санасын шыңдауға көбірек мән береді. Дәл сол сияқты шежірелік дәстүрде де қоғам дамуының жалпы ахуалынан бұрын алдымен адам туралы мағлұмат беру басты нысана болып отырады" деген дәстүрге сәйкестендіреміз.

Еліміздің сан ғасырлық өзіндік орны бар кезеңге орта ғасырлық түркілік мәдениетті жатқызамыз. Ал халқымыздың даналығын білдіретін ірі тарихи тұлғаларды зерделеу қазіргі ұрпақтың, гуманитарлық ғылымдардың қасиетті парыздары болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда ғасырлар қатпарларында жасырынған рухани мұралар көптеп саналады. Ортағасырлық педагогикалық ой-пікірдің даму тарихында аты әлемге әйгілі ортағасыр данышпандары – Қорқыт Ата, Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Иссауи, Ахмет Иүгінеки қазақ жерін әлемге мәшһүр етті.

Әбу Насыр әл –Фараби (IX ғасыр) ертедегі Қазақстан жерінен шыққан, қазақ топырағында дүниеге келген, ғұлама ғалым, Шығыстың ұлы ойшылы, әрі ағартушысы, математик, философ, музыка зерттеушісі, тарихшы болған. Туған жері – Отырат (Фараб) қаласы. Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз», ұлы ғұлама ғалым.
Әл-Фараби алғашқы білімін Отырар медреселерінде алған. Өмірін араб елдерінде өткізген. Ол Аристотель еңбектерін араб тіліне аударып, оған түсініктеме берген. Әл-Фараби логика, саз, астрономия және басқа ғылымдар бойынша көптеген еңбектер жазды. «*Кемеңгерлік меруеті*», «*Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы*», «*Бақытқа жету*» сияқты көптеген еңбектер қалдырған. Фараби өзінің «***Қайрымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы***» трактатында қала адамдарының жеке топтарына сипаттама берді. Ғұлама қайырымды, қайырымсыз қала тұрғындарына талдау жасап, тұрмыс салтын, өмір сүру ерекшеліктерін, оларға тиісті құндылықтарды көрсетпекші болды. Адамдар бақытты болуы үшін бір-біріне көмектесіп отыру мақсатымен бірлескен қала ізгі қала болды; — дейді Фараби ізгілік бақыт туралы надан қала тұрғындарының білетіні байлыққа рахаттану, құмарлыққа ерік беру, мансап, сый-құрметке еліру болып табылады дейді. Ал «Азаматтық саясатта» ұжым туралы қайырымды қаламен қатар бұзылған қайырымсыз қала болатындығын ескертеді. Мұндай болмас үшін бірлесіп әрекет ету қажет дейді. Педагогикалық тұрғыдан адамдар арасындағы достық, қастық туралы ой-пікірлерінің маңызы ерекше:

1. Оның 1-і адал дос
2. айнымалы дос.

Қастардың да 2 түрі болады

1. Өшпендігі мол, жаулығы басынан асқан адамдар;
2. Көре алмаушылықтан жауласқан адамдар.

Бұлардың бірінен сақтану керек екіншісі мен байыпты қарым-қатынас жасалған дұрыс. Ал бейтарап адамдардың адалдығына көз жеткенше оларға дос адамдай беріліп кетуге болмайды. Фараби нағыз ғалым принципшіл, құлық-сұмдықпен,

өсек-аянмен ісі жоқ, жұртты алдап-арбуды білмейтін, ілтипатпен қарайтын, білімділігі өнегелі мінез-құлқымен безендеріліп тұрмаса болмайды, — дейді.

Мұғалімдік еткен адамның өлшеуі (әдісі) тым өктем немесе тым босаң болмауы керек. Мінezділік бақытты болудың шарты. Сондықтанда жанымен тәнін тәрбиелеуді бесігіннен бастаған абзал, — дейді. Фарабидің ұғымында шәкірттерді тәрбиелеу үшін жете түсінетін, көреген-естігенін нәрселерін жадында сақтайтын, алғыр, аңғарынпаз, өткір сөз иесі, ойын анық жеткізе алатын, ішімдікке, құмарлыққа қанағатшыл, жаны асқақ ақшаға, жалған дүниеге жаны қас, әділетті жақтайтын болуы шарт –дейді. Сонымен қатар, тәрбие мен білім беру, педагогика мен психология, этика ғылымдарының салаларына құнды пікірлер мен қағидалар айтқан. Әсіресе, жақсы мінез құлықты қалыптастыру және дағды мен әдетке ерекше мән берген. Әл-Фараби тәрбиенің әдіс және тәсілдеріне сипаттама береді. Тәрбие әдістері *мадақтау, бетіне басып ұялту, көзін жеткізу, көндіру* және т,б, тәлімгерлерден ерекше имандылық пен ізеттілікті талап етеді. Оқыту – баланың тілін дамыту, білім беру, үйрету арқылы асатын болса, тәрбиелеуге-шәкірттердің бойындағы жағымды адамгершілік қасиеттерді қалыптастыратындығына тоқтала келіп, ғылым мен білімді және тәрбиені меңгерумен қатар, өзін өзі тәрбиелеу, ерік қайратты тәрбиелеуге мән береді. Әл-Фарабидің психологиялық көзқарастары туралы айтқанда әртүрлі психологиялық тақырыптардағы, мысалы *«Жан туралы», «Ақыл ой туралы», «Темперамент туралы», «Түс көру туралы», «Жанның мәні туралы», «Ақыл ой және ұғым»* тағы басқа еңбектері күні бүгінге дейін өз маңызын жоғатқан жоқ.

Әл-Фарабидің тағылымдық –тәлімдік ойларының ішінде ерекше назар аударарлық мәселе – шешендік өнері туралы айтқан қағидалары. Шешендік өнеріне көз жеткізу дегеніміз адамның өзіне айтылғанды көкейюіне түю, сондай ақ оған ой жіберу арқылы адамға құлақ қою болып табылады. Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық жүйесі Шығыстағы ілкі ортағасырлық мұсылмандықтың рухани мәдениет тарихында және бүкіл адамзат мәдениетінде ерекше орын алады. Әл-Фараби философиясы дүние тану мәселелерінде жан - жақты.

Жүсіп Баласағұн (IX ғ.) түркі халқының көрнекті өкілдерінің бірі, рухани мәдениет тарихында өзіндік із қалдырған дарынды ақын, ойшыл. Оның өмірбаяны туралы бізге жеткен мағлұматтар жоқтың қасы. Тек Баласағұн (Жетісу) өңірінде туып өскені хақ. Жүсіп Баласағұнның қазіргі ұрпаққа жеткен ***«Құтты білік»*** атты көркем туындысын атай аламыз. Дастан-саяси және ғибрат, өсиет, ақыл ретінде имандылыққа үндейтін, тәлім-тәрбие берерлік дидактикалық тағылымдық туынды. Идеясы жағынан дастан имандылық, ізгілік рухында, тәлім – тәрбиелік, ғибраттық, өсиет-өнеге, нақыл сөздер түрінде жазылған педагогикалық және психологиялық, философиялық тұрғыдағы көркем туынды. «Құтты білік» дастанын тек қана әдеби мұра деп қарау біржақтылық болар еді. Оның жалпы түрік тілдес халықтар тарихындағы елтану, әдебиеттану,

тілтану, мәдени – тарихи қатынастар саласындағы алатын орны, маңызы мен мәні ерекше. Бұл тұрғыда, қазақ халқының да рухани кәмелеттену жолының күретамыры Жүсіп Баласағұнның эстетикалық әлемінде жатыр.

Еңбекте *отбасы тәрбиесі, онда ата-ананың алатын ролі туралы, баланың мінез – құлқын, психологиялық ерекшеліктерін қалыптастыру, отбасында ата – ананың бала тәрбиесіндегі алатын* орнына ерекше мән береді. Бұл орайда көзге көрініп тұрған тағы бір жай – ақынның тәлім – тәрбиелік, ақылдылық, адамшылық пікірлері қазіргі біздің заманымыздың жағдаятына сай келуі, онда «барша адамзат қауымының ұстанатын мұраттардың» болуы. Қай заманда болмасын адамзат атаулының алдында тұрған басты міндеттердің бірі – келешек өмірді жалғастыратын салауатты, саналы, өзінің ісін жетік білетін – тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам, халық қамын ойлау екені даусыз. Педагогика ғылымында тәрбие заңдылықтарын тәрбие үрдісінде берік қайталанатын және маңызды байланыстар деп түсінсек,ендеше оларды іс жүзінде қолдану, жүзеге асыру жеке тұлғаны дамытуда, қалыптастыруда нәтижелі қорытындыларға жетелейді.

Халықтық тәлім – тәрбие дәстүрін он бірінші ғасыр шамасында түркі халықтарының қоғамдық, әлеуметтік, рухани, мәдени, әдеби өміріне енгізуші, гуманистік, адамгершілік, ағартушылық идеялар мұрасын жалғастырып уағыздаған Жүсіп Баласағұнның еңбектерімен жастарымызды таныстыру, бай мұрасынан нәр алдыру – бүгінгі ұрпақ алдындағы басты міндеттеріміздің бірі. Ертедегі ойшылдар тәрбие саласында қалыптасқан бай тәжірибелерді ескере отырып, өздерінің теориялық ілімдерін, идеяларын ұсынған. Зерделей келсек, Баласағұн, Қашғари, Яссауи, Әл-Фараби идеялары мен эстетикалық құнарының түп тамырлары ежелгі ойшылдар Сократ, Платон, Аристотель сияқты әлемдік алып тұлғалардың жүрегімен қанаттасып қатар соғатындай. Түркі тілдес ойшылдардың шығармалары мен еңбектеріндегі тәлім – тәрбиелік пікірлер, ұсыныстар мен нақыл сөздер, озықтығы мен жаңашылдығына байланысты оқу-тәрбие саласында нағыз табан тірейтін негіздердің бірі бола алады. Оны ақынның ғақлия сөздерін оқығанда көзіміз жете түседі. Орта ғасыр ойшылы Жүсіп Баласағұн идеяларының сипатын төмендегідей етіп даралап көрсетуге болар еді:

1) дүниетаным, эстетикалық көзқарас, адамгершілік мұрат бірлігі;

2) қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді, заман тынысын нақты сезіну, көркемдік танымда реалистік – рационалдық қасиеттерге жүгіну;

3) тақырып тамырластығы, ой толғап отырған жайлардың ортақтығы;

4) поэтикалық табиғаттың үндестігі (ойшылдық, табиғатындағы жақындық).

Бұрынғы өткен түрік қағанатынан бастау алып, күні бүгінге дейін кәдеге жарап келе жатқан рухани мұра – халықтық педагогика. Қазіргі таңда өскелең ұрпаққа білім беру үрдісі заманымыздың талабы мен мүддесіне орай этнопедагогика ғылымының кең қанат жайып келе жатқанына сай тәрбие. Осыған байланысты біз

жастарға этнопедагогикалық пікірлерді оқытып, данышпан тұлғалардың бір – бірімен жалғасып жатқан білім, ғылымдарын ұштастырып көрсеткеніміз абзал.


**Әдебиеттер:**

1. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы"кітабынан , 1-том, 102-103бб.
2. Мырзахметов М.Абайтану тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1994ж.
3. Құнанбайұлы А. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қарасөздер. - Алматы: Жазушы, 2005ж


**ӘӨЖ**

# ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ БАЛА ДАМУЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ


**Панова Айгуль**

Шымкент қаласы, АУДҰИ аға оқытушысы

**Таласова Майра Анатолийқызы**

Шардара ауд., Қызылқұм ауылы, ЖШС «Алтын білім» бөбекжай балабақшасының әдіскері



***Резюме***

*В даннной статье рассматриваются роль семейного воспитания в развитии ребенка*

***Summary***

*The article is given information about the role of family upbringing for dewelopment children*


Отбасы – қоғамның бастапқы бөлшегі, алғашқы ошағы. Бірге өмір сүріп, бала өсіруді мақсат етіп, екі адам шағын қоғамды құрады. Отбасының қызметтері көп: жеке, әлеуметтік, экономикалық т.б. Отбасының негізгі қызметі – баланы әлеуметтендіру, яғни қоғамда өмір сүруге жан-жақты дайындау. Әлеуметтендіру – қоғамда қалыптасқан мәдени-әдептілік нормаларға, әлеуметтік құндылықтарға сәйкес және заңмен бекітілген тәртіп аясындағы барлық ережелерді сақтап, қоғамның басқа мүшелерімен ынтымақтастықта өмір сүруге, қызмет етуге үйрету. Ұжымдаса іс-әрекет жасауға бейімдеудің басты шарты – кез келген әлеуметтік жағдаяттарда қоғам мүшелерінің өзінің тұлғалық қажеттілігін, қызығушылығын қанағаттандырумен қатар өзгелердің құқықтары мен мүддесін ескеруге міндетті болуы. Жағдаяттық дауларды шешу барысында қоғам мүшелері өз ой-пікірін дәлелдеп, көзқарасын білдіреді, адамдармен араласып, тіл табысуға үйренеді, адамдар ұжымдасып, іс-әрекет жасауға бейімделеді.

Отбасы бүкіл ғасырлар бойы адам баласы тәрбиесінің құралы болып келеді. Сондықтан ол адам үшін ең үлкен мәнге ие орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралардың сақтаушысы. Онда бала алғашқы рет өмір жолымен танысады, моральдық нормаларды игереді. Сондықтан отбасылық өмір жеке адамның азамат болып өсуінің негізі. Отбасы - оқыту мен тәрбие жұмысындағы мектептің одақтасы. Ол бала тәрбиесі жөнінде мектеппен тығыз байланысты болуды өте жақсы түсінеді. Өйткені бала тәрбиесінің отбасында,

мектепте нәтижелі болуы осындай ынтымақтастыққа негізделеді. Отбасы тәрбиесі-бұл қоғамдық тәрбиенің бір бөлігі, мемлекет алдындағы ата- аналардың борышы. Оған дәлел: балалар мекемелері жөнінде халықтың қажеттілігін толық қанағаттандыру, балалардың еңбек, спорт лагерлерінің, жас натуралистер станцияларының, ғылыми- техникалық және көркемдік шығармашылық үйірмелерінің жүйесін кеңейту; ананы, балалық шақты қорғауға ерекше көңіл бөлу; отбасы мүшелерінің демалуы үшін санаторийлердің, демалыс үйлерінің жүйесін кеңейту. Отбасында басты мәселелердің бірі - баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру. Бұған баланың күн ырғағы, міндеттері, қойылатын талаптар, оның үй еңбегіне қатысуы, оқу- әрекеті бос уақытын ұйымдастыру жатады. Отбасы, барлық уақытта да, өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешуде үлкен мүмкіндіктерге ие болған. Қазіргі заманғы отбасының өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешудегі ерекшелігі – ата-ананың білім және жалпы мәдени деңгейінің жоғары болуы. Балалардың отбасынбағы тәрбиесі оның белгілі бір тұрақты әлеуметтік институт ретінде анықталады. Ол отбасы мүшелері арасындағы өзара қатынастардың қалыптасуы мен дамуына септігін тигізетін адамдардың жақындығы, туыстық қатынастар, тұрмыстық өмір.

Отбасы тәрбиесінің артықшылығы да осы қатынастарда, оны тәрбиенің ешкандай да түрі алмастыра алмайды. Отбасы – болашақ азаматтың әлеуметтену жолындағы алғашқы қадамдарын жасайтын бастапқы адым. Ол балаға моральдық қалпы туралы алғашқы түсініктер береді, оны еңбекке баулып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Ата-ананың іс-әрекеті мен мінез-құлқы, өмір сүру салты арқылы балаға дүниетанымдық, адамгершілік, әлеуметтік-саяси құндылықтар беріледі. Отбасы тәрбиесінің қоғамдық және мемлекеттік тәрбиеге қарағанда артықшылығы басым. Алайда, қазіргі қоғамдық өмірде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық және демографиялық өзгерістер отбасына белгілі бір қиыншылықтар туғызады. Ата-аналардың білім деңгейіне байланысты да отбасында ерекшеліктер орын алады. Мысалы: ата-аналардың білімі жоғары болған сайын олардың балалары мектепте жақсы оқиды. Қазіргі ата-аналар жұмыс басты болғандықтан бала тәрбиесі көбінесе ата мен әжелерге жүктеледі. Қоғамда жүріп жатқан тұрғындардың материалдық жағдайға байланысты жіктелуі отбасы тәрбиесіне материалдық жағдайы әртүрлі ата-аналардың қарым-қатынасына әсер етеді. Отбасында балаларға отбасылық бюджеттің 25-50% жұмсалады. Материалдық кірісі мол отбасыларда педагогикалық көзсоқырлық, тойынғандық жағдайға алып барады. Тойынғандық дегеніміз- өмірге, өмірдегі материалдық және рухани құндылықтарға деген жеккөрінішті, келекетті қатынас. Жастайынан осындай ортада өскен балалардың арасына торығушылар, қаңғыбастар, ”қызықты” әсерді іздеушілер өсіп шығады. Қазіргі кезде отбасының “уақталу”процесі жүруде. Ол дегеніміз- жас ата-аналардан тұратын әжесіз, атасыз отбасылар. Бұл отбасының беріктігін нығайтып, дербес ұжымды қатынастырады. Қиындықтар достық пен ынтымақтастықты нығайтып, қуаныш пен қайғыны

бөлісуге тәрбиелейді. Дегенмен, жас отбасында алғашқы кезде тұрмыстың түзелмеуі, бала тәрбиесі сияқты қиындықтар кездескенімен, олард шешу қоғамның құзырында. Отбасы мүшелерінің келуі, туылған бала санының азаюы да отбасы дамуының ерекшелігін құрайды. Қалалық отбасында бір-екі бала ғана тәрбиеленеді. Бала туудың азаюының себептері сан алуан және өте күрделі; олар ата-аналардың жұмысбастылығын; мектепке дейінгі мекемелермен қамтамасыз етілмеуі; бала тәрбиесіне шығынның көп жұмсалуы; әйел ананың шамадан тыс жұмысбастылығы; отбасының қолайсыз тұрғын үйі; тұрмыстық жағдайы; ата-аналардың "өзі үшін өмір сүруге" ұмтылған тоғышарлық ұмтылысы және т.б. Бала туудың азаюы- шағын отбасындағы тәрбие әдістерін жасау деген және педагогикалық проблеманы алуға тосады. Қазіргі отбасы ажырасу санының едәуір артуымен сипатталады. Ажырасудың 90% тұрмыс қолайсыздығы мен дайындықсыздың салдары. Дегенмен барлық ажырасуларға жағымсыз баға беруге болмайды, өйткені кей жағдайда ажырасу баланың психикасына теріс әсер ететін ұрыс- жанжал, отбасылық кикілжіңді алдын алады. Бір балалы отбасы көпшілікпен араласу, ұжымдық қызмет тәжірибесін игеру жағынан баланы қиын жағдайға қалдырады. Бұндай отбасыларда аға, әпке сияқты тәлімгер іні, қарындас сияқты қамқорлығына алатын бауырдың болмауы ұжымдық туыстық қатынастар аясын мүлдем тарылта түседі. Осындай жағдайда баланың қызығушылығы мен қажеттілігін қамтамасыз етуде ата-аналардың педагогикалық нормаларды сақтамауынан бастауыш сынып кезінен оның бойында тоғышарлық, ұжымды жатырқаушылық қасиеттердің қалыптасқандығын аңғарамыз.

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы – туған ұясы, өз отбасындағы тәрбиесі, тілі. Қазақтың: «Баланың бас ұстазы – ата-ана», «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» – дегендей, есі кіріп, тілі шыға бастасымен-ақ баланы байсалды, ұғымпаз, тілалғыш етіп баулыған жөн.

Ата-ана тәрбие беруде ата-бабамыздың салт-санасы, әдет-ғұрпында жүргізілген үлгі-өнегесінің мәнісі зор. Отбасы тәрбиесінде әкенің де, ананың да орны бөлек. Әке мен ана баланың алғашқы ұстазы. Адамзат баласы ананың мейірлі мейіріне қанып, әке өсиеттерін тыңдап өссе ғана тәрбиелі отбасынан шыққанын көпке таңытады. Ана – бала тәрбиесіндегі ерекше тұлға. Дана Абай бабамыз қазақ әйелінің, ананың отбасындағы орнын ерекше жырлайды. Жалпы, «адам бойындағы барлық қасиеттер ананың ақ сүтімен жаралған» – деген ғұламалық ойды тарата келе, осы қасиеттің міндетті түрде тәрбиеленуі туралы айтады.

*Ата-ана – бала тәрбиесіндегі басты тұлға.*

Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата-аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл

дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл-қыздармен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа. Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы балаға теріс әсер етеді. Бала алдында әке-шеше, үй ішінің, үлкендердің әдептілік танытқаны жөн. Мысалы, арақ пен темекінің толып жатқан зиянын біле тұра, балалардың көзінше арақ ішіп, үсті-үстіне темекі тартқандар бар. «Көрінген таудың алыстығы жоқ» - дейді, ертең-ақ ұл өсіп ер жетеді, қыз өсіп бой жетеді. Сонда арақ пен темекінің зиянын қалай ұқтырамыз. Негізінен жанұяның шырқы бұзылған, ата-анасы маскүнемдікке салынған немесе жарамдық жағынан азғынданған ортада бала, жасөспірім қашанғы жиреніштті көріністі, ондағы айқай-шу мен дау-жанжалға, ұрыс-керіске шыдап жүре бермек. Басқа өмірді аңсайды немесе теріс тәрбиеге тез бой алдырып үлгереді, егер осы теріс жолға мүлде бет бұрып кетсе, онда бәйтеректің бір бұтағы қисық өсті дей беріңіз. Бақытсыз қыз, бұзақы ұл осыдан шығады. Сонда негізгі кінәні кімнен іздейміз?! Бұзақылықтың басы бос жүруден басталады. Кейде сабақты жиі қалдыруға әртүрлі сылтауларды үлкендердің өзі үйретіп отырады. Бұл жағдайда балаға өтірік айтуды үйретіп отырғанын аңғармай да қалуы мүмкін. Жас шыбықты қалай исең, солай өседі ғой. Иә, «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің» демекші ата-ана тәрбиесі бала өмірінде үлкен із қалдырады [1, 98б.].

Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау – ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ. Бала – әр жанұяның бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік. Шәкәрім атамыздың «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан үстем болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күнінен бастап тәрбиелейді» дегеніндей, құнды қасиеттерге не рухани адамды қалыптастыру – шынында да оның туған кезінен басталса керек. Ал адамның адам болып қалыптасуында ата-анамен қатар тәрбиеші мен мұғалімнің де рөлі бар. Ата-анасын, жүрген ортасын қосқанда оның тәрбиесіне мұғалімнен басқа бірнеше адамның қатысы бар. Балаға жүрек жылуы қашан да қажет және ол ешқашан артық болмайды. Ата-анасынан көрмеген сүйіспеншілікті мұғалімнен көрген бала менің ата-анам да осындай болса деп армандауы мүмкін. Мұғалімін тек жақсы қырынан таныған оқушы үшін оның айтқаны анық, дегені дәл болып көрінеді.

Баласын қалай жақсы көретінін дұрыс білдіру кез келген ата-ананың қолынан келе бермейді. Біреу жақсы киіндіріп қояды, біреу тамағы тоқ болса болды деп, қалтасына ақшасын салып бергеніне мәз. Біреулері өте қатал, айтқанын орындатады. Бала қорыққаннан уақытша тыңдайды, бірақ ата-анасының уысынан шыққан соң өзін-өзі ұстай алмайтын жағдайға жетеді.

Мұғалім оқушыға оның өміріне азық болар ең қымбат асыл қасиеттер: адамзаттық құндылықтармен, біліммен қамтамасыз етіп, каруландырады. Алтын бесік – отбасы болса, алтын ұя – мектеп. Иә, олардың алтынға балануы неліктен? Екеуі де қасиетті, әрі қастерлі. Өйткені, отбасы Адамды дүниеге әкеліп, қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп жатса, мектеп ақылы мен білімі, адамзаттық құндылықтармен толысқан, жан-жақты жетілген, өз бетімен өмір сүруге бейім, қоршаған ортамен тікелей байланысқа шыға алатын, толыққанды Адам етіп тәрбиелеп шығарады. Осы екі ортаның да мақсаты – ортақ, міндет – біреу [2, 87 б.].

Демек, мұғалім мен тәрбиеші қауымының қиындықтарға жиі кездесіп, үнемі толғаныста жүретініде содан. Сондықтан кез келген мұғалім баламен байланысқа шықпас бұрын, оқу-тәрбие жұмысындағы қызметін өзін-өзі танудан бастағаны жөн. Өзіңнің бала болғаныңды, өзіңнің ата-ана екеніңді, өзіңнің ұстаз екеніңді ой елегінен жиі-жиі өткізіп отырсаң, өзге алдындағы жауапкершіліктің сыры бірден айқындала бастайды. Ғұлама Әл-Фараби «Дүниедегі ең оңай нәрсе ақыл айту, ең қиыны өзіңді өзің түсіну» десе, К.Маркс «Өзіңді өзің тану даналықтың бірінші белгісі» деп ескертеді. Ең бастысы, баланың жан азығына зәру екенін еш уақытта ұмытуға болмайды. Абай атамыздың жетінші қара сөзінде «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біріншісі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар тәннің құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Екіншісі – білсем екен деп ұмтылып, одан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?» «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі «жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен» деген үлкен пәлсопалық ой жатыр. Яғни, балаға туғаннан тән азығы – тамақ қандай қажет болса, жан азығы – жылулық, сүйіспеншілік те сондай қажет. Ал оның қажетін қанағаттандырмай, түпкі мақсат ешқашан орындалмайтыны белгілі жәйт. Мұны мұғалім де, ата-ана да әсте естен шығармағандары жөн.

**Әдебиеттер:**


1. І.Халитова, Әлеуметтік педагогика [Мәтін]: Оқу құралы/- 2-ші басылымы.- Алматы: Білім, 2007.- 200 бет.
2. А.К.Құсайынов, Біз өз балаларымызды білеміз бе? "Мектеп оқушысының әлеуметтік бейнесі" әлеуметтік педагогикалық зерттеудің материалдары (Екі тілде) [Мәтін] / - Алматы: РОНД, 2003.- 192 бет.
3. Қ.Т.Әтемова, Әлеуметтік педагогика [Мәтін]: Оқулық/- Алматы: Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2012.- 272 бет.


**ӘӨЖ**

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕ МЕН БАСТАУЫШ АРАСЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ

**Керімбекова Лиза Қапанқызы**
№51 жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются преемственность дошкольных учреждений и начальной школы*

***Summary***

*The article is given information the succession of preschool organization and primary school.*

Білім беру және ғылым саласына елеулі өзгерістер енгізіп жатқан қазіргі кезеңде мектепке дейінгі ұйымдар мен бастауыш білім беру ісін жаңа сапалық деңгейге көтеру міндеті бүгінгі күннің көкейкесті мәселесі. Осы өзгерістер білім саласының алғашқы сатысы болып саналатын мектепке дейінгі ұйымдарда болашақ ұрпақтың дүниетанымын дамытуға, жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, сәбилік шақтан бастап толық жағдай жасауды, тәрбиелеумен білім беруге аса жауапты қарауды басты міндет етіп қойып отыр. Аталған міндетті шешуде кезек күттірмейтін мәселелердің бірі ретінде мектепке дейінгі тәрбие мен бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етудің жолдарын айқындаудың маңызы зор. Өйткені сабақтастық туралы мәселе өткір қойылып отыр. Бұл мәселені ғалымдар, білім беру мекемелерінің жетекшілері, мұғалімдер, ата-аналар да көтеріп отыр. Олардың дабыл қағуына толық негіз бар. Мектепке дейінгі мекеме мен бастауыш сынып арасындағы сабақтастықтың негіздемесі:

- балалардың білуге деген құмарлығын дамыту;
- балалардың өздігінен шығармашылық жұмыс тапсырмаларын шеше білу қабілетін дамыту;
- балалардың интеллектуалдық және тұлғалық дамуына бағытталған шығармашылық қиялын дамыту;
- тілдік қарым-қатынасын дамыту (құрбы-құрдастарымен, ересектермен тіл табысып, сөйлесе білу).

Сабақтастық үрдісін 2 жақтан қарауға болады. Мектепке дейінгі буын сатысында мектепке дейінгі балалық шақтың өзіндік құндылығы қысқартылады және балалардың жеке тұлғалық сапасының негізі қалыптасады. Мектеп өз жұмысын жоқтан құрмайды. Мектепке дейінгі балалардың жетістігін қапсырып алып, балалардың жинақтаған әлеуетін педагогикалық практиканы ұйымдастыра отыра дамытады. Сабақтастықтың осындай түсінігі балалардың дамуы мен оқып үйренуін үздіксіз іске асырып отырады.

Салауатты өмір сүру салтының құндылығына балаларды қатыстыру;
эмоционалдық аман-саулығын қамтамасыз ету, әр түрлі көркемдік іс-әрекет түріне талабын, білуге құмарлығын, еркіндігін дамыту арқылы айналадағы әлем жайында білімін қалыптастыру.

Бастауыш мектептің міндеттері:

Салауатты өмір сүру салтының құндылығын қалыптастыру және өзінің тәртібін қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынас дайындығын дамыту. Эмоционалды, интеллектуалды, коммуникативті мектепте оқуға үйрену деген тілегін қалыптастыру, әр түрлі әрекетте бірлесе жұмыс істей білуі мен өздігінен мектепке дейінгі мекемедегі алған жетістігін жетілдіру.

Бала бақша мен мектептің өзара байланысы бойынша жұмысын ұйымдастыру:

- мектепте оқып үйренуіне жағдай жасау;
- мектепте оқуға психологиялық дайындығын қалыптастыру;
- бала дамуының үдіксіз білім беру жүйесін құру.

Мектепте даярлық тобының балабақшада білім алған балалардың балабақшаға бармаған балалардан көп айырмашылығы бар екендігі белгілі, себебі олар өз ойларын ашық айтып, жеткізе алатындығын, білімге, өнерге қызығушылықтарының ерекше болатындығын атап өтті. Қазіргі оқу тәжірибесінде мектепке дейінгі және бастауыш мектеп оқуындағы сабақтастықты жүзеге асыруда негізгі екі бағыттарын белгілеуге болады. Олардың біріншісі, балалар дамуының темптерін көбейту және мектепке дейінгі мекемелердің мектептегі оқудың талаптары мен ерекшеліктеріне жету міндеттерінен тұратын тәжірибеге сүйенеді. Екінші, бастауыш мектепке дейінгі білімдер, іскерлік және дағдыларды дамыту тактикасына негізделеді. Мұнда В. В. Давыдовтың белгілеуі бойынша, бастауыш мектеп оларды жүйелейді және жалпылайды, оқуға, жазуға, санауға және т. б. үйретеді. Бұл заңдылық тәрбиешілер мен мұғалімдерді баланың шығармашылық мүмкіндіктерді дамыту жұмысында сабақтастық байланысына ұмтылдырады. Сонымен бірге сабақтастық байланыстардың түрлері де ажыратылады. Олардың қатарында: мектепке дейінгі тәрбие мекемелері мен бірінші сынып арасындағы байланыстар, бастауыш және орта буындардағы пәндерді оқытудағы сабақтастық байланыстар. Оқытудағы сабақтастық жүзеге асырудың бастауы нормативті – құқықтық және ресми құжаттарда (білім стандарты және оқу бағдарламалары), оқыту құралдарында (оқулықтар, дидактикалық материалдар, оқу - әдістемелік құралдар) жоспарланған байланыстар жобасынан алады. Мектепалды даярлық топтары мен (5- 6 жас) 1 сынып оқушылары үшін ойынның атқаратын ролі өте зор. Себебі, ойын баланың сезімдік тәжірибесін байытады, ретке келтіруге көмектеседі. Барлық психикалық қасиеттерді дамытуға және ойлау операцияларын қалыптастыруға даярлайды. Бірақ 5 – 6 жастағы балалардың мектепке деген қызығушылығы өте төмен. Сабақ оқуды олар осы кезде оқу керек деп ойламайды. Балалар мультфильм кейіпкерлерін өздеріне үлгі ретінде алады. Ал, біздің басты мақсатымыз – жан – жақты дамыған баланы мектепке дайындау. Балабақшада тәрбиеленушілердің танымдық іс - әрекетін қалыптастыруда негізгі жұмыс түрі - ойын әрекеті. Ойын - баланың шын тіршілігі. Ойын үстінде баланың түрлі қасиеттері, қабілеті мен

белсенділігі де көрінетіні туралы аса көрнекті педагог А.С. Макаренко: «Ойында бала қандай болса, өмірде кәсіби қызмет саласында, көбінесе сондай болады». Сондықтан келешекке адамды тәрбиелеу - бәрінен бұрын ойын арқылы жүзеге асырылады. Өзімнің зерттеу тақырыбым: «Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу». Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие мәселесінің бірі балалардың дамуын жеткілікті ұйымдастыруда әрекеттік қатынасты күшейту арқылы танымдық белсенділікті қалыптастыру ойын әрекет негізінде жүзеге асырылуы қажет. Сонымен бірге ойын тәжірибесі, әсіресе ойын жөніндегі нақты өзара қарым – қатынастар ойлаудың айрықша қасиетінің негізін құрайды, мұның өзі басқа адамдардың көзқарасын қабылдауға, олардың мүмкін болатын мінез – құлқын болжап білуге және осының негізінде өз мінез – құлқын түзеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар сабақтастық мәселесін шешуде ата-аналармен жұмыс жүргізу бала дамуының бірыңғай кеңістігін жасаудың белсенді бағыты ретінде де қаралуы тиіс. Өйткені, ата-аналардың көпшілігі бала тәрбиесіндегі педагогикалық талаптардан бейхабар болуы мүмкін. Сондай-ақ баланың физиологиялық-психологиялық даму ерекшелігінен де назардан тыс қалатын жағдайлар да болып жатады. Сондықтан педагог қауымның алдына қойған қосымша ата-аналар мен жұмысты одан әрі жетілдірудің тың жолдарын қарастыра отырып, ортақ мақсатқа жетудің ұтымды сәттерін жіберіп алмау. Мектепке дейінгі мекеме, бастауыш буын мен ата-ана арасындағы сабақтастық сақталғанда баланың мектепке жалпы, арнай және психологиялық жағынан қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, бастауыш сыныптағы оқыту мен тәрбие беру жұмыстарының негізі қаланып, мектепке дейінгі балалықшақтан жүйелі оқытуға кедергісіз көшу үшін жағдай жасалады. Қорыта айтқанда, жоғарыда көтерілген мәселелер бойынша елімізде ауқымды іс-шараларды жүзеге асыру қолға алынуда. Тәрбие-білім беру әрбір баланың мектепке келуге және жетістіктерге қол жеткізуге деген қызығушылығын арттыру үшін жағдай туғызуға, білім алуға үнемі алға басуына кепілдік беріп отыруы қажет. Білім беру әр бала, әр оқушы үшін тұлғалық мазмұндығын қамтамасыз етуге және ол үшін өз ісінеде, өз өмірінде жеке тұлғалық ойын, құруға, өзіндік қорғану, өзіндік тәрбиелеу механизмін қалыптастыруға және адамдардың адаммен, табиғат, өркениет, мәдениетпен қауіпсіз қарым-қатынас жасауын қамтамасыз етеді. Білім беру баланың жеке тұлғасында адамдық экологияны сақтап, тәрбиелеуге, өмір маңыздылығына, жеке бас бостандықтарына адамгершілікке тәрбиелеуде адамның қалыптасу функциясын қалыптастыру керек. Жарқын болашақтың тамырын терең, тұғырын биік жасаймыз деген игі мақсатымыз ізгі іспен көмкеріліп, үзіліссіз жүйемен өріліп жатса, еліміздің әр бір азаматының арманы орындалып жатыр деп ұғынуға болады.

**Әдебиеттер:**


1. «Бала мен балабақша» журналы №6, 7 2012ж.
2. «Бала тәрбиесі» журналы №12, 2009ж.

3. «Отбасы және балабақша» №2,3 2011ж.
4. «Мектепке дейінгі балалардың психологиясы» В.С.Мухина 1975

**ӘӨЖ**

# ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНЕН ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША ОҚУШЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

**Жуматаева Толганай Базартаевна**
Шымкент қаласы, №58 ЖОМ география пәні мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье рассматривается формирование познавательной деятельности учащихся на уроках географии в условиях обновленного содержания образования*

***Summary***

*In this article is given information about the formation of cognitive activity of learnerss in geography lessons in Updated Curriculum*

География пәні – өзіндік ерекшелігі бар пән. Ол жалпы құрлық – жер бетін, планетамызды, ондағы тіршілік ететін өсімдік – жануарлар дүниесін, жер бедерін, байлығын және өмір сүріп отырған бірнеше мыңдаған ұлттар мен ұлыстардың тіршілігін зерттеп үйрететін ғылым. Сондықтан, география пәні мұғалімі болу деген сөз – кең көлемді, терең білімді, есте сақтау қабілеті күшті, мазмұн – табиғаты терең ұстаз мұғалімдерді талап етуі, әрі осыны қажет етеді.

Әрбір пән мұғалімінің мақсаты – оқушыларға сапалы білім беру. Сабақта қолданылған оқытудың әр түрлі әдістері оқушылардың білім сапасын арттыруда және пәнге қызығушылығын, сонымен қатар әр баланың іскерлігін, ізденімпаздығын, байкау қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Сабақта қай тақырыпта болса да ғылыми – теориялық әдебиеттер, оқу- әдістемелік құралдар, көрнекіліктер, электронды материалдар, т.б. пайдалануға болады.

Басқа пәндерге қоса географиядан да тиянақты білім берудің негізі – географиялық білім түрлерін жүйелі оқыту. Географиялық білім түрлерін атап айтар болсақ: геологиялық, климаттық, картографиялық, номенклатуралық, топонимикалық, тарихи, экологиялық және экономикалық білім деп бөлуге болады.

1. Геологиялық білім арқылы оқушылар жер қыртысының тұрақты және тұрақсыз түрлерімен танысып, соған байланысты табиғаттың бірнеше ғасыр бойы табиғи жолмен даму тарихынан білім алады. Бұл теориялық білімдерін танымжорық кезінде өз өлкесінен жинап алған тау жыныстарының түрлерін анықтауға тапсырма беру арқылы практикалық дағдыларымен ұштастыра аламыз.

2. Климаттық білім жер бетіндегі климаттың климат туғызушы факторларына тәуелділігін, ауа-райы құбылыстарының шаруашылықты ұйымдастыруға әсерін үйрете отырып, картаны пайдалану және оны оқи білуге баулу, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру арқылы беріледі.

3.Картографиялық білім оқушылар картамен жұмыс істеу кезінде беріледі. География сабағында жер бедерінің формасын анықтауда, масштабты қолдана отырып қашықтықты есептеуде, климаттық картаның көмегімен әр материктің климатын оқи біліп, климатты қалыптастырушы факторларды анықтауда, елдердің физикалық – географиялық жағдайын сипаттауда және экономикалық географиясына, т.б. сипаттама беруде географиялық картаның маңызы зор.

4.Номенклатуралық білім оқушы картамен жұмыс істеп, географиялық атауларды меңгеріп отырса беріледі.

5.Экологиялық білім табиғатты қорғауға, аялауға тәрбиелеуде, туған жерге деген перзенттік адамгершілік борышын сезінуге көмектеседі. Түрлі экологиялық тапсырмалар, яғни өз ауылындағы бұлақтар немесе өзеннің табиғат компоненттерінің ерекшеліктерін сипаттау, жыл мезгілдері бойынша өзгерістерін бақылау, ауыл халқының тұрмысы мен шаруашылығында алатын орнын анықтау, адам әрекеті нәтижесінде болатын табиғаттағы өзгерістердің себебі мен оны жою жолдарын табуда оқушыларға тапсырма беру арқылы экологиялық білімдерін өз беттерінше арттыруларына көмектесе аламыз.

6.Экономикалық білім де экономикалық білім жүйесін игеру барысында,экономикалық есептеуде, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру, өндірістегі ісәрекет экономикасын талдау арқылы меңгеріледі.Оқушыларға нарықтың құрылымы мен кәсіпкерлік жүйесін ұғындыруда, нарықтық білім берудің бағыттары мен кәсіпкерлікке баулудың әлеуметтік педагогикалық қажеттілігін түсіндіреді. Сонымен қатар, оқушыларға нарықтық ұғымдарды оқыту барысында экономикалық білімдерін қалыптастырады. Оқушыларға ауыл халқының өсу динамикасын анықтау, әр шаруа қожалықтарының шаруашылықты ұйымдастыру ерекшеліктерімен танысу, қорытынды жасау, өнімнен түсетін қаржыны болжау жұмыстарын үйрету арқылы экономикалық білім беруге болады.

Мұғалім жоғарыдағы білім түрлері арқылы география пәндерін оқытуда оқушылардың танымдық деңгейін арттырады. Яғни, оқушылар өз беттерімен тапсырма орындап, оқу материалдарының мазмұнын жақсы меңгеріп, өз ойларын толық және дәлелді жеткізуге төселеді. Олардың ойлау және сөйлеу қабілеттері

артады. Өз беттерімен керекті материалды тауып, тапсырмаларды дұрыс орындауға үйренеді.

Танымдық белсенділік дегеніміз – оқушының оқуға, білімге деген ынта – ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Мысалы: мұғалімнің баяндап тұрған материалын түсіну үшін, оқушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейтіп толықтыру үшін, өздігінен кітап оқуы, бақылау, тәжірибе жасау, жазу, сызу сияқты жұмыстар істеуі керек. Өйткені өтілген материалды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдыларына үйренуде белсенділіксіз мүмкін емес. Танымдық әрекеттің негізінде оқушыларда танымдық белсенділік қалыптасады. Сабақ барысында оқушының бойында танымдық белсенділік пайда болса, оқушылардың ақыл – ой қабілеттерінің мынадай элементтері дамиды: зеректілік, байқағыштық, ойлау және сөйлеу дербестігі т.б.

**Әдебиеттер**

1. А.Әбілқасымова, Р.Омарова. Мұғалімдердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру негіздері. Алматы., 2016 ж.

**ӘӨЖ**

# ОҚУШЫЛАРҒА ТАНЫМДЫҚ ОЙЫНДАР ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА АРҚЫЛЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

**Ортаева Камшат Абдисаламовна**
Шымкент қаласы, №2 кешкі мектебінің география пәні мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье рассматривается экологическое воспитание школьников на основе идей этнопедагогики*

***Summary***

*In this article is given information about the environmental education of schoolchildren based on the ideas of ethnopedagogy*

Қоршаған ортаны және табиғатты білікті түрде пайдалана білу біздің дәуіріміздің ең басты мәселелерінің бірі болып отыр. Табиғатсыз адамның күні қараң. Адамзаттың тарихы, дамуы техникалық прогрестің жеделдеуі қоғам мен табиғат арасындағы өзара қатынасты барынша шиеленістіре түсетінін ескерте отырып *К. Маркс «Мәдениет егер ол стихиялы дамыса, саналы бағытталмаса өзінен кейін шөл даланы ғана қалддырады»* дейді. Бұл пікірдің айтылғанана сан жылдар өтсе де, ол сөз өз мәнін жойған жоқ. Керісінше, қазіргі кезде адамзаттың өмір сүруі үшін аса маңызды мәнге ие болып отыр. Бүгінгі жер тағдыры – ел тағдыры болып отырған табиғатта болып жатқан дағдарыстан туған зардаптар әбден асқынған уақытта біз өзіміз қаласақ та, қаламасақта ата – бабаларымыздың

атамекен, туған жер топырағы туралы түсініктеріне таным – талғамдарына ой жүгіртетініміз сөзсіз. Ендеше ата – бабаларымыздың табиғатты қорғау туралы айтып кеткендерін еске түсіріп, терең ойлап, өз өмірімізде бұлжытпай орындап, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде пәрменді құралдардың бірі өсиеттерді білгеніміз жөн. Халқымыздың табиғатқа деген сүйіспеншілігі және оны көзінің қарашығындай сақтап келуі жайында қазіргі ұрпаққа үлгі - өнеге боларлық дана ұғымдар, мақал –мәтелдер, нақыл сөз, аңыз-әңгімелер арқылы жетіп отырған. Сондықтан әрбір ұстаз, әрбір тәрбиеші өзінің күнделікті жұмысында халықтық педагогиканың асыл маржанына үнемі көңіл бөліп, оны тиімді пайдалана білуі тиіс. «Көзіңді қалдыр – бұлақ көзін ашып жүр, өзіңді қалдыр – бақша өсіріп жаса нұр» деген ата –баба өсиетінде не деген көрегенділік, ақылдылық бар десеңші. Атамыз қазақ жол жүріп келе жатып, аға алмай жатқан бұлақ көрсе, атынан түсіп, көзін ашқан, сонда талайдан бұлқынып жер тепкілеп жатқан бұлақ көзі кеңіп, арна алып, қуана жар салып аға жөнелген. Қазіргі уақытта жас жеткіншектерге осындай ата – баба өсиеттерін жеткізіп, оларды ұғындыру бүгінгі мұғалімдердің басты мақсаты болу керек. Қай заман, қай ғасырда болсын қазақ халқы дәстүрінде табиғатқа тағылылықпен қарау деген болған емес. Қайта аң, құстардан бастап өсімдіктерге дейін жанашырлықпен қарап, табиғат тұнығын шайқауды обал, өсіп -өнуіне әсер етуді сауап санады. Мысалы ұлы ақын атамыз Абай
18 - қара сөзіндегі табиғат туралы философиялық ой – пікірлері, табиғат заңдылығын пайымдау алумен бірге оған байланысты ғылыми көзқарастарын да танытады. Ол табиғаттың бар байлығы адам баласына азық болып отырғандығын көрсете келіп, өскелең ұрпақты табиғат – ананы аялап, сүйе білуге шақырады. Халықтық педагогикада тәрбие құралдары болып табылатын мақал – мәтелдер, өсиет, нақыл сөздер, ырымдар мен тыйымдарды жүйелі түрде пайдалану баланы ағаттық жасаудан сақтандырып, адамгершілік қасиетке тәрбиелейді.

Табиғатты қорғауға байланысты мәнді мақал – мәтелдерді орынды пайдаланған ұстаз – баланы табиғатты сүюге тәрбиелейді. Мысалы өсімдіктер туралы: « Қыз елдің көркі, орман-тоғай жердің көркі», «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын», «Бір тал кессең, он тал ек», «Дана көптен шығады, дәрі шөптен шығады», «Көкті себепсіз жұлма, көктей соларсың», «Кыз елдің көркі, гүл жердің көркі», «Тау бұлағымен көрікті, бұлақ құрағымен көрікті», ал су қадірі туралы: «Судың да сұрауы бар», «Су- тіршілік тірегі», «Сулы жер, нулы жер», «Су бар жерде өмір бар», «Су бергеннің сауабы бар, су төккенің жауабы бар» «Су анасы – бұлақ», ал жер қадірі туралы: «Жері байдың елі бай», «Туған жердің топырағы да ыстық», «Ер жігіт туған жеріне, ит тойған жеріне», табиғат туралы: «Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, мұны айтуға табиғаттың тілі жоқ», «Қара жерге не ексең соны орасың, табиғаттан алсаң- қарыз боласың» деген өсиет сөздерді сабақта кеңінен қолдану керек. Табиғатты қорғау, күту туралы: «Бұлақ көрсең көзін аш», «Жылап тұрып арық қазсаң, күліп жүріп су ішерсің», «Күте білсең – жер жомарт»,

«Қара жер қарыз арқаламайды», «Бір тал ағаш өсірсең, еңбегіңнің жанғаны, абзал перзент өсірсең басыңа бақ қонғаны»,«Сауаптың ең үлкені- шөлге құдық қазған, өзенге көпір салған және жолға ағаш еккен» деген сияқты мақал- мәтелдерді жаттату, ел жинау, оларды түрлі сынып сағаттары мен кештерде, түрлі жарыстарда қолдана білуге үйрету, мұғалімдердің міндеті. Бұл міндетті шешу табиғатты қорғау ісіне өз көмегін тигізеді. Сонымен қатар экологиялық тәрбие беруде ойын элементтерін де қолдану керек. Ойын баланың ой-өрісін дамытады. Көптеген ойын түрлері баланы шынықтырып, жылдамдығын арттыруға, табиғатпен сырласуға шақырады. Табиғат аясына шыққан кезде мынадай ойынды ойнатуға болады: 1. Әріптерді таратып береміз де сол әріптен басталатын табиғи заттарды тез тауып келіңдер деген тапсырма беру керек. Мысалы: а-ағаш, алма, б-бұтақ, ж-жапырақ, жусан, жалбыз, г-гүл, т-тас, топырақ т.б. Енді тапқан затыңа сипаттама бер, оның адамзатқа тигізер пайдасы мен оны қорғау шаралары туралы айтып бер немесе жазып кел деп үйге тапсырма беруге болады. 2. Мақал- мәтел жарысы: оқушыларды топқа бөліп, табиғатқа оны қорғауға байланысты мақал-мәтел айтудан жарыстырамыз. Бірінші топ бір шумағын, ал келесі топ екінші шумағын айтуы керек. 3. Бұл ойынды қыз қуу ойыны ретінде бір ұл мен бір қызды ортаға шығарып жарыстырып ойнатуға да болады. 4. Жұмбақ жарысы: оқушыларды топқа бөліп, бір-біріне жұмбақ жасырып ойнатамыз. Жоғарғы сынып оқушыларына адамзаттың ғаламдық проблемаларының негізгісі зкологиялық проблемаларға байланысты рефераттар дайындап келуге тапсырма беру керек. Рефераттың тақырыбын оқушы өзі таңдауына да, мұғалім беруіне де болады. Экологиялық ойлай білу жүйесін оқушыларда қалыптастыру мұғалімнің міндеті болып табылады. Осы міндетті орындау үшін мұғалім жыл бойы жоспарлы түрде экологиялық танымдық ойын сабақтарын, экологиялық тақырыптарға арналған конференция, семинар сабақтарын, эколог мамандарды шақырып кездесу өткізіп, өндіріс орындарына экскурция ұйымдастырып, оны қорытындылап тұру керек. Міне, осындай жұмыстар жас ұрпақтың бойында экологиялық білім жүйесі мен мәдениетінің қалыптасуына әсер етеді. Өзімен бірге жүз мыңдаған құрбандық әкеткен алапат жер сілкіністері мен су тасқындары орта ғасырлар мен салыстырған кезде, соңғы уақытта 5-7 есе жиілепті. Табиғаттың мұндай тосын мінезі адамдардың аяусыз қатігездігі мен тойымсыз ашқарақтығына қарсылығы секілді. Сондықтан, өзімізді қоршаған табиғат байлығын қалыпты жағдайда ұстау - әрқайсысымыздың азаматтық борышымыз. Біз бұл міндетті жас ұрпаққа жеткізе білуіміз керек.

**Әдебиеттер**


1. К.Ж.Бұзаубақова.Мектептік экология негіздері. Тараз 2000. М.Х. Дулати атындағы Тар МУ баспсханасы
2. География және табиғат журналы 2008 №3
3. География және табиғат журналы 2007 №1
4. М. Шаханов. Ш Айтматов. Құз басындағы аңшының зары.1999. Алматы.

**ӘОЖ**

# ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ОҚЫТУДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Тулегенова Бекзада Сайдихановна**
«Өрлеу» БАҰО АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша Кәсіби даму институты филиалының аға оқытушысы
**Борибекова Сауле Ордабековна**
Қазығұрт ауданы, Қалаубек Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі

**Резюме**

*В данной статье расматриваеются о применение интерактивных методов обучение в обновленном обучение*

***Summary***

*This article discusses the use of interactive learning methods in the updated learning*

Бастауыш білім беру мақсаты — келесі негізгі кең ауқымды дағдыларға:
білімдерді функционалдық және шығармашылық қолдану;
сыни ойлау;
зерттеу жұмыстарын жүргізу;
ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды пайдалану;
әр түрлі коммуникация тәсілдерін пайдалану;
топта және жеке жұмыс істеу ептілігі;
проблемаларды шешу және шешімдер қабылдауға
ие оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру.

Оқушылар барлық пәндерді оқу кезінде АКТ қолдану дағдыларын дамытады. Ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеялармен алмасады, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді, түрлі жабдықтар пен қосымшалардың кең ауқымын пайдаланады. АКТ оқушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі.

Оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Күнделікті білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және оқушыларда алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу және өмір жағдайында шығармашылық пайдалануға дайындығын қалыптастыруға бағдарланған.

Оқыту әдіс-тәсілдері:

Құндылықты-бағдарланған тәсіл-оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді.

Орта білім беру құндылықтары: қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу.

Тұлғалық-бағдарланған тәсіл— педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақылойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық, эстетикалық, шығармашылық нышандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

Жүйелік-әрекетті тәсіл— оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

Коммуникативтік тәсіл-бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.

Интегративтік тәсіл-оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Бастауыш білім беру мазмұнына ортақ тақырыптарды енгізу әр түрлі пәндік салалардан білімдерді кіріктіруге және сол арқылы алынатын білімдердің функционалдығына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу тәсілі — зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.

Интербелсенді әдіс– үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. (inter – аралық, бірнеше, action- әрекет дегенді білдіреді) Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интерактивті” деп атаймыз. Интерактивті сөзі – ағылшын тілінен аударғанда туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді.

Ең бастысы, мұнда мәселені шешу процесі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Бұл интерактивті әдістің мақсаты– тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты.

Интербелсенді оқыту- әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций (Күн-цзы) былай деген екен : «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!» деген пікірі дәлел бола алады. Сондықтан интербелсенді оқыту оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары ән тәсілдері ретінде танылады.

Интербелсенді әдісте оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;

— өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;

— ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;

— өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;

— пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;

— шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;

Сол себепті интербелсенді оқытуда оқушылар келесі әрекеттерді атқаруға дайын болу керек:

бірлескен жұмыс;

— танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту.

Интерактивтік әдістеме өзара қарым – қатынастың мол ауқымын қамтиды. Дегенмен, әдістемелік амал қандай болса да, оқушылардың өздерінің өмірлік тәжірибелерін білім берудің негізгі көзі саналады. Оқу процесінің барысында мынадай қарым – қатынасқа түседі:

Оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екенін көрсетеді. Белсенді оқу аясында көңілді білім алады. Жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдер өз шеберлігін көрсетеді. Мұғалімдер әр сабақ соңында оқушыдан күтілетін нәтижелерін анықтайды, яғни бүгінгі тақырыпқа деген жаңаша түсінік пайда болды ма, немесе жоспар іске асты ма деген сияқты ……т.б.

Интербелсенді әдістер қолданылған сабақтарда сыныпты екі немесе үш, төрт ұялы топтарға бөліп, барлығына бірдей бір тапсырма не әр ұялы топқа бөлек-бөлек тапсырма беруге болады.

*«Маршрут» ойыны.*

Бұл ойын чайнворд ұстанымы бойынша жүреді. Чайнворд (ағыл. chain – шынжыр және word – сөз) бас қатыру есебі – ойланып табылған сөздің әріптерін, алдыңғы

сөздің соңғы әрпі, кейінгі сөздің алдыңғы әрпі болып табылатындай етіп, бірінің соңына бірі тізбектеле орналасқан торкөздерге сөздер толтырады.
Мысалы, Алматы-ыдыс-сабын-нар-рахмет-тарақ,-қарбыз т.б.
*«Екі әріп» ойыны.*
Бірінші қатысушы бір сөз, зат есімді айтады. Келесі қатысушы сол сөздің соңғы екі әрпінен келетін сөзді ойлап табады, бірақ дауыстап айтпайды, тек өз сөзімен түсіндіреді, үшінші қатысушы мұның не туралы айтып жатқанын түсінеді де, сол сөздің соңғы екі әрпіне сөз ойлап табады. Бір қызығы балалар сөзді жасырушының не туралы айтып жатқанын біледі, бірақ ешкім оны дауыстап айтуына болмайды.
*«Еске түсіру» ойыны.*
Қатар отырған оқушылар бір-біріне теріс қарап отырады да, парталасының аты кім, көзінің түсі қандай, киімі қандай, аяқ киімі қандай, егер қыз бала болса юбкасының түсі қандай, құлағында сырғасы бар ма, осы сияқты белгілерді айтып шығады. Бұл ойын балалардың бір-бірін жақсы тануға, қарым-қатынасын реттеуге көмектеседі. Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.
«Кемпірқосақ» ойыны. Бір минут ішінде түстері әртүрлі бес түсті затты ретімен тез айтып шығуға тапсырма береді. Мысалы: қарбыз (қызыл), лимон (сары), аспан (көк), жапырақ (жасыл), топырақ (қоңыр). Кімде-кім түске сәйкес заттың атын таппай қалса, ойыннан шығады
«Еске түсіру» ойыны. Қатар отырған оқушылар бір-біріне теріс қарап отырады да, парталасының аты кім, көзінің түсі қандай, киімі қандай, аяқ киімі қандай, егер қыз бала болса юбкасының түсі қандай, құлағында сырғасы бар ма, осы сияқты белгілерді айтып шығады. Бұл ойын балалардың бір-бірін жақсы тануға, қарым-қатынасын реттеуге көмектеседі. Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.
Жаңартылған білім бағдарламасының мазмұндық ерекшеліктері оқытудан күтілетін нәтижелерге оңтайлы қол жеткізуге мүмкіндік беретін стратегияларды, әдіс-тәсілдерді жетік білуді және таңдап қолдануды талап етеді.
1.“ Ыстық орындық” әдісі. Берілген тапсырмаға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру керек, себебі, орындық ыстық. 2.“Автор орындығы” оқушының өзі жазған шығарма, эссесін оқытқанда отырғызып оқытуға болады. Бұл әдістер үй тапсырмасын сұрауда, өткен сабақты бекітуде тиімді.
«Миға шабуыл» стратегиясы
(Мұғалімдермен жұмыс) Тақырыпқа байланысты идеяларды көбірек жазыңыз.
Уақыт аяқталғанда кезектесіп өз идеяларыңызды оқисыз, идея қайталанбау керек.
Қайталанған идеяларды сызып тастап отырыңыз.

2.«Өзіңізді тексеріңіз» әдісіБұл мәлімет ШЫНДЫҚ па немесе ЖАЛҒАН ба? Өтілген мәтін бойынша мысалдар келтіріледі. Мысалдарды оқу кезіндеоқушылар ол келтірілген мысалдың өтілген мәтінде бар, жоғын анықтайды.
3. Ширату ( Оқушыларға ширату түрлерін жасату)
«Он сұрақ!» әдісі. (мұғалімдермен жұмыс, гүл, семинар, сабақ, оқу сөздерін келтіру)
Мұғалім бір оқушыны таңдап алады және оның маңдайына негізгі сөз жазылған стикерді жапсырады – қатысушы сыныпқа 10 сұрақ қоя алады, оған жауап не ИӘ, не ЖОҚ деп беріледі.
4.«Серпілген сауал» әдісі
Тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылардың арасында сұрақтарды лақтырыңыз.
Қажетті материалдар: ақ парақтар, қалам
«Қол белгісі»
Ұйымдастыру: ұжыммен жұмыс.
Мақсаты: оқушылардың рефлексиялық қабілетін дамыту
Сипаттамасы: Мұғалім оқушылардан тақырыпты түсінгендігін немесе түсінбегендігін қол белгілері арқылы арқылы көрсетуді сұрайды. «Мен түсініп отырмын және түсіндіре аламын» дегендер қолдын бас бармағын жоғары бағыттайды. «Мен әлі түсінбей отырмын» дегендер қолдын бас бармағын жанына қарай жантайтады. «Мен түсінгеніме сенімді емеспін» дегендер қолды бұлғайды..

Бұл жаңартылған білім бағдарламасы оқушы үшін де , мұғалім үшін де тиімді бағдарлама. Мысалы: Брунер оқытудағы маңызды тәжірибені дамыту бойынша бірнеше өте маңызды кеңестер ұсынды. Брунер теориясының ажырамас бөлігі «Жаңалық ашу» және «Егер оқушыға бөліктерді бір жерге жинауға және өзін ашушы болуға рұқсат етілсе, алынатын нәтижелер шынайы» деген ұғымдар болды. (1962)
Жалпы қорыта айтқанда, аталған бағдарламаға сәйкес алынған тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізсеңіз, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды. Яғни, оқушы өз ой-пікірін ашық еркін айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады. Сондықтан басқа пәндердің де осындай оқыту формасымен оқытылса, тиімді болатындығын айтуға болады. Осы бағдарламаны меңгергенде ғана жан-жақты дамыған, болашағы айқын, бағдары анық, бәсекеге қабілетті рухани бай тұлға қалыптастыра алатынымызға сеніміміз мол.

**Әдебиеттер**

1.Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012ж

2. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. 2016ж
3.« Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2016ж

**ӘӨЖ**

# ЕРЕКШЕ БІЛІМ АЛУҒА ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ РОЛІ

**Беккулиева Камшат Даулетияровна**
Шымкент қаласы, Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған №2 метеп интернаты

***Резюме***
*В данной статье рассматриваются о ролье семьи в образовании и социализации детей с особыми образовательными потребностями*
***Summary***
*This article discusses the role of the family in the education and socialization of children with special educational needs*

Тұлғаның әлеуметтенуіндегі негізгі байланыстары ретінде қоғамдағы отбасы ұйытқысы болып. Отбасылық жағдайлар, әлеуметтік жағдайларын қосқанда, айналысатын кәсіп түрлері, материалдық жағдайлары мен ата-анасының білім деңгейлері баланың өмірлік жолына үлкен әсерін тигізеді. Әрбір адамның өмірінде Отбасы үлкен роль атқарады. Бала отбасында өсіп, өмірінің алғашқы күндерінен адами қатнастар нормасын, бірлесіп өмір сүру қағидаттарын, отбасындағы мейірімділікті, кейде зұлымдықты бойына сіңіріп өседі. Есейген соң балалар отбасындағы алған тәлімін өз өмірінде қайталайды. Егер отбасында қоршаған ортаға деген қатнасы реттеліп отырған болса, моральдық нормалар сипаттамасын, рухани тәжірибе жинақтайды. Егер жасөспірім кезеңінде баланың ата-анасы екінші шепке шегінген болса, көптеген жастар үшін, әсіресе анасы осы жастағы эмоционалды ең жақын адам болып қала береді. Осылайша отбасы баланың әлеуметтенуі мен жеке тұлға болып дамуы мен қалыптасуындағы жетекші институт ролінде болады.

Отбасының негізгі қызметі: жемісті, экономикалық, тәрбиелік, коммуникативтілік, бос уақыт пен демалысты ұйымдастырушы. Олардың арасында өзарабайланыс, өзараынтымақтастық, бірін бірі толықтырып отырушылық бар.

Отбасы– бұл отбасының әрбір мүшесінің өз орнын табудағы, (өзін өзі құрметтеу) өзін өзі сақтау (ұрпақ жалғастығы) қажеттілігін белсенді қанағаттандыруға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық адамдар тобы.

Отбасы адамда:

-оны түсінетін, бағалайтын, қорғайтын, жақсы көретін, күтетіндігін сезінетін орын,

-юаланың өмірлік ұстанымдарын, танымдық бастамаларын қалыптастырады,

-тұлға ретінде жояды немесе жасайды,

-отбасы мүшелерінің психикалық саулығын бекітеді немесе бұзады,

-жеке қажеттіліктерін қанағаттандырады немесе кеседі,

-өзін көрсетіп, қанағаттанып, қауіпсіздікте болу мүмкіндіктерін құрады,

- өзіндік «МЕН» қасиетін дамытып, шектеулер белдемесін қояды

Отбасының әсері әсіресе баланың өмірінің басында басқа тәрбиелік прцестерге қарағанда көп әсерін тигізеді. Зерттеулер көрсеткеніндей, отбасы мектепті де, бұқаралық ақпарат құралдарын да,қоғамдық ұйымдарды, еңбек ұжымдарын, достарды, өнер мен әдебиеттің жоғарғы пікірін келтіре алады. Бұның барлығы мұғалімді бірқатар тәуелділікті анықтауға әкеледі: тұлғаның сәтті қалыптасуы бірінші кезекте отбасымен анықталады. Отбасы қаншалықты жақсы болса, сонщалықты тұлғаның еңбек, дене, танымдық тәрбиесінің нәтижесі жоғарылайды. Тұлға қалыптасу барысында көбіне отбасылық тәуелділік байқалады: отбасы қандай болса, сондай адам тәрбиеленіп шығады. Тәжірибелі педагог оқушымен бір рет қана сөйлесіп, көз жүгірткенде оның қандай отбасында тәрбиеленіп келе жатқанын нақты басып айта алады. Дәл сол сияқты, ана-аналармен қарым-қатнас жасағанда, олардың отбасында қандай бала өсіп келе жатқанын біле қояды. Отбасы мен бала-бір бірінің айнасы.

Отбасылық әлеуметтену мен отбасы тәрбиесінің негізгі мақсаты- көпшіл, көппен тіл табыса алатын, ұжымшылдық қасиетке ие икемділіктерін қалыптастыру. Себебі бала өмір ағымымен болашақта ұйымдар мен топтарды тілтабыса өмір сүруі керек. Бұл жағдайда баланың әлеуметтенуі түрлі ұжымдар мен топтарға әлеуметтік-психологиялық бейімделудің күрделенген әрі кеңейтілген үдеріс ретінде қарастырылады. Денсаулығында мүмкіндігі шектеулі балаларды психофизакалық дамытудың ерекшеліктері бейімделу мүмкіндіктерін әлсіретіп, олардың қоғамдық өмірге бейімделуі қоғамдық өмірін шектейді. Бұндай балалардың отбасылық әлеуметтенуі бейімделудің бейтараптануына әкеледі, себебі тұлғаның тәрбиесі қоғамдағы қалыптасқан талаптар мен арасында айырмашылықтар пайда болады. Сол себептерден мүмкіндігі шектеулі бала ерекше ортаға бейімделіп, қоғамдық өмірде, білім беру саласында әлеуметтік

кірігуге кедергі болады. Сонымен қатар мұндай балаларды тәуелсіз өмірге икемдеп, әлеуметтік қиындықтар болатынын ескеру керек. Бұл жерде денсаулығында мүмкіндігі шектеулі баланың сәтті өлеуметтенуіне қолдаушы да отбасы болады. Ғалымдар денсаулығында мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамға әлеуметтенуінде отбасының оң, кей жағдайда кері әсер де беретінін ескертеді. Зерттеу анықтағанындай мүмкіндіг шектеулі балаларды асырап отырған отбасылар басым жағдайда толық емес, сәтсіз отбасылар. Мұндай отбасылардың дамуында ауытқушылығы бар балаларды мектепке келгенде ғана анықтайды. «Қауіпті топ» отбасының балалары өзімен өзі болып, үлкендердің аялы алақаны мен назарынан тыс қалып қояды. Бұл санатқа әлеуметтік-педагогикалық қараусыз қалған балалар жатады. А.С.Спиваковская өз еңбектерінде дамуы тежелген балалары бар отбасылар уәдешілдігімен, енжарлығымен, ашуланшақтығымен ерекшеленетінін көрсетеді. Бұл позициялар бүгінгі күнгі бала өмірінің проблемаларына айналып, дені сау бала тәрбиеленіп отырған отбасыларына ескерту секілді мысалға алынады.

Ата-аналар бала тәрбиелеуде қопал қателіктер жіберіп, баланың жанын жаралап, психикасына сызат түсіреді, баланы ашушаңдыққа әкелетін бұрыс тәрбие әдістерін сауатсыз пайдаланады. Осы мәселелерді зерттеу барысын саралау барысы көрсеткендей, денсаулығында даму мүмкіндігі шектеулі балаларға ана-анасының қантасының әртүрлілігі, ата-ана мен бала ара қатнасы, әсіресе ата-ананың балаға кері қатнасы олардың бойында бар ауытқушылыққа, олардың әлеуметтенуіне кедергісін келтіреді. Отбасының әлеуметтену потенциалы отбасы мен ата-ана қандай позицияда екендігінен бірінші кезекте тәуелді болады. Е. Ю. Бикметов, З. Л. Сизоненко, О. Н. Юлдашева мүмкіндігі шектеулі отбасындағы мінез-құлықты бөр жүйеге бөледі:

1. қашқақтау немесе салғырт автаркия — қоғаммен тікелей байланыстан қашу;

2.күрес немесе агрессивті автаркия — қоғамдық нормалар мен құндылықтар әрдайым сыналады;

3.бөліну менесе сұрыпталу —отбасы тек өздері дұрыс деп қабылдаған құндылықтарды ғана мойындайды;

4.жұмсақтық немесе или көнбістік — отбасы қоғамда қабылданған нормалар мен құндылықты қабылдау қажеттілігін мақұлдайды.

А. С. Спиваковская ата-аналар позициясын үш санатқа бөледі:

-салмақты- ата-аналар баланың ерекшелігін түсінеді,

-өзгермелі –баламен қарым-қатынас тәсілі мен формасы секілді, ата-ананың көзқарасы да өзгергіш,

-бағдарлаушы-балалармен өзара әрекеттестігін қайта құруға, әрі қарайғы өмірлік перспективаларға икемді

О.Н.Юлдашева оқушының әлеуметтену моделін ата-аналар позициясымен сәйкестендірді:

бірінші модель- стигмамен туылғаннан өзінің мүшкіл халі мен стандарттарына көндіккен;
екінші модель-өз баласын қорғау қабатын жасап алған әлеуметтік құрылымға бейім, қоғам мен оның стандарттарына ара-қашықтық сақтайды;
үшінші модель – өзінде стигамның туа бітті бар екендігін кейіннен білген, жеке тұлғаға қатысты сипаттамалық әлеуметтену. Мұндай тұлға үшін бұрыннан өзінің ұрыс деп санап қалған тұлғасынан ауысу қиынға түседі, ал оны қоршағандар үшін —бұрынғы қалыптан таймаған қатнаста болу;
төртінші модель-жаңа өмір дағдысына үйренуіне тура келетін тұлғалар, өзін қоршаған дұрыс және шынайы қатнастар.

Денсаулығында мүмкіндігі шектелген балалардың әлеуметтену проблемаларына баланың әлеуметтенуі үдерісмен қатар ата-анасының әлеуметтен шетелу үдерісі қатар жүріп отырады. Бұл үдерістер биологиялық (мүгедектендіру патологиясының сипаттамасын қоса алғанда, функционалдық бұзылу деңгейі т.с.с), әлеуметтік ( әлеуметтік-қоршаған орта жағдайын есепке алғанда) және психологиялық (ата-аналарды қажеттілігі мен жеке ерекшеліктерін есептегенде) факторлар.

Өте көп жағдайларда, денсаулығында мүмкіндігі шектелген балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларда баланың әлеуметтену үдерісіне кері әсерін тигізетін ата-аналардың әрекеттері байқалады. Мұндай құбылыстың мысалына санаасты баланы «сыртқа тебу» бола алады. «Сыртқа тебу» түсінігі балаға деген қызығушылықтың жоғалғанымен, онымен байланыстың кемеюі, дөрекі қарым-қатнас, жазалау арқылы білінеді. Басты назарды баланың өзін «жаман», «ата-ана махаббаты мен назарына лайықсыз» деп сезініп, психологиялық теріс айналғанынан байқалады. Бұлардың нәтижесінде балада өзіне деген сенімсіздік, көңіл күйдің төмендеуі, өзін төмен санауы секілді сипаттамалар қалыптасады. Шектен тыс қамқорлық пен ауру баланың даму психикасына кері әсер етеді. Көптеген ата-аналар баласының алдында өздерін кінәлі санап, оны аяйды, ол үшін барлығын өздері жасап, оның барлық тілектерін орындауға тырысады. Бұндай жағдайларда балалар енжар, өз беттерінше амал дасай алмайтын, өздеріне деген сенімділігі жоқ болып өседі. Бұл олардың қоғамдық әлеуметтенуіне кедергі келтіріп, психикалық-әлеуметтік өсіп, жетілуінің тежелуіне соқтырады.

Денсаулығында мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар үшін ортақ сипаттамалар бар, баланың функционалдық бұзылу тәуелділігіне қарай (ақыл есі кем, тірек-қимыл әрекеттері аппараты, көруі, т.б бұзылған и т.д.).

Есту қабілеті бұзылған балалардың ата-анасын екі топқа бөлуге болады: Жақсы еститін ата-аналар мен өз балалары секілді есті қабілетінің функциясы бұзылған ата-аналар. Ата аналар қай топқа жататынына орай, саңырау балаға деген қарым-қатнастарымен де ерекшеленеді: толық қабылдау, шектен тыс қатнас, немкеттілік пен шектен тыс өбектеу.

Баланың әлеуметтік қарым-қатнас жасау мүмкіндіктері алдындағы қиындықтарды жеңу шарттарын азайтады. Кейбір отбасындағы мұндай ата-аналар мүмкіндігі шектеулі баласының болашағын бұлыңғыр деп есептеп, ешқандай да сәтті болашаққа болжау жасауға талпынбайды. Аутист балалардың ата-анасын осы дертке шалдыққан перзентін орналастыратын арнайы мекеменің жоқтығы қынжылтады.

Сонымен, отбасы, баланың әлеуметтенуіндегі маңызды фактор бола отырып, баланың болашақта қоғамның белсенді мүшесіне жол ашумен қатар, оның жолына өзбойындағы сенімсіздікті жария етпесе де, кедергі бола алады. Ата-аналардың денсаулығында мүмкіндігі шектеулі балаларымен жұмысын зерттеу негізінде анықталғандай, бала қоғамға бейімделуі үшін психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік қолдаудың маңызы өте зор екендігін сезінулері керек. Отбасындағы қарым қатнастың қаншалықты үйлесімді болуынан денсаулығында мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамға бейімделіп, әлеуметтеніп кетуіне тигізер ықпалы өте зор.

**Әдебиеттер:**

1. Ата-ананың қолынан келмейтін іс болмайды… Как много могут родители… – Алматы: «Ашық мектеп» ҚББ, 2014. – 224 бет
2. Аккерман Н. Балалардың ауытқушылығы пайда болғандағы отбасының ролі . Хрестоматия: Отбасылық психотерапия. – Спб.: Питер, 2000. – 410 б.
3. Бикметов Е. Ю., Сизоненко З. Л., Юлдашева О. Н.Мүмкіндігі шектеулі балалардың отбасындағы әлеуметтенуі : жағдалар мен факторлар. – Уфа: Аркаим, 2012. – 171 б.

**ӘӨЖ**

# ҚАЗАҚСТАН ТАБИҒАТЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

**Есназарова Кулзакира Сейткановна**
Отырар ауданы, Ә.Байтанаев атындағы негізгі орта мектебінің
география пәні мұғалімі
**Пирназарова Гульшат Турсымуратовна**
Түркістан обл., Жетісай ауд., №40 «Ынтымақ» ЖОМ география пәні мұғалімі

***Резюме***

*Данная работа всесторонно изучает и анализирует экологическую обстановку Казахстана.*

***Summary***

*The work points out and analyze ecological conditions of Kazakhstan*

Табиғат - адам баласының тіршілік тынысы әрі таусылмас қазынасы. Адам табиғаттың туындысы ретінде біте қайнасып, өміріне қажетті азық қорын осыдан алады. Биологиялық түр ретінде алғашқы адамдар табиғат ресурстарын тұрпайы күйінде пайдаланып келді. Бертін келе, саналы түрде үй шаруашылығымен

айналысып, өсімдіктерді баптап өсіріп, жануарлардың кейбір түрлерін қолға үйретті.

Адам баласының саны артқан сайын табиғат байлықтарын пайдалану еселеп өсті. Енді бос жатқан жердің, судың иесі табылып одан әрі жер мен оның байлығы үшін талас-тартыс өрбіді. Осының бәрі табиғатқа бұрын-соңды болмаған шығын әкелді. Алғашында табиғат қорлары сарқылмайтын сияқты көрінгенімен, бірте-бірте оның қоры *таусыла* бастағанын адам баласы сезінді. Мысалы, дүние жүзіндегі орман қоры 40 млн., км$^2$ деп есептесек, оның соңғы 150 жыл ішінде 35 %- ы кесілген екен. Соңғы ғасырда өмір сүрген адамзат қауымдастығы табиғатты қорғау қажет екенін түсіне бастады. Ол үшін табиғат қорларын есепке алып, оны тиімді пайдалану керектігін ұғынды. Табиғат қорғау туралы маңызды құжаттар қабылданып, оның ғылыми негіздері қаланды.

Табиғат корғау дегеніміз табиғат ресурстарын пайдалану барысында оның тиімді жолдарын іздеу, қайта түлету, сол сияқты бүліну, ластану жолдарына қарсы бағытталған халықаралық мемлекеттік және қоғамдық ауқымдағы іс-шаралар жатады.

Әрбір мемлекеттің ұлттың табиғат қорғау барысында ежелден қалыптасқан салт-дәстүрлері бар. Олардың негізін қалаушы ата-бабаларымыздың ой-өрісінен туындаған аңыздар мен ақиқаттар - өмір тәжірибелері.

Сондықтан да түз тағысы киікті киелі, жер мен суын қасиетті деп, жас ұрпағына түсіндірген ата-бабамыз табиғаттың қадіріне жете білген. Шұрайлы жайылымын, орман-тоғайын, өзен-көлін пайдаланып әрі оны қорғауды мақсат еткен.

Табиғат қорғаудағы негізгі мақсат - оның байлығын тиімді пайдалана отырып, болашақ ұрпаққа қаз-қалпында жеткізу. Ол үшін біз табиғат қорларын жете білуіміз қажет.

Табиғат қорлары сарқылмайтын жәнс сарқылатын болып екіге бөлінеді. Сарқылмайтын қорлар адам баласына тәуелсіз болып келеді. Соның бірі - су. Жер шарындағы судың үлесі барлық жердің 2/3 алып жатыр. Сондықтан оның қоры үздіксіз айналымға түсіп, қалпына келіп отырады. Ал экожүйелердің таралуы уақыт пен кеңістікке қатысты салыстырмалы түрдегі айлағаны объектілер.

Сарқылатын қорлар өз кезегінде қалпына келетін және қалпына келмейтін деп жіктеледі. Мысалы, қазба байлықтар, мұнай, көмір қорлары қалпына келмейтін байлық көзіне жатады. Сарқылатын қорларды адам баласының өте ұқыпты түрде пайдалануы болашақ ұрпақтың қамын ойлағаны.

Қалпына келетін қорлар да адамның ақыл-ойына тәуелді болады. Олар - топырақ, өсімдік пен жануарлар әлемі. Аталған қорларды барынша пайдалану, біржола жойып жіберуге апарады. Мысалы, адам баласының теріс іс-әрекетінен жер бетіндегі аңдардың 106, құстардың 139 түрі бір жола құрып кеткен. Тіптен, қазақ даласында тіршілік еткен жабайы түйе, құлан, жабайы жылқы, жолбарыстар

бүгінде жоқ. Ал өсімдіктер мен жануарларды, топырақты ұзақ уақыт сақтап қалуға мүмкіндік бар. Ол үшін табиғат қорларын қорғаудың барлық шараларын қолдану керек. Топырақ карашіріндісінің түзілуі өте ұзақ - мыңдаған жылдарға созылады, ал оның бүлінуі әп-сәтте. Осыған орай адам баласы топырақтың құнарлығын сақтау үшін агротехникалық шараларды дұрыс қолданып, косымша органикалық минералды тыңайтқыштар беріп отырады. Топырақтың тозуы көптеген антропогендік факторларға байланысты. Соның негізгілері - тонырақ эрозиясы, тозуы, шөлге айналу және ластану. Осының бәріне де адамның іс-әрекеті себепші.

Соңғы жылдары жер шарындағы барлық табиғат қорлары бұрын-соңды болмаған антропогендік өзгерістерге ұшырап отыр. Олардың ең бастысы - әлемдік климаттағы өзгерістер. Күн мен жел энергиясы сарқылмайтын қор болғанымен, өнеркәсіптің қарқындап дамуына байланысты ауаға зиянды газдар, шаңдар көтеріп, адамдардың денсаулығына қауіп төндіруде. Бұл апатты құбылыстар өнеркәсібі шоғырланған ірі қалаларда өріс алып отыр. Ауа кеңістігінің ластануы дүниежүзілік мұхиттар мен теңіздерге де өз ықпалын тигізуде.

Өркениетті елдер сияқты біздің республикамызда да табиғат қорғауға көп көңіл бөлініп отыр. 1997 жылы "Қоршаған ортаны қорғау туралы заң" қабылданды. Заңның негізгі мақсаты еліміздің табиғатын қорғау мен оның байлығын халық қазынасы ретінде болашақ ұрпақтардың салтанатты өмірі үшін сақтау.

Табиғат қорғау заңын орындау негізгі ұстанымдары мен ережелеріне негізделген.

*Табиғат қорғаудың бірінші ұстанымы.* Табиғат байлықтарын пайдалануды тұтынушылардың мақсатын ескере отырып жүзеге асыру. Мысалы, орман тек құрылыс материалы емес, ол ауа райын реттеуші, ылғал көзі, дәрі-дәрмек, аң мен құстың мекені, топырақты қорғаушы және адам үшін денсаулық кепілі екенін ескеру қажет.

*Табиғат қорғаудың екінші ұстанымы.* Табиғат байлықтарын пайдалану барысында оның жергілікті жер үшін маңызы мен қорын қатаң есепке алу. Бұл әсіресе орман, су қоры үшін қажет. Мысалы, Әмудария мен Сырдария өзендерін ауыл шаруашылығына барынша пайдаланып, оның Арал теңізі үшін маңызы ескерілмеді. Нәтижесінде Арал теңізінің біржола құрып кету қаупі төніп тұр.

*Табиғат қорғаудың үшінші ұстанымы.* Табиғат қорларын пайдаланғанда олардың бір-бірімен байланысты екендігін есте сақтау керек. Яғни, табиғаттың тарихи-табиғи байланысын, тепе-теңдік процесін бұзбау деген сөз. Мысалы, Семей өңіріндегі Шыңғыстау ормандарының құрылыс үшін кесілуі - осы өңірді аң-құсы мен шұрайлы жайылымынан айырды.

Қорыта айтқанда, адам баласы табиғат қорларын пайдаланбай өмір сүруі мүмкін емес. Сондықтан табиғат қорларын ғылыми негізде, қайта түлете отырып

пайдалану және қорғау мақсат етіліп қойылуы тиіс. Табиғат заңдарында көрсетілген ұстанымдар мен ережелерді орындау әрбір азаматтың міндетті борышы.

Экология мен табиғат қорғау ғылымдары бірін-бірі толықтырып отырады. Экология ғылымы табиғатты тиімді пайдалану мен қорғаудың ғылыми-теориялық негізін жасайды. Сонымен бірге табиғат ресурстары мен оның құраушыларында экологиялық факторларды қоршаған ортамен және адамның іс-әрекетімен байлалыстыра отырып зерттеп, оны жүзеге асырудың негізгі тұжырымдары бекітіледі. Ал табиғат қорғау ғылымы -экология ғылымының негізгі тұжырымдарын жүзеге асыратын мемлекеттік немесе қоғамдық игі істер жиынтығы. Экология мен табиғат қорғау ғылымдары бір-бірімен үйлесімді әрекет еткенде ғана табиғат апаттарына жол бермейді. Нәтижесінде, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану мен оны қорғаудың жоспары жүзеге асады. Сондықтан "табиғат қорғау" ұғымының мәні зор. "Табиғат қорғау" ұғымына жақын "қоршаған ортаны қорғау" ұғымы да жиі қолданылады. Ол адам баласының қоршаған табиғи ортаны әлеуметтік-экономикалық тұрғыда қорғаудың жиынтығы. Адам баласы табиғат қорғауды жүзеге асыру үшін табиғатты тиімді пайдалану жүйесі бойынша жұмыстар атқарады. Ал табиғатты тиімді пайдалану - табиғат ресурстарын пайдалану мен оны қайта түлетудің ең ұтымды әрі адамға пайдалы технологиясы.

Адам баласы табиғатты қорғау үшін оның заңдылықтары мен негізгі ұстанымдарын білуге міндетті:

1. Биосфера шегінде барлық тірі организмдер бір-бірімен байланысты және қарым-қатынас жағдайында ғана тіршілік етуге бейімделген. Бұл байланыстардың біреуінің бұзылуы табиғаттағы тепе-теңдікке өзгерістер әкелуі мүмкін. Сондықтан адам баласы әрбір табиғат құрауыштарының орта мен табиғи экожүйедегі рөлін білуі тиіс.
2. Табиғатта ешбір зат жоғалып кетпейді. Егер адам баласы жаңа бір затты дүниеге әкелсе оны жоюдың да жолын ойлауы керек. Ол зат табиғи айналымға түсуі тиіс. Мысалы, адам полиэтиленді ойлап тапты. Полиэтилен табиғатта айналымға түспейді. Себебі, оны ыдырататын редуцент (бактерия) жоқ. Осыдан барып жер бетінде қоқсықтар көбеюде.
3. Заттардағы барлық өзгерістер энергия жұмсаумен жүзеге асады. Яғни, энергияның сақталу заңы бойынша жұмыс істейді. Сол үшін адам баласы табиғатты пайдаланған кезде оны өндіру мен қайта түлетуді үйлестіре отырып, адам мен табиғаттың қауіпсіздігін сақтауы керек.
4. Табиғаттағы экожуйелер мен ондағы қарым-қатынастар ұзақ жылғы тұрақты даму эволюциясының жемісі. Сондықтан адам баласы оны бұзбауы керек. Ал бұзған жағдайда қайтымсыз экологиялық апаттарға алып келуі мүмкін. Осыған орай табиғат қорғау ғылымы алдында бірнеше маңызды міндеттер тұр:

а) өндірісті, өнеркәсіпті және агрокешендерді игеру кезінде табиғатқа түсетін салмақ ең аз мөлшерде болуы керек;

ә) өндіріс пен өнеркәсіп салаларын ұйымдастыру кезінде адам баласы мен табиғат арасында экологиялық қауіпсіздік сақталуы тиіс;
б) табиғат, ресурстарын игеру кезінде оның қоршаған ортаға пайдалы әсеріне көңіл бөлінуі керек;
в) табиғат ресурстарын сол қалпында сақтау үшін қорықтар, қорыққорлар, ұлттық саябақтар мен басқа да ерекше қорғалатын объектілерді көбейту қажет;
г) қоршаған орта мен адам баласының денсаулығын сақтау үшін экологиялық қауіпсіздік шаралары қадағаланып отырады.

Табиғат міндеттері мен ұстанымдарын жүзеге асыру алдын ала ескерту және нақты шешім қабылдау арқылы анықталады.

Алдын ала ескерту шаралары белгілі бір аймақтағы табиғат объектілерін анықтап, оны қорғау мен қалпына келтіруді жоспарлап отырады.

Нақты шешім қабылдау шаралары - табиғаттағы адамның іс-әрекетінен бүлінген немесе ластанған, жарамсызданған объектіні қалпына келтіру немесе жою жұмыстары. Мысалы, ауаның ластануы, топырақ эрозиясы, орманның қырқылуы, т.б.

Табиғатты қорғаудың тағы бір мақсаты - экологиялык кауіпсіздікті қамтамасыз ету. Ол қазіргі және болашақ ұрпақтың салауатты өмір сүруі үшін адамның теріс іс-әрекеттерін шектеу және табиғаттағы төтенше апаттарды болдырмау. Оны жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Конституциясы және табиғат қорғау заңдары.

Табиғатты қорғауды жүзеге асырудың негізгі бағыттары. Табиғат қорғаудың негізгі бағыттарын білу әрбір азаматтың міндеті болып саналады. Олардың негізгілерін қарастырамыз.

1. Жекелеген өндіріс орындары мен өнеркәсіптерді, агроэкологиялық кешендерді игеруде қазіргі заманғы ғылым мен техника жаңалықтарын пайдалану. Өндіріске аз қалдықты немесе қалдықсыз технологияны енгізу.
2. Экологиялық заңдардың орындалуын үнемі қадағалау.
3. Ірі құрылыстарды, өнеркәсіп кешендерін т.б. объектілерді салуда экологиялық сараптама жасау.
4. Табиғи биоценоздарды сақтап қалу үшін қорықтар, корыққорлар, ұлттық саябақтар, табиғат ескерткіштері, т.б. ұйымдастыру.
5. Табиғат қорғау мәселелері бойынша халықаралық, мемлекеттік денгейлерде ғылыми-практикалық конференциялар мен симпозиумдар ұйымдастыру.
6. Көпшілікке үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру және экологиялық әдеп пен мәдениетті қалыптастыру.
7. Табиғат қорғау мәселелерін шешу жолдары, оның барысы туралы үнемі үгіт-насихат және ақпарат жүйесін ұйымдастыру.
8. Жоғарыда аталған шараларды жүзеге асыру әрбір азаматтың міндеті мен борышы болып саналады. Сонда ғана біз туған өлкеміздің табиғатын өз қалпында сақтап қалуға немесе қайта түлетуге үлес қоса аламыз.

Қорыта айтқанда, табиғат қорғау және экология ғылымдарының түпкі мақсаты - табиғатты қорғау. Табиғат қорғаудың алдына қойған мақсаты мен міндеттері айқын. Табиғат қорғауды жүзеге асыру үшін оның негізгі бағыттарын, заңдарын, ұстанымдарын білу әрбір азаматтың борышы болып саналады. Біздің елімізде табиғат қорғау мемлекеттік заңдармен қорғалады.

**Әдебиеттер:**


1. Иманберлиева С. Экологиялық білім беру. Қазақстан мектебі 1993, №6.
2. Табиғатты қорғау. Қазақ Совет энциклопедиясы 10 т.
3. Қазақстан жерінің географиялық зерттеу тарихы. Қазақ Совет энциклопедиясы. Энциклопедиялық анықтама.
4. Экология негіздері: оқу құралы. Ә.Бейсенова., Ж.Шілдебаев.
5. Экология және табиғат қорғау 8-сынып. Алматы 2001. Г.Б.Бейсеева., Ж.Шілдебаев., Т.Е.Қозыбаева., Б.Қ.Қозыханова., Ә.Бейсенова.


**ӘӨЖ**

# БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ


**Игиликова Эльмира Шабденовна**
Созақ ауданы, І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі



***Резюме***

*В данной статье рассматриваются о примение различных методов обучения в образование детей начальных классов*

***Summary***

*This article discusses the use of various teaching methods in the education of primary school children*


Білім мен ақпарат үстемдік құрған қоғамда Білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Осы мәселе аясында «Балалар XXI ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар жаңартылған білім беру бағдарламасымен және білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты.

Білім беру бағдарламаларын жаңартудың басымдықтары рухани құндылық пен дағдыдан тұратындығын білеміз. Рухани құндылық: шығармашылық, жауапкершілік, қарым- қатынас жасай білу, өмір бойы оқуға дайын болу. Ал дағдыларға келетін болсақ, сын тұрғысынан ойлау, білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу, проблемаларды шешу, ғылыми зерттеу,

жеке және топпен жұмыс істей білу қабілеті және АКТ саласындағы дағдылар. Ұстаз үшін ең маңызды мақсат - әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Оны жүзеге асырудың бір жолы - сабақты тиімді ұйымдастыруға, сабақ уақытын ұтымды пайдалануға, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға, сыни ойлауға көп көмегін тигізетін әдіс-тәсілдерді қолдана білу. Ол үшін мұғалім қысқа мерзімді жоспар немесе сабақ жоспарын дайындау барысында оқушылардың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, саралап оқыту тәсіліне ерекше назар аударғаны жөн.

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болмасын өсіп өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, дамыту бағытына байланысты. Қазіргі кезеңде егеменді елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Бұл педагогика тарихы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр, себебі, білім беру жүйесі өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарды, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды.

Бастауыш білім-үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы. Осыған сәйкес оқушыларға белгілі бір көлемдегі білім,білік-дағдыларын меңгертумен бірге, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту бүгінгі күннің басты талабы.Осы талап тұрғысынан алғанда,оқу- тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс-түрлері іздестіру мен жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше.Білім әлеміндегі жаңғырған өзгерістер мұғалімнің ізденуіне қажеттілік тудырды. Өйткені қазіргі білім дәстүрлі білім төңірегінде емес, ауқымды білімді қажет етеді. Сондықтан білім беру аясында өзіме тиімді педогогикалық технологиялардың әдістерін іздестіріп, зерттеу жүргізе бастадым.

Өз іс-тәжірибемде алдыма қойған мақсатым – баланың қызығушылық қабілеттерін қалыптастырып, оның танымдық ойлау қабілеттерін дамытуға, өзіндік ой түйсігін қалыптастырып, қорытып айтуға, яғни өзін жеке тұлға ретінде сезініп, қалыптасуына жағдай туғызу. Оны іске асыру үшін оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың оқудағы іс- әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу үрдісінде бірлесе әрекет ету.тағы да айта кету керек, бұл қазіргі таңда, әрбір білім беруші ұстаздың басты мақсаты болып отыр. Мақсатқа жету оқушының өзі арқылы жүзеге асады. Мұғалім –

ұйымдастырушы, бағыт беруші болып қалады. Ұстаз үшін ең басты мәселе - оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа педагогикалық технологиялардың да мақсаты менің алдыма қойған мақсатыма көмек қолын созушы, демек, оқушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойынының дамуында басты рөл атқарады.

Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматттық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін - өзі дамытып, оқу - тәрбие үрдісін тиімді

ұйымдастыруына көмектеседі. «Өз еңбегін талдай білген адам ғана тәжірибелі ұстаз бола алады» деген В.Сухомлинскийдің сөзін оқытушының талмай ізденген еңбегінің нәтижесінде ғана көрінетіні белгілі. Қазіргі кезде білім мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білім беруіне жағдай жасап отыр. Оқытушы баяндайды, әңгімелейді, түсіндіреді,ал оқушы тыңдайды,қабылдайды, ойлайды т.б, таным әрекетерін жасайды. «Жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық» деген сөздерді ескере отырып,сабақтарымызда мүмкіншілігіне қарай инновациялық технологияны пайдаланып отырсақ оқытушының ұтары мол деп ойлаймын. Тек оларды тиімді, жүйелі түрде қолдану оқытушының шеберлігіне байланысты әр қилы жүзеге асырылуы мүмкін. Білім негізінен пән арқылы берілгендіктен, әр пәнді заман талабына сай өз деңгейінде игерту, қай кезде болмасын, ең маңызды мәселе болып келгені даусыз. Әрине терең білімде, материалдың игеруге қолайлығы да, оқулық деңгейімен шектелу де мүлде нәтижесіз болды деп айта алмаймын.Технология мен әдістеменің мақсаты бір – «қалай оқыту мәселелерін қарастырады».

Білім беруді ізгіліктендіре отырып, болашақ маманның өз іс-әрекетіне өзі жауап беріп, оған ұқыптылықпен қарап, өз ойын, білімі мен білігін жалтақтамай жүзеге асыруына мүмкіндік туғызу керек. Бүгінгі оқушы тек мұғалімнің айтқанын тыңдаушы ғана емес, ол пікір айтушы, өзінің талабын орындауға, қызығушылығын қанағаттандыруға, білімін кеңейтуге талпынатын субъект ретінде танылады. Бұл талап, тілектерді қанағаттандыру мұғалімнен үлкен дайындықты, терең білім мен ұстамдылықты талап етеді. Бастауыш білім жоғары сыныптарда алатын жүйелі білім салаларының бастамасы ғана емес, оның негізі. Олай болса, бұл мұғалім тұлғасының осы мәселелерді түсінетіндей, оны жүзеге асыратындай білімділігімен қатар педагогикалық ой-өрісінің болуын қажет етеді.

Бастауыш сыныпта оқылатын әрбір пән орта мектепте оқылатын бірнеше пәннің бастамасын негіздейді. Мәселен, бір ғана дүниетану пәні келешектегі жүйелі ғылым салаларының бастамасы. Жаңа жобада жаңа пәндерде қосылып отырғаныда түсінікті жәй. Олар: «Ғылымға кіріспе», «Әлемтану», «АКТ» пәндері және оқушылардың оқу жетістіктерін жаңаша критериалды бағалау жүйесі ұсынылып отыр. Елбасымыздың «әлем қарқынды өзгеруде және күн сайын бізге жаңа талаптар қойылуда, біз оларға теңбе-тең әрекет етуіміз керек, сондай-ақ алға ұмтылу үшін жұмыс істеу қажет»- деп атап өткені белгілі. Қазақтың ұлы ғұламасы әл-Фараби «Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарғанын жадында жақсы сақтайтын, бұлардың ешқайсысын ұмытпайтын, алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар - намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек»- деп тегін айтпаған.

«Сабақ беру жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер» деп Ж.Аймауытов айтқандай бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Бұлар оқушының жеке қасиетін аша отырып, азамат етіп тәрбиелеумен қатар оқушының танымдық күшін қалыптастыру және білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасайды.

**Әдебиеттер**


**1.** «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан Республикасының президенті елбасы ... Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты жолдауы.

**2.** Мұғалімдерге арналған нұсқаулық 2016.


**ӘӨЖ**

# ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОҚУ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ РӨЛІ


**Мұқашева Нүрия Қайратқызы**

Созақ ауданы, І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі



*Резюме*

*В данной статье рассматриваются роль учебных заданий в формировании функциональной грамотности учеников*

*Summary*

*This article discusses the role of learning tasks in the formation of functional literacy of students*


Қазақстанның жаңа даму кезеңі мектепте білім берудің әлемдік тенденцияларға сәйкес келетін жаңа басымдылықтарын айқындап берді.

Жаңа қоғамға өз білімін өзгермелі жағдайларда қолдана алуға қабілетті, білімді, тәрбиелі, шығармашылықпен ойлайтын, кез келген жағдайда өз бетімен шешім қабылдап, әлемде болып жатқан өзгерістерге жылдам бейімделе алатын, икемді, өз елінің тағдырына үлкен жауапкершілікпен қарайтын тапқыр да іскер адамдар қажет.

Қазақстан Республикасында білімнің сапасын жетілдіру үшін негізгі бағдар ретінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі іс-қимылдардың тұтастығын және жүйелілігін қамтамасыз етуболып табылады.

Функционалдық сауаттылық мазмұны: оқу және жазудағы сауаттылық, денсаулық мәселесіндегі сауаттылық, заң сауаттылығы, отбасылық өмір мәселелеріндегі сауаттылық, жаратылыстану ғылымындағы сауаттылық, компьютерлік сауаттылық, математикалық сауаттылық. Оқу мақсаттарының ауқымы өте кең: білім алушылардың нақты ақпарат пен іс- әрекеттерді игеруінен

жоғары деңгейдегі ойлауды сипаттайтын жеке қасиеттері мен сапасын қалыптастыруға дейін. Мақсаттардың бастапқы деңгейлері міндетті түрде қажет, бірақ құзыреттілік тәсілге негізделген білім беру процесінің жоғары мақсаттары білім алушылардың өз бетінше білім алу, өз бетінше білім алу дағдыларын қалыптастыруға негізделген. Қазіргі білім беру стандарттарындағы практикалық дағдылармен бірге талдау, салыстыру, синтездеу, абстракциялау, жүйелеу, жалпылау сияқты қажетті интеллектуалды қабілеттер базалық, негізгі құзыреттердің бөлігі болып табылады.

Өркениеттің дамып келе жатқан жағдайында адамның өмірге бейімделуіне және салыстырмалы түрде жайлы өмір сүруіне мүмкіндік беретін қабілеттер, біліктер мен дағдылардың белгілі бір деңгейі функционалдық сауаттылықтың мазмұнын құрады.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымын ЮНЕСКО 1965 жылы ұсынған. Бұл ұғым бастапқыда «сауаттылықты тарату бойынша жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу мен іске асырудың белгілі бір стратегиясымен әрі оқуға, жазуға және іс жүзінде қолданылатын білімнің белгілі бір шеңберіне оқыту мазмұнының бағытына қатысты белгілі бір тұжырымдамамен байланысты болды». Бұл жыл дәстүрлі түрде тұжырымдаманы енгізудің ресми күні болып саналады, ал ол бұрын «сауаттылық» ұғымының енгізілуіне байланысты пайда болды.

Бастауыш білім беру деңгейіндегі білім алушылармен байланысты функционалдық сауаттылықтың анықтамалары бойынша:Е.П. Лебедева бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын – білім алушыларға қол жетімді деңгейде өмірлік және практикалық мәселелерді шешу үшін үнемі алынған білім, білік, дағдыларды, қызметтің әмбебап әдістерін қолдана отырып, оқу, қарым - қатынас және шығармашылық қызметін дербес жүзеге асыру қабілетін анықтайды деген тұжырым жасаса,

Е.В. Бахарева «оқушылардың функционалдық сауаттылығы» ұғымын қарастырады – бұл ақпаратпен жұмыс істеу тәсілдерін меңгеру дәрежесін сипаттайтын және нақты өмірлік мәселелерді шешуге, сыртқы әлемге бейімделуге мүмкіндік беретін білім алушылардың базалық білім деңгейі» деген анықтамасын алға тартты.

2.Кумулятивтік әңгіме. Мұнда оқушылар бір-бірінің үлесін сынамайды, және сындарлылыққа негізделеді.

3.Зерттеушілік әңгіме ұсыныстар жайында күмән туып, қарсы дау айтылып, негізделген дәлел мен сыни тұрғыдан ойлау арқылы жалғасады» [1, 40 б.]..

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Стил, Куртис С.Мередит, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету.

Біздің елімізге Джордж Соростың ашық қоғам институты, “Сорос-Қазақстан” қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады.

“Сын тұрғысынан ойлау” ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар.

Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, шыңдалған ойлау. Бұл деңгейдегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғарғы сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Оған осы жобамен жұмыс жасау барысында көз жеткіздік.Аталмыш бағдарламаның ішкі құрылымында ерекшелік бар.

Бұл құрылым 3 деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің моделі. Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді.Сын тұрғысынан ойлау модулі қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой қорыту кезеңдерінен тұрады.Енді осы кезеңдердің мақсат-міндеттеріне толығырақ тоқталып өтейік.Бастауыш сынып мұғалімдері өз сабақтарында оқушылардың тілін дамытуда, өзіндік жұмыс жасау, тіл дағдыларын қалыптастыруда, өз ойларын еркін жеткізе алуға баулуы қажет. Сол себепті, сабақта Эльконин –Давыдовтың дамыта оқыту технологиясын, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясын қолданамын.Сын тұрғысынан ойлау өз алдына сұрақтарға жауап іздеп жан-жақты пікірлесіп, талдау жасап отыру. Сын тұрғысынан ойлау мәселесіне байланысты өз пікірін еркін сөйлеу арқылы айту, ойын жеткізу, оны дәлелдей алу. Сонымен қатар қасындағы оқушы пікірін де тыңдау, сол пікірлерді салыстыру.

Қазіргі таңда 1-сыныппен сын тұрғысынан ойлау модулінің үш кезеңі бойынша сабақты жоспарларлауға болады.

1.«Қызығушылықты ояту.» 2. «Мағынаны тану» 3. «Ой қорыту» .

Оқушылар ең алдымен бір-біріне жақсы тілектер айтудан үйренді. Топқа бөлінуді үйренді. Топ ережесіне бағынуды үйренді. Топпен жұмыс жасағанда әрине өзгешелеу, өйткені топпен жұмыс жасау барысында бір-бірін кейде құптаса, кейде құптамайтынын айтып, шуылдасып кетеді.Топпен жұмыс жасаудың маңызы балалар бір-біріне үйретеді және өзі де үйренеді.Қызығушылықты ояту кезеңіне бүгінгі өтетін тақырыпқа байланысты жұмбақтар, сұрақтар, сөз жұмбақ, әзірлеп келемін. Мағынаны тануда оқулықпен жұмыс жасаймын. Мәтін болсын әңгіме, ертегі болсын тақырыбын, авторын, жанрын, бөлімін анықтатып аламын. Мәнерлеп оқып, сөздікпен жұмыс жасап, сұрақ-жауап арқылы мағынасын ашып аламыз. Оқушылар мәнерлеп, тізбектеп оқуды жалғастырады, жаттығулар орындайды. Ой қорыту кезеңінде әрине оқулықтан тыс ойындарды жарыс түрінде өткіземін әр топтан бір оқушы шығып, тақтаға ілінген парақшалардағы тапсырмаларды орындайды. Бағалауда смайликтермен, бағдаршаммен, фигуралармен бағаланады. Баллдық жүйеде бағалау болғандықтан оқушылар қанша балл жинағанда қандай баға алатынын үйренді. Рефлексия жазуда стикер тарқатамын оқушылар өздеріне ұнаған ұнамағанын жазады. Оқулықпен жұмыс кезінде оқи отырып өздеріне таныс емес сөздерге белгі қойып оқу және мына кестеге түсіру.

Оқушыларды сөйлету арқылы талдау жасауда Венн диограммасын қолдандым, яғни салыстыру. Венн диограммасын мәтіндегі кейіпкерлерге мінездеме беруде де қолдануға болады.

***Бес жолды өлең:***

Не? Қандай? Не істеді? Деген тірек сұрақтарын бере отырып, бес жолды өлең немесе сөйлем құратуға болады.

Тәжірибемнен туындаған түйін , біздің ескермей жүргеніміз мыналар:
1.Даму жан-жақты емес,сыңар жақты;
2.Тапсырма жалпы беріледі;
3.Іс ұжымдасып атқарылмайды, біріккен әрекет қана бар;
4.Өзара шынайы сұхбат жоқ,тек мәлімет алмасу ғана;
5.Басты мақсат адам тәрбиелеу емес,жоспарды орындау;
Осы сәтсіздіктерден құтылу үшін, менің ойымша, ұстаздар үнемі ізденісте болуы керек.
Не ұнайды? Неге ұнайды? Қандай жауап таптың?
Қорыта келгенде, өзіңді қалай тануға болады? «Тек әрекет жасау арқылы ғана» деп Гете айтқандай, жоғарыдағы технологияларды қолдану жұмыстарының барлығы мұғалімдердің бастуыш сыныптағы оқушының тұлғалы қабілеттерін айқындаудағы бірлескен және жеке іс-әрекеттерінің нәтижесі болары анық. Заман ағысына сай технологияларды қолдану ауқымы, түрлері өзгеріп отыруы мүмкін. Бірақ, ең бастысы технологияларды тиімді,жүйелі қолдану керек. Міне осы мақсаттағы жұмысқа айрықша назар аударып, шығармашылық ізденіспен қимылдасақ, жеміссіз болмайтыны белгілі.Бұл жерде мәселе «өмір бойы азық боларлықтай білім алу немесе білім беру» идеясы емес «өмір бойы өздігінен үйрену» ұстанымына негізделген.

Қытай философы Конфуций « маған айт- мен ұмытамын, маған көрсет-мен есте сақтаймын, маған істет-мен үйренемін» деп айтқандай, білім беруде осы ұстанымды негізге алатын болсақ біз жан-жақты дамыған, сыни пікірі мен көзқарастарын білдіре алатын, өз ойларын еркін, сенімді әрі дәлелді жеткізе алатын оқушы қалыптастыра аламыз. Сол үшін де мұғалім үнемі ізденісте болып, әр күні оқушыға көрнекі құралдарды көрсетеді және оқушыға істетеді, баяндатады.Топқа бөлудің сәтсіздігі топқа бөлуде уақытты көп өткізіп аламыз, математика сабағын топқа бөлгенде балалардың ойы шашырайды. Сәттілігі кез келген пәнде ешқандай оқушы бос отырмайды, сабаққа деген қызығушылықтарын білдіреді. Топтық жұмыста оқушылар белсене қатысып отырады. Жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, топтық жұмыс жүргізу арқылы сөздік қорын дамытамын. Өзін-өзі реттей отырып әділ бағалауға үйретемін.

**Әдебиеттер:**

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012,306 б.
2. Б.А. Тұрғынбаева. Дамыта оқыту технологиясы. Алматы 2000, 213 б.

**ӘӨЖ**

## ARDUINO МИКРОКОНТРОЛЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

**Расулметова Юлдуз Пайзахмадовна**
Шымкент қаласы, «№109 жалпы орта білім беретін мектебінің информатика пәні мұғалімі
**Шадибекова Зиеда Хажиматовна**

Орта Азиялық медициналық колледжінің информатика пәні мұғалімі

***Резюме***
*В данной статье рассматривается работа с программой Arduino*
***Summary***
*This article is considered to work with the program Arduino*

Қазіргі заманауи өмірді ақпараттық технологияларсыз елестету өте қиын. Қоғамның ақпараттандыруға қарқынды өтуі ақпараттық технологиялардың адам қызметінің түрлі салаларына барынша терең енуін негіздейді.

21 ғасыр – көптеген технологиялық және өмірлік қажеттіліктерді қамтамасыз ететін процестерді автоматтандыру және компьютерлендіру ғасыры. Алайда, автоматтандыру мен компьютерлендіру үшін тек құрылғыны жасау ғана емес, сонымен қоса оның толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз ететін іс-әрекет ету бағдарламасын жүктеу немесе бағдарламалау қажет.

Бүгінгі күні адамзат қызметінің 80% - на дейіні автоматтандырылғаны белгілі, өйткені қазіргі заманда адамға тұрмыс пен қызметте көмектесетін техника, машиналар, құрылғылар мен механизмдердің (жеке қауіпсіздігі мен өндірістік қорғау үшін бейнебақылау жүйесі, тұрмыс жайлылығы деңгейін арттыру үшін тұрмыстық техникалар, заманауи автомобильдердегі автопилот және т. б. көптеген түрлері бар. Адамға қызмет ететін техникалық құралдармен және электронды құрылғылармен барлық дерлік қоршаған кеңістік жабдықталған, бұл адамдардың өмірі мен қызметін жеңілдетеді, операцияларды орындау дәлдігі мен қауіпсіздігін, еңбек өнімділігін арттырады, адамның физикалық және психикалық саулығын сақтайды.

Робототехника - математика, физика, информатика, технология, инженерия және т. б. негіздерін өзара ықпалдастыруды көздейтін пәнаралық элективті курс. Бұл курс – оқушылардың ғылыми-техникалық бағыттағы жеке білім беру қызығушылықтарын қанағаттандыратын, олардың шығармашылық әлеуетін барынша толық көрсететін ең маңызды тетіктердің бірі және жеке білім алу маршруты мен жасөспірімнің кәсіби өзін-өзі анықтауының құралы болып табылады.

Жаңа мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарын ендіру инновациялық педагогикалық технологияларды әзірлеуді көздейді. Жаңа буын стандарттарының маңызды ерекшелігі олардың білім беру нәтижесіне негізделуі болып табылады, әрі олар жүйелі іс-әрекеттік тәсіл негізінде қарастырылады. Әрекет баланың танымдық процестерін дамытудың сыртқы шарты ретінде болады. Бұл баланың дамуы үшін оның қызметін ұйымдастыру қажеттілігін білдіреді. Яғни, заманауи білім беру жағдайында әрекеттік сипат ең өзекті, әрі "қабілеттер қызмет барысында ашылып дамитындықтан ", білім беру тиімділігін арттыру кепілі болып табылады.

Қазақстандық білім беру бағдарламаларында робототехника маңызды мәнге ие болып отыр. Еліміздің мектеп оқушылары робототехникалық құрылғыларды жобалауға және бағдарламалауға тартылған. Құрылымдау және бағдарламалау процесінде балалар физика, математика және информатика пәндері бойынша қосымша білім алады. Білім алушылар бұл нұсқаулықты пайдалана отырып, "робототехника" курсында бағдарламаланатын роботтарды құруға тез көшуге мүмкіндік беретін білім мен біліктерді игереді.

Қазіргі таңда жасанды интелектті жобалауға арналған бірден-бір бағдарлама – Arduino модулі. Бұл жобаның негізі - мамандандырылған тілде контроллер үшін код жазуға болатын базалық аппараттық модуль және бағдарлама, әрі ол бұл модульді қосуға және бағдарламалауға мүмкіндік береді.

Бағдарлама – бұл ақпаратты өңдеу процесінің сипаттамасы. Бағдарламаны орындауда шығыс мәндерінің жиынтығы айнымалы немесе тұрақты кіріс мәндері жиынтығына сүйеніп есептеледі. Бағдарламаны орындау мақсаты – деректерді жинау немесе кіріс мәндерін бағалау.

Бағдарлама мәтін жолдарынан тұрады. Әрбір жол құрамы бір немесе бірнеше арифметикалық немесе басқарушы операторларды қамтиды.

Компьютерлік бағдарлама - бұл контроллерге арналған командалардан тұратын (шешімдерді қабылдау), анық нақтыланған жоспар. Контроллер командаларды кезекпен оқиды және орындайды. Кез келген сандық құрылғы ішіндегі команда, мысалы, Arduino, нөлдермен және бірліктермен кодталған, бұл екілік сандармен ұсыну деп аталады, яғни барлық ақпарат контроллерге түсер алдында біз үшін үйреншікті ондық санау жүйесінен екілік жүйесіне қайта кодталады. Осылайша, логикалық немесе арифметикалық операцияларды орындау кезінде контроллер салыстырады, бөледі, шегеріп тастайды, өзге де әрекеттерді екілік сандармен орындайды. Бұл сандар белгілі бір мекен-жайы бар жадының тізбектелген ұяшықтарында сақталады.

Arduino контроллеріне қуат көзі келгенде оған жүктелген сол бағдарламаны орындау автоматты түрде басталады, егер бағдарлама жоқ болса немесе дұрыс жазылмаса, іркіліс болады, ол не команданы орындауды тоқтатады, не бағдарламаның кіріптарлығына әкеледі. Орындалатын бағдарламаның нөмірі жадының арнайы ұяшығында сақталады, ол команда санауышы деп аталады. Бұл нөмір келесіге арифметикалық операцияларды орындау кезінде өзгереді, егер нәтижесі реттілігі бойынша келесіден ерекшеленетін жоспардың кей пункттеріне көшу болғанда логикалық команда орындалса, онда кез келген адреске өзгеруі мүмкін.

Модуль роботтарды, автоматика құрылғыларын, аспаптарды құруға мүмкіндік бере отырып, түрлі атқарушы құрылғылармен оңай жалғанады.

*Arduino Uno микроконтроллері*

Arduino жобаларында қолданылатын бағдарламалау тілінің негізіне, төменгі деңгейдегі командалармен жұмысты, сондай-ақ күрделі объектілерді құруды

қолдайтын ең кеңінен пайдаланылатын бағдарламалау тілдерінің бірі C++ салынған.

*Ардуино бағдарламалаудың жұмыс облысы*

Arduino әзірлеу ортасы бағдарламалық кодтың кірістірілген мәтіндік редакторынан, хабарламалар облысынан, мәтінді шығару терезесінен (консоль), жиі қолданылатын командалар және бірнеше мәзір түймешіктерімен құралдар панелінен тұрады. Бағдарламаларды және байланысты жүктеу үшін әзірлеу ортасы Arduino аппараттық бөлігіне қосылады.

Arduino ортасында жазылған бағдарлама sketch /скетч/ деп аталады. Sketch /скетч/ мәтінді кесу/кірістіру, іздеу/ ауыстыру құралдары бар мәтіндік редакторда жазылады. Хабарлар облысында жобаны сақтау және экспорттау кезінде түсіндірмелер пайда болады, сондай-ақ туындаған қателер көрінуі мүмкін. Мәтінді шығару терезесі (консоль) қателер туралы толық есептерді және басқа да ақпараттарды қамтитын Arduino хабарларын көрсетеді. Құралдар панелінің түймешіктері бағдарламаны тексеруге және жазуға, sketch /скетч/ құру, ашу және сақтауға, жүйелі шиналар мониторингін ашуға мүмкіндік береді:

*Verify/Compile*

Бағдарламалық кодты қателерге тексеру, компиляция.

*Stop*

Жүйелі шиналар (Serial monitor) мониторингі кідірісі немесе басқа да түймешіктердің күңгірттенуі.

*New*

Жаңа скетчті құру

*Open*

Блокнотта барлық sketch /скетч-ке қолжетімділік мәзірін ашу. Ағымдағы терезеде басу арқылы ашылады.

*Ескерту*: Java-да қате болғанда бұл мәзір айнала алмайды; sketch /скетчті ашу қажет болған жағдайда осы тізімнен File | Sketchbook мәзірін қарастырыңыз.

*Save*

sketch /скетчті сақтау.

*Upload to I/O Board*

Бағдарламалық кодты құрастырады және оны Arduino құрылымына жүктейді. Жүктеу сипаттамасы төменде келтірілген.

*Serial Monitor*

Жүйелі шиналар мониторингін (Serial monitor) ашу.

Қосымша командалар бес мәзірге топтастырылған: File, Edit, Sketch, Tools, Help. Мәзір қолжетімділігі осы сәтте орындалатын жұмыспен айқындалады.

**Edit**

- *Copy for Discourse*

Форумда синтаксисі бөлінген скетч кодын қолайлы орналастыру үшін алмасу буферіне көшіреді.

- *Copy as HTML*

Веб-беттерде орналастыру үшін скетч кодын HTML код ретінде алмасу буферіне көшіреді

**Sketch**

- *Verify/Compile*

Скетчті қателерге тексеру

- *Import Library*

Кітапхананы ағымдағы скетчке қосады, #include директивасын скетч кодына қойып.

Кітапхана сипаттамасы туралы егжей-тегжейлі ақпарат төменде берілген (Libraries).

- *Show Sketch Folder*

Жұмыс үстелінде, скетч файлын қамтитын папканы ашады.

- *Add File...*

Файлды скетчке қосады (файл ағымдағы орналасу орнынан көшіріп алынады). Жаңа файл скетч терезесінде жаңа бетбелгі пайда болады. Файл скетчтен бетбелгі мәзірі көмегімен жойылуы мүмкін.

**Tools**

- *Auto Format*

Бұл опция кодты оңтайландырады, мысалы, бір сызықтың бойына тігінен ашылатын және жабылатын жақшаларды тұрғызады және олардың арасына нығайту орналастырылады.

- *Board*

Пайдаланатын платформаны таңдау. Платформалар сипаттамасы бар тізім төменде келтірілген.

- Serial Port

Мәзір компьютерде деректерді (нақты және виртуалды) таратудың дәйекті құрылғыларының тізімін қамтиды. Тізім әр жолы Tools мәзірін ашқан кезде автоматты түрде жаңартылады.

- *Burn Bootloader*

Бұл мәзірдің тармақтары Arduino платформасында микроконтроллерге Тиеуші (Bootloader) жазуға мүмкіндік береді. Бұл әрекет Arduino ағымдағы жұмыста талап етілмейді, бірақ егер жаңа ATmega (тиеушісіз) бар болса керек болады. Жазу алдында мәзірден платформаны таңдау дұрыстығын тексеру ұсынылады. AVR ISP пайдалану кезінде Serial Port мәзірінен тиісті бағдарламаны таңдау қажет.

Редактор терезесін шартты түрде суреттегідей 6 блокқа бөлуге болады:

*Arduino IDE интерфейсі*

**Бірінші блок** – бұл бағдарлама мәзірі. Мәзір арқылы Arduino IDE барлық функцияларына қол жеткізуге болады.

**Екінші блок** – иконкалар панелі, онда жиі пайдаланылатын функциялар орналастырылған.

Солдан оңға:

- қанат белгі – бағдарламаны қателерге тексеру;
- нұсқармен оңға – Arduino-ға бағдарламаны жүктеу;
- бет – жаңа бағдарламаны құру;
- нұсқар жоғарыға – бұрын сақталған бағдарламаны ашу;
- нұсқар төменге – бағдарламаны компьютерге сақтау;
- лупа – порт монитордының терезесін ашу.

**Үшінші блок** – жоба файлдары. Әрбір қосымша жобаның бір файлын білдіреді. Ең қарапайым бағдарламалар тек бір ғана файлдан тұруы мүмкін.

**Төртінші блок** – мәтіндік редактор өрісі. Мұнда бағдарлама коды құрастырылады.

**Бесінші блок** – қызметтік хабарламаларды көрсету өрісі. Мысалы, бағдарламаның ойдағыдай жүктелгені туралы хабарламалар.

**Алтыншы блок** – бағдарламаны құру барысы және бағдарламадағы қателер туралы ақпаратты көрсету терезесі.

Кез келген роботтың мәні – бұл процессорлық базасы және бағдарламасы (немесе бағдарламалар жинағы) бар аппараттық құралдар. Сондықтан, бағдарламалау тіпті ең қарапайым роботты құру процесінің ажырамас элементі болып табылады. Оқушылар Arduino модулін бағдарламалауды үйренгеннен кейін, қатарына роботтар да жататын қызықты және пайдалы электронды құрылғыларды құруға дайын болады. Курс тіпті орта буын оқушыларына да қолжетімді қарапайым жобаларды дайындаудан басталады және оқушылар қызықты Arduino жобасымен танысқаннан соң болашақта робот жасауды өзінің болашақ мамандығы ретінде таңдауы мүмкін.

**Әдебиеттер**


1. Arduino для начинающих волшебников / М. Банци. - М.: Рид Групп, 2012. - 128 с. - (Один дома).
2. Arduino, датчики и сети для связи устройств / ИгоТ.: Пер. с англ. - 2-е изд. - СПб.: БХВ-Петербург, 2015. - 544 с.
3. Наука. Энциклопедия. – М.: «РОСМЭН», 2001. – 125 с.
4. Ньютон С. Брага. Создание роботов в домашних условиях. – М.: NT Press, 2007, 345 стр.;
5. ПервоРобот NXT 2.0: Руководство пользователя. - Институт новых технологий


**ӘӨЖ**

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ СТЕРЕОМЕТРИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУ БІЛІКТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ЖАЛПЫ ІС-ӘРЕКЕТТЕР

**Ташпулатова Камила Нуриддиновна**
Шымкент қаласы, «№109 жалпы орта білім беретін мектебінің математика пәні мұғалімі
**Тайлибаева Айгуль**
Түркістан облысы, №11 санаторий типтес арнаулы
мектеп – интернатының математика пәні мұғалімі

***Түйін***

*Оқушылардың стереометриялық біліктіліктерін қалыптастыруға ықпал ететін оқу іс-әрекет тәсілдері қарастырылды.*

***Резюме***

*Помимо общематематических методов, были рассмотрены все методы, подходящие учащимся для понимания и решения стереометрических задач*

Оқушылардың жалпы оқу тәсілдеріне:

1 жаңа білімдерді қабылдау мен әрекет тәсілдерінің жолдары.

2 жаңа білімдердің мағынасын түсіну мен қайта өңдеу тәсілдері.

3 оқытылған материалды еске сақтау мен бекіту тәсілдері.

4 алуан түрлі жағдайларда әрекет тәсілдері мен білімдерді пайдалану тәсілдері.

5 оқытылған білімді жүйелеу мен қорытындылау тәсілдері.

6 нәтижелерді өз бетінше бақылап, бағалау тәсілдері жатады.

Жалпы математикалық тәсілдерге оқушылардың стереометриялық есептерді түсініп, шығара білуіне қолайлы барлық тәсілдері қарастырылды.

Есептерді шығара білуге үйрету және оған дағдыландыру – мұғалімдер алдында тұрған өте қиын да, жауапты жұмыс. Есепті шығаруға әртүрлі әдісті қолдана білу, оқушылардың ойлау қабілеттерін арттыруда үлкен маңызы бар. Бір ғана тәсілмен шығару, оқушыларды тек дұрыс жауап алуға тәрбиелейді. Егер есепті шығару барысында басқа әдістерді пайдалану ескерілсе оқушылар есепті тиімді, әдемі, ықшамды жолмен шығаруға ынталанады. Бұл жағдайда оқушылар теориялық білімдерін еске түсіріп, оны пайдалану әдісін жетілдіре түседі.

Есепті әртүрлі әдіс-тәсілді пайдаланып шығарту оқушыларды жауапты тауып қана қоюдан сақтандырып, ойлау қабілеті мен жалпы білім дәрежесін дамытуда және тәрбиелеуде әрі жетекші, әрі жауапты орын алады.

Есептерді шығарту оқушылар оқып жатқан материалды ғана емес, курс бойынша алған теориялық білімдерін пайдалана отырып шығартуға, соның ішінде ең тиімді ұтымды жағына назар аударуға үйренеді.

Стереометрия курсының негізгі мақсаттарының бірі – кеңістіктегі қарапайым геометриялық бейнелердің қалыптасқан көріністерін тереңдету және кеңейту болып табылады. Жаңа күрделі ұғымдар иллюстрацияны қажет етеді. Мысалы: түзу мен жазықтықтың арасындағы бұрыш, айқас түзулердің арасындағы бұрыш және оларға ортақ перпендикуляр, берілген екі жақты бұрыштың сызықтық бұрышы, дөңгелек денелер мен көпжақтар және т.б. Нақты мысал ретінде А.

Әбілқасымованың XI-сыныпқа арналған геометриясындағы шардың анықтамасын қарастырайық: «*Шар* деп берілген нүктеден берілген қашықтықтан артық емес қашықтықта жататын кеңістіктің барлық нүктелерінен тұратын денені атайды. Бұл нүкте *шардың центрі* деп, ал берілген қашықтық *шардың радиусы* деп аталады. Шардың шекарасы *шардың беті* немесе *сфера* деп аталады». Одан оқушыларға беріліп жатқан ұғымдар турасында нақты түсінік алу қиынға соғуы мүмкін. Ал егер анықтаманы бермей тұрып, темірден құйылған шарды, ағаштан жасалған шарды, допты көрсетіп, ал заттардың әр түрлі қасиеттері бар екендігін еске түсірсек. Мысалы темірден жасалған шар – ток өткізеді, суға батады; ағаштан жасалған шар – ток өткізбейді, суға батпайды, т.с.с. Шарлардың жасалған материалдарының тығыздықтары әр түрлі, түрлері де әртүсті, әр түрлі қасиеттері бар. Бұл заттардың бәріне ортақ қасиет бар олардың формалары.Енді біз сол қасиетті ғана – форманы – еске алсақ «сфера», «шар» ұғымы шығады – деп, шардың анықтамасын қарапайым тілмен келтірсек: біріншіден, оқулықтағы анықтаманы түсіну қиындыққа соқпайды; екіншіден, ұғымның өмірмен байланысын (абстракциядан пайда болғанын) көрсетіп кетеміз.

Қабылданған аксиомаларға нақты өмірден мысалдар келтіріп, олардың қолданысын, практикаға қайшылықсыз екендігін көрсетіп отыру қажет. Мектеп стереомертия курсының мына теоремасын  (ол негізінде Евклид геометриясының аксиомасы болатыны белгілі) алайық: «Берілген түзуде жатпайтын үш нүкте арқылы жазықтық жүргізуге болады және ол тек біреу ғана болады». Іс жүзінде үш аяқты орындық әрқашан орнықты тұрады. Ал төрт аяқты орындық орнықты болу үшін оның барлық аяқтарының ұзындықтары бірдей болу қажет. Есік (жазықтық моделі) екі топсамен бекітілсе кеңістікте шексіз түрлі жағдайларда орналасады, ал егер оны қосымша бір жерінен тіресек (кілтпен, ілгекпен, таспен т.б.) онда ол есік тек бір ғана жағдайда орналасады. Жоғарыдағы аксиома іс жүзінде орынды болып отырғанын көреміз.

Берілген фигураны дұрыс елестету, сызбаны дұрыс орындау үшін оқушылар алдымен кеңістіктегі фигураларды жазықтықта шартты түрде бейнелеудің негізгі ұғымдарын түсінуі қажет. Бұндай ережелер оқушылар үшін жазық емес фигураның сызбасын орындаудың  бағыттық негізі болып табылады. Жоғары сынып оқушыларын бұл ережелер және әдістер мен геометриялық фигуралардың дербес түрлерін оқыту барысында бірте-бірте таныстыру керек. Бұл кезде параллель проекциялаудың қасиеттеріне және оқушылардың сызба курсындағы алған білімдері мен біліктеріне сүйеніп отыру қажет.

Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың параллельдігін және перпендикулярлығын, екі жақты және көпжақты бұрыштарды оқыту барысында көрнекілік құралдардың аса маңыздылығын мектеп жұмыс практикасы көрсетіп жүр. Мысалы, картоннан, органикалық шыныдан жасалған көрнекі құралдар.

Негізінде фигураның параллель проекциясы туралы түсінікті қалыптастыру үшін шуақты күні  сол фигураның картоннан немесе сымнан жасалған моделінің

көлеңкесін қарастыруға болады. Күннің жерден өте алыс қашықтықта екенін ескере отырып, күн сәулелерін жуықтап өзара параллеь деуге болады.

Үшбұрыштың моделінің көлеңкесін бақылай отырып праекциялау жазықтығына қарағанда түпнұсқаның әртүрлі орналасуы арқылы берілген үшбұрыштың проекциясы кез келген формадағы ұшбұрыш (тіпті кесінді) болуы мүмкін деген ұйғарымға келеміз.

Кеңістіктегі фигураның кескінінің көрнекілігі сол фигураның проекциялау жазықтығына және проекциялау бағытына қатысты орналасуына тәсілді екені белгілі.

Геометрия курсында көрнекі құралдарды қолдану  оқушылардың ойлау қабілетінің жас ерекшеліктерін  және жеке -дара ерекшеліктерін айрықша еске алып отыруды қажет етеді: кейбір модельдерге тек сілтеме беруге болады, ал басқа ұғымдарды анықтағанда эскиз немесе суретпен шектелуге болады, кейбір модельдерді тек нақты ойлауы басым болып келетін оқушылардың арнайы бір тобында ғана қолдануға болады.

Жоғары сыныптарда геометрияны оқытудан бастап көпжақтар ұғымы енгізіледі (параллелепипед, призма, пирамида, дұрыс көпжақтар). Бұл, бірінші жағынан, параллельдік пен перпендикулярлықтың қасиеттерін көпжақтар негізінде көрсетуге мүмкіндік береді, екінші жағынан – оқушылардың геометриялық шамаларды, арақашықтықтарды және бұрыштарды табу біліктіліктерін бірте-бірте қалыптастыруға мүмкіндік жасайды.

Айналадағы бізді қоршап тұрған нәрселер геометриялық денелер туралы түсінік береді. Табиғаттағы геометрияның бір айқын көрінісі  - табиғаттағы көпжақтар. Көпжақтардың көп формаларын хрусталь, алмаз, гранит, т.б. кристалдар түрінде табиғат өзі жаратқан.

Айналу денелеріне – цилиндр, конус, шар немесе олардың басқа геометриялық фигуралар комбинациясына байланысты конструктивті есептерді шешу маңызды болып табылады. Себебі, геометриялық есептерді шешу барысында математиканың қолданбалылығын объективті реальдылық байланысын көрсетуге мүмкіндіктер туады. Сонымен қатар қажетті есептер жүйесін орындау арқылы оқушылардың ойлау қабілеті дамытылып, кеңістікті елестетуі қалыптасады.

Қ. Жұбаевтың «Геометрия пәнін оқытудың әдістемесі» оқулығында стереометриялық есептерді шешу туралы мынадай ұсыныстар берілген.

1 Есепті ұсына отырып, оқушылар назарына оны шешуге қажетті теориялық материалдарға, оның мазмұнын практикалық қолдану бағытында ой елегінен өткізуге аудару керек. Мұндай әдіс тәсіл оқушыларды есептерді дұрыс және саналы шешуге, теорияны практикада саналы қолдануға, оқылғанды бекітуге, яғни олардың математикалық білімінің беріктілігін арттыруға ықпал жасайды.

2 Есептерді шешудің жалпы жағдайларында мынадай кезеңдерді бөліп көрсету керек.

а) есептің шартын түсіне оқу;

б) талдау немесе шешу жолдарын іздестіру;

в) есепті шешу;

г) шешімді зерттеу;

д) шешімнің тиімді жоспарын таңдап алу.

Орта мектепті бітірушілер көпшілігіне есепті шешудің төртінші кезеңін іске асыруда дәрменсіздік көрсетеді; алынған жауапты талдай және оның дұрыстығын бағалай алмайды. Сондықтан да алынған шешімді талдауға оқушыларды жүйелі түрде үйретіп отыру және олардың өзіндік тексеру дағдыларын тәрбиелеп отыру керек.

Әрекет пен саналылық принциптерін іске асыратын алуан түрлі психологиялық теориялар аясында іс-әрекет тәсілдері мен оқыту қызметтері түрлерінің жиынтығынан тұратын ақыл - ой іс-әрекет тәсілдерін қалып-тастыратын мәселелер қарастырылуда.

Богоявленский Д.Н мен Менчинская Н.А «ақыл-ой іс-әрекет тәсілдері» түсінігін осы мәселелерді шешу бойынша ақыл - ой операциялары жүйесі арқылы енгізіп, осы тәсілдер құрамына кіретін іс-әрекет тізбегін келтіреді.

Калмыкова З.И жалпы және жеке тәсілдерді бөліп қарастыруды ұсынады. *Жалпы тәсіл* деп тапсырманы шешу барысында айқындалған тізбектерді атқарушы қатаң тапсырыстар жүйесі түсіндіріледі. *Жеке тәсілдер* – бұл вариативті тапсырыстар жүйесі.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдауда «тәсіл» түсінігі келесі мағыналарда қолданылады:

а) ақыл-ой операциялары жүйесі ретінде, тапсырмалардың сәтті шешілуін қамтамасыз етуші;

б) берілген есептің жауабын алу үшін көрсеткіштер жүйесінің тапсырыстары ретінде. Мәселелерді шешудің жинақталған тәсілдерін оқыту процесінде мұғалім әрекет етуші объекті сапалы мінездемесін өзгерісіне бағытталған іс-әрекеттерді қалыптастырушы жүйелерін іске асырады.

Теориялық зерттеулер мен мектеп тәжірибесі көрсеткендей оқу процесінде айтарлықтай рөлді оқу іс-әрекетіндегі тәсілдерді оқушылардың игеруін ойлау керек.

**Әдебиеттер**

1 Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.Жалпы орта білім.-Астана: РОНД,2016.-68б.

2 Әбілқасымова А. және т.б. Алгебра. 11-сынып оқулығы.– Алматы: Мектеп, 2013. – 184 бет.

3 Александров А.Д., Вернер А.Л., Рыжик В.И., Стереометрия. Геометрия в пространстве, Висагинас: Альфа,1998, 152-160с.

4 Жұбаев Қ.Ж. Геометрия пәнін оқыту әдістемесі.-Алматы, Мектеп, 1997,7б.

**ӘӨЖ**

# БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**Жанысбек Ләззат Қасымқызы**
«Өрлеу» БАҰО АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша Кәсіби даму институты филиалының аға оқытушысы
**Дильдабек Салтанат Нұрланқызы**
Шымкент қаласы, «Аль-Фараби атындағы мектебі» ЖШС бастауыш сынып мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются пути формирования патриотических чувств младших школьников*

***Summary***

*The article is shown the ways of forming the patriotic feelings of younger students.*

Отаннына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мәселесі – бүгінгі күннің білім беру жүйесі алдында тұрған маңызды міндеттерінің бірі.

Отан дегеніміз – халық. Халық дегеніміз – адам. Адамды сүю – оған жақсылық жасау. Ендеше отаншылдық – сонау ерте заманнан қалыптасып келе жатқан қасиетті сезім. Халықтық құндылықтарға сүйене отырып, елдікке, ерлікке, азаматтыққа тәрбиелеудегі өлең - жырлар, мақал – мәтелдердің әсері ұтымды болатындығы туралы танымал педагогтарымыз айтып та, жазып та жүр.

Патриотизм мәселесі қай халықтың болмасын басты тәрбие бағдары болады. Патриоттық сезімді тәрбиелеуде түрлі құралдар пайдаланылады. Патриоттық сезімдер құралдарына:

1. Ұлттық құндылықтары – жер, ел, тіл жатады.
2. Ұлттық нышандары - Ел таңба, Ту, Әнұран.
3. Ұлттық мәдениеті – сөз, бейнелеу, саз, дене тәрбие және т.б.
4. Қазақ зиялыларының өнегелі іс - әрекеттері мен сөздері.

Халқымыздың отан сүйгіштік, патриоттық туралы, ұлттық мұрасының даму тарихына үгілетін болсақ, ХҮ – ХҮІІІ ғасырлардағы Асан Қайғы бастаған, Ақтамберді, Доспамбет, Шалкиіз, Бұхар, Махамбет т.б. ақын – жыраулардың поэзияларындағы тәлімгерлік ой пікірлерінен көреміз.

Жас ұрпақтың оның ішінде төменгі сынып оқушыларының төл мәдениетінен нәр алуы ұлттық фольклорымен тығыз байланысты. Қазақ халқының өте әрідегі ата – бабаларының өмір сүрген кезінен (ҮІ ғасыр, Түрік қағанаты) бастау алып, күні бүгінге дейін кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұраның бірі – халықтық педагогика. Халық педагогикасының басты мәселелерінің бірі – ұлттық үрдістер тұтастығын сақтай отырып азаматтық, адамгершілік, патриотизмге тәрбиелеу болды. Қазақ халқының тәлімдік мәні

зор ой – толғаныстары бесік жырымен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс - термелерде, жұмбақ - жаңылтпаштар мен мақал – мәтелдерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні – адамгершілік – имандылық, ақыл – ой, еңбек, эстетика, дене, патриоттық тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі. Қазақ халқы бала тәрбиесімен арнайы айналысатын қоғамдық орындар (балалар бақшасы т.б.) ашпаса да, өз ұрпағын бесікте жатқан кезіннен бастап - ақ өлең – жыр мен әңгіме, ертегі, тақпақ тәрізді мәтіндік ұлағаттармен санамақ, жаңылтпаш сияқты ойындар арқылы тәрбиелеп отырған. Ауыз әдебиетінің басқа түрлеріне қарағанда, мақал – мәтелдердің өзіне тән ерекшеліктері мен өзгешеліктері бар. Ол адам өмірінде, тұрмыс – тіршілікте, қоғамдық жайларда кездесетін әр түрлі құбылыстарға, тарихи мәні бар оқиғаларға берілген даналық баға, тұжырымды түйін есебінде қолданылады.

Отансүйгіштікке тәрбиелейтін мақал – мәтелдердің алатын орны өз алдына бір төбе. Мақал – мәтел ойды қысқа да ұтымды жеткізетін, өмір тәжірибесін қолдана айтатын сөздер. Онда ел, жер, халық, Отан жайында айтылған өнегелі сөздер өте көп. Мысалы, «Өз елім өрен төсегім», «Ел – жұрты бардың жұтамы жоқ», «Туған жердің күні де, күлі де ыстық», «Туған жер – тұғырың, туған ел - қыдырың», т.б. мән мағынасына зер салатын болсақ, ешқандай дәлелдеуді қажет етпейтін, жас ұрпақтың отансүйгіштік, патриоттық сезімін жетілдіру үшін қажетті қағидалар, бұлардың тәрбиелік мәнін түсіндіре отырып, бала тәрбиесінде кең пайдаланылды. Өзінің мақалдарында туған жер, ел – отанды аса жоғары бағалап ардақтаған халық енді оларды қорғау әрбір ер – азаматтың басты борышы деп біледі. Ел талап, ойран салуды көздеген шапқыншы жау болса, оған қарсы аттану, қасықтай қаны қалғанша, ақтық демі біткенше алысу, сөйтіп дұшпаннан Отанды қорғап қалу халқын сүйген әрбір ер жігіттің азаматтық борышы болатындығын көрсетеді. «Жат елдің жақсысы болғанша, өз еліңнің сақшысы бол», «Елін сүйген ер болар» деген мақалдар осының айғағы. Халық мақалдары ел қорғау, басқыншы жауды талқандап жену жолында ерлік жасаған, қара қылды қақ жарған, қиядан тартып жол салған, жау қамалын қиратқан, табан тірескен айқастарда тайсалып тартынбаған жігіттерді ардақтайды, абыройлы атақ пен даңққа бөлейді. Олардың халық сүйсінген ерлік істерін кейінгі ұрпаққа үлгі етеді.

Қазақ ауыз әдебиетінен орын алған және ерте заманнан бастап бүгінгі күнге дейін даму, өсу үстінде келе жатқан жанрлардың бірі – жұмбақтар.

Жұмбақ - өскелең ұрпаққа білім берерлік, тәрбиелік мәні бар құралдардың бірі. Мақал адамның логикалық ойын дамытса, жұмбақ, жаңылтпаш жас баланың тілін жетілдіріп, табиғат өмір жағдайындағы түсінігі мен қиялдау қабілетін дамытады. Жұмбақ ең алдымен жас бөбектерге үйретілген. Оның өзі көбіне ұйқасқан өлең түрінде айтылатын

болған. Алдында айтылған мақал – мәтелдер тәрізді жұмбақтар да балаларды ерлікке отаншылдыққа, патриотыққа үндейтін маңызды құралдардың бірі. Өйткені көптеген жұмбақтардың астарында батырлық ел қорғаған ерлердің бойындағы бес қарулы жасырын түрінде айтылады. Мысалы: Белі қайқы, жоны тайқы. (қылыш).

Сүмбелі теректі,
Қызыл желекті.
Ерден қалмайды,
Жауда керекті. (найза)

Негізі, жұмбақты сөз образының кілті есебінде тануға болады. Жұмбақ ақындықтың ұрығы – дәні тәрізді. Жұмбақтардың шешуін іздеймін деген баланы ойына және қиялына әсер етіп қана қоймайды, сонымен қатар қылыш, найза тәрізді ер қаруын қолға ылып, елін жаудан қорғауға деген құштарлықтар пайда болады.

Аңыз әңгімелерде елдің мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын қаһармандар өскелен буынға тәрбиелі де ізгі ықпалын тигізеді. Мысалы, көпшілікке мәлім, ұлы даланың абыз жырауы атанған Асан Қайғы туралы айтсақ артық болмас. Асан Қайғының халқы уайым - қайғыны білмейтін, жан – жануары жылына екі мәрте балалайтын жазы самал, қысы шуақты Жерұйықты іздеуі баяндалады. Желмаяға мініп тынымсыз сапар шегетін, Алтай мен Атырау арасындағы жер – судың қадір – қасиетіне қарай сипаттама беретін дала даңышпаны қартайған шағында жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрсе, ол халқы үшін жасаған қызметі.

Сол үшін де халқы да оны қадірлеген, оны кейінгі ұрпағына Асан Қайғының отаншылдығын, үлгі етіп ұсынған. Асан Қайғыдай ел ұлы болуға үндеген. Жалғыз Асан Қайғы емес, сонымен бірге Жиренше шешен туралы айтылған аңыз әңгімелерді де патриотизм туралы айтылған. Айталық, ұзақ мерзім бойы әз – Жәнібек ханның ақ ордасында болып, өзінің ұядай қосына анда – санда бір оралатын Жиреншенің екі тізесі сыртқа шығып жататын баспанасы жайлы «қайран менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім» деп айтатын қанатты сөзінде патриоттық ой жатыр. Өйткені, ел деген ұғым осы шағын қостан басталатынын, туған жерге деген сүйіспеншілік осындай түсініктен нәр алатынын қиыр жайлап, шет қонып жүрген көшпелі жақсы білген. Сондықтан, оны ұрпақығына өнегелі жол деп көрсетті.

Ертегілерге бай елдердің бірі – қазақ халқы. Қазақ халқының ой – қиялының жемісі болып саналатын ертегілер балалардың патриоттық тәрбиесінде аса маңызды рөл атқарады. Өйткені, ондағы патриотизм шығарма қаһармандарының туған еліне, кіндік қаны талған жеріне деген құмтарлығы ауыз әдебиеті нұсқауларының басқа жанрларына қарағанда ертегілерде анық байқалады. Мәселен, «Ер Төстік» ертегісіндегі оқиғалар бас кейіпкер өзінің елден ауып кеткен ағаларын іздеп тауып әкелуі, өз

басына, еліне қауіп төндірген перінің қызы Бекторы мен Жалмауыз кемпірден құтылып, кек алуы жалаң батырлық емес, ізгі пейілді азаматтығын да байқатады. Халық ертегілері өткенді ғана баяндаумен шектелмейді, болашақ, келешек туралы қатты ойланады. Қазақ ертегілерінің басым бөлігінде ерлік, батырлықпен қатар үлкен адамгершілік, қайырымдылық ақыл, тапқырлық, мейірімділік пен парасат мадақталып, өскелең ұрпаққа – үлгі ретінде ұсыналады.

Отаншылдық, ел – жұртын сүю, азаматтық борышын атқаруға болатын халықтық рухани құндылықтың бірі – ар – намыс. Бұл – борышты атқаруға итермелейтін әлеуметтік күш. Осы тұрғыдан алғанда ар – намыс қазақ халқының бойына туа біткен ұлттық әлеуметтік - психологиялық ерекшелік болмысы және ол азаматтық елін, жерін, тілін сүюге отандық ойлау жүйесінің негізі болмақ. Сондықтан баланың жасынан ар – намысын қалыптастыру үшін халықтық ертегілердің, ер – азамат бейнесін сомдап, үлгі етіп, мақтанышын, ерлігін мадақтап тәрбиелеудің маңызы зор.

Қазақ ауыз әдебиетінің ертеден кем жатқан күрделі саласының бірі – батырлар жыры. Бұл жырлардың көпшілігі халықтың Отанды сүю, басқыншы жаудан елді қорғау, халық үшін емес ерлік еңбек ету идеясынан туған. Дәстүрлі қазақ эпосы – ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығының айқын айғағы ретінде бүгінгі күні де халықтың жадында сақталып, ғасырдан – ғасырға, ұрпақтан – ұрпаққа асыл мұра болып жетіп отыр. Батырлар жыры бір ғасырдың ғана жемісі емес. Ол халықтың ертедегі тұрмыс – тіршілігіне, тарихына, қоғамдық өміріне байланысты туып, солармен бірге жасасқан. Елін, жерін қорғаған батырларды мадақтап жырға қосу арқылы халық жас ұрпақты ерлікке, өрлікке, мәрттілікке, ұлтжандылыққа үйретуге тырысқан. Мысалы, «Қамбар батыр» жыры ересектермен қатар, кіші сынып оқушыларының қабілетіне сай шығарма. Қамбар батырдың ерлік істері, халқына сіңірген еңбегі балаларды қажырлы өжет іске бастайды.

Ұлттық ойындардың да балаға тигізетін пайдасын халық ертеден – ақ білген. Бәйге аттың озып келуі баланың батылдық пен өжеттілікке, шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелейді. Жастайыннан ат құлағында ойнайтын қазақ баласы үшін бәйге ертеңгі әскери мектептің бір сынағы іспеттес. Қазақтың баласы жасы жетіге келгенде атқа мінгізіп үзеңгіні ұстатуы, ел болуға, өз ісіне жауапты болуға меңзегені де жақсы дәстүр. Бұл жерде баланың жетіге келгенде мектепке баруы да, оң – солын, танудағы алғашқы қадамы да кездейсоқтық емес.

Бастауыш сынып оқушыларының ұстаздары балаларды алғашқы боп Отанмен, қоршаған ортамен таныстыратындарын ұмытпаулары тиіс. Патриоттық сезімге тәрбиелеудің жолдары әр түрлі болады, ең бастысы оқушыларда Қазақстан Республикасының азаматығына деген, ең керемет сезімді қалыптастыру.

Қорытындылай келе ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әрбір оқытушы өз тәрбие жұмысының негізгі мақсатын от жүрегі Отан деп соғатын жастар тәрбиелеу деп алса, ұлт болашағына, ел тыныштығына сеніммен қарауға болады.

**Әдебиеттер:**

1. Байділдина К. Патриоттық тәрбие бастауы. – Бастауыш мектеп. 1986, №9.
2. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасының және оқыту әдістемесі. – Алматы, 2004.
3. Патриоттық тәрбие беруде ауыз әдебиетінің атқаратын рөлі – Бастауыш мектеп. 2005. №8.

**ӘӨЖ**

# ТҮРЛІ ТІЛ КЕМШІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫ ТҮЗЕТУДЕ ЛОГОРИТМИКАНЫҢ РӨЛІ

**Садуакасова Акжаркын Абдикадыровна**
Түлкібас ауданы, Түлкібас мүгедек балаларды оңалту орталығының логопеді

***Түйін***

*Соңғы жылдары балалардың түрлі деңгейдегі тіл кемістіктері белең алып бара жатыр. Бұл мақалада балалардың тіл кемістіктерін жою үшін әсем әуендерді әдемі сөзбен және оны қимылмен біріктіру – логопедиялық ритмиканы сабақтарда пайдалану жолдары қарастырылған. Логопедиялық ритмиканы мектептерде ашылған инклюзия сыныптарында қолдану балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын арттырумен бірге өз тілінде де өзге тілдерде де еркін сөйлей алуына мүмкіндік береді.*

***Summary***

*Abstract. In the last years, there has been seen an increase of speech disorders of different levels among children. This article describes the ways of using speech therapy rhythms in the classroom – a combination of colorful melodies with beautiful words and movements to eliminate the shortcomings of children’s speech. By using speech therapy rhythms in inclusion classes, opened in schools, children learn to freely communicate both in their own language and in other languages, instilling a love to music.*

Түрлі дәрежедегі тіл кемістіктері бар балаларды емдеу – сауықтыру, түзету үшін кешенді де, тиімді жұмыс түрлерінің керектігі қазіргі таңда көкейкесті мәселеге айналып отыр. Өйткені, түрлі тіл кемістіктері бар балалар саны өкінішке орай, күн санап артып келеді және тіл кемістіктері бар балаларды түзету үшін кешенді жұмыс түрлерін жүйелі жүргізілуді қажет етеді.

Тіл кемістіктері бар балаларға логопедиялық жұмыс түрлерін жасаумен қатар, музыканы пайдалану – ұзақ жылғы іс-тәжірибиеде оң нәтижесін берді. Бұл емдеу шараларының бір түрі

ретінде дұрыс тыныс алудан бастап, артикуляциялық жаттығулар жасату, ойындар ойнату, музыканың сүйемелдеуімен айтылатын әуендер, әуенді ойындар, релаксациялық жаттығулар, саусақ жаттығулар, дене жаттығулар музыканың сүйемелдеуімен көркемдей отырып, балаға музыканы тыңдау, әнді айту арқылы олардың есту қабілетін арттырады, ритмді ұстай отырып дауыс мүмкіндіктерін жетілдіреді.

Музыка – баланың жан-дүниесіне, сезіміне әсер етіп, түрлі тіл кемістіктерін жоюдың басты құралы. Бесік жырын естіп өскен әр бала, оны есінде сақтай отырып тұрмыстық тілі дамиды. Өйткені, музыка тілі – жеке тұлғаның эстетикалық мәдениеттін қалыптастыратын үдеріс. Оның ішінде логоритмика арқылы әсем сөз бен әуенді қосқанда, балалардың өздеріне деген сенімі күшейіп, әуенге байланысты сөздерін анықтап, келтіре айтуға және ритмге(ырғаққа) еруге тырысады. Ол музыканы тілі арқылы қимыл-әрекеті біріктіре қолдана отырып, балалардың сөйлеу тілінің дұрыс дамуына және ойлау қабілеттерінің артуына да тікелей әсер етеді. Балалардың неғұрлым қол-қимыл әрекеттері жоғары дамыса, онда логикалық жағынан анық ойлай алатын, сенімді де нық, есте сақтау қабілеттері жоғары, тыңдаған нәрсені өз сөзімен шебер қиыстырып айта білетін, сөйлеу тілі бай, өз іс-әрекеттеріне жауап бере алатын, жан- жақты дамыған оқушылар болмақ.

Ал, егер баланың ұсақ моторикасы, қол-қимыл әрекеттері дер кезінде толық дамымаса, оқушылық кезеңде оқуға, жазуға икемділіктері аз, қызығушықтары төмен, түрлі қиыншылықтарға төтеп бере алмайтын, әлсіз болса сабақтағы үлгерімі нашар оқушыларға айналады. Сондықтан да, қол-қимыл жаттығуларына күнделікті уақыт бөле отырып ұсақ моториканы, сөйлеу тілін, ойлау қабілетін, тапқырлық, шапшаңдық сияқты қажетті дағдыларды дамытады.

Балалардың түрлі тіл кемістіктерінің пайда болуы мен себептері белгілі бір жағдаяттардың аясында болғандықтан логопедиялық ритмиканың маңызы зор. Логопедиялық ритмика – балардың түрлі тіл кемшіліктерін түзету мен жоюға арналған әдіс-тәсіл.

XX ғасырдың басында логоритмика әдісін алғаш рет ойлап тапқан Швейцар педагогы және музыкант Э. Жак-Далькроз болды. Ол арнайы сөз бен әуенді (музыканы), қимыл-қозғалысты біріктіре отырып, балалардың музыкалық есту қабілетін, есте сақтауын, ырғақты сезіне отырып, дұрыс ұстай алуын, жалпы қимыл-қозғалыстың жеңіл, музыкаға сай қозғалуын жетілдірді [1].

Осы әдісті емдік-сауықтыру мақсатында шет елдерде де, бізде де бірте-бірте қолданылып, арнайы бағыты – «логопедиялық ритмика» пайда болды. Өзінің «Логопедическая ритмика» деген мақаласында (1938) В.А. Гринер мен Ю.А. Флоренская алғаш рет балалардың дұрыс, анық сөйлеуі үшін логопедиялық ритмиканы арнайы сабақ ретінде жүргізуді талап етті [2].

1950-70 жылдар аралығында логоритмиканы тұтығу ауруына шалдыққан балаларды емдеу мақсатында пайдаланып келді.

Логопедтердің тәжірибиесінде әдіс – сөз, ән, қимыл бірлігі немесе логопедиялық ритмика деп кірді. В.И. Рождественская өзінің «Игры и упражнения для исправления заикания» атты еңбегінде логоритмиканың балалардың өмірінде алатын орны жетік көрсетілген [3].

Логоритмика – өзіне балалардың түрлі тіл кемістіктерін олардың қимыл-қозғалысы мен музыканы тыңдай отырып, түсіне алуына жағдай жасайды. Пайдаланылатын әндер балалардың жас және дара ерекшеліктеріне сәйкес, қысқа, әуені құлаққа жағымды, жеңіл, ырғақтары нақты, үйлесімді болулары шарт. Әндерді сөз үйлесімдеріне орай, музыкалық дыбыс жоғарылығын дұрыс сақтай алу маңызды болып табылады. Балалардың қимыл-қозғалыстары әуеннің сөзі сәйкестендірілуі басты назарда болып, орындалатын тактілер алдын ала түсіндіріледі. Мысалы, «Машина» әнін сабақта қолдану ретін көрсетелік (Кесте 1).

Кесте 1 – «Машина» әнін (Әні: К. Қуатбаевтікі, Музыкасы: Т.Тұяқбаевтікі) сабақта қолданудың реттілігі.

«Машина» әнінің сөзі Қолдану реттілігі

«Бип-бип- бип», - дейді,

«Жолдан былай кет»,- дейді Әнді алдымен балаға логопед өзі орындап, сөзін асықпай анық айтады. Музыка жетекшісі әннің көңілді, сезіммен орындалатындығын түсіндіреді, қимылдарын көрсетіп, орындайды.

Күшікті басуға, басуға. Əн балаларға өте ұнайды.

Болмайды, болмайды машина. 1-2 тактіде қолды сигнал берген сияқты алға созып, қолындағы ойыншық рулін басып көрсетеді.

Бип-бип-бип, 3-8 тактіде саусақты шайқап, көрсетеді.

Бип-бип-бип, Қайтадан сигнал берген сияқты, қолдарын алға созып-жинау керек.

«Бип-бип-бип»- дейді, 2 шумақта сөзіне қарай, баланың жеке ерекшеліктеріне қарай, қимыл-қозғалыстарын өзгертулеріне болады.

«Жол шетінде күт» -дейді

Көшеде жүруге асыға,

Болмайды, болмайды машина

Бип-бип-бип,

Бип-бип-бип.

Бип-бип-бип

«Машина» әнінің (Әні: К. Қуатбаевтікі, Музыкасы: Т.Тұяқбаевтікі) нотасы төменде көрсетілген.

Осы әдіс-тәсілдер балалардың тіл кемістіктерін түзетуде логоритмиканы пайдалану кезінде өзінің оң нәтижесін беретініне, жан-жақты емделу, түзету процесінде нақты өз орнын алатынын көрсетеді. Балалардың толыққанды, жан-жақты дамуына отбасы, тәрбиешілер, логопед- педагогтер, мектеп педагогтер өздерінің үлестерін бөлісіп, көрсете алады. Өйткені, балалар сапалы білім ала отырып, адамгершілік, мейірім болып өсуі ересектердің қолдауы арқылы жүзеге асады.

**Әдебиеттер**

1. Далькроз Э.Ж.. Музыка, ритмика и толпа. - «Жизнь искусства», 1924, N1-13, с.12
2. Гринер В.А., Флоренская Ю.А. Логопедическая ритмика. - Журнал «Невропатология, психиатрия и психогигиена». М., 1936, т.5, в.6. – С. 32.
3. Рождественская В.И. и Павлова А.И. Игры и упражнения для исправления заикания. - «Просвещение», М. 1978.- 64с.

**ӘӨЖ**

# ГЕОГРАФИЯ ПӘНІҢ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ТҮРЛЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ

**Жуманбаева Нурсулу Кошкаркызы**

Түлкібас ауданы, А.Пушкин атындағы ақпараттық технологиялар мектеп лицейінің география пәні мұғалімі

***Резюме***

*В статье рассматривается использование эффективных форм и методов обучения предмета географии*

***Summary***

*The article discusses the use of effective forms and methods of teaching the subject of geography*

Оқу үдерісінің тиімділігін арттыру көп жағдайда сабақ барысында оқушылардың танымдық белсенділігін дамытатын және оқу үдерісін күшейтетін оқыту түрлері мен тәсілдеріне байланысты.

География оқыту тәжірибесінде сабақ, дәріс, практикум, экскурсия, конференция, қосымша факультативтік сабақтар арқылы оқыту түрлері және келесі тәсілдер кеңінен қолданылады: әңгімелесу, сұхбат, кітаппен жұмыс істеу, бақылау, эксперимент, экрандық оқу құралдарын пайдалану, тәжірибелік жұмыс, жоба жұмысы. Сонымен қатар, қазіргі кезде сабақтарда модельдеу әдістері, ойша модель құрастыру, математикалық модельдеу әдістері де кеінен қолданылады.

***Сабақ*** – сыныпта оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі үлгісі болып табылады. География сабақтарында сабақтың келесі түрлері қолданылады: жаңа білімді игеру сабағы, білімді тәжірибеде қолдану сабағы, өткен тақырыпты пысықтау және қайталау сабағы, білімді бақылау және жинақтау сабағы, аралас сабағы. Сабақтың түрі сабақтың дидактикалық мақсаттарына байланысты таңдалады. Жеке, жұптық, топтық, және қайталау сабағы, білімді бақылау және жинақтау сабағы, аралас сабақ. Сабақтың түрі сабақтың дидактикалық мақсаттарына байланысты таңдалады. Жеке, жұптық, топтық және ұжымдық оқу жұмысы арқылы оқыту түрлері сабақтың барлық түрлеріне ортақ болып табылады:

- жеке – оқушының тапсырманы өздігінен орындауы;
- жұптық – «оқушы-оқушы», «мұғалім-оқушы» режиминдегі жұмыс;
- топтық – топ мүшелерінің санына қарай шағын топтағы (3-5адам) жұмыс және жалпы сыныптық жұмыс (бүкіл сынып) түрінде өтуі мүмкін, мұнда барлық оқушы бір тапсырманы (тақырыпты) немесе оның бір бөлігін орындайды;
- ұжымдық, яғни құрамы ауысып отыратын жұптардағы жұмыс, мұнда әр оқушы жеке тақырыпты немесе тапсырманы орындайды және әр серітесіне оны түсіңдіреді.

Пәндерді оқытуда ***әңгімелеу әдісі*** кеңінен қолданылады. Әңгімелеу мазмұндаудың негізгі тәсілдерінің бірі болып табылады. Мұғалім әңгімелеу арқылы материалдың мазмұнын түсіндіреді. Географияны оқытуда әңгімелеу арқылы материалдың мазмұның түсіндіреді. Географияны оқытуда әңгімелеу сабақ уақытының аз бөлігін алып, әдістемелік талаптарға сай келуі тиіс:

1) әңгіме қысқа болуы керек (5-15минут);
2) әңгімелеу барысында жаңа терминдерге арнайы тоқталып, тақтаға жазу және қажет жағдайда оқушылардың дәптеріне жазып алуларына мүмкіндік беру керек;
3) сабақта қолданылатын көрнекіліктер мен карталарды алдын ала дайындап, көрінетін жерге іліп қойған дұрыс;
4) мұғалімнің сөздері түсінікті және сөздрді орынсыз қайталау, бұрмалау болмауы керек;

5) мұғалімнің әңгімелеуі эмоционалдық тұрғыда әсерлі юолуы тиіс;
6) мұғалім оқулықта берілген мәтінді сол күйінде қайталап айтуына болмайды.

***Семинар.*** Оқушылар сұрақтарға алдына ала дайындалған жоспар бойынша, әрртүрлі әдебиеттермен және дереккөздермен жұмыс істеу арқылы дайындалады. География пәні бойынша семинар сабағында оқушылар берілген сұрақтарды жан-жақты талдап, өздерінің көзқарастарын білдіреді. Бұл оқушылардың зияткерлік әлеуетін дамытып, қосымша әдебиеттермен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Оқу үдерісінде мұғалім семинарға оқушылармен бірге қатысады, ол әртүрлі жолдармен және тәсілдермен олардың оқу- танымдық қызметін ұйымдастырады.

«География» пәндерін оқытуда төмендегідей әдістер қолданылады:

1) Білім берудің ауызша және жазбаша түрі. Оған; ауызша баяндау, сұхбат, оқулық және материалдармен жұмыс істеу жатады.

2) Көрнекілік әдісіне оқушының өз бетінше бақылау, тәжірибе жүргізуі мен көрнекі құралдар жасауы жатады. Сонымен қатар, карталарды және басқа да картографиялық құралдармен жұмыс істеуді жатқызуға болады.

3) Тәжірибелік оқытуға оқушылардың өздері орындайтын оқу әрекеттерін жатқызуға болады. Географияны оқытуда жиі қолданылатын тәжірибелік жұмыстарға жергілікті жерді түсіруде жүргізілетін тәжірибелік жұмыстар, жергілікті жердің жоспарын сызу, белгілі бір нысанды суретке түсіру, абсолюттік биіктіктікті анықтау, өзеннің ені мен тереңдігін анықтау
т.б. Географияны оқытуда әрбір әдістің өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан мұғалім сабақ өтуде бұл әдістерді қажеттілігіне қарай қолданып отырады. Мысалы, сабақ өткенде ауызша баяндау, сұхбат және картамен жұмыс істеу әдістерін бірге қолданған орынды.

***Географияны оқытудағы тәжірибелік және көрнекілік әдістер***

*Географиялық бақылау.* Географияны оқытуда бақылау әдісін қолданудың маңызы зор. Географиялық бақылауды қолдану арқылы оқушылардың іскерлігі мен дағдылары қалыптасады. Сонымен қатар, бақылау оқушылардың табиғат құбылыстары мен шаруашылық сипаттары жөніндегі білімдерін де тереңдетуге көмектеседі. Әдетте, географиялық бақылаулар сыныптан тыс уақытта өткізіледі. Көп жағдайда географиялық бақылау экскурсия кезінде орындалады және топтық сипатта жүргізіледі. Экскурсия кезіндегі топтық бақылау барысында төмендегідей мәселелерге назар аударылады: өзен режимі; құдықтағы судың деңгейі; таудағы топырақ түрлері; ауыл шаруашылық жұмыстары т.б.

Мектеп жанындағы географиялық алаңдарда: ауа райын бақылау; күннің биіктігін анықтау; күннің шығысы мен батысын белгілеу; поляр жұлдызының орнын анықтау т.б. бақылаулар жүргізіледі.

Бақылаудың кейбіреулері оқу бағдарламасына енгізіліп, оқушылар оларды кезекпен орындайды. Ал басқалары сыныптан тыс уақытқа жоспарланып

өткізіледі. Оқушылар географиялық бақылауды мұғалімнің тапсырмасы бойынша орындайды. Әр бақылаудың өзіндік бағыты мен мақсаты болады. Бақылау жүргізу барысында жинақталған материалдарды өңдеп, сабақтарда пайдалануға болады.

***Географиялық иллюстрация және олармен жұмыс істеу әдістері***

Географияны оқытуда қолданылатын көрнекі құралдарға суреттер, карталар, көріністер,әртүрлі пейзаждар жатады. География оқулықтарында иллюстрациялық материалдар өте көп беріледі. Көбінесе көркем суреттер тақырып мазмұнына орайластырылып беріледі. Мысалы:

- саяхатшылар мен зерттеушілердің жүрген саяхаттары;
- әр материктің ашылу тарихы;
- материк бедерлері;
- өсімдіктер;
- жануарлар;
- мұхит ағыстары;
- вулкандар және т.б.

***Жергілікті жердегі тәжірибелік жұмыстар***

Тәжірибелік сабақтардың мазмұны ілгеріде игерген білімді бекіту, меңгерген білімін тәжірибеде қолдану дағдыларын дамытуды қамтиды. Мұндай сабақтарда оқушылар әртүрлі географиялық көрнекі құралдармен жұмыс істеу арқылы тақырыпты меңгереді. Мұғалім сабақты жоспарлау барысында оқушылардың танымдық мүмкіндіктері мен талаптарына сәйкес тапсырмаларды іріктеуді ойластыру керек.

Оқушылар оқуда жоғары жетістіктерге жетуі үшін мұғалімдер сабақта белсенді оқуды қолдайтын тиімді әдіс-тәсілдерді қолданады.

Географияны оқытуда тәжірибелік жұмыстар жиі қолданылады. Көп жағдайда бұл тәжірибелер физикалық күй мен биологиялық бағытқа қатысты өткізіледі. Табиғатта болатын үдерістер мен оқиғаларды зерттеуде география пәніндегі тәжірибелердің маңызы зор.

Мәселен, мектеп географиясында кең тараған тәжірибелердің бірқатары төмендегідей:

1. Ауаның құрамын анықтау;
2. Ауаның ылғалдылығын білу т.б.
3. Судың жылдамдығын өлшеу;
4. Судың шаю уақыты мен процесін анықтау;
5. Сарқырамалардың пайда болуын білу;

«География» пәнін оқытуда физикалық география пәніне қатысты әртүрлі тәжірибелік жұмыстар жүргізіледі. Мұндай тәжірибелік жұмыстарды орындау барысында оқушылардың бойында білім мен іскерлік дағдылары қалыптасады. Географияны оқу барысында оқушылар топографиялық тәжірибелік жұмыстарды орындайды: тұсбағар, поляр жұлдызы, жергілікті

жердің белгілі бір нысандары арқылы бағыттарды анықтау, арақашықтықты көз мөлшермен және рулетканың көмегімен өлшеу, төбелердің абсолюттік биіктігін өлшеу, жергілікті жердің планын сызу, жергілікті жердің географиялық ендігі мен бойлығын өлшеу т.б. жатады.

***География сабағында картамен жұмыс істеу дағдыларын дамыту***

Оқушының география сабағында оқу мақсатына жету үшін өзін-өзі реттеу арқылы ойлау және іс-әрекетін жоспарлау дағдыларын дамытудың маңызы зор.

Оқу барысында географиялық картамен жұмыс істеу үшін оқушылардың бірқатар білім, дағдылары қалыптасуы керек:

- бағдарламаға сәйкес географиялық номенклатураны және нақты картографиялық түсініктерді білу;
- картада бейнеленген нысандар мен құбылыстарды түсіне білу;
-географиялық нысандарды картадан көрсете білу.

Картаны оқи білу оқушылардың төмендегідей дағдыларын қамтиды:

- шартты белгілер мен таңбаларды ажырата біліп, сол арқылы нысандар мен құбылыстарды оқи білу;
- карта арқылы түспеген жерлерді анықтай алу.

***Экскурсия*** сабағы оқу әдісі және сабақты ұйымдастыру үлгісі ретінде география мен жаратылыстануды оқытуда маңызды орын алады. Экскурсия мектептің немесе сыныптың аумағынан тыс, табиғи немесе өндірістік нысандарға саяхат арқылы жүзеге асырылатын оқыту тәсілі және оқу үдерісін ұйымдастыру түрі болып табылады. География мен жаратылыстануды оқытуда экскурсия оқу-тәрбие жұмысының бір түрі болғандықтан, оқушылар топтық экскурсияны табиғат аясында, далада, мұражайларда, өзен аңғарында т.б. өткізеді.

Экскурсия алдын ала белгіленген тақырып бойынша және белгіленген мерзімде бағдарлама бойынша өткізіледі. Мазмұнына байланысты тақырыптық экскурсия, кешендік экскурсия, кіріспе экскурсия, қорытынды экскурсия түрінде болуы мүмкін.

Тақырыптық экскурсия география не жаратылыстану пәнінің нақты бір тақырыбына арналады. Кешенді экскурсия мазмұндық жағынан ұқсас тақырыптар бойынша бірнеше пән көлемінде ұйымдастырылады, мысалы, география, жаратылыстану, биология. Бұл пәнаралық байланысты көрнекі көрсетуге мүмкіндік береді. Кіріспе экскурсия тақырыпқа кіріспе жасау мақсатында ұйымдастырылады; қарастырылатын тақырыптың тәжірибелік маңызын көрсетіп, оқушыларды сабаққа қызықтыруды көздейді. Қорытынды экскурсия оқушылардың белгілі бір сала бойынша оқып үйренгендерін қорыту, өмірмен байланыстыру мақсатында ұйымдастырылады.

Экскурсия теориялық білімді тәжірибемен байланыстырумен қатар белгілі бір сала мамандарының жұмысымен танысуға да мүмкіндік береді. Оқушыларға экскурсиядан соң танысып-білгендері бойынша таныстырылым дайындау, баяндама жасау, т.б. түрінде ойтүйіндеу тапсырмаларын беруге болады.

Экскурсияны қорыту үшін саяхаттан алған білімдері мен орындаған жұмыстарын бағалауға мүмкіндік беретін пікір алмасу, талқылау түрінде
қорыту сабағын өткізуге болады.

**Әдебиеттер:**


1. Алимов А.К. Использование активных форм обучения. Методическое пособие /АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Центр педагогического мастерства, 2014. – 188 с.
2. Бартенева Т.П, Ремонтова А.П. Использование информационных компьютерных технологий на уроках естественных наук /ИТО-2003. mht
3. Каратабанов Р. Методические рекомендации и сборник заданий по развитию функциональной грамотности на уроках географии. Учебное пособие//АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Центр образовательных программ, 2014.-58с


**ӘӨЖ**

# БАЛАБАҚШАДА ЖОБАЛАУ ӘДІСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗІЛУ ӘДІСІ


**Абдукаримова Нұржамал Сұлтанбекқызы**

Төлеби ауданы, ЖШС Hanbibi Ana бақшасының әдіскер тәрбиешісі



***Резюме***

*В данной статье рассматривается организация проектной деятельности в детском саду*

***Summary***

*The article is considered the effective ways to use of the methodology of the project in the educational process*


Жобалау әдісі – инновациялық педагогикалық технология. Педагогикалық жоба ол педагогтардың арнайы ұйымдастырған, балалардың өздігінен шешім қабылдауын және де өз таңдауы мен еңбегінің, шығармашылығының нәтижесіне өзін жауапты ететін іс-әрекеттер тобы. Арнайы білімді қажет ететін айқын мәселелерге ынталандыру және жоба іс-әрекеті арқылы мәселенің шешімін қамтитын білімнің іс-жүзінде пайдалануы.

Жоба технологиясының ерекшелігі – баланың алдағы іс-әрекетті жобалай алуы мен оның субьекті бола білуі.

Жоба – ол баланың мақсатқа жетуде қоршаған ортасын кезеңді процестер мен алдын-ала жоспарланған тәжірибелік іс-әрекет арқылы қабылдайтын педагогикалық әдіс.

Жобалау әдісі түсінігінің негізгі тезисін танып жатқанымыздың барлығын не үшін қажет екенін және бұл білімді қайда және қалай пайдалану керектігін білеміз.

Жобалау әдісі – мәселені жете зерттеу арқылы, нақтылы нәтиже бере алатын, рәсімделген дидактикалық мақсатқа жету тәсілі. Жобалау әдісі – барлық кезде қандай да бір мәселенің шешімін жорамалдайды. Жобалау әдісі – жеке басқа бағытталған оқыту әдісі. Ол оқудың мазмұндық бөлігі мен тапсырма кешені арқылы шеберлік пен дағдыны дамытады. Ол оқытудың мазмұндық бөлігін тапсырма жиынтығы арқылы балалардың зерттеу іс-әрекетін болдыруға себепші, оқытылатын мағлұматтарды қандай да бір іс-әрекет немесе продукция ретінде алып шеберлік пен дағдыны дамытады.

Жобалық іс-әрекеті біріккен оқу танымдық іс-әрекеттің ортақ нәтижесіне бағытталған, ортақ мақсаты, қиыстырылған әдісі, іс-әрекет тәсілдері бар, балалардың шығармашылық және ойын іс-әрекеті.

Педагогикалық жобалау – қандай да бір мәселенің шешімін көрсететін жоба жасау үрдісі. Ол оқу үрдісі жағдайында орындалатын және оның тиімді жұмыс істеуі мен дамуына бағытталған іс-әрекет.

Жобалап оқытудың артықшылықтары: логикалық дәрежеде ойлау мен белсенді зерттеуді мадақтау,балалардың өз күштері мен мүмкіншіліктеріне деген сенімдерінің артуы, жобамен жұмыс жасағанда, дәстүрлі оқытумен салыстырсақ балалар өз оқуларының жауапкершілігін байыпты түрде өздері алады. Нәтижесінде оқудың сапасы жақсарады және ойлау мүмкіншілігі мен мәселені түсіне білу, ынтымақтасу және қарым-қатынас сияқты іс-әрекет шеберлігі мен әдістерін дамыту мүмкіншілігі артады.Сонымен бірге даму деңгейі әр түрлі балаларды оқыту мүмкіншілігі артады.

Жобалау әдісінің басты идеясы: балалардың танымдық қызығушылығын дамыту, өз беттерінше және тәрбиешісі мен ата-анасының көмегі арқылы өз білімдерін дұрыстап ақпараттық кеңістікте жөн таба білу және сыни ойлауды дамыту.

Жобалаудың түрлері: 1. Монопәндік – білім саласындағы мәселелерді шешетін «Денсаулық» жобасы, 2. Пәнаралық – «Денсаулық» «Коммуникация» таным сияқты бірнеше білім салаларының мәселесін шешетін жоба, яғни бір тақырыпты әр түрлі саладағы ұстаным бойынша қарастырамыз. Пәндік немесе пәннен тыс мектепке дейінгі білім беру оқу жоспарының вариациялық бөлігінің мәселесін шешетін жоба.

Жобаның тақырыбы келесі талаптарға жауап береді. 1. 5 оқыту салаларының мазмұнынан таңдалады, яғни мемлекеттік стандарттың талаптарына сай келуі керек; 2.тақырып бағдарламадан тыс таңдалып, оқу жоспарының вариациялық бөлімімен сай келуі мүмкін; 3. мектепке дейінгі жастағы балаларға жақын және түсінікті болуы тиіс; 4. жақын даму аймағында орналасуы тиіс.

Жоба бір мәселені шешіп және оны қолданыста пайдалану үшін әр түрлі білім салаларынан мағлұматтарды ықпалдастыра алады. Балалар біріншіден ойлауға, ал содан кейін барып істеуге, іс-әрекетінің жоспарын құрып, келісімдерді бұзбай, келісілген мәмілелерден таймауға тырысады.

Жобалар әртүрлі белгілеріне қарап бөлінеді. Ең елеулісі іс-әрекеттің басымдық түрі болып табылады. Мектепке дейінгі білім беруде жобалардың мына түрлері пайдаланылады:

*1. Эмпирикалық:* тірі және өлі табиғат әлемінде өздік бақылаулар мен эксперименттер жүргізу. «Қар бүршіктері қайдан ұшып келеді?», «Неліктен бәйшешектер бәйшешек деп аталады?», «Қызғалдақ»- ұрып кететін гүл. Нәтижелер өсімдік сақтайтын бүктемелер, тәжірибе картотекалары ретінде рәсімделеді.

*2. Зерттеу:* ізденеді, деректерді жинақтап қорытады, табиғат құбылыстары туралы әр түрлі дереknамалардан мағлұмат жинайды, кітаптар, кинофильмдер, интернет пайдаланады. Зерттеу, іздестірулер нәтижесі газет айдарлары, альбомдар, журналдар немесе аспаздық кітаптарда жинақталады. Қызыл кітап арқылы (сирек кездесетін және жойылып бара жатқан) өсімдік түрлері мен жануарлар құстар туралы білімдерін кеңейтіледі.

*3. Рөлдік ойындар жобасы:* бұл шығармашылық ойын нышандары, ойын жобасы. Мұнда балалар ертегі кейіпкерлерінің бейнесіне еніп, берілген тапсырмаларды өздері шешеді. Нәтижесінде: мазмұнды ойын, бала мерекелері ұйымдастырылады, балалар ертегілерді кейіптендіре біледі. Су асты әлеміне ойын-саяхаттары ойналады. Балалар «Театр» сюжеттік-рөлдік ойындар ойнауға үйренеді.

*4. Шығармашылық жоба:* әдетте қатысушыларда ортақ іс-әрекеттерінің дайындалған құрылымы болмайды. Бұл балалардың үлгілер мен пішімдер жасау, әңгімелер құрастыру, тақпақтар, ойдан шығарылған кейіпкерлері бар әңгімелер. Нәтижесінде балалар музыкалық ертегі драмаластыру, столүстілік театры арқылы әңгімелер ойлап табу, кейіпкерлер дайындау, ата-аналар мен балаларға қойылым көрсету мен сахналастырылған, суреттелген диафильмдердің фильмотекасын жасау, альбом дизайны көрмесі. Шығармашылық жобаларда табиғи және құнсыз материалдарды пайдаланған жөн.

*5. Фантастикалық жоба:* таныс әңгімелер мен ертегілер, мультфильмдерді мазмұнына қарай отырып, және балалардың өз шығармашылығы мен қиялынан «Болашақтың қаласы», «Келімсектер жерде», «Суперробот» Бетман сияқты жобалар құру.

Жобаға қатысушылар құрамы топ, шағын топ, жеке, отбасы, жұп болуы мүмкін. Жобаның ұзақтығы қысқа мерзімді – 1,2 немесе бірнеше сағат, 1-2 апта, орта мерзімді 1-3 ай, ұзақ – бір жылға дейін. Тәжірибеде мектепке дейінгі білім беруде жобаның орындалуы мектеп жасына дейінгі баланың психикалық дамуына байланысты болады. Әсіресе берілген жобаға деген қызығушылық пен ықыластың тұрақтылығы.

Қызығушылық 1-2 сабақта немесе керісінше ата-аналардың қатысуымен жобаның жасалуына қарай ұзақ болуына байланысты болады.

Жобалаудың негізгі қызметі – бағдарламаны белгілеп, арнаулы іс-әрекеттердің жалғасуына құралдар таңдау. Жобалық әдіс – айқын іс-әрекеттер кезеңінен өтетін айдың пайда болуынан бастап жүзеге асуы.

*Жоба құрылымы бойынша 3 кезеңге бөлінеді:*

1. дайындық.
2. негізгі.
3. қорытынды.

*Жобалық іс-әрекеттің кезеңдерінің мазмұнын қарастырайық.*

1. Дайындық (ұйымдастыру) кезеңінде не үшін дәл осы жоба таңдалды деген сұраққа жауап бере отырып,жобаның қазіргі мән-жайы, бұл жоба қандай мәселелерді шешеді және бұл жобаның нәтижесі қандай болмақ осы сұрақтарға жауап беріледі.Сонымен бірге жобаның тақырыбы, мақсаты, міндеті, мәселесі, уақыты және қоры анықталады.Жұмыстық жоспар жасалады, командалар құрылымы, жауапты адамдар тағайындалады.

2. Негізгі кезең – жобаның жүзеге асуы кезеңі бұл кезеңде ақпарат жинап және оны анықтайды, жобаны жасақталады, жоспар бойынша негізгі іс-шаралар өткізіледі, жоспарларды бақылау және түзету жұмыстары жүргізіледі.

Жобаның жүзеге асырылуы арасында өзгерістер енгізілуі де мүмкін. Бастысы бағдарламаның дәл дұрыс орындалуы емес жұмыстың тиімділігі (жобаның мақсатқа жетуі).

3. Қорытынды кезеңде жобаны қорғау, рефлексия, қойылған мақсат тұрғысынан алынған нәтиженің бағалануы және түзетулері енгізіліп және қорытындыланады.

Даму перспективаларын анықтау жобаның соңғы кезеңі – жобаны қорғау- әрқашан көріністі. Оған ата-аналармен кішкентай балаларды, жалпы қонақ шақыруға болады. Дәл осы кезеңде жоба эмоциялық тұрғыдан қыза түседі және осы кезде оның әлеуметтік маңыздылығын да арттыру керек. Не үшін, кім үшін жасалғанын және жалпы не үшін қажет екенін түсіндіру керек. Қорғау өте жарқын болуы керек, онда әрбір баланың, әр ата-ананың, әр мұғалімнің еңбегі көрінетіндей етіп ойластыру керек.

Мақсаттылық жобаның белгілері: (мақсат жоқ болса – жоба да жоқ). 1. Өзгеріс (оқу процесінің қажет күйге айналуы). 2.Уақытына шектеу қою (барлық жобаның басталып, аяқталатын мерзімі болуы керек). 3.Жобаның бірегейлігі. 4.Қажет қордың шектеулігі.

Жобаға қойылатын негізгі талаптар: шешімін іздейтін мәселенің болуы, жоба бұл байсалды ойын, баланың дербестігі және ата-ана мен баланың ортақ шығармашылығы.

Қорытындылай келе жобалау әдісі арқылы төмендегідей нәтижеге қол жеткізуге болады балаларды, ата - аналар мен мұғалімдерді кешенді сүйемелдеу қалыптары дайындалады (жоба бойынша шығармашылық топтың жоспары жасалды), әр бір педагог жеке кішігірім жобалар жасап, ақпараттық

коммуникациялық технологиялар пайдалану сабақтарының конспектілері дайындалады, балабақшада даму ортасы жетіледі және кеңестер өткізіліп, педагогтарға практикалық кеңестер, ал ата- аналарға жобаны жүзеге асыру бойынша кеңестер беріледі.

**Әдебиеттер:**

1. Ф.Н. Жұмабекова. «Мектепке дейінгі педагогика» [100-108 беттер]. 2012 жылы
2. Н.Е.Веракса. «Проектная деятельность дошкольников» 2006 жыл
3. О.И Давыдова, А.А. Майер , Л.Г. Богословец «Проекты в работе с семьей» 2000 жыл
4. Л.С.Киселёвой, Т.А.Данилиной, Т.С.Лагоды, М.Б.Зуйковой «Проектный метод в деятельности дошкольного учреждения» 2001 жыл

**ӘӨЖ**

# МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ОЙЫННЫҢ ЫҚПАЛЫ

**Диханбаева Арайлым Сейфуллаевна**
Төлеби ауданы, ЖШС Hanbibi Ana бақшасының тәрбиешісі

***Резюме***

*В статье автор рассматривает детскую игру как средство формирования активного общения.*

***Summary***

*In the article, the author is considered children's play as a means of forming active communication*

Қарым-қатынас - жалпы адам өмір сүруінің негізгі жағдайы. Адам қалыпты өмір сүру үшін, өзінің психикалық қасиеттерін дамыту үшін, жеке тұлғалық ерекшеліктерін жетілдіру үшін, сондай-ақ білім меңгеріп тәжірибе жинақтау үшін адамдармен қарым-қатынас жасайды. Қарым-қатынас арқасында ғана адам өзінің кім екенін танып, өзін өзгелерден ажырата алады, өзін басқалармен салыстыру арқылы басқа адамдағы қасиеттерді меңгереді. Қоғамнан тыс адам өмір сүре алмайды. Адам психикасының дамуындағы қарым-қатынастың ролі ерекше. Сондықтан адам өзгелермен қатынасқа түсу арқылы ғана қалыпты өмір сүре алады.

Адам дүниеге шыр етіп келіп түскеннен бастап-ақ айналасындағылармен қатынас жасай бастайды. Өмірінің алғашқы кезеңінде биологиялық сипаттағы қарым-қатынас болса, одан әрі оның қарым-қатынас сипаты әлеуметтік сипатқа түсе бастайды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ересектермен қарым-қатынасы туралы М.И.Лисина зерттей келе балалардың әлеуметтік мінез-құлқы мен жеке басының дамуын тек ересектермен қарым-қатынасымен ғана түсіндіруге болмайтындығын атап өтеді. Баланың жасы ұлғайған сайын оның жеке басының дамуында қарым-қатынас ерекше орын алатындығын айтып өтеді. Өз құрбыларымен қарым-қатынас жасай отырып, өзінің ішкі жан дүниесіндегі тұйықтықты аша алады, өз құрбылырымен өзара әрекеттесе отырып, өз көзқарастарын жеткізе алады.

Тек балалардың қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеу ғана олардың арасында туындаған қиыншылықтарды басқаруды жеңілдетеді, топтағы барлық балалармен өзара қатынасты толық құруға жол ашады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың өз құрбылары арасындағы қарым-қатынас сипаты көбінесе ойын әрекеттерінде көрінеді. Ойын барысында туындаған кейбір келіспеушіліктер мен конфликтілер баланың топтан оқшаулануының бір себебі болып табылады. Осыған орай психологиялық конфликтіні олардың ойын іс-әрекеті жағдайында зерттеу, сонымен қатар еңбек іс-әрекетінде бақылау арқылы топтан оқшауланатын баланы зерттеу оңайырақ.

Баланың кез келген ойынында  өзара қарым-қатынас орнайды. Ойынды ересек ұйымдастыратын және онымен бірге ойнайтын жағдайда, бұл - ересектермен өзара қарым-қатынас, балалар бір-бірімен ойнағанды қалайтындықтан, көбіне бұл – құрбыларымен өзара қарым-қатынас. Қарым-қатынастың құрамдас бөліктері – коммуникацияны, өзара әрекетті,  өзара түсінушілікті атай отырып, біз өзара қарым-қатынасты жай ғана өзара әрекетті ұйымдастыру ретінде ғана емес, қарым-қатынастың осындай барлық құрамдас бөліктерін біріктіруші ретінде атап көрсетеміз. Осылайша, қарым-қатынастың екі түрін айыруға болады: ересектермен қарым- қатынас (Б—Е) және құрбысымен қарым-қатынас (Б—Б1). Осы салалар өзара бір-бірімен тең бе? Жоқ әрине. Бала дүниеге келісімен ересектермен қарым-қатынаста болады, бірақ оның  мазмұны мен бағыты барған сайын өзгерістерге ұшырап отырады /1/. Құрбысымен қарым-қатынас кейіннен үш жасқа таман пайда болып, мектепке дейінгі шақта  өз кемеліне жетеді /2/. Балалық шақ кезеңінде ересектермен қарым-қатынас ересектердің әсерінің мазмұнымен қатар формасы бойынша  ажыратылатын  түрлі іс-әрекет барысында пайда болады.  Іс-әректтің негізгі үш түрін  бөліп көрсетуге болады. Біріншіден, ересек  қоршаған ортаға деген қатынасын баланың  өзіне алған рөлі арқылы  жанама түрде қатысатын *ойын*. Ойында баланың мінез-құлқы, ойын барысында (басқа адамдардың міндеттерін атқаратын) өзінің достарына деген қатынасы  анағұрлым бедерлі түрде  ересектің бағыттаушы бейнесі арқылы жанамаланады. Ойында бала түрлі рөлдерді орындау арқылы  бір жағынан  әдеп нормаларын меңгереді, екінші жағынан тұлғалық мінез-құлық механизмдері, яғни өзінің  мінез-құлқын  шынайы елес түрінде берілетін үлгіге бағындыру механизмі қалыптасады. Ойынға  бір табан жақын, формасы жағынан түрліше болатын баланың  өнімді іс-әрекеті – сурет, илеу, құрастыру. Екіншіден,  ересек баланың

іс-әрекетін берілетін тапсырмаларды ұғыну арқылы басқаратын, ұйымдастырылатын сабақтар. Бұл жерде педагог түпкі ойы бойынша орындауға қызықты нәрсе ұсынатын, түпкі ойды орындауға көмектесетін және оның қорытындысын бағалай алатын адам ретінде тікелей қатысады. Үшіншіден, бала мен педагог қатынастары жанама түрде берілетін күн тәртібін орындауға байланысты іс-әрекет.

Ересек пен баланың осындай жаңа қатынастарының орнауы мектепке дейінгі бала тұлғасын қалыптастыру үрдісі болып табылады. Бала тұлғасының дамуында қарым-қатынас басты рөл атқарады. Себебі, өзінің ең қарапайым тікелей эмоционалдық түрінде ол қоршаған ортадағы адамдармен байланыс орнатуға алып келеді және тұлға мәнін құрайтын қоғамдық өзара қатынастар үйлесімдігінің немесе жиынтығының бірінші компоненті болып табылады. Қатынастардың көрсетілген түрлері бір-бірінен оқшау емес, керісінше бала өзін басқалар арқылы танитын, ал кейде айнаға үңілгені секілді «үйлесімділікті» құрайды; ересектерге заттар арқылы қатынас жасайды, ал заттық әлемге деген қатынасы өзіне және басқа адамдарға қатынасымен жанамаланады /3/.

Мектепке дейінгі жастың елеулі жағы құрбыларымен қарым-қатынастың пайда болуы мен «балалық қоғамның» құрылуы болып табылады. Балалар құрбыларымен қарым-қатынасты балаға өзінің тұлғалық сапаларын дамытуға мүмкіндік беретін ойын барысында айқын байқауға болады. Бірлескен ойын іс-әрекетінде бала өзінің әрекеттерін басқа балалардың әрекеттеріне сәйкестендіруге үйренеді. Балалалар тобындағы басқа мүшелерімен нақты қатынастары ұжымдық сапаларды қалыптастырып қана қоймай, баланың өзіндік санасын да дамытады. Құрбыларына, жаңадан қалыптасып келе жатқан ұжымның пікіріне ден қою оның бойында әлеуметтік сезімдерді: дербестікті, топқа еру қабылетін, жан ашу қабілеттерін қалыптастырады. Егер ойын сюжеті балаға ересектердің қызметімен және өзара қарым-қатынастарымен танысуға мүмкіндік беретін болса, онда нақты өзара қарым-қатынастар оны түрлі жағдайларда өзін ұстауға үйретеді. Бұл кезінде А.П. Усова (1981) көрсеткен қатынастардың екі түрінің негізін, ал кейде ойын мен нақты қарым-қатнастар арасындағы алшақты құрайды. Мектепке дейінгі барлық жас кезеңінде ойынның мазмұны мен түрі елеулі өзгерістерге ұшырап отырады. Кіші жастағы балалар ойының негізгі мазмұны - ересектердің өмірдегі шынайы заттармен жасалатын әрекеттерін (еден сыпыру, нан кесу және т.б.) ойын заттарымен орындау. Бұл жаста балалар әдетте жалғыз ойнайтынын атап өткен маңызды. Тіптен ойынды ересектер ұйымдастырып, ойын заттары ортақ болған күннің өзінде де балалар бірге емес, қатар ойнайды. Ал ересек балаларда рөлдерді орындау қажеттілігінен бірлесіп ойнауға қызығушылық туындайды. Балалардың шынайы қарым-қатынастарын дамыту тұрғысынан маңыз алатын рөлдік қарым қатынас пайда болады. Мектепке дейінгі жастың соңына қарай ойын мазмұнының ең бастысы ережелерге бағыну. Психикалық дамудың осы кезеңінде ережелер

бала үшін бір жағынан балалардың бір-бірімен қатынастарын қалыптастыру мен дамытудың бастапқы механизмі, ал екінші жағынан шектері болып табылады.

Ойында балалар өз әрекеттерін жеңіл үйлестіреді. Рөлдік бағыну мен әрекеттерін үйлестіру сатысы құрбыларының біріне деген ұзақ қызығушылығының пайда болуына сәйкес келеді. Ойын белсенді қарым-қатынасқа себеп бола бастайды. Қарым-қатынастың арнайы дағдыларынсыз басқа баламен бірлесіп әрекет жасау оңайға түспейді. Осыған орай бала қарым-қатынасты орнату мен құрбыларының өзіне деген ықыласын жоғалтып алмас үшін өзара түсіністік жолдарын іздестіреді. Қарым-қатынастардағы кейбір «жеңілтектік», ойында серіктесін жиі ауыстыру баланың адамдар арасындағы түрлі өзара қарым-қатынастарды меңгеруге тырысуын білдіреді. Достық қарым-қатынастарды әлсін-әлсін жаңарта отырып, бала мінез-құлықтың көптеген формаларымен танысады, осылайша құрбылары арасында еркін әрекет етуіне мүмкіншілік туады.

Балалар іс-әрекетін күрделендіру көбіне досының пікірін, оның мүдесін ескеру қажеттігінің пайда болуына алып келеді. Балаларға өзара қарым-қатынас ережелерін меңгеру оңайға түспейді, және көбіне олар алғашқы кезде осы нақты жағайдың ерекшеліктерін түсінбестен оларды үстүрт қабылдайды. Өзара қарым-қатынас ережелерін меңгеру тек  осы ережелерді өзгерту, бұзу және қалпына келтіру тәжірибесінде жинақтайтын балалардың тәжірибесі нәтижесінде жүзеге асады.

Басқа балалармен өзара қарым-қатынас ережелерін меңгеру орта және ересек балалық шақта алдыңғы қатарға шығады. Мінез-құлық үлгілері мен мінез-құлық ережелерін меңгеруде  балаларды өздерінің қылықтарын ересектердің бағалауы мен үміттеріне сай келуге итермелейтін балалардың  мақтаныш сезімі мен ар-ұят сезімінің дамуы үлкен маңыз алады.

Мектепке дейінгі жаста баланың  ересек адамға эмоционалдық тәуелділігі сақталады. Ересектердің мінез-құлқы баланың мінез-құлқы мен іс әрекетінің белсенділігін тұрақты түрде шарттастырып отырады. Егер ересек адам  балаға шын көңілімен қарап, оның табысына бірге қуанатын және сәтсіздігі үшін бірге күйзелетін болса, онда бала өзінің жақсы көңіл күйін, әрекетке даярлығын және сәтсіздікке ұшыраганның өзінде де кедергілерді жеңуге даярлығын сақтайды. Ересектермен жағымды өзара қатынасты орнатқан жағдайда, бала оларға сеніммен қарап, қоршаған ортадағылармен жеңіл қатынас орнататын болады. Ересектердің балаға деген немқұрайлы қатынасы оның әлеуметтік белсенділігін төмендетеді: бала тұйықталып, шырмалып қалады, өз-өзіне сенімсіздікпен қарайды және өзінің агрессиясын құрбыларына көрсетеді. Ересектер тарапынан немқұрайлы қатынас жағдайында балалардың бір бөлігі бастаған іс-әрекетін тоқтатады, ал басқалары, керісінше жұмыс екпінін ұлғайтуы мүмкін, бірақ  іс-әрекеттің өнімділігі бәрібір дереу төмендейді.

Мектепке дейінгі бала тұлғасының дамуында құрбыларымен жасалатын қарым-қатынас әсері ерекше рөл атқарады; құрбыларымен қарым-қатынас жасау қажеттілігі пайда болады. Балалар қоғамында бала ұжымдағы мінез-құлықтың, ұстаз емес, іс-әрекетке өзімен теңдей қатысушылар болып табылатын қоршаған ортадағылармен өзара қарым-қатынас орнатудың алғашқы дағдыларын меңгереді.

Осылайша, ойын ересектермен де, құрбыларымен де өзара әрекеттесуге (қарым-қатынас) мүмкіндік береді. Ойынның кез келген түріндегі қарым-қатынаста ересек адамның позициясы өзгеріп отырады. Ересектермен ұйымдастырылатын кез келген ойын түрлері, оның ойынға жетекші және серіктес ретінде қатысуын анықтайды. Дидактикалық ойында, ережелі ойындарда, дамытпалы ойындарда ересек - ұйымдастырушы, ойынның жетекшісі ретінде танылатындықтан, ойынның осындай түрлерінде бірінші орынға балалармен қарым-қатынастың амалдық жағы шығарылады. Құрбысымен ойнау көпшілік жағдайда серіктестік өзара қарым-қатынасты білдіргенімен, кейде құрбылары арасында да амалдық өзара қарым-қатынас нұсқалары да орын алуы мүмкін.

Қарым-қатынас жағдайлары мен өлшемдері бала дамыуының барлық сатысында байқалады әрі әрбір жасқа өзінің ерекшеліктері тән. Осындай сәттер оқыту барысында ескерілуі тиіс. Мектепке дейінгі сала педагогтары мен психологтарының кәсіби білімінің баламалы үлгілерінде басты қағида – тәрбиелеу мен білім беру үрдісіндегі педагог ұстанымын өзгерту. Бұл жерде басты мәселе бала болуы, ал ересек ойын арқылы оны оқытып және тәрбиелеп қана қоймай бірқатар білім беру міндеттерін шешуге тиіс.

Осылайша, мектепке дейінгі жастағы балаларды оқытуда ойын мен қарым-қатынастың ара қатынасын қарастыра отырып, біз өзара әрекет ретіндегі қарым-қатынастың басымдылығын байқаймыз. Мұндай көзқарас осы саладағы көптеген авторлардың мақалаларынан қолдау табады. Мысалы, Н.Ж.Баримбаеватың мақаласында қарастырылатын халықтық ойындар да, Т.И.Суркованың, И.Н.Коволеваның мақалаларында қарастырылатын түзету ойындары да, Г.М.Қасымованың дамытпалы ойындары да басты орынға баланың ересектермен қарым-қатынасын шығарады, яғни мектепке дейінгі жастағы балаларды оқытуда ең бастысы өзара әрекет (қарым-қатынас), ал ойын, ойын тәсілдері білім беру процесі жүзеге асатын құрал ретінде танылады.

**Әдебиеттер**

1. М.И.Лисина, 1974ж.
2. А.Г. Рузская, Е.О. Смирнова, 1986ж.
3. Леонтьев А.Н. Личность. Деятельность. Сознание М.: «Политиздат», 1975ж.

**ӘӨЖ**

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ЖАЗУ МЕН ОҚУҒА ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Утарбаева Мунира Нуралиевна**
Төлеби ауданы, ЖШС Hanbibi Ana бақшасының тәрбиешісі

***Резюме***

*В данной статье рассматривается формирование готовности к школьному обучению у детей старшего дошкольного возраста*

***Summary***

*In this article is given information about the formation of forwardness for schools children in the senior preschool age*

Мектепке дейінгі мекемелерде білім беру ортасы мен оның тәрбие және білім беру мазмұнын дамыту сауатты ұйымдастырылмаса, баланың оқу мен жазуды игеру мәселесін түпкілікті шешу мүмкін емес.

Кез келген мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің ортақ мақсаты – балаларды мектепте оқуға даярлау және оларды әлеуметтендіру.

Бала мектепте жақсы оқуы үшін, оған белгілі білік пен дағдылар қажет (алғашқыда саналы орындауды қажет ететін іс-әрекет бөліктерінің қайталап жаттығудың нәтижесінде автоматталануын *дағды* деп атайды)

Мектепте оқуға қажетті білік, дағдылардың белгілі бір пәндерге қажет арнайы (қосу, азайту, оқу, жазу, сурет салу және т.б.) және кез келген сабақтарға қажетті жалпы түрлері бар. Бұл дағдылар толыққанды кейінірек қалыптасады, бірақ олардың алғышарттарын осы мектепке дейінгі кезеңнен бастап қалыптастыруды бастаған жөн.

Оқушының жетекші іс-әрекеті – оқу іс-әрекеті. Балабақшада жүйелі түрде ұйымдастырылатын сабақтарда балалардың алған білімдері мектептегі оқу іс-әрекетінің біршама элементтерін игерудің негізін құрайды. Мектепке даярлауда балабақшада ересек топ балаларын симметриялық формаларды салуда орталық сызықты салуға үйретеді. Бұл өз кезегінде, 1-сыныпта бейнелеу сабақтарында негізгі сызықтан бастап вертикальді, горизонтальді, қиғаш сызықтарды, симметрияның осі, заттың көрінбей тұрған бөлігін салуға үйрету болып табылады. Балабақшадағы сурет, жапсыру, мүсіндеу сабақтары мектептің бейнелеу, математика, еңбек сабақтарына дайындауға септігін тигізеді. Жазу мен сурет салуда балада денесін тік ұстау, қаламды дұрыс ұстау дағдылары қалыптасады. Балабақшада балалармен жұмыс жасауда оларға білім беріп, дағдыларды қалыптастыруға ерекше мән беріледі.

Балалардың сауатын ашу және математикалық білім беру арнайы ұйымдастырылған сабақтарда жүзеге асырылады. Олардың басты мақсаты - балаларда жазу мен санауды үйретудің алғашарттарын қалыптастыру.

Жазу келешекте бүкіл оқу үдерісі құрылатын базалық дағды. Жазуға үйрету тек мақсатты түрде ұйымдастырылған оқыту барысында жүзеге асырылады.

Сауат ашу – баланың көптеген психикалық қызметтерінің жетілуін талап ететін, күрделі ақыл-ой әрекеті. Жазу – психологиялық және физиологиялық тұрғыдан алғанда өте қиын күрделі үдеріс, сондықтан да жазу дағдысын игеру үдерісінің көпкомпонентті психофизиологиялық құрылымы бар. Бір сөзді жазу үшін балаға көптеген амалдар жасау керек, сол себепті баланы жазуға үйретуді жазудың барлық функцияларын жүзеге асырудан көп бұрын бастау қажет.

Жазуға үйретудің негізгі міндеттері:

- фонематикалық есту және сөздің дыбыстық құрамын талдау білігін дамыту;
- қолдың және саусақтардың майда бұлшық еттерін дамыту;
- ішкі және сыртқы сөйлеуді, сөздік-логикалық ойлаудың бастапқы кезеңдерін дамыту;

- есте сақтау қабілетін дамыту;
- жазу құралдарын еркін ұстай білу дағдысын дамыту;
- парақтың бетінің кеңістігін бағдарлауды қалыптастыру.
Балабақшадағы интеграциялық сабақтар:
1. естігенді тез ой елегінен өткізіп, жылдам жауап қайтару (доппен ойын – «Сұрақты қағып ал да, жауапты бер», «Ертегіні ата», және т.б.);
2. сөзге дыбыстық талдау жасау, оларды модельдің көмегімен жазу, жеке әріптерді құрастыру (пластилиннен, таяқшалардан, қағаздан және т.б.);
3. парақтың бетінің кеңістігін бағдарлау («Графикалық диктант», «Нүктелерге қарап заттың суретін сал» және т.б. жаттығуларды орындау);
4. колдың саусақтарының қимылы мен синхронды сөйлеу (саусақтық имитациялар, доппен ойын және т.б.);
5. қолдың қимылдарын бақылау ( «Ережеге сай ою-өрнекті салуды жалғастыр», «Суретті шрихта» және т.б.);
6. жазу жазатын құралды дұрыс ұстау білігі, - жазуға дайындалып жүрген балаға көп көмеген тигізеді.

Баланы жазуға үйрету интеграциялық сабақтармен қатар арнайы сабақтарда, жүйелі жаттығулар мен ойындардың көмегімен жүзеге асырылады. Баланың қолын жазу дағдыландыру жаттығуларымен қатар, оқу іс-әрекетінің дағдыларын қалыптастыру міндеті де қойылады: үлкендерді мұқият тыңдау білігі, оолардың нұсқауы бойынша әрекет жасау, өз бетінше алдына қойынған ақыл-ой міндеттерін шешу, өз әрекетін бақылау және т.б.

Балабақшада 5-6 жастағы балаларды сауат ашуға дайындауда келесі міндеттер қарастырылады:
1. көргенді, естігенді, сезінгенді түсініп, оның мазмұнын айтып беру білігін қалыптастыру;
2. айтылатын нәрсенің, әңгіменің логикалық жүйесін құру білігін қалыптастыру: жоспар түзу, әңгімені неден бастайтынын анықтау, оны немен аяқтау, бір ойдан келесі ойға бірізділікпен өту;
3. балалардың сөздің қорымен жұмыс жасау (жаңа сөздер мен ұғымдарды синонимдерді, антонимдерді игеру, кітап суретерімен және көркем әдебиет тілімен танысу);
4. сөйлеудің дыбыстық жағын дамыту: дыбысты таза айту, дауыстың ырғағы мен күшін реттеу, мәнерлілік, фонематикалық есту.
5. Балаларды ауызша және схемалық жазбаша сөйлеуден сөйлемдерді анықтауға үйрету, берілген сөздерден сөйлем құрау, сөздерді буынға бөлу, балаларды сөздің дыбыстық құрылымымен таныстыру.

Баланың мектепке дайындығы немесе дайын еместігі оның сөйлеу қабілетінің даму деңгейімен анықталады. Себебі, бала мектепте оқу барысында игеретін білім жүйесі ауызша және жазбаша сөйлеу арқылы жүзеге асырылады. Егер ауызша сөйлеуді ол мектепке дейін игерсе, ал жазбаша сөйлеуді алда үйренетін болады. Жазбаша сөйлеуді толыққанды үйрену үшін, мектепке дейін кезеңде баланың ауызша сөйлеу қабілеті жоғары деңгейде дамуы қажет.

Баланы оқу мен жазуға үйрету - мектептің міндеті, бірақ көптеген дағдылар мен біліктерді бала мектепке келіп, алдына оқу мен жазудың нақты мақсаты қойылғанға дейін игере алады. Сонда ғана оның мектепке келгеннен кейін оқу мен жазуды толыққанды игеруі жеңіл болады. Ал мектепке даярлау барысында игерген дағдыларын ол өзіне жаңа іс-әрекет барысында жүзеге асырады дегіміз келеді.

**Әдебиеттер**

1. А.Алексеева. О взаймодействии специалистов ДОУ/ Дошкольное воспитание. 2007ж. №6

2. Нартова-Бочавер С.К., Мухортова Е.А. «Скоро в школу!», - М.: 1998

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ БАЙЛАНЫСТЫРА СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУ ЖОЛДАРЫ**

**Бектаева Пернеш Сулешкызы**
Шымкент қаласы №39 Інжу-Маржан бөбекжай-бақшасның
қазақ тілі мұғалімі

*Резюме*
*В данной статье рассматриваются пути развитие связной речи у детей дошкольных возростов*
*Summary*
*This article discusses ways to develop coherent speech in preschool children*

Тіл – қатынас құралы ретінде де мектеп жасына дейінгі ересектер тобындағы балаларды дұрыс сөйлеуге, елмен дұрыс қарым – қатынас жасай білуге тәрбиелейді. Мектеп жасына дейінгі балаларды байланыстыра сөйлеуге үйрету әдістемесі – педагогика ғылымының арнайы бір саласы.

Балаларды байланыстыра сөйлеуге үйрету әдістері мен тәсілдерін, жаттығу түрлерін дұрыс таңдап, сабақта шебер қолдана білу үшін тәрбиеші балалардың, ең алдымен психологиялық ерекшеліктерін тікелей санасу керек. Өйткені тәрбиеші – тәрбиенің қайнар бұлағы, тәрбие берудегі басты тұлға.Баланы ойлау мен сөйлеуге үйрету негізі балабақшада қолданады.

Сөйлеу арқылы адамдар бір – бірімен қарым – қатынас жасайды. Сөйлеудің пікірлесу ретіндегі әрекетінің әр түрлі болып келетінін психология ғылымы зерттей отырып, оны үлкен екі топқа, сырттай және іштей сөйлеу деп аталатын топтарға бөліп қарастырады. Сырттай сөйлеудің өзі ауызша (дыбысты тілдің көп және кең тараған түрі) және жазбаша сөйлеу болып бөлінеді. Сөйлеудің бұл түрлері бір – бірімен өзара тығыз диалектикалық байланыста болады.

Адамның сөйлеуі – мәнерлік көрсетуге негіз болатын ерекше бай мұра. Дауыстың өзі сөйлеушінің көңіл – күйін көрсетеді. Адамның жан – дүниесін айқындауда сөйлеудің мүмкіндігі шексіз. Сөйлеу – субъектінің сыртқа өзі ойны шығару, соның нәтижесінде оның маңызды психологиялық мүмкіншіліктің болуы.

Натуралистер, сөз формасын кездейсоқ емес, оның негізгі функциясын, мазмұнын ашады. Платонның пікірінше, сөз – үйретудің негізгі құрамы және оның мәнін бөлу.

Бала өз мағынасын меңгеруге барар жолда заттар мен (өз ойыншықтарымен, үй заттарымен) адамдармен қарым –қатынаста заттың қыр – сырының біраз жағын түсініп біліп алады. Мәселен, не үшін керек екендігін, оның атқаратын міндетін толық  білмесе де, біраз түсінігі болады.

Баланың алғашқы тілінде (сөйлеу онтогенезінде) синтаксистік семантика грамматикалық мағынаға ұласа бастасымен – ақ баланың сөздік қоры үлкен қарқынмен көбейе түседі.

Баланың тілі шыққан кезде, яғни бір сөзді, екі сөзді сөйлемдер кезінде бала әр заттың аты бар екендігін түсінетіндігі мәсіл. Осы күрт өзгеріс кезінде көп зерттеушілер бала сөйлеуі әжептәуір интеллектуалдық даңгейге көтеріліп, бала ойлауы сөйлеуге ұласатындығын және осы екі құбылыстың бір – бірімен тығыз байланысты екендігін анықтығына мән бергізеді.

Бала әрбір заттың аты бар екендігін білгеннен соң оның сөздік қорының өте шапшаң қарқынмен дамитындығы соншалықты, ересек адам оған көмектесіп үлгере алмайды. Бала сөз қажеттігін, ойын, мақсатын білдіру үшін бір сөзді сөйлемді айтуға әбден қалыптасқан кезде затың атын айтуға дайын тұрады, ересек адамнан естісімен ұқсатып айтады, тағы да айтса екен дегендей ыңғай білдіріп тұрады. Шамалы уақыттан соң сол зат аттарын дұрыс айтып береді. Кей кездерде эмоциональді сөздерді орынды қолданады. Мәселен, Санжар, Нұрсат, Әлия мына сөздерді орынды қолданады. “Бәкелді (Бәрекелді!), Сұдық! (Сұмдық), Ой, масқара! Олар осы сөздердің айтылуын ұнатып қайта – қайта айтады.

Бала сөйлеуінде сөз мағынасы қалыптастыру үрдісінде қарапайымнан күрделіге қарай сөздің функциональді қолданысына байланысты дамиды. Мектеп жасына дейінгі бала тілінде сөз мағынасының қалыптасуының және бала түсінігінің жетілуінің бірінші кезеңінде бала ойлауы синкретті болады. Бала қарапайым өз ортасынан алған түсінігі және пайымдауы бойынша бір – біріне ешқандай байланыспайтын бөлек заттарды топтастырып мағына беріп қояды, яғни ат береді. Мысалы: Нұрсат итін “Ау” дейтін, бір аптадан соң итін, күшігін, қойын, қозысын, лағын, кішкентай бұзауын “Ау” деп атайды. Баланың түсінік – пайымы бойынша, субъективті қатысқа, синкретті ойлауға негізделген әр түрлі үй жануарларға қосып бір сөзбен атап мағына беріп тұр. Бала танымы өскен сайын зат бейнесі өзгермелі болады. Баланың бірінші сатыда әр түрлі үй жануарларын бір “Ау” сөзінің астына топтастырып мағына беріп қоюы- оның өз ортасында болған жағдаяттарды түсінбестігінен туындаған нәрсе. Бірінші сатыда баланың синкретті ойлауы, танымы шешуші рөл атқарады, сондықтан да бала ми қыртысында пайда болған зат бейнесі өзгермелі, тұрақсыз және сөз мағынасы да түсініксіз болады. Ендеше бала сөздері нақты бір затқа қатысты болғанда ғана ересек адам баланы түсіне алады.

Бірінші кезеңнің екінші сатысында да бала пайымдауы жетілу үстінде болады да, жануарлар мен заттар арасында нақты байланыстылықты түсіне бастайды, бірақ бала бірінші сатыдағыдай әлі де болса объективті байланыстылықты толық түсіне алмай, өз танымы деңгейінде пайда болған заттар арасындағы субъективті байланыстылықты басшылыққа алады.

Бірінші кезеңнің үшінші сатысында баланың таным және пайымдау деңгейі өз ортасымен қарым – қатынасқа түсу нәтижесінде жануарлар мен заттар туралы

түсінігі жетіле түседі. Бала мағынасы бірдей топ ішіндегі заттар мен қарым – қатынаста болып, оларды осы қадамға дейін екі рет ой елегінен өткізіп, яғни олардың қатыстарын жақсырақ түсініп, сол топтан бала пайымдауы бойынша ұқсастығы және тағы басқа белгілері, сапасы тұрғысынан кішігірім екі, үш топ құрылады. Бәрібір бұл топтағы заттардың бір – бірімен байланысын бала өз пайымдауы мен әлі де субъективтік тұрғыдан қарайды. Бірақ, бұл қадамда бала заттар мен жануарлар байланстылығын қайта – қайта сұрыптап түсінуге мүмкіндігі бар екендігі көрінеді.

Бала күнделікті өзін қоршаған тілдік ортада заттардың, жануарлардың атауларына, олардың ерекшеліктеріне көзі үйреніп, танымы өзін бұрынғыға қарағанда біраз түсінігі молая береді, бірақ әлі де болса субъективтік ойлау басымдылық танытады. Нұрсат күннен бастап бұрынғы әр түрлі үй жануарларынан тұратын жалпылама топтан кішігірім екі топ жасап тұр. Ол қойын, қозысын, лағын "Мә" деп, итін, күшігін "Ау" деп тұр. Бұл құбылыс бала сөзінің ("Ау") мағыналы ауқымының тарылып, бала тілінде екі бөлек мағына қолданылып тұрғадығын көрсетеді. (бала сөзінің мағынасының тарылуы нағыз лингвистикалық тұрғыдан қарастырып отырған жоқпыз).

Бала тілінде сөз мағынасының пайда болуының екінші кезеңінде бала жоғарыда айтылған топ негізінде кешен – топтар құрады, яғни бала ойлауы кешенмен байланысты болып сөз мағынасысының функциясына негізделеді. Бұл кезеңнің бірінші сатысында да бала бұрынғы бір – біріне қатысы жоқ заттардан құралған алғашқы топтың негізінде, өзінің пайымдауы бойынша пайда болған субъективтік әсерге негізделген кішігірім топтағы заттарды ұқсастығына қарай, объективті байланыстылықтарына қарай бірыңғай заттардан тұратын кешендерді, яғни объективті ойлаудан туындаған жаңа топ құрап, объективті шындықты бейнелейді. Бұндай бала құрған топтағы заттар байланыстылығы мен жан – жақты жеке затпен жеке басқа заттың байланыстылығын осы кешен топ арқылы түсінуге және кешен – топтағы заттардың байланыстылығын кешендегі жеке заттар арқылы ұғынуға болады.

Сондықтан бұл кезеңде жаңа объективті ойлауға негізделіп құрылған кешен – тобындағы заттар қатысы 5 түрге жүйеленеді. Олар – заттар ұқсастығана қатысты байланыстылық заттардың басқа байланыстьылығына ұйытқы болып заттың формасына, көлеміне, түріне, қимылына, атқаратын қызметіне және тағы басқа бала кезінде түсетін белгілер кешен топтағы заттарды категорияларға сұрыптауға қолайлық тудырады. Баланың топтан топ шығаруы, содан кейін топтағы заттарды белгілеріне, ерекшеліктеріне, формасына, түріне қарай категорияларға бөлуі жай ғана нәрсе емес, олбала пайымдауы, түсінігі. Бала пайымдауы заттардың атқаратын қызметіне негізделеді. Бала заттар арасындағы нақты қатыстарды түсініп, ұғынады. Балаға заттарды өз атымен атау қиын болмайды, енді ол әр заттың атын жалқы есім сияқты емес, белгілі бір категорияға жататын заттардың бірі екендігін түсінеді.

Эксперименттік топтағы балалар тілінде мағына қалыптастыру тілінде мағына қалыптастыру барысында 5 түрлі ерекшелікке қарай бақыланып, мысалдар жиналды. Байланысы жоқ нәрселерден тұратын әр топтар осы жоғарыда айтылған кезеңдерден өту арқылы және бала объективтік тұрғыдан заттар қатысын түсінген де бала тілінде мағына қалыптаса бастайды деп тұжырымдауға болады.

Екінші кезеңнің келесі сатысында баланың әлі де болса кішігірім топтағы жануарлар туралы таным деңгейі жетіліп біткен жоқ, ол енді әрқайсысының шығаратын дыбысын, жүндерінің бөлік екендігін, біреуінің мүйізі бар, біреуінің мүйізі жоқ екендігін және тағы басқа да ерекшеліктерін күнделікті олармен қатыста көріп, түсіне бастайды. Сөйтіп бала ойлауы объективті шындыққа жақындайды. Бала өзінің тілдік ортасында, өз тәжірибесі және ересектер көмегімен ненің не екендігін ажыратып, өз пайымдауының негізінде әр қайсысын өз атауымен атап үйренеді. Бала пайымдауы әжептәуір дәрежеге көтеріліп, бала ойлауы синкретті ойлаудан кешенді ойлауға өтіп, дұрыс түсінікті ойлауға көтеріліп, бала сөзі объективті шындықпен тоғысады. Ең басты нәрсе, ол бала әр жануарды өз атымен атағанда, жалғыз бір қозы емес, көп қозылардың бірі екенін кешенді түсінікпен шығарып тұр. Егер ол жалғыз өз қозысын “қозы” деп түсінсе, енді кешенді ойлаудың арқасында қозы қозылар категориясына жататынын, көп қозының бірі екендігін ұғынады.

Бала қиялын дамытуда, сыныптың сабақтарыда балалардың бүкіл талап-тілектері мен қызығушылығын қанағаттандыру мүмкін емес. Сыныптан тыс жұмыстар балаларды қызықтырған сұрақтарына жауап беріп, бала қиялын дамытуда ойындар ойнатып, балалардың өз беттілігін дамыту. Әсіресе, мақал-мәтелдер бала шығармашылығын жетілдіруге, тапқырлыққа, ізденгіштікке көркем сөйлей білуге баулиды. Балалар мұнда өздерінің әуестенулері мен қызығушылығы арқасында бірігіп жұмыс істейді. Мұның өзі оларды бір-біріне жақындастырып қана қоймайды. Сонымен бірге, мақсатқа жетуге күш жұмсап, ұмтылуды талап етеді. Әсіресе, ауызекі сөйлеу мәдениеті көтеріледі.

Педагогика қабілетсіз бала жоқ деп дәлелдейді. Сол себепті баланың қабілетін өрістете дамыту әр мұғалімнің міндеті. Баланың жасырын, тіпті тым тереңде жатқан қабілеттерінің көрінуіне мүмкіндік жасау үшін оны оқытып, үйретіп, жан -–жақты дамыту керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Баймұратова Б. «Балабақшадағы даярлық топ балаларының тілін дамыту» Алматы мектеп 1984 ж

2. Тыныбекова А. «Тілашар дәстүрі» Алматы мектеп 2000ж

3. Үйсінбаева З. «Дұрыс сөйлеуге үйрету» Үйелмен және балабақша №2 1992 ж

4. Жанабілова А. Мұқашева Е. «Тіл дамыту жұмыстарын жүргізу» қазақ әдебиеті №8 2002 ж

# ҚҰЛБЕК ЕРГӨБЕК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ СЫНЫ

**Нұрпейісов Нариман Жұмашұлы**
филология ғылымдарының кандидаты,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
қазақ тілі мен әдебиеті
кафедрасының аға оқытушысы.
Шымкент, Қазақстан.

Қазақ әдебиеттану ғылымы жылдан жылға өсіп, қанат жайып, өркендеп келеді. Ол ғылымға үлес қосып жүрген тұлғалар аз емес. XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ әдебиеттану ғылымына ерекше үлес қосып, өнікті, өміршеңді еңбек беріп келе жатқан тұлғаның бірі, халықаралық Ш.Айтматов академиясының академигі, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, «Парасат», «Құрмет» орденінің иегері, бұл күндері 70 жасқа толып отырған профессор Құлбек Сәрсенұлы Ергөбек. Ғалымның әр жылдары жазған «Жан жылуы» (1981), «Мейірім шуағы» (1985), «Сәбит Мұқанов» (1989), «Қазақ совет балалар жазушылары» (1985), «Баянғұмыр» (1991), «Жақсыдан қалған сөз» (1991), «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» (1996), «Сылдырап өңкей келісім» (1994), «Шыңғыс шыңы» (1999), «Сәбит Мұқанов» (2000), «Жазушы шеберханасы» (2001) «Арыстар мен ағыстар» (2006), «Өлеңсөз» (2012), «Қарасөз» (2012), «Сарасөз» (2013), «Дарасөз» (2015), «Баянсөз» (2019), «Баласөз» (2019),. т.б. кітаптары, монографиялары, оқулықтары, сын-зерттеу еңбектері халқымыздың рухани, мәдени әлеміндегі аса құнды баға жетпес ғылыми мұралар.

Қазақ әдебиетінің көкейкесті мәселелерін тереңінен танып, портреттер мен проблемаларды талдап жазатын ғалымның қаламынан туған мол кітаптардың ішінде «Арыстар мен ағыстардың» айтары көп. Осы күнге дейін жарық көрген бұл кітаптардың әрқайсысы жеке-жеке біртұтас дүние, атап айтқанда, бірі «қазақ балалар әдебиеті мәселелерін» қамтыса, екіншісі «қазақ өлеңі хақында» сыр шертеді. Келесі бір кітапта «қазақ қарасөзін» айтса, соңғы кітабында «шығармашылық лабораторияны» кең тұрғыдан қамтиды.

Біздің бүгінгі мақсат – ғалым-сыншы Құлбек Ергөбектің әдебиеттану, сын әлемін сарапқа салатын төртінші кітабы жайында ой өрбіту, себебі бүгінгі әдеби процесті тамыршыдай тап басып алуан-алуан еңбек жазып келе жатқан ғалымның бар еңбегі туралы бір ғана зерттеудің барысында айтып шығу мүмкін емес.

Қазіргі таңда «қалың қалай, қазақ сыны?» деп сұрақ қоятын дәрежеге жетіп қалдық Шын мәнінде сын тоқырауға ұшырап тұр десе де болғандай. Сол себепті осы жанрдың шын мәніндегі жанашыры және бірден-бір белсенді авторы болып

жүрген сыншының көбірек жағдайда осы кітаптағы сыни еңбектеріне тоқталып, талдау жасауды мұрат тұттық.

Қазақ сынында аты-жөні ұмытылып бара жатқан тұлғалар көп, солардың қатарында тұрған жанның бірі Мұхамеджан Қаратаев. Әрине қазақ сынының өркендеуіне ғұмырын арнаған ғалымның ғұмыры ең бір ауыр кезеңдерге тап келді. Социалистік реализм де, идеологияда кімді де болсын қатты қадағалап, не жазу керек, нені сынның найзасына қадау, ілу мәселесін өзі назарға алып нұсқау беріп отырды. Талай зобалаңды бастан кешірген ардақты сыншының артық-кем кеткен жері де болған шығар, бірақ осындай мәселелерден ілік іздеп, жазықсыз жандарға зәбір , жапа көрсету жараспайды. Сыншы Қ.Ергөбектің «Сын сардары бола білген еді…» деп аталатын еңбегі М.Қаратаевтың шығармашылық өмірінің соңғы кезеңіне арналған.

Кеңес үкіметі құлар алдында қоғамда «қайта құру» атты жылымық дауылы жүріп өтті, сол дауылдың соққысын көрген жақсылар көп, сол кездегі көзі тірі М.Қаратаев, І.Кеңесбаевтар ғана емес көп жыл бұрын өмірден өткен С.Мұқановқа дейін қиянат жасауға жақын бардық. Сондай солақай соққыға көбірек ұрынған қайраткер Қаратаев. Жан азабы, ар азабы шыдатпаған ол көп кешікпей мерт болып кетті. Ал енді, шын мәніне келгенде, қаһарлы «отыз жетінің» азабын аз шекпеген аяулы жанның бірі – М.Қаратаев. Ол жөнінде зерттеуші: «Сөйтсек, отызыншы жылдары Абай атындағы қазақ педагогикалық институтын тәмамдаған, Санкт-Петербургте аспирантурадан өткен, азулы сыншы, эстет әдебиетші Қазақстан Жазушылар одағында жауапты хатшы қызметін атқарып тұрып, «халық жауы» болып ұсталып кетіпті. Сібірге айдалған жап-жас Мұхамеджан да біраз қағазға қол қойған деседі, атынан бірсыпыра мақала да жазылыпты. Мүмкін. Өзгені қайдам, архив ақтарған маған аға буында отыз жетінің құйынынан аман адам жоқ сияқты көрінеді. Біреу – аз, біреу – көп, біреу - көрініп, біреу көрінбей істеді. ...Қалай дегенде бәрі де қоғам дертіне қызмет көрсетпей тұра алмаған. Ол бір алмағайып заман еді ғой ағайын!», - деп [1.142.] сыр шертеді.

Иә, шын мәнінде ол бір кезең алмағайып дәуір еді, жазықсыз, әзіз жандардың қаншамасы қапылыста қаза тауып, мерт болып жатты. М.Қаратаев, Ө.Тұрманжанов, Ж.Арыстанов сынды ардақтылар бір емес екі реттен сотталып, айдалып, әйтеуір аман қалды. Бір адамның емес, бір халықтың басына құйын үйірілгенде кімнің басынан не өтпейді, енді бүгін өркениетке ұмтылып, азаттыққа жетіп, биік мәдениет баспалдағында тұрғанда зая-заманның өзі аямаған тұлғаларды екінші, үшінші рет күйдіру ешқандай абырой әпермейді. Жасы сексенді алқымдаған сыншы (1990 жылдары) жаны күйгенде: «Бұлар неге оқиғаға терең талдау жасамайды, неге мәселенің бетін қарпиды? – Не бұлар бізді жеңіл тағдыр кешті деп ойлай ма, сонда? Ол заманды басқа бермесін. Басқа берсе сатқынның көкесі – осылардан шығар еді?», -деп [1.144.] шыр-пыр болады.

Уақыт өтті, көп нәрсенің ақ-қарасын айыра бастадық, асыл мен ақықты, жаман мен жасықты танитын жас ұрпақ жетіліп келе жатыр. Сол бір аласапыран күндері көз алдымызда «шөжіп те, шөгіп те» бара жатқан сыншының қасында болып, жанына жалау, өміріне медеу болған жас сыншы Құлбек Ергөбектің түйіні төмендегідей: «Бірді-екілі кісі теріс айналды екен деп, Мұханнан жұрттың бәрі безінген жоқ. әсіресе, шәкірттері жау жоқта батырсып, бұлт жоқта найзағай отын жарқылдатып жүрген айғайшыларға тіпті де ден қойған жоқ. Ұстаз - ұстаз қалпында, шәкірт - шәкірт орнында!» - қалды. Атақты ғалым, қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуші, өз өмірінде талай соққының азабын көрген М.Қаратаевтың замандасы, әріптесі, «қайырымсыз уақыттың қайсар ұланы» Б.Кенжебаевты шын мәніндегі шәкірті Қ.Ергөбектің ұстаздар жайында айтары әманда ашық, көңілі таза, «айғайшыларға» ермейді.

Сыншы, әдебиетші, фольклорист, тюрколог, публицист ғалым Рахманқұл Бердібай шығармашылығы жайында жазылған еңбек «Алаш рухты азамат» деп аталады. Өткен ғасырдағы елуінші жылдардың соңынан бастап әдебиеттану әлеміне келген ғалымның жарық көрген кітабының өзі 40-қа жуық десек қателеспейміз, ал мақалалар саны да 500-ден асып жығылары сөзсіз. Өмір белестерін, шығармашылық жолын, әдебиетке қосқан үлесін, түркі әлеміндегі әдебиеттен алар орнын, ең бастысы алашым деп, қазағым деп, ұлтым деп жүрегі соғатын ғалым Р.Бердібайдың шығармашылық портретін аша білген. Мысалы: «Р.Бердібай қазақ кеңес әдебиетінің әр жанрдағы көптеген туындылары туралы сын мақалалар жазды, проблема көтерді, соның ішінде әсіресе қазақ романын тереңдеп тексерді, қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті байланыстарын, көне қазақ әдебиеті тақырыбына да белсене қалам артты», - дейді. Ғалым зерттеуші атап көрсеткендей Р.Бердібайдың шығармашылық ауқымы өте кең, 60-70 жылдары сын жанрында жарқылдап көрінді, көп уақыт бойы роман жанрын зерттеді, ал енді баспасөз бетіндегі проблемаларға араласып, конференция, т.б. жиындардағы ойлы, отты, өткір пікірлер өз алдына бір бөлек дүние. Бұл күндері «Р.Бердібай – зерттеу мектебі қалыптасқан көрнекті фольклорист, бұл саладағы еңбектері өз ішімізде де, сырт елде де үлкен абыройға ие. Тынымсыз ізденістен туған «Қазақ эпосы», «Эпос - ел қазынасы», «Эпос мұраты» аталатын монографиялары арқылы түйілген концепциясы оны эпостану негізін салушы дәрежесіне көтерді. Күллі түрік дүниесінде әбден мойындалды». [1.154.]

Қ.Ергөбектің ұстаздық парыз, шәкірттік қарыз дара даналық, мейірімді ізгілік жайында айтары көп. Осы ойлардың бір парасын Рахманқұл Бердібайға қатысты былай өрбітеді: «Ізгілік бастауы – даналық! Даналық қайнары – ұстаздар өнегесі. Р.Бердібай ұстаздар өнегесін мықтап тұтынған, шәкірттігіне шәк келтірмейтін кісі». Иә, кешегі Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев сынды ұлы тұлғалардың шәкірті, бүгінгі Ш.Ыбыраев, Қ.Ергөбек, З.Бисенғали, Ж.Дәдебаев, Б.Ыбырайымов, т.б. талантты әдебиеттанушылардың ұстазы

Р.Бердібай алаш рухын айбындатып, асқақтатып жүрген қалам қайраткері болып ғұмыр кешті.

«Бақытты ғұмыр». Қ.Ергөбектің бұл еңбегі академик сыншы Серік Қирабаев шығармашылығына арналған екен. Үлкен әдебиеттің жауынгер жанры саналатын әдеби сынға Абай атындағы педагогикалық институттың екінші курсында оқып жүргенде жазған «Идеясыз жинақ» («Социалистік Қазақстан», 24.10.1948, қазіргі «Егемен қазақстан») атты мақаласымен келген ол танымал әдебиетші, белгілі сыншы болып ғұмыр кешті. Серік Қирабаев көп қырлы талант иесі, зерттеуші соның бірі жайында былай деп түйін жасайды: «Саны көп мақалалардың ішінен бізге қазақ балалар әдебиеті жайында жазған мақала, рецензиялар көбірек ұнады. В.Г.Белинский рухында жазылған «1949 жылғы балалар әдебиеті» (1950), «Балаларға арналған жинақ» (1951), «Балалар әдебиетінің кейбір мәселелері» (1954), «Балаларға арналған әңгімелер» (1953), «Қазақ совет балалар әдебиетінің кейбір мәселелері» (1954), «Детям – хорошие книги» (1954) – аталатын мақалалар проблемалылығымен, танып айтып, талдай қоюымен көңілді елең еткізген кезінде», - деп бір түйсе, одан әрі өзінің де бұл әдебиетке деген сүйіспеншілігін: «Балалар әдебиеті – бейкүнә, жанап кетсең жаныңа шуақ ұялататын кәусар бұлақ секілді мөлдір әдебиет қой», - деп жеткізеді. С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, Ғ.Мұстафин т.б. классиктер шығармашылығын монографиялық деңгейге дейінгі зерттеуді жүзеге асырған ғалымның сын әлеміне балалар әдебиетінің сыншысы, зерттеушісі болып келуінің өзі бір тарих. Әдебиет әлемінде жүріп «бақытты ғұмыр» кешу оңай емес, ардың ісі болып саналатын әдебиет әрқашан азаптануды талап етеді. Біздің ойымызша Серік Қирабаевтың бір бақытты ғұмыры – ол «Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері» (1995), Серағаңның әдебиет, қоғам үшін күресінің бір белесін: «қайта құру рухымен өмірге келген «ақтаңдақтарға» Серағаң алдымен себепкер басшы-ұйымдастырушы болып араласты. Ұлы Абайдың, алау ақын Сұлтанмахмұттың екі томдығы, маздаған Мағжан, аяулы Ақаң, Жақаңдар, ғұлама Ғұмардың бір томдық еңбектерінің жарық көруіне тікелей атсалысты», - деп көрсетеді.

Аға буын саналатын ардақтылардың алдында тұрған ең ұлы міндеттердің бірі күні кешегі әдебиеттің басынан өткен «ақтаңдақтардың» ақиқатын айту, кейінгі келер ұрпаққа шынайы шындықты жеткізу. Жаратылысында бекзат, тумысында адал Серағаң бұл сұрақтардың көпшілігіне шама-шарқынша жауап берді және ең бастысы әділеттен аттамай үлгі көрсетті. Қадірменді Қирабаевтың осындай ұлағатты іске кірісуі жөнінде: «Ағалық жасқа жеткен Серағаң ұлғайған жасқа, молайған тәжірибеге орай осы екі міндетті қатар атқаруға кірісіпті. Соңғы кездері жарық көрген – «Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері» мақалалар жинағы бізге осындай ой түйгізді», - дейді. Аталған кітапқа енген «Әдебиет пен өнер-ұлттық идеологияның маңызды саласы», «Әдебиет – ұлттың рухани байлығы», «Қайта құру және әдебиеттану», т.б. мақалалардың қай-қайсысы болмасын бүгінгі әдебиетті қалай өркендетуге болады, ғылым, білім, әдебиетті қалай

дамытуға болады дейтіндей методологиялық мәселелерді тереңнен қозғайды. Жоғарыдағы мақаланың аты айтып тұрғандай әдебиет пен өнерді ұлттық идеологиядан бөліп қарау мүмкін емес. Бұл жөнінде сыншы ғалым С.Қирабаевтың өзі: «Ешбір қоғам, мемлекет идеологиясыз өмір сүре алмайды. Идеологияның жоқтығы қоғамның даму бағдарын әлсіретеді, оны құлауға жеткізеді», - деп [2.4.], жағымды пікір айтады.

Сыншы Қ.Ергөбек өзінің ойын қорытарда ардақты аға, кемел ғалым, академик С.Қирабаевтың бірнеше адами қасиетін санамалап көрсетеді, ол қасиеттері төмендегідей: 1. Әділдігі; 2. Қимыл ілкімділігі; 3. Өзі жазып қана қоймай, белгілі бір объектіні өзгеге тақырып етіп ұсынар кеңдігі; 4. Қазақ әдебиеті қазынасын орыс тілі арқылы кезінде үлкен аренаға шығарған азаматтығы; 5. Әдеби процесті тұтас көргісі келетін алымдылығы; 6. Ақ деп таныса пікірін батыл қорғайтыны.

Серік Қирабаев бойындағы сыншы-ғалым Құлбек Ергөбек көрсеткен бұл қасиеттердің әрқайсы туралы-ақ жан-жақты пікір сабақтап, ой түйіп, дәлел келтіруге әбден болады, оған ғалым Қирабаевтың өмір жолы, ғалым сапары, әдеби мұралары әбден лайық. Оның бәрін тәптіштеп айтып, жазып жатуды бүгін мақсат етпедік.

Қ.Ергөбектің «Арыстар мен ағыстарында» (Әдебиеттану, сын әлемі» қазақ әдебиеттану ғылымына, оның ішінде әсіресе сынына қосқан тұлғалар жөнінде жазған ойлы, қызықты, дерек көздері орасан бай еңбектер көп. Атап айтқанда Мүсілім Базарбаев («Кекіреліден басталған жол»), Төлеген Тоқбергенов («Сыншы мінезі»), Сағат Әшімбаев («Жанын жалау еткен»), Бақыт Сарбалаұлы («Таза бұлақ») т.б. жайындағы жазбалары құндылығы, тереңдігі, методологиялық бағыты, ең бастысы ғылыми концепция айқын.

Бүгінгі шағын ғана зерттеуімізде біз ғалымның М.Қаратаев, Р.Бердібаев, С.Қирабаев шығармашылығының кейбір қырларын сөз еткен еңбектеріне ғана тоқталдық. Зер салып қарағанда аңғарылатын бір жайт бар, ол сыншы Ергөбектің зерттеу объектісінің ауқымы бай. Ол өзі сөз етіп отырған тұлғаның шығармашылық тағдырымен бірге өмірлік деректерін қабыстыра, қоғамдық өмірдегі орнына дейін талдау жасай отырып танымды, тағылымды, үлгі-өнегені қатар ұсынып отырады. Мұның бәрі ғалым зерттеулерін қызғылықты етіп, құрғақ дәлелдерден ада етіп тұрады.

Қорыта келгенде, қазақ әдеби сынының бүгінгі зерттеушісі, қазақ әдебиеттану ғылымының жаңа бір мектебін қалыптастырып келе жатқан сыншы, кешегі аға буынның шәкірті, бүгінгі жас әдебиетшілердің ұстазы Құлбек Ергөбектің «Арыстар мен ағыстарында» айтары көп, тек оны оқып, зердеге түйіп, таным алу, халық рухын іздеу – біздің баршамыздың міндетіміз.

**әдебиеттер:**

1. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. Алматы: Қазығұрт, 2003, 336 б.
2. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. Алматы: Білім, 1995.

# ӘДЕБЕТТАНУШЫ ҒАЛЫМ Қ. ЕРГӨБЕКТІҢ СҮБЕЛІ ЕҢБЕГІ

(«Арыстар мен ағыстар» көптомдығы туралы толғаныс)

**Мамыт Амангелді Алтыбайұлы**
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты

Әдеби сын бүгінгі таңда әлсіреп кеткені жасырын емес. Аға буын сыншылар селдіреп, орта буын қатары да сиреп келеді. Әдеби сын саласында көрініп жүрген кейбір сыншылар жанрдан іргесін аулақтатып кетті. Оқырман сынға сусап отыр. Өйткені, қазіргі кезеңде толассыз жарық көріп жататын кітаптар тасқынының жақсысы мен жасығын ажыратар әділ сөзді әдеби сын болмаған соң талғам да төмендеп бара жатыр.

Белгілі әдебиет сыншысы, ғалым Құлбек Ергөбектің қазақ әдебиеттану ғылымына тың үрдіс болып қосылған «Арыстар мен ағыстар» аталатын бес кітаптан тұратын тақырыптық кешенді сын кітабы – әлсіреген жанрдың тамырына қан жіберіп, жан бітірген еңбек. Ең алдымен осы кітап атауларының бірдей «Арыстар мен ағыстар» аталуында да мән бар. Автордың арыстар деп алып отырғаны қазақ әдебиеті тарихындағы танымал тұлғалар мен арыс азаматтардың әдеби шығармашылығы туралы терең толғамдардар арқылы санамызда көптен бері қалыптасқан үш арыс (Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров), бес арыс (Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатұлы) ұғымдарын одан әрі жаңғырта түсу, халық танымындағы бар нәрсені байыта, дамыта, тереңдете түсу деп ойлаймыз. Қазақ халқының аяулы арыстары екеу-үшеу, немесе бесеу-алтаумен ғана шектелмейтінін баяндай түскен автор алдына үлкен мақсаттар қойған. Ағыстар – әдеби процесс жайындағы сыншы толғанысы, яғни қазіргі қазақ әдеби сынының бағыт-бағдары, жай-күйі, даму ағымы қалай болып жатыр, қандай ағыспен келе жатқанын жаңаша көзқараспен, тың топшылаумен баяндайды. Қазақ әдебиеті Арыстарының тағдырын ағыстарға жетелеп оқырманға ой салады, толғандырады.

Аталған кітаптардың бірі қазақ поэзиясына, екіншісі қазақ прозасына, келесі бірі қазақ балалар әдебиетіне, енді бірі әдебиеттану мен сынға, ал бесінші кітап қазақ прозасы, шеберлік шеберхана проблемаларына арналған екен.

«Арыстар мен ағыстардың» алғашқы кітабы түп түгел қазақ поэзиясына арналған. Демек, тақырыптық кітап. Құлбек Сәрсенұлы – әуел бастан

тақырыптық кітап жазуға машықтанған сыншы. Әр тақырыпқа бір ұмтылмайды, белгілі бір тақырыпты ала отырып, әр қырынан келіп талдайды. Бұл – көп сыншы пешенесіне бұйырмаған, Құлбек Ергөбек әуел бастан ұстанып келе жатқан мінез. «Арыстар мен ағыстар» – дауылды, жауынды ХХ ғасыр басында өмір сүрген Сұлтанмахмұт Торайғырұлы поэзиясынан бастап Баймағамбет Ізтөлин, Ғұбайдолла Балақадырұлы, Әбділдә Тәжібайұлы, Зияш Қалауова, Саттар Ерубаев, Сырбай Мәуленов, Мұзаффар Әлімбайұлы, Қадыр Мырзаәлі, Тұманбай Молдағалиев, Фариза Оңғарсынова, Әнуарбек Дүйсенбиев, Қабдікәрім Ыдырысов, Өтежан Нұрғалиев, Бекен Әбдіразақовқа дейін әр буын ақындарының шығармашылық портретін жасапты. «Дүлдүл ақын, дүлей жыр», «Сүлей ақын, сыршыл жыр», «Бұлбүл ақын, бұла жыр» -дегендей сыншының мақалаларға тақырып таңдап қоюынан талдай сөйлеуі, танығанын төгілте тілді жазуы оқырманды сүйсіндіреді. Жинақтағы осы үш көлемді толғаныс, сонымен қатар «Қазақ өлеңінің бозторғайы» (С.Дөнентайұлы) – көлемді, толымды, толғақты дүниелер дер едік. Бүкіл ХХ ғасырдың өн бойындағы өршіл, қайшылықты, сыршыл ақын тұлғаларын ала отырып, олардың адамдық тағдыры, дүниетанымы, әдебиетке қосқан үлесін жан-жақты әңгімелейді.

Әрине, С.Торайғырұлы, Ә.Тәжібайұлы, С.Мәуленов, С.Дөнентайұлы әдебиетте әңгіме болмады десек, қателесер едік. Зерттелген тұлғалар. Ал, Құлбек Сәрсенұлы болса бұрын зерттелген осы ақындарға мұрағаттық тың дерек, соны пайымдаулар арқылы келеді. Ол – айтары болмаса қолына қалам алмайды. Айтарын – тың дерек жаңа мәліметтермен көркемдеп, әрлеп береді. Сонысымен де тың.

Жинақтағы «Жана алмай маздап, жас кеткен» (Ғ.Балақадырұлы) , «Жалын ғұмыр жалғасы» (Б.Ізтөлин ) – Қ.Ергөбек архив деректері арқылы ашқан ақындық тың тұлғалар!

«Бауырмал талант, биязы жыр» (Қ.Мүсірепов), «Мейір гүлдеген жүрек...» (Ә.Дүйсенбиев), «Жақсылық жасауға асық еді» (Қ.Ыдырысов), «Сырлы саз, жырлы наз» (С.Жиенбаев), «Махаббат – пірім, сенгенім...» (Ж.Қыдыров), «Ақын еді ол көкірегіне гүл өскен...» (С.Асанов), «Рух туын жықпай өткен қаламгер» (Б.Әбдіразақов) аталатын мақалалар кеше ғана арамызда жүрген, бүгінде бақилық болған аяулы ақындарымызды еске түсіреді. Жәй түсірмей, олардың ақындық ерекшеліктері мен азаматтық болмыстарын телқабыс талдайды. Бұл ретте сыншы эстет – эссейст. Бақилық болған ақындар жайында ой қозғау – азаматтық. Шығармашылық портреті жасалған ақындардың дені – марқұм! Ал, «Еменнің иір бұтағы...» – Өтежан Нұрғалиев сынды тегеурінді талант бола тұра, бағасын ала алмай жүрген ақын шығармашылығы жөнінде. Сыншы өлеңдерді талдай отырып, ақындардың жан-дүниесіне енеді. Дүниетанымы арқылы олардың ақындық ерекшелігін ашады. Өмірден – өлеңге, өлеңнен – өмірге алма-кезек ауысып отырады. Жарасымды!

«Ағыстар» аталатын екінші бөлім – байсалды мақалалар, толымды талдаулардан бас құрыпты. Осында «Бір өлең...» – аталатын топтама бар. Бір өлең. Сыншының өзінің көңілі сүйген бір өлеңді сыртқы фактурадан ішкі иірім, буын, бунақтарына дейін түсіп талдайды. Осындай мәнермен С.Торайғыровтың («Жапырақтар кімнің өлеңі?») , С.Мұқановтың («Майға сәлем»), Қ.Аманжоловтың («Сәбитке...» қалай туған?), Б.Әбдіразақовтың («Жүрек әні...» ), М.Мақатаевтың («Тал бесіктен – Жер бесікке дейін»), бір-бір өлеңіне, бас-басына дербес талданады. Сыншы әр ақынның әр өлеңіне әр қырынан келіп талдайды. Өлеңге себеп болған жағдайдан (сырт ситуация) ішкі поэтикалық ерекшеліктерге (иірім, ырғақтар) дейін қамтылады. Қызықты. Қазақ әдебиетінде көп көрінбеген тың құбылыс! Екінші бөлімдегі бір мақалаға көңіл аудара кетейік. Қолжазбадан кітапқа немесе жабық рецензияның ашық сипаты аталатын мақала ақиық ақынымыз Жұматай Жақыпбаев шығармашылығы туралы. Мақаланың формасы – тосын. Сыншы кезінде бір қолжазбаға баспа тапсыруы бойынша сарапшылық пікір жазады. Ұзамай поэзия жинағы жарық көреді. Жұматай ақынның жыр жинағы. Енді, сыншы қолжазбаға жазған сыни пікірін алдына ашып қойып, «осы сенің айтқан пікіріңнің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс, ақын қай пікіріңді қабылдады, жүргізген редакциясы т.б.»- дегендей өзімен-өзі айтысып-тартысып отырып жазады. Тың форма!

Дегенмен, белгілі әдебиет сыншысы, эссеші Құлбек Ергөбектің «Арыстар мен ағыстар» кітабы – жұлын-жүйкесі бүтін, эстетикалық биік талғаммен талдай жазылған елеулі еңбек. Ол қазақ поэзиясы Арыстарының тағдырын ағыстарға жетелеп оқырманды сүйсіндіре толғандырады. Ой салады, ойландырады.

«Арыстар мен ағыстардың» екінші кітабы – қазақ прозасының жай- күйіне арналыпты. Шығармашылық портреттен бізге ұнағаны – Тәкен Әлімқұловқа арналған «Жұмбақ жан». Кезінде “Жас алаш” газетінде жарияланған «Жұмбақ жан» бізге жазушы жетістігі, кемшілігі мен пенделік трагедиясы ашылумен қымбат. Расында, жазушының өмірі – өмір деуге келмейтіндей трагедиялық жағдайда өтіпті-ау.

Ал, «Ағыстар» бөлімінен сыншының Жүсіпбек Аймауытұлының “Ақбілек” романын талдауы жаңаша. Жазушы шығармасы төгілген тілімен ерекшеленсе, сыншы да жазушымен жарыса жазып, көркем образ табиғатын эстетикалық тұрғыдан жан-жақты ашқан деп білеміз. «Ақбілек және қазақ романы» аталатын мақала жетістігі – міне, осында!

«Тағдырлар толғауы» – жазушы Дулат Исабеков жайында. Мұны – монографиялық дербес тарау десе де болғандай. Көрнекті жазушының Ф.М.Достоевскийден үйренуі, қазақ топырағынан ауыр тағдырлы жандарды ала отырып, олардың жан-дүниесін қазбалауы, кейінгі кезеңде Н.Б.Гогольден үйренуі, оның жазушы шығармашылығына бірде мұңды, бірде шуақты күлкі дарытуы – жанр табиғаты – талант мүмкіндігі аясында қарастырылған. Балалар әдебиеті – Қ.Ергөбектей сыншының әбден маманданған саласы. «Арыстар мен ағыстардың»

үшінші кітабы – міне, осы мәселеге арналады. «Әдебиеттің көп жағдайда назардан тыс қала беретін бір саласы – балалар әдебиеті. Балалар әдебиеті – кішкентайлардың үлкен әдебиеті....Балаларға әдебиет жасамау – оларды көзге ілмеу, елемеу болып табылады. Бүгінгі балаларды елемеу – қоғамның ертеңін ескермеу. Адамзат баласының ертеңін елеп, ескермеуден асқан салғырттық болмайды», - деп жазады әдебиет сыншысы.

Әрі қарай қазақ балалар әдебиетінде неміз бар, неміз жоқ деген мәселеге шым бойлап, талдау жасайды. Балажан қаламгерлер портретін (Арыстар) жасайды, «Балдырған» журналынан бастап, балалар әдебиеті проблемаларын (Ағыстар) қаузайды. Кәнігі сыншы танып айтады, біліп жазады. Оқырманын ойға шомдырады.

Төртінші кітап – әдебиеттану мен сынға арналған. Қазақ әдебиеті тарихын «Түрік қағанаты» дәуіріне дейін ілгерілеткен Бейсембай Кенжебаевтан басталған әдеби сын, зерттеу қазақтың әдебиетші, сыншы азаматтары портретін жасайды, проблемаларын қозғайды.

«Көрнекті жазушымыз Ә.Нұрпейісов бір мақаласында Шәкәрім Құдайбердиевті атап өтті. Орталық «Литературная газета» қорықпай-ақ жариялады. Ғалым М.Мағауин Ленинградта «Поэты Казахстана» дейтін антологияға Ш.Құдайбердиевтің өлеңдерін енгізді. Түсініктеме жазды. «Орталық баспа бас тартқан жоқ. Ал, қазақ тіліндегі газет-журнал әлгі авторлардың атын естігеннен ат-тонын ала қашады.Сонда біреуін ғана атап отырған, бірегей жабулы жатқан қаламгерлерді кім ашып, ақ-қарасын ажыратады», - деген сауал тастайды әдебиет сыншысы. Тәуелсіздікке дейін 1980 жылы айтыпты.

Алдындағы ағалар еңбегін ақ-адал бағалау дейсіз бе? Не десеңіз де жарасады.

Ал, 35 жасында өмірден қыршын кеткен дарынды сыншы Қалжан Нұрмаханов әлемін архивтік деректер арқылы ашып, әдеби мұрасын соншалық әдемі талдайды. Көлемді дүниені – әрі сыншы жайлы сыни очерк, әрі деректі-ғұмырнамалық хикая дерліктей! Шынайы шабыттан жаратылған тың да, тегеурінді толғау! «Арыстар мен ағыстар» әдеби сын кітабындағы әр мақаланы бас-басына әңгімелеуге болады. Әңгіме етуді көтереді. Маңызды. Ең маңыздысы – кітаптың тұтастығы. Әр кітап бір-бір жанр проблемаларына арналған. Бір жайды айта кету жөн. Кітаптың бірыңғай поэзия проблемаларына арналғаны секілді оған ақын, жазушы, әдебиетшілердің сирек фото суреттері, белгілі фотожурналист Берсінбек Сәрсеновтің қаламгерлер, балалар өмірінен жасаған фотоколлаждары берілген. Тақырыптас фотоөнер кітап ажарын аша түскен. Онан сайын кітапты тұтастыққа әкелген.

Асылы, Қ.Ергөбек – қазақ әдебиетінде деректі әдебиеттану жасаушы. Оның сын мақалалары деректі-көркем әңгімедей оқылады.

Тақырыптас, желілес бес кітап. ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің өсу-өркені және өрістеткен талантты тұлғалар жайында шешен сөйлеп, көсем ой толғаған

әділетті сыни шежіресі дерлік. Тақырып – тың кешенді бес кітаптық «Арыстар мен Ағыстарды» – қазақ әдебиетінің үлкен табысы санаймыз. Ақын, жазушылардың абырой-беделіне қарамай тәуелсіз ой толғаған «Арыстар мен Ағыстар» – әдеби сын жанрына соны серпін алып келген еңбек.

**МАЗМҰНЫ**


| ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН АНТРОПОӨЗЕКТІК ПАРАДИГМА | |
|---|---|
| **Үкібасова Қ.А., Омаралы Ұ.Ж., Мадосманова С.А., Эшанходжаева** М.Г.ОРФОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС- ТӘСІЛДЕРІ...................................... | 3 |
| **Курбанов А.С., Қайырбекова Ұ.Ж.** АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ............................................ | 8 |
| **Үкібасова Қ.А.,Есенгелді А.М., Тұрсынбай М.Б., Омарова** ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЕКІ НЕГІЗДІ ЖАЙ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.......................................................................................................... | 11 |
| **А.П.Мынбаева, Ж.К.Балтабаева** ТІЛ МЕН МӘДЕНИЕТ БІРЛІГІНДЕГІ КОННОТАЦИЯ........................................... | 17 |
| **Тулегенова З., Сейт Ж., Төлегенова Н.** ШЕШЕНДІК ӨНЕР ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР............................................................. | 22 |
| **Жуматаева.Г. Нысанбаева.М., Сапарбаева Қ.Ж.** ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЭССЕ, КҮНДЕЛІК, ЕСТЕЛІК ТҮРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАР.................................................................... | 27 |
| **Кабылбаева Роза Пайзуллаевна, Жораева Муниса Илясовна** ҮШ ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ........................................... | 28 |
| **Бектұрғанова Бақтыгүл Шәкірханқызы** БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЕЛ БОЛУДЫҢ БІРІНШІ САТЫСЫ —ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ.......................................................................................................................... | 32 |
| **Жамалбекова Сандуғаш Зейнуллаевна** ЖАЙ СӨЙЛЕМ ТИПТЕРІ МЕН ЖАСАЛУ................................................................ | 35 |
| **Мирасланова Дилфуза Махмуджановна** РАЗВИТИЕ ТОЛЕРАНТНОГО МЫШЛЕНИЯ В ХОДЕ ОСВОЕНИЯ НЕРОДНЫХ ЯЗЫКОВ.......................................................................................... | 41 |
| **Баймурзаева Дилноза Юлчиваевна** АССОЦИАТИВНЫЙ ЭКСПЕРИМЕНТ КАК ИНСТРУМЕНТ ИССЛЕДОВАНИЯ ПРИНЦИПОВ ОРГАНИЗАЦИИ МЕНТАЛЬНОГО ЛЕКСИКОНА И СИСТЕМНОСТИ ОБРАЗОВ СОЗНАНИЯ ЭТНОСА............................................... | 46 |
| **Иманқұл Құрбанай Кәрімжанқызы** МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР МЕН ЖАТТЫҒУЛАР........................................................................... | 50 |
| **Ережеп Индира Бахытжанкызы** ВОСПИТАНИЕ ИНТЕРЕСА УЧАЩИХСЯ К УРОКАМ РУССКОГО ЯЗЫКА ЧЕРЕЗ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ТЕХНОЛОГИЙ........................................................................................................ | 55 |
| **Сабденова Зауре Алтынбековна, Жанысбекова Салтанат Касымовна** КӨРКЕМ МӘТІННІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.................................... | 60 |
| **ТҮРКІТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ДАМУЫ, ЗЕРТТЕУЛІ** | |
| **Арынбаева Д.Ж.** ТҮРКІТАНУ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ Қ.ЕРГӨБЕК | 64 |
| **Әбдіхамидқызы Б., Мыңбаева А.П.** КӨНЕ ТҮРІК ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫР ӘДЕБИ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРДЕГІ | |

| | |
|---|---|
| БӨРІ БЕЙНЕСІ.......................................................................................................... | 69 |
| **Құрбанов А.Г., Кеңесбай С.М., Мусакулова Г. С.**<br>ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ДАУЫССЫЗ ФОНЕМАЛАР ЖАЙЫНДА.......................... | 71 |
| **Құрбанов А.Г., Эргешова С.Р., Мусакулова Г. С.**<br>ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ТІЛДЕРІНДЕГІ ЗАТ ЕСІМ ТҮБІРЛЕРДІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ........................................................................... | 76 |
| **Құрбанов А.Г., Анарханова Д.М., Жорашева Т.**<br>ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ТІЛДЕРІНДЕГІ КӨПТІК ЖАЛҒАУЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ................................................................. | 81 |
| **Ерубай С. Е., Сапарбаева Қ. Ж.**<br>ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНДАҒЫ ДРАМА ЖАНРЫ........................................ | 86 |
| **Ерубай С. Е., Сапарбаева Қ. Ж.**<br>ҚАЗАҚ ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ......................................................... | 88 |
| **Теңізбай Сафура Базарбайқызы**<br>І.ЕСЕНБЕРЛИННІҢ «КӨШПЕНДІЛЕР» ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ ШЕНДЕСТІРУ ТӘСІЛІ НЕГІЗДЕ БЕРІЛГЕН ЭТНОНИМДІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ.............................. | 91 |
| **Жанысбек Ләззат Қасымқызы, Садыкова Аиткул Сарымсаковна**<br>І.ЕСЕНБЕРЛИННІҢ «КӨШПЕНДІЛЕР» ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ КӨМЕГІМЕН ЖАСАЛҒАН ЭТНОЛЕКСЕМАЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ.......................................................................................................... | 94 |
| **Медеева Гульзат Рахметовна**<br>ТЫНЫМБАЙ НҰРМАҒАНБЕТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМ | 99 |
| **Мухамбетова Алмагүл Өмірзаққызы**<br>З.СӘНІК ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КЕЙБІР ҚҰБЫЛТУ МЕН АЙШЫҚТАУ ТҮРЛЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ....................................................................... | 104 |
| **Кенесбаева Жанат Онгарбаевна, Бекмурзаева Батпа Дуненбаевна**<br>АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ.......................................................................................................... | 109 |
| **Каракозова Жанар Шаяхметовна, Каналиева Перизат Есиркеповна**<br>О.БӨКЕЙДІҢ «АТАУ КЕРЕ» РОМАНЫНДАҒЫ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАР МЕН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР | 114 |
| **ТҰЛҒАТАНУ: ЗЕРТТЕУДІҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ**<br>(әр түрлі бағыттар бойынша) | |
| **Курбанов А.С., Сапарбаева Қ.Ж.**<br>ТАЛАСБЕК ӘСЕМҚҰЛОВ ЖӘНЕ КҮЙШІЛІК ӨНЕР............................................ | 118 |
| **Абдіқара Б.Қ., Сапарбаева Қ.Ж.**<br>ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МЕМУАРЛЫҚ РОМАНДАР......................................... | 121 |
| **Бесбаев М.А.**<br>КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ИШАН-МОЛДАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОО-ДА ОҚЫТУДЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫ....................................................................... | 124 |
| **Nurmanova Zh. K.**<br>THE HUMANITY OF A MAN IS FROM THE MIND................................................ | 129 |
| **Nurmanova Zh.K.**<br>SOCIO-HUMANITARIAN EDUCATION HER PLACE IN THE FORMATION OF 1st YEAR STUDENTS................................................................................ | 132 |
| **Құлбек М. Қ., Хамраев Ш.И.**<br>О НЕКОТОРЫХ ПОЛОЖЕНИЯХ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ ФАЗОВЫХ ПЕРЕХОДОВ ПЕРВОГО И ВТОРОГО РОДА.......................................................... | 137 |

| | |
|---|---|
| **Курбанов А.С., Сапарбаева Қ.Ж.**<br>Т.ӘСЕМҚҰЛОВТЫҢ «ШЫМДАН» ПОВЕСІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР.......................................................................................................... | 143 |
| **Айдарова А. А.**<br>ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ИКЕМДІЛІК ПЕН ДАҒДЫСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН МАҚСАТЫ .......................................... | 146 |
| **Тугелбаева Эльмира Базарбаевна, Нысанбекова Маржан Торғайқызы**<br>БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН БЕЛСЕНДІ ЖӘНЕ ТИІМДІ ӘДІСТЕР.......................................................................................................... | 153 |
| **Орынбекова Акмарал Калмахановна**<br>ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ............ | 157 |
| **Турсынбаева Зульфия Патаевна, Батырбек Динара Жарқынбекқызы**<br>МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ.......................................................................................................... | 159 |
| **Тастанова Лаззат Амзеевна, Токебаева Айгуль Бейсенбаевна**<br>БЕЙНЕЛЕУ САБАҒЫН ОҚЫТУДАҒЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАР....... | 162 |
| **Токеев Бертай Есмаханович, Сихымбаева Жайна Жақсылыққызы**<br>МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА СЕНСОРЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МӘНІ............ | 165 |
| **Кудайбергенова Лаура Базарбековна**<br>МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ҚИМЫЛДЫ ОЙЫН ЖАТТЫҒУЛАРЫН ҚОЛДАНУ...........................................................................................................<br>. | 167 |
| **Шубаева Гульзада Мейрбековна**<br>ТОПЫРАҚТЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ............................................. | 170 |
| **Ескараева Нурсулу Бархыбаевна**<br>МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА АТА-АНАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТЫҢ ФОРМАСЫ МЕН ӘДІСТЕРІ.............................................................. | 174 |
| **Изенова Ақбота Бекболатқызы**<br>МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ.............................................................................. | 178 |
| **Камалова Ақмарал Ерболқызы**<br>ЖАЛПЫ ТІЛ КЕМІСТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ................. | 182 |
| **Абашева Перизат Алпысбаевна, Маханбетова Раушан Жусипбековна**<br>ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ДІНИ ҚҰРАМЫ............................. | 189 |
| **Дуйсебаева Галия Сламхановна**<br>ОҚУШЫЛАРҒА ТАНЫМДЫҚ ОЙЫНДАР ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА АРҚЫЛЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ.......................................................................................................... | 192 |
| **Дуйсебаева Галия Сламхановна**<br>ОҚУШЫЛАРҒА ТАНЫМДЫҚ ОЙЫНДАР ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА АРҚЫЛЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ.......................................................................................................... | 195 |
| **Сартаева Роза Талгатовна**<br>ИСЛАМНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫНЫҢ ТАРИХИ ЖАҒДАЙЛАРЫ............................ | 197 |
| **Карибаева Нуржамал Шалдаровна**<br>З.СӘНІК ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮР ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ.............. | 202 |

| | |
|---|---|
| **Өкшебай Гүлмира Сатыбалдықызы**<br>ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ФИЗИКА САБАҚТАРЫНДА ЖОБАЛАУ ӘДІСІН ҚОЛДАНЫП ЖЕТІЛДІРУ МҮМКІНДІКТЕРІ........................................................................................................ | 207 |
| **Ташполатова Махбуза Рахманходжаевна**<br>ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ИНТЕГРАЦИЯЛАУ АРҚЫЛЫ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ.......................................................................................... | 210 |
| **Ураимова Гулназ Эргашвайевна**<br>БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ......................................................................................................... | 215 |
| **Отенбаева Лаура Ибадуллаевна**<br>МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН РЕЛАКСАЦИЯЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР........................................................................ | 218 |
| **Мирасланова Дилфуза Махмуджановна**<br>ТЕХНОЛОГИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ И РОЛЬ ВОПРОСОВ В КРИТИЧЕСКОМ МЫШЛЕНИИ......................................................................... | 221 |
| **Айходжаева Шахноза Бердалиевна**<br>ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ДАМУЫНА ЫҚПАЛЫ.................................. | 226 |
| **Ундирбекова Багила Аманалиевна**<br>МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК РУХАНИ ТӘРБИЕСІ | 228 |
| **Айдарбек Бәкіржан , Жанысова Бакытгуль Ермаханбетовна**<br>ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МҰҒАЛІМНІҢ ШЕБЕРЛІГІ............ | 232 |
| **Алимжанова Назира Бериковна**<br>БАЛАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҒЫН АНЫҚТАУ НЕГІЗДЕРІ....................... | 237 |
| **Туранова Гулжанш Курманалиевна**<br>БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОТБАСЫ МЕН БАЛАБАҚША...................................... | 239 |
| **Егенова Назгул Атаевна, Қозыбақ Сымбат Бахытқанқызы**<br>БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОТБАСЫ МЕН БАЛАБАҚШАНЫҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ.......................................................................................... | 242 |
| **Сейтенова Перизат Сейткамаловна, Абдіхан Данагүл Әділханқызы**<br>БАЛАБАҚША ТӘРБИЕШІСІНІҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ РӨЛІ. АТА-АНАЛАРМЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАТЫН ЖҰМЫСТАР....................................... | 246 |
| **Адилаева Алма, Казиева Кулпаш Борсыкбаевна**<br>ОЙЫН ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ОЙЛАУ ПРОЦЕСІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ.......................................................................... | 251 |
| **Раймкулова Жанат Абдикалыковна, Иманбердиева Гулаим Султанбаевна**<br>АДАМГЕРШІЛІК РУХАНИ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.............................. | 255 |
| **Тогушакова Эльмира Шулгаубаевна**<br>БАЛАҒА ЖАС КЕЗІНДЕ БЕРІЛГЕН ТӘРБИЕ ОНЫҢ ӨМІРІНІҢ МӘНІ............... | 258 |
| **Жуманов Ержан Калдарбекович, Артелева Эсмира Ерғалиқызы**<br>МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІН ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІГІ | 259 |
| **Нурходжаева Лазат Калыбековна**<br>ҰЛЫ ОЙШЫЛДАРДЫҢ ӨНЕГЕЛІ ӨСИЕТТЕРІ...................................................... | 263 |
| **Панова Айгуль, Таласова Майра Анатолийқызы**<br>ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ БАЛА ДАМУЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ.......................... | 267 |
| **Керімбекова Лиза Қапанқызы** | |

| | |
|---|---|
| МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕ МЕН БАСТАУЫШ АРАСЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ ........................................................................................................ | 271 |
| **Жуматаева Толганай Базартаевна** ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНЕН ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША ОҚУШЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ...................................... | 275 |
| **Ортаева Камшат Абдисаламовна** ОҚУШЫЛАРҒА ТАНЫМДЫҚ ОЙЫНДАР ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА АРҚЫЛЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ.................. | 277 |
| **Тулегенова Бекзада Сайдихановна, Борибекова Сауле Ордабековна** ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ОҚЫТУДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.................................................. | 280 |
| **Беккулиева Камшат Даулетияровна** ЕРЕКШЕ БІЛІМ АЛУҒА ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ РОЛІ...................................................... | 285 |
| **Есназарова Кулзакира Сейткановна, Пирназарова Гульшат Турсымуратовна** ҚАЗАҚСТАН ТАБИҒАТЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ......................................................................................................... | 289 |
| **Игиликова Эльмира Шабденовна** БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ.......... | 294 |
| **Мұқашева Нүрия Қайратқызы** ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОҚУ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ РӨЛІ............................. | 297 |
| **Әжімұратова Бақыт Садуахасқызы** ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРА ОТЫРЫП, ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ.................. | 301 |
| **Рахымбаева Кулзада Кенжебаевна** БАСТАУЫШ СЫНЫП САБАҚТАРЫНДА ТИІМДІӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ.......... | 304 |
| **Усманов Бахтияр Юлчиваевич** НОВАЯ МЕТОДИЧЕСКАЯ СИСТЕМА РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ УЧАЩИХСЯ V-VI КЛАССОВ............................................................ | 310 |
| **Абуирова Мольдир Альшериевна** МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫБЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДА АКТ ҚОЛДАНУ......................................................................................................... | 316 |
| **Наушабаева Сандугаш Курманаевна** ҚИЫН БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС.................................................................................... | 318 |
| **Ералиева Сандугаш Абаевна** КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МУЗЫКАЛЫҚ ТЕРАПИЯ....................................................... | 323 |
| **Сазабаева Ардана Джаксымбетовна, Шәкір Аида Әбдамитқызы** GOOGLE – ҚОСЫМШАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ҚҰЖАТТАРДЫ ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ.......................................................................................................... | 326 |
| **Кулпиева Айдарья Жандарбековна** РАЗВИТИЕ УМСТВЕННЫХ И ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ .......... | 331 |
| **Дильдабек Салтанат Нұрланқызы** ФОРМИРОВАНИЯ НРАВСТВЕННО- ДУХОВНЫХ ЦЕННОСТЕЙ | |

| | |
|---|---|
| СОЦИАЛЬНО - ПЕДАГОГИЧЕСКИ ЗАПУЩЕННОГО ПОДРОСТКА.................... | 334 |
| **Абдирахманова Индира Сабитовна, Өмірзақ Динара Мустахымқызы** ИДЕИ В.А.СУХОМЛИНСКОГО В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ.................................. | 339 |
| **Сариева Мырзайым Хасеновна, Оразымбетова Гульнара Ниязалиевна** ЛИЧНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННЫЙ ПОДХОД В ОБУЧЕНИИ КАК ОСНОВА ФОРМИРОВАНИЯ КЛЮЧЕВЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ ШКОЛЬНИКОВ................... | 342 |
| **Байрам Айғаным Шымболатқызы, Нускабаева Айгуль Артыковна** БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІНІҢ БҰЗЫЛУЫ, ОНЫ ЕРТЕ АНЫҚТАУ **...** | 348 |
| **Еденбайұлы Азатбек , Доскулова Нуржамал Жунисалиевна** ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ........................................................................... | 351 |
| **Ильясова Гулзира Бахытбековна, Ураимова Гулназ Эргашвайевна** СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.................... | 355 |
| **Расулметова Юлдуз Пайзахмадовна, Шадибекова Зиеда Хажиматовна** ARDUINO МИКРОКОНТРОЛЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ................................................. | 359 |
| **Ташпулатова Камила Нуриддиновна, Тайлибаева Айгуль** ОҚУШЫЛАРДЫҢ СТЕРЕОМЕТРИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУ БІЛІКТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ЖАЛПЫ ІС-ӘРЕКЕТТЕР.................. | 364 |
| **Жанысбек Ләззат Қасымқызы, Дильдабек Салтанат Нұрланқызы** БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ...................................................................... | 369 |
| **Садуакасова Акжаркын Абдикадыровна** ТҮРЛІ ТІЛ КЕМШІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫ ТҮЗЕТУДЕ ЛОГОРИТМИКАНЫҢ РӨЛІ........................................................................ | 373 |
| **Жуманбаева Нурсулу Кошкаркызы** ГЕОГРАФИЯ ПӘНІҢ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ТҮРЛЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ............... | 375 |
| **Абдукаримова Нұржамал Сұлтанбекқызы** БАЛАБАҚШАДА ЖОБАЛАУ ӘДІСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗІЛУ ӘДІСІ........................................................................................................ | 380 |
| **Диханбаева Арайлым Сейфуллаевна** МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ОЙЫННЫҢ ЫҚПАЛЫ................................. | 384 |
| **Утарбаева Мунира Нуралиевна** МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ЖАЗУ МЕН ОҚУҒА ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ...................................................................... | 388 |
| **Бектаева Пернеш Сулешкызы** МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ БАЙЛАНЫСТЫРА СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУ ЖОЛДАРЫ............................................................................................ | 390 |
| **Нұрпейісов Нариман Жұмашұлы** ҚҰЛБЕК ЕРГӨБЕК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ СЫНЫ................................................ | 394 |
| **Мамыт Амангелді Алтыбайұлы** ӘДЕБЕТТАНУШЫ ҒАЛЫМ Қ. ЕРГӨБЕКТІҢ СҮБЕЛІ ЕҢБЕГІ («Арыстар мен ағыстар» көптомдығы туралы толғаныс).......................................... | 399 |